بسم الله الرحمن الرحيم

Алматы
2014

УДК 28=03:512.161=512.122
ББК 86.38 (5Түр-Қаз)
Т 59

ТОПБАШ О. Н.
Т 59
Иманнан Ихсанға Тасаввуф
/ Ауд. Х. Өзтүрк. - 3-ші бас.
– Алматы, 2014 - 600 б.

ISBN 978-601-7094-87-4

Бұл кітапта тасаввуф хақындағы мәліметтер, оның мән-мағынасы мен ұғымы Құран-хадис ақиқаттары бойынша баяндалады. Сондай-ақ Аллаһ достарының тілдегі, ділдегі және діндегі ахуалдары да қоса қамтылады. Әсіресе құлшылық барысында шынайы ықылас танытуға кедергі болатын нәпсіні тізгіндеу жолдары мен тазарту түрлері ғибратты қиссалар арқылы баяндалады.

Кітап рухани тәрбие жолында кәміл имандылық пен адамгершілік қасиеттерді жолдас етпек болған барша қауымға арналады.

УДК 28=03:512.161=512.122
ББК 86.38 (5Түр-Қаз)

ISBN 978-601-7094-87-4

Иманнан Ихсанға
ТАСАВВУФ

3

БАСЫЛЫМ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы
Духовное управление мусульман Казахстана

050016, Алматы қ-сы Пушкин к-сі,16 тел.: 306365
факс: 979423 эл.почта: DUMKAZ@mail.ru

Түрік ғалымы Осман Нұри Топбаштың
«Иманнан ихсанға, тасаввуф»
кітабы жайлы

ПІКІР

Түрік ғалымы Осман Нұри Топбаштың «Иманнан ихсанға, тасаввуф» кітабы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының сараптама комиссиясында қаралды.

Автор кітабында тасаввуф және оның мән-мағынасы мен ұғымы, міндеті мен мақсаты, оның құндылықтары төңірегінде жазады. Сондай-ақ, онда Аллаға құлшылық ету, нәпсіні тізгіндеу және тазарту, басқа ілімдермен байланысы, қиссалар мен ғибраттар баяндалады.

Аталмыш кітаптың адамгершілік пен имандылық және рухани тәрбие жолында өзіндік әсері болады деп сенеміз.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы сараптау комиссиясының төрағасы **М.Х.Алсабеков**

Орын.: Х.Аманқұлов

24.11.2005ж.

«Тәңірлік затымның хақы үшін; Күнмен және оның сәске уақытындағы жарығымен ант етемін! Күнге ілескен айға серт! Күнді көрнеуге шығарған күндізбен серт! Күнді бүркеген түнмен серт! Аспанмен және оны Жасаушымен серт! Жермен және оны жайып, Төсеушімен серт! Нәпсімен және оған бірнеше қабілеттер беріп, жақсылығы мен жамандығын аян Етушімен ант етемін!

«Нәпсісін жамандықтардан тазалаған (заттық һәм рухани кірден тазартқан) **сөзсіз құтылды. Ал оны жамандықтарға көмген әлбетте зиянға ұшырады»** (Шәмс сүресі 1-10 аяттар).

Жоғарыдағы аят кәрималардан байқап отырғанымыздай, Хақ Тағаланың мұндай табиғат құбылыстарымен ант беруі сол болмыстың құны мен абыройын білдіргенімен, негізінде сол анттан кейін баяндаған иләһи мақсат пен мұраттың ұлы әрі аса маңызды екенін көрсету үшін еді. Аллаһ Тағаланың бұл аяттардағы ант беруі де осы мақсатқа орай көрініс тапқан.

Аллаһ Тағала бұл аят кәрималарда үсті-үстіне толығымен жеті рет ант беріп, соңынан мағынасының аса күшті болуы үшін «قد» (сөзсіз деген мағынаны білдіреді) шылауын қолдана отырып, мына жайтты білдірген еді: **«Нәпсісін тыйған адам сөзсіз құтылады. Ал, оны күнәмен, жаман істермен кірлеткен адам сөзсіз зиянға ұшырайды...»**

Бұл тақырыпта назар аударарлық жайт – Аллаһ Тағала Құран Кәрімде нәпсі тәзкиесінен (жүректі тазартып, ағарту, нәпсіні тыю) басқа ешқандай бір мәселе туралы үсті-үстіне жеті рет ант етпеген. Бұл шындық адамның екі дүние бақытына жетіп, Құдайдың қарғысына ұшыраудан құтылуы үшін оның өмірінде нәпсі тәзкиесінің аса маңызды әрі зәру екендігінің белгісі.

Міне, ***«Иманнан Ихсанга Тасаввуф»*** деп аталатын бұл кітап осы Құрани шындықты Аллаһ достарының тілдегі, ділдегі және діндегі ахуалдары арқылы баяндайды.

АЛҒЫ СӨЗ

Адамзат баласына рухынан үрлеп, жан берген һәм метафизикалық ойлау мен сезу тереңдігін сыйлаған Аллаһ Тағалаға шексіз хамд, мадақ пен мақтау болсын!

Адам баласын ойлау мен сезу тереңдігі жағынан ең кәміл, нағыз көріністерге қол жеткізуін қамтамасыз етіп, барлық адамзатқа үлгілі - өнегелі тұлға етіп жіберген құлы әрі елшісі «Әлемнің Мәңгі Мақтанышы Пайғамбарымызға», Оның отбасына, сахабалары мен із басарларына сансыз мәрте салауат пен сәлем!

Тасаввуф – Исламның санасы. Оның жүректегі өмірі. Оның асылы мен руханияты. Мұнда еш шүбә жоқ. Яғни, Ислам ішкі құндылығындағы асылдығы мен руханияты биік қабілеті бар адамдарда көрініс тауып, мүмин көңілдердегі руханият пен фәйз (рухани нәр, рухани күш), махаббат пен шаттық ерекшеліктерін өз шыңына жеткізеді. Демек, тасаввуф – Ислам бағындағы ұлы білім мен парасат талының ең жемісті бұтақтарының бірі. Сондай-ақ бүгінге дейін тасаввуф туралы:

- зиялы, ғалым терең ойшылдарға (хауасқа),

- орта білімді, мәдениетті кісілермен қатар көпшілік қауымға,

- ал тек қарапайым халыққа арнап, талай көркем шығармалар (туындылар) жазылды.

Бұл шығармалардың бір бөлігі *Фусусул Хикәм мен Инсаны Кәміл*[1] сияқты, ұлы ойшылдар (хауас) аңғара алатын деңгейде жазылған. Кей бөлігі болса, Мәуләнәның «Мәснәуи» атты кітабы секілді ойшылдар мен орташа деңгейдегі көпшілікке үндейтін мәнде жазылған. Бұлар – зәһири яғни шариғат білімін жетік білгендердің әрі рухани ойлау мен фәйзге бөленіп, Хаққа, ақиқат пен мағрифатұллаһқа жетулері үшін жазылған еді. Бұлардан басқа «Әнуәрүл Ашықин», «Мұхаммедие және Нәфәхатүл-Үнс» секілді қарапайым халық үшін жазылған тасаввуф кітаптары да бар. Бұлар – шариғат үкімдерін сырттай түсінетін қарапайым көпшіліктің ұғыну қабілетіне қарай іс-әрекет жағынан азды-көпті бір деңгей қалыптастыру үшін жазылған.

Тасаввуф туралы шығармалардың мұндай бірнеше түрлі болуы – қоғамдағы қарапайым халықтың (ауам) да, зиялылардың (хауас) да түсініктері мен қабілеттерінің, шама-шарықтарының әр түрлі болуына қарай Исламды, Исламның кең де ауқымды кемелдігіне жарасатындай түсініп әрі іске асыру күштерін қамтамасыз ету үшін еді. Осылайша адамдар қос қанатты болады.

Барлық осы ерекшеліктерімен қоғамның әр сатысына Исламды үндеген тасаввуф халықтың әлеуметтік тұрмысы жақсарған кездеріндегі жалқаулықтары мен босаңсуларын бөгеп, қоғамның сергектігін арттырып, жалғастырған һәм басқыншылық пен зұлымдыққа толы қиын-қыстау кезеңдердің былық-шылықтары мен күйзелістерінің арасында тарылып, қысылған көңілдерге Раббани терезелер ашып, тыныс алдырады. Әрі жабырқаулы көңілдер мен шаршаған саналарға жұбату, кеуіп қалған рухтарға кәусәр суы болады. Ол тағы бір жағынан көркем ахлақ пен ғибадатта шыңға жеткен жандарға қарапайымдылықты, «ештік» сезімін ұсынып, менмендік пен тәкаппарлыққа және мақтаншақтыққа салынуына тосқауыл болған. Ал, екінші жағынан күнә шұңқырында тұншығып бара жатқан пенделерге кең кешіріммен көз жұма қарап, мейірбандық пен рахмет секілді құтқарушы мүмкіндіктер ұсынған. Расында Монғол

[1] Абдулкәрим әл-Жилиның шығармасында

шапқыншылығынан кейін Орта Азия мен бүкіл Анатолияны жаулап алған былықпалықтан пайда болған қайғы-қасіретті, тынышсыздықты сейілтіп, жұбатушы ретінде сол дәуірде, тасаввуфтық ағымдардың күш-қуат тапқаны және көптеген мұтасаввуфтың (сопы, дәруіш) жетіліп, үлкен қызметтер атқарғаны тарихи шындық.

Қазіргі таңда барлық адамзат баласы түрлі қорқынышты рухани күйзеліс пен тауқыметтердің иірімінде малтығуда. Осындай бір кезеңде көңілдерге шипа тарататын тасаввуфи көркемдіктерге деген қажеттілік әсте жоққа шығарылмайтын шындық. Өйткені, атеизмнің басқыншылығынан жаңа құтылған «бір жаралы құс» тәрізді рухани емге мұқтаж бауырларымыздың шаршаған рухтары мен көңілдері түрлі өмір нәрінің талапкері іспеттес. Расында материялизмнен жалыққан шығыс пен батыс әлемінің адамдары Исламды ең алғашында үлкен мұтасаввуфтардың тартымдылығы мен көркем қасиеттерінің арқасында танып, сүйіп жатыр. Ақыры бұл ұлық дінді жан тәнімен қабылдап, бекем ұстанып жатыр.

Бұлардың барлығы тасаввуфтың тұңғиық рухани құрамы және мәнімен имандылардың қолындағы баға жетпес Ислами көрініс, фәйз бен кемелдік нығметі екенін айқындап тұр. Сондықтан ол мұсылмандардың кемелденуі мен мұсылман еместердің һидаятына дәнекер болу және оларға Исламды дұрыс түсіндіру үшін аса үлкен маңыздылық танытады.

Өйткені нақты тасаввуф – Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүбәрәк өмірінің шындығын қияметке дейін жалғастыратын нәсілдерге үлгі-өнегені шағылыстыруды қамтамасыз ететін көңіл айнасы.

Солай болғандығынан Хақ Тағала мен Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүбәрәк фәйзі мен махаббаттары көңілдерде ғасырлар бойы тірі күйде өміршеңділігімен сақталған. Қазірде сақталуда, болашақта да сақтала бермек.

Сондықтан Ислам қазіргі таңда мұсылмандар материялдық жағынан әлсіз болуына қарамастан, рухани жағынан қуаттандыруын жалғастыруда.

Сол үшін де, Исламның көмескі және көрінеу дұшпандары рух пен тәнді бір-бірінен ажыратып, тасаввуфты Исламнан бөлек бір ұғым деп көрсетуде. Сондықтан мәселенің анық-қанығына жете алмаған адамдар тасаввуф туралы жаңылуда. Дәлелсіз қарсы келгендерге тасаввуф туралы ақиқат пен шындықты дұрыс, кемшіліксіз түсіндіру аса маңызды, зәру жағдай болып тұр. Әрине тек қана бұл зәрулік жағдайға байланысты емес, жоғарыда баяндалған көркемдіктердің де көңілдерге ұсыныла білуі үшін де тасаввуф арнасы бейне бір шығармалар дариясы іспеттес.

Міне, біз де бұл дарияға сол мақсаттар шеңберінде бір көңіл тамшысын ұсынуға тырыстық. Бір тамшы ғана. Өйткені, тасаввуф қалдан (сөзден) гөрі хал (тәжірибе) болғандықтан, туындымыз көңілдерді Аллаһқа бағыттауда бір көпір іспетті міндет атқара алса, өзімізді бақтиярмыз деп, санаймыз.

Осы орайда еңбегімізде тасаввуфтың жалпы танымы мен мәнін баяндап, таныстырғаннан кейін, оның негізгі тақырыбын құрастырған мағрифатұллаһ, махаббатұллаһ, нәпсіні тәзкие, жүректі сафтандыру мен тасаввуфтың әдіс-тәсілін т.б мәселелерді түсіндіруге тырыстық. Әуелі Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) және сол мүбәрәк тұлғаның рухани мұрагерлері болып табылатын ұлы даналардың үлгілі өмірлерінен көшеттер ұсындық. Кей жерде тасаввуфтың тереңдіктері мен нәзіктіктері туралы кейбір екі ойлы көзқарастар мен тым қарсы келгендер алға тартқан мәселелерге жауап ретінде мәліметтер ұсындық. Сонымен қатар, бұл шығармада тасаввуфтың талап еткен рухани тәрбиеден алыс болған баз бір адамдардың ниеті таза болғанымен надандығынан немесе ғапылдығы себебімен кемшілік пен қателікке толы, жеткіліксіз әрі орынсыз іс-әрекеттерінің осы мүбәрәк жолмен ешқандай қатынасының болмағанына тоқталдық.

Қорыта айтқанда, осы ерекшеліктерімен бұл кітап сырттай қарағанда автордікі болғанымен, шынында Хақ достарының шығармасы. Яғни, бұл кітаптағы барлық фәйз (рухани нәр) бен көркемдіктер әулиелердің көңіл әлемінен бізге түскен иләһи шұғылалар. Біздің еңбегіміз - қазіргі таңның қажеттіліктері мен шарттарына қарай бұларды бір жерге жинақтаудан тұрады.

Сондықтан бұл еңбегімізді әзірлеу барысында, бізден бұрынғы жазылған әдебиеттерден пайдаланғанымыздай, «жанды кітап» болған көптеген достарымыздың көмегін алдық. Бұл үшін ризашылығымыз бен мақтанышымызды айтамыз.

Сөзімізді аяқтарда, бұл туындыда қиссалары аталған Аллаһ достары мен еңбегі сіңген ғалым достарымызға шынайы сүйіспеншілігіміз бен ізгі дұғамызды ұсынуды ұждандық борышымыз деп білеміз.

Уа, Раббым! Білеміміз бен санамыз жеткіліксіз болғанымен, кең ауқымды тасаввуф әлемі туралы баяндауға тырысқан ой-пікіріміздің қадірменді оқырман қауымға беретін фәйзі мен ықпалына мәңгілік жалғасу берекетін бергейсің!

Аллаһым! Бұл қарапайым көңіл қызметіміздің арқасында бізді құрметті оқырмандарымызбен бірге шексіз нығметтеріңе ілтипатыңмен, жомарттығыңмен жеткізгейсің! Бұл нығметтеріңді де Өз тәңірлік абыройың мен ұлылығыңа сай түрде айбынды мәнге ие етіп сыйлай гөр!

Әмин!

Осман Нұри ТОПБАШ
ҮСКІДАР/2002

БІРІНШІ ТАРАУ

ТАСАВВУФТЫҢ МӘНІ

«Аллаһқа сендім де, истиқаметте бол» (Мүслим, Иман 62).

ТАСАВВУФТЫҢ МӘНІ

Ант етеміз, сендер үшін Аллаһқа және ақырет күніне қауышуды үміт еткендер мен Аллаһты көп зікір етушілер үшін Расулұллаһта ең кәміл үлгі-өнеге бар. (Ахзаб сүресі 21-аят)

А. ТАСАВВУФТЫҢ ШЫҒУЫ

Аллаһ Тағала адам баласына сыйлаған шексіз нығметтеріне қосымша:

وَ نَفَخْتُ فِيهِ مِنْ رُوحِي

«Рухымнан (құдіретімнен бір сыр) үрледім»[2] деп, өз тарапынан бір асыл гауһар беру арқылы, оны өте құнды етіп жаратқан. Осыған орай адамның да Жаратушының Ұлық затына сүйіспеншілікпен құлшылық етуін, соның нәтижесінде мағрифаттан (пенденің өз құдайын шынайы танып білуі) нәсіп алып, өзімен қауышуға қол жеткізуін мақсат еткен.

Хақ Тағала құлдарын һидаятқа жеткізу үшін адамға кейерекше сипаттар сыйлаған. Осыған қосымша араларында ерекше жаратылысқа ие, уахи алған кейбір құлдарына пайғамбарлық міндетін беру арқылы құлдарын сыйға бөлеген. Пайғамбарлар болмаған кездерде пайғамбарлардың ізбасарлары болған салих (ізгі) құлдары арқылы осы сыйын жалғастырған.

Жаратушының адамзатқа деген ерекше көмегі мен ілтипатын білдіретін пайғамбар жіберу ісі барлық адамзатты қамту

[2] Хижр сүресі 29-аят

үшін Хазіреті Адамнан (аләйһиссәләм) бастаған. Хазіреті Адам - алғашқы адам һәм тұңғыш пайғамбар.

Осы мүбәрәк һидаят жолы иләһи құдірет ағыстарымен бір нұр ұшқыны тәрізді тізбектеліп келген жүз жиырма мыңнан астам пайғамбарлармен қуаттала келе адамзат жеткен жетістікке тең дәрежеде кемелдене берді. Заманының шарттары мен адамдардың түсініктеріне сай түрде уағыздалып келген бұл һидаят тізбегі, яғни таухид діні болған Ислам ақырында соңғы пайғамбар – Хазіреті Мұхаммедпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) аса кемелденіп, ең биік шыңына жетті.

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) нұры арқылы Хазіреті Адамнан бұрын, ал тәнімен барлық пайғамбарлардан кейін келген. Осылайша пайғамбарлық күнтізбегінің ең алғашқы әрі соңғы парағы болған еді. Яғни пайғамбарлық күнтізбесі ең алғашқы жаратылыс – Мұхаммеди нұрмен бас-талса, соңғы парағы да Мұхаммеди тәнмен (өзімен) аяқталған. Сондықтан ол уақыт жағынан соңғы, ал жаратылыс жағынан алғашқы пайғамбар болып табылады.

Барлық жаратылыстың бар болу себебі Мұхаммеди нұр болғандықтан (428-429 беттегі хадис) Аллаһ Тағала Хазіреті Пайғамбарды «**Хабибім**» (сүйіктім) деген атауға лайықты кейіпте жаратқан. Раббымыз Оның ерекше әрі байыпты өмірін сырттай және іштей ең тамаша түрде тәрбиелеп, барлық адамзатқа үлгі етіп ұсынған.

Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жаратылысы мен мүбәрәк тұлғалық қасиеттерінің адам ақылына сиятын мөлшерінің өзі адамзаттық іс-қимылдың ең биік шыңын құрайды. Өйткені, Аллаһ (жәллә жәләлүһу) осы мүбәрәк жаратылысты барлық адамзатқа «көркем үлгі-өнеге», яғни ең кәміл ахлақ үлгісі етіп сыйлаған. Сол себеппен адамзаттың әр түрлі сатысындағы адамдар одан өздеріне тән іс-әрекеттерді үлгі-өнеге етіп алып, шамалары мен қабілеттеріне қарай оны орындауға мүмкіндіктері болсын деп оны әлеуметтік тұрмыстың ең әлсіз сатысы болып саналатын «жетім балалықпен» өмірге баста-

тып, тағдырдың барлық баспалдақтарынан өткізіп, құдірет пен биліктің ең жоғарғы дәрежесі болған мемлекет басшылығы мен пайғамбарлыққа дейін жетелеген.

Расында Аллаһ Тағала оның пайғамбар болған кезінен ақыр заманға дейін келетін барлық адамдарға үлгі-өнеге болатындығын Құран Кәрімде былай баяндайды:

لَقَدْ كَانَ لَكُمْ فِي رَسُولِ اللهِ أُسْوَةٌ حَسَنَةٌ
لِمَنْ كَانَ يَرْجُوا اللهَ وَ الْيَوْمَ الْأَخِرَ وَ ذَكَرَ اللهَ كَثِيرًا

«Ант етеміз, сендер үшін Аллаһқа және ақырет күніне қауышуды үміт еткендер мен Аллаһты көп зікір етушілер үшін Расулұллаһта ең кәміл үлгі-өнеге бар» (Ахзаб сүресі 21-аят).

Демек, жалпылай айтқанда барлық адамзат иман мен ахлақ тұрғысынан тасаввуфи кемелдікке, яғни шынайы құлшылыққа жету үшін сол мүбәрәк жаратылыстың өмірі мен іс-әрекеттерін лайықты түрде үйренуге мәжбүр. Адамдардың өз қабілеттеріне қарай үйренгендерін орындауға ұмтылып, құлшылықтарында шынайылыққа жетуді алға қоюлары қажет. Бұл оған деген сүйіспеншілік пен оның руханиятына бөленудің нәтижесіне қарай іске аспақ. Өйткені оның сезімдерінен рухани нәр алған жанға көптеген рухани көріністер мен несібелер бар.

Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бойындағы қасиеті мен рухани өмірінен өз шамамызға қарай үлгі ала білсек, оның ахлағын ұстанып күн кеше білсек, бұл - біздің дүние мен ақыреттегі ең үлкен абыройымыз болмақ.

Әлемдердің Раббы ардақты Пайғамбарымызды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сырттай және іштей ең тамаша табиғатта жаратып, тәрбиеледі. Оның өзі осы иләһи тәрбиені:

«Мені Раббым тәрбиеледі. Қандай тамаша тәрбиеледі» (Суюти, Жәмиус-Сағир, I, 12) деген сөздері арқылы жеткізген.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осы дүниеге келгеннен бастап, қатып қалған, шегінен шыққан қараңғы

бір қоғам ішінде қырық жыл өмір сүрді. Осыған қарамастан иләһи қорғау мен тәрбие аясында өсті. Қараңғы заманның ешбір жамандығына араласпады. Тіпті пайғамбарлыққа әзірлік ретінде мүбәрәк кеудесі ашылып, жүрегі тазартылып, рухани нұрлармен, фәйздермен безендірілді.

Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пайғамбар болмай тұрғанның өзінде таухид сеніміне сай түрде дара өмір сүріп, әсіресе, пайғамбарлық міндеті келуге таяған күндерде бұрынғысынан да көбірек Аллаһқа (жәлә жәләлүһу) беріліп, Оған шынайы құл болуға тырысқан. Нұр тауында ұзақ уақыт оңаша қалып, терең ойға бататын. Бұл оңаша қалудың себебіне сырттай қарағанда халық арасындағы адасушылық, зұлымдық және бұзақылықтан туындаған қасіреті мен барлық жаратылысқа деген мейірімі еді. Ал, ішкі сырына үңіліп қарайтын болсақ, бұл – адамзатқа мәңгілік шырақ болатын Құдайдың сөзі – Құранның Мұхаммедтің пәк жүрегі арқылы адам баласына жетуін қамтамасыз ететін әзірлік кезеңі еді. Осы көріністер мен құбылыстар арқылы Оның жан дүниесі әбден тазарып, уахиды түсіне алатын дәрежеге жетті. Уахиға дайын болған бұл мүбәрәк жүрекке алты ай бойы шынайы түс болып көрініс тапқан рухани ишараттар мен аяндар арқылы рухани әлемнің сырлы перделері ашылды. Бұл - уахиға тікелей тыңдаушы болу сияқты жай қатардағы құлдардың шамасы жетпейтін ауыр жүкті көтеруге арналған табиғи қабілеттің жарыққа шығу кезеңі еді. Бейне бір шикі темірдің өз ішіндегі қасиет арқылы болатқа айналғаны сияқты...

Аллаһ Тағала барлық пайғамбарларында болған ерекшеліктер мен жауапкершіліктерінің бәрін ардақты Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бойына жинады. Сөйтіп ол ататегі мен әдептіліктегі асылдық тұрғысынан болсын, әсемдік пен кемелдік тұрғысынан болсын барлық жақтан адамзаттың шыңында еді. Ол Құран Кәрімдегі шариғат үкімдерін жеткізді. Тасаввуфтың негізі болған жүрек пен нәпсіні тазарту мәселесін өзі үйретіп, таза жүрекпен Аллаһ Тағалаға жасалатын құлдық пен дұғаны басқаларға үйретті. Ең тамаша ахлаққа ие болып, тамаша үлгі болды. Сөйтіп, оның қырық жасқа толған шағы – өзі мен адамзат үшін ең маңызды кезең болды.

Тасаввуф – негізінен жан дүниенің тазарып, Аллаһты тану мен Аллаһты сүю дәрежесіне жетіп, сол арқылы Аллаһқа қауышуға себеп болатын халге келу. Бұл хал бізді екі дүниеде де бақытқа кенелтетін рух халі болып, Хира мен Сәурден қалған қасиетті мұра болып табылады. Өйткені бұл хал – тасаввуф осы қасиетті екі орында болсын, басқа жерде не басқа кездерде болсын, Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) уахиды толық түсінуін қамтамасыз ету үшін жүргізілген Құдайдың рухани тәрбиесі болып, жүрек пен нәпсіні тазартудың фәйзге толы арнасы іспеттес.

Уахи келмей тұрғанның өзінде қалби және рухани дәрежеге жеткен Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пәк өмір мен жоғары ахлаққа ие болатын. Бірақ иләһи бұйрықпен Хира үңгірінен қайтқан кезінде бұрынғы қалпынан мыңдаған есе жоғары мәртебеге ие болып қайтқан еді. Ұлы Раббысымен күшті әрі терең байланыс құрып, таухид (Аллаһтың бір екеніне сену) пен мағрифатұллаһ (Аллаһты шын жүрекпен танып, білу) нұрын өз бойына сіңіріп, құлдықта тақуалық пен шынайылықтың шыңына жеткені соншалық, түнде аяқтары ісkенше, көз жасын төгіп құлшылық еткен, көздері ұйықтағанымен жүрегі ұйықтамайтын еді. Сөйтіп, қас қағым сәт те болса Аллаһты зікір етуден, тәфәккүр (Аллаһтың құдіретін ойлау) мен мұрақабадан (Аллаһтың ұдайы көріп тұрғанын сезіну) аулақ тұрмаған еді.

Шындығында бұл ұлы Тұлға өзіне уахи етілген Құран Кәрімдегі ілім мен хикметтің мәні және ауқымдылығымен сол заманның атақтыларын басып озып әлсіз етіп, іс-әрекет және тәжірибесімен сол кезге дейін ешкім жетпеген және қияметке дейін жете алмайтын бір мұғжиза дариясына айналған еді. Енді қияметке дейін ашылатын жетістіктер оны жоққа шығара алмайды және ешбір тәрбиеші оның тәрбиесінің дәрежесіне жете алмайды.

Уақыт өте келе Ардақты Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл рухани халі мен көңіл күйі одан да есейе түсіп, Аллаһ Тағаланың Хабибіне (сүйікті) теңдесіз сыйы болған миғраж арқылы ол – «мәңгіліктің жолаушысы» болды. Сол түні

Раббысының арнайы қонағы болып Оның құзырына барды. Аят кәримада баяндалғандай:

قَابَ قَوْسَيْنِ أَوْ أَدْنَى[3]

сырына ие болды.

Исра және Миғраж деп аталатын осы үлкен иләһи сый - адамзатқа тән барлық перделер мен өлшеулер жойылып, ақыл жетпес, толығымен иләһи өлшеулердің аясында жүзеге асқан таңғажайып бір оқиға. Адамзатқа тән уақыт пен мекен түсінігімен өлшенбейтін түрде, миллиардтаған адамның өмірі жетпейтін ұзақ сапар және сол сапарда жәннат пен жәһәннәмда болатын жағдайды көру сияқты таңғажайып оқиғалар қас қағым сәтте іске асқан. Бұл таңғажайып оқиғада Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) күллі әлемдерден, Күрсиден (Арыштың астындағы аспан қабаты), Арыштан (Аллаһ Тағаланың ұлылығы мен құдіреті толық көрінетін тоғызыншы қабат аспан), Сидрәтүл Мүнтәһадан (періштелер қоса еш қандай бір жаратылыс өте алмайтын Аллаһтың құзырындағы ерекше аймақ) өтіп, Аллаһтың дидарын көруге қол жеткізіп, Раббысы мен дәнекерсіз түрде тілдесу сияқты ерекше бір абырой мен игілікке қол жеткізген еді.

Аллаһтың берген сыйының арқасында қол жеткізген осы жүрек қалпымен және кемелдігімен барлық адамзатты һидаятқа бөлеу ынтасымен хақ дінді уағыздауды жалғастырып, өзіне берілген осы иләһи аманатты орындау ниеті оны заңғар шыңға көтерген. Міндетін атқаруға бөгет болатын барлық дүниелік ұсыныстарды ойланбастан ысырып тастап, Хақ Тағалаға құл болуды барлық нәрседен жоғары санаған еді. Дінді уағыздаудың алғашқы кезеңінде болған мына бір жайт осы ақиқатты тамаша суреттейді.

---

[3] **Қабә қаусәйни әу әднә:** Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә салләм) Миғраж түні Жәбірейілмен бірге ешқандай жаратылыс шегінен өте алмаған «Сидрәтул Мүнтәһәдан» өтті. Аятта адам түсінігі бойынша «біріккен екі оқтың арасындай немесе одан да аз» қашықтық түрінде айтылған құлдың түсінігі жетпейтін құпия кездесу болды. Нәжм сүресі 9-аят.

Мүшриктер Әбу Тәліб арқылы Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хабар жіберіп, айтқанынан бас тартуын сұраған еді. Сонда Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) немере ағасына:

«Аға! Уаллаһи, Аллаһтың дінін уағыздаудан бас тартуым үшін оң қолыма күнді, сол қолыма айды да берсе, мен бұл жолымнан бас тартпаймын! Я ұлы Аллаһтың діні бүкіл дүниеге жайылады, сөйтіп міндетім аяқталады, немесе осы жолда өлермін!»[4] деген.

Ислам нұрының пайда болуынан мазасызданған мүшриктер Әбу Тәліб арқылы жасаған істерінен нәтиже шықпаған соң, енді Аллаһ Расулына (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өздері барып, мынадай ұсыныстар қойды:

«Бай болғың келсе, саған қалағаныңша мал-мүлік берейік, тайпалардың ішінде сенен бай ешкім болмасын!

Басшы болғың келсе, сені басшы етейік, Меккенің әкімі бол!

Егер абыройлы әйелге үйленгің келсе, Құрайштың ең сұлу әйелінің қайсысын қаласаң, саған соны алып берейік!

Не сұрасаң да орындауға әзірміз. Сен айтқаныңнан бас тартсаң болғаны!»

Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осы ғапылдардың айтқан және айтатын нәпсілік ұсыныстардың барлығына бірдей жауап ретінде былай деді:

«Мен сендерден ештеңе сұрамаймын. Мал-мүлік те, салтанат та, басшылық та, әйел де! Менің жалғыз сұрайтыным, табынып жүрген әлсіз пұттарыңнан бас тартып, жалғыз Аллаһқа құлдық ұруларың ғана!»[5]

Шүбәсіз барлық адамзатқа үлгі боларлық осы сөздер мен іс-әрекеттер иман жолында табандылық пен міндетке деген жауапкершіліктің ең кәміл көрінісі. Міне, шынайы құлдық осы.

[4] Ибнул-Әсир, «әл-Камил фит-Тарих», II, 64.
[5] Ибн Хишам, «әс-Сира», I, 236.

Өйткені Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу aлəйһи уə сəлләм) жасалған бұл орынсыз ұсыныстар мен сұраныстар дүние үшін ақыреттен «бас тарту» деген еді. Сондай-ақ адамзат тарихы нəпсіқұмарлықпен дүниеге алданып, мəңгілікке перде жауып, фəни өмірлік əуестік пен əуесқойлықтың жылтырағына еліктеп, құрдымға кеткен көптеген жандар мен сол жандардың сансыз алданушылықтарына толы.

Негізінде ең басында əлемдердің Раббысына мадақ айтумен бастап, ең соңында болса, жүректі жағымсыз сезімдер мен ойлардан жəне уəсуəсəлардан (шайтанның азғыруларынан) арылтып, барлық жаратылыстың бір ғана Раббысына сиынуды əмір етумен аяқталған Құран Кəрім – адамзаттың бағытталған қияметке дейінгі қағаз жүзіндегі һидаят шырағы болса, адамзаттың ісжүзіндегі жол көрсетушісі – һидаят шырағы болған Пайғамбарымыздың (саллаллаһу aлəйһи уə сəлләм) жолымен жүру - екі дүниеде де бақыттылықтың бірден-бір жолы дəнекері дəнекері. Сондықтан бұл үлкен нығметтен бас тарту қандай орынды бола алады десеңізші?

Құран Кəрім ардақты Пайғамбарымызға (саллаллаһу aлəйһи уə сəлләм) жəне сол арқылы барлық адамзатқа ұсынылған. Осы иләһи кəлəм (сөз) адамды өзін танып, себептен себепшіге, өнерден өнерпазға жəне жаратылғаннан жаратушыға жетуге шақырады. Ақырында, Аллаһты көбірек зікір етіп, барлық өмірін оны көріп тұрғандай құлшылық етумен жəне тақуа сезімімен өткізіп, осылайша шынайы бір иләһи назарда (бақылауда) екендігін түсіндіріп, Аллаһ Тағаланың сүйіспеншілігі мен ризашылығына жету жолдарын тəлім етеді.

Құлды Аллаһқа сүйіспеншілік дариясына шомылдыратын бірден бір махаббат пен рахмет бұлағы – Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу aлəйһи уə сəлләм) екендігін білген дұрыс. Өйткені, Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу aлəйһи уə сəлләм) деген махаббат – Аллаһқа деген махаббат, оған мойынсұну – Аллаһқа мойынсұну, оған қарсы келу – Аллаһқа қарсы келу деген сөз.

Жоғарыда тоқталғанымыздай, күллі болмыстың жаратылу себебі Жаратушының алғашқы жаратылыс – Мұхаммеди нұрға деген махаббаты. Сол себеппен күллі әлем Мұхаммеди нұрдың құрметіне және оған арна болсын деп жаратылған. Мұхаммеди нұрға арна болған бұл әлемнің иләһи сыйларға ең көп бөленгені де ең абыройлысы да – адамзат. Адамзат атаулысының шыңы болса, Хазіреті Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм). Адамзат дегені болса, ішінде бұл ұлан ғайыр әлем қол салқындатқышы сияқты жиналып сақталған кішкентай бір әлем. Сол себеппен ол «әләму-сағир» (кіші әлем) деп те аталады. Ол дән ішіндегі үлкен шынар ағашы, атомда жасырынған үлкен бір ғаламшар және жеке адамның жаратылысында жасырылған қоғам іспеттес, бойында үлкен әрі жалпы болмыстар мен жаңалықтардың негізін жинақтаған дара жаратылыс. Осы қасиеті жағынан «жаратылыстың абыройлысы» болған адамзат баласының ешкім шыға алмайтын әрі ешбір жан толық түсіне алмайтын шыңы бар, ол шың – Хазіреті Пайғамбардың қасиетті тұлғасы мен жаратылысы. Онымен кездесіп, әңгімелескендер Әлем мақтанышы Пайғамбарымызды, қабілеттері мен түсініктеріне қарай немесе сүйіспеншілігі мен дұшпандықтарына қарай түсінген. Оған деген сүйіспеншілік нұрға бөлесе, оның дұшпаны болу адамды нарға (отқа, тозаққа) итермелейді.

Хазіреті Әбу Бәкір мен Хазіреті Әли және Әбу Жәһилдің Хазіреті Пайғамбарды түсінуіндегі айырмашылық осы тұрғыдан көрініс тапқан. Хазіреті Әбу Бәкір мен Хазіреті Әли әлем мырзасына үлкен сүйіспеншілік және махаббатпен қарағандықтан, шынайылыққа жетіп, тасаввуфтың алтын шынжырының (сілсілә) алғашқы буыны болуға қол жеткізген.

❀❀❀

Міне тасаввуф дегеніміз – Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүбарак өмірімен іштей және сырттай бітісіп, терең сүйіспеншілікпен қайнасу. Өйткені ол – Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ішкі және сыртқы көріністері, яғни бүкіл ахуалы. Сол үшін тасаввуф Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) руханиятынан нәр алу, оның

рухымен біте-қайнасудан тұрады. Басқаша айтқанда тасаввуф - сүйіспеншілікпен күшейген иман, ынтамен орындалған ғибадат және іс-әрекеттердің көркемділігі болып табылады. Қысқасы, тасаввуф Адамға (aлəйһиссəлəм) «рух үрленуімен» бастаған ұлы құндылықтың ақырзаман пайғамбарындағы кəміл көрінісінен, мүминнің сүйіспеншілікке толы жүрегіне құйылған фəйз тамшылары.

Тасаввуфтың негізін құрайтын осы ізгілік пен жақсылықтың, рухани күш пен биліктің Пайғамбардың (саллаллаһу aлəйһи уə сəлләм) өмірінде, жүректен жүрекке, адамнан адамға жұғып жалғасуын түсіну үшін сол мүбəрəк жаратылыстың өмірі мен іс-əрекеттерінің барлығына жаппай шолу жасаған жөн.

Расулұллаһ (саллаллаһу aлəйһи уə сəлләм) өмірінің барлық сатыларымен адамзатқа үлгі болғаны сияқты, адамдарды тəрбиелеу мен рухани тазарту мəселесінде де оның ең тамаша өнеге иесі екені даусыз. Оның пайғамбар ретінде көптеген міндеттері мен билігі бар еді. Бірақ, осылардың ішінде Аллаһ Тағаланың оған жүктеген мына төрт міндеті өзге міндеттерінен тым ерекше маңызды еді:

1. Аллаһтың уахиін қабылдауы. Пайғамбарымыз адам-затқа жеткізу үшін Аллаһ Тағаланың Жəбірейіл (aлəйһиссəлəм) арқылы жіберген иләһи бұйрықтарын қабылдаған. Аллаһ Тағаланың қалап, бұйрығымен осы уахиды қабылдау жағдайы Пайғамбарымыздың (саллаллаһу aлəйһи уə сəлләм) о дүниеге көшуімен аяқталған.

2. Құран Кəрімде баяндалған заңдар мен үкімдерді жəне басқа да ақиқаттарды өз өмірінде сөзімен, қалымен іске асырып, үкімдерді ашып түсіндірген. Расулұллаһтың дінді түсіндіру жəне құқық жүйесі мүжтəһидтер тарапынан жалғастырылған.

Құдайдың бұйрықтарына жəне сол бұйрықтардағы үкімдерге түсініктеме мен анықтама беру ісі адамзат өмірінің жаңа қажеттілігіне қарай «Ижтиһад» атымен ғұлама дін ғалымдарының білімімен жалғасуда. Бұл іске лайықты да жеткілікті адамы болмаған кезде бұл іс тоқтауға ұшыраған сияқты

көрінгенімен, оған деген қажеттілік пен зәрулік бітпейді. Бұл міндет ижтиһад дәрежесіне жеткен ғалымдарға тән.

3. Діннің әмірлері мен тиымдарын жүйелі түрде және тәртіппен орындалуын қадағалайтын іскер басқарушылыққа ие болу. Бұл да халифалар тарапынан жалғасын тапқан.

4. Рухқа әсер ету арқылы адамдардың ішкі дүниесін тазартып, түзету. Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тән уахиды жеткізуден басқа барлық міндеттерін оның ізін басушылар тарапынан қалайда жалғастырылуы қандай қажетті әрі міндетті болса, оның адамдардың ішкі жандүниесін тазартып, түзету міндеті де аяқталмай, шайхтар мен әулиелердің арқасында қияметке дейін жалғасын табуы соншалықты қажетті, әрі зәру мәселе. Өйткені, мүминдердің тек сырты ғана емес, ішінің де тазалануы осылайша ғана мүмкін бола алады. Міне, тасаввуфи негіздер мен тәсілдердің қайнар көзі мен рухы - Құран және хадистерде баяндалған пайғамбари өмірдің әр уақыт пен әр мекенде жалғасуынан тұрады. Машайыхтар (пір-әулиелер) тобының және олардың үздіксіз жалғасу ақиқатының негізі міне осы қажеттіліктен туындаған.

❁❁❁

Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) – құлшылық, қарым-қатынас пен мінез-құлықтың іштегі және сырттағы парасаттылықтың негізі әрі шыңы. Осы жаратылыс нұры Меккеде өткен он үш жылдық уағыздау мен тазарту күресінен соң Мәдинаға һижрет еткен кезде оған Сәур үңгірі нұсқалды. Осы жерде кейбір көріністерге куә болды. Өйткені, бұл үңгір түрлі хикметке батып, жүректі нұрға бөлеудің сөйтіп, рухани дамудың дәрісханасы еді. Пайғамбарымыз бұл үңгірде үш тәулік болды. Ол бұл үңгірде жалғыз емес-ті. Жанындағы жансерігі адамдардың пайғамбарлардан кейінгі ең абзалы Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) еді. Сөйтіп, Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) онымен бірге үңгірде үш күн жолдас болу абыройына ие болып, «(Үшіншісі Аллаһ болған) Екеудің екіншісі...» Құдайдың ілтипатына бөленді. Жаратылыс нұры бұл ғазиз досына:

لَا تَحْزَنْ إِنَّ اللّٰهَ مَعَنَا

«Мұңайма, Аллаһ бізбен бірге!» (Тәубе сүресі 40-аят) - деп Аллаһпен бірге болу сырын ұғындырды. Әулиелер бұл жағдайды жасырын (хафи) зікір тәлімінің бастауы және жүректің Аллаһтың зікірімен қанағаттануының алғашқы көрінісі деп жорамалдаған. Яғни тасаввуфтағы сырдың жүректен жүрекке ағуының Ислам тарихындағы алғаш көрініс тапқан жері Сәур үңгірі және оның тұңғыш куәгері Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) еді. Сол үшін Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) соңы қияметке дейін жалғасатын алтын тізбектің (алтын сілсіләнің) Хазіреті Пайғамбардан (саллаллаһу aләйһи уә сәлләм) кейінгі алғашқы буыны болған. Яғни Сәур үңгірі шексіз сырлар ғарышы арқылы құлды Аллаһқа қауыштыратын негізгі жүрек тәрбиесінің маңызды бір сатысының орны болған еді.

Екіншіден, Пайғамбарымыздың (саллаллаһу aләйһи уә сәлләм) ашық (жәһри) зікірді Хазіреті Әлиге (радиаллаһу анһу) үйреткені риуаят етіледі. Тасаввуфтың ең маңызды қағидаларының бірі болған зікір тәлімі осылайша бір тармақтан Хазіреті Әбу Бәкірге (радиаллаһу анһу), екінші бір тармақтан Хазіреті Әлиге (радиаллаһу анһу) барып тіреледі.

Негізінде тасаввуф діннің негізін құрау тұрғысынан, Хазіреті Адамнан (aләйһиссәләм) бастап, Пайғамбарымыз Мұхаммедке (саллаллаһу aләйһи уә сәлләм) дейінгі барлық пайғамбарлардың өмірінен орын алған. Сондықтан әрбір пайғамбардың өмірінен тасаввуфтың көптеген қағидаларын табуға болады. Бірақ, тасаввуфтың қазіргі кездегідей жүйелі бір ілім және бағыт ретінде қалыптасуы алғаш рет һижри күнтізбенің екінші ғасырынан басталған.

Саадат ғасыры деп аталатын Пайғамбарымыз бен төрт халифаның кезінде сенім (ақайд) мен фиқһқа (Ислам заңы) байланысты мәзһәбтар әлі қалыптаспаған еді. Сонымен қатар мәзһәбтардың шығуынан бұрын да сенім мен фиқһқа байланыс-ты үкімдер бар еді. Және оларды сахабаларға Аллаһ Расулы (саллаллаһу aләйһи уә сәлләм) үйретіп отырған. Бірақ бұлар

ғылыми қағидалар ережесіне сай түрде әлі жинақталмаған болатын. Белгілі бір уақыттан соң, «фиқһ» ілімінде даналар мен сөз иесі болған ғұламалардың тұжырымдары шәкірттері тарапынан қолдау тауып, жүйеленген бұл өзгеше тәсіл «мәзһәб» деп аталды. Сөйтіп Ханафи, Шафи-и, Мәлики, Ханбәли сияқты мәзһәбтар фиқһ мәселелерін шешуде әдістемелік жол ретінде көптеген адамдар тарапынан қолдау тауып, кең тарады.

Басқа да діни ілімдердегідей тасаввуфтағы зүһд (нәпсіні тәрбиелеу, дүниеге қызықпай өмір сүру) және тақуалық өмір өзіндік дәрежесінде сағадат ғасырында бар еді. Уақыт өткен сайын осы нұрлы өмірді жалғастырған және өздері үшін өмір жолы етіп ұстанған Хақ достары, халықтың дүниеқұмар болып, қапы қалуына тосқауыл болу мақсатында, Аллаһ ризалығы үшін соларға насихат айтып, оларды ғапылдықтан ояту үшін ескерту жасап отырған. Бұл адамдардың бүйректен сирақ шығару, жаңа бір жол немесе дінге сай өмір сүру тәсілін өзгерту сияқты мақсаттары жоқ еді.

Олардың мақсаты - Исламды негізіне сай тамаша ұстану және құлшылықтарды Құран мен Сүннетте айтылғанындай ынтамен орындау еді. Сондықтан олардың сұхбаттары мен насихаттарынан пайдаланып, халдарынан өздеріне үлгі алғысы келген адамдар осы тұлғаларды өздеріне көсем, рухани ұстаз ретінде қабылдаған еді. Бұл адамдар олардың насихаттарын, яғни мүминді рухани кемелдікке, дұрыс бағытқа жетелейтін нәпсіні тізгіндеу мен тәрбиелеу тәсілдерін қалыптастырып, рухани бір жүйеге келтірген еді. Ақыры, бұл ұстаздардың есімдерімен аталған тариқаттар (жолдар) пайда болған. Ясауия, Қадирия, Мәуләуия, Нақшибәндия, т.б. сияқты.

Әрбір тасаввуф ағымының Аллаһқа нақты құл болу, тәфәккур мен ихсан сезімдеріне қол жеткізу сияқты ұстанған қағидаларын «Тариқат» деп атаған. Тариқаттар әдістемелеріне қарай үшке бөлінеді.

Олар:

1. Тариқ-и Ахяр: Ғибадат пен тақуалыққа ерекше көңіл бөлетін тариқаттар.

2. Тариқ-и Әбрар: Нәпсіні, қиыншылық пен қызмет арқылы тәрбиелеуге көңіл бөлетін тариқаттар.

3. Тариқ-и Шуттар: Ғашық болу және уәждпен (Аллаһқа шын берілу) мақсатқа жетуді көздейтін тариқаттар.

Демек, әрбір мүмин рухани тазару мен рухи кемелдену үшін жаратылысына сай бір тариқат ұстануына болады. Адам жаратылысы әр түрлі болғандықтан, тариқаттардың да әр түрлі болуы табиғи заңдылық.

Аллаһ Тағала аят кәримада:

لِكُلٍّ جَعَلْنَا مِنْكُمْ شِرْعَةً وَ مِنْهَاجاً

«Әр қайсыңа бір шариғат және бір «жол» (минһәж) **тағайындадық»** (Мәйда сүресі 48-аят) деп бұйырады.

Бұл жердегі «жол» (минһәж) сөзі сөздікте «нұрлы жол» дегенді білдіреді. Бұл да Аллаһ Тағалаға жақындау ниетімен жүрілетін құлдық жолы деген сөз.

Тасаввуф ұлылары:

«Аллаһ Тағалаға баратын жолдар – жаратылғандардың деміндей көп» - дейді.

Екіншіден, Құрани үкімдер төмендегідей үшке бөлінеді:

1. Иғтиқат (сенім негіздері)

2. Фиқһ

а) Ғибадат
ә) Қарым-қатынас (мәміле)
б) Жазалар (қылмыстық құқық)

3. Ахлақ (Жүрек заңдылығы)

Жүрек заңдылығы – ішкі жан-дүниенің тазаруы дегенді білдіріп, сенім мен амалдардың ішкі жағын құрайды. Амалдардың сол арқылы дәрежесі көтеріліп «салих (ізгі) амалға» айналады.

Құран Кәрім жүректің Аллаһ разы болатын ең маңызды сипаттарын тақуалық, зүһд және ихсан (құдайды көріп тұрғандай құлшылық ету) екендігін білдіреді.

Тақуалық – Аллаһқа деген ерекше жауапкершілік сезімімен, иләһи әмірлер мен тыйымдарды ұқыпты түрде орындап, жүректі жаман қасиеттерден қорғау.

Зүһд – Мәсиуә, яғни Аллаһтан (жәллә жәләлуһу) басқа барлық нәрсенің жүректегі орны мен мән-мағынасының жойылуы.

Ихсан – мүмин өзін Аллаһтың назарындамын деп санап, іс-қимылдарын соған қарай орындауы. Хадис шәрифте:

أَلْإِحْسَانُ أَنْ تَعْبُدَ اللهَ كَأَنَّكَ تَرَاهُ فَإِنْ لَمْ تَكُنْ تَرَاهُ فَإِنَّهُ يَرَاكَ

«Ихсан – сен Аллаһты көрмесең де, Оны көріп тұрғандай құлшылық етуің. Өйткені Ол сені әлбетте, көріп тұр» (Бұхари, Иман 37; Муслим, Иман 1) делінген. Яғни ихсан – құлдың Аллаһ Тағаланың назарында екенін үнемі сезініп жүруі деген сөз. Адамның көкірек көзінінің ашылып, рухани жетілуі – әрбір сәт осы сезімде болып, өмірін осы сенім мен сезімге қарай реттеумен ғана мүмкін болады. Міне осы халдің қалыптасуымен жүрек тазарады. Сондықтан тасаввуф – жүректің тазаруының белгісі.

❁❁❁

Діннің мақсаты – жақсы, нәзік рухты және ішкі жан-дүниесі тазарған адам тәрбиелеп жетілдіру. Бұл болса, Хақ Тағалаға шынайы құлшылықпен іске асатын жайт. Исламның мақсат тұтқан адамы – Аллаһ және Расулының ахлағына бөленген адам. Бұл мәртебеге жетудің бірден бір жолы болса, жүрек тәрбиесі болып табылады.

Жүрек деген гауһарды таза ұстап, Хақ Тағаланың көріністері шағылысатындай жарқыраған айна іспетті халге айналдыру зікірдің сол жерден орын тебуімен ғана мүмкін. Жүректің осындай тамаша, таза күйімен Хақ Тағалаға бет бұруы болса, иманның жарқырап, сыртқа шығуына ықпал етеді.

Егер зүһд, тақуалық және ихсан мәртебелері арқылы рухани даму жолы ашылмай, тек сырттай үкімдерді ғана ұстану бұйырылғанда, ынтасы бар қабілетті адамдардың Аллаһқа қауышу мүмкіндігі қолдарынан тартып алынғандай болып, адам баласының жаратылысындағы шексіздікке байланысты қабілеттері назардан тыс қалатын еді. Бұл болса, әрбір қалауы мен үкімінде хикмет иесі болған Аллаһ Тағаланың иләһи тәртібіне нұқсандық телігендей болар еді.

Жоғарыда баяндағанымыздай, құлдың Раббысын әр сәт сайын көріп тұрғандай өзін сын тезіне салып, сол бағытта өмірін реттеп, Аллаһтың бақылауын жүрегіне орнықтырып, санасын оятуы дегенді білдіретін ихсан – Аллаһқа жақын құлдардың бейне бір рух миғражы іспеттес. Бұл тұрғыдан ихсан – ішкі жан дүниенің рухани, сырлы және иләһи ақиқаты болып табылады. Мутасаввуфтардың (тасаввуф – сопылық жолды ұстанушылар) мақсаты да осы ақиқатқа жету еді. Бұл ақиқат Аллаһпен болған рухани шынайы байланысты білдіреді. Сондықтан бұл байланысты мықты құрған адам – Раббысының әулие құлына айналады. Сөйтіп ол иләһи ахлақпен безенген болып саналады.

Бірақ, бұл ақиқатқа жете алмаған жағдайда, мақсатқа жеткізе алмайтын сырт көрініспен және еліктеушілікпен ғана шектелуге мәжбүр болады.

Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ахлағы және рухани өмірін сахаба, табиғұн мен тәбәи-табиғин (сахабалардың көзін көрген мұсылмандар мен олардан кейінгі мұсылмандар) өздеріне үлгі етіп алып, осы киелі өмірдің сыртқы ішкі, көрінетін, көрінбейтін, анықтауға келетін, келмейтін көріністерімен пайғамбари өмірдің бүкіл ерекшеліктері алғашқы ұрпақтардан кейінгі ұрпақтарға жалғасып келген. Әрине осы үлгіде жалғасып келе жатқан рухани өмір арнайы бір қауымға ғана тән емес. Ол барлық үмбетті қамтиды.

❀❀❀

Негізгі Ислами түсінік міне осылай болғанымен, тасаввуфқа көбіне-көп сырттай қарайтындар мен жағымсыз пиғылдағылар оның шығу тегі жайында әр түрлі пікір айтқан.

Кейбіреулері тек дыбыс ұқсастығын алға тартып, осы абыройлы тәлім тәрбие ісінің грекше «хикмет» мағынасындағы «софос» сөзінен шыққанын айтқандар мен оны еврейлерге телуге тырысқан надандар және үнді мистисизмімен байланыстыруға дейін барғандар болған. Бұлар сөз немесе жүйенің ұқсастықтарын негізге алып айтылған жаңсақ көзқарастар.

Шындығы, «тасаввуф» сөзінің қандай түбірден шыққандығы туралы ислам ғалымдарының пікірлері. Олар оны толықтай Исламмен байланысты екендігін мәлімдейді. Бұл жайындағы әр түрлі пікірлер арасында тасаввуф тазарғандық пен талғамдылық мағынасындағы «сафа», «сафуәт» және «ыстыфа» сөзінен туындағанын айтушылармен қатар, тасаввуфтағы жүйенің алғашқы көрінісі іспеттес болған «суффа иелері» деп аталған сахабалардың ғибадатқа тым берілген тақуалары мен зәһидтері киген жүн киімге қойылған «суф» атауынан шықты деген көзқарас жалпы қолдау тапқан.

Екінші жағынан қарағанда да ілім, парасат және руханиятты үйрену мақсатымен Пайғамбар мешітінде тұрған және «Әһлисуффа» деп аталатын осы сахабалар қауымы Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қолдауымен зүһд пен тақуалықпен біте қайнасқан. Тіпті, Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бай-қуатты сахабалардың осы топқа керек-жарағы мен ішіп-жейтініне көмекші болуын талап еткен. Бұл жайт тасаввуфи істердің Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сүннеті алдындағы орнын және оның пайғамбар қолдауына сүйенгенін көрсететін тарихи ақиқат.

Хазіреті Пайғамбардан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кейін сахабалар арасында шыққан саяси қайшылықтарда «сүффа иелерінен» тірі қалғандары ешбір жақты ұстанбай, бейтарап қалған еді. Тіпті осы қайшылықтарда мүминдер арасындағы бауырластық сезімінің әлсіреуінен ғибрат алып, зүһд пен тақуалықта одан да ары ілгері басқан еді. Бұл жағдай сүффалықтардың санының артуына себеп болды. Қайшылықтарға араласуды «рухани қауіпті іс» деп санаған кейбір сахабалар да олардың қатарына қосылып, зүһд (дүниеге қызықпаушылық) пен тақуалық жолын

ұстанатындардың саны осылайша арта түскен-ді. «Сұф» сөзінен «сұффа иелері», олардың зүһд пен тақуалықтарынан «тасаввуф» және «мұтасаввуф» сөздері туындап, кең тарап, тарихтың ағысында жүйеге түсіп, бүгінге жеткен.

❁❁❁

Ислам ғалымдары Құран мен Сүннетті негізге алғандықтан тақуалық жолындағы мұтасаввуфтар да жарық көрген еңбектерінде мұжтәһидтер сияқты шариғат заңына бағына отырып, тасаввуфи көзқарастарын сол шарғи үкімдерге дәйектеген. Бірақ, кейбір жолдағылардың пір тұтқан адамдары яғни, шәйхтары шариғатты (діни үкімдерді) толық меңгермегендіктен тариқаттарда «сопылықтың шаттығының» артуы себепті дұрыс жолдан тайып кеткендер болған. Тек пір - шәйхтары білімді болып, діннің сыртқы жағын да (шариғат үкімдерін) меңгерген адамдардың көсемдігіндегі тариқаттар мұндай қате басудан қорғана білген. Тасаввуф тарихында Құран мен Сүннетті берік ұстанып келе жатқан Нақшибандилік пен сол сияқты тариқаттардың шариғатқа бағыныштылықтарының белгісі ретінде айтылған:

«Циркульдің, орнықты аяғы - шариғат» деген мәшһүр сөз адал тариқаттардың ең басты дәстүрі болған.

Сондай-ақ Хазіреті Мәуләнә:

«Біз циркуль сияқтымыз. Бір аяғымыз шариғатта орнықты. Екінші аяғымызбен жетпіс екі елді аралаудамыз» - дейді.

«Шариғат бір шыраққа ұқсайды. Жарық береді. Жол көрсетеді. Шырақты қолға ұстаумен ғана жол жүрілген болып саналмайды. Бірақ, оны қолға алмай да жолға шығуға болмайды. Демек, Шариғаттың жарығында жол жүруді бастасаң, міне осы - тариқат».

Тасаввуф – рухани, материалдық кірлерден тазарып, тамаша ахлақ пен сипаттарға ие болып, дін негізіне сай дәрежеде ұстану ұмтылысынан туындаған.

Ә. ТАСАВВУФТЫҢ ТАНЫМЫ

Тасаввуф ұстанған сайын дәмі сезіліп, түсініле беретін ілім болғандықтан, оны шектеулі сөздермен кәміл түрде айтып жеткізу қиын. Осы себеппен Аллаһ достары әрбір бөлшегінен түрлі жарық шашылған тасаввуф хрусталінің өздеріне қараған жағын назарға алып, түрлі танымдар мен анықтамалар жасаған.

Хақ достары мен осы рухани жолдың ұстанушылары өз шама-шарықтарына және жүректерінде көрініс тапқан хал жағдайларына қарай бағыт алады. Сол себепті, рухани әлемдегі сезімдеріне, жүректеріне келген аяндардың өздеріндегі көріністеріне қарай тасаввуфты түсінеді. Сонымен қатар тасаввуфты танымдаған, анықтама берген адамдардың барлығы өз бұрыштарынан қарағанда орынды болып табылады. Біз осындай танымдарға қарай отырып, тасаввуфтың мәні хақында бір ғана емес, жалпы пікірлерге ие бола аламыз.

Осы әр түрлі танымдардың бірдей болған жақтарынан қарағанда, тасаввуф – мүминдердің ішкі жан-дүниесін түзетіп, оларды рухани жетілдіріп, құлды мақтаулы ахлаққа бөлеп, Хақ Тағалаға жақындататын, сөйтіп мағрифатұллаһқа (Аллаһты шынайы тануға) жеткізетін бір ілім деп айта аламыз.

Хақ достарының қол жеткізген рухани көріністері бойынша жасаған көптеген тасаввуф танымдарының бірнешеуі мыналар:

1. Тасаввуф – көркем ахлақ пен әдеп

Көркем мінез – иманды еліктеушіліктен құтқарып, пікір мен іс-әрекеттерге жөн беретін ихсан сезімін, яғни Аллаһ Тағаланы көріп тұрғандай бір халді жүрекке орнықтырып, бойдағы бөлінбес әрі басым қасиетке айналдырып, осы дәстүр бойынша өмір сүру деген сөз.

Әбул-Хусәйн ән-Нури:

«Тасаввуф – тұр де, ілім де емес, ол тек қана көркем мінез-құлық. Егер тұр болса, күресумен, ал ілім болса, үйренумен қол жеткізілер еді. Сол себепті тек қана тұр мен ілім мақсатқа жеткізбейді. Тасаввуф – Хақ Тағаланың ахлағын жамылу» - деп оның ахлақпен ажырағысыз байланысына ишарат еткен.

Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үлгілі өмірі тасаввуф деп аталмаса да, мәні мен ақиқаты жағынан көрініс тапқан. Көркем ахлақ дегеніміз Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ахлағын бойға сіңіру. Оның ахлағы Раббымыз тарапынан Құран Кәрімде:

وَ إِنَّكَ لَعَلَى خُلُقٍ عَظِيمٍ

«Шүбәсіз сен жоғары ахлаққа иесің» (Қалам сүресі 4-аят) деп қуатталып, мадақталған.

Хазіреті Айшадан (радиаллаһу анһа) Расулұллаһтың ахлағын сұрағанда:

«Оның ахлағы Құран еді» (Мүслим, Мусафирин 139) деген.

Құл Құранның ахлағымен безеніп, оның үкімдерімен дұрыс жолға бет алса, бейне бір жанды Құранға айналады. Құран Кәрімді мағынасына ой жүгіртіп оқу және үкімдеріне бойсұну, көркем ахлақтың шыңы.

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пайғамбар болып жіберілгеннен бастап, қияметке дейін барлық заман мен

барлық мекендерді нұрландыруға міндеттелген. Сондықтан Оның ең кішкентай істері болсын не ең жасырын жағдайы болсын барлық іс-қимылдары егжей-тегжейлі түрде сахих (нақты) риуаяттармен бізге жеткен және қияметке дейін де жетіп жалғаса бермек. Пайғамбарымыздың өмірі зерттелген кезде, адамзаттың кәмілі және көркем ахлақтың шыңы - Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) екендігі белгілі болады. Өйткені ол:

«Мен басқа мақсатпен емес, тек көркем ахлақты толықтыру үшін жіберілдім» - (Имам Мәлік, Муатта, Хуснул-Хулқ 3) деп өз міндетін білдіріп, барлық адамзатқа «тамаша өнеге», яғни кәміл ахлақ үлгісі болғанын білдірген еді.

❀❀❀

Құран Кәрімде Мұхаммеди ахлақ былай баяндалады:

«Ант етеміз, сендер үшін, Аллаһқа және ақырет күніне қауышуды үміт еткендер мен Аллаһты көп зікір ететін (мүминдер) үшін Расулұллаһта тамаша кәміл үлгі-өнеге бар!» (Ахзаб сүресі 21-аят).

Ұлы Раббымыз сый ретінде көркем ахлақты Пайғамбарымыздан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бастап, пайғамбарымыздың ізбасарлары[6] арқылы қияметке дейін жалғастырады.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Мүминдердің иман жағынан ең кемелдісі, ең көркем ахлаққа ие болғаны» (Ахмед б. Ханбәл, Мүснәд II, 256) деген сөздерімен ахлақтың, иманның жемісі және кемелдігінің белгісі екендігіне ишарат еткен. Аллаһ достары да міне, осы Мұхаммеди ахлақпен безенген рухани жол көрсетушілер.

[6] **Пайғамбарлардың ізбасарлары:** Пайғамбарларға, әсіресе ақырзаман пайғамбары Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сырттай және іштей, ілім, амал және ахлақ жөнінен ізбасар болған шынайы ғалымдар. Сондай-ақ хадисте *«Нағыз ғалымдар пайғамбарлардың ізбасарлары»* (Әбу Дәуіт, Ілім 1) делінген

Әбу Мұхаммед Жәрири:

«Тасаввуф – көркем ахлақты ұстанып, жаман ахлақтан арылу» - дегенде де осы ақиқатты меңзеген еді.

Жүректі көркем ахлақпен безендіріп, жаман ахлақтан қорғау - мәңгілік бақыттылық пен сәлемет үшін аса қажетті болғаны сияқты өте ауыр іс екендігі де шындық. Көрнекті тасаввуфшылардың бірі Әбу Хашим Суфи:

«Жүректе орныққан тәкаппарлықты шығару, тауды инемен қазудан да қиын» - деген.

Әбу Бәкір әл-Қаттани болса:

«Тасаввуф – ахлақ. Ахлақ жағынан сенен жоғары адам, рухани тазалық жағынан да жоғары» - дейді.

Адамзат тарихы, пайғамбарлардың көптеген теңдесіз көркем ахлақи іс-әрекеттеріне толы. Осының ең тамаша мысалдарының бірі - Хазіреті Юсуф (аләйһиссәләм). Ол аят кәримада айтылғанындай, өзіне айқын түрде зұлымдық жасаған ағаларына:

«...Бүгін сендердің кемшіліктеріңді беттеріңе басып айыптамаймын. Аллаһ сендерді кешірсін! Ол мейірімділердің мейірімдісі» (Юсуф сүресі 92-аят) деп, кешірімділіктің шексіз бір үлгісін көрсеткен.

Мұтасаввуфтардың алға қойған мақсаттары өз жүректерін Хазіреті Ибраһим (аләйһиссәләм) сияқты дүние құмарлықтан аулақ, иләһи әмірлерге бойсұнғыш, Хазіреті Исмайл (аләйһиссәләм) сияқты Хақ Тағалаға бас иіп, иләһи тағдырға разы, Әйюб (аләйһиссәләм) сияқты сабырлы ету. Мүминнің қайғысы Дәуіттің (аләйһиссәләм) қайғысындай, пақырлығы болса Хазіреті Исаның (аләйһиссәләм) пақырлығындай болуы керек.

Мұтасаввуф – Хазіреті Мұсаның (аләйһиссәләм) мінәжаты кезіндегідей ынта мен жігерге толы көңілге және әлемнің мәңгілік мақтанышы Хазіреті Мұхаммедтің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ықыласына, яғни Раббысына деген сүйіспеншілігі мен шынайылығына ие болуға тырысқан адам.

Әбу Хафс әл-Хаддад:

«Тасаввуф дегеніміз – әдеп» деп тоқсан ауыздың тобықтай түйіні ретінде түсіндірген.

Хазіреті Мәуләнә да әдеп хақында былай дейді:

«Мырзам! Біліп қой, әдеп – адамның тәніндегі рух. Әдеп - әулиенің көзі мен көңілінің нұры. Егер шайтанның көзін жойғың келсе, көзіңді ашып қара, шайтанды құртатын – әдеп. Адам баласында әдеп болмаса, ол шындығында адам емес. Әдеп – адам мен хайуанның арасындағы айырмашылық».

Екінші бір шумағының мағынасы мынадай:

«Ақылым жүрегімнен: «Иман деген не?» - деп сұрады. Жүрегім ақылымның құлағына иіліп: *«Иман дегеніміз – әдеп»* - деді».

Тағы бір ақын әдепті:

Әдеп бір тәж екен Құдай нұрынан,
Ки сол тәжді, аман бол әр пәледен -

деп түсіндірген. Осы себепті бұрынғы медресе мен дәрісханалардың бірден-бір ескерту жазбаларының бірі де:

أَدَبْ يَا هُو (әдеп уа, һу!)[7] еді.

2. Тасаввуф – нәпсіні тазартып, жүректі ағарту

Адам осы әлемге құлдық сынағы үшін келгендіктен, өлім уақытына дейін «нәпсі» деп аталатын және шексіз құмарлықтары бар үлкен бір бәлеге душар болады. Ол әулиеліктің ең жоғарғы дәрежесіне де көтерілсе, дүние, нәпсі және шайтан деген үш жауыздың үнемі алдап, арбауы мен тұзақтары әр сәт алдында аңдып тұрады. Құлдықтың мәнісі де осы қауіптерді жойып, осы фәни әлемнің тартымды алдамшылығынан арылып, тақуалыққа жабысу арқылы Хақ Тағалаға жөнелумен басталары рас.

[7] Бұл сөз әдепке шақыратын бір ескерту болумен бірге, «Уа, Құдайым! Әдеп бер!» деген мағынасындағы жалбарыну.

Сондықтан адамның жаратылысындағы жамандық жасау бейімдерін (фұжур) тәрбиелеп, орнына тақуалық тұқымын егу үшін нәпсіні тазартып, жүректі ағарту қажет. Сол себепті әрбір адам шамасы мен қабілетіне қарай Аллаһ Тағаланы білуге және сол білгенін парасаттылық халіне жеткізіп, ізгі амалдармен Жаратушыны ұлықтауға міндетті. Міне, қысқаша «құлдық» деген осы. Осы құлдық мәселесінің мақсатына жетуі адамның нәпсі кедергілерін жеңіп, пәк сезімдерге бөлену дегенді білдіретін нәпсіні тазартып, жүректі ағартумен байланысты. **«Уасылы илаллаһ»**[8] болып, **«Лиқаұллаһ»**[9] мәртебесімен абырой табу тек осылай ғана мүмкін болады.

Негізгі гауһары жағынан жүрек - осы әлемде «Иләһи назар жайы», яғни Аллаһ Тағаланың назары көрініс тапқан жер деген абыройға ие. Сондықтан, бір сарайдың «тағына» сұлтаннан басқаның отыруы қалай мүмкін болмаса, тәннің сарайы үкіміндегі жүректі Аллаһтан басқа барлық нәрседен, яғни барлық нәпсілік ойлардан, жағымсыз әрекеттерден, Құдайдан басқасының бәрінен сафтандырып, тазарту керек. Әйтпесе, жүрек иләһи сыйларға есік ашпайды. Бірақ бұл, Аллаһтан басқасын мүлде сүймеу керек деген сөз емес.

Десе де, нәпсісін тазартып, жүрегін сафтандырып, қалби сәлимнің (жүрегі мен санасы толығымен Аллаһ сүйіспеншілігіне толған жүрек) шыңына жеткендер Құдайдан басқаны сүюден азат болған. Бірақ, басқа адамдар дәрежесіне қарай, мал-мүлік, бала т.б. сүйіспеншілігін толықтай жүрегінен шығара алмайды. Негізінде, бұл сияқты сүйіспеншіліктер белгілі бір шектен шықпайынша заңды болып табылады.

Жүректі ағартудың маңыздылығын түсіну үшін жүректің материалдық және рухани өмірдегі орнына қарау жеткілікті. Сондай-ақ, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жүректің адамдағы өмірлік мәнін былай жеткізген:

---

[8] Дүниеде жүрекпен Ұлы Аллаһқа жету.
[9] Ахиретте Раббымыздың дидарымен қауышу.

«...Адам денесінде бір жапырақ ет бар. Ол жақсы болса, барлық дене жақсы болады, ал жаман болса, барлық дене жаман болады. Абай болыңдар, ол – жүрек» (Бұхари, Иман 39).

Хазіреті Мәуләнә (құддисә сирруһ - Аллаһ оның абыройын арттырсын) қаптың түбіндегі тесікті бітемей ішін толтыруға тырысудың бос еңбек екендігін айтады. Сол сияқты, құлшылықтар да тек ағарған жүрекпен жасалған жағдайда ғана адамның бақытты болуына дәнекер болары белгілі. Өйткені, амалдардың тазаруы тек ниетке байланысты. Ниет болса, ол жүрек амалдарының бірі. Сол себепті ниеттің дұрыс болып, ықыласпен безенуі шарт. Бұл жайт тек шеберлері тарапынан берілетін жүрек тәрбиесінің нәтижесінде ғана қолдан келетін жағдай.

Хақ достарының жүрек тәрбиесінде алға қойған мақсаттары - жүректің үнемі Аллаһпен бірге болу түсінігіне (ихсан) жетуі. Сөйтіп, тірі жүрек сипатына ие болуы. Жүректің осы қалыпқа жетуі үшін мәсиуәдан, яғни Аллаһтан басқа барлық нәрседен аулақ болуы шарт.

Осы қалыпқа келген жүрек нәзік әрі терең ақиқаттарды көретін болады. Жүрек кесапаттан құтылып, пәктікке, сұлулыққа қауышқан сайын иләһи есімдер мен сырлардың айнасы болады. Осылайша, Аллаһ Тағаланың жүрекпен білінуі дегенді білдіретін мағрифатұллаһ пайда болады. Бұл болса, ілімнің көрегендік дәрежесіне жетуі деген сөз.

❀❀❀

Аллаһтың алдына тек қана қалби сәлиммен, яғни жүрегі сафтанған барлық рухани дерттерден арылып, іші иләһи сүйіспеншілікке толған тап-таза көңілмен барғандардың Аллаһтың қаһарына ұшырамай, азаптан құтылатындығын Аллаһ Тағаланың өзі былай білдіреді:

يَوْمَ لَا يَنْفَعُ مَالٌ وَ لَا بَنُونَ إِلَا مَنْ أَتَى اللهَ بِقَلْبٍ سَلِيمٍ

«Ол күні мал да, бала да пайда бермейді. Бірақ, Аллаһқа қалби сәлиммен (таза жүрекпен) **келгендер басқа»** (Шұғара сүресі 88-89 аяттар).

Ал, нәпсісін тазарта алмай Аллаһтың зікірінен алыс қалып, сезімсіз, соқыр жүректердің азаптанатыны жайлы Құран Кәрімде былай баяндалған:

«...Нәпсіге және оған кейбір қабілеттерді беріп, жақсылық пен жамандықтарын аян етушімен ант етемін, нәпсісін жамандықтардан арылтқан құтылып, оны жамандыққа көмгендер зиянға ұшырады» (Шәмс сүресі 7-10 аяттар).

«...Аллаһты зікір етуге жүректері қатайғандарға қандай өкініш! Міне бұлар айқын бір адасушылық ішінде» (Зүмәр сүресі 22-аят).

Осы аят кәрималардың сәулесімен айтылған Әбу Сайд әл-Харраздың мына бір сөзі қандай мәнді: «Кәміл адам - Аллаһтың жүрегін тазартып, нұрға толтырған адамы».

3. Тасаввуф – келісімі жоқ рухани шайқас

Хазіреті Жүнәйд Бағдади жасаған бұл таным тасаввуфтың нәпсіге қарсы өмір бойы жалғасатын күрес екендігін айтады. Нәпсіге қарсы күрес болса, нәпсінің дінге қайшы барлық қалауларына бөгет болу.

Соғыстар белгілі бір орында және белгілі бір уақытта жасалып, бітеді. Нәпсіге қарсы жасалған соғыстың өмір бойы дамылсыз жүргізілуі керек. Аят кәримада:

«...Саған өлім келгенше Раббыңа құлдықты жалғастыр!» - деп (Хижр сүресі 99-аят) бұйырылған.

Аллаһ Тағала нәпсінің алдауы мен арбауына мүмкіндік беретін «ғапылдыққа» қарсы үнемі сақ болып, осы қалыпта құлдықтың жалғасуын былай бұйырған:

وَ اذْكُرْ رَبَّكَ فِي نَفْسِكَ تَضَرُّعاً وَ خِيفَةً وَ دُونَ الْجَهْرِ
مِنَ الْقَوْلِ بِالْغُدُوِّ وَالْأَصَالِ وَ لَا تَكُنْ مِنَ الْغَافِلِينَ

«Өз-өзіңнен жалбарынып, үрейленіп, ертелі-кеш бәсең дауыспен Раббыңды зікір ет! Ғапылдардан болма!» (Ағраф сүресі 205-аят)

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзі қатысқан **«Ғазуәтул-Үсра»**, яғни **«қиын сапар»** деп аталған Тәбүк соғысынан қайтқанда:

«Енді кіші соғыстан үлкен соғысқа қайттық» - деген. Бұл сөз шүбәсіз осы танымның бастауы. Өте ауыр жорықтан соң айтылған бұл сөзге:

«Бұдан да үлкен соғыс бола ма?» - деп таң қалған сахабаларына Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Иә! Енді кіші соғыстан ең үлкен жиһадқа, нәпсімен күресуге қайттық!»[10] - деп жауап берген.

XX ғасыр зерттеуші ғалымдарының бірі Р. Гарауди Исламдағы кіші және үлкен жиһадтың ара салмағының маңыздылығын былай бағалайды:

«Бастан-аяқ Исламның рухани тәрбие түрі болып саналатын тасаввуф - негізінде адамды жаратылыс мақсатынан алшақтатып, нәпсісінің тұтқыны ететін әр түрлі құмарлыққа қарсы жасалатын ішкі күрес деген сөз. Мұның Ислам түсінігіндегі аты үлкен жиһад. Мұсылмандарды Аллаһ жолынан айырып, өзіне бағынышты ететін әр түрлі күш, байлық және қате түсініктерге қарсы, Оның бірлігі мен үйлесімділігін орнату үшін тырысу - кіші жиһад деп аталады. Жеке адам мен қоғамның тыныштығын, бақытын қамтамасыз ететін де осы екі жиһадтың арасындағы тепе-теңдік»[11].

4. Тасаввуф – ықылас

Тасаввуф – Аллаһқа шынайы болу деген сөз. Амалдарды тек Аллаһтың ризашылығын ойлап орындау және оларға басқа мақсаттардың көлеңкесін түсірмеу дінде «ықылас» деп аталады. Аллаһ Тағаланың ризашылығынан басқа барлық арман-қалауды жүректен шығару, мұсылмандардың мойындарындағы үлкен міндет әрі ұлы абырой.

---

[10] Суюти, «Жамиус-Сағир» II, 73.

[11] Р. Гарауди, «Исламда берілген уәделер», 47 бет.

Аллаһ Тағаланың ризашылығына жету үшін әмір етілген амалдарға басқа бір ортақты араластыру ықылассыздықтың немесе риялы болудың көрінісі болып, Құдай алдында ол амалдарды істеушілерге пайдасыз, бекер шаршаудан басқа ештеңе бермейді. Сондықтан Аллаһ алдында амалдың қабыл болуына көмектесетін негізгі шарттарының ең маңыздысы «ықылас» екендігін білдіреді.

Ықылас – Аллаһ Тағалаға жақындау ниетімен жүректі әр түрлі пайдақорлықтан қорғай білу.

Ықылас құлды ең үлкен жақсылық - иләһи ризашылыққа жеткізеді.

Пенделеріне құлшылықты бұйырған Аллаһ Тағаланың мұндағы негізгі мақсат, мұраты – амалдардың Аллаһ ризалығына сай, ықыласпен орындалуы. Аят кәримада былай баяндалады:

«(Ей, Расулым!) **Шүбәсіз, кітапты саған хақ түрде түсірдік. Олай болса, сен де дінді тек қана Аллаһқа тән етіп** (ықыласпен)**, құлдық ет!...»** (Зүмәр сүресі 2-аят).

«Айт: Мен, дінді Аллаһқа тән етіп (ықыласты түрде)**, оған құлдық етуге міндеттелдім»** (Зүмәр сүресі 11-аят).

Аллаһтың құзырынан қуылған Ібіліс аят кәримада баяндалғаны бойынша былай:

«Айтты: Ей, Раббым! Ант етемін, мені азғындатқаның үшін мен де жер бетінде оларға күнәларды безендіріп, көрсетем және олардың барлығын қалайда азғындатам. Бірақ, олардың ішіндегі ықыласты құлдарың басқа!» (Хижр сүресі 39-40 аяттар).

Тасаввуф – барлық нәрсені Аллаһқа атау, нығмет пен абыройды Одан деп білу және мен-мендіктен құтылу. Адам қандай халде және дәрежеде болмасын өзін құнды санап, бір үстемдік ойламауы керек. Сондай-ақ, Аллаһ Тағала Бәдір жеңісі туралы Расул Әкрәм (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мырзамызға былай деген:

فَلَمْ تَقْتُلُوهُمْ وَ لَكِنَّ اللهَ قَتَلَهُمْ وَ ما رَمَيْتَ إِذْ رَمَيْتَ وَ لَكِنَّ اللهَ رَمَى

«(Соғыста) **оларды сендер өлтірмедіңдер. Аллаһ өлтірді. Атқанда да сен атпадың, Аллаһ атты...»** (Әнфәл сүресі 17-аят).[12]

Олай болса, адам әлсіздігі мен құл екендігін әрқашан сезіп, біліп, әр түрлі нығмет, жеңіс пен жетістіктердің Аллаһ Тағаланың бір сыйы екендігін білуі керек. Керісінше жағдайда амалдардың сауабы азаяды немесе түгелдей жойылады.

❀❀❀

Әбу Һурайра (радиаллаһу анһу) ғибадаттарында ықыластан әуесқойлығын мақсат тұтқан адамдардың ақырғы жағдайлары туралы Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай дегенін жеткізеді:

«Қиямет күні ең бірінші шейіт болған адам есепке тартылады. Аллаһ Тағала оған берген нығметтерін бір бірлеп өзіне айтып береді. Ол да сол нығметтердің барлығына қол жеткізгенін мойындайды. Аллаһ Тағала:

«Жақсы, осылар үшін не істедің?» - дейді. Ол адам: *«Шейіт болғанша Сенің жолыңда соғыстым,»* - деп жауап береді.

Аллаһ Тағала:

«Өтірік айтасың. Сен «қандай батыр адам» деп айтсын деп, соғыстың, сөйтіп те аталдың» - дейді. Сосын бұйрық беріліп, ол адам етбетінен жәһәннәмға тасталады.

Екінші болып, ілім үйреніп, оны басқаға үйреткен және Құран оқыған бір адамды құзырға әкеледі. Аллаһ Тағала оған берген нығметтерін бір бірлеп өзіне айтып береді. Ол да бәрін мойындайды. Оған да:

«Жақсы, осы нығметтерге бола не істедің?» - деп сұрайды.

Ол:

«Ілім үйрендім, үйреттім және Сенің ризалығың үшін Құран оқыдым,» - деп жауап береді.

---

[12] Аллаһ Расулы соғыс кезінде кәпір әскерлердің үстіне жерден бір уыс топырақ алып, шашқан. Сонда сол кәпірлердің көзі перделеніп, сасқалақтап қалған еді. Аят кәрима соған орай түскен.

Аллаһ Тағала:

«Өтірік айтасың. Сен «ғалым деп айтсын» - деп, ілім үйрендің, «қандай жақсы оқиды деп айтсын» - деп, Құран оқыдың. Сөйтіп сен солай аталдың» - дейді. Сосын әмір бойынша ол да етбетінен жәһәннәмға тасталады.

(Сосын) Аллаһтың әр түрлі мал-мүлік пен мүмкіндік беріп, жабдықтаған адамын құзырға әкеледі. Аллаһ Тағала оған да берген ныгметтерін бір бірлеп айтып береді. Ол да берілген ныгметтерді мойындайды.

Аллаһ Тағала:

«Жақсы, сен бұл ныгметтер үшін не істедің?» - дейді.

Ол адам:

«Сен разы болатын бірде бір нәрсені аямай, тек қана сенің ризашылығыңа жету үшін бердім, жұмсадым» - дейді.

Хақ Тағала:

«Өтірік айтасың. Алайда сен барлығы қандай жомарт адам деп айтсын деп істедің. Ақыры бұл сен үшін айтылды,» - дейді. Әмір беріліп, бұл да етбетінен жәһәннәмға тасталады» (Мүслим, Имара, 152).

Хазіреті Мәуләнә ықыласcыз ғибадат еткен адамдарға:

«Ей, ғапыл! Әттең, сәжде еткен кезіңде жүзіңді шынайылықпен Хаққа бұрсаң ғой. «Ұлылардың ұлысы Раббым, әр түрлі нұқсан сипаттардан пәк» деудің мағынасын лайықты түрде білсең ғой. Тек көрініс сәждесі емес, көңіл сәждесін жасай алсаң ғой, әттең!» - дейді.

Ықылассыз ғибадаттар фәнилік ортақтар мен рухани кірге толы болады. Олай болса, ғибадаттарды тазартып, ұлы мағынаға ие қылатын сыр – ықылас. Ықылассыз жасалған амал құлға ешқандай пайда бермейді. Сондай-ақ, діннің иманнан кейінгі ең маңызды бұйрығы болған намаз құлшылығының өзін ықылас шартына бағынбай орындағандар мына аят кәримадағы қорқынышты ескертуге душар болады:

«Ол намаз оқығандарға нендей өкініш, олар намаздарын немқұрайлы және рия үшін оқиды...» (Мағун сүресі 4-6 аяттар).

Жүнәйд Бағдади (құддисә сирруһ) былай дейді:

«Ықылас - амалды рухани ластықтан тазарту».

Тағы бір Аллаһ досы:

«Ықыластымын деу, ықылассыздықтың бір түрі» - дейді. Өйткені, ықылас пен тақуалықта ең үлкен қауіп – мүминнің өзін тақуамын деп ойлауы.

Аллаһ Расулы (саллаллаһу aлəйһи уә сәлләм) бұйырады:

«Дініңде ықыласты бол! Осылай істесең, аз амалдың өзі саған жеткілікті» (Хаким, Мүстәдрәк IV, 341).

«Аллаһ Тағала сендердің түрлерің мен байлықтарыңа қарамайды! Бірақ, сендердің (ықылас пен тақуалық жағынан) жүректеріңе және амалдарыңа қарайды» (Мүслим, Бирр 34).

5. Тасаввуф – истиқамәт (дұрыс бағыт)

Тасаввуфта Құран мен сүннетті бекем ұстанудың мағынасы истиқамәт яғни, «дұрыс бағыт» болып табылады. Аллаһ Тағала бұл жайында Пайғамбарына және ол арқылы үмметіне аят кәримада былай бұйырады:

فَاسْتَقِمْ كَمَا أُمِرْتَ وَ مَنْ تَابَ مَعَكَ وَ لَا تَطْغَوْا

«Ей, Хабибім (досым)! Қасыңдағы тәубе еткендермен (мүминдермен) **бірге әмір етілгеніңдей истиқаметте болыңдар** (дұрыс бағытта жүр) **және шектен шықпаңдар!»** (Һуд сүресі 112-аят)

Расулұллаһтың (саллаллаһу aлəйһи уә сәлләм):

«Мені Һуд сүресі... қартайтты» - (Тирмизи, Тәфсири-сура 56/6) деуіне себеп болған осы иләһи бұйрық,[13] тәпсіршілер тарапынан былай түсіндірілген:

[13] Құртуби, әл-Жәмиғ IX, 107.

«Ей, Нәби! Құранның ахлағы мен үкімдері бойынша әрекет жасап, іс жүзіндегі дұрыс бағыттың үлгісі болуың керек. Сен жайында ешбір күмән мен шүбәға орын қалмайды! Сен мүшрик пен мүнәфиқтардың ілгері-кейін айтқандарына қарама. Оларды Аллаһқа тапсыр! Жалпыға немесе жеке өзіңе тән барлық міндеттеріңді орындағанда саған әмір етілгеніңдей дұрыс бол. Тура жолдан айырылма! Саған уахи етілген әмірді орындау қаншама ауыр болса да, ол әмірді уағыздап, орындауда ешбір кедергіге мойыма! Раббың сенің жәрдемшің»[14].

Абдұллаһ ибн Аббас (радиаллаһу анһу) осы аят кәримаға байланысты былай деген:

«Құран Кәрімде Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осы аяттан да ауыр екінші бір үндеу мен әмір болмаған» (Нәуәуи, Шәрху-Сахихи-Мүслим II, 9).

Бұл аяттағы үндеу Пайғамбарымызға айтылғанымен, оны қатты қинаған мәселе тек өзіне ғана байланысты «дұрыс жүру» мәселесі емес-ті. Өйткені ол:

«(Ей Хабибім!) **Сен тура жолдасың,»** (Ясин сүресі 4-аят) деген иләһи қолдауға ие еді. Оны осыншалық қинаған, қартайтқан әмірдің негізінде мүминдерге тиесілі болғандығынан олар үшін қауіптенген еді.

❀❀❀

Адам баласын Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қасиетті жолынан басқа ешбір жол Аллаһқа апармайды, Оның разылығына жетелемейді. Өйткені, Аллаһ Тағала өзінің сүйіспеншілігі мен кешірімін Пайғамбарға мойынсұну шартына байлаған. Аят кәримада былай деген:

قُلْ إِنْ كُنْتُمْ تُحِبُّونَ اللهَ فَاتَّبِعُونِي يُحْبِبْكُمُ اللهُ وَ يَغْفِرْ لَكُمْ ذُنُوبَكُمْ
وَ اللهُ غَفُورٌ رَحِيمٌ

«(Расулым!) **Айт: Егер Аллаһты сүйсеңдер, маған мойынсұныңдар, сонда Аллаһ та сендерді сүйіп, күнәларыңды кешіреді. Аллаһ өте кешірімді, өте мейірімді»** (Әли Имран сүресі 31-аят).

[14] Елмалылы Хамди Языр, Хақ Діні Құран Тілі, IV, 2829-2830.

«Айт: Аллаһқа мойынсұныңдар, Пайғамбарға да мойынсұныңдар. Егер оған мойынсұнсаңдар, онда тура жолды (һидаят) **тапқандарың»** (Нұр сүресі 54-аят).

Зүннун-и Мысри (құддисә сирруһ):

«Ахлағымен, іс-әрекетімен Аллаһ Тағаланың Хабибінің сүннетіне мойынсұнған адам – Хақ Тағалаға деген сүйіспеншілігін дәлелдегені» - деп осы ақиқатты қуаттайды.

Бәязид Бистами (құддисә сирруһ) болса:

«Ауада малдас құрып отырған біреуді көрсеңдер, оның иләһи әмір мен тыйымдарды орындағанын, сүннетке мойынсұнғанын және Хақ Тағаланың құқығын қорғағандығын көрмейінше, мұнысының керемет екендігіне сенбеңдер» - дейді.

Истиқамат иесінің жолы - сираты мұстақимде лайықты түрде жүргендер хақында Құран Кәрімде былай делінеді:

«Кімде-кім Аллаһқа және Расулына мойынсұнса, міне, солар Аллаһ сыйға бөлеген пайғамбарлар, шыншылдар, шейіттер және салихтармен бірге. Бұлар қандай жақсы достар!» (Ниса сүресі 69-аят)

Бұл аят кәримадан байқағанымыздай сираты мұстақим (тура жол) таңдаулы адамдардың жолы. Истиқаматтың негізі де иман мен тақуалық. Бұл екеуінің орны болса, жүрек. Сондықтан истиқамат – жүректегі иман мен тақуалықтың тәндегі үйлесімі болып табылады. Жүректегі иман, ықылас және қарапайымдылық құлды дұрыс бағытқа жеткізіп, сол жолдан таймай жүруді қамтамасыз етеді. Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Тіл мен жүрек дұрыс бағытта болмаса иман дұрыс бағытта болмайды» - (Ахмед б. Ханбәл, Мүснәд, III, 198) деп бұйырған.

Өзінен насихат сұраған біреуге Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Аллаһқа сендім де! Одан соң истиқамат бойынша дұрыс жүр» - (Мүслим, Иман 62) деп дінді қысқаша жеткізген.

Қандай да жағдайда болмасын, истиқамат бойынша өмір сүру жоғары бір мәртебе және оны лайықты түрде орындаудан ауыр бұйрық жоқ. Өйткені, дұрыс бағыт құлшылықта шектен шықпай, байсалдылықпен Хақ Тағаланың жолында тұрақты болу және әмір етілген нәрсені әмір етілгендей және шамасынша ең кәміл түрде іске асыру. Міне, сондықтан ең үлкен керемет - истиқамат (дұрыс жол).

Аллаһ достары истиқаматта жүруді әдет еткен. Нағыз истиқамат – Пайғамбардың нұрлы жолымен жүру.

Сондай-ақ Мәуләнә Жаләләддин Руми бұл ақиқатты тамаша жеткізеді:

«Бұл жан тәнде тұрғанша Құранның құлымын және Мұхаммедул Мұхтардың жолының топырағы, аяғының шаңымын. Егер біреу менің осы айтқан сөздерімнен басқа бір сөз айтса, айтқан сөзінен де, өзінен де аулақпын».

«Кім Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дастарханынан басқа бір дастарханға кетсе, шайтан онымен бір табақтан тамақ жейтінін біл. Өйткені, сол парасаттылық дастарханынан басқа дастарханды таңдаған адамның тамағын сүйек жыртады».

6.Тасаввуф – ризашылық және тәсілім болу

Тәслімият – бойсұну, бас ию, қарсылықсыз қабылдау деген сөз. Ислам сөзі де сол түбірден туындаған. Тасаввуф құлдың иләһи бағытта өмір сүруі және әр демінде Раббына жақындай түсуі үшін, Хақ Тағалаға ризашылықпен бойсұну сезімін көңіліне орнықтырады.

Өйткені, бұл фәни дүниені қамтыған мыңдаған қиыншылық, қайғы-қасірет пен ауыртпалықтардың әсері және нәпсіқұмарлықтан болған кесапат тек қана Хақ Тағалаға ризашылықпен бойсұнудың нәтижесінде азая бастайды. Яғни ризашылықпен бойсұнудың берекетімен қайғы-қасіреттер сезілместей болады. Тіпті пәлекеттердің өзін Аллаһтың ілтипаты деп түсініп, қуанышқа айналдырады.

Тәслімият – тағдырдың көріністерін терең бір ризашылықпен қабылдап, алдын алған соң маңдайға жазылғанды мойындап, туындайтын нәтижеге шын көңілмен бойсұну. Бұл бойсұнудың ең тамаша мысалы, Аллаһтың әмірін орындап, бауыр еті баласын құрбандыққа апарған Ибраһим (аләйһиссәләм) мен мойынын Құдайдың тағдырына қуана-қуана созған Исмайылда (аләйһиссәләм) ерекше көрініс тапқан. Құран Кәрім осы екі пайғамбардың бойсұнуын барлық адамзатқа мысал етіп көрсетіп, олар жайлы:

«Екеуі де Аллаһтың әміріне бойсұнған еді» (Саффат сүресі 103-аят) деген. Олардың осы бойсұнулары иләһи ілтипатқа бөленудің нәтижесінде жеке - дара бір ғибадаттың рүкундарын құрады. Сондықтан қажылық құлшылығы қияметке дейін келетін бүкіл үмметтерге әр сәт сайын бойсұнып отыруды уағыздап тұрған бір тіл іспеттес.

Бұйрықтар мен тыйымдар бойынша Хақ Тағалаға бойсұну үшін, иләһи тағдырға, тағдыр етілген машақат пен сынақтарға сабыр және тәуекелмен ризашылық көрсету керек. Өйткені кемелдіктің кілті пәлекеттер болып табылады.

Шақиқ Бәлһи:

«Қиыншылықтың сыйын білген адам одан құтылуға әуестенбейді» - деген. Осыны ұғынған Аллаһ достары қайғы мен қуанышқа тең көзбен қараған. Шектен тыс қуаныш пен шектен тыс ауыртпалық сияқты нәпсіге тұзақ болатын істер де ауытқымай, ризашылық пен бойсұну мәртебесіне жеткен.

Бойсұнудың бір жағы ғашықтық (Аллаһқа) пен «иләһи махаббат». Өйткені, сүйгендер сүйіктілерінен не келсе де қуана қабылдап, шынайы сүйіспеншіліктерін көрсетуге және дәлелдеуге тырысады.

Әбу Әли Рузбари бәлкім осы ойдан әсер алған болса керек, тасаввуфты:

«Қуылса да, адамның сүйіктісінің есігінде тізерлеп, шынайылық және бойсұнушылықпен күтуі» - деп танымдаған.

Көңілі махаббатқа толған құл Раббысынан не келсе, оны Хаққа деген сүйіспеншілігіне қарай қабылдайды. Ибраһимнің (әләйһиссәләм) Аллаһқа деген бағыныштылығы мен сүйіспеншілігінің көрінісі дүние отын бір сәтте гүл бағына айналдырған. Яқубтың (әләйһиссәләм) иләһи тағдыр алдындағы ризашылығы мен бойсұнушылығы баласы Юсуфтың қайғысын:

«Маған түскені - мықты сабыр ету» (Юсуф сүресі 18-аят) деп өзін жұбатуға тырысқан еді.

Тасаввуфты ұстанушылар пайғамбарлардың жолы болған - Хақ Тағалаға мойынсұнуды өмірлерінің ең маңызды мәселесі деп қараған. Сірә Рабиатул-Адәуияның (құддисә сирруһә) айтқаны сияқты:

«Сүйген сүйгеніне бас иеді.»

Яғни бойсұну – сүйіспеншілікпен көрініс табатын ризашылықпен бас ию деген сөз.

Сахабалар Пайғамбарымызға деген сүйіспеншілік, бағыныштылық пен бойсұнушылықтарына қарай кемелденген. Олар сүйіспеншілікпен, бағынушылықпен қарсылықсыз бас игендіктерінің арқасында барлық үмбетке үлгілі жұлдыз болған.

❀❀❀

Тасаввуф танымдарына байланысты осы айтылғандардан шабыт ала отырып, бұл мәселені былай түйіндей аламыз:

Тасаввуф – рухани-материалдық кірлерден арылып, көркем ахлақ және жақсы қасиеттерге ие болып, дінді негізіне сай түрде ұстану. Осылайша, тек ақылмен шешуге келмейтін рухани немесе материалдық істердің сырлары мен терең тұңғиықтарын қамтитын көзқарасқа жету. Сондай-ақ көңілдің шексіз рухани ләззаттарға деген тартылысының алдында тұсау болған нәпсі кедергілерінен құтылу. Рухтың қапасы болған тәннің нәпсіқұмарлығынан құтылып, барлық оқиғалардың негізінде жатқан түпкі ақиқаттарды, түсінік шегіндегі перденің артында атқарылып жатқан ғибрат пен хикмет дәрежелерін

көрегенділікпен тамашалай білуді қамтамасыз ететін кейбір хал мен мағлұматтардың ілімі деген сөз.

Бұл тасаввуф танымы тақырыбындағы қорытынды, Ақсарай Кемелдендер Дәргахы Шәйхы Ибраһим мырзаның атақты «Тасаввуф шумақтарында» былай айқындай түскен:

Тасаввуфтың басы - материалдық болмысынан арылып, өзін елеулі деп санамайтын, қысқасы, ерік-қалауын Хақ Тағалаға тәсілім еткен сопы бола білу. Сөйтіп ақырында барлық иләһи сұлулықтарға қол жеткізіп, көңіл тағының сұлтаны болу.

Тариқатта тасаввуф - сырт көрінісінің қарапайымдылығымен айқындалады. Яғни адами әлсіздіктерден құтылу деген сөз. Сөйтіп, шын мәніндегі иләһи сыр сарайының қонағы болады.

Тасаввуф - топырақ пен судан тұратын фәни киімнен, қапастан құтылу. Осылайша тап-таза жаратылыс ретінде Аллаһ Тағаланың нұрына айналу деген сөз.

Тасаввуф - көңіл шамының жарығын иләһи нұрлармен жағу. Өйткені, ғашықтық отына орануды - тасаввуф дейді.

Тасаввуфта негізгі нәрсе - өз болмысынан өтіп, мен-мендіктен арылу. Нағыз Тасаввуф - шариғатты орындап, шынайы иманға ие болу.

Тасаввуф - иләһи сыр, көрініс және қалаудың хикметін білу. Көрегендік. Және Тасаввуф - барлық дерт иесіне дауа болу.

Тасаввуф - бұл тәннің тылсымын Есім кілтімен (Аллаһ есімі) ашу. Және Тасаввуф - бұл фәни иелікті толықтай жою.

Біліп ал, тасаввуф - сопының сөзін (білімін) іске асыруы. Бұл - бір жағынан оның әрбір сөзінің нәр суы болуы.

Тасаввуф - үлкен көрегендікке ие болып, жорамал мен жору ілімін біліп, солайша адам, әлем, Құран және сүннеттегі иләһи сырларды түсіну. Және де тасаввуф - жан үйінде Аллаһтың бір сыры болу.

Тасаввуф - Хақ Тағаланың ұлылық, құдірет және сұлулығы алдында таңданушылықпен және үреймен есінен тану мас әрі көкірегі ояу болу. Өйткені, Тасаввуф - Хақ Тағаланың шексіз сырларына қайран қалу.

Тасаввуф - көңіл сарайынан Аллаһтан басқа барлық нәрсені шығару. Өйткені, Тасаввуф мүминнің жүрегін Аллаһтың ғаршы болуы деген сөз.

Тасаввуф - демде шығыс пен батысқа жету, яғни сол жерлердегі мүминдерді ойлап, олардың қуанышы мен қайғысына ортақтасу. Мұқтаждарға көмек көрсету. Және Тасаввуф - барлық халықты көріп, көз қырын салу.

Тасаввуф - әлемнің барлық зәррәларында Хақ Тағаланы көру. Солайша тасаввуф - әлемге күн сияқты болу.

Тасаввуф - жетпіс екі елдің тілін білу, яғни әркімнің халін түсіну. Тасаввуф - ақыл әлеміне Сүлеймен (патша) болу.

Тасаввуф - Хақ Тағаланың адамға жүктеген иләһи аманаты – Құран Кәрім мен оның әкелген жауапкершілігін жан-тәнімен көтеру. Тасаввуф иләһи кешірімді сүйіншілейтін аяттарға арна болу.

Тасаввуф - бүкіл дүниеге «Исми-ағзаммен» ықпал ету. Және де тасаввуф Құранның үкімдерін көңілде жинақтау. Яғни тірі Құран бола білу.

Тасаввуф - әр ісінде Аллаһ Тағалаға бет бұру. Және тасаввуф - сопыға барлық қиыншылықтың жеңілдеуі.

Тасаввуф - көңілді Хақ Тағаланың іліміне арнау. Яғни ғайып іліміне ие болу. Осылайша тасаввуф - бір тамшы сияқты болған сопының терең дарияға айналуы.

Тасаввуф - Хақ Тағаланың бар болуының алдында барлық жаратылыстың «лә (жоқ)» отына күйіп, күл болуы. Тасаввуф - «иллә» нұрымен, яғни тазарған көңілмен Аллаһты бірлеп, кәміл адам болу.

*Тасаввуф - **«Айт: Аллаһ саған жетер!»*** (Рағд сүресі 43-аят) *аятымен адамдарды Хақ жолына шақыру. Және тасаввуф - **«Раббыңа қайт!»*** (Фәжр сүресі 28-аят) *сөзінің шабытымен есінен тану (өз болмысынан кешу).*

Тасаввуф - күн сайын өлмей тұрып өлудің сырын мың рет бастан өткізіп, жүректің оянуы. Одан кейін тасаввуф - әлемнің денесіне жан болу. Яғни басқа көңілдерді де тірілту.

*Тасаввуф - адамның өз болмысын Хақ Тағаланың болмысының алдында жоқ ету. Сосын тасаввуф - миғраж қауышуында көрініс тапқан және аятта **«екі оқтан да жақын»*** (Нәжм сүресі 9-аят) *түрінде баяндалған жақындық ішінде өзін жасыра білу.*

Тасаввуф - жанды сүйіктіге беріп әр түрлі фәнилік тұтқындықтан құтылу. Бұл жөнінен тасаввуф - сүйіктінің жаны бола білу, яғни оның тарапынан да сүйілу.

Ей, Ибраһим! Тасаввуф - негізінде Аллаһ Тағалаға құл болу. Сол үшін тасаввуф - Хазіреті Ахмедтің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жолы мен дәстүрін көңілге көсем ету.

Тасаввуфтың тақырыбы - дария сияқты тұңғиық, терең. Өйткені ол адамның нәпсісі мен рухына байланысты барлық мәселелермен шұғылданады.

Б. ТАСАВВУФТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ

Тасаввуфтың танымының әр түрлі және кең ауқымда жасалуы оның тақырыбының ауқымдылығынан туындаған. Яғни тасаввуфтың тақырыбы дария сияқты тұңғиық, терең. Өйткені, ол адамның нәпсісі мен рухына байланысты барлық мәселелермен шұғылданады. Құлдың рухани сапарында жүріп өткен қашықтықтары, басып өткен әлемдері, байланыста болған жаратылыстары, басынан өткізген мыңдаған жағдайлары ақыры әлемдердің Раббы Аллаһты табуы жүрекпен тани білу және Оған құлдық ету сияқты шексіз жайттармен байланысады. Осындай тақырып теңізінен бір-екі тамшы ұсынар болсақ, мыналарды айтар едік:

Тасаввуф нәпсінің тазаруы мен жүректің ағаруы аясында шикі адамнан кәміл адам дәрежесіне жету жолында кездесетін сатылар мен халдерді қарастырады.

Басқаша айтқанда тасаввуф - Хақ Тағаланың ризашылығына қол жеткізу және мәңгілік бақытқа жету үшін нәпсіні тазартып, жүректі ағарту, ішкі және сыртқы дүниені нұрландыру, көрініс пен мінезді жақсарту және рухани ақиқаттарға ие болу мәселелерін қарастырады. Сондай-ақ тасаввуф ихсан сезімін рухани ләззат түрінде дәмін ала отырып ұстану деген сөз.

Осыған орай тасаввуфтың негізгі тақырыбын - бар болмауы мүмкін емес (Уәжибул-Ужуд) Аллаһ Тағаланың заты, сипаттары және сол сипаттарының барлық әлемді қамтыған көріністеріндегі хикмет, сырлар және иләһи мақсаттардың түсінікті болу жайлы әдістемелер мен негіздерді құрайды.

Тасаввуф осы орайда кәшф (көрегендік), аян, мүшәһәдә (рухани көрегендік), уәжд (шаттану) және ғашықтық сияқты ішкі жандүниеге, көңілге, ұжданға тән ерекшеліктердің бірлесуімен адамның қол жеткізетін ең жоғары халдерді қарастырады.

Қорыта айтқанда тасаввуф - Аллаһтың заты мен сипаттарының көріністерін яқин түрде, яғни оларды шынайы тамашалау мен мағрифатты (Аллаһты тану) және де адам, әлем және Құран ақиқаттары туралы мәліметтердің арқасында жетілетін рухани әлемдегі дәрежелер мен олардың соңындағы кемелдікті қарастырады.

❀❀❀

Тасаввуфтың мақсаты - көркем ахлақты, яғни сүйіспеншілік, мейірім, жомарттық, кешірімділік, шүкіршілік сияқты ұлы қасиеттерді мүминге ләззат алатын көпірге айналдыру.

В. ТАСАВВУФТЫҢ МАҚСАТЫ

Тасаввуфтың ауқымды танымы мен тақырыбына қарасақ, оның адам баласы үшін өте маңызды әрі жоғары бір мақсатты көздегенін байқаймыз. Бұл мақсат - сонау алғашқы пайғамбардан (Адам алейһиссәләм) бастап, барлық пайғамбарлар мен әулиелердің көңіл аспанында күн сияқты жарқыраған «Аллаһқа ең тамаша әрі шын беріліп, құл болу» еді. Бұл жағынан ол - ең жоғарғы мақсат болып табылады. Яғни, Хақ Тағаланың ризашылығына кәміл түрде қол жеткізу үшін рухани аурулардан айығып, Аллаһ пен Расулының ахлағынан нәсіп алып, нәпсіні діннің үкімдеріне көндіріп, құлшылықтарды рухсыз қимыл ғана болып қалудан құтқарып, ихсан сезіміне қауышу. Осылайша, жүректі рухани ұлылықтарға бұрып, ақыры таза жүрекпен Аллаһтың ризашылығына қол жеткізу.

Адамзат тарихында көрініс тапқан негізгі ақиқат – адам баласы жаратылысы жағынан **«ахсәни тақуим»** (ең абыройлы жаратылыс) мәртебесінде тұрып, өзінің жаратылыс мақсатын ұмытып, бағытын жоғалтса, بَلْ هُمْ أَضَلُّ яғни, «хайуаннан да төмен» халге душар болу. Ондағы абырой мен құндылықты белгілейтін бір ғана себеп иман. **Иманнан** соң **ахлақ** тұрады. Сондықтан пайғамбарлардың міндеті де адамдарды осы қасиеттермен безендіру.

Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ізбасарлары саналатын әулиелер және олардың пайғамбарлық қайнарынан алған жүрек ілімі де Расулұллаһтың осы міндетіне мирасқорлық, іспеттес болып қабылданады.

Тасаввуф жолымен жүргендер әр жағдайда сыртқы және ішкі құндылықтарының орталығы болған Аллаһ Расулына (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) толық бойұсынады. Оларға дұрыс жолда бағыт берген Хақ достары да Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осы әлемде орындаған қызметін атқарған болып, *«Шынайы ғалымдар пайғамбарлардың мирасқорлары»* (Әбу Дәуіт, Ілім 1) деген үкімнің ішінен орын алады.

Сондықтан, тасаввуфтың мақсаты болып саналатын рухани кемелдік бейне Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) адамдар арасында іске асырмақшы болған мақсатының көрінісі екендігін айтуға болады. Белгілі болғанындай бұл мақсат - адамдарды иман мәселесінде нәпсани жаман істерден арылтып, көркем ахлаққа, рухани кемелдікке және жақсы мінез-құлыққа жеткізу болып табылады.

Төмендегі құдси хадисте Аллаһ Тағала былай деп бұйырады:

«Бұл менің өзім үшін разы болған бір дін. Бұл дінге жарасатын тек жомарттық пен көркем ахлақ қана. Бұл дінді ұстану нығметі сендерге сыйланған соң оны (дінді ұстанып тұрғандарыңды) осы екі қасиетпен жоғары көтеріңдер» (Хәйсәми, Мәжмауз-Зауағид VIII, 20).

Сол себеппен де тасаввуф - көркем ахлақты, яғни сүйіспеншілік, мейірім, жомарттық, кешірімділік, шүкіршілік сияқты ұлы қасиеттерді мүминдердің ләззат алатын көпіріне айналдыра білу деген сөз.

Тасаввуфтың мақсаты қабілеті парасатты зүһд пен тақуалық жолында қабілеттерін тиісінше жоғары кемелдендіріп, кәміл, өзін және Раббысын лайықты дәрежеде біледі. Хақ Тағалаға жақындаудың дәмін татқан, нәпсісінің дұшпандықтарына қарсы болып, Раббысымен шын дос бола білген адамдардың қатарынан ету.

Құран Кәрімнің:

إِنَّا عَرَضْنَا الْأَمَانَةَ عَلَى السَّمَوَاتِ وَ الْأَرْضِ وَ الجبَالِ فَأَبَيْنَ أَنْ يَحْمِلْنَهَا وَ أَشْفَقْنَ مِنْهَا وَ حَمَلَهَا الْإِنْسَانُ إِنَّهُ كَانَ ظَلُوماً جَهُولاً

«Біз аманатты көктерге, жерге және тауларға ұсындық. Олар мұны мойындарына алудан тартынды, жауапкершіліктен қорықты. Оны адам мойнына алды. Расында ол, өте залым және өте надан» (Ахзаб сүресі 72-аят) деген аятында айтылғанындай, пасықтық ішінде адасқан адамды **«залым»** және **«надан»** сипатынан құтқарып, кәміл адам дәрежесіне қауыштыру. «Залымның» антонимі «әділ». Яғни, құлдың амалының ізгі болуы. «Наданның» антонимі «ілім». Шынайы ғалым болу үшін пән білімі мен рухани ілімге ие болу қажет.

Имам Ғаззали (радиаллаһу анһу):

«Пайғамбарлардың ізбасарлары - сыртқы және ішкі (жүрек) ілімге ие болғандар» - деген.

Адамның бақытқа жетуі нәпсісіндегі жаман сипаттардан арылып, амалдарының «салих амалға», ілімдерінің «көрегенділікке» жетумен болады. Тасаввуф осыны қамтамасыз ете отырып, әдептілікті іске асыруды мақсат етеді.

Осы мақсатты іске асырған әулиелер, яғни Аллаһ Тағаланың өзіне дос еткен адамдары - иман мен тақуалықта кемелденген дара тұлғалар болып табылады. Аллаһ Тағала олар жайлы былай дейді:

أَلَا إِنَّ أَوْلِيَاءَ اللهِ لَا خَوْفٌ عَلَيْهِمْ
وَ لَا هُمْ يَحْزَنُونَ الَّذِينَ أَمَنُوا وَ كَانُوا يَتَّقُونَ

«Білгейсіңдер, Аллаһ достарына қорқыныш жоқ. Олар қайғырмайды да. Олар иман етіп, тақуалыққа жеткендер» (Юнус сүресі 62-63 аяттар).

Жүрекке сәулеленген иман құлды қате және теріс сенімдерден құтқарып, Хақ Тағалаға жақындатса, тақуалық та жүректі күнәлардан тазартады. Мұндай құлдың жүрегі нұрға толы иләһи назар орны болып, иләһи хикмет пен сырлардың арнасы болады.

❁❁❁

Ол күні мал да, бала да пайда бермейді. Бірақ Аллаһқа қалби сәлиммен (тап таза жүрекпен) **келгендер басқа. (Шұғара сүресі 88-89 аяттар)**

Г. ТАСАВВУФТЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Тасаввуф – діннің жүрегі және негізі. Ол жемісті дәмдендіріп тұрған ішіндегі шырыны іспеттес.

Жоғарыда айтқанымыздай, адамның тән және рух деген екі болмысы бар. Бұлардың екеуінің де жаратылысына байланысты сұраныстары бар. Ислам жаратылыстан бар бұл бейімділіктерді жоққа шығармайды да олардың шындық екенін қабылдайды. Сондықтан ортаға шығатын негізгі құндылықтарға адамның жағымды бейімделулерін жетілдіруге, жағымсыздарын азайтуға немесе жағымды мақсатқа жетуді міндеттейді.

Адам егер өзіне тән заттық қажеттіліктері айналасында бір мақсат құрып, жоғары рухи талаптарын басуға тырысса, тыныштықпен қауышуы мүмкін емес. Ал дін болса, материал мен рух арасында бір тепе-теңдік жоспарын ұсынады. Сөйтіп адамды бір жағынан рухани әлемге бағыттаса, екінші жағынан материалдық дүниенің қажеттіліктерін де жоққа шығармайды. Адамның материалдық бейімділіктеріне таза және рухани мән береді. Адам тек заттық тұрғыдан барлық нәрсеге материалистік көзбен қараса, ең абстрактілі нәрселердің өзін мойындамай жоққа шығарады. Тасаввуфты қабылдамай, қарсы келушіліктің негізінде жатқан басты себептердің бірі осы.

Адам ақылы материалдық жаратылыстарды білгісі келетініндей, рухани сырлар мен көрінбейтін ақиқаттарды да білгісі келеді. Сол себепті, барлық іс адамның материалдық болмысы сияқты рухының да қанағаттанған, қанағаттанбағандығына тіреліп тұр. Қазір материалдық жетістіктің шыңына жеткен батыс - рухани дағдарыстар мен ахлақтың шөгуінен атейзмге бейімделіп барады. Тіпті христиандықтың орталығы Римде де атеистер баршылық. Өйткені бұл адамдар рухани қорекке қол жеткізе алмаған еді. Мұның негізінде иләһи бастаудан жүректің сусындамағаны жатыр. Себебі, адам қолымен бұзылған, бұрмаланған дін иләһи тұнықтығын жоғалтып, жүректі тыныштандыратын, орнықтыратын рухани құндылығынан алшақтаған. Сондықтан да діннің сезімін ұғынбаған жүректер тыныштық пен шаттыққа зәру қалуда.

Діннің нәрінен, рухани қорегін мақрұм қалған адам ең айбынды рухани мәселенің өзіне материалистік көзбен қарап, тек сырт пішініне назар аударда. Осылайша, негізі жоқ, іші бос дін түсінігін қалыптастыруда.

Тасаввуф болса, адамды рухқа бағыттайды. Рухқа адам қабілетіне сай бір қанағаттану жолын ашады. Діннің адам рухын қанағаттандыратын рухани ерекшелігі жойылса, онда пайда үшін құрылған адами жүйелер дәрежесінде болады. Бұлай болса, ғибадат пен құлшылықтың тек қана сыртқы дүниеуи пайда жағына ғана мән беріліп, негізгі мақсаты болып саналатын рухани игілігінен мақрұм қалады. Мысалы, Намазды бір жаттығу, Оразаны диета, Зекетті әлеуметтік жәрдемдесу деп, бұларды тек заттық пайдасы тұрғысынан ғана бағалау бұл ғибадаттардағы негізгі мақсатты жояды. Немесе құлшылық пен ғибадаттың орындалуы үшін қажетті шарттардың тек сыртқы шарттарымен шектеліп қана қалады. Бұл, діннің негізінен алыс әрі Исламға жат түсінік тудыратын, адам рухының қажеттіліктеріне жауап бере алмайтын, табиғи дін талабын қанағаттандыра алмайтын жағдай екені айдан анық.

Демек, діни міндеттерге рухани мән беріп, шынайы жүрекпен орындауды қамтамасыз ететін бірден бір жол – тасаввуфи тәрбие. Адамдар дінді терең түсіну үшін ғылыми ізденістер арқылы тасаввуфи тәрбиеге жеткен.

❁❁❁

Сонымен қатар жаратылыс ең қарапайымынан ең кәміліне қарай ретке қойсаң, ең жоғарғы шыңын адам иеленген. Сондай-ақ адамдардың қабілеттері мен шама-шарықтары әр түрлі дәрежеде болады. Бұл, дүние тіршілігінде әлеуметтік үйлесімділікті сақтау үшін қажет жағдай болып табылады.

Аллаһ Тағала иләһи мақсатына орай адамдарды сыртқы қабілеттері сияқты, ішкі рухани қабілеттерін де әртүрлі деңгейде жаратқан. Құлдарынан шамасы жетпейтін нәрсені талап етпейтіні секілді, берген қабілеттеріне қарай жауапкершілікте жүктеген.

Мейірімі қаһарынан көп болған Аллаһ Тағаланың шексіз мейірімділігі барлық жаратылысты қамтиды. Сол себеппен Аллаһ Тағала барлық адамзатқа міндет болған діни міндетті белгілеп, бекіткен кезде ең төменгі дәрежені негізге алған. Яғни, ең әлсіз адамның да шамасы жететін дәрежеде белгілеген.

Бірақ, жалпыға тән міндеттен артығын орындауға жаратылысынан шамасы, қабілеті, талғамы жететін адамдарға рухани кемелдену есігін жабу иләһи әділдікке қайшы болатындықтан, мұндай адамдар үшін рухи қажеттіліктері бағытында бір жолдың болуы табиғи әрі қажетті нәрсе еді. Яғни бұл дегеніміз шариғат міндеттеріне қосымша жүрек әлемінде де даму қабілеті бар мүминге зүһд, тақуалық және ихсан арқылы дамуды қамтамасыз ететін бір жолдың ашық болуы еді. Бұл жол, баршаға мәлім – тасаввуф жолы.

Бұл шындықтар тасаввуфтың қажетті болуының ақыли және діни дәйектері болып табылады.

Жүректің қанағат табуы яғни тыныштық пен бақытқа қауышуы, рухани дәрежесіне байланысты. Сол үшін де құлдың рухани тәрбиеден өтуі қажет. Өйткені, жүректің ілім мен хикметке толуы, діннің ұлы ақиқаттарына көз жеткізуі және құлдың рухани кемелденуі тек қана нақты шаралар нәтижесінде іске аспақ.

Сондай-ақ адамзатқа үлгі ретінде жіберілген пайғамбарлардың өзі, уахи келмес бұрын, алдымен әзірлік сатысынан өткен еді. Өйткені, жүректің нұрлы рухани көріністерді қабылдайтындай халге жетуі үшін кесапаттардан тазарып, сезімтал болуы және белгілі бір күйге жетуі керек. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пайғамбарлық міндеті келмей тұрып-ақ Хира үңгірінде итиқафқа[15] кірген. Мұса (аләйһиссәләм) Аллаһ Тағаламен тілдесуден бұрын Сина тауында қырық күн ораза ұстап, өзін дайындаған. Юсуф (аләйһиссәләм) Мысырға сұлтан болудан бұрын он екі жыл зынданда жатты. Ол жерде қиыншылық, аштықпен күресу және машақаттың барлық сатысынан өтті. Осылайша мүбәрәк жүрегі Аллаһтан басқа ешбір қорғаушының болмағанына көзі жетті.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Миғражға шықпас бұрын Инширах сүресінің сырына ие болды. Көкірегі жарылып, мүбәрәк жүрегі жуылды. Ілім мен хикметтің руханиятымен толтырылды. Өйткені, Ол Миғражда ғажайыптар кездесіп, адами кесапатпен көрінбейтін иләһи сырларды және басқаша нұрлы көріністерді тамашалайтын еді.

Алайда, Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дүниеге келіп кеткен барлық адамдардың ең таза жүректісі еді. Мұны кәпірлер де мойындайтын. Соған қарамастан әлемдердің Раббысының салтанаты мен иләһи сырлары оған көрсетілетіндігі үшін қайтадан рухани іс-шарадан өтті. **«Шаққы садр»**[16] оқиғасы болды. Міне, бұл да рухани өмірдің мәнін көрсетеді.

Демек, Исмет, яғни күнәдан пәк болу сипатымен безенген Пайғамбарлардың өзі пәк бола тұра, иләһи құзырға шығу үшін міне осындай, жүрек тазалығынан өткен.

---

[15] **Итиқаф**: бір жерге кіріп алып, уақытты ғибадатпен өткізу, әсіресе Рамазанның соңғы он күнінде мешіттен шықпай өзін ғибадатқа беру.

[16] **Шаққы садр**: Пайғамбарымызға **періштелер тарапынан жасалған «шәрх-и садр»** деп те аталатын бұл іс, иләһи нұр және рухани нәрмен кеудесінің жарылып ашылуы және кеңеюі. Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алғашқысы бала кезде, екіншісі Миғражға шығар кезде болып, екі рет шәрх-и садрдан өткен. Аят кәримада Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жасалған осы іс-шараны: **«Біз сен үшін кеудеңді ашып, кеңейтпедік пе?»** (Инширах сүресі 1-аят) деп баяндаған.

Аллаһтың таңдаулы құлдары - Пайғамбарлардың өзі жүрек тазалығынан өтсе, басқа адамдардың жүректерін тазартуға қаншалықты мұқтаж екендігі белгілі болар. Мұрны иіс сезбейтін адамның гүлдің, қалампырдың иісін сезбейтіні және буланған әйнектен тұнық көрініс тамашаланбайтыны сияқты құл күнәға толы жүрегімен күллі нұқсандықтардан пәк болған Аллаһ Тағалаға жете алмайды.

Сондықтан пенде жүректің рухани сезімталдығын арттырып, иләһи сыр мен хикметті қабылдайтындай жағдайға жетуі үшін күнәлардан арылуы, пәктікке жетуі шарт.

Аллаһ Тағала:

«Ол күні мал да, бала да пайда бермейді. Тек Аллаһқа қалб-и сәлиммен (таза жүрекпен**) келгендер басқаша...»** (Шұғара сүресі 88-89 аяттар) деп бұйырған.

Жүректің сәлим халге жетуі болса, тек қана рухани тәрбиемен тазаруына байланысты. Мәселен, теңіздің жағасында, құмның арасында өңделген, ғасырлар бойы толқындар соға-соға кедір-бұдырын түзеп, тегістеген, жарқыраған, майда гранит фарфар болушы еді ғой, сол сияқты.

Шикі әшекей тас та кесіліп-пішілмесе, пышақ соққысы мен шебердің қолынан өтпесе жарқырай алмайды. Бір грамм алтын алу үшін, бәлкім, бір тонна топырақты елеу керек. Яғни әрбір нәрсе тәрбиеленудің нәтижесінде құндылыққа ие болады.

Жүрек те аяттағы айтылған сәлим (таза) сипатына жету үшін рухани тәрбиеге мұқтаж.

Өйткені жүрек рухани тәрбиеден бұрын суық темір сияқты бір күйде болады. Оның талап етілген күйге (имани дәрежеге) жетуі үшін алдымен отта еруі, тотынан, кірінен тазаруы, жұмсаруы, балқуы және соққы көруі керек. Тек осы халден өткен соң ғана лайықты күйге енеді. Осылай барлық іс-шаралардан өтпейінше жүрек те кемелденбейді. Ал, жүрек кемелденген соң бас-аяғы көрінбейтін, ақыл жетпейтін ақиқаттар әлемінің сыры ашылғанын, жүрек сезе бастайды. Сол үшін жүректің шыдамдылығы мен қабілетін жетілдіру қажет.

Мысалы, қатардағы біреу жасағанда, бәлкім, сүйегінің сынуына себеп болатын бір әрекет ұзақ жаттығудың нәтижесінде бір спортшы оңай істей алады. Бұл - дененің барлық күшін бір жерге біріктірудің нәтижесі еді. Сол сияқты жүрек Аллаһ Тағаланың зікірі мен Аллаһ Расулының (саллаллаһу aлəйhи уә сәлләм) сүйіспеншілігіне беріліп, күшеюі қажет.

Аллаһ Тағала аят кәримада:

إِنَّمَا الْمُؤْمِنُونَ الَّذِينَ إِذَا ذُكِرَ اللهُ وَجِلَتْ قُلُوبُهُمْ
وَ إِذَا تُلِيَتْ عَلَيْهِمْ أَيَاتُهُ زَادَتْهُمْ إِيماناً وَ عَلَى رَبِّهِمْ يَتَوَكَّلُونَ

«Аллаһ еске алынған кезде жүректері дірілдеп, оларға Аллаһтың аяттары оқылғанда имандары артып, тек қана Раббысына сүйеніп сенгендер - олар нағыз мүминдер» (Әнфал сүресі 2-аят) деп бұйырады.

Жүректің осы халге келуі үшін пенде күнәда тазарып, рухани кемелденуі шарт. Өйткені, күнәға толы, тәрбиеленбеген нұрсыз жүректің Аллаһпен лайықты түрде байланысуы мүмкін емес.

Бастауыш мектептің баласы заң факултетіндегі шәкірттің кітабынан ештеңе түсінбейді. Өйткені, зейіні әлі ол дәрежеге жетпеген. Әлі жылдар бойы үйренуге мұқтаж. Сол сияқты жүректің де тәлім-тәрбиесі бар. Күнәға толы қараңғы жүректің Аллаһқа қауышу жолының сырларын түсінуі өте қиын.

Құлдың Аллаһ алдындағы дәрежесі, негізінен жүректің жетілуімен байланысты болғандықтан, жүректің кемелденуі үшін арнайы бір рухани тәрбие қажет. Бұл тәрбиені болса, тасаввуф деп атайды.

Расында бүкіл мәселе жүрекке тірелетіні сонша Аллаһ Тағала ғибадаттар мен іс-әрекеттерде жүректің қандай күйде болғанына мән береді.

Сондай-ақ, Расулұллаһ (саллаллаһу aлəйhи уә сәлләм):

«Аллаһ Тағала сендердің денелерің мен сыртқы көріністеріңе емес, жүректеріңе қарайды» (Мүслим, Бирр 33) - деп бұйырады.

Мәселен, Аллаһқа ғибадат және қызмет ету мақсатында тамақ ішілсе, ол да ғибадат. Бала-шағаның ризығын адал жолмен табу үшін еңбектенген адам әрбір аттаған қадамынан сауап табады. Не үшін? Өйткені, жүректегі ниеті түзу, сол үшін.

Киім кию де сондай. Мысалы, сәлде кию сүннет. Бірақ сәлде киген адам жүрегі мен рухани өмірін тазартып, мейірім, мархабат сияқты жақсы сипаттармен безеніп, сүннетті орындауға лайықты болуы керек. Әйтпесе, құлдың бұл халі оны менмендікке жетелейді. Яғни тек қана сыртқы көрініс жеткілікті емес.

Юнус Әмрә Хазіреті бұл жайлы қандай жақсы айтқан:

Дәруіштік тәж бен шапан болғанда,
Біз де отыз-қырық тиынға алар едік.

Яғни, сопылық сыртқы дүниеде емес, ішкі жан дүниеде іске асуы керек. Әйтпегенде, түкке тұрмайтын сопылық киімін аз ғана ақшаға сатып алуға болар еді. Сол сияқты Исламда тәсәттүр, яғни әйел адамның тәні жабылуы шарт. Бірақ, оның сыртына іші сай болуы керек. Егер сыртқы жағы ғана жабық, бірақ рухы жалаңаш, ғапыл және дөрекі, құмарлықта болса, әр түрлі жағдайлар оны қинағанда немесе нәпсісі өз бейіміне жол тапқан кезде ол жамылғы бәрібір ашылып қалады. Сонымен бірге, әйел жамылғысының ішінде әйелдік абыройын жоғалтпауы қажет. Өйткені, әйелге үйдің шаруасы мен ұрпақ өсіру аманат етілген. Сондықтан қандай жағдайда да олар үшін рухани өмір өте маңызды. Әрине, сыртқы көрініс те рухани өмірмен сәйкес болуы қажет. Адам Аллаһ бұйырған тәсәттүрдің (жамылу) шегінен шыға алмайды. Бірақ, барлық нәрсе жамылғыда ғана емес. Бұл иләһи әмірлердің тек бір бөлігі ғана.

Мәселен, мешіт салғызу өте үлкен қайыр. Бірақ, мешіт салғызған адамның рухани кемелдігі жоқ болса, тәкаппарлық пен менмендікке салынып, «Мен істеп жатырмын, мен салдырып жатырмын» деген мақтаншақтық хал байқалса, Аллаһ сақтасын, оның бұл үлкен қайыры кішірейеді. Өйткені, «Мен» дегенді Хақ Тағала кішірейтеді, қор етеді. Ал, «Бұл сенің сыйың, Уа Раббым!» дегенді өсіреді. Сондықтан, адамдардың түрлі дәрежедегі құлшылықтарының қабылдануындағы бірден-бір жол - ішкі жан дүниесінің қозғалысы мен кемелі деуге болады.

Сол себепті, әрбір іс-әрекеттің ғибадат ниетімен, әрбір ғибадаттың да жүрек сезімімен орындалуы жолында жүректі тәрбиелеу дегенді білдіретін тасаввуфтың адам өміріндегі мәнін ешқашан жоққа шығаруға болмайды. Расында ғибадаттың бір-бірін толықтырып тұратын сыртқы пішін (форма) мен рух деп аталатын екі жағы бар. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде ғибадаттың сыртқы шарттарын, рәкағаттарын т.б. айтпаған. Олардың қандай рухи халмен, қандай жүрек сезімімен орындалатындығын айтқан. Сондықтан ғибадаттың сыртқы шарттарын сүннет арқылы үйренуімізге тура келеді.

❀❀❀

Ғибадаттардың сыртқы бөлігін мүнәфиқтар басшысы Абдұллаһ ибн Убәй бин Сәлүл де жасайтын. Пайғамбар мешітіне келіп, Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) артында тұрып, сырттай намаз оқитын. Яғни, ғибадаттың сыртқы бөлігін бір мүнәфиқтың өзі-ақ жасауы мүмкін. Бұл тек сырттай жасалған құлшылықтың Аллаһ алдында ешқандай құнының жоқтығын көрсетеді. Демек, ғибадаттың қабыл болуы, сөзсіз пішін мен рухтың ортақ болуына байланысты.

Сондай-ақ, Исламның шарттары намаз, ораза, зекет және қажылыққа байланысты аяттар мен хадистерді жалпы зерттегенде бұл ақиқатты оп-оңай көруге болады. Мысалға, намаз ғибадатымен байланысты бір аят кәримада:

«...Әлбетте, намаз ұятсыздықтан (әдепсіздіктен) **және жамандықтан тыяды...»** (Анкәбут сүресі 45-аят) делінген. Демек, бір адам намаз оқығанымен, жамандықтан тыйыла алмаса, онда ол намаз «шынайы көңілмен оқылмаған намаз» деген сөз.

Жүректері шынайылықтан мақрұм түрде, тек сырттай ғана намаз оқитындар жайлы Аллаһ Тағала:

«Олай намаз оқитындарға қандай өкініш, олар намазды немқұрайдықпен оқиды» (Мағұн сүресі 4-5 аяттар) деп ондайлардың сырын ашады.

Тағы бір аят кәримада:

«(Тек қана) **Намаздарында шын пейілді болған мүминдер ғана шын құтылды...»** (Мүминун сүресі 1-2 аяттар) деп айқын көрсетеді.

Бұл аят кәрималердің мағынасы бойынша, Аллаһтың қаһарынан құтылып екі дүниенің бақытына жеткен мүминдердің сипаттарының бірі - шын пейілдерімен намаз оқулары. Намазды кәміл түрде оқу үшін сыртқы да ішкі де барлық шарттарын толық орындау керек. Демек, екі адам бір жерде, бір уақытта бір намаз оқыса да, әр екеуінің оқыған намаздарының арасында жер мен көктей айырмашылық болуы мүмкін.

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Бір адам намаз оқиды. Бірақ, намазының жартысы, үштен бірі, төрттен бірі, бестен бірі, алтыдан бірі, жетіден бірі, сегізден бірі, тоғыздан бірі, тіпті, оннан бірі ғана оған жазылады» (Ахмед б. Ханбәл, Мүснәд IV, 321) деуі де намазда болуға тиісті жүрек халіне ишарат етеді.

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде мүминдердің негізгі сипаттарын таныстырғанда:

«Және олар (мүминдер) **намаздарын үнемі оқиды»** (Мүминун сүресі 9-аят) - дейді.

Хазіреті Мәуләнә осы аят кәрима жайында сырттай мағынаға қосымша ишарат түрінде:

«Намаздан соң намаздағы халдерін жалғастырады» дей келе, сөзін онан ары жалғап:

«Бізге тура жолды көрсеткен, бізді жамандықтардан тыятын намаз күніне бес уақыт оқылады. Алайда, ғашықтар үнемі намаздағы халде болады. Өйткені, ғашықтардың көңіліндегі сүйіспеншілік пен ішін өртеген иләһи махаббат, не бес уақытпен басылмайды, не бес жүз мың уақытпен жазылмайды» - дейді.

Көңілі ғапылдықтан оянған Хақ Тағала ғашықтарының намазын Юнус Әмрә Хазіреті былай суреттейді:

Ғашықтық бізге имам, көңіл - жамағат
Достың жүзі - құбыла, үнемі намаздағыдаймыз.

Расында, бір намазды оқу уақыты шамамен он-он бес минут қана. Сондықтан оның соңында жүректің намаздағы халі сақталуы қажет. Өйткені, ол хал сақталмаған жүрек дереу ғапылдыққа батып, сәл уақыттың өтісімен одан да төмендей, пасықтыққа дейін түсіп, тіпті, (Аллаһ сақтасын) күпірлікке дейін құлдырауы мүмкін. Сондықтан адам намаздың сыртында да жүрегін Аллаһ Тағалаға бұрып, Одан ғапыл қалмауы керек.

Ғапылдар болса, намаздан басқа уақыттар былай тұрсын, намаздың өзінде жүрегін жөнге салудан, иләһи құзырда қорқынышпен бас июден мақрұм. Міне осы жайтты түсіндіруде мына бір қисса өте ғибратты:

Кемелдік жолында ілгерілеген дәруіштің бірі түнде мешітте намаз оқып жатқанда жаңбыр жауа бастайды. Дәруіштің көңілі бір сәт үйіне ауады. Сол мезетте бір дауыс оған былай ескертеді:

«Әй Дәруіш! Осы оқыған намазыңмен сен біз үшін ештеме істеп жатқан жоқсың! Өйткені, сенің көңілің үйіңде болып, мұнда тәніңді қалдырдың!»

Бұл жай хадис шәрифте былай баяндалады:

«Қаншама түнгі намазды оқитындар бар. Бірақ, олардың оқыған намазынан қолдарына тиетіні ұйқысыздық қана» (Ахмед б. Ханбәл, Мүснәд II, 373).

Демек, барлық іс айналып келгенде жүрек кемелдігінің қажеттілігіне тіреледі.

Ораза ғибадатында да жағдай намаздан өзгеше емес. Яғни оразаны да ішкі-сыртқы шарттарын ұстана отырып, ұстау керек.

Ораза – күнәлардан тазартатын ғибадат. Ол жайлы Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Кімде-кім артықшылығына сеніп, сауабын Аллаһтан күте отырып, Рамазан оразасын ұстаса, өткен күнәлары кешіріледі» (Бұхари, Саум 6) - дейді.

Оразаның мақсаты аш қалу емес. Аллаһ Тағала:

«Ей, иман етушілер! Ораза сендерден бұрынғы өткен үмбеттерге парыз болғаны сияқты, сендерге де парыз болды. Бәлкім (ораза ұстап) **тақуалық иесі боларсыңдар»** (Бақара сүресі 183-аят) - деген аят кәримасімен оразаның мақсатының тақуалыққа жету екендігін баяндайды.

Бұл жөнінен ораза, тек қана асқазанның емес, барлық мүшелермен бірге жүректің де оразасы дегенді білдіреді. Жүрекпен Аллаһ берген нығметтердің қадірін ойлап, оразаның рухани тереңдігіне бойлай білу керек.

Ораза - адамдағы мархабат, мейірім сияқты сезімдерді оятатын рухани тәрбие. Ораза ұстаған адамда осы сезімдер мен ойлар іске аспаса, ораза сырттай ұсталып отыр деген сөз. Әсіресе, осы ғибадат кезінде өсек пен ғайбат айту оның фәйзі мен сауабын жою болып табылады.

Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Қаншама ораза ұстаушылар бар, ұстаған оразалары олар үшін аштық пен шөлдеу ғана» (Ахмед б. Ханбәл, Мүснәд, II, 373) - деп әшкерелейді.

Бұл жағдай оразаның мағыналы болуы үшін рухани өмірдің қажеттілігін көрсетеді. Мүминнің жәрдемдесуінің көрінісі болып саналатын зекет ғибадатында да жүрек сезімталдығы өте маңызды. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде мүминдердің сипаттарын айтқан кезде:

«Олардың малдарында (мұқтаждығын айтып) **сұрағанның да,** (жағдайын айтуға ұялып) **сұрай алмағанның да хақы бар** (яғни, мүминдер осындайларға садақа беріп, тұруы керек еді)**»** (Зәрият сүресі 19-аят) - деп бұйырады.

Егер мүминнің рухи болмысы күшті болса, малының зекетін берген кезде, өз малын емес мұқтаж адамның өз малындағы үлесін, пайын қайтарып жатқандай табиғи пейілмен, тіпті шүкіршілікпен беріп, зекеттің шынайы қасиетіне жетеді.

Өйткені, алған адам берген адамның парызын және ғибадатын орындауға жәрдем етеді. Оның бәле-жаладан, апаттан аман болуына, ақырет нығметтеріне жетуіне дәнекер болады.

Кәміл мүмин:

«Әлбетте садақа, мұқтаждың қолына жетпес бұрын Аллаһтың (құдірет) қолына жетеді» (Таберани, Мұжәмул-Кәбир IX, 109)[17] деген хадис шәрифтің сырына жету үшін, берген малын Аллаһ Тағаланың құдірет қолына ұсынғандығын ойлаумен әрекет етеді. Бұл да, зекет ғибадатының кемелдігін қамтамасыз ететін терең жайт.

Әрине, санадағы бұл нәзіктіктің жүрек кемелдігімен болары хақ. Тіпті ұлыларымыз қайыр берген кезде берген нәрселерін жақсы әшекейлеп, орап беретін. Өйткені, қайыр алдымен Аллаһқа жетіп, сосын мұқтаж құлға жетеді. Бұлар, жүрекпен Исламды ұстанудың нәзік көріністері еді.

Аллаһ Тағала, **«...Садақаларды Аллаһ алады»** (Тәубе сүресі 104-аят) деп бұйырып, қайырдағы әдеп пен сыпайылыққа ишарат етеді.

Екінші жағынан, жүрекпен емес, адамды ренжітетіндей қылықпен беру жасалған қайырдың сауабын өз қолымен жою деген сөз. Өйткені, Ислам надан, менменшіл және дөрекі адам үлгісін қабылдамайды. Мұсылман – сезімтал, нәзік, көкірегі ояу адам. Бұл қасиеттер, тек жүректің дәрежесіне қарай көрініс табады.

Жүрек нәзіктігі қажылық ғибадатында да маңызды. Қажылық сырттай қарағанда Ихрам, тауаф, Арафатта тұру, құрбан шалу, Мүздәлифәға бару сияқты дене арқылы орындалатын ғибадат болып көрінеді. Негізінде бұлар қажылықтың тек қана қимылмен, дене арқылы істелетін жағы. Ал енді оның рухани болмысына қарасақ, қиямет күні мен махшар күнін еске алу, иләһи есеп пен өткен өмірдің есебін беру сияқты аса маңызды мәселелерді қамтиды.

[17] Сонымен қатар осыған ұқсас риуаят үшін қара. Бұхари, Тәухид 23.

Мүминдер мешітте атақ-абырой, бай-кедей демей бір сапта иық тіресіп намаз оқиды. Сонымен қатар киіміне қарап, олардың қоғамдық өмірдегі дәрежесі мен жағдайын болжауға болады. Ал қажылықта бұл да жоқ. Миллиондаған адам ақ матаға оранады да, дүниелік дәреже мен атақ-абырой айырмашылығы білінбейді. Қажылар жүрек нәзіктігіне, пәктікке және бай рухани сезімге бөленеді. Тіпті ихрам киген кезінде кейбір заңды нәрселердің өзіне тыйым салынады. Мәселен, шөп жұлуға, жәндіктерді өлтіруге, аң аулауға, тіпті, аңшыға аңды көрсетуге, бос сөздер мен орынсыз әрекеттерге де тыйым салынып, тек жүрек сезім қуаттандыру көзделген.

Құрбан ғибадаты да сырттай іс-әрекетті қажет етеді. Бірақ, басқа ғибадаттардағыдай құрбанды да қабыл болуға лайықты ететін нәрсе жүректегі ниет. Бұл жайында илаһи пәрмен өте анық. Аят кәримада былай баяндалады:

لَنْ يَنَالَ اللهَ لُحومُهَا وَ لَا دِمَاؤُهَا وَ لَكِنْ يَنَالُهُ التَّقْوَى مِنْكُمْ

«Олардың еті де, қаны да Аллаһқа жетпейді, бірақ, Оған тек қана тақуалықтарың жетеді» (Хаж сүресі 37-аят).

Бұл аят кәримадан де түсінікті болғанындай, құрбанды айналасының айыптауынан қорқып немесе сол сияқты оймен шалушылар Аллаһ Тағаланың ризашылығын алу мүмкін емес.

Хазіреті Адамның (аләйһиссәләм) ұлы Қабылдың көңілсіз шалған құрбанының қабылданбауы осыған мысал. Ал, Әбілдің шын пейілмен Аллаһқа арнап шалған құрбанының қабыл болуы ұлы шындықтың куәсі.

Бұл оқиға Құран Кәрімде былай баяндалады:

«Оларға Адамның екі ұлының хабарын шындықпен айт: Бір-бір құрбан ұсынған еді, біреуінен қабылданып, екіншісінен қабыл етілмеген еді. (Құрбаны қабылданбаған бауыры қызғаныштан) **«Ант етемін, сені өлтіремін» - деді. Екіншісі: «Аллаһ тек қана тақуа иелерінен қабылдайды» - деді»** (Мәйда сүресі 27-аят).

❁❁❁

Осылардың барлығынан түсінікті болғандай ғибадаттардың «қабыл» болуы, амалдардың «салих» сипатына жетуі, тек жүректің кемелділігімен мүмкін болады. Олай болса, ең алдымен рухани тәрбие арқылы жүректің тазалығы ауадай қажет.

Бірақ, мұның мағынасын жақсы түсіну керек. Өйткені, шын пейілмен және тақуалықпен ғибадат ете алмау және рия себебімен нұқсан халде жасалып жатқан амалдарды тәркі ету ешқашан дұрыс емес. Жасалған амалдарды тәркі етпей, оларды мүмкіндігінше ықылас, шын пейіл және тақуалық сияқты жүрек сезімталдығымен кемелдендіруге тырысу ләзім. Өйткені, рухани жол ауыртпалықтарға толы. Бұл жолда ілгерілеу нәпсіқұмарлықпен күресуді қажет етеді. Нәтижеге бірден жету оңай емес. Шын пейілділікпен ғибадат ету рухани дәреженің шыңы болады. Шыңға адам ақырын-ақырын тырбанып жүріп шығады. Бұл жолда да адами қабілетін қолдану, һәм Аллаһ Тағаланың жәрдемін тілеу арқылы жетеді.

Амалдардың мәнісін жүректің бағыты белгілегендіктен, жүрекке дұрыс та кәміл бағыт беруді мақсат еткен тасаввуфтың орны өте айқын көрініп тұр. Бұл жөнінен алып қарағанда, ұлық дінімізге құрғақ қағидалар жиынтығы түрінде қарау немесе солай көрсетуге тырысып жүрген кейбір топтардың тасаввуфты жоққа шығарамыз деп, арпалысқандары адамды ойландыратын жайт.

Қателесіп, теріс қолдану әр салада болатыны сияқты, діни ілімдерде де болуы мүмкін. Бұлар нағыз мамандар тарапынан өте оңай түрде анықталады. Демек, осы қателік пен қате қолдануды әдейілеп, ұлы діннің жүрегі болып саналатын тасаввуф іліміне тән сияқты көрсетіп, оны жоққа шығару - адамның әлсіздігі мен қателігін дінге немесе тасаввуфқа таңу сияқты қисынсыздықтың әсері. Яғни, өздерінің жағымсыз істері үшін тасаввуфты өз арман-мүдделеріне қарай ұстанушылардың истиқамәттен (дұрыс бағыттан) қашанда айырылмайтын тасаввуф ұғымын, түсінігін жоққа шығаруларының ешқандай қисыны жоқ. Бұл жағдай ме-

дицина ілімін теріс мақсаттар үшін қолданатындар бар деп, ол ілімді толықтай жоққа шығарумен бірдей. Мұндай түсінік өте ғапыл немесе тым қара ниетті ойдан туындайды.

Тасаввуфты ұстанып жүрген кейбір лайықсыз немесе жаман ниетті адамдардың ісіне қарап, оны түсіну мүмкін емес. Өйткені, тасаввуф кез-келген таразы тарта алмайтындай ауыр жүк болғандықтан, оған лайық емес адамдардың іс-әрекеттерінен көрінген қате мағына мен тасаввуфтың шын негізі арасындағы үлкен айырмашылық ынсап және қисынмен қаралса жәй көзге де көрінеді.

Тасаввуфты қарапайым түсінікпен түсіну мүмкін емес. Өйткені, тасаввуф көңіл көкжиегіне байланысты мәселе болса, оның негізгі көзі - сүйіспеншілік пен махаббат. Махаббаттан бейхабар адамдарға оны қанша түсіндірсең де түсінбейді. Бұл бейне тумысынан көзі көрмейтін адамға түр-түсті түсіндірген бекер еңбек сияқты.

Адам өзінің жандүниесіндегі тәфәккүрден, ойлаудан алыстаса, соншалықты еліктегіш келеді. Ішіндегі рухани әлемге терең сүңги алмаған рухани қоректен мақрұм қалған адам айналасындағыларға еліктейді әрі сенеді. Көпшіліктің ағымынан шыға алмағаннан кейін, өзіне лайық мінезді қалыптастыра алмайды.

Илаһи ғашықтыққа қол жеткізу көңілге атақ-абырой мен дүниелік қайғылардан бас тарттыра білумен болады.

❀❀❀

Тасаввуф адам ілімі болады. Жалған дүниеден етегін жиып, өз рухына үңілген адам хикмет пен ақиқаттар сарайының есігін ашады. Құран Кәрімді түсініп, оны нағыз иманның жолы ретінде ұстанушылар – нағыз мүтасаввуфтар. Мүтасаввуф – өмір сүрген қоғамының діни өмірінен өзін Аллаһ алдында жауапты сезінетін адам.

Аллаһ досы Нәжмәддин-и Күбра Хазірет шәкірттерімен бірге ізгі бір адамның жаназасына қатысады. Мәйітке тәлқин (өлік жер-

ленген соң имамның оған айтатын сөзі) айтылған кезде Хазіреті Нәжмәддин Күбра күлімсірейді. Шәкірттері ұстазының осындай сәтте күлімсірегеніне таң қалып, мұның хикметін сұрайды. Хазірет айтқысы келмейді. Олар қоймаған соң былай дейді:

«Тәлқин айтқан адамның жүрегі өлі. Мазардағы өліктің жүрегі болса тірі. Надан адамның жүрегі тірі адамға тәлқин айтқанына таң қалдым».

Міне, ілім атынан тасаввуфты жоққа шығаруға тырысқандардың халі де бір қарағанда, өліктің тіріге тәлқин айтқаны сияқты таңданарлық жағдай. Өйткені, діни өмірдің жанды ұсталуында, болашақ ұрпаққа жалғасуында, халықты дұрыс жолға салуда және Исламды уағыздауда тарих бойы тасаввуф жолындағылардың қызметі мен қол жеткізген жетістіктері ұшан теңіз.

Өткен ғасырдың алдыңғы қатардағы Ислам ғалымы Мұхаммед Хамидұллаһ бұл ақиқатты былай жеткізеді:

«Мен ақылға сүйеніп өстім. Құқық туралы ізденістер мен зерттеулер маған қанағаттанарлық түрде танымдалмаған және дәлелденбеген барлық нәрсені қабылдатпаған-ды. Әлбетте мен намаз, ораза т.б. Ислами міндеттерімді тасаввуфи себептермен емес, құқықтық себептермен орындаймын. Өзіме айтарым:

«Аллаһ - менің Раббым. Ием. Ол маған осыларды істеуді бұйырған. Олай болса, орындауым керек. Бұдан басқа хақ пен міндет бір-бірімен байланысты. Аллаһ бұларды маған пайдасы тиюі үшін әмір еткен. Олай болса, мен оған шүкіршілік етуге міндеттімін».

Батыста, Парижде тұра бастағаннан бері байқағаным, әрі таң қалғаным христиандардың Исламды қабылдауы. Оларды Исламды қабылдауға жетелеген, фиқһ және кәлам ғалымдарының тұжырымдары емес, Ибн Араби мен Мәуләнә сияқты сопылар. Бұл турасында менің де көргендерім бар. Ислами бір мәселеде менен түсініктеме сұрағанда, менің ақыли дәлелдерге сүйене отырып берген жауабым сұраушыны қанағаттандырмады. Бірақ, тасаввуфи түсінік ол жайлы өз жемісін кешіктірмей берді. Бұл

мәселе менің осы тақырыптағы ықпал күшімді жоғалта бастады. Содан Хулагудің күйретіп кеткен басқыншылығынан кейін Газан хан дәуіріндегі сияқты қазір де Европа мен Африкада Исламға қызмет ететін қылыш та, ақыл да емес, жүрек, яғни тасаввуф екендігіне сендім.

Осыдан соң, тасаввуф туралы жазылған кейбір кітаптарды зерттей бастадым. Бұл менің көңіл көзімді ашты. Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дәуіріндегі тасаввуф пен ұлы Ислам мұтасаввуфтарының жолы бос сөздермен уақыт өткізу немесе мағынасыз нәрселермен айналысу емес, қайта адам мен Аллаһ арасындағы ең жақын жолмен жүру және кемелдікке жету жолын іздеу екендігін түсіндім.

Адам өмірде өзіне жүктелген міндеттердің себебін іздейді. Рухани салада материалдық түсініктемелер бізді мақсаттан алыстатса, рухани түсініктемелер ғана адамдық болмысымызды қанағаттандырады.[18]

Міне осы айтылғандардан түсінікті болғанындай, Құран мен Сүннетке толық үйлесімді болған тасаввуфты жоққа шығаруға тырысу - жеміс беретін ағашты кесумен бірдей әрі жауапкершілігі де үлкен іс.

Хазіреті Мәуләнә: *«Егер мұрның иіс сезбесе, гүлді кінәлама»* - дейді.

Тасаввуфтың қазіргі кездегі маңызының екінші бір жағы, оның, адамдарды дұрыс жолға салу үшін ұстанған әдістемесі мен тәсілі. Шариғат дүние және ақыретте сый мен жаза арқылы адамдарға дұрыс бағдар беруді мақсат етеді. Ал, Тасаввуф, сүйіспеншілік, мейірім және махаббатты ұстанады.

Қазіргі заманда адамдар көбінесе діннен алшақ қалудың және үлкен күнәлар істеудің ауыртпалығын тартуда. Мұндайда оларға дұрыс жол табудың мүмкіндігін ұсыну керек. Ол - кешірім, мейірім жолы. Мұнымен бұл шаруа өте оңай іске асады.

[18] М. Азиз, Лахбаби, Ислам шахсиятшылығы, Ауд. И, Хаққы Ақын. 114-115 б, 8 сілт. Ист. 1972

Әрі мүмкіндігі жоғары екендігін ешкім жоққа шығармайды. Бұл жөнінен заманымызда тасаввуфи ақиқаттар мен оның қағидалары да үлкен мәнге ие болуда.

Сондай-ақ кешіріммен, мейіріммен қарағандар еліміздегі сияқты, батыста да рухани жетістіктерге көбірек қол жеткізгендігі көрінеді. Ақыл мен нәпсінің билігінен әбден шаршаған рухтарға Исламды иләһи бір жұбаныш самалы ретінде ұсыну үшін оларға жазамен, ашумен жақындаудың орнына, мейіріммен сүйіспеншілікпен жақындау әлдеқайда пайдалырақ тәсіл.

Адамдардың үлкен күнәлардың тұтқыны болуы сүйіспеншіліктің жоқтығының әсері деп танитын тасаввуф иелері бұл көзқарасты және тасаввуфи қағидалардың заманымызда Исламды түсіндірудің ең ықпалды да өнімді жолы деп білуде. Өйткені, адамдар үнемі Абдұлкадир Гейлани, Юнус Әмрә, Бахаеддин Нақшибәнд және Мәуләнә сияқты Хақ достарының махаббат құшағын аңсайды.

Осы сағыныш пен махаббатты көрсету жағынан мына мысалға назар аударалық:

Мәуләнәға ғашық Пакистандық ойшыл Мұхаммед Икбал ұшақ түрік әуе кеңістігіне кіре бере орнынан тұрып, бір мезгіл отырмаған. Қасындағылар:

«Неге отырмайсыз?» - деп сұрайды.

Ол:

«Бұл жерлер Хазіреті Мәуләнәның қабірі болған мүбәрәк мекен. Және бұл қасиетті мекенде өмір сүрген халық та жылдар бойы Исламның қорғаны болған халық. Егер түрік халқы болмағанда Ислам Араб түбегінде қамауда қалар еді. Сол үшін көңілімдегі Хазіреті Мәуләнәға және оның асыл халқына деген шексіз құрметім үшін орнымнан тұрдым» - деп жауап береді.

Мұндай сүйіспеншілік, құрмет пен сыйға толы бұл оқиға тасаввуф жолында жетілген дара тұлғаларының бірі Хазіреті Мәуләнәнің қайтыс болуынан көптеген ғасырлар өткенің өзінде Икбал сынды ұлы ойшылға әсер етіп, оның тұлғасының

қалыптасуына ықпал етіп, оның көңіл әлемін ғашықтық, шын пейілділік, махаббат, нәзіктік, пәктік, мағрифат сияқты ұлы қасиеттермен безендіруі бейне бір тасаввуфтың қажеттігін бейнелейтін ерекше бір ақиқат іспеттес.

Бұл тіпті, шығыстан батысқа дейін қаншама көңілдерді біріктірген, кемелдендірген және асқақтатқан ақиқат! Ғасырлар мен нәсілдерді қамтыған тамаша ақиқат.

❀❀❀

Тасаввуф - дүниеуи ілімдермен және ақиқаттармен безеніп, көңіл әлемінде одан да әрілерге жете білу.

Ғ. ТАСАВВУФТЫҢ ІЛІМДЕРМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Адам бойындағы ізденіс сезімінің, яғни білімге ынталығының табиғи нәтижесінде пайда болған ғылымдар өз салаларында шындыққа тән заңдар мен қағидалар қарастырады. Зерттеу нәтижесінде өздері айналысқан саланың «хикмет» жөнінен қарастырғанда тасаввуфпен көптеген ортақ жақтары болады. Бұл жәйт тек діни ілімдерге ғана тән емес, керісінше әлемнің тұтас физикалық қасиетін зерттейтін пән ілімдерінде, таза жаратылыстың жемісі болған көркем-өнер мен пәлсапаны да толығымен қамтиды. Сол себепті, тасаввуфтың басқа ғылымдармен болған байланысын қысқаша мына бес топта қарастырамыз.

1. ТАСАВВУФ және ИСЛАМИ ІЛІМДЕР

Діннің мақсаты - адамға Жаратушысын таныту. Оның алдындағы міндеті мен жауапкершілігін білдіру. Адамдық қатынастарға иләһи мақсат бағытында әділдік, шындық, бейбітшілік және тыныштық орнату. Ислам тасаввуфының мақсаты да мүминнің жүрегін, жоғарыдағы мәселелерді іске асыра алатындай дәрежеге ие. Діннің сыртқы үкімдеріне рухани арна әзірлеп, сол үкімдер қажет ететін амалдарды осы рухани қағидаға

сай кәміл түрде орындауды қамтамасыз ету. Бұл жөнінен тасаввуфтың басқа Ислами ілімдермен жақын қатынаста болуы табиғи жәйт. Бұл ақиқатты ашық түрде көру үшін осы ілімдер арасындағы байланыстарға қысқаша тоқталу пайдалы болмақ.

а. Тасаввуф және кәлам

Кәлам ілімі тақырып ретінде ең алдымен Аллаһ Тағаланың заты мен сипаттарының бір болуын қарастырады. Кәлам ақидаға байланысты болғандықтан Ислами ілімдердің ең маңыздысы (әшрәф-и ұлум) болып табылады. Кәлам ілімінің бір мақсаты Хақты дәлелдеу және жалғанды жоққа шығару. Осы орайда Исламға бағытталып мен тағылған кінәларға жауап беру және Исламның хақ дін екендігіне адамдардың көзін жеткізу де оның мақсаттарының бірі.

Тасаввуфтың бағыты - кәміл сипаттарға ие, нұқсан сипаттардан пәк және қиял жетпейтіндей ұлық болған Аллаһты жүрекпен тану, яғни мағрифатұллаһ болып табылады.

Кәлам ілімі ақидаға байланысты мәселелерді Кітап (Құран) пен Сүннетті негізге ала отырып, ақыл арқылы шешуге көмектеседі. Бұл жөнінен кәлам ғалымдары философтарға ұқсағанымен, ақылды «нас»-тан (Құран-сүннет) дара деп түсінбегендіктен, оны шариғат шеңберінде қолданады. Бірақ, себептер әлемінде әсерден әсер етушіге қарай түсінікті жолымен ілгерлейтін ақыл адамды ақиқатқа жеткізуде жалғыз өзі жеткілікті емес. Жүрекпен қарау және сезуге өте үлкен қажеттілік туындайтыны да сондықтан. Міне осылайша тасаввуф - ақыл жетпеген мәселелерде, жүректі қозғалысқа салып, бойсұнушылықпен жолын жалғастырады. Осы сияқты мәселелерді Құран мен сүннетке сай көрегендік және аян сияқты жүректегі көріністер арқылы шешеді. Осылайша адамды толық қанағатқа жеткізеді.

Жүрек қызметіне деген мұқтаждық кәлам ғалымдары тарапынан да қабылданған мәселе. Бұл жөнінен жоғарыда

баяндағанымыздай, кәлам ғалымдарын көбінесе ақылды негізге алатын философтар сияқты деп ойлау дұрыс емес. Негізінде олардың арасында тасаввуфи көзқарастарды іс жүзінде мақұлдап, пікір жүзінде орындаған көптеген адамдардың болғаны да тарихи шындық.

Екінші жағынан, ақыл және салыстыру деп аталатын зейін-зерде қимылдары материалдық дүниеден алынған дәлелдерді қолданады. Ұқсастықтар мен қайшылықтар арқылы аки-қатқа жетуге көмектеседі. Алайда, мұндай дәлелдері жоқ метафизикалық жаратылыстарға және олардың ақиқатына ақылмен жету мүмкін емес. Сол себепті, ақыл адамның ақиқат-қа жету ниетін белгілі бір дәрежеде ғана қанағаттандыра алады. Осы қанағатты арттыру үшін ақыл тоқтаған жерлерде оның арғы жағына жүректегі аян және көрегенділік арқылы жетуге болады. Міне осылайша, тасаввуф адамға ақыл тоқтаған жерде аялдап қалмай, одан әрі қарай жетуге мүмкіндік береді. Мұны Аллаһты зікір ету арқылыжүректіаянғалайықтыхалгежеткізуменқамтамасыз етеді. Осы себепті тасаввуф кәлам ілімінің Аллаһ Тағаланың зат және сипаттарынан бастап қарастыратын барлық салаларында ақылдың қолданылуындағы жеткіліксіздікті жойып, осы ғылыми істі адамды қанағаттандырарлық дәрежеге жеткізеді.

❁❁❁

Тасаввуф кәлам ілімі ортаға шығарған ақиқаттарын адамдардың қабілеттеріне байланысты ғалым адамды да қанағаттандыратын дәрежеге әкеледі. Адамның сенімін орнықтырып, Аллаһтың бар болуы және бір болуы турасында оны (яқин) нақты білімге жеткізеді. Бұл шындықты кәлам ғалымы және тәпсірші ретінде атағы шыққан Фахрәддин Рази былай деп тілге тиек етеді:

«Кәламшылардың әдістері ақиқатқа жету үшін жеткіліксіз болғанымен, тасаввуфқа өту үшін асуы қажет болған

ең маңызды, алғашқы қадам. Кәміл дәрежеге адамның дүниеуи шариғат ілімдерінен оқиғалардың шындығын білуге сүйенетін ішкі ілімдерге өтумен қол жеткізіледі»[19].

ә. Тасаввуф және тәпсір

Тәпсір ілімі - адамзатқа һидаят жолын көрсетуші ретінде жіберілген Құран Кәрімнің терең мағыналарын ашыққа шығаруды қарастыратын ілім. Бұл жөнінен тәпсір адамның ішкі дүниесін тазартып, кемелдендіруді мақсат ететін тасаввуфқа сұраған дәрі-дәрмектерін беретін дәріхана қызметін атқарады. Өйткені, тасаввуф ілімі қолға алған тақырыптарын қарастырған кезде және өзіне тән ерекшеліктерін белгілеген кезде негізгі қайнар көзі ретінде Құран Кәрімді қолға алады.

Құран Кәрім өмірдің әр сатысында Аллаһқа жауапкершілігінде болуды, құлшылықтарды беріліп орындауды, Аллаһты зікір етіп, үнемі Аллаһтың бақылауында екенін біліп өмір сүруді әмір етіп, құлдың илаһи ризашылыққа қол жеткізуін қалайды. Бұлардың барлығы тасаввуф ғалымдарының ерекше көңіл бөлген маңызды тақырыптары.

Аллаһқа шын жүрекпен оралуды басты мақсат еткен тасаввуф жолаушылары Оған жеткізетін бірден-бір жол ретінде Құран Кәрімді қабылдап, оны өмірлерінің қайнар көзі етіп алған. Терең мағынасына ой жүгіртуіміз талап етілген Құран аяттарын таң сәрілік зікірлеріне айналдырған. Оның сырлы мағыналарын түсіну үшін, жүректерін ағартудың қажеттілігіне сенген.

Пайғамбарымыздың ахлағы Құран Кәрім болғандықтан, ахлақ жағынан кемелденуді мақсат еткен әулиелер барлық іс-әрекеттерін илаһи каламға сай реттеп, тірі Құран болуға қажыр-қайрат жұмсаған.

❁❁❁

[19] Мұхаммед Салих әз-Зәркан, Фахруддин әр-Рази және Арауһул-Кәламия уал-Фәлсафия, 76 б. (Мұхаммед Абид әл-Жәбири, Араб-Ислам култуpының Ақыл Иапысы, 626 беттен алынған).

Тасаввуфшылардың нәрі мен қайнар көзі Құран Кәрім болғандығынан олар тәпсір іліміне де орасан қызметтер еткен. Аяттардың ишари (жасырын) мағыналарын да ашып, осы ілімнің кеңеюіне көмектескен. Бұл жөнінен тасаввуф ұлылары Құранның тәпсірінде оның сөздеріндегі терең дарияларға сүңгіп, қаншама хикметтерге қол жеткізуге талпынған және осылардың маңызына тоқталған деп айтуға болады. Осы орайда иләһи кәламның (Құран) мағынасын адамның тар мағыналы сөздеріне қамау дұрыс емес. Бірақ, бұл істі де жүйесіз және қағидасыз деп ойлауға тағы болмайды. Тасаввуф жолаушылары ишари мағына берген кезде мына үш жәйтты ұстанған:

1. Ишари мағынаның ашық мағынаға қайшы келмеуі.
2. Берілген мағынаның Кітап пен Сүннет шеңберінің ішінде болуы.
3. Ишари мағына беру үшін сөздердің өзінен алдынғы сөз бен соңғы сөздің ишарат мағынаға сай болуы.

Құран Кәрімді ишари түрде тәпсірлеген кітаптарға мысал ретінде Әбу Абдұррахман Сүләмидің «Хақайқут-Тәфсирін», Қушайридің «Ләтайфул-Ишаратын» және Бурсалық Исмайл Хаққының «Рухул-Баян» тәпсірлерін көрсетуге болады. Осылармен қатар Мәуләнәның және Ибн Араби сияқты тасаввуфшылардың кітаптары да көптеген аяттардың ишари тәпсірлерімен толықтырылған.

Аллаһ Тағаланың «кәлам» сипатының көрінісі болған Құран Кәрімге қай жағынан мағына берілсе де, оның жеткізген мағыналарын толықтай сөзбен жеткізу мүмкін еместігі анық. Аллаһ Тағаланың заты және сипаттарын лайықты түрде түсіну мүмкін еместігі сияқты, Құран Кәрімді де барлық жағынан түсіну мүмкін емес. Одан біздің түсінгеніміз, тек теңіздің бір тамшысындай ғана. Мына аят кәримада бұл ақиқат тамаша баяндалады:

«Егер жер бетіндегі ағаштар қалам, теңіз артынан жеті теңіз қосылып сия болса да Аллаһтың сөздері жазылып бітпейді. Шүбәсіз, Аллаһ нағыз жеңімпаз, әрі хикмет иесі» (Лұқман сүресі 27-аят).

Аллаһ Тағала өз сөздерінің мән-мағынасын адами сөздердің мағынасынан жоғары бағалап олардың мағынасының шексіз екендігін білдіріп, адам баласының одан пайдаланып, үлес алуын қалаған. Құран Кәрімнің бұл ерекшелігін Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Құранның әр сәт сайын ортаға шығып отыратын жаңа мағыналары бітпейді...» (Тирмизи, Фәзайлұл-Құран 14) деген сөздерімен жеткізген.

Хазіреті Мәуләнә бұл жөнінде:

«Сырттай Құран Кәрімді бір сиясауыт сиямен жазуға болады. Ал, бірақ, қамтыған барлық сырларын баяндауға ұшы қиырсыз теңіздер сия, жер бетіндегі барлық ағаштар қалам болса да жеткілікті болмайды» - дейді.

Жоғарыда баяндалған аят пен хадистегі сөздер Құран Кәрімнің әлемдегі барлық ақиқаттардың кәміл жиынтығы екендігін және барлық шындықтардың онда (бір дәнек тәрізді) бар екендігін көрсетеді. Өйткені, осы сияқты барлық мағлұматтар Құран Кәрімде айқын түрде көрінетін болса, оның ауқымы шексіз болуы қажет болар еді. Сондықтан Құран Кәрімде кейбір шындықтар айқын түрде орын алғанымен басым көпшілігі жасырын түрде орын алған. Осындай жасырын ақиқаттарды тауып, жарыққа шығару, тек қана ілімде тереңдеумен, яғни сырларды түсінетін қабілетті таза ақылмен және жүрек көзімен болмақ.

Осы мақсатқа орай тәпсір әдістемелігі туралы кітаптарда мүфәссір (тәпсірші) ғалымдардың сөзсіз білуге тиісті болған ілімдердің қатарында Аллаһ Тағаланың таңдаулы құлдарына беретін «уәһби ілімі» де орын алады. Бұл ілімге, тек Аллаһ Тағалаға деген тақуалық, жаратылыстар алдындағы кішіпейілділік, дүниеге қарсы зүһд және нәпсіге қарсы тынымсыз күреспен қол жеткізіледі. Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) *«Білгенімен амал еткендерге, Аллаһ білмегендерін де үйретеді»* (Әбу Нұғайм, Хилия X, 15) деген хадисі осы ақиқатқа ишарат етеді.

Демек, Аллаһтың аяттарын түсінуге кедергі болатын тәкаппарлық, мақтаншақтық, көреалмастық, дүниеқұмарлық

сияқты жүрек науқастарын тасаввуфи тәрбиемен емдеп, жүректі тазаламаса, пенденің Құранның сырларынан үлес алуы мүмкін емес. Сондай-ақ:

«Дүниеде орынсыз тәкаппарланып менменсігендерді аяттарымды лайықты түрде түсінуден алыстатам» (Ағраф сүресі 146-аят) деген Хақ үкімі осыны ашық түрде баяндайды.

Демек, рухани тәрбиемен және жүректі тазалаумен жүрек әлемінде ілгерілеу байқалмаса, Құраннан, әлемнен және адамның сырларын түсіну мүмкіншілігі болмайды.

б. Тасаввуф және Хадис-Сийәр

Хадис ілімі - Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) сөзі, іс-әрекеті, тақрирі (құптауы), жаратылысы сынды көркем ахлағымен байланысты ерекшеліктерін қарастыратын ілім.

Басқа да Ислами ілімдер сияқты тасаввуфтың да Құран Кәрімнен соң жүгінетін екінші қайнары - хадис. Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өмірін, рухани және материалдық жақтарын жан-жақты айқындай алатындай мол, ауқымды дәрежедегі хадистердің, тасаввуфтың қалыптасып, дамуындағы рөліне әсер еткенін түсіну қиын емес. Өйткені, зуһд, тақуалық, ихсан, кішіпейілділік, исар (аса жомарттық), сабыр, шүкіршілік, тәуекел сияқты жүрек қасиеттері тақырыбындағы хадистер мүтасаввуфтардың түсінік пен пікірлерінің негізін құрайды. Тасаввуфқа тікелей байланысы бар мұндай тақырыптарда Пайғамбарымыздың рухани өміріне қарасты сөз бен іс-әрекеттері, тасаввуф пен хадис ілімін бір-біріне жақындастырып, оларды бөлінбес бүтін халге әкелген.

Тасаввуфтың тәпсір ілімімен байланысында жоғарыда айтқанымыздай Аллаһқа жақындау мен қауышудағы негізгі мақсат тасаввуфшылардың Аллаһқа сүйіспеншілік ретінде Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ізімен жүрумен іске асатындығын өте жақсы білгендіктен, әр мәселеде оған бойсұнуды өздеріне дәстүр еткен және Сүннеттің бай қазынасынан молынан пайдаланған.

Ардақты Пайғамбардың ізімен жүру тек оны сүюмен және барлық нәрседен ұлық санаумен ғана болады. Құран Кәрімде Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мойынсұну және оны сүюдің қажеттілігіне байланысты көптеген аяттар бар. Осы сүйіспеншілік пен бойсұнудың қалай болуы керектігін байланысты ұстанылған үлгілер мен мысалдарға тек қана хадис пен сийәр кітаптарын пайдалану арқылы жетуге болады.

Ғибадатта, қарым-қатынаста, ахлақта, жүрек нәзіктігі мен сезімталдықта дара тұлға – болған Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм). Сийәр мен хадис кітаптарымыз осыны қуаттайтын көптеген үлгі-өнегелерге толы.

Хазіреті Пайғамбардан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бізге дейін жеткен оның мүбәрәк сөздері ғана емес, сонымен қатар, Оның барлық іс-қимылдары да толықтай дерлік сахабалар тарапынан риуаят етілген. Ғұламалар, салихтар және шайхтардың тәжірибесінде көрінген кемелдіктер де Рахмет Пайғамбарының үлгілі жаратылысынан және өмірбаянынан алынған.

Аллаһ Тағала Пайғамбарымызды адами қатынастар жөнінен адамзатқа кәміл үлгі ретінде ұсынғандықтан, Оған мүмкіндігінше еліктеу әрбір мүминнің мойнына артылған борыш әрі міндет. Осы міндетті лайықты түрде орындағандар, оны лайықты түрде түсініп өмірлеріне үлгі еткендер шүбәсіз бақытты адамдар. Тасаввуфи әдептің іске асуында пайғамбарлық іс-әрекеттердің ең көркемі, ең мәндісі Аллаһ достары жүргізген тәрбиемен жарыққа шығады. Бұл, тасаввуфи жолдың сүннет пен хадис негізіне бекем әрі үйлесімді болғандығының көрінісі іспеттес.

Сол себепті мұтасаввуфтардың парасатты өміріндегі әсемдіктер Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу алейһи уә-сәлләм) іс-әрекетінің бір сәулесі болып, жазылған хадис мәтіндерінің бейне бір толықтырушы бөлшегі болып табылады. Сондықтан тасаввуфшылардың халі мен іс-әрекеттері хадис шәрифтердің іс жүзіндегі анықтамасы сияқты. Басқаша айтқанда бұл киелі жол хадистердің теориядан іс-жүзіне өтуі арқылы түрлі уақыттар мен мекендерде пайғамбари өмірдің жалғасуы.

Тасаввуф ілім ретінде жарыққа шықпас бұрын мұхаддистер (хадис ғалымы) мен мұтасаввуфтар жазған «зүһд кітаптары», хадис ілімі мен тасаввуф арасында көпір қызметін атқарған еді.

Екінші жағынан тасаввуфшылар хадистерге ишари (астарлы) мағыналар беріп, түсіндіріп, хадис ілімін байытқан. Тіпті, кейбір сопылар (хадисшілер қолдамаса да) Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) руханиятынан көрегендік жолымен хадис алуға болатындығын айтқан.

Тарихта (Хаким, Тирмизи және Кәлабази сияқты) сопы ретінде атағы шыққан, хадиске байланысты кітап жазған тасаввуф жолының ұлылары баршылық. Дәл сол сияқты хадисші ретінде атағы шықса да, хадис ілімінің әдістемелерімен қатар сопылардың әдістерін ұстанған хадис ғалымдары да болған. Мысалы, хадис ілімінде ең үлкен тұлға болып саналатын Құран Кәрімнен кейінгі ең сенімді хадис кітабының иесі Имам Бұхари (рахмәтұллаһи аләйһи) әрбір риуаят еткен хадисі үшін екі рәкәат истихара намазын оқып, сол истихарасының нәтижесінде, хадистің сахих екендігіне жүрек көзін жеткізген соң кітабына жазатын болған.[20] Сондай-ақ, үлкен хадисші Ахмед бин Ханбәл да үш хадисті Расулұллаһтың өзінен түсінде алғандығы риуаят етілген.[21]

в. Тасаввуф және Фиқһ

Фиқһ - сөздікте білу, түсіну, нәзік тұстарды зерделеу мағынасын білдіреді. Исламның алғашқы кезінде діни және дүниеуи тақырыптардағы барлық білуге қажет болған нәрселерді фиқһ деп, осы іліммен айналысатындарды фақиһ (ғалым) деп атаған. Бұл тұрғыдан фақиһ сөзі - жаратылыс пен оқиғалардың хикметін білетін, діни мәселелерде дұрыс пен бұрысты ажырата алатын адамды білдіреді. Имам Ағзам Әбу Ханифа Хазірет:

[20] Ибн Хажер, Хадиус-Сари Муқаддилату Фәтхил-Бари, 489 б; Ибн Хажер, Тағлиқут-Талиқ, V, 421.
[21] Мәжмуғул-Хадис, парак 110а - 112б.

«Адамның діни жағынан өзіне пайдасы не зияны бар нәрселерді білуі» деп танымдаған.

Адамның бақыттылығы немесе пәлекетке ұшырауына бірінші орында әсер ететін «Раббысын дұрыс білуі» мәселесі осы ілімнің ең маңызды бөлігін құрайтын. Сол себеппен Хазіреті Имам Ағзамның сенім мәселелері хақында айтқан әрі шәкірттері тарапынан сақталып бүгінге жеткен сөздерін «Ең үлкен фиқһ» деген мағынада «Фиқһу әкбәр» деп атаған. Бастапқыда осылай болса да, кейіннен бұл жайында ғылыми зерттеулердің кеңеюіне байланысты, фақиһтар сенім мен ахлаққа жататын мәселелерді фиқһтан бөліп шығарып, оны тек қана амал мен орындау жөніндегі үкімдермен шектеген. Қазір де фиқһ дегенде түсінетініміз осылар ғана болып табылады.

Тасаввуф та адамның өзіне пайдалы, не зиянды нәрселерді сыртқы әрі ішкі жағынан біліп, қажетті болғанын орындауы деген сөз. Ал, Фиқһ дәрет, тазалық, намаз және ораза сияқты амалмен байланысты мәселелердің сыртқы көрінісінің дұрыстық пен бұрыстық шарттарын ірделейді. Тасаввуф болса, жүректі тазартып, құлдың көңіл әлемін тыныштандыруға, мағрифатқа және рухани сезімталдыққа әзірлейді. Бұл әрине ғибадаттың кәміл болуы үшін ең қолайлы жағдай жасау деген сөз. Сондықтан, тасаввуфты фиқһ ілімінің рухани орны мен негізгі мағынасы түрінде «ішкі фиқһ» немесе «ұждан фиқһы» деп атаған.

❀❀❀

Фиқһ ілімінің мақсаты - амалдың кәміл болуын, яғни Аллаһ алдында қабыл болатындай орындалуын қамтамасыз ету. Мұндай кемелдік тек тасаввуф қамтамасыз ететін рухани кемелдікпен ғана іске асатындықтан, бұл екі ілімге бір-бірінің толықтырушысы ретінде қарау керек. Өйткені, тасаввуфтың негізгі мақсаттарының бірі адамды діннің рухани ақиқаттарының ең жоғарғы дәрежесіне көтеру болғаны тәрізді оның барлық амал мен іс-әрекеттерін де кемелдікке жеткізу болып табы-

лады. Амалдардың сыртқы шарттарын түсіндіріп, реттейтін фиқһтың негізгі мақсаты тек тасаввуфи кемелдікпен іске асады. Мысалға, намаздың тазалық және толық та дұрыс орындалуы сияқты сыртқы шарттарын қалай орындау керектігі фиқһ ілімінде көрсетіледі. Тіпті ниет сияқты ішкі шарттың қажеттілігі де сонда айтылады. Сыртқы шарттарына бағына отырып, орындалған ғибадаттың қабыл болуы үшін, жүректің рия мен қызғаныш сияқты аурулардан таза болуы қажет болғанымен, фиқһ оның рухани жағын реттеу ісімен айналыспаған. Бұл жағын тасаввуф реттеп, ғибадаттың сыртқы шарттары сияқты, ішкі шарттарын да іске асыруда. Өйткені, фиқһ ілімі жалпыға тән шариғаттың бөлімі болып, оның сыртқы жағымен ғана айналысады. Адамдардың шариғат тұрғысынан жауапкершілігі де оның сыртқы үкімдерінен ғана тұрады. Алайда ғибадаттарды қабылдап-қабылдамау хақына ие болған Аллаһ Тағала оның сыртқы жағы сияқты, ішкі жағын да толығымен жақсы біледі. Сондықтан ішкі тазалық Оның құлының бойынан көргісі келген негізгі қасиеттерінің бірі болып табылады.

Фақиһтар намаз, ораза және қажылық сияқты ғибадаттар мен неке, талақ, сауда-саттық, қысас сияқты қарым-қатынастарды зерттеп, үкімін реттесе, мұтасаввуфтар бұлардың зүһд, тақуалық немесе ықылас тәрізді рухани қасиеттермен қатар орындалуына көңіл бөледі. Дәл сол сияқты Құран Кәрім де ғибадаттардың рухани жағына көбірек мән беріп, құлды зүһд пен тақуалыққа бағыттайды.

Әрине, тасаввуф жолын ұстанатындар фиқһқа мән бермейді немесе фиқһ ілімімен жеткілікті түрде айналыспайды деген сөз емес. Керісінше, Ғаззали, Ибн Араби, Мәуләнә Жәләләддин Руми, Имам Раббани және Халид Бағдади сынды көптеген мұтасаввуфтар сыртқы (фиқһ) ілімдерде де сөзі жүретін үлкен ғалым болып, бәрі фақиһтардың қатарынан табылған.

Діннің сыртқы үкімдерінің мәні мен тасаввуфи ақиқаттарды лайықты түрде түсіне алмаған кейбіреулер, фиқһ пен сопылықтың арасында қайшылық бар деп біліп, кей уақытта

орынсыз түсініспеушіліктер тудырып отырған. Шын мәнінде, кәміл мұтасаввуфтар мен шынайы фақиһтардың арасында ешқандай да бір түсініспеушілік болмаған. Қайшылық пен тартыс өзін ғалым санайтын надандар мен кәміл санайтын сопылар арасында ғана болған.

❁❁❁

Адамдарға көкжиекте және ішкі жан дүниелерінде аяттарымызды (құдіретімізді) көрсетеміз, сөйтіп, оның (Құранның) ақиқат екендігі әбден білінсін. Раббыңның барлық нәрсеге куә болуы жетпей ме? **(Фұссиләт сүресі 53-аят)**

2. ТАСАВВУФ пен ПӘН ҒЫЛЫМДАРЫ

Пән ғылымдары яғни лабораториялық зерттеулермен дәлелденетін ілімдер бастапқыда тасаввуфпен байланысы жоқ сияқты көрінгенімен, шындығында олай емес.

Жаратылыс пен оқиғалардың пайда болу хикметі мен мәніне байланысты мақсатта қолданылатын әрбір ілім жолы ақыры метафизикалық бір жерге жетеді. Бұл - пән ғылымдары мен тасаввуфтың табысатын жері. Өйткені, тасаввуф әлемдегі барлық жаратылыстардың сырлары мен хикметтерін, яғни метафизикалық жағын жалпылама зерттеп, талдап белгілейді. Адамды Аллаһ және одан басқа істер жайында дұрыс, ауқымды қанағаттандыратындай дәреже-дегі ілімге - ақиқат іліміне жетелейді.

Пән ғылымдары материалдық әлемді, яғни табиғи заттарды зерттейді. Бұл ғылымдардың жаратылыстардан көрген ақиқаттары, оларға Аллаһ тарапынан берілген ерекшеліктер болып табылады. Олай болса, материалдық әлемдегі жетістік Жаратушының құдіреті мен ұлылығына дәлел ретінде ортаға

шығады. Сондықтан пән ғылымдарының адамдардың бейне бір иләһи өнер туындыларына қол жеткізуіне көмектесетіндігін айтуға болады.

Екіншіден, Ислам материялдық заттардың өзін метафизикалық жағымен бірге қолға алып, бағалайтыны сонша қазіргі таңдағы пән ғылымдары да осы ғылыми түсінікпен қарастыруда. Өйткені, материалдық әлемдегі жетістіктер жаңа тылсымдарға жол ашып, адам ойын шексіздікке жетелейді. Материалдық әлемнің түсініктері арқылы жүргізілетін осы істер ақырында метафизикалық оқиғаларға апаруда. Әсіресе, қазіргі кезде бұл ғылымдардың ақылды таң қалдырарлық дәрежеге жетуі нәтижесінде физикалық шындықтардың метафизикамен бетпе-бет келуіне себеп болуда. Сол себепті, ақиқатты тек қана материядан іздейтін материалистік көзқарастар өз құндылығынан айырылып отыр. Мәселен, өткен ғасыр пірлерінің бірі Лавойзердың заңы күйреп, пәлсапа мен дін арасындағы негізгі қайшылық «материяның алғашқы жаратылуы» көзқарасы қолданыстан алынды. Керісінше, материяның алғашқы емес, кейіннен жаратылған екендігі атомның бөлінуімен дәлелденіп, осылайша, материя - энергияның белгілі қалыпта қамалуы екендігі жарыққа шықты. Сонымен қатар, әсіресе физика, химия, биология, астрономия ғылымдарындағы жаңа табыстары діннің негізі Құран Кәрімнің қасиетті мағынасын қуаттайтын көптеген жаңа дәлелдердің жарыққа шығуына себеп болды.

Адамның генетикасы жөніндегі кейбір жетістіктер әр адамның түріне тән бір коды бар екендігін ортаға қойған. Осы және осы сияқты жетістіктер иләһи өнердің заманымыздағы ақыл жетпес жарқын мысалдары. Сол себепті XIX - ғасырда Зия Паша:

Субханә мән тахайяра фи сунһил-ұқул,
Субханә мән би-құдрәтиһи уәжізул-фухул.

«Өнерімен ақылды таң қалдырған, құдіретімен ең үлкен ғалым-дарды да таңдандырған Аллаһ Тағалаға мадақ» - деген мәндегі хикметті жолдарын жазған. Өйткені, мұсылмандар

иләһи өнер ғажайыптары алдындағы әлсіздікті бұрыннан бері білетін. Тіпті, осы пән жетістіктерінің қияметке дейін, мұғжиза дәрежесіне жақындай алатындығы мұсылмандарға құпия емес. Алайда, әрбір жаңа табыстар, адамның әлсіздігі мен иләһи өнердің ұлылығын және ондағы шексіз хикметтерді мойындау бағытында ұждандық қажеттіліктерді тудыруда. Бұл жайлы Зия Паша тағы:

Мына кішкентай ақылға бұның бәрін түсіну керек емес.

Өйткені, бұл таразы осыншама ауырлықты тарта алмайды, - деп, адамның әлсіздігін өте тамаша жеткізген.

❀❀❀

Тасаввуф иләһи сырларды түсіну мақсатында әлемдегі күллі болмысқа ой жүгіртіп, қарастыруда физикалық ақиқаттардың арқасында метафизикалық жайттармен бетпе-бет келетін пән ғылымдарының тасаввуфпен қандайда бір байланысының бар екендігін мойындау зәрулік жағдай.

Құран Кәрімнің көптеген аяттарында әлемдегі құпия сырлар мен хикметтерге назар аудартады. Аят кәримада:

سَنُرِيهِمْ أَيَاتِنَا فِي الْأَفَاقِ وَ فِي أَنْفُسِهِمْ حَتَّى يَتَبَيَّنَ لَهُمْ
أَنَّهُ الْحَقُّ أَوَلَمْ يَكْفِ بِرَبِّكَ أَنَّهُ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ شَهِيدٍ

«Адамдардың оның (Құранның) **ақиқат екендігіне әбден көздері жетсін деп сыртқы көкжиектерде және ішкі жан дүниелерінде аяттарымызды** (құдіретімізді) **көрсетеміз. Раббыңның барлық нәрсеге куә болуы жетпей ме?»** (Фуссилат сүресі 53-аят) -делінген.

Аят «көкжиектер» сөзімен адамды қамтыған тұтас сыртқы әлемге, «өздеріне» сөзімен адамның биологиялық және рухи болмысындағы хикмет, ғибрат және сырларға ишарат етеді.

Аллаһ Тағала құлдарының надандығына жол бермей, олардың көзін ашу үшін аят кәрималарда:

«Ей Хабибім! Саған қарсы шығушылар жер бетінде қыдырмай ма? Әлбетте, сезетін жүректері және еститін құлақтары болар еді. Шындығында көз соқыр болмайды, бірақ кеудедегі жүректер соқыр болады» (Хаж сүресі 22-аят).

«Біз көктерді, жерді және олардың арасындағыларды ойын немесе ермек болсын деп жаратқан жоқпыз. Оларды тек ақиқат себеппен жараттық. Бірақ, мұны олардың көбі білмейді» (Духан сүресі 38-39 аяттар) - дейді.

Аллаһ Тағала құдірет баяндағаннан кейін, адамдарды да басқа жаратылыстар сияқты белгілі мақсат үшін жаратқандығын тағы бір аят кәримада:

أَفَحَسِبْتُمْ أَنَّمَا خَلَقْنَاكُمْ عَبَثاً وَ أَنَّكُمْ إِلَيْنَا لاَ تُرْجَعُونَ

«Сендерді босқа жаратты және бізге қайтарылмаймыз деп ойлайсыңдар ма?» (Мүминун сүресі 115-аят) - деп сұрау қоя отырып, ақиқаттың олай емес екенін білдіреді.

Микродан макроға дейінгі әрбір зәрреде иләһи өнердің тамаша көріністері бар. Тасаввуф – адамды негізге ала отырып, барлық ақиқаттардың жалпылама түсінілуін қамтамасыз етеді. Бұл көзқарастың қалыптасуы үшін әуелі «Аллаһты зікір етуден» бастатып, риязат тб. рухани толқулардың арқасында адам баласын кемелдендіретін іс жүзіндегі ғылыми бір жүйе.

Құран аяттарында физикалық әлемнің хикметтеріне назар аудартып, оның адамдар алдында одан әрі қуаттай түсуі үшін сұрақ түрінде алға тартылған баяндаулар бар. Бұл пән ғылымдары қарастыратын мәселелер болғанымен, заттың тек физикалық ерекшеліктеріне ғана тән нәрсе емес. Сол себепті, хикметті түсіну жөнінде осы ілімдердің мүмкіндіктері мен жетістіктерінен де артық құдіретке сұраныс бар. Бұл - рухи толқулар мен жүректің сезімталдығын жетілдіруді қажет етеді. Міне, тасаввуф - адамға осы мүмкіндік пен жетістікті сыйлайтын ерекше бағыт.

Тасаввуфшылардың түсінігінде дүние - иләһи есімдердің көрініс табатын ерекше орыны. Ішіндегі әрбір жаратылыс - нағыз өнер туындысы. Күнделікті өмірде көріп жүрген бірақ ойланба-

стан өтіп кететін оқиғалар хақында том-том кітаптар жазылса да жеткіліксіз. Мысалы, тұт ағашының жапырағын киік жесе - жұпар, жібек құрты жесе - жібек болады. Міне, әлемде біз күн сайын көріп жүрген, бірақ, лайықты түрде ойланып бағаламаған таңғажайыптарға толы. Адам баласы көктеген шөпке, ашылған гүлге, жеміс берген ағашқа ғибрат көзімен қараса және осылар топырақтан түс, иіс, дәм сияқты ерекшеліктері бар табиғат туындысын қалай тауып, өз бойында қалай синтездеп шығаратындығын ойласа, иләһи құдіреттің мұндай көріністері алдында таңқалмауы мүмкін емес. Қысқасы, тасаввуф жолаушылар әлемде ешбір нәрсенің босқа жаратылмағандығын тек сырттай ғана емес, барлық жан-дүниесімен мойындаған.

Құран мен адам сияқты әлем де Аллаһ Тағаланың иләһи есімдерінің жиынтығынан құралған. Барлық пән ғылымдары бейне осы жиынтықтардың әлемдегі көрінісі - адетұллаһтың (Аллаһтың қойған заңдары) хикметтерін іздестіруге міндетті. Бірақ, олар осы міндетті орындау барысында әлсіздікке тап болады. Тек қана рухани дәрежеге жетіп, ерекше жүрек сезімдері оянған адамдар ғана сыр мен хикметтерді түсіну барысында пән ғылымдары жеткен дәрежелерден де ілгеріге жете алады. Міне, осы дәрежеден бастап, пән ғылымдары мен тасаввуф бір-бірлерімен байланысады.

Мәуләнә, Фұзули, Найли, Нәби, Наһифи, Шәйх Ғалиб сынды тағы қанша ақындар, шығармаларын тасаввуфи шаттықтан нәр алған көңіл бақшасында өсірген.

3. ТАСАВВУФ және ӘДЕБИЕТ

Негізгі қызметін көңіл әлемінде іске асыратын тасаввуф рухани, құнды да тұңғиық сезімдер мен пікірлерді, тебіреністерді белгілі тәсілмен, әдеппен өлең тармақтары мен жыр-шумақтары, әуен, ырғақтары арқылы сөзбен жеткізген. Осылайша рухани күй жүрекке сөз арқылы жеткен кезде тек көңілге тебіреніс берумен ғана шектелмей, онан ары, мағынасының тереңдігімен де әдебиетке зор үлес қосқан. Осылайша, әдебиет адамның көзқарасын кеңейтетін, көңілді тербететін және тәфәккүр мен сезімталдық ерекшелігімен ойға нәр беретін керемет өнер тақырыбында өзгеше шыңға жетелеген.

Әдебиет тарихындағы «Текке (медресе) әдебиеті» атымен жарыққа шыққан, қарапайым, белгілі бір сарыны бар, кейде лирикалық, кейде тәлім-тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларда діни-тасаввуфи құндылықтар көптеп көрініс тапқан. Аллаһтың бір екендігін баяндайтын тәухид, Оған жалбарынышты баяндайтын мінажат пен Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) деген сүйіспеншілік, махаббат пен ынтызарлық тақырыптарындағы жырлар, қасидалар сияқты әдеби шығармалар халықтың руханиятын көтеруде, қайғырған, шаршаған жандарды жұбатуда, күнәлар мен надандықтан аулақ болуды, қоғамда сүйіспеншілік, бауырмалдық, бейбітшілік, тыныштық орнатуда аса пайдалы қызметтері болған.

Юнус Әмрәнің моңғол шапқыншылығы дәуірінен бастап, қазірге дейінгі жеті ғасыр бойы жалғасып келе жатқан өлеңдері халықтың көзін ашатын әрі жұбаныш табатын рухани көздерінің біріне айналған. Яғни осындай әдеби шығармаларды жазған мұтасаввуфтар діни тебіреністің халық арасында кеңінен тарауында, рухани құндылықтардың тірі болуында маңызды қызметтер атқарған. Құл Қожа Ахмет Яссауи, Қажы Байрам Уәли, Әшрәф ұлы Руми және Азиз Махмуд Һудаий (қаддасаллаһу әсрараһум) сияқты хазіреттер мұндай сопылардың ең көрнектілері болып табылады.

Сонымен қатар, әдеби шығармалардың әрқайсысында басқаша бір рухани тебіреністердің көрінісі басым.

Тәухид өлеңдерінде шабытты рух халінің шексіз иләһи көкжиекке қарай қанат қаққаны сезіледі. Әсіресе сопы ақындар жазған тәухидтің ерекшелігі көңілді басқаша бір иман ғарышын шомылдырады.

Мадақ жырлар - Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) деген сүйіспеншілік пен махаббаттың жұмақтарға төгілген үні. Сондай-ақ көңілде бейнеленген махаббат көрінісі. Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) деген терең құмарту мен құштарлықты Фүзули былай жеткізген:

Аягың тиген топыраққа жетемін деп өмір бойы,
Басын тастан-тасқа ұрып агар сергелдең су.

«Ол (Рахмет Пайғамбарының) аяғының тиген, жүрген, мүбәрәк топырағына жетсем деп, сулар тоқтамастан өмір бойы бастарын тастан-тасқа ұрып сергелдең түрде ағады».

Мәуләнә, Фұзули, Найли, Нәби, Наһифи, Шәйх Ғалиб сынды тағы қанша ақындар, шығармаларын тасаввуфи шаттықтан нәр алған көңіл бақшасында жазған.

❀❀❀

Осылардың барлығы тасаввуфтың тереңдігімен және мазмұнымен әдебиетке ерекше үлес қосып, оған байлық пен кәмілдік беретіндігінің шындық екендігін көрсетеді.

Екінші жағынан әдебиеттің, әсіресе өлеңнің адамдарды белгілі бір сезім мен пікірге жетелеуі мадаққа лайық құндылық екендігі мына хадистен белгілі:

Хазіреті Айша (радиаллаһу анһә) Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл бағытқа ерекше мән бергенін былай жеткізеді:

«Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ақын Хассан бин Сәбитке арнап мешітке арнайы мінбер қойдырды. Хассан оның үстіне шығып отырып алып, Хазіреті Пайғамбарды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өлеңге қосқандарға өлеңмен жауап беретін. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) та ол жайында:

«Аллаһ Тағала Хассанға, ол, Аллаһ Расулын ақтаған (қорғаған) кезде қасиетті Рухпен көмек береді» - дейтін (Тирмизи, Әдеп 70; Әбу Дәуіт, Әдеп 87).

Бұл, Жәбірейілдің өлең айтқан Хассанмен бірге болуы, Хақ жолдағы ақынға Аллаһ тарапынан аян келіп, иләһи көмекке ие болуы дегенді білдіреді.

❀❀❀

Негізі тасаввуфпен біте қайнасқан, яғни мейірімділік, нәзіктік және тереңдік (көрегендік) негізінде жасалған өнерлер тарихымыздан көргеніміздей, мәдениеттің құрылуына негіз болған.

4. ТАСАВВУФ және КӨРКЕМ ӨНЕР

Өнер - көңіл тұңғиығының және сезімдерінің заттай көрініс табуы. Деректі болуы. Қай салада болмасын өнердің барлық түрі негізінде, адам рухындағы тәфәккүр (ой) мен сезімталдықтың көрінісі ғана. Өнердегі нәзіктік пен шеберлік рухани тереңдікпен қатар жүреді.

Тасаввуфпен біте қайнасқан, яғни мейірімділік, сезімталдық және көрегендікпен орындалған өнер, тарихымыздан көргеніміздей, мәдениеттің қалануына негіз болған. Шынында да, мәдениет жағынан дамыған халықтар тек саясат, экономика және әскери салаларда ғана емес, білім және өнерде де тамаша дәрежеге жеткен. Тарихымыз мұндай мысалдарға бай. Көркем өнердің көп саласында көрініс тапқан тасаввуфи дәстүрлердің барлығын айтуға шамамыз да, мүмкіндігіміз де болмағандықтан, бұл жерде тек қана кейбір ағымдардағы тасаввуфтың әсерінен пайда болған жетістіктерге қысқаша тоқталып өтеміз.

а. Музыка

Ислам - адам табиғатындағы қасиеттерді жоққа шығармай, қайта оларды тамаша түрде реттейтін ұлық дін. Көптеген шынайы өнерлер сияқты музыка да адам бойындағы табиғи

ерекшіліктердің көрінісінің бірі. Әрине, табиғи ерекшіліктер сияқты, оны да толықтай жоққа шығару немесе толықтай қабыл алу мүмкін емес.

Тасаввуфшылар музыканың адамға деген өлшеусіз әсерін Ислами әдеп пен шарттар шеңберінде, жақсыға қолдану үшін қолға алған. Музыканың ерекше мән беріп, нәпсіге емес, рухқа нәр бере алатындай мағынасына рұқсат берген. Осы сипатқа лайық болғандарды қолдап, қуаттап, лайық еместерді қабылдамаған.

Жақсылыққа бағытталған музыка ырғақты дауыспен, айтылған жырлар, термелер, иләһи өлеңдер рухты шабыттандырып, адамдарды рухани кемелдендіруде ерекше рол атқарады. Тыңдаған адамның құлшылыққа құштарлығын арттырып, Аллаһқа деген сенімді күшейтетін, адамдарды күнәдан сақтандыратын, жүрекке тамаша сезімдер сыйлайтын музыка түріндегі өлең мен жырларды уақыт пен жеріне қарай тыңдау пайдасыз емес. Демек, тасаввуфшылар ғасырлар бойы бұл өнер саласын да ұтымды пайдаланып, музыканың «тасаввуф музыкасы» деп аталатын бір тармағының жарыққа шығуына себепші болған.

Музыканың рухани тәрбие құралы ретінде қолданылуына қарсы шығушылар болғанындай, оның шектеулі түрде қолданылуы керек екенін алға тартқандар да бар. Екінші көзқарасты ұстанушылар ішекті аспаптарды қабылдамай, ұру арқылы ырғақты дыбыс шығаратындарға рұқсат берген. Мұның рұқсатын Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) соғыстарда әскерлерінің қаһармандық сезімдерін қамшылап, оларды батылдандыру үшін жасаған музыка қолданысынан алған.

Бұл мәселедегі алып-қашпа әңгімелерден қаша отырып, мазмұны тамаша әрі ырғақты дыбыстарға шариғат шарттарының шеңберінде рұқсат етілгендігін, тіпті, құпталғанын айтуға болады. Жамағаттың мешітке көбірек келуіне тамаша дауысты азаншылардың себепші болғанын бәрі де біледі. Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) азан шақыртудағы мақсаты бұл мәселеден қарағанда ерекше маңызды. Мешіт-

ке қалай шақыру жайындағы кеңес жүріп жатқан кездерде, Садық (шын) түс арқылы аян етілген азанды үйреніп, Мұхаммед үмметіне алғаш Абдұллаһ бин Зәйд пен Хазіреті Омарға (радиаллаһу анһу) нәсіп болған еді. Осылай бола тұра Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу aлəйһи уә сәлләм) азанды оларға емес Біләлға (радиаллаһу анһу) шақыртып, сонымен қатар бізге де тәртіп тағайындаған. Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу aлəйһи уә сәлләм) атақты азаншысы Біләл Хабәшидің өмір бойы осы міндетті атқаруы дауысының тамаша әрі зор болуынан туындағанын айту қате болмас.

Табиғи түрде музыканың да басқа өнер сияқты, тек қана жақсылыққа дәріптейтінін айту мүмкін емес. Әсіресе, қазіргі кезде музыканың нәпсіқұмарлыққа жол ашатындығын көз алдында ұстай отырып, оны тұтастай дерлік жоққа шығарудың дұрыс еместігі де басқа бір ақиқат.

Бахауддин Нақшибәндинің (құддисә сирруһ) шәкірттерінің бірі Қожа Мисафир былай дейді:

«Қожа Баһауддин Хазіреттің қызметінде едім, бірақ, музыкаға құмар едім. Бір күні бірнеше шәкірттермен бірлесіп, музыка аспаптарын тауып, Қожа Хазіреттің мәжілісінде музыка ойнап, ол кісінің бұл мәселе жайындағы пікірін білгіміз келді. Оны істедік те. Қожа Хазірет бізге тыйым салған жоқ. Есесіне:

«Біз мұны жасамаймыз, бірақ жоққа да шығармаймыз!» - деді.

Шах Нақшибәндинің (құддисә сирруһ) бұл айтқаны нәпсіқұмарлыққа жол сілтейтіндерден абай болу керектігін меңзейді. Сондай-ақ қазіргі кезде бұл тепе-теңдікті сақтай алмаған кейбір топтардың тасаввуфтың негізінен алыстап, мәселені тек қана музыка деп түсінетіндігі байқалғандықтан бұл мәселеде абай болудың қаншалықты маңызды екендігі айқын аңғарылады.

ә. Сәулет өнері

Көркем өнердің ішінде ең көп дамыған салаларының бірі - сәулет өнері екендігінде күмән жоқ. Сәулет өнері - математи-

ка және геометрияның жүрек сезімдерінен шыққан талғамның бейнеленуі. Басқаша айтқанда, ой және рухани қабілеттердің бірлесіп, тас пен ағашта көрініс табуы деген сөз.

Тасаввуфтың сәулет өнеріне сіңірген еңбегі ерекше. Мысалы, Ислам тасаввуфының ұлылығын сезіну үшін Сүлеймание мешіті мен медресесін алып қарасаңыз, онда ислам рухының көрініс тапқандығын, көз тартар әсемдік пен руханияттың бірлескенін және тасаввуфи өрнектердің осы жерде шебер тәсілмен салынғанын айқын көруге болады. Мәселен, орта күмбез бен оның айналасына тамаша өрнек берілгені соншалық құрылыс, жерден бастап, біркелкі көтеріліп, ақыры да айбынды «Бірлікке» бас июде. Орталық күмбездің басқа күмбездермен үйлесімі тасаввуфтағы:

«Бірлікте көптік, көптікте бірлік» деген сырының тамаша көрінісі.

Сүлеймание кішкентай бөлшектерден әсем «Уахид» – ке, яғни, тек бір Аллаһқа баруды, сосын ол «Уахидтен» қайтадан кішкентай бөлшектерге айналуды бейнелейтін ерекше, мағына мен көркемдіктің жиынтығы іспеттес.

Сонымен бірге үлкен күмбез Хазіреті Пайғамбарды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бейнелейді. Өйткені, күмбез мешітте Құран Кәрім оқылғанда, дұға жасалғанда мүминдерге дыбыс жеткізумен Аллаһ Расулының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Ұлы Жаратушыдан алған әмірлерін үмбетіне жеткізгенін бейнелеп тұрғандай болады.

Адамның күш-жігері және қабілетмен бірлескен бұл теңдесіз мешіт көркемділік пен айбындылықта тамаша түрде байланысып, өте үйлесімді түрде салынған. Көкпен тірескен мұнараларымен мешіт бейне қолдарын көтеріп, Аллаһқа дұға етіп, жалбарынып тұрғандай.

Мешіттің ішіндегі атмосфераның адамға рухани әсері өте тамаша. Бұл теңдессіз ғибадатхананы зиярат етуге келген әр түрлі діндегі, көптеген адамдардың өзі рухани атмосфераның тартылысына бас иіп, тыныштық және шаттыққа бөленіп, рухани тынығады.

Риуаят бойынша Хазіреті Пайғамбардан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) түс әлемінде берілген бұйрықпен қуатталып салына бастаған бұл әсем ғибадатхана мен осы сияқты ғибадатханалар сәулет өнері жағынан қияметке дейін тұру ниетімен, мүмкіндігінше мықты және берік салынған.

Бір жағынан, тасаввуф мекемелері деп атауға болатын текке (дәріс және зікір үшін жиналатын жер), хұжра және қайырымдылық орындары ислам өлкелерінің көрінісіне ерекше мағына қосқан. Осы сияқты үлкенді-кішілі көптеген құрылыстар, көбінесе, қарапайымдылық, кішіпейділік, фәнилік сезімдермен көрініс тапқан, көп көзге түспейтін, тасаввуфи әдеп пен шарттардың орындалуына жетерліктей етіп салынған. Бұл құрылыстар заттармен безендірілген рухани көріністерге толы.

б. Көркем жазу (хұсни хат)

Көркем жазу - Құран Кәрімнің әріптерін эстетикалық жағына мән бере отырып, көркем түрде жазу дегенді білдіреді. Яғни көркем жазу - Құран Кәрімді өзіне лайық көркемдік пен өнер туындысынан шыққан рухани сезімдер болады.

Тарихта мешіт пен медреселер жазу өнерінің дамуында маңызды рол атқарған. Жазу өнері тасаввуфи ортадан ынталандыру, қолдау тапқаны сонша мұтасаввуфтардан көптеген көркем жазу ұстаздары шыққан және шәкірттерін тәрбиелеген дәрісханалар болған. Өйткені, жазудың ою-өрнек сияқты, рухқа тартымды нақышпен, табиғи сарынмен жазылуы таза, пәк жүрекке ие болуды қажет етеді. Сонымен қатар, жазу өнерінде кемелдікке жету - үлкен сабыр мен ұстамдылықты талап ететін жұмыс. Мұнда үлгі алатын кәміл ұстаз қажет. Міне, осы ерекшеліктерге байланысты жазу өнері тасаввуфпен бірлеседі.

Мысалы, икемсіз және шыдамсыз адамдар бір шимай салса, ол шимай араның тістерін еске түсіреді. Тік бұрышты қисық сызықтар сияқты көрінеді. Өйткені, рухы сондай.

Тасаввуфтың мақсаты да нәпсіні тәрбиелеп, рухты нәпсінің арбауынан құтқарып, оған нәзіктік, сезімталдық және шаттық сыйлау. Міне, көркем жазу шеберлерінің рухани жан дүниесі шаттық, тыныштық және сезімталдыққа мұқтаж. Өйткені, көркем жазу - тек жазу өнері емес. Сонымен бірге, рухты сезімталдыққа баулып, көңілді рухани сезімдерге бөлейтін өнер.

Рухани қуат, өнерде үнемі ұлы адамдардың шығуына жол ашқан. Жазу өнерінің атақты ұстаздары Шәйх Хамидұллаһ, Қарахисари, Иесаризаде, Мұстафа Рақым және тағы басқалары тасаввуфи ортаның рухани тәрбиесімен кемелденіп өскен тұлғалар.

Тасаввуфи шаттыққа бөленген шеберлердің рухани көрегендігімен, жан пидалығын көрсететін мына бір мысал қандай ғибратты десеңізші.

Сүлеймание Мешітінің күмбезіне көркем жазулар жазу міндеті Хаттат (жазу шебері) Қарахисариге беріледі. Қарахисари жазуды мешіттің әсемдігіне жарасатындай етіп аяқтау үшін шексіз қажырлылықпен жұмыс істегені соншалық, соңғы сызықты сызып біткен кезде, көздерінің жанары таусылып, дүниені көретін терезесі жабылады.

Мешіттің құрылысы бітіп, құлшылыққа ашылатын кезде Қануни Сұлтан Сүлеймен хан:

«Мешітті құлшылыққа ашу салтанаты, оны осындай айбынды әрі көрікті етіп салған сәулетші Синандікі» - деді.

Өнерді алдымен кішіпейілдікті үйренумен бастаған Мимар (сәулетші) Синан ісіндегі теңдесіздігін, рухани кемелдігінде де көрсетіп, сол кезде, сызушы Қарахисаридің жанпидалығын ойлап, Сұлтанның айтқанына әдеппен жауап беріп:

«Тақсыр! Сызушы Қарахисари бұл мешітті жазулармен безендірген кезде көздерін пида етті. Бұл абыройды соған беріңіз!» деді.

Сонда Қануни сол жердегілермен бірге көзі жасқа толып, мешітті көркем жазушы Қарахисаридің ашуын бұйырды.

Жазу өнерінің дамуы және жалғасуы, өзіндік шарттарымен бірге, ұстанған рухани шарттардың арқасында болған. Сондықтан Құран Кәрім және Һилия-и Шәрифә (Пайғамбардың ұлық сипаттарын суреттейтін жазулар) жазу бір шың ретінде қабылданған. Дәстүр бойынша, тек жазу өнерінің шыңына шыққан өнерпаздар ғана Құран Кәрім мен Һилия-и Шәрифті жазған. Осылайша, бұл құнды мұралар рух пен көңілді баурап алатын тартымдылығымен бейне «Оқы!» бұйрығына қуанышпен әрі құштарлықпен бағынудың дәнекері болған.

Осындай ықыласқа толы түсінік пен қызметтің берекесі болған өнер ғана, ғасырлар бойы өзінің талапкерлеріне тегін үйретілген. Ортаға материалдық еш нәрсе кірмеген және көркем жазушы, осы жолдағы қызметін өнерінің зекеті деп санаған.

❀❀❀

Қысқасы, Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уәсәлләм):

«Аллаһ сұлу, сұлулықты да сүйеді...» (Мүслим, Иман 147) деген хадис шәрифінің қасиетінен өнеге алған әрбір мүминнің сұлулыққа көңіл бөлмеуі мүмкін емес.

Осы мағына бойынша, адам ішкі сұлулығын тәкәппарлық және менмендікке салынбай, діннің негізіне сай эстетикалық құндылықтармен көрсетуі табиғи құбылыс. Сол себепті, қай салада болмасын, Исламға сай барлық өнерлер тасаввуфи ортадан үнемі қуат әрі қолдау тапқан. Тәфәккүр мен жандүниеде тасаввуфпен байланысқан көркем өнер де ою-өрнектің үлгілерімен тасаввуфи құндылықтардың аясында, ерекше эстетикалық көріністер мен мағыналарға ие болған.

❀❀❀

Жүрек көзімен және оның рухани сезімталдығы болмай, тек қана ақылмен шексіз ақиқаттар әлеміне өту мүмкін емес.

5. ТАСАВВУФ және ПӘЛСӘПӘ

Пән ғылымдары жаратылыстар мен оқиғаларды жеке-жеке зерттеп, олардың ерекшеліктерін жалпы қағидалар ретінде түсіндіреді. Мұны «табиғат заңдары» деп атайды. Осы ғылымдардың бекіткен барлық үкімдерін қайтадан біріктіруге немесе одан да жалпы қағидалар белгілеп, бекітуге ат салысқан ғылым саласы, адамзаттық ой «философия саласын» құрайды.

Бұл жөнінен, ғылымдардың атасы ретінде қабылдаған философияның, ақиқатқа жету үшін жүгінетін құралы - ақыл. Әрбір философиялық ағымда ақыл, философияның тармағы «рационализмдегідей» бейне бір Тәңір дәрежесіне көтерілмегенімен, философтардың ақиқатты іздеу жолында сүйенетін құралы ретінде қабылданған.

Ал, Ислам болса, ақылды адамның жауапкершілігі үшін қажетті болған шарттардың бірі деп санайды. Сонымен қатар, оның ақиқатқа жету турасында жеткіліксіздігін мойындағандықтан, «ақыли» болып саналатын яғни, тек ақылға ғана сүйенетін философияға қарағанда, «нақылды» да негізге алады. Исламда «ерекше түсінік пен кемелдік ізденісі» деп те аталатын тасаввуфтың кейбір метафизикалық ақиқаттың арты-

на түскенімен, оның «ақиқатқа жету» шегіне дейін жалғасатын ой әрекеті нақылға (Құран мен Сүннетке) сүйене отырып орындалады. Яғни, тасаввуфи ойлардың шариғат үкіміне байланысты болуы, бұл ой тұжырымының «нақылды», яғни нақылға сүйенетінін қабылдауды қажет етеді. Ақыл – «насстың» яғни Құран мен Сүннеттің хикметін білу үшін қолданылуымен қатар, оның жеке әрекеті, ислами үкімдердің дұрыс болып саналуын реттей алмайды. Сол себепті, Исламда ақылдың толық пайдасы тию үшін уахимен тәрбиеленуі және еркінің осылайша шектелуі қажет. Осылайша жүрілген жол көрегендікпен аяқталып, рухани әрекетке байланысты қол жеткен ақиқаттардың заңды болып табылуы, немесе ұстаным табуы жалпы адамдардың қабылдауын қажет етпейді. Бұл ақиқатты жеткізу үшін:

«Көрегендердің көрегендігі басқаларға емес, өзіне ғана дәлел бола алады» - делінген. Сонымен қатар, ақылдың шыдамы мен қабілеті біткен жерде ақиқаттың да аяқталатындығын айту мүмкін еместігіне қарағанда, осы нүктеден кейін шексіздікке қарай жалғасып жатқан ақиқатқа жету пейілін жоққа шығара алмаймыз. Өйткені, бұл - табиғи құбылыс. Сол себепті, адамдар дінде болсын, діннен тыс ойлануда болсын ақиқаттың бұл бөлігіне немқұрайды қарап қалмаған. Метафизикалық мәселелерге байланысты философиялық ойлардың керемет бір жиынтық құрағаны белгілі. Бірақ, философтар тек қана ақылды қолданғаны үшін қайшылықтардан құтыла алмай, ортаға шыққан әрбір философ, өзінен бұрынғыларды сынап, оларды жоққа шығарудан бастаған. Мұнда «мен» деген сезімнің немесе нәпсілік пікірлерді алға тартудың ролы басым болғанына қарамастан, ең негізгі себеп - ақылдың қайшылықтардан құтыла алмауы еді.

❀❀❀

Расында ақыл пышақ сияқты. Адамға қылмыс та, салих-ізгі амал да істетеді. Адам «Ахсән-и Тақуимға» (адамның ең жоғарғы мәртебеге жетуі) ақылдың көмегінсіз жете алмайды. Бірақ, адамды көбінесе «бәл һүм әдаллға», яғни, түсінік жағынан хайуаннан төмен дәрежеге түсіретін де - ақыл. Олай болса,

ақылды сын тезіне салып, белгілі бір тәртіпке алынуы қажет. Ол тәртіп - уахидың тәрбиесі. Егер ақыл уахидың қарамағында болса, адамды дұрыс жолға жеткізеді. Ал, уахидың сыртында қалса, адамды пәлекетке душар етеді. Сол үшін ақылдың Аллаһ ризашылығына қарай бағытталуы ләзім.

Ақылдың шыңына шыққанымен істеген қиянаттары мен зұлымдықтары үшін ешқандай өкініш сезімі мен жан ашырлығы болмаған көптеген адамдардың баршылығы тарихи шындық. Өйткені, олар істеген зұлымдықтарын өздерінше ең ақылды әрекет деп сезінетін-ді. Осындай қан ішер залымдардың ең атақтыларының бірі болған Хулагу Бағдатқа басып кіріп, Дижлә өзеніне 400 мың бейкүнә адамды тұншықтырғанда ешқандай өкіністе болмай, ұждан азабын сезінбеген. Исламнан бұрынғы Мекке дәуірінде қожайын құлдарын бауыздағанда, ешқашан жүрегі сыздамайтын. Тіпті аз ғана да болса, өкініш сезімінде болмайтын. Бір құлды немесе бір ағашты кесу олардың назарында бірдей еді. Тіпті мұны заңды құқы ретінде көретін-ді. Мінеки, бұл адамдарда да ақыл бар еді, бірақ уахидың тәрбиесінде болмағандықтан ақыл адамды адастырып, сансыз қылмыстарға итермелеп, сонымен бірге мұнысын заңды етіп көрсетеді. Мұндай ақыл ұжданды өлтіріп, мейірім және жаны ашу сезімдерінің алдына перде болады.

Философтар барлық нәрсені ақылмен түсіндіруге тырысқандықтан, өздерін де, қоғамды да жолға сала алмаған. Егерде ақыл бүкіл істі атқара алатындай шамада болғанда, жол көрсетуші Пайғамбарлар қажет болмас еді. Сол себептен ақыл уахидың басшылығына мұқтаж.

Бұл ақиқатты аңғарған кейбір философтар ақылдың осы әлсіздігін мойындап, ақиқатты табу үшін басқа құралдарды іздеуге кіріскен. Осындай философтардың бірі - Француз философы Генри Бергсон (1859-1941). «Интуицияны», яғни сезімді ақиқатқа жеткізудің құралының бірі ретінде қабылдаған. Бұл сөз бұрынғылардың «сүнухат-и қалбия» (жүрек көрегендігі) деп атаған көрегендердің жүрекке тән әрекеттері деген сөз. Бергсон көптеген рухи жаттығулармен (тасаввуфта зікір т.б.) жүректен

тазарған діндарлардың жеткен рухани мәртебесін, жандүниесінде пайда болған ақиқаттарды, физикалық ақиқаттар сияқты зертханалық тәжірибелермен бақылауға алынбағандығын сылтау етіп, жоққа шығарудың орынсыз әрі қисынсыз екендігін алға тартқан. Тасаввуфи тәжірибелердегі сияқты абстракті (көзге көрінбейтін) ақиқаттардың зертханада тәжірибе етілмейтіндігін айтқан. Бұл да философияның аз бір бөлігінің дінге және сол орайда тасаввуфқа жылы қабақ танытқандығын көрсетеді. Философтардың басым көпшілігі, ақиқатқа жету үшін ақылдан басқа құралды қабылдамай, бір-бірін жоққа шығарумен уақыт өткізген. Керісінше, пайғамбарлар және олардың ізбасарлары іспеттес әулиелер үнемі бір қайнардан, яғни, уахи мен аян арқылы күш-қуат алғандығы үшін бір-бірін қуаттап отырған.

Ұлы Ислам ойшылы Имам Ғаззали (рахмәтұллаһи аләйһи) бұл мәселе жайлы:

«Философия тақырыбындағы түсінік, зерттеу мен сынау, салыстыру сатыларынан соң, бұл туралы қажырлы еңбегімді аяқтаған соң, алға қойған мақсатты орындау жағынан бұл ғылымның жеткіліксіз екендігін, ақыл жалғыз өзі барлық нәрсені түсінуге дәрменсіз екенін, оның әрбір мәселедегі перденi аша алмайтындығын түсіндім»-десе, Ғаззали ақыл мен мағрифат сатылары арасындағы ұстанымын Нәжіб Фазыл Қысакүрек бір еңбегінде: «Исламның дәлелі» деп аталған үлкен ойшыл... Ол ғылыми болсын, ой мен түсінік жағынан болсын, барлық ой-саналық істерін бір жаққа қойып, мағрифатқа (шынайы танымға) қарай бет аларында, «Барлық нәрсенің Пайғамбарлар Пайғамбарының рух фәйзін паналаудан тұратындығын, қалғанының бәрі өтірік, өсек, күмән және қиял екендігін көрдім! Ақыл болса түкке де тұрмайды... Тек қана бөгет!»» дегенін айта келіп, дүниеде теңдесі жоқ бұл дана бас барлық күмәндарын өшіріп, Пайғамбарлар Пайғамбарының рух фәйзіне жүгінді. Шексіздікке жол тартты» (Уәлилер ордусундан, 213б.) - деп сөзін тәмәмдайды.

Расында да, шектеулі ақылмен белгілі бір жерге дейін ғана жетуге болады. Бірақ, барлық ақиқаттың шегі осы ғана ма? Оның

ар жағында ешқандай ақиқат жоқ па? Міне, осы сауалдарға қанағаттанарлық жауапты, философияның материя түсінігінен жоғары, уахи қайнарынан нәр алғаны үшін пәлсапәдан толығымен бөлінген тасаввуфтың ғана жан дүниесінен табуға болады.

Адамды жаратқан әрі оның барлық ерекшеліктерін ең жақсы білетін Аллаһ Тағала қана. Сол себеппен ақыл ақиқат жолындағы саяхатында тек иләһи үндеудің саясында ғана жүруге мұқтаж. Сондықтан ақыл жете алған соңғы шектен кейінгі шексіз ақиқаттарды тамашалау үшін жүрек пен көрегендіктің іске қосылыуы ләзім. Өйткені рухани (жүрек) өмір және оның рухани сезімі мен сезімталдығы болмай, тек қана ақылмен шексіз ақиқаттар әлеміне өту мүмкін емес.

❁❁❁

Білу - тамашалау емес, хикметі мен сырын ашу.

Д. ИЛМИ НАФИ (ПАЙДАЛЫ ҒЫЛЫМ)

Білімнің тұлғаланып, пәк бір түсінікке орнығуын - **парасат** деп атайды. **Ариф** адам - өзіндегі білімнің тереңіндегі сыр, хикмет және иләһи көріністерді білген, яғни, парасат иесі болған адам дегенді білдіреді. Осы кемелдікке жете алмаған ғалымдарды, «Ғалым, ариф (парасатты) емес» - дейді. Ариф адамдардың білімі кітаптағыдай тұрақты әрі сақтаулы болады. Бұл қоймадағы дән сияқты. Ол дән тек топыраққа сепкенде ғана өсіп, жетіліп, таралады, көбейеді. Керісінше жағдайда, бұл мағлұматтар пікір тудыруға және санадан жүрекке кіріп, сезімдерді оятуға шамасы келмейді. Сол себепті, мұндай мағлұматтарды **кітап мағлұматы** (білімі) деп атайды.

Марқұм Маһир Из ұстаз жүрекке жетпеген білімнің нұқсан екендігін және осы нұқсандықты жоюдың шарасы рухани тәрбиеден өту екендігі жайлы былай деген:

Ғылымның ережелері мен көзқарастарын бір жерге жинақтау мүмкін емес болғандықтан, білімді зерттеуден тынбаумен қатар, нағыз ақиқатқа жетудің шарты ізденушінің тек ұстазынан алатын тәрбиесі арқылы жететініне сенемін. Міне, сол себепті, өзімді мағрифат көкжиегіне жету үшін Сами Хазіретінің фәйзіне байладым (яғни, еркімді әулие Самидің тәрбиесіне бердім)» (Ылыларын Ізі, 396 б.)

Рухани тәрбие арқылы жеткен жүрек кемелдігі, адам санасын білімнен тыс көкжиекке жетелейді. Мұны «**мағрифат**» - деп атайды. Бұған тек қана тасаввуфи жолдар арқылы қол жеткізуге болады. Адам бұл көзқарас көкжиегіне жеткен кезде, қанша үлкен ғалым болса да әлсіздігін мойындайды. Білімімен тәкәппарланудан және атақты болдым деген аурудан бойын аулақ ұстайды. Ақиқаттар жиынтығына ашылған ойы таңдану мен әлсіздік сезіміне толады. Ақылмен ойлаған кейін, білім тек сырттай тамашалау емес, сырдың бетін ашу керек екенін біледі. Білу – үлкен тәртіптің құпиясын ашу және иләһи сырларға қану дегенді білдіреді.

Хазіреті Мәуләнә адамның мәңгілік бақыты үшін қажетті болған Аллаһты тану ілімін білудің маңызын және бұған немқұрайлы қарағандардың өкінішті соңын төмендегі хикаяда тамаша бейнелейді.

«Бір наху (грамматика) ғалымы қайыққа мінеді. Жолда қайықшымен әңгімелеседі. Қайықшыдан әртүрлі сұрақ сұрайды. Ол адамның «білмеймін» дегенін естігенде, оған қарсы білімімен мақтану үшін:

«Обал-ай! Надандығыңнан өміріңнің жартысын босқа өткізіпсің» - деп оны мазақ етеді.

Жүрегі таза қайықшы қорлағанына көңілі қалса да, қарапайымдылық танытып, ғалымға үндемейді. Сол кезде қатты дауыл шығып, қайықты толқын итере жөнелді. Адамдар үрейленген кезде қайықшы грамматика ғалымына қарап:

«Ей ұстаз, жүзу білесіз бе?» - деп сұрайды.

Грамматика ғалымының түрі бұзылып, дауысы дірілдеп, тұтығып:

«Жоқ білмеймін!» - дейді.

Сонда қайықшы қайғылы үнмен:

«Грамматиканы білмегенім үшін менің жарты өмірім кетсе, сенің жүзуді білмегенің үшін барлық өмірің кетті. Өйткені,

кемеміздің бұл толқыннан құтылуы мүмкін емес. Ей, ғалым! Бұл дарияда грамматикадан гөрі, жүзу ілімнің пайдалы әрі қажет екенін білмейтін бе едің?» - депті.

Бұл хикаядағы грамматикалық білімінен мақсат дүниелік және теориялық ілімдер. Нағыз пайдалы білім - қажеттілікке жараған білім. Адамзатқа қажетті болғаны - тәнмен бірге рухтың мәңгілік бақытын қамтамасыз ету. Бұл Аллаһ разылығына қол жеткізумен болады. Аллаһтың разылығына, кәміл иман мен ізгі амалдар арқылы жүзеге асады.

Сонымен бірге, жоғарыдағы хикаядан түсінгеніміздей, бұл фәни, яғни тән кемесі өлім толқынында шайқалғанда, дүниемен қоштасар сәтте, қажеттілікке жауап бере алмайтын, пайдасыз, парасатсыз, рухсыз білімдердің пайдасының болмайтындығы түсіндірілуде.

Олай болса, ажал келмей тұрып барлық білімдерді Аллаһ разылығына себеп боларлықтай сипатқа айналдыру керек. Өйткені, тән кемесі өліммен қираған сәтте топырақ астындағы тәннің рахатына жарайтын білімдерден көмек болмайды. Ол сәтте «таза жүрекке» қажеттілік бар. Жүрек ажал келмей тұрып, нәпсінің бөгетін асу арқылы бұл сипатқа ие болуы керек. Бұл дәрежеге жете алмағандаар терең дарияға тұншығудан құтылмайды. Нәпсіні тәкәппарлықтан, мақтаншақтықтан және өзімшілдіктен құтқарған адамды, дария сияқты бұл жаңа әлем мойнына мінгізеді. Оны түрлі апаттардан құтқарады. Бұл мағынаны ашу үшін:

مُوتُوا قَبْلَ أَنْ تَمُوتُوا

«Өлмей тұрып - өліңдер!» деген насихатқа көңіл бөліп, жандүниеміздегі нәпсінің құмарлығын азайтуға тырысуымыз керек. Нәпсінің құмарлығын азайту үшін, адамның өзін сын тезіне салып, жауапқа тартуы қажеттігі жайындағы:

حَاسِبُوا قَبْلَ أَنْ تُحَاسِبُوا

«Иләhи сотта жауапқа тартылмай тұрып, нәпсілеріңді жауапқа тартыңдар!» - деген ескертуді де естен шығармау керек.

❀❀❀

Риуаят бойынша бір ғалым былай әңгімелейді:

Келбеттерінен нұр шашқан жамағаттың ішінен Имам Ғаззалиді көрдім. Үстінде жамаулы киім, қолында құманы бар еді. Оған:

«Ей, Имам! Бағдаттағы Низамия медресесінің ұстазы болу бұдан жақсы емес пе?» - дедім.

Ол маған тесіле қарап тұрып:

- Бақыттылықпен толған ай көк аспанда туғанда, күні даналықпен ғашыққа қауышудың жолын көрсеткені үшін осылай істедім» - деді (Мұхаммед, Б. Абдұллаh әл-Хани, Әдеп, 9 б.).

Сол себептен адамның дүние мен ақыреттегі бақытқа жетуіне ықпал ететін білім - Аллаhты ең кемел түрде жүрекпен тану. Осы білімнен туған ақыл, ұжданмен салих амалдарды кәміл түрде орындау. Өйткені, бұл сезім, көрегендік пен түсіністік болмаған жағдайда да пайдасы болатын барлық білімдердің материалдық және рухани жақтан болатын көптеген зиянды нәтижелері жойылмайды. Сол үшін пайдалы ілім дегеніміз, негізінде түсінік пен көрегендік мәселесі. Ол болмайынша білімдерден пайдалану мүмкіндігі жүзеге аспайды. Керісінше, жамандыққа себеп болады. Бұл жағдайдан жол табудың шарасы - пайдалы ілім деп аталған рухани кемелдік пен қасиеттерге ие болу.

Демек, пайдалы ілімнің кемелдігінен құр қалған адам, мәселен, заң білімін оқығаннан кейін, хақ пен әділдікті орнатудың орнына, бір баскесерге, медицина білімін алған адам, шипа таратудың орнына, адам өлтірушіге айналады. Білімділігіне қарамастан мейірім мен сүйіспеншіліктен жұрдай басқарушы, қол астындағыларға тек қана у шашады. Мұндай адамдар наданның тигізе алмайтын зиянын білімінің арқасында, оп-оңай тигізе алады.

Бұл жайлы Юнус Әмрә Хазіреті:

Білім алудан мақсат -
Адамның Хақты тануың!
Не оқығаныңды білмесең -
Босқа еңбек етуің! -деп қандай жақсы айт-қан. Демек, әрбір адам, дүние мен ақырет жетістігіне жету, рухани және материалдық жақтан даму үшін әр түрлі ғылымдармен айналысқан кезде, алдымен пайдалы білім мен терең ойдың кемелденуі мұқтаж.

Адамды тәкәппарлық пен менмендікке жетелейтін, ақырында, рухани әлсіреуге апарып соғатын білім бар. Ол сырттай қарағанда пайдалы әрі жақсы көрінетін нәрселерден тұрғанымен, шындығына келгенде зияннан басқа ешнәрсе емес? Сол үшін Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм), Хақ Тағаладан пайдалы білім сұраған. Мәселен,

«Уа, Раббым! Сенен пайдалы білім сұраймын! Пайдасы жоқ білімнен саған сиынамын!» - (Мүслим, Зікір 73) деп жалбарынатын-ды.

Міне осылайша, тасаввуф білімінің негізі болып саналатын пайдалы ілім - адамды нәпсісін тәрбиелеуге, тақуалыққа және ихсанмен (Аллаһты көріп тұрғандай құлшылық ету) безендіруде. Мұндай адамдардың ілімі мағрифат болып саналады.

Бұл жайлы Хазіреті Мәуләнә:

«Бұл дүниедегі ғалымдар, саласына қарай геометрия, астрономия, медицина және философияның сырларын біледі. Бірақ, бұлардың барлығы көзді ашып-жұмғандай өтіп кететін мына фәни дүниеге ғана байланысты ілімдер. Бұлар адамға жеті қат көктің үстіне, яғни, миғражға шығып жол көрсете алмайды».

«Аллаһтың жолын және ол жолдың барар жерінің білімін нәпсісіне құл болған надандар білмейді! Аллаһ жолының білімін, тек қана, көкірегі ашық парасаттылар ғана ақылдарымен емес, көңілдерімен біледі!» - дейді.

Пайдалы ілімнен, яғни, ілімдегі рухани кемелдіктен кенде адамдар не үйренсе де, ең үлкен ақиқат болған Хаққа қауышудан

мақрұм қалады. Ілім тек құлақ пен зейін арқылы жүрекке еніп орныққан жағдайда ғана иесін жақсы көріністерге жеткізеді. Міне осындай ілім ғана сырттан ішке кірген соң тамаша ахлақ, салих амал және Аллаһтан қорқуға айналады.

Аллаһ Тағала аят кәримада:

«(Расулым) **айт: Раббым, ілімімді арттыр!»** (Таһа сүресі 144-аят) - деп айт дейді.

Бұл арту - құлдың тақуалық пен қорқу сезімдерінің өсуі арқылы болмақ. Құран Кәрімде тағы:

إِنَّمَا يَخْشَى اللّٰهَ مِنْ عِبَادِهِ الْعُلَمٰۤؤُا

«Құлдар ішінде тек ғалымдар ғана Аллаһтан (лайықты түрде) **қорқады»** (Фатыр сүресі 28-аят) - дейді.

Пайғамбарымыз да (саллаллаһу aләйһи уә сәлләм):

«Араларыңда Аллаһтан ең көп қорқатындарың (ең тақуаларың) және оны ең жақсы білетіндерің менмін» (Бұхари, Иман 13; Әдеп 72) - деген.

Демек, ілім көңілге жетпей, иесін Аллаһ сүйіспеншілігі мен қорқынышына бөлемеген болса, ол сырттай ғалым аталғанымен, ақиқатында ғалым болып саналмайды.

Имам Ғаззали (қуддисә сирруһ) тек қана дүниелік ілімдермен айналасып, «бос сөзбен» өмірін таусып, Раббысин ұмытқан адамдарға былай дейді:

«Ей, ұлым! Кәлам, логика, әдебиет, өлең, лексика, грамматика және т.с.с. ілімдерді парасыттылыққа жеткізе алмаған болсаң, саған қандай өкініш! Аллаһтың (жәллә жәләлүһү) Өзіне ғана құлшылық етсін деп берген өмірін босқа өткізуден басқа қолында не қалды?»

Адамды Хақ Тағаланың алдында қасіретке душар етіп, Жәннат пен Аллаһтың жамалына қауышуға бөгет болмайтын ілімнің қандай керегі бар? Адамды соңында Ібіліс, Бәлғам бин Баура және Карунға ұқсататын және оларды тәкәппарлық, мен-

мендік, үстемдік көрсету арқылы соңында Хақ Тағалаға бас көтеру сияқты жаман сипаттарымен толтыратын ілімді пайдалы ілім деуге бола ма? Жоқ! Бұл туралы Ислам ұлылары:

«Ілім - ұғу дегенді білдіреді. Ұқпағанша ілім іске аспайды. Бұл түсініктің соңы - Аллаһты тану. Бұл жағынан мағрифатұллаһ (Аллаһты тану) - барлық ілімдердің негізі. Ілімдер осы ілімге (Аллаһты тану) жақындығына қарай құнды болады...» - деген.

Ал Хазіреті Мәуләнә:

«Өнерлі және білімді адам жақсы көрінеді. Бірақ, Ібілістен ғибрат алып, оған көп мән берме! Өйткені, Ібілісте де білім бар еді. Бірақ, ол Адамның топырақтан жаратылғанын, сыртқы жүзін көріп, оның ақиқатын көре алмады».

«Қаншама ілім, ақыл мен түсінік бар. Бірақ олар ақиқат жолындағыларға, адамға пәлекетке түсіретін жыртқыштай қарайды. Жолын тосады. Сол үшін Жәннаттықтардың көбі философтардың қаупінен сақтана алатын, таза және көңіл көзі ашық адамдар. Ей ғапыл! Тәкәппарлықтан аулақ бол. Қажетсіз нәрселерді таста. Сонда ғана саған әр сәт иләһи рахымшылық жауады» - дейді.

Адам тек ақылымен ғана ақиқатқа жете алмайды. Өйткені, әлемді ақылмен зерделеген кезде сансыз құпияларға тап болады. Ақыл дүние істерін атқаруда пайдалы. Бірақ, иләһи уахидан рухани қуат (фәйз) алмаған жағдайда, ақиқат жолында жеткіліксіз болады. Ақиқатқа жету - ақылға қосымша иман және сүйіспеншілікпен болады. Уахимен тәрбиеленген таза ақыл ақиқат жолында құлды үлкен биікке шығарады. Оның арғы жағындағы сыр мен хикметті түсінуге тек көңілдің қанатымен ғана жетуге болады.

Ақиқат пен сырлар әлеміне кіруге ақылдың ролы тар есік сияқты. Сонымен қатар, онсыз парасаттылыққа жету мүмкін еместігі сияқты, ақылсыз адам да «парасатты» болмайды. Алайда ақылдың жеке өзі иесін «парасаттылыққа» жеткізе алмайды.

Дінді ақылдан ұзақ кәміл түрде түсіну мүмкін емес. Өйткені, ақыл баспалдақ. Сол жерден сүйіспеншілікке аттау керек. Хазіреті Мәуләнә бұл асулардан асу үшін:

«Мұстафаның алдында ақылыңды құрбан ет!» - деген.

Хаққа баратын жолда ақыл жеткіліксіз болған соң, көңіл шаттығына қажеттілік бар.

Барлық Аллаһ достары бұл жаратылыс теңізінен ғашықтық-пен жүзіп өткендерін айтады. Сондай-ақ, олардан ақиқатқа жетудің иләһи махаббатынан шыққан ғашықтық жырларын көптен естиміз. Олардың назарында бұл жалған дүниенің құны жоқ. Өздерін ұмыттырған ғашықтық қуанышы оларды баурап алған. Сол себепті, үнемі шынайы мақсатқа талпынады. Аллаһтың әулие құлдары – көркем ахлақ үлгісі болған пайғамбарлардың нәпсіні тәрбиелеу міндеттерін, адамзаттың ішінде, алдымен өз нәпсілерін тәрбиелеп, сосын соңындағыларға үлгі болу арқылы тамамдаған рух әлемінің дара тұлғалары.

Жүрек көзі ашылған мүмин әр жерде Раббысының иләһи көріністеріне куә болады. Бұл - бір керемет (әулиенің қолынан табиғат құбылысынан тыс іске асқан төтенше істер) емес, парасаттылық пен көрегендікке айналған білім. Көңілдегі шынайы ғашықтықтың жемісі. Хақ достары иләһи ғашықтықтың берген көрегендігімен әлемді иләһи құдіреттің көрінісі ішінде көреді. Адамды, заттарды, әлемді өзіндік сыры және ақиқатымен көреді.

Білім жүрекке қадалған тәкәппарлыққа себепші тікен болса, оның мақсаты болған гүлден қандай хош иіс сезе алады?! Желдің, өзеннің, таулардың тілін түсінбеген, гүлдерден, ағаштардан, бәйшешектерден, қасқырдан, құстардан ғибрат алмағандар үшін өмірдің не мәні бар?! Олар ұсынған иләһи өнерді сезбеу, жүректің кемелденбегендігінің белгісі.

Сағди Ширази көңілді хикметке бағыттап, пайдалы ілімге былай шақырады:

«Көзі ашық адамдар назарында ағаштардың жасыл жапырақтарының өзі бір дастан. Әрбір зәррә Аллаһ Тағаланың иләһи өнерін паш етіп тұрған жоқ па?»

Әлем - иләһи сүйіспеншілік бастауынан төгілген көрініс іспеттес. Адам деген құпия - иләһи сүйіспеншіліктің кәміл көрінісі. Адам баласын дүниеде кемелдендіретін - пәк сүйіспеншілікке ие жүректің болуы. Халлаж таспен ұрылып қуылғанның өзінде кәміл жүрек іздеді. Гүл лақтырғанға ренжіді. Осылайша өмірдің өтті.

Сондай-ақ, әлемдегі әрбір зәррә әр сәт бізге иләһи сүйіспеншіліктен жаңа хабар мен сәлем береді. Бесіктегі сәбидің күлгенінен, бір көбелектің қанат қаққанынан, бұлбұлдың сайрағанынан, көктемнің түрлі түс пен хош иістеріне дейін барлық нәрсе иләһи сүйіспеншіліктің мың бір түрлі көрінісі емес пе? Демек, пайдалы ілімнің ең тамашасы әлем деген илаһи кітапты көңіл көзімен оқу. Әлемнің хикмет, ғибрат және иләһи көріністер екендігін түсіне білу. Сондықтан да Аллаһ Тағала аят кәримада:

«Біз көктерді, жерді және осылардың арасындағыларды ойын және ермек болсын деп жаратқан емеспіз» (Дұхан сүресі 38-аят).

«(Ей, адам баласы!**) Сендер өздеріңді бекер-босқа жаратты, біздің алдымызға қайтарылмаймыз деп, ойлайсыңдар ма?» -** (Мүминнун сүресі 115-аят) - деген.

Осыған орай, әрбір ілім адамды жаратылу мақсаты бойынша ғибрат пен хикметке апаруы керек. Әлемдегі иләһи салтанатты тамашалап, нағыз Өнерпазға жеткізуі ләзім. Аллаһ Тағала табиғатты рухты ашатын хош иісті, түрлі-түсті гүл-бәйшешектермен безендірген. Ең түсі суық адамның өзі бұларды көргенде рухына шағылысып, жүзінде күлкі байқалады. Міне, өсімдікті зерттейтін ботаника ілімінің өзінде, пайдалы ілімнің кемеліне жеткен мүминнің жүрегі, бүкіл адамзаттың жүзінде күлкі үйіртіп, гүл бақшасына айналады.

Иләһи өнердің көрініс тапқан екінші бір сырлар қазынасы адамның тәні. Бұл қазынаны ашып, ілімін пайдалы халге әкелген дәрігер, иләһи құдірет алдындағы қайрандығы мен қолындағы науқасты жаратушысына деген құрметі арқылы кішіпейіл, мейірімді және мүләйімдікпен қарау парасатына ие болады.

Екінші жағынан бұл көкжиекке жете алмаған адам, білім және дүниелік дәрежеде шыңға шықса да, кем болып табылады. Өйткені, білімнің мәні дүние мен ақыретте пайдасы тиетін жүрек кемелдігімен, ахлақи мәртебемен өлшенеді.

Осылардың барлығынан түйетініміз - пайдалы ілімнің жолы рухани ерекшеліктердің көңілде орын алумен болады. Яғни, нәпсінің рия, тәкәппарлық, мақтаншақтық, менмендік, атаққұмарлық т.б. барлық жаман қасиеттерден тазарып, осының нәтижесінде көңілдің тақуалық, шынайылық, мейірімділік, сабырлылық, шүкіршілік, кішіпейілділік, қанағат, шындық ұстамдылық, Хақ Тағалаға тәуекел ету сияқты Мұхаммеди ахлақпен безенуі керек.

❀❀❀

Пайдалы ілімнің өсіп жетілуін арнасы мен орнын Имам Раббани Хазіреті қысқаша былай баяндайды:

«Ей, діндес бауырларым! Бәрімізге ең алдымен қажетті нәрсе - сенімімізді Кітап пен Сүннетке қарай түзету. Бидғатшылар мен адасушылар, өздерінің қате сенімдерін Кітап пен Сүннетке сай деп ойлады. Алайда, олардың сенімдері Хақ пен ақиқаттан жер мен көктей алыс».

Осыдан кейін діннің үкімдерін, адал мен арамды, парыз бен уәжібті, сүннеттерді білу және оларды салих амалдар деңгейінде орындау керек болады. Бірақ, бұлардың барлығын кәміл түрде орындау үшін әр уақыт жүректі тазартып, нәпсіні жамандықтардан арылтып отыру керек. Өйткені, сенім дұрыс болмаған жағдайда діни үкімдерді білудің, оны білмеген жағдайда амал етудің, амал етпеген жағдайда жүректі тазарту мен нәпсіні жамандықтардан арылтудың, тазарып, арылу болмаған жағдайда сенімнің, амал мен білімнің ешқандай пайдасы болмайды.

Міне, осы негіздерден құралған арнада жасалатын білім мен іс-әрекеттер пайдалы ілімнің шеңберіне кіріп, мағрифаттың мәніне ие болады.

Ей, Раббымыз! Біздерді үнемі пайдалы іліммен ризықтандыруыңды сұрап, әр түрлі пайдасыз ілімнен саған сиынамыз! Бізді ілімімен амал еткендерден қылғайсың! Ілімін парасатқа айналдырып, мағрифатұллаһтың ғарышына көтерілген, сөйтіп, осылайша миғражыңа қауышқан бақыттылардан ете гөр!

Әмин!

ЕКІНШІ ТАРАУ

ТАСАВВУФИ ТӘРБИЕ

(Сәйрү Сүлук)

А. НӘПСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАЗАРУЫ

1. Нәпсінің мәні

2. Нәпсінің тазаруы

3. Нәпсінің мәртебелері

а) Нәпсі Әммара

ә) Нәпсі Ләууәмә

б) Нәпсі Мүлһәмә

в) Нәпсі Мүтмайннә

г) Нәпсі Радия

ғ) Нәпсі Мәрдия

д) Нәпсі Кәмилә

Ә. ЖҮРЕК ЖӘНЕ ОНЫҢ АҒАРУЫ

1. Жүректің мәні

2. Жүректің түрлері

3. Жүректің ағаруы

а) Адал тамақ

ә) Истиғфар және дұға

б) Құран оқу және үкімдеріне мойынсұну

в) Құлшылықтарды беріліп орындау

г) Түнде құлшылық ету

ғ) Аллаһқа зікір ету және мұрақабә (өзін қадағалау)

д) Расулұллаһқа махаббат және салауат шәриф

ж) Тәфәккүр-и мәут (өлімді ойлау)

з) Салих және турашылдармен бірге болу

и) Жақсы ахлақ иесі болу

4. Таза жүрекпен әлемге қарау

Б. ТАСАВВУФИ ТӘРБИЕНІҢ НЕГІЗДЕРІ

В. КӘМІЛ МҮРШИД (*жол көрсетуші*) ЖӘНЕ ИРШАД ТӘСІЛДЕРІ

1. Кәміл мүршид

2. Иршад тәсілдері

а) Махаббат-Рабыта (байланыс)

ә) Сұхбат

б) Қызмет

в) Назар аудару

г) Дұға

Г. ТАСАВВУФИ ТӘСІЛ

1. Һидаят және рахмет тәсілі

2. Жұмсақтық пен мейірімділік тәсілі

«Нәпсісін тиған сөзсіз құтылды» (Ағлә сүресі 14-аят)

ТАСАВВУФИ ТӘРБИЕ

(Сәйрү Сулук)

Тасаввуф - Хазіреті Пайғамбарға мирасшы болған нағыз тәрбиешілердің қолында, нәпсіні тәрбиелеп, жүректі тазартатын рухани мектеп.

Адамдар қабілеттеріне байланысты әртүрлі дәрежеде жаратылған. Сондықтан тасаввуфтағы тәрбие дәруіштің рухани қабілет жаратылысына қарай іске асады. Адамның жаратылысын толықтай өзгерту мүмкін емес болғандықтан дәруіш те иләһи бұйрықтар бағытында тәрбиеленіп, жүргізілген бағытқа қарай кемелденеді. Шариғат жалпыға бірдей қағидалар қойса, тасаввуф дәруішке бейне нөмірлі көзілдірік сияқты, адамнан адамға ауысатын түрдегі тәрбиелік тәсілдерді қолдану жолын ұстанады. Осы ерекшелігі себебімен бұл екеуінің арасында қайшылық бар деп ойлау қате. Өйткені, тасаввуфпен шариғат байланысы циркулға ұқсайды. Циркульдың тұрақты аяғы - шариғат, ал қозғалыстағы аяғы – тасаввуф болады. Бұл екі аяқтың арасындағы қашықтық болса, адамның жаратылысы мен қабілетіне қарай азайтылып, көбейтіліп тұрады.

Екінші жағынан, тасаввуфтың осы нәзік құралдары Аллаһтың бұйрығы мен тыйымына толық мойынсұнған адам үшін жүреді. Сол себепті нағыз мұтасаввуфтар сыртқы дүниесін дұрыстап, ішкі дүниесін тәрбиелеген адамдар болып табылады. Олар сырттай кемелдікті іштей де жетілдіруге тырысады. Өйткені, сырттай кемелдену маңызды болғанымен, ең негізгісі ішкі дүние, яғни жүректің кемелденуі. Амалдар ерік-қалаумен іске асса да, ерікке бағыт беретін құбылыстың көбінесе сезім екендігін ұмытпаған жөн. Сезімнің орны болса жүрек екендігінде дау жоқ.

Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) рухани тәрбиеде ұстанған нәзік дәстүрлерінің бірі - алдындағы адамды ренжітпеуі. Тіпті, кемшіліктің өзін өзіне балап айту арқылы, ескерту жасауы еді. Түрлі себептермен, *«Маған не боп қалды? Сендерді басқаша көріп тұрмын ғой»*[1] - деп келетін сөздері мұның айқын дәлелі болып табылады.

Бұл сезімталдық пен нәзіктік шарттарына мойынсұнған сопылар кемшілікті өзіне, жақсылықты басқаға телуді дәстүрге айналдырған. Олар сыртқы көрініспен ғана емес, көбінесе жүрек тазалығымен, жүрек тәрбиесімен айналысқандықтан, күнәһарлардың өзіне мейірім, кешіріммен қараған. Өйткені, олар күнәһарларды айыптаудың артына түскен емес, күнәдан арылтудың үмітімен күн кешкен жандар. Сол себепті, адамның жағымсыз жақтарын түзетуден бұрын, сұхбаттың фәйз және берекетімен олардың жүректерін жұмсартып, тазартуға дайындайды. Нәпсідегі ашу мен ыза дауылын тоқтатып, өкініштің тәтті самалының есуіне жағдай тудырады.

Юсуфтың (аләйһиссәләм) Мысыр сұлтаны болғаннан кейін, кезінде өзін өлтірмекші болып, құдыққа тастаған ағаларының сұраған жәрдемін беруі және оларға өзін жасырып, танытпай, сый-сияпат көрсетуі жүрек тәрбиесінің түсініктер жетпейтін ұлы көрінісі. Өйткені, ол сол кезде қолындағы күш-қуатымен, салтанатының арқасында ағаларынан қалайда өш ала алатын еді. Бірақ, ол кемшілікті бетке басып көңіл қалдырудың емес, жамандықтың өзіне жақсылық көрсетудің, кемшіліктер мен қателіктерді жасырудың, өзіне істелгендерді Аллаһтың ризалығы үшін ұмытудың биік шыңына жеткен дара бір тұлға еді. Аят кәримада Аллаһ Тағала Юсуфтың (аләйһиссәләм) бауырларына жасаған қайырымдылығын былай баяндайды:

«(Юсуф) **айтты:**

«Бүгін сендерді кінәлау жоқ. Сендерді Аллаһ кешірсін! Ол мейірімділердің мейірімдісі» (Юсуф сүресі 92-аят).

[1] Мүслим, Салат 119; Әбу Дәуіт, Хатем 4; Әдеп 14

Юсуфтың бұл керемет әрекеті нәтижесінде бауырлары да өкініш білдіріп, тәубе етті. Юсуфтың (aлəйһиссәләм) үстемдігін қабылдап, хақ жолда екендігін мақұлдады. Сөйтіп талап етілген нәтиже іске асты.

Төмендегі мына бір мысал бұл тәрбиелік тәсілдің тағы бір көрінісі:

Бір топ надан жастар Дижлә өзенінің жағасында арақ ішіп, көңіл көтеріп жатады. Атақты Хақ досы Мағруф Кәрһи (құддисә сирруһ) сол жерден өтіп бара жатады. Істеп отырғандарынан ұялғандары үшін Шәйхтың өздеріне қарғыс тілейтінін ойлаған олардың көңіл күйі қашады. Сол ашумен біреуі шыдай алмай Шәйхты мазақтап:

«Ей, Шәйх! Қане, тұрма, бізді Дижләнің тасқынына батуымыз үшін дереу қарғыс айт!» - деді.

Мағруф Хазірет ешқандай реніш білдірмей, мейірімділікпен қолын көтеріп:

«Уа, Иләһым! Бұл жігіттерге дүниеде тамаша тірлік бергенің сияқты, ақыретте де сондай тірлік (өмір) бергейсің» - деді.

Бұл әрекетті күтпеген жігіттер:

«Ей, Шәйх! Сіз не деп тұрсыз! Бұл сөздің мағынасын түсіне алмадық!» - десті.

Ықыласының күштілігі арқасында сөздеріне Аллаһ тарапынан әсер ету күші берілген Маруф Кәрһи Хазіреті былай деді:

«Балаларым! Хақ Тағала ақыретте тірлік бергісі келсе, тәубе етулеріңді нәсіп етер».

Жігіттер хазіреттен күтпеген бұл жанашырлығы себебімен аз уақыт ойланғаннан кейін өкініш пен нәпсісін есепке тарту халі оянды. Сөйтіп, көздері ашылып, өкінішпен ішімдіктерін төгіп, тәубе етті. Екі дүниенің бақыттылығы мен сәлеметінен талапкер болды.

Жоғарыда айтылғандай тасаввуфтағы жүрек тәрбиесінің екінші бір ерекшелігі - тәрбие тәсілін әр адамның жараты-

лысына қарай қолдануы. Тариқаттардың түрлі тармақтарға бөлінуі жаратылыстағы айырмашылықтарға қарай тәлім-тәрбие тәсілінің қажеттілігінен туындаған. Мысалы, көбінесе ақ жарқын жаратылыстағы адам Қадири тариқаты ұстанған тәсілмен оңай көтеріледі. Ақын, өнерпаз және романтикалық жаратылысты адамдар Мәуләуи тариқатында шаттыққа бөленеді. Орнықты және салмақты жаратылысты адамдар болса, Нақшибәнди тариқатын өздеріне лайық деп тауып, сол жолдың тәлім-тәрбиесіне оңай көніп, кемелденуге мүмкіндік табады.

Жаратылысты жоққа шығару мүмкін емес. Кәміл мүршидтер де сәликтердің (дәруіш) жаратылысындағы қабілеттердің нәпсілік арнаға ағуына бөгет болып, оларды ұлы мақсаттарға бағыттауға міндетті. Олар әрбір талапкердің рухани әлемдегі өзіндік ауруына шипа болатын ерекше дауа ұсынады.

Жәһилия арабтары қыз балаларын тірідей көметін тас жүректі адамдар еді. Олар хақ тек қана күштінікі, әлсіздердің сүйеніштері, тұрағы және панасы жоқ деп білетін, мейірімнен нәсібі болмаған қауымның адамдары еді. Бұл қоғам һидаятқа жетіп, Аллаһ Расулының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) рухани тәрбиесімен жарқырап тұрған жұлдыздар сияқты дүниенің ең тамаша адамдарына айналды. Олар Аллаһ пен Расулына деген махаббатын жүректерінде әр сәт жаңартумен қол жеткізген сергектік саясында шынайы ғибадатқа жетті. Олардың дастандары қияметке дейін мұсылмандар аузынан түспейтін, баршаның көңіл әлемін нұрландыратын мақтаулы ахлақ үлгілері болды. Сөйтіп мұсылмандар оларды бастарының тәжі етіп, «Асхаб Кирам», яғни қадірменді сахабалар деп атады.

Асхаб Кирам Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тәрбиесінде биік рухани дәрежеге жеткені соншалық, Абдұллаһ бин Мәсғуд (радиаллаһу анһу) бұл жағдайды:

«Біз тамағымыздан өткен тамақтың тәсбих еткенін еститін жағдайға жеткен едік!» - деген (Бұхари, Манақиб 25) сөздерімен жеткізген.

Міне, осындай тасаввуф - Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ағартуы мен тәрбиесінің арқасында абзал сахабалар жеткен осы рухани дәрежелерден нәсіп ала білудің ерекше жолы. Яғни, Хазіреті Пайғамбарға ізбасар болған нағыз тәрбиеші ұстаз, пірлердің қолында тасаввуф - нәпсіні тәрбиелеп, жүректі сафтандыратын рухани мектеп. Осы рухани тәрбие мектебіне кіріп, кәміл адам болу жолында сатылардан асуды да «сәйрү сүлук» деп атайды.

❁❁❁

А. НӘПСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӘЗКИЕСІ (ТАЗАРТЫЛУЫ)

1. НӘПСІНІҢ МӘНІ

Аллаһ Тағала адам нәсілінің атасы болған Адамды (аләйһиссәләм) жаратылыстың ең абыройлысы етіп, жәннатта жаратқан. Бірақ, Хақ Тағала Хазіреті Адамды оның нәсіліне сыйлаған абыройының қажеттілігі бойынша, жәннатта тұруының сый ретінде емес, құн төлегендей, еңбек еткені үшін берілген жүлде ретінде болуын қалаған. Осы иләһи қалаудың орындалуы үшін Адам (аләйһиссәләм) мәлім зәлләға (пайғамбар қателігі) душар болып, көріністегі осы себеппен негізгі отаны жәннаттан шығарылып, бір сынақ әлемі болған - осы дүниеге жіберілген.

Хазіреті Адам мен нәсілінің қайтадан жәннатқа оралуының бір жүлде ретінде көрініс табуы үшін, адамның қиыншылықтардан өтуі қажет болған.

Міне, осы себеппен Хақ Тағала басқа жаратылыстардан ерекше Хазіреті Адам мен оның ұрпағын қарама-қайшы көріністерге ие еткен. Осының нәтижесінде адамдардың, төменгілердің ең төменгісі деген мағынадағы **«әсфәл-и сәфилин»** және жоғарылардың ең жоғарысы деген мағынадағы **«ала-йы ил-**

лийн» арасында өз іс-әрекеттерімен қол жеткізетін орында болуын мұрат еткен. Яғни, жаратылыстың ең абыройлысы болған адам өз жаратылысындағы күшпен һәм осы күшін жақсылық пен жамандыққа қолдануға берілген азғантай еркімен **«бәл һүм әдалл»**, яғни «хайуаннан да төмен» бір орын мен «періштелерден де жоғары» бір дәреже арасындағы орнын алады. Бұл - құлдың жігері мен жаратылысындағы, жағымды және жағымсыз бейімділіктер арасындағы күрестен шыққан нәтижеге қарай іске асады. Міне, адам баласы жағымды қасиеттермен безендіріліп, оған жағымсыз бейімдіктердің берілуі міне осы хикметке байланысты болған.

Тасаввуфи түсінік бойынша, адам баласында бірге орын алған жағымды және жағымсыз бейімділіктер «хайуани рух» пен «сұлтани рух» - деп аталатын орталықтардан шығады.

Хайуани рух - адамның өмір сүруінің жалғасуын қамтамасыз ететін, биологиялық жаратылысына үкімін жүргізетін тылсым күш. Оны «жан» немесе «нәпсі» деп те атайды. Ұйықтап жатқан адамға хайуани рух үкімін жүргізгендіктен, биологиялық әрекеттердің көбі осы кезде еріксіз түрде жалғасады. Сұлтани рух болса, оянған сәтте қайта оралу үшін ұйықтаған адамнан шығып кетеді. Тәнді әрекет еттіретін, сөйлететін, қысқасы, әр түрлі әрекетті орындауға себеп болатын, тек өлген кезде тәннен шығатын рух – осы хайуани рух. Орталығы ми мен жүрек. Ол тәннің барлық мүшелеріне таралған және негізгі үкімін қанда орнатқан. Халқ (жаратылыс) әлемінен[2] болған және іс-әрекетіміздің бастапқы себебін құрайтын бұл рух тәрбиеленбеген жағдайда адам болмысында жағымсыз істер атқарады.

Сұлтани рух болса, Хақ Тағаланың адамға өз рухынан үрлеген рухы. Адамды басқа жанды жаратылыстардан айыратын ерекшелік осы. Әмір әлемінен[3] келген бұл рух жағымды

---

[2] **Жаратылыс әлемі:** уақытпен, мекенмен шектеулі жаратылған жаратылыстардан құралған әлем. Мұны мүлік және көрініп тұрған әлем деп те атайды. Сыртқы бес сезіммен қабылданған нәрселер осы әлемнен.

[3] **Әмір әлемі:** уақыт пен материалдан тыс, Хақ Тағаланың «күн (бол)» бұйрығымен жаратылған әлем. Мұны Мәләкут және ғайб әлемі деп те атайды. Ақыл, нәпсі, рух, жүрек, сыр т.б. сезімдер осы әлемнен келген.

әрекеттер атқару үшін тәнмен бірге болады. Адам тәніне енгізілген осы рухпен құлдық ұрып, мойынсұнады. Салих (ізгі) амал жасайды. Бұл рух тәннің өлгеннен кейін шіріп жоқ болуынан әсерленбейді. Өліммен тек қана оның тәндегі ісі бітеді.

Адам өз ішіндегі осы екі қайшы құбылыстың күресуімен іс-әрекетіне бағыт береді. Сұлтани рух басым түссе, салих амал мен жақсы ахлаққа бет алып, керісінше, хайуани рух басым түссе, әр түрлі күнә мен жағымсыз қылыққа барады.

Адам баласы - нәпсісін өз еркіне бағындыру қабілеті мен мүмкіндігіне белгілі мөлшерде ие болғандығы үшін сыйлық пен азапқа лайық бола алатын жаратылыс.

Дүние сынағында өтілуі керек ең үлкен бөгеттердің бірі болған «нәпсі» көбінесе адам тап болатын жағымсыз әрекеттерді еске түсіреді. Алайда, оның негізінде асылтас сияқты жағымды бір мәні бар. Адам баласының міндеті – нәпсісін шаң-тозаң сияқты жабыса беретін жамандықтардан рухани тәрбиемен тазартып, негізіндегі асылтасты жарыққа шығару.

Бір адам жат жерде жүргенде, отанына құр алақан қайтпау үшін, қалай еңбек етіп тырысса, үлкен жат әлемі - осы дүниеде де ақырет бақыты үшін соншалықты еңбек ету керек. Өйткені, әрбір адам, ақыреттегі мәңгілік бақыты мен қайғысын осы дүниеден алып барады. Яғни, болашақтағы тағдырын осы өмірде белгілейді.

Мәңгілік бақыт пен сәлеметтің ең негізгі шарттарының бірі - нәпсіні салих амалдар істей алатындай бір икемге әкелу. Осындай мақсаттан жұрдай нәпсі асау ат сияқты болады. Асау ат болса, иесін баратын жеріне жеткізудің орнына жардан құлатып, оның өліміне себеп болады. Бірақ, бұл ат жақсы үйретіліп, жақсы ауыздықталса иесін ең қауіпті жерлердің өзінен аман алып өтеді. Үйретілмеген атпен мақсатқа жету мүмкін болмаса, тәрбиеленбеген және бақылауға алынбаған нәпсімен өмірдің ұлы мақсатына жету де мүмкін емес.

Нәпсі – адамды жаратылыс ішінде ең кәміл дәрежеге көтеретін һәм бұған қарама қайшы түрдегі ең төменгі дәрежеге

түсіретін екі жақты бір дәнекер болып табылады. Тәрбиеленгенде жақсылыққа, тәрбиеленбегенде жамандыққа дәнекер болу қабілетіне ие, бейне екі жүзді өткір пышақ сияқты.

Рухани тәрбие мен бақылаудан құр қалған әрбір нәпсі ақиқаттарды ғапылдықпен жабатын, адамды надандықпен құр алақан қалдыратын ащы себеп. Бірақ, жоғарыда айтқанымыздай адам нәпсісінің бөгет болуына қарамастан жаман мінезден құтылып, тазарған жағдайда, періштелерді де басып озады. Өйткені, әрбір нәтиженің абыройы оған жету үшін басып өткен қиыншылықтарға қарай болады.

Аллаһ пен құлдың арасында ғапылдық пердесі арқылы кіріп, оны негізгі бағытынан алыстататын және жүректі Аллаһтан басқа нәрсемен айналысуға жол сілтейтін тағы сол нәпсінің жаман сипаттары. Оның таусылмайтын жаман тәбеттер мен құмарлықтарына, табандылықпен орындалатын тәрбиелік тәсілдермен қарсы тұруға болады. Бұл - үнемі сергектік пен шыдамдылықты талап ететін тоқтаусыз күрес деген сөз. Сол себеппен әлемдердің Пайғамбары бір хадисінде:

اَلْمُجَاهِدُ مَنْ جَاهَدَ نَفْسَهُ

«Шын жауынгер - нәпсісіне қарсы күрескен адам» - деген (Тирмизи, Фазайлул -Жиһад 2; Ахмед бин Ханбәл, Мүснәд VI, 20).

Нәпсі өзіне қарсы жасалған күрестен өлмейді, тек, бақылауға алынады. Негізгі мақсат нәпсіні жоққа шығару емес, оны шектен шығушылықтан сақтандырып, тәбеттерімен қатар бейімділіктерін де иләһи ризалыққа сай шарттармен шектеп, тәрбиелей білу. Бұл жайында Имам Ғаззали адамды атты әскерге балап:

«Нәпсі - рухтың көлігі. Егер адам нәпсінің тізгінін жіберіп, оны өз бетінше қоя берсе, соңы өкініш болады. Кейбір Үнді діндерінде және мистикалық философиялардағы сияқты егер оны өлтіруге тырыса, онда ақиқат жолында көліксіз қалады. Олай болса, нәпсіңнің тізгінін қолыңда ұста да көлігіңнен пайдалан!» - дейді.

Нәпсіні тәрбиелеу ісінде бұл ережеге сүйену негізінде, пайғамбарлық дәстүрге бағыну деген сөз. Өйткені, Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ішіп – жеуден, тіпті үйленуден бас тартып, өздерін тек Аллаһқа құлшылыққа атамақ болғандарға бөгет болып, Исламда мұндай тежеу мен бас тартудың болмғандығын, ең маңыздысы тіршілікте және қоғам ортасында бола тұра рухани жетілу керектігін айтып, мұның жолын көрсеткен.

Екінші жағынан ауыр күрес болған бұл тәрбие кезінде мұсылман нәпсінің ахуалы мен мәртебелерінде кейбір қиыншылықтарға жолығады. Нәпсінің ең үлкен пәлекетінің бірі – осындай қиыншылықтарды басынан өткізіп, біртіндеп өскен кезде өзін елеулі көріп, биік дәрежелі сезініп, менмендікке ұрыну. Бұл болса, жасырын тәкәппарлық әрі менмендік деген сөз. Нәпсімен күрес кезінде азғана бір босаңдық пен немқұрайдылық болса, ол дереу бұрынғы жағдайына қайта түсіп алады. Өйткені, ол үнемі иесін аңдумен болғандықтан, жамандығынан ешқашан ұзақ болмайды.

Сол себеппен әрбір мүмин өз бойындағы бұл қауіпті әсер етушінің (нәпсі) рухани өмірі үшін тигізер зиянына қарсы үнемі сергек болуды өздеріне қажет деп біледі. Нәпсінің қиқарлығына таза ой және уахимен тәрбиеленген бостандықпен қарсы тұрып, оны бақылауға алу керек.

Адамның көлігі іспеттес болғанымен жаратылысында азғындық қасиеті бар нәпсіні қалай тазарту керек? Сондай-ақ, нәпсіні тазартып, тәрбиелеуде қандай дәрежеге жетуге болады? Міне енді, осы екі маңызды мәселеге тоқталмақпыз.

Маңыздысы - гүл сияқты бола білу. Яғни бұл дүние бағында тікендерді көріп, оларға өкпелеп, тікенге айналу емес, ортаға қыс сияқты қиыншылықтар кірсе де, оларды көктем жылуымен құшақтап, бүкіл әлемге бір гүл бола білу...

2. НӘПСІНІҢ ТӘЗКИЕСІ (ТАЗАРТЫЛУЫ)

Тәзкие - сөздікте тазарту, арылу мағыналарымен қатар, арттыру, кеңейту, берекеттендіру және рухани нәр беру (фәйзге бөлеу) мағыналарын да қамтиды. Сондықтан осы мағыналардың шеңберіндегі тәзкие сөзі рухани тәрбиенің барысын білдіреді.

Нәпсіні тәзкие ету алдымен оны күпірлік, надандық, жаман сезімдер, теріс сенімдер мен жаман, теріс мінездерден тазарту деген сөз. Яғни, шариғатқа қайшы әр түрлі сенімнен, ахлақтан және амалға байланысты қателіктерден арылту. Оны тазартып, жамандықтардан арылтқан соң, иман, парасат, білім, хикмет, жақсы сезімдер, тамаша мінездер сияқты тақуалық қасиеттермен тәрбиелеп, безендіріп, руханиятпен толтыру.

Тасаввуфта тәзкие - нәпсінің қалауларын азайтып, оның тәндегі үкімін азайту арқылы рухтың үкім етуіне жол ашу. Бұл тек қана нәпсіге қарсы ерікті күшейтіп, оған риязат жолымен, яғни, жеп-ішу, ұйықтау және сөйлеуді азайту сияқты шарттарды орындаумен болады. Сол себепті тасаввуфта нәпсіні тізгіндеудің шарты қилләт-и тағам (аз жеу), қилләт-и мәнам (аз ұйықтау) және қилләт-и кәлам (аз сөйлеу) екендігі ежелден бері айтыла келген мәселе. Өйткені бұлар риязатпен нәпсіге ие болудың алғашқы қадамы. Бірақ, жағдайға байланыстыра от-

ырып, бұл шарттарды орындауда да орташа деңгейді ұстану керек. Өйткені, тән Аллаһтың адамдарға берген аманаты.

Яғни құл, нәпсісін тазартқан кезде шектен шығушылықтан сақтанып, оның қиқарлығына тосқауыл болғандағы риязат пен күресте асырып жібермеуі керек. Өйткені, дін барлық жағдай мен қарекетте орташа болуды бұйырады. Адамдарға әр түрлі ифрат (шегінен шығу) пен тәфриттен (істің нормасына жақындай алмау, төменде қалу) аулақ болуды үгіттейді. Сондай-ақ, нәпсінің күшін толықтай жою мүмкін емес. Олай етудің өзі мақсатқа да сай емес. Осыған орай нәпсінің тазартылуы оның қалауларының иләһи бұйрықтар шеңберінде тізгінделіп, тәрбиеленуі дегенді білдіреді.

Нәпсінің тәрбиеленуі мен тазартылуы адам өмірінің соңын пәлекетке немесе бақытқа толы болып көрініс табуына ықпал етуші рол атқарады. Міне осы тәрбие мен тазартуға арна болу үшін алдымен иләһи әмірге бас иіп, әуесқойлық, құмарлық пен жамандықтарға қарсы тұруға тырысу керек. Әрбір мүмин өзінің әлсіздік, кемшілік, нұқсандық және нәпсісінің түкке тұрғысыздығын, надандығын түсініп, Раббысын барлық ұлылық, құдірет және кәмілдігін ұғынып, іс-әрекетіне осы ұғыммен бағыт беруі қажет. Міне, осы бағыт орындалған жағдайда, Құранның сөзімен **«жамандыққа қатты бұйыратын»**[4] нәпсі барлық жағымсыз сипаттардан арылып, жөнге келеді. Нәпсіні тазартуға тырысу үшін шынайы жігер танытып, сәйру сулук жолына түсу өте маңызы әрі қиын болғандығы себепті **«жиһад әкбәр»** (ең үлкен жиһад) қабылданған.

Бұл үкімді Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) **Тәбүк жорығынан** қайтқан жолында:

«Енді кіші жиһадтан үлкен жиһадқа қайттық» - деп айтқан. Алайда, олар машаққаттақа толы, адам төзгісіз, ауыр да ұзақ жорықтан қайтып келе жатқан еді. Өйткені, жорық басталғаннан аяқталғанға дейін мүнәфықтардың арандатушылығы мен шайтанның азғыруы жол бойы толастамаған болатын. Әрі сол жылы өте қатты ыстық пен құрғақшылық болған еді. Жол өте

[4] Юсуф сүресі, 53 аят.

алыс әрі жаяу жүруге қолайсыз-тын. Жемістер жиналатын қырман кезі болатын. Өздерін қалын Византия әскері күтіп тұрғаны жайлы хабар бұл жорықты одан бетер ауырлатып жіберген еді. Осындай ауыр шарттарға толы бір кезеңде отыз мыңнан астам сахабалар мың шақырым жол жүріп кейін қайтқан еді. Мәдинаға жақындағанда түрлері өзгеріп кеткендей еді. Терілері сүйектеріне жабысып, шаш-сақалдары өсіп, үрпиіп кеткен еді. Сахабалардың жағдайы осылай болып тұрғанда Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) айтқан бұл сөздің хикметін кімнің де болса, білгісі келер еді. Сахабалардың таңданып:

«Уа, Расулаллаһ! Жағдайымызды көріп тұрсыз! Осыдан да үлкен жиһад бола ма?» - дегені сондықтан еді. Ақыры Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) нәпсімен күресудің аса маңызды іс екенін білдіру үшін:

«Иә! Кіші жиһадтан енді ең үлкен жиһадқа - нәпсі құмарлығымен соғысуға қайтып оралдық!»[5] - дейді.

Екінші жағынан барлық соғыстарға қатысқан, тек, Тәбүк сапарына себепсіз қатыспағандары үшін, жеке бастарымен өмір сүру жазасымен (ешкіммен қарым-қатынас жасамау) жазаланған, сондықтан сахабалар мен Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қарамай, сөйлеспей, сәлемдерінің өзін де алмай қойған үш сахабаның адам айтқысыз өкініші мен пұшайман болуының өзі сабақ.[6]

---

[5] Суюти, «Жамиус-Сағир» II, 73.

[6] Бұл үш сахаба, Мүраре бин Рабиил-Амри, Хилал бин Үмәйяәтул – Уақифи және ақын Ка'б бин Малик. Бұлар барлық соғыстарға қатысқан еді. Ка'бтан басқа екеуі Бәдірге де қатысқан еді. Тәбүкке қатыса алмағандығынан қателікке ұрынған оларға көрсетілген әрекет алдында көңілдеріне дүние тарайған еді. Әсіресе, Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мен сахабалар сәлемдерін де алмай, оларға теріс айналған кезде, жер беті оларға тар бола бастады. Тіпті, әйелдері де олар үшін бөтен адамдай көрінеді. Өйткені, олар жайында иләһи уахи келгенге дейін олармен барлық қарым-қатынас үзіліп, жалғыз қалған еді. Шарасыз қалды. Сол себепті, күні-түні өкініш пен көз жасын төкті. Еріген шамға айналды. Қателікке түскен еді, бірақ ықылас, шыншылдық, мойынсұнушылық пен тәубеден алыстамаған еді. Сол күйде толық елу күн өтті. Ақыры шындықты толық мойындап, шынайы түрде тәубе еткендерінің сыйы ретінде мына аят кәримамен кешірімге ие болды: «Аллаһ, соғыстан қалған үш адамның да (тәубелерін қабыл етті). Олар байтақ жер тар келгендей болып, ұждандары оларды қысқан еді. Ақыры Аллаһтан (оның азабынан) тағы сол Аллаһқа panaлаудан басқа шара жоқтығын аңғарған еді. Сосын (бұрынғы халдеріне) қайтуы үшін Аллаһ олардың тәубесін қабыл алды. Өйткені, Аллаһ тәубені көп қабыл алушы, аса мейірімді. Ей, иман еткендер! Аллаһтан қорқыңдар және турашылдармен бірге болыңдар» (Тәубе сүресі 118-119 аяттар). (Кең мәлімет үшін қара. Осман Нұри Топбаш, Пайғамбарлар баяны, IV, 289-294).

Енді ынсаппен ойласақ, мұндай үлкен жиһад жәй кіші жиһад болып саналған, онан қалу – бұл өмірде осыншама төмендік пен ұятқа қалдырса, ендеше, ең үлкен жиһад болып саналатын нәпсіні тәрбиелеп, жүректі тазарту турасындағы ғапылдық, немқұрайдылық, ертең құдай алдында адамды қаншалықты қиын әрі мүшкіл жағдайға түсірмек?! Бұл үрейлі ақиқат алдында мүмин нәпсісін тізгіндеу. Әрине, сын тезіне салып, үлкен есепке тартуы қажет. Ертең кеш болмай әрі иләһи есеп келмей тұрып өзін, өз еркімен есепке тартуға мәжбүр. Өйткені, ұлы Жаратушымыздың аят кәримадагі мына ескертуінде өте қатал түрде:

«(Ей, адам баласы!) **Өздеріңді бекер-босқа жаратты, біздің алдымызға қайтарылмаймыз деп, ойлайсыңдар ма?»** (Мүминун сүресі 115-аят)

Немесе:

«Адам өзін емін-еркін жіберіледі деп ойлай ма?!» (Қиямет сүресі 36-аят) десе, ал, Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Ақылды - нәпсісіне ие болып, оны жауапқа тартып, өлімнен кейінгі өмір үшін тырысқан адам. Ал ақымақ - нәпсіқұмарлыгына беріліп жүріп, Аллаһтан жақсылық күткен адам» (Тирмизи, Қиямет 25; Ибн Мәжә, Зүһд 31) - деп, ұлы шындықты жаңғыртып тұтса, ғапылдардың жағдайы қандай болмақ!

Сол себепті әрбір мүмин нәпсі тәзкиесіне міндетті болған нәпсісіне қарсы нақты жауапкершілік сезімімен әрекет еткені жөн. Адам нәпсісін тазарта бастаған кезде, мұның маңызы мен шарттарын сөзсіз білуі керек. Әйтпегенде «қасын жасаймын деп жүріп көзін шығарғаны» сияқты бір қателікке ұрынуы мүмкін.

Нәпсінің қаупіне қарсы Аллаһ Тағала құлдарына:

أَ رَأَيْتَ مَنِ اتَّخَذَ إِلٰهَهُ هَوٰيهُ أَفَأَنْتَ تَكُونُ عَلَيْهِ وَكِيلاً

«Ей, Расулым! Нәпсінің қалауын өзіне тәңір еткен адамды көрдің бе? Енді оған сен өкіл боласың ба?» (Фурқан сүресі 43-аят) - деп ескертсе, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Үмметім үшін ең көп қорқатын нәрсем - нәпсілерінің әуесіне ұюы,» (Суюти, Жамиус-Сағир I, 12) - дейді.

Осы себептен нәпсінің тәзкиесі - әр мүмин үшін өте өмірлік мәні бар әрі үлкен жауапкершілікті қажет ететін жағдай. Бұл жауапкершілікті Аллаһ Тағала Құран Кәрімде:

قَدْ أَفْلَحَ مَنْ زَكَّيهَا وَ قَدْ خَابَ مَنْ دَسّٰيهَا

«Әлбетте, нәпсісін тәзкие еткен (жамандықтардан арылтқан) **бостандықта болады. Оны жамандыққа батырған зиянға ұшыраған»** (Шәмс сүресі 9-10 аяттар). Яғни, нәпсісін тәрбиелеп икемге келтірген сәлеметпен жолын табады, керісінше оны қиқарлық пен асаулықта қалдырған мәңгілік қайғы мен зиянға тап болады. Байқағанымыздай, нәпсі өзіне өлшеусіз бағынған иесін мәңгілік пәлекет пен қасіреттің жолаушысы қылса, тәрбиеленіп, бақылауға алынған жағдайда иесін періштеден де жоғары мәртебеге жеткізетін теңдессіз көлік іспеттес болады.

Екінші жағынан қайыр, садақа, қызмет сияқты салих (ізгі) амалдар да сырттай қарағанда басқаға пайда тигізетін секілді көрінгенімен, іс жүзінде өз нәпсісіне туралықты, жақсылық пен қайырды үйретеді. Өйткені, жақсылықтар жүрекке осылайша орнығып, рух осыларға үйренеді. Салих амалдармен қатар, сөздің ең тамашасы, ең дұрысы - Құран Кәрімді оқып, насихаттарын жан құлағымен тыңдау әрі үкімдерімен амал ету де нәпсіні тәрбиелеу ісіндегі ең күшті ықпалдардың бірі болып табылады. Өміріне толықтай Құранмен бағыт берген жан нәпсінің жаманшылығы мен шайтанның азғыруынан құтылып, тек қана Хақ Тағаланың ризашылығын күтумен өмір сүреді. Мұндай жанның жүрегі иләһи сыйға бөленеді. Осы дәрежеге жеткен құлға енді көз көретін, құлақ еститін сыртқы әлемнен тыс, оның ішіне қарай рухани бір терезе ашылып, әлем - хикметтері керемет бір кітапқа айналады.

Олай болса, күллі мұсылман баласының Құран Кәрімдегі иләһи бұйрықтар мен тиымдардан бейхабар қалып, мәңгілік бақыты мен сәлеметіне қауіп төндірмегені жөн.

Қасиетті кітабымыз Құран Кәрімде нәпсінің тәзкиесіне байланысты көптеген аят кәрималер бар. Сол аяттарда тәзкие:

- Аллаһ Тағаланың тәзкиесі.

- Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тәзкиесі.

- Адамның өз нәпсісіне тәзкиесі сынды жалпы үш бөлімде қарастырылған.

1. Аллаһ Тағаланың тәзкиесі

Аллаһ Тағала аят кәримада:

فَلَا تُزَكُّوا أَنْفُسَكُمْ هُوَ أَعْلَمُ بِمَنِ اتَّقَى

«Өздеріңді ұнатып, ақтамаңдар. Ол, жамандықтан сақтанушының кім екендігін өте жақсы біледі» (Нәжм сүресі 32-аят) - деп ескертеді.

Марқұм Елмалылық Хамди Мырза бұл аят кәримані:

«Өздеріңді күнәсіз, кемшіліксіз әрі кіршіксіз санап мақтамаңдар. Өйткені, сендер өздерің білмейтін көптеген кемшіліктерің болуы мүмкін» - деп тәпсірлейді.

Бұл туралы мүфәссір Алуси болса:

«Бұл аяттың «Біздің намазымыз, оразамыз, қажылығымыз бар!» - деген бір қауым хақында түскендігі риуаят етіледі. Оған мақтан мен рия араласуы мүмкін болғандықтан, құл істеген құлшылықтары мен жақсылықтарын жасырын ұстағаны абзал. Бірақ, мұндай арам ойға салынбай, ынталандыру мақсатымен айтуға болады» - дейді.

Ал, тағы бір аят кәримада Аллаһ Тағала:

«Өздерін ақтағандарды көрмедің бе? Керісінше, қалаған адамын Аллаһ өзі пәк етеді» (Ниса сүресі 49-аят) - деп пәктеудің Өз қолында екенін ескертеді.

Бұл аяттағы тәзкие – адамның өзін мақтап, ақтауға ұмтылуы. Алайда, тазару тақуалықпен байланысты. Тақуалық, ол іштегі сипат. Оның ақиқатын Аллаһ қана біледі. Сондықтан, мәселе - өзімізді ақтауымызда емес, Аллаһтың ақтауында.

Бұл жайлы Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Аллаһым! Нәпсіме тақуалығыңда беріп, оны тазартқайсың! Сен оны тазартушылардың ең қайырлысысың. Сен оның қожайыны әрі жаратушысысың» (Мүслим, Зікір 73) - деп дұға ететін.

Аят кәримада:

«...Сендерге Аллаһтың кеңшілігі мен рахымы бұйырмағанда, сендердің ешқайсыңа әсте пәктік дарымас еді. Бірақ, Аллаһ кімді қаласа соны ақтайды. Аллаһ толық естуші әрі әр нәрсені толық білуші» - (Нұр сүресі 21-аят) делінген.

Байқағанымыздай, аят кәримада тәзкиенің, яғни, тазарудың Аллаһқа ғана тән екендігі айтылады. Өйткені, Аллаһ Тағала кеңшілігі және мархабатымен құлының құлшылық етуіне және басқа да тазару жолдарын пайдалануға қолын жеткізеді. Сол себептен, құл мендік сенімінен сақтана отырып, иләһи тазарту арқасында жеткен кемелдікті өз мықтылығы мен жігерінен керек. Аллаһ Тағала ақтамаған жағдайда, құл ақыретте өзін ақтай алмайтындығына сенуі тиіс. Бұл түсінік мәңгілік қауіпсіздікке қауышудың ең маңызды себептерінің бірі. Өйткені, тәзкие - қаншалықты жігер мен шыдамдылық жағынан адамға, тәлім мен жол көрсету жағынан пайғамбар мен оның ізбасарлары болған мүршидтерге таңылғанымен, иләһи мархабатымен құлдарын тәзкие ісінде табысты етуі мен сол мүмкіндікті жаратуы жағынан Аллаһ Тағалаға тән.

2. Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тәзкиесі

Құран Кәрімде Хазіреті Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) міндеттері хақында былай баяндалады:

كَمَا أَرْسَلْنَا فِيكُمْ رَسُولاً مِنكُمْ يَتْلُوا عَلَيْكُمْ أيَاتِنَا وَ يُزَكِّيكُمْ
وَ يُعَلِّمُكُمُ الْكِتَابَ وَ الْحِكْمَةَ وَيُعَلِّمُكُمْ مَالَمْ تَكُونُوا تَعْلَمُونَ

«Ей адамдар! Ант етеміз, өз іштеріңнен, сендерге аяттарымызды оқып беретін, сендерді тазартып, жамандықтардан арылтатын, Кітап пен хикметті тәлім етіп, білмегендеріңді үйрететін бір пайғамбар жібердік» (Бақара сүресі 151-аят).

«Ант етеміз, іштерінен оларға Аллаһтың аяттарын оқитын, жамандық пен сенімсіздіктен оларды тазартатын, оларға кітап пен хикметті үйрететін бір пайғамбар (жіберу) **арқылы Аллаһ мүминдерді үлкен сыйға бөледі. Алайда, одан бұрын олар ашық азғындықта еді»** (Әли Имран сүресі 164-аят).

Бұл аяттардан да түсінікті болғанындай, әлем мақтанышы Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үш негізгі міндеті бар:

а) Адамдарға Аллаһтың аяттарын оқу:

Пайғамбарлардың үмметтерін хақ жолға шақыруы - келген уахидың оқылуымен басталады. Бірақ, бұл міндет адамдарды мақсатқа жеткізуде алғашқы баспалдақ және соған бір арна болады.

ә) Тәзкие:

Тәухидқа шақырудың мақсаты нәпсіні күпірлік, жаратушыға серік қосу және күнә сияқты рухани кірлерден тазартып, кішіпейілділік пен тыныштыққа қауыштырумен болады. Сондай-ақ әу баста жәһилие адамы болған абзал сахабалар һидаятқа қол жеткізіп, Аллаһ Расулының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) нұрлы сұхбаты және рухани тәрбиесімен көңілдерін арылтқан сәтте дүниенің ең таңдаулы адамдарына айналды. Олардың аңыздары мен көңілден өшпейтін дастандары ғасырларға жетіп, құрлықтардан асты.

б) Кітап және хикметті үйрету:

Бұнда орындалуы шарт болған заңдар мен үкімдерді баяндаған кітаптың, яғни, Құран Кәрімнің тәлімі келеді. Құран

Кәрімнің мағынасына қанығу, жүрек дәрежесіне байланысты. Құран Кәрім шын жүрекпен оқылып, түсініледі. Көз жүрекке жәй ғана дәнекер сияқты.

Әлем мен адам иләһи есімдердің көрінісінен пайда болғандықтан, Құран шексіз сырлардың қазынасы іспеттес. Құранның бұл сырлары мен хикметтері болса, жүрек тазалығы мен кемелдігіне қарай санада көрініс табады.

Хикметтің тәлімі осы сатылардан соң келеді. Өйткені, иләһи есімдердің адам санасындағы сөз түріндегі көрінісі Құран Кәрімнің хикметі мен сырларына тек арылған жүрек иесі болған адамдар ғана қаныға алады.

Аят кәримәлерде тәзкиенің кітап және хикмет тәлімімен бірге айтылуы, тазармаған адамдардың білімге қол жеткізе алмайтындығын, қол жеткізсе де, ол білімнің өздеріне пайда әкелмейтіндігін баяндау үшін еді. Өйткені, білім мен хикмет нұр және теңдессіз әшекей болып табылады. Сондықтан олар орналасатын жердің, яғни, жүректің алдымен пайдасыз әрі зиянды нәрселерден тазаруы керек. Сол себепті, Пайғамбарлар алдымен аяттарды оқиды. Сосын оған сеніп, көңілдері ауған адамдардың нәпсісін шектен шығушылықтардан, жамандықтардан арылтып, жүректерін рухани кірлерден тазартады. Содан соң, тазарған адамдарға кітап пен хикметті үйретеді. Әлемдегі сырлар мен құдірет көріністерін, тек осындай тазарған жүрек иелері ғана шынайы түсініп, хикмет қайнарына айналдыра алады.

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осы міндеттерінен аяттарды оқып, харам мен халалды үйретуі - ғалымдар арқылы, нәпсіні тазартып, жүректерді ағарту міндеті - кәміл мүршидтер арқылы қияметке дейін жалғасады.

3. Адамның өз нәпсісін тәзкиелеуі.

Бұл жайында Аллаһ Тағала аят кәримада былай бұйырады:

«Нәпсі және оны тәртіпке әкелушімен, сосын оған әрі жамандықты әрі одан сақтануды аян етушімен ант етемін: нәпсісін

тап-таза еткен бостандықта. Оны (надандық әрі күнәлармен) **күнәға батырған зиянға ұшырады»** (Шәмс сүресі 7-10 аяттар).

Аят кәриманің мән-мағынасы бойынша тек Аллаһ тазартқан, яғни, күнәлардан арылған, фәйз және тақуалықпен тәрбиеленген адамдар шынайы бақытқа жеткендер. Хақ Тағаланың:

«Салих құлдарыма бірге, жәннатыма кір» (Фәжр сүресі 29-30 аяттар) деген аятындағы сүйіншісі де осы бақытты құлдары жайлы болған.

Тағы бір аят кәримада Аллаһ Тағала:

قَدْ أَفْلَحَ مَنْ تَزَكّٰى وَ ذَكَرَ اسْمَ رَبِّهِ فَصَلّٰى

«Расында тазарған және Раббысының есімін зікір етіп (еске алып)**, оған құлшылық еткен адам, шүбәсіз құтылған болады»** (Ағла сүресі 14-15 аяттар) - деп бұйырады.

Сонымен қатар бұл аяттағы мына тазару реттері де ерекше көңіл бөлерлік істер. Мысалы:

Алдымен жүректі, сосын тән мен малды жамандықтардан әбден тазарту;

Соның арқасында Раббы мен құлы арасындағы ғапылдық перделерін ашу;

Сосын адал аспен қоректенген тәнмен және зікір етуші жүрекпен беріле құлшылық ету арқылы көңілін рухани ләззәттармен безендіру.

Тәпсірші Бұрсауидің айтуы бойынша:

«Бұл аят нәпсіні шариғатқа қайшы істерден тазартуды, жүректі дүниеге сүйіспеншіліктен арылтуды, шамасына қарай Аллаһқа бет бұруды, тіпті, **Аллаһтан басқасын еске алудан сақтануды меңзейді»**.

Сондай-ақ, Аллаһ досы Әбу Бәкір Қаттанидан (құддисә сирруһ) өлім төсегінде жатқанда қандай амал істегендігін сұрағанда, осы шарттардың бейне бір іс жүзіндегі көрінісіне үлгі боларлық мына тамаша сөздермен жауап берген:

«Өлімім жақын болмағанда, рия болар деп қорқып, сізге амалымды айтпас едім. Тура қырық жыл бойы жүрегімнің есігін күзеттім. Оны Аллаһ Тағаладан басқаға ашпауға келістім. Ақыры жүрегім Аллаһтан басқаны танымайтын болды».

Ибн Аббас (радиаллаһу анһу) жоғарыдағы аятта айтылған «**тәзәккә**» сөзін «Адамның «**Лә иләһә иллаллаһ!**» - деп айтуы» деп тәпсірлейді (Құртуби, әл-Жами XX, 22). Өйткені, тәзкиенің алғашқы қадамы - жүректі күпірлік пен серік қосудан тазарту.

Сондай-ақ, тәухид сөзі алдымен нәфимен (жоққа шығару) басталады. Яғни, «**Лә иләһә**» деп бейне пұтқа айналған нәпсілік құмарлықтар, жаман ахлақ пен мінездер жүректен шығарылады. Сосын исбатқа (белгілеу) өтеді. Яғни, «**Иллаллаһ**» деп, иләһи назар орны болған жүрек Аллаһ Тағаланың тәухид нұрымен толтырылады.

Нұрланған бір ақын бұл ақиқатты:

Көңілден бәрін шығар, Хақ орнықсын.

Салынып бітпей патша сарайға кірмейді - деп өте тамаша баяндайды.

Тәзкиенің маңызы ретінде Ибраһим Дәсуки (құддисә сирруһ) былай дейді:

«Ей, Ұлым! Күндізіңді оразамен, түніңді намазбен өткізіп, таза жандүниеге әрі Хақ Тағаламен ықыласты байланысқа да ие болсаң, менмендік сезімге салынушы болма! Тәкәппарлықтан жеңіліп, нәпсіңе алданып қалма. Өйткені, қаншама дәруіштер нәпсінің әуеніне еріп, адасып кетті».

Хатем-и Әсам (құддисә сирруһ) да былай дейді:

«Зәулім үйлерге, өнімді бау-бақшаға алданба. Жәннаттан тамаша жер жоқ. Бірақ, Хазіреті Адамның басына не түскен болса, барлығы сол шексіз тамаша жәннатта жүргенінде түсті. Нәпсісі сол жерде мәңгі қалғысы келді. Тыйым салынған жеміске жақындады. Сондықтан иләһи мақсатқа сай жаза ретінде дүниеге жіберілді.

Ғибадат пен кереметіңнің көптігіне алданба. Өйткені, осыншама кереметке ие болса да, санаулы, ерекше құлдар ғана біле алатын Аллаһтың ең ұлы, ерекше есімін білген Бәлғам бин Бауранын[7] өмірінің ақыры, өте ғибрат аларлық өмір.

Сен, өзің болып, білімің мен амалыңның көптігіне алданба. Өйткені, соншама білім мен құлшылығына қарамастан Ібіліс қандай іске тап болды, білмеймісің?! Нәпсі мен шайтанның азғырындысына алданушылардан болма!

Сондай-ақ, құлдарына өте мейірімді ұлы Раббымыз аят кәрималерде шайтанның қулығы мен тұзағына қарсы ескерту ретінде былай дейді:

«Ібіліс айтты: (Ей Раббым!) Ант етемін, мені аздырғаныңа қарсы мен де адамдарды аздыру үшін сенің тура жолыңның үстінде отыратын боламб» (Ағраф сүресі 16-аят).

«Ібіліс айтты: Раббым! Мені аздырғаның үшін мен де жер бетінде оларға күнәларды тартымды көрсетіп, олардың барлығын азғындатам!» (Хижр сүресі 39-аят).

Құлшылық етуші тақуалардың қасындамын деп өзіңе сенбе. Өйткені, бостан босқа бірге болу пайдасыз. Салаба[8] Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сұхбатына сезімсіз қатысқандықтан өкінішті нәтижеге тап болды.

Пайғамбардың баласы бола тұра Хазіреті Нухтың ұлы әкесінің шақыруынан бас тартып, бақытсыздыққа тап болды. Орталарындағы қан жақындығы да пайда берген жоқ. Соңы өте жаман болды.

Хазіреті Луттың әйелі кәпірлер мен пасықтарға деген сүйіспеншілігінің себебінен һидаят нұрынан несібесіз қалып, надандық пен күпірліктің суына батты.

---

[7] Ағраф сүресі 175-176 аяттар.

[8] Салаба алғашында мешіттен шықпай, Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сұхбатынан қалмайтын, мал-мүлікке ие болып, дүние сүйіспеншілігі көңіліне орныққан соң уақыт өте келе жамағатты тастап, парыз болған зекетінің өзін беруден бас тартып, өкінішті халге душар болған. (Табери, Тәфсир XIV, 370 –372, Ибн Касир, Тәфсир II, 388).

Қысқасы, білім, амал, мал, бала және дос сияқты қаншама сүйенішің болғанымен ақыреттегі бақытың үшін бұларға көп сенбе. Бұларға құштар нәпсіңе бой берме».

Аят кәримада **«нәпсінің бөгетінен асып, жамандықтардан арылғанның»** құтылатындығы баяндалады. Сонымен қатар, бұл сөзден «тазармаған, яғни, нәпсісін жамандықтардан арылтпағандардың құтыла алмайтындығы» жайлы мағына да шығады.

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай дейді:

إِنَّمَا تُنْذِرُ الَّذِينَ يَخْشَوْنَ رَبَّهُمْ بِالْغَيْبِ وَ أَقَامُوا الصَّلٰوةَ
وَ مَنْ تَزَكَّى فَإِنَّمَا يَتَزَكَّى لِنَفْسِهِ وَ إِلَى اللهِ الْمَصِيرِ

«...Сен тек көрмесе де Раббыларынан қорқып, намаз оқитындарды ескерте аласың. «Кімде-кім - тазарса», тек өз пайдасына тазарған болады. Ақыры, қайту Аллаһқа» (Фатыр сүресі 18-аят).

Аят кәримада пайғамбарлардың үмбеттерін қайғылы оқиғалармен ескертіп, қорқытуының, көрмесе де жүректері Аллаһ қорқынышына толған, намаз оқитын және өздерін құлшылықпен безендірген адамдарға ғана пайда беретіндігі баяндалады.

Күнәһар адам күнәсінің ауыртпалығын өзі ғана тартады, ешкім оған ортақ болмайды. Жасалған жақсылықтар да тек иесіне пайдасын тигізеді. Тазарған адам да өзі үшін тазарады.

Аяттағы «тәзәккә» Аллаһтан қорқуды және намазды Аллаһ қорқынышынан туындаған ынтамен оқуды да қамтиды.

«Аллаһтан шынында тек ғалымдар ғана қорқады» (Фатыр сүресі 28-аят) деген аят адам шынайы білімге жеткен сайын Аллаһтан қорқа түсетіндігін баяндайды. Раббысын білмейтін әрі одан қорықпайтын адамдардың жүрегі өлі. Мұндайларға ескерту мен насихат әсер етпейді. Ясин сүресінің жетпісінші аятында айтылған «(Пайғамбар Құранмен тек жүректері) **тірілерге ескертсін деп...**» келетін баяны да осыны түсіндіреді. Яғни жүрекпен қорқыныш, сыртта дұрыс намаз болу керек.

Күнәлардан тазарудың ақысы жәннат пен оның жоғары дәрежелері. Аят кәримада былай баяндалады:

«Кімде-кім салих амал істеген мүмин ретінде Оған барса, жоғары дәрежелер тек солар үшін. Ішінде мәңгілік қалатын, астынан өзендер аққан Адн жәннаттары! Міне, тазарғандардың сыйы осы» (Таһа сүресі 75-76 аяттар)

Аллаһқа ғана көңіл бөлудің сыйы жәннаттан да жоғары бір жетістік - Жамалұллаһ нығметі болады. Ол жерде Аллаһ Тағаланың сөз жетпейтін сұлулықтағы жамалының көрінісі тамашаланады. Кімде-кім еркі мен қалауына қарай лайықты түрде Аллаһқа бет бұрса, одан басқа ойы қалмайды. Аллаһты тану, яғни, мағрифатұллаһ та нәпсі тәзкие етілгеннен кейін оның ақиқатын түсінумен басталады. «Нәпсісін таныған, Раббысын таниды» ақиқаты осы мағынаға келеді.

Мінеки, адамзаттың материялға байланып, нәпсінің қол астында рухтарын қарайтқан қазіргі шақта, нәпсіқұмарлықтарынан бас тартып, оған бағынбаған нұрлы адамдардың көсемдігіне мұқтажбыз. Осы орайда Хақ досы - руханият сұлтандарының жүрекке жан беретін насихаттары мен кеңестерінен және олардың үлгі аларлық әрі хикметке толы өмірлерінен өзімізге сабақ алуымыз керек.

Түркі тектес халықтардың мақтанышы болған Осман мемлекетінің дара тұлға сұлтандарының әрі руханият әлеміндегі ұлы тұлғаларының бірі болған Явуз Сұлтан Сәлім Ханның жолымызға жарық болар мына әрекеті қаншалықты құнды өнеге.

Ол жеңістен-жеңіске жетіп, Мысыр жорығынан қайтар жолында Стамбул халқының өзін шыдамсыздықпен күтіп отырғанын естиді. Сосын қалаға таяп қалғанына қарамастан, Стамбулға кірмей әскерлерін Чамлыжа төбесінің арғы етегіне жайғастырады. Қаншама айбынды қолдарды жеңген Сұлтан нәпсісіне жеңіліп қалудан қорқып, кеңесшісі Хасан Жанға:

- Лала! Күн қарайсын, адамдар үйлеріне қайтсын, содан соң Стамбулға кірейік. Фәнилердің қошаметі, жеңіс тағы мен құрметі біздің нәпсімізді тәкәппарландырып, жермен-жексен етпесін! - дейді.

Ақыры, күн батып, қараңғы түскен соң жасырын, үнсіз қалаға кіреді. Өйткені, ол атақ пен салтанаттың нәпсіні тұзаққа түсіретінін білетін сұлтан еді. Оның әулиенің қасиетті демімен тәрбиеленудің дүние салтанатынан да қымбат екенін білдіретін мынадай атақты сөзі бар.

Әлемге патша болу бір бос төбелес екен,
Бір әулиеге пенде болу (қызметкер) бәрінен биік екен.

Әрбір мүмин жиі-жиі нәпсісімен есептесіп, оны жауапқа тартып отыруы керек. Рухани жағдайын нақты түрде реттеп, бағытын бақылауға алып отыруы керек. Мұны руханият ілімінде нәпсімен есептесу - «батыни тәфәххус» деп атайды. Адам жиырма төрт сағатта бір рет те болса, басын жастыққа тигізген кезінде сол өткен күннің есебін жасап, өзін жауапқа тартуы керек. Мұны әдетке айналдырған адам қайта-қайта қателік жасау ауруынан жеңіл құтылады.

Бұл жайлы Хазіреті Имам Ғаззалидің мына насихаттарына құлақ салайық:

«Бір мүмин таң намазын оқығаннан кейін, сол күнді бастамай тұрып, аз уақыт нәпсісімен оңаша қалып, онымен кейбір келісімдер жасап, алдына кейбір шарттарды қоюы керек. Сондай-ақ, бір саудагер де ақшасын ортағына берген кезде, онымен осындай келісім жасағанда, оған кейбір ескертулерді айтуды ұмытпайтынындай, адам да нәпсісіне мына ескертулерді айтуы керек:

«Менің байлығым - өмірім. Өмірім өткен соң байлығым да таусылады. Табыс пен пайда да аяқталады. Бірақ, мына басталған күн жаңа күн. Аллаһ Тағала бұл күнді де маған сыйлады. Егер мені өлтіргенде, әлбетте, бір күн болса да кері жіберіліп, осы жерде үнемі салих амалдар істеп, жақсылық жасауды қалар едім. Енді өлтіріліп, кейін қайттым деп ойла. Олай болса, бүгін ешқандай күнә жасама және бұл күннің бір сәтін де босқа өткізуші болма. Өйткені, әрбір сәт - баға жетпейтін нығмет.

Бір күннің түні-күнімен жиырма төрт сағат екендігін жақсы біл. Қиямет күні адам баласының алдына әрбір күн үшін жиырма төрт

дана жабық қорап әкелінеді. Қораптың біреуін ашып, сол сағатта істеген амалыңың сыйы ретінде, іші нұрға толғанын көргенде, Аллаһтың берер сыйын ойлап, құлдың қуанышында шек болмайды. Бұл қуанышты жәһәннәм тұрғындары бөліп алса, жәһәннам азабын сезбейтін болар еді. Екінші қорапты ашқанда, бұдан қараңғылық әрі жаман иістер шығады. Бұл - надандықпен өткізген сағат. Бұған өкінетіні соншалық - егер бұл қайғысын жәннат тұрғындарына бөліп берсе, жәннаттың ләззатынан айырылып қалар еді. Енді үшінші қорапты ашса - іші бос. Бұл ұйқы мен мүбах нәрселермен өткізген сағат. Бірақ, кішкентай да болса жақсылықтың сауабына зар болған сол күнде мүмкіндігі бола тұра үлкен табыстан айырылған саудагердің қайғысындай, бәлкім, одан да артық іші күйіп, сол сағатты босқа өткізгенінің азабын тартады.

Олай болса:

Әй, Нәпсім! Мүмкіндік қолда тұрғанда сандығыңды жақ-сы толтыр, бос қоюшы болма. Жалқауланба, әйтпесе, биік дәрежелерден құр қаларсың. Дене мүшелері де нәпсінің көмек-шілері іспеттес. Адам оларға міндеттеріне қарай жеке кеңес беріп, бұл аманаттарды жамандыққа араластырмауды нәпсісіне айтуы керек.

Көзді харамға, жүректі мазалайтын пайдасыз, бос нәрселерге қараудан тыю керек.

Тілді «тілдің бәлесі» деп аталатын өсек, өтірік, ғайбат, сөзтасу, мақтану, басқаларды балағаттау сияқты жаман нәрселерден тыйып, үнемі зікір және жақсы сөздермен шұғылдандыру қажет.

Асқазанды харам әрі күмәнді тамақтан сақтап, халал әрі аз қолдануға үйрету керек. Адам әрбір әрекетінде өте көп мүбах нәрселерге кездеседі. Ең дұрысы - мақсатсыз істерді қою. Сондай-ақ, Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Қажетсіз нәрселерді тастағаны - адамның жақсы мұсылман болғаны» - (Тирмизи, Зуһд 11; Инб Мәжә, Фитән 12) деп ескертеді.

Яғни, шынайы мұсылманның сөзі зікір, қарағаны ғибрат және үндемегені тәфәккүр (ой) болу керек.

Міне, нәпсі осы сияқты үгіттермен үнемі селқостықпен ояу болуы керек.

Нәпсіні сұраққа тартқан кезде абай болатын бір нәрсе - істеген амалы Аллаһ үшін бе, әлде нәпсі үшін бе екендігін байқау. Өйткені, адам кейбір кезде Аллаһ үшін салих амал істедім деп ойлағанымен іс жүзінде нәпсілік сезімдерін қанағаттандыру үшін істеген болуы әбден мүмкін.

❁❁❁

Нәпсінің тәзкиесі нәтижесінде жүрек «сәлим» халге жетіп, шынайы жүрекке айналады. Сәлим жүрек сатысында мына үш жағдай байқалады:

1. Ешкімді ренжітпейді. Бұл - тақуа кісінің жағдайы. Жүрек нәпсінің құмарлығынан бойын аулақ ұстайды. Осылайша көркем ахлақ пайда болады.

2. Ешкімге ренжімейді. Бұл - махаббат иесінің жағдайы. Күн сәулесіне кедергі болудың ең маңыздылығы болмағаны сияқты фәнилердің мадақтағаны мен жамандағанының ол үшін еш мәні жоқ.

Бір ақын бұл жағдайды былай жеткізеді:

Жаһан бақшасындағы ғашық (адам) жын мен адамның мақсаты мынау: Ешкім саған ренжімесін, сен ешкімге ренжіме.

3. Дүние пайдасымен ақырет қарсыласқанда, ақыретті таңдап, иләһи ризашылықты мақсат етеді.

Осы айтқандарымыздың барлығының қортындысы мынадай:

Аллаһ Тағала сынақ әлемі ретінде дүниеде әр адамның алдына нәпсі бөгетін қойып, адамды нәпсіден туындайтын қиыншылықтарды жеңіп, ардақты түрде өзіне қайтуға міндетті қылған. Нәпсі жақсылыққа да, жамандыққа да апаруға қабілеті бар көлік сияқты дәнекер. Сондықтан ол табыс көзі, әрі өзіне мойынсұнылса, түпсіз құдық. Нәпсіні тазартудың берекеті - дүниеде ештеңе тең келмейтін жоғары дәрежеде көрініс табады.

Аллаһ Тағала барлығымызды нәпсісін жеңушілерден қылсын!

Әмин!

Нәпсісінен арылған адам – нағыз өнерпаздың, яғни Раббының бір тамаша өнер туындысы. Өйткені ол - барлық сұлулық көріністерінің айнасы.

3. НӘПСІНІҢ МӘРТЕБЕЛЕРІ

Реттеу бойынша, рухани тәрбие мен кемелдену барысындағы нәпсінің халі мен мәртебелері төмендегідей жеті бөлімде қарастырылып, бағаланады.

а. Нәпсі Әммәра

Бұл құлды Раббысынан алыстатып, жамандық істеуге итермелейтін ең төменгі дәрежедегі бас көтергіш нәпсі болып табылады . «Әммәра» - көп әмір етуші деген сөз. Осы сипаттағы нәпсінің бірден-бір мақсаты, әуестігі мен құмарлығын шексіз қанағаттандыру. Құмарлықтың тұтқыны, шайтанның көмекшісі болғандықтан ләззатқа, күнәға құмар етуші нәпсі.

Нәпсінің құмарлықтары мен шектен тыс қалауларына қарсы ешқандай шара қолданбау, оның жетегіне көніп, шайтанның жолына түсіп кету де адамның нәпсі әммәра дәрежесіндегі жағдайы дегенді білдіреді.

Әммәра дәрежесіндегі нәпсі иесіне шайтаннан да қауіпті бола біледі. Бұл жағдайды Ибн Атаұллаһ әл-Іскендери былай түсіндіріп береді:

«Сен нәпсіңнен қорық! Ол нәпсі сенің қас жауың. Мұнымен қатар ол өлгенге дейін иесінен ешқашан айырылмайды. Алайда, шайтанның өзі Рамазан айында адамнан айырылады.

Өйткені, Рамазанда шайтандарға кісен салынады. Бірақ, осыған қарамастан Рамазан айында болып жатқан қылмыс, ұрлық пен ахлақсыздық оқиғалары шайтанның азғыруынан емес, нәпсінің аздыруынан туындайды.»

Аллаһ Тағаланың:

إِنَّ النَّفْسَ لَاَمَّارَةٌ بِالسُّوءِ

«Шындығында, нәпсі жамандықты бұйырады» (Юсуф сүресі 53-аят) деген аятындағы айтқаны осы дәрежедегі нәпсі туралы айтылған.

Екіншіден, рухани әлемдегі дәрежесі жағынан әммәра нәпсі жануарлар ішіндегі улы жыланға баланады. Әрине нәпсіні улы жыланға ұқсату оның қаншалықты қауіпті де қайғылы нәрсе екендігіне назар аударту мақсатына орай болған. Бұл ақиқатты ақын Нәвизаде Атай былай тілге тиек етеді:

Ахлақ жыланға айналды,
Әммәра солардың патшасы.
«Әрбір жаман ахлақ жылан сияқты болды. Әммәра нәпсі де осы жыландардың патшасы болды».

Сондықтан әрбір ақылды мүмин әммәра нәпсімен үнемі күресуі тиіс. Бұл күресте ақыл мен ерік қылышын надандық қынына салу үлкен зиянға жолықтырады. Өйткені, нәпсі қаншама керемет адамдарды олардың қас қағым сәттік ғапылдықтарынан пайдаланып, мәңгілік қасірет пен бақытсыздықтарының себепшісі болған. Бірақ, Аллаһтың жәрдемімен ықыласты құлдар ғана бұдан аман қалады.

Сондай-ақ, Мысыр сұлтанының әйелі Зүләйха мен Хазіреті Юсуф (аләйһиссәләм) арасында болған мына оқиға ғибратқа толы:

Құран Кәрімде айтылғаны бойынша Хазіреті Юсуф (аләйһиссәләм) ержетіп, кемелденіп, сұлулығымен көз тартар нардай жігіт болған еді. Оның бұл жағдайы Зүләйханың құмарын оятады.

Аллаһ Тағала бұл оқиғаны аятта былай баяндайды:

«Әйел оның нәпсісінен пайдаланғысы келді. Есіктерді мықтап жапты: «Саған айтам, қане, бері кел!» - деді. Ол болса, «(Жоқ), Аллаһқа сиынамын! Өйткені, күйеуіңіз менің қожайыным; ол маған жақсы қарайды (мені жақсы дәрежеге жеткізді**). Шынында опасыздар ешқашан бостандық таппайды»** - деді.

«Сөзсіз, әйел оны қолға түсіруге әбден ниеттенген еді. Егер Раббының ишараты мен ескертуін көрмегенде, ол да әйелге бейімделетін еді. Міне, осылайша біз жамандық пен зинаны одан алыстату үшін дәлелімізді көрсеттік. Шүбәсіз, ол ықыласқа жеткен құлдарымыздан еді» (Юсуф сүресі 22-24 аяттар).

Юсуф (аләйһиссәләм) Аллаһ Тағаланың ілтипатымен рухани көмекке қол жеткізіп, әммәра нәпсінің өкілі іспеттес Зүләйхаға бейімделуден аулақ болған еді. Біз, әлсіз құлдар, Аллаһ Тағалаға тақуалықпен бет бұрып, өзімізді нәпсіміздің жамандығы мен қауіпті жағдайларынан аулақ ұстауға мәжбүрміз.

Ұлы Раббымыздың, соңы қиын болатын кейбір істердің, бастапқы сатыларының өзінен сақтануымызды осы хикметке байланысты болса керек. Мысалы, еркектің өзіне адал емес, бөгде әйелге құмарта қарауы зинаға жол ашатындықтан, бұл іске тыйым салынған. Басқа жаман қылықтарда да жағдай осылай.

Бұл оқиғаның терең мағынасы мен мәні ғибратқа толы. Өйткені, мәңгілік бостандыққа бедел ретіндегі дүниелік сынақты қиын әрі ауыр қылған көптеген жағдайлар бұл жерде шиеленіскен түрде іске асып жатқан еді. Мысалы:

Юсуф (аләйһиссәләм) сұлулығы аңызға айналған, періштедей жігіт еді. Оның сұлулығын көрген әйелдер естері кетіп, саусақтарын турағандарын сезбеген еді. Егер ол көріксіз және құмарлығы таусылған қарт болғанда, бұл сынақ осыншама ауыр, бұл оқиға осыншама тәлім тәрбие өнегесіне толы болмас еді.

Зүлейха да нәпсі ең көп бейімделетін үш сипат - байлық, атақ пен әуесқойлықтың шыңында еді. Егер Зүләйха да қарт болып,

көріксіз әйел болғанда, тағы Хазіреті Юсуфтың сынағы осыншама қиын болмас еді, бұл оқиға осыншама әсерлі де үлгілі болмас еді. Демек, ол да сұлу әрі жас еді. Көптеген адамдарды өзіне қаратарлық тартымды еді. Әрі ол бөлменің есігін де мықтап жапқан еді. Осылайша оңаша әрі жасырын болудың күнәларды одан бетер қамшылайтын сәтінде Хазіреті Юсуфқа қатты әуестеніп:

«Һәйтә ләк! Яғни «Маған келсеңші!»» - деп шақырып, арам іске бел буған еді. Көптеген күшті де ерікті адамдар бас тарта алмайтын мұндай ұсынысқа қарсы тұра алған Юсуфтың (аләйһиссәләм) өзі де өте ауыр жағдайға түскенін Ұлы Раббымыз:

«Егер дәлеліміз (және көмегіміз) **жетпегенде, ол да бейімделетін еді»** - деген сөзімен түсіндіреді.

Міне, Юсуф (аләйһиссәләм) алдына жайылған осыншама күшті тартымдылықтың арбауына көнбеу үшін «маазаллаһ» деп, тек шарасы үлкен тақуалықпен «Аллаһқа сиыну» екендігін ортаға қойған еді. Бұл иләһи көмектің іске асуы үшін тақуалықтың міндетті екендігін көрсетеді. Яғни, әммәра нәпсінің иесіне тыным бермейтін шексіз қалауларына қарсы тұру тек тақуалық сезімдерінің күшеюімен мүмкін екендігін көрсетеді.

Еркектердің өмірінде жолығуы мүмкін сынақ-тарының ең ауырларының бірі - жастық, сұлулық, байлық сияқты әртүрлі тартымдылыққа ие әйел затының, әсіресе осындай оңашада келген ұсынысына «жоқ» деп айта білу.

Сондай-ақ, Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір хадисінде ешбір көлеңке болмайтын қиямет күнінде Аллаһ Тағала жеті топ адамды ғарыштың көлеңкесінде панаға алатындығын, сол жеті топ адамның бірі:

«Сұлу әрі атақты әйелдің бірге болу сұранысын, «Мен Аллаһтан қорқамын,» - деп қабылдамаған жігіт» (Бұхари, Азан 36) екендігін айтады.

Өйткені, адамның ең үлкен әлсіздіктерінің бірі мадақ, мақтауға, ілтипатқа жеңіліп, өзін қорғау күшінен айырылуы. Бірақ, Хазіреті Юсуф ондай болған жоқ. Өйткені, тақуалығы әрі нәпсісінің кәміл дәрежеде болуы себебімен Аллаһ оны қорғап, әммәра нәпсінің айла-шарғысына қарсы тұра алатындай күш берді.

Бұдан ғибрат аларлық бір жағдай мынау:

Зүләйха айтқанын орындамаса, Хазіреті Юсуфты зынданмен қорқытқан еді. Алайда, Юсуфтың (аләйһиссәләм) тазарған нәпсісі оған тақуалықты аян еткендіктен ол:

«Ей, Раббым! Зындан оның шақырған ұнамсыз нәрсесінен де жақсы - деген еді.

Сонымен қатар Ол Аллаһ Тағалаға жалбарынғанда:

«Егер олардың қулығын менен алыстатпасаң, мен оларға бейімделген надандардан болар едім» - деп, өзі тап болған жағдайынан құтылудың жалғыз шарасы - зынданды қалауы үлкен тақуалығының белгісі еді.

Бұл оқиға адамды күнәға итермелейтін барлық дүниеуи тартымдылықтардың «**Һәйтә ләк**» (Маған келсеңші) деп шақыруына қарсы тұрғызатын күштің тек сол сәтте жүректің «**маазаллаһ**» деп, шексіз құдірет иесі «**Аллаһқа сиынуы**» екендігін көрсетеді.

❀❀❀

Құран Кәрімде әммәра нәпсінің кесірінен сақтануға ең күшті қару - тақуалық екендігі айтылады. Тағы да қасиетті кітабымыз Құран Кәрімде нәпсінің мәнін көрсететін бір оқиға төмендегідей.

Мұсаға (аләйһиссәләм) Сина тауында пайғамбарлық беріліп артынан:

««**Аса таяғыңды таста!**» (делінді). **Мұса** (тастаған) **таяғының жылан сияқты ирелеңдегенін көргенде, артына бұрылып қарамастан қашты.** (Сонда) **«Ей, Мұса! Бері кел, қорықпа! Өйткені, сен қауіпсіздіктесің»-деп дауысталды»** (Қасас сүресі 31-аят).

Ұлы Аллаһ Мұсаға (aлəйһиссəлəм) құдіретін сол таяқпен көрсеткен еді. Мұса (aлəйһиссəлəм) да таяқ арқылы Аллаһтың құдіретіне бойын үйретті. Аллаһ Оны пайғамбар етіп тағайындап, оны өзіне жақын тартып сөйлесіп, оған кейбір міндеттер жүктеп, былай дейді:

«Ей, Мұса! Ана оң қолыңдағы не?» (Таһа сүресі 17-аят)

Мұса (aлəйһиссəлəм):

«Ол менің таяғым. Оған таянамын, онымен қойларыма жапырақ түсіремін. Маған ол басқа істеріме де қажет» (Таһа сүресі 18-аят) - деп жауап берді.

Сонда Аллаһ (жəллə жəлəлүһү):

«Ей, Мұса, оны жерге таста!» - (Таһа сүресі 19-аят) деді.

Хазіреті Мұса дереу бұйрықты орындайды.

«Оны дереу жерге тастады. Қараса, тез ирелеңдеп бара жатқан жылан емес пе?» (Таһа сүресі 20-аят)

Мұны көрген Мұса (aлəйһиссəлəм) қаша жөнеледі. Сонда:

«Аллаһ бұйырды: «Оны ал! Қорықпа! Біз оны қазір бұрынғы түріне айналдырамыз»» (Таһа сүресі 21-аят) - делінеді.

Кейбір тəпсіршілер Мұсаның (aлəйһиссəлəм) таяғын жерге тастағаны туралы аяттың ишаратты түсініктемесінде Хазіреті Мұсаның жан дүниесіне тəн бір жол көрсету екендігін баяндаған.

Мұса (aлəйһиссəлəм) фəни байланыс пен сүйеніштерін айта бастағанда, Аллаһ (жəллə жəлəлүһү) оларды тастауын бұйырды.

Нəпсі мен нəпсіге қатысты нəрселер үлкен жылан ретінде көрінді. Мұсаға (aлəйһиссəлəм) нəпсінің шынайы бейнесі көрсетілді. Қорқып, шошып қаша жөнелді. Оған бейне бір былай делінген еді:

«Ей, Мұса, міне, бұл жылан Аллаһтан басқа нəрселерге берілудің нағыз өзі. Бұл нəпсі ол түрге енген күйінде иесіне көрсетілсе, иесі одан осылайша шошып тұра қашады».

«Енді сен тәухид сипатына бөленгенсің. Сенің бір таяққа сүйенуің, Өзіне сүйенетін, одан көмек сұрайтын әрі оны әртүрлі қажеттеріңе пайдаланатын нәрсенің болуы қалайша орынды да дұрыс бола алады?.. Сен ол таяқпен былай істеймін, оны пайдаланам, оның маған басқа да пайдалары бар деп қайтып айта аласың? Тәухид жолындағы алғашқы қадам - себептерді тәркі ету. Яғни, тәуекел етіп, мойынсұну. Сондықтан түрлі талап пен сұраныстардан бас тарт!»

Бұл жайлы мынадай өнегелі сөз бар:

«Хақ Тағаланың дауысын естіп, Оның дидарының нұрын көрген адам Аллаһтан басқа сүйеніштерінің бәрін тастайды. Аллаһтың мейірім - шапағатынан басқа еш нәрсеге сүйенбейді. Осылайша нәпсінің құмарлығы мен аздыруынан арылады».

❁❁❁

Бейне бір түс әлемі іспеттес мына фәни дүниенің бес минуттық алдамшы ләззәты үшін шынайы бақыт пен ақыреттің мәңгілік салтанатынан қаперсіз қалдырып, құлды ең жоғарғы мәртебеден ең төменгі дәрежеге түсіретін де сол нәпсі әммәра.

Нәпсінің әммәра деген ауруына шалдыққан адам өзінің бақытына жарайтын ақиқаттың алдында да қасарысып, тәкәппарланып, басқаларға менмендікпен қарағандықтан өтірік, өсек және бос нәрселермен айналысудан бейне ләззәттанғандай болады. Дінде тыйым салынған жамандықтардан құтыла алмайды. Мұндайлар қысқа ғана дүние тіршілігінің фәни әрі құмарлық ләззаттары үшін жәннат пен Аллаһтың дидарын тамашалаудай мәңгілік бақыт пен амандықты тәркі еткендер – ақылы, түсінігі, санасы өшіп, көкірек көзі перделенген, надан адамдар.

Нәпсі әммәрада сұлтани рух толығымен хайуани рухтың қол астына бағынып, адамгершілік қасиеттері жоғалып, хайуандық қасиеттері басым түседі.

Мұндай адамдар жайында Аллаһ Тағала былай баяндайды:

«Ант етеміз, жындар мен адамдардың көбін жәһәннәм үшін жаратқанбыз. Олардың жүректері бар, олармен түсінбейді;

көздері бар, олармен көрмейді, құлақтары бар, олармен естімейді. Міне, олар хайуан сияқты. Тіпті одан да төмен дәрежеде. Міне, нағыз надандар солар» (Ағраф сүресі 179-аят).

Мұндайлар қорқыншы надандықтарымен Аллаһтың мейіріміне қаперсіз, шексіз сенеді, сөйтіп өздерін алдап, күнәларын жасай береді. Аллаһ Тағаланың азабынан кепілдеме алған кісідей пиғыл танытып:

«Харамның харам екендігін мойындай отырып, істеу адамды күпірлікке түсірмейді ғой! Қашан да болса, бір күні тәубе қылармын!» - деп ойлап, құр жұбанышпен жүре береді.

Бірақ, Аллаһ Тағаланың олар жайлы ескертуі мынандай:

«Ей, адамдар! Раббыларыңа қарсы шығудан сақтаныңдар. Әкенің балаға, баланың әкеге арнап ештеңе бере алмайтын күннен сақтаныңдар. Аллаһтың айтқаны рас екенін біліңдер. Дүние өмірі (қызығы) **сендерді алдаушы болмасын, шайтан Аллаһтың кешіріміне сендіріп, сендерді алдатпасын»** (Лұқман сүресі 33-аят).

Міне, осындай ойлар негізінде, күнәлардың оңай жасалуына жол ашып, мұны жәй бір нәрсе етіп көрсеткісі келген нәпсі мен шайтанның жасырын сыбырлары ғана.

Бір жағынан, нәпсі әммәраға бой алдырған адамдар ақыретін құтқаратын жақсылық пен сауап істерге жалқаулық танытып, жамандықтан қашуға немқұрайды қарайды. Егер оқыстан кішкене бір жақсылық жасаса, мұны үлкейтіп, үнемі осымен мақтанады. Өздері істеген жамандықтарына анда-санда аздап өкінсе де, бұл өкініш олардың бойларында, әрі іс-әрекеттерінде жақсы өзгерістерге себеп болатын күштен аулақ болады.

Осы халдегі мүмин емге мұқтаж науқасқа ұқсайды. Оның нәпсі әммәрадан құтылып, ләууәма нәпсіге өтуі үшін рухани емделу кезінде ұстанатын ең маңызды принципі - өзін нақты түрде жауапқа тартып, сын тезіне салуы. Құл Раббының барлық нәрсені білетіндігін, қабірдегі сұрақтарды, махшардағы есепті, жәһәннамдағы қатты азапты ойлап, тәубеге бел байлауы

керек. Бірақ, құл тәубе еткен кезде, Аллаһ Тағалаға жасаған мінәжатын тек сөзбен ғана емес, жүрекпен де сезініп, шынайы көңілмен орындауы қажет.

Тіл тәубе етіп жатқанда, мүмкіндік табыла қалса, тағы да сол күнәні істеуге жүрек бейім болса, бұл тәубе қабыл болмайды. Керісінше, бұл мұнәфиқтың тәубесі. Тіпті, осы тәубесіне де тәубе етуі керек. Бір жағынан тәубе етіп, екінші жағынан күнәларды жасай беру, тәубемен мінәжәт етілген орынды жеңіл санап, мазақ ету болып табылады. Тәубе - шын жүректен өкініп, екінші рет жасамау үшін жамандықтардан бас тартып, Аллаһ Тағаладан кешірім тілеу дегенді білдіреді.

Екінші жағынан, құл нәпсі әммәрадан құтылу үшін ең болмағанда шариғат үкімдерін орындап, тәухид сөзінің ішкі сыры мен ақиқатына жетуге тырысу керек. Жүректе пұтқа айналған және құлды Раббысынан ұзақтататын құмарлықтар мен әуесқойлықтар **«Лә иләһә»** деген кезде басылып, Аллаһтан басқа мақсаттың бәрі жүректен шығуы керек. Сосын осы тазарған жүрекке **«иллаллаһ»** ақиқатын орнатып, көңілді тек Аллаһқа ғана арнауға тырысқан жөн. Осылайша құл әлсіздігі мен бейшаралығын түсініп, иманда тақлидтен (еліктеу) шынайылыққа қарай өсуі қажет. Иманның жүректе шынайы түрде орнығып күшеюі, құлды салих (ізгі) амалдар істеуге, ақыры жоғары дәрежелерге жеткізеді.

ә. Нәпсі ләууәмә

Әммәра күйіндегі нәпсісінің қателігін мойындап, оны сын тезіне салып, жауапқа тартып, оның жаман іс-әрекеттерінен бойын аулақ ұстайтындар нәпсі ләууәмәға қарай бет алады.

Мұндай адамдар нәпсі әммәрадағы сияқты «қалай болса да Аллаһ кешірер» деген ойға салынып, алданудан өзін аз да болса құтқарғанымен, көңілдері тыныш таппайды. Сондықтан нәпсісін айыптап, өкініп тәубе етіп, кешірім сұрайды. Білгенімен амал ете алмағаны үшін өкінгендермен, білім мен

парасаттылық мәжілісінде көз жасын төгіп, тәубе еткеннен кейін сол жамандығына қайтқандар да ләууәмә нәпсі иесі болып табылады.

Ләум ету - айыптау, кінәлау деген сөз. Нәпсі ләууәмә істеген жамандықтарынан, Аллаһтың әмірі мен тыйымдарына немқұрайдылықпен қарағандығы үшін өкініп, ұжданы азап тартып, сол себепті өзін қатты айыптаған нәпсі. Бұл дәрежедегі адам нәпсі әммәраның кейбір әрекеттерінен тәубе арқылы құтылады. Яғни ғапылдықтан аз да болса арылып, күнәлі істерге құмарлығы азаяды. Бірақ, бұл сезімдер толық кемелденбегендіктен шыдай алмай, қайта күнәға түсуі де әбден мүмкін.

Нәпсінің бұл мәртебесінде сұлтани рух хайуани рухтың қол астынан босап, одан бөлінгендіктен, күнәлардың артынан дереу өкініш сезімі туындайды. Құл нәпсісін кінәлап, Аллаһтан кешірім тілейді. Бірақ, нәпсі толық тәрбиеленбегендіктен тәубесіне берік бола алмайды. Мұндай адамдар жамандықтан ұжданы мазасызданғанымен, сырттан келген жағымсыз әсерлерге қарсы тұра алатындай шамаға жетпегендіктен күнәләрдан аулақ бола алмайды. Мысалы, достарының көңілін қимай, олармен бірге күнә істерге бой алдыруы сияқты...

Мұндай адамдар көбінесе жасаған жақсылығымен қуанып, істеген жамандығынан қайғырып жүреді. Құмарлығының тасқындап азғындауынан өзін қорғап, қарсы тұруға тырысады. Бұл мәртебедегі нәпсінің тәубе етуге бейімдігі атрқан. Жүрегі Аллаһтың нұрымен аздап нұрланып, соған қарай ғапылдықтан оянады.

Мұндай адамдар Аллаһ Тағаланың әмірін орындап, салих амалдары көбейе бастайды. Амалдарды көбінесе Аллаһ үшін жасайды. Бірақ, иләһи шабыттан туындаған ләззат пен шаттыққа толық жете алмағандықтан, Аллаһ үшін істеген салих амалдарын халықтың білуін іштей қалайды. Яғни, нәпсі әммәраның кейбір жаман мінездері толығымен жойылып кетпейді. Сондықтан осы қасиеті үшін құл өзін кінәлайды.

Нәпсінің бұл мәртебесі Құран Кәрімдегі:

وَ لَا أُقْسِمُ بِالنَّفْسِ اللَّوَّامَةِ

«Ләууәмә (қателігін мойындаушы) **нәпсімен ант етемін...»** (Қиямет сүресі 2-аят) аятында ләууәмә деп аталады.

Адамның өз нәпсісін ләум етуі, яғни оны барынша кінәлауы тек сөзбен ғана болса, мақсатқа жеткізбейді. Өйткені, «ләууәмә» мен «әммәра» дәрежесінің арасы тым жақын. Адамның нәпсісін аздап кінәлағанынан ішінде тәкәппарлық сезімі байқалса, онда әлі жасырын түрде де болса, нәпсі әммәраның тұқымы бар дегенді білдіреді.

Аят кәримада Аллаһ Тағала:

وَ لَقَدْ خَلَقْنَا الْاِنْسَانَ وَ نَعْلَمُ مَا تُوَسْوِسُ بِهِ نَفْسُهُ
وَ نَحْنُ أَقْرَبُ إِلَيْهِ مِنْ حَبْلِ الْوَرِيدِ

«Сөзсіз адамды біз жараттық, нәпсісінің оларға сыбырлағанын да білеміз. (Өйткені), **Біз оған күре тамырынан да жақынбыз»** (Қаф сүресі 16-аят) - делінеді.

Сондықтан адам нәпсісін кінәлаған кездің өзінде де нәпсі әммәраның жасырын тұзақтарынан сақтанып, Аллаһтың қаһарына ұшырамаймын деген сенімде болудан сақтануы қажет.

Өйткені, кейбір адамдар кішіпейділікті жаратылысының көрінісі ретінде емес, өздерін «кішіпейіл» дегізіп, нәпсісін қанағаттандыру үшін кішіпейіл болып көрінеді де сондықтан нәпсісін айыптайды. Оның бұл жасанды пиғылы негізінде «кішіпейілділіктің мақтаны» ғана.[9]

Тәубесіне берік болып, жаман істерден арылу - тек рухани тәрбиемен мүмкін болады. Ләууәмә дәрежесіндегі нәпсі егер ру-

[9] Кішіпейділіктің мақтанышы: Кішіпейілділікпен мақтану. Мәселен, өзін көрсету үшін: «Мен бишара, пақыр үш күнде әрең бір рет Құранды хатым етемін» деген сөздерді айту сияқты.

хани тәрибиеленіп, ізгі-салихтармен бірге болса, жаман істерден аулақ болады. Мүмкіндік туса да істемейді. Бірақ, жүректе өш, қызғаныш, тәкәппарлық сияқты кейбір жаман қасиеттер қалады.

Ләууәмәдан аулақ болып мүлһәмәға өту рухани тәрбиенің тағы бір шарты – «рабытаны» жалғастырумен іске асады. Яғни, дәруіштің әрбір іс-әрекетінде харамнан сақтанып, иләһи әмірлерге мойынсұну үшін өзіне уәде берген, рухани тәрбиеде жол сілтеуші етіп таныған кәміл мүршидінің әр уақытта рухани қарамағында жүргенін ойлап, осы көңіл бірлігі сезімімен әрекет етуі.

Нәпсісін үнемі жауапқа тартып, өзінде қандай жаман қасиет бар болса, бұларды біртіндеп тастауға бел байлап, тәубе етуі керек. Сонан соң осы жаман қасиеттерінің орнына тамаша қасиеттерді орнықтыруға ұмтылу қажет. Мәселен, тәкәппарлығы басым адам кішіпейділік пен қарапайымдылықты ұстануы. Өш пен қызғанышқа душар болған адам болса, мүмин бауырларын өзінен жоғары санап, олардың кемшіліктерінен бұрын өз кемшіліктерін ойлауы. Мүмин мүминнің айнасы екендігін, жаман оймен қарағанда жамандықтар, жақсы оймен қарағанда жақсылықтарды көретіндігін ойлап, нәпсісін мүминдердің жақсы қасиеттеріне бұруы керек.

Нәпсінің бұл мәртебесінде де Аллаһқа зікір етуді жалғастырып, күнә істерден сақтанып, ішкі жан дүниесін Аллаһқа деген сүйіспеншілікпен нұрландыруға тырысуы қажет.

б. Нәпсі мүлһәмә

Нәпсі әммәрадан бас тартып, ләууәмәға көтерілген мүмин нәпсінің бұл сатысында да тәубе, истиғфар, күнәлардан сақтану, рухани тазаруға көңіл бөлу, тағы сондай нәпсілік күрестердің нәтижесінде мүлһәмә мәртебесіне көтеріледі.

Нәпсінің бұл мәртебесінде құл Аллаһтың көмегімен жақсылық пен жамандықты ажырата біліп, белгілі нормадан

тыс болған құмарлық сезімдеріне қарсы тұру күшіне ие болады. Жүрегі Аллаһты ұмыттыратын барлық нәрседен ада болады. Енді халық алдындағы емес, Хақ алдындағы дәрежесін ойлайды. Иман ақиқаттары жүректе алаулай бастайды.

Нәпсінің бұл мәретебесінің «мүлһәмә» деген атауы Құран Кәрімдегі:

«Нәпсімен және оны жаратылыс мақсатына қарай ажарлап, оған күнә мен тақуалығын аян еткенмен ант етеміз!» - деген (Шәмс сүресі 7-8 аяттар) аятынан алынған.

Мүлһәмә мәртебесіндегі нәпсі аянға қол жеткізеді. Нәпсінің осы дәрежесіне жеткендер иләһи әмірлер мен тыйымдарды толық орындаудың берекетімен ғайып әлемінің ақиқаттарынан, мағрифат пен көрегендіктен аз да болса өз нәсібін ала бастайды. Құл сүйіспеншілікпен рухани әлемге бет бұрып, Аллаһ тарапынан кейбір аянға және аздап Раббани самалға ие болатын шамаға жетеді. Бірақ, бұл самал мен аянның Рахмани ма, әлде шайтани ма екендігін ажырата білу үшін рухани жол көрсетушінің бақылауында болуы абзал.

Өйткені, күресте нәпсі жеңілсе де, қарап тұрмай сұлтани рухты орнынан түсіру үшін жасырын айлакерлікпен жүректі айналдыруды жалғастыра береді. Сондықтан мүлһәмә дәре-жесіндегілердің Аллаһ Тағалаға деген тәуәкелі мен мо-йынсұнушылығы кәміл түрде іске аспайды. Яғни, сырт іс-әрекеттегі кемелдік әлі де ішке орныға қоймаған.

Нәпсінің осы мәртебесінде жаман әрі жағымсыз қасиеттер іске аспағанымен, әлі де болса бар деген сөз. Сыртқы себептер әлемінен ақиқат әлеміне әлі өте алмағандықтан екі ойлылықпен бос сарқыншақтар, іштарлық, күмән мен қырсық мінездер және құмарлықтар толық тасталып, мойынсұнудың тыныштығы мен шаттығына жете қоймайды. Көңіл тіршілік пен келешек қамы сияқты әртүрлі бітпес қалаулармен жаралы жүреді. Бүгінгі рыздығын тапса, ертеңгі рыздығын уайымдайды. Сырттай Аллаһ Тағаланың «Рәззақ» (рызық беруші) сипатын қабылдағанымен, іштей кемелсіз жүрек сезінген уайыммен бұл иләһи сипатқа

сенімсіздік таныту байқалады. Міне осы және осыған ұқсас жағдайларда Аллаһтың тағдыры мен жазғанына риза болып, Оған мойынсұнып, тәуекел ету жағы әлі де болса жүрекпен шынайы орындалмай, сырттай әрі жасанды түрде атқарылады.

Бірақ, бұл мәртебеде нәпсінің қалаған нәрсесін істемей, қаламаған нәрсесін істеу арқылы нәпсі тәрбиесіне аз да болса қол жеткізіледі. Алайда, хайуани рух жеңілгенімен, сұлтани рухтан туындайтын жақсы қасиеттер, тамаша ахлақтар әлі де болса толықтай орнықпаған күйінде қалады.

Оның орнығуы, тек қана нәпсінің ұнататындарын тастап, ұнатпайтындарын істеумен, яғни тек қана риязат немесе күреспен болмайды. Осылармен қатар «зікірұллаһқа» да қажеттілік туындайды. Бірақ, жүрек дүниелік уайым-қайғысының әсерінен зікірдің ләззаты мен қанағатына жете алмайды. Сондықтан Аллаһты әдебіне сай зікір ету үшін де Аллаһ достарының рухани көмегі мен жол сілтеуіне мұқтаж.

Қай кезде құл өзін емдеп, кемшіліктерін мойындап, терең шабыт әрі ләззатпен, сүйіспеншілік ынтамен Раббысын зікір етуді бастаса, сол кезде зікірдің шын зейнетіне қол жеткізеді. Сол кезде Раббани аянмен әлемнің сырларына қанық болып, ондағы жайылған иләһи құдірет көрінісіне таңданып, көңілі тыным табады.

Аллаһ Тағаланың:

أُدْعُ إِلَى سَبِيلِ رَبِّكَ بِالْحِكْمَةِ وَ الْمَوْعِظَةِ الْحَسَنَةِ

«(Расулым) **Раббыңның жолына хикметпен, тамаша үгітпен шақыр» -** деген (Нахл сүресі 125-аят) бұйрығынан үлгі алса, құлдың сөздері тамаша әрі хикметті болады. Өйткені, ол аян алуға қол жеткізген құл болып саналады.

Бұл жолда осы қалыпты сақтап, ілгерілеген сайын хайуани рухтың күші азайып, яғни нәпсі сұлтани рухтың әмірлеріне көніп, соның нәтижесінде жаман құмарлықтардың азғыруынан құтыла бастайды. Кешірімділігі мен сабыры, шыдамы артып, кішіпейілдік пен қанағатта, жомарттықта жоғары мәртебеге жетеді.

Бірақ, бұл мәртебенің қаупі - «елеулі болдым» деген ойға салынып, абайсыздан тәкәппарлық пен менмендікке түсу. Сондықтан мүлһәмә мәртебесіндегі мүмин үнемі Аллаһтың көріп тұрғандығын біліп, іс-әрекетін кішіпейілдік пен фәнилік сезімдерімен орындауы керек.

Сондай-ақ Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Өлімді көп еске алыңдар! Өйткені, өлімді ойлау (адамды) күнәлардан арылтады, дүниеқұмарлықтан құтқарады. Егер сендер оны бай кездеріңде ойласаңдар байлықтың пәлесін жояды. Кедей кездеріңде ойласаңдар өмірлеріңді риза етеді» (Суюти, Жамиус-Сағир I, 47) - деген.

Нәпсісі осы мәртебеге жеткен сәлик (дәруіш) Хазіреті Омардың (радиаллаһу анһу):

«Жауапқа тартылмай тұрып, өздеріңді жауапқа тартыңдар. Иләһи таразыға тартылмай тұрғанда, амалдарыңды тартыңдар. Ешбір амалдарың өзіне жасырын қалмайтын Аллаһ Тағаланың құзырына шықпай тұрып, сол үлкен сотқа әзірленіңдер» (Ибн Кәсир, Тәфсир I, 27) - деген насихатына сай әрекет жасауға бел буу керек.

в. Нәпсі мұтмайннә

Аллаһ Тағаланың әмірлеріне бағынып, тыйым салғандарынан сақтану арқылы рухани аурулардан сауыққан, шынайы иманмен тыныштық, шаттық және қанағатқа жеткен нәпсіні «мұтмайннә нәпсі» деп атайды. Жүрек Аллаһты зікір етудің берекетімен шүбәлар мен күмәндардан арылып, әр сәт шүкіршілік пен мадақ халінде болады.

Бұл мәртебеде жаман және жағымсыз қасиеттердің орнын тамаша ахлақ басады. Мінез-құлықтың шыңына шығып, барлық адамзатқа үлгі болған Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жоғары ахлағы, айтып жеткізгіс ынтамен

қолданыста болады. Құлдың жүрегі, сабыр, тәуекел, мойынсұну мен ризашылыққа толады. Демек, мұтмайннә осындай Аллаһты таныған, тақуалық пен жоғары мәртебе иесінің нәпсісі. Мұндай адамдардың көңілі үнемі Хақты зікір етумен болады да шариғат үкімдерінің ішкі сырын меңгерген күйде ғұмыр кешеді.

Имам Раббани Хазірет:

«Нәпсі мұтмайннәға дейінгі жасалған құлшылықтар шынайы емес, еліктеушілік. Нәпсі мұтмайннә нәпсісінде бұлар еліктеушіліктен шынайылыққа айналады» - деген.

Құлшылықта шынайылыққа жету шариғат, тариқат, ақиқат және мағрифат сатыларындағы «ақиқат мәртебесіне» жету деген сөз. Бұл кемелдікке жеткенде, жауапкершілік түсінігіне де өте сақтықпен қарайтын болады. Мысалы, шариғатта балиғатқа толмағандар діннің үкімдеріне жауапты емес. Жауапкершілік тек қана ақылы толған әрі балиғатқа жеткендерге тән.

Сол сияқты, тасаввуфи жолдардың біреуіне түскен сәлик сәйрү сүлукін тамамдағанша, бейкүнә бала сияқты саналып, тариқаттың әдебінде істеген кемшіліктеріне кешіріммен қаралады. Өйткені, тариқатта сәлик тек тәрбиелену сатысынан өткен соң ғана «рүшдке» (ақыл-есі дұрыс, балиғатқа толған) жеткен болып саналады. Енді шариғат сияқты тариқат әдебіндегі кемшіліктерінен де жауапты болады. Бірақ, «ақиқат» туралы кемшіліктер үшін әлі жауапты болып саналмайды. Бұл жағынан мұтмайннә мәртебесіне жеткенде барып жауапкер болады. Өйткені, құл мұтмайннә дәрежесіне жеткенде «ақиқат» жағынан да сол дәрежеге жеткен болып саналады. Сол себепті, шариғатта мұбах болған кейбір нәрселер, тариқатта кішкене күнә түрінде қабылданады. Тариқатта кішкене күнә деп қабылданған нәрселер ақиқат пен мағрифатта үлкен күнә болып саналады.

Мысалы, шариғатта тойғаннан кейін жеу - ысырап. Тариқатта тойғанға дейін жеу - ысырап. Ақиқатта болса, жетерліктей мөлшердегісін Аллаһ құзырында болғандығын ұмытып жеу - ысырап. Ал, мағрифатта болса осылармен қатар нығметтегі

иләhи көріністі көрмей жеу - ысырап. Өйткені, Аллаh Тағала әрбір нәрседе Өзінің бар екендігіне тән бір ишарат қойған. Басқа, барлық нәрселерде де жағдай осы сияқты.

Міне, нәпсі мұтмайннә Аллаh Тағаланың тауфиғымен ақиқатқа, сәкинетке және яқинға[10] қауышып, уайым-қайғыдан құтылып, көрегендік пен аянға қол жеткізеді.

Бұл мәртебеде жүректегі ғапылдықтың перделері ашылады. Көңіл арғы ақиқаттарға айнал яқин мәртебесінде қарайды. Яғни жүрек күмән мен шүбәлардан арылып, шынайы мойынсұнушылықпен, толық қанағатпен шаттыққа бөленеді. Бұл халге жеткен құл діни міндеттерді сырттай, әрі іштей күмәнсіз қабылдап, тамаша түрде орындайды. Сонымен қатар бұл қабылдау мен сенімнің мықтылығы соншалық, бүкіл әлем бірігіп, сеніміне қайшы, теріс нәрсе айтса, оған ешқандай күмән сала алмайды. Өйткені, ол рухани және материалдық әлемді ақиқат терезесінен тамашалайды.

Мұндай адамдар иманы үшін ешқандай азап пен күрестен қорықпайды. Сондай-ақ, Құран Кәрімде қиссасы баяндалған Перғауынның сиқыршылары Хазіреті Мұсадан (аләйhиссәләм) көрген айқын мұғжиза алдында қанағатты көңілмен Аллаhқа иман етіп, имандағы табандылықтары мен ұстанымдарына, жандарын беріп, сақтаған. Залым Перғауынның имандарынан қайтпаған жағдайда қол-аяқтарын қиғаштап, кестіретіндігі және өздерін құрма ағаштарына дарға астыратындығынан да қорықпай:

«...Біз бәрібір Раббымызға қайтамыз. Сен тек Раббымыздың аяттары (дәлелдері) **бізге жеткенде, оларға сенгеніміз үшін ғана**

---

[10] **Сәкинет**: Рухани нәр жүрекке толғанда жүректің қанағаттанып, жайғасуы.
Яқин: Кесімді әрі айқын мәліметті білдіретін арабша бір сөз. Мұнда күмәнға орын жоқ. Жүрек бір нәрсенің ақиқаты турасында қанағаттанған жағдайда. Сонымен бірге яқин, дәлелдердің арғы жағына өтіп, сенім күшімен айқын көруді білдіреді. Құшайри яқиннің үш түрлі екендігін айтады:
Илмул яқин: Бір нәрсе жайында хабарға сүйенетін мәлемет.
Айнал яқин: Бір нәрсені көру арқылы қол жеткізген мәлімет.
Хаққал яқин: Бір нәрсені қолмен ұстағандай ішінде болу арқылы қол жеткізген мәлімет.

бізден өш алып жатырсың. Ей, Раббымыз! Бізге мол сабыр беріп, біздің жанымызды мұсылман күйде ал!» - (Ағраф сүресі 125-126 аяттар) деп, ұлы иман құштарлығымен қуана-қуана жандарын пида еткен.

Өйткені, бұл мәртебеде көзге перде болған адами кесапаттар жойылып, нәзік сезімдер мен ақиқат нұры шашылғандықтан:

يَا أَيَّتُهَا النَفْسُ الْمُطْمَئِنَّةُ

«Ей, мұтмайннә (қанағаттанған**) болған нәпсі!»** (Фәжр сүресі 27-аят) түріндегі иләһи ілтипатқа ие болған.

Көріп отырғанымыздай, мұтмайннәдан төменгі дәрежелердегі нәпсілер, иләһи ілтипатқа бөлене алмаған. Тек мұтмайннә болып қанағаттанған нәпсі мен одан жоғарғы мәртебедегі нәпсілер ғана бұған ие бола білуде. Сондықтан бұл ілтипатқа ие болу үшін нақты ынта - жігер жұмсап, нәпсіні бағындыру керек.

Мұтмайннәға жеткен бақытты жандар одан соң разия, мәрзия және кәмилә деп аталатын үш ұлы мәртебеге бет алып, жетістіктеріне қарай осылар арқылы Хақ Тағалаға жақындық пен қауышудың шыңына шығады.

г. Нәпсі Разия

Үнемі Хақ Тағалаға бет бұрып, Аллаһпен бірге болу сезіміне жеткен, Оның хикметі мен үкіміне бас иген, Раббысына разы болған нәпсі. Бұл мәртебеге жеткен құл өз ерік-қалауынан бас тартып, Раббысының ерік-қалауына жан тәнімен беріледі.

Құран Кәрімнің:

إِرْجِعِي إِلَى رَبِّكَ رَاضِيَةً مَرْضِيَّةً

«Сен Оған, Ол да саған разы болған күйде Раббыңа қайт!» (Фәжр сүресі 28-аят) - деген аятындағы **«Сен Оған разы болып»** - деген мағынасының осы мәртебеге ишарат еткендігі айтылады.

Бұл ризалық жағдайы - Хақ Тағаладан келген барлық ауыр сынақтарға сабыр көрсетіп, бұл турасында Оның қалауын жан-тәнімен қабыл алу. Аят кәримада былай баяндалады:

«Ант етеміз, сендерді аздап қорқыныш, аздап аштық, аздап мал-жандарыңды, өнімдеріңді азайтып сынаймыз. Сабыр етушілерді сүйіншіле!» (Бақара сүресі 115-аят)

Осы аят кәримада баяндалған «**сабыр етушілердің**» қатарында болу тек Аллаһ Тағаланың жазғанына, ол адамға ұнамды түрде көрініс таппаса да, тек, ризашылық білдіріп, оған ешқашан қарсы келмеумен болады.

Міне осылайша нәпсі разия - иләһи қалаудың жақсылық немесе жамандық түрінде көрініс тапқан барлық үкімдеріне күмәнсіз мойынсұнып, ризашылық таныту, ешқашан шағымданбағандардың мәртебесі болып табылады.

Бұл мәртебелердің сынақтары бұрынғыларға қарағанда тіпті ауыр болады. Өйткені, адам рухани көтерілген сайын пәлелер көбейеді. Сондай-ақ, Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл жайлы:

«Адамдар ішінде ең көп пәлеге душар болатындар пайғамбарлар. Сосын оларға жақындығына қарай басқа адамдар. Демек, адамдар діндарлығына қарай пәлеге тап болады» (Тирмизи, Зүһд 57) - дейді.

Адам тек нәпсі деген бөгеттен құтылғанғанда ғана пәлекеттер мен машақаттарға лайықты түрде сабыр ете алатындай, оларды берушіге ризашылық білдіре алатындай қабілетке ие болады. Бұл ауыртпалықтар руханият жолының ерекше көріністері болғандықтан үлкен сыйлықтар үнемі үлкен шыдамдылық, сабыр, табандылық және төзімділіктің артынан келеді.

Бұл мәртебедегі мүминнің назарында, өмірдің ауыртпалығы мен қуанышы бірдей. Өйткені, дүниеге жүрекпен байланбағандықтан, өмірдің қуанышы мен қайғысы оларға бірдей болған. Жақсылық немесе жамандықтың қайсысы келсе де барлығын Аллаһ Тағаладан деп біліп, риза болады.

Төмендегі мына шумақ осыны тамаша баяндайды:

Сенен не келсе де маған хош,
Не гүл шоғыры немесе тікен!
Не шекпен немесе кебін
Қаһарың да хош, ілтипатың да хош!

Осы шумақтағы айтуға оңай ақиқаттарды орындаудағы үлкен қиындықты жақсы түсініп, бағалай білу керек. Бірақ, разия мәртебесінде ғана шынайы айтылатын осы немесе осыған ұқсас сөздерді, әйтеуір жетілдім ғой, рухани пістім, елеулі болдым деп ойлап, немесе еліктеушілікпен уақытынан бұрын, әрі арт жағын ойламай, уайымсыз айтудан сақтанған жөн. Өйткені, ондай сөздер дау көтергендей болып көрінеді де, Аллаһ Тағала құлының бұл сөзді шын көңілмен айтқан, айтпағанын сынаса, көптеген құл бұл сынға шыдай алмай, рухани сапарда жаяу қалып қалу қаупі бар!

Разия мәртебесіндегі құл иләһи сырларға қана бастайды. Аллаһтың бір екендігін толық мойындап, рухани әлемдегі кемелдікті көруге қол жеткізеді. Аллаһ Тағаланың есімі мен сипаттарының арнайы көрінісіне ие болу абыройына бөленеді. Оның тұлғасы жақсылықтың, көркемдіктің және туралықтың қайнар көзіне айналады. Иләһи әмір мен тыйымдарды ынтамен орындайды. Құлшылықты ықыласпен әрі Аллаһ үшін орындағандықтан еш уақытта шаршамайды. Зерікпейді. Өйткені, құлды шаршататын нәрсе құлшылық етудегі ниетінде не мәртебеге жету, не керемет пен көрегендікке ие болу, немесе осыған ұқсас мақсаттарға жетем деген ниеті. Адам осындай мақсаттардың артына түссе, сол ниетімен өзінің жолын бөгеп, барлық еңбегін босқа жіберген болады. Мұндай жағдайда зікір мен пікірді ұмыттыратын шаршау байқалады. Сол үшін сәйрү сүлукте (тәрбие жолы) басынан соңына дейін Аллаһ ризашылығынан басқа ешбір ниет болмау керек.

Хақ Тағала құлдарына күре тамырынан да жақын. Ең маңызды мәселе құлдың осы жақындықты жүрекпен сезініп, Раббысына жақындай білуінде. Сөйтсе ғана Аллаһ Тағала құлдарына риза болады. Құлдары да Оның жолында күш-жіге-

рін жұмсап, Оның тағдыры мен қазасына ризашылық білдіріп, кездескен иләһи көріністерді кемелдік пен қарсы алып, Оған разы болуы ләзім.

ғ. Нәпсі мәрзия

Разия мәртебесіндегілердің бұл мәртебедегі барлық берекеттен (фәйз) пайдалану үшін Аллаһ Тағала да оларға разы болуы қажет. Яғни құлдың Аллаһқа разы болуы жетпейді, кемел өсу үшін Аллаһ та құлынан разы болуы керек. Басқаша айтқанда Хақ Тағалаға ризалығымыз оның ұлы ризашылығына жете алатындай дәрежеде болуы шарт. Бұл рухани дәреже орындалған жағдайда «мәрзия» сипаты Аллаһқа тән болғанымен, құлдың осыған қол жеткізген амалдарының берекесімен құл да бұл мәртебеге ие болады. Сондықтан разия - Аллаһқа риза болғандардың, ал, мәрзия - Аллаһ оларға разы болғандардың мәртебесі.

Аллаһ Тағала риза болған нәпсі мәрзияда жаман қасиеттер жоғалып, тамаша қасиеттер мен жағымды әрекеттер дамыған. Тіпті, жаратқаны үшін жаратылғандарға арналған мейірім, сүйіспеншілік, жомарттық, кешірімділік пен нәзіктіктен ләззат алады. Бұл мәртебедегі мүмин нәпсісін кәміл түрде сын тезіне салып, оны бақылауға алады. Әр дем сайын өз нәпсісі мен ой санасын аңдып, шайтани алдауларға қарсы немқұрайдылық танытудан сақтанады.

Және осы мәртебедегі құл әрбір жағдайда жан-тәнімен Хаққа мойынсұнады. Аллаһтан келген қаһар немесе мейірімділік көріністерінің екеуіне де көрсеткен ризашылығының берекетімен мәңгілік әлемге көшкен кезде, иләһи ризашылықпен сүйіншіленіп, оған жәннат шекпені кигізіледі.

Жоғарыда айтылған Аллаһтың:

«Сен Оған, Ол да саған разы болып, Раббыңа қайт!» (Фәжр сүресі 28-аят) деген аятындағы «**Раббың да саған разы болған түрде**» үкімі осыны білдіреді.

Сонымен қатар Бәйинә сүресінің 8-аятындағы:

رَضِيَ اللهُ عَنْهُمْ وَ رَضُوا عَنْهُ

«Аллаһ оларға риза болып, олар да Аллаһқа риза болған...» деген сөзі де осы ақиқаттың басқа бір көрінісі.

Осы халге және ақиқаттарға жеткен құл енді оқиғаларды «хаққал яқин» (қолмен ұстағандай) мәртебесінен тамашалайды. Аллаһтың рұқсатымен кейбір ғайби сырларды да білуі мүмкін. Аллаһ Тағала ризашылығы, тәуекелі және мойынсұнғаны себебімен мұндай құлдарының бейне көретін көзі, еститін құлағы, сөйлейтін тілі, ұстайтын қолы болады. Олардың халін, сөзін және тамаша мінезін өзгелерге әсерлі етеді. Яғни, нәпсі разия мәртебесінде көрген кемелдік көріністерін, енді өзі де татып, сол күйлерге бөленеді. Сабыр, тәуекел, мойынсұну мен ризашылық сияқты қасиеттер, оның іс-әрекеттерінде басымдылық танытады.

Пайғамбарлардың жоғары дәрежедегі ахлақтарынан осы тамаша халдерге байланысты бірнеше мысал келтірелік:

Хазіреті Яқуб (аләйһиссәләм) үсті-үстіне келген қиыншылықтарды, «**Маған тиесілі нәрсе тек қана тамаша сабыр**» - деп баяндаған.

Адам төзгісіз аурумен бөлеге тап болған Әйюб (аләйһиссәләм), әйелінің: «Раббыңа дұға етсеңші, бұл ауыртпалықтарыңнан бір жола айығасың» деген сұранысына:

«Хақ Тағала маған сексен жыл сау денелі өмір берді. Әлі соншалықты ауырмай тұрып, денсаулық сұраудан ұяламын» деп, жауап берген. Ибраһим (аләйһиссәләм) да отқа тасталарда көмекке келген періштелерге:

«Отты жандыратын кім? Сол менің халімді біледі. Сендерден ештеңе сұрамаймын!» - деген.

Нәпсінің тазаруы жолындағы асатын асулар - осылар. Сонымен қатар кемел адамдарға қызмет жағынан берілетін бір саты тағы бар. Оны кәміл нәпсі немесе таза нәпсі деп атайды.

д. Кәміл нәпсі (таза нәпсі)

Кәміл нәпсі тазару нәтижесінде (жамандықтардан) арылған, таза, пәк, ұлық және кемелденген нәпсі деген сөз. Бұл мәртебеде барлық мағрифат сырлары ашылған және тек Аллаһ Тағала тарапынан сыйлық ретінде берілген мәртебе болып табылады. Бұл мәртебеге тек еңбекпен, құлшылықпен қол жеткізілмейді, қасиеті мен басқа да ерекшеліктері тағдырдың сырында жасырылған. Толығымен иләһи сый.

Кәміл нәпсіге жеткендерге көбінесе жол көрсету (иршад) қызметі берілетіндіктен, бұл мәртебені «иршад мәртебесі» деп те атайды. Аллаһ Тағала осы мәртебедегілердің халдері, іс-әрекетіндегі кемелдіктері арқасында адамдарды надандықтан оятады. Мұндай адамдар пасық біреумен кездессе, сол пасықтың халін түсінеді, рухани ауруларының дәрісін, хал тілімен оларға білдіреді. Пасық егер жүрегіне мөр басылмаған болса, ынсапқа келіп, күнәларын мойындап, надандықтан оянады.

Жүрек - жақсылық пен жамандықтың, тақуалық пен күнәнің, яғни періште мен шайтани күштердің соғыс майданы. Көңіл өмір бойы осы періштелік және шайтани көріністермен, бейімділікпен толқып тұрады.

Ә. ЖҮРЕК ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАЗАРУЫ

1. ЖҮРЕКТІҢ МӘНІ

Діннің негізгі мақсаты - Хақ Тағалаға құл екендігінің байыбына барып түсінетін нәзік әрі кәміл адамдар тәрбиелеу. Осы мақсаттың іске асуы тек қана Хақ Тағалаға құлдықтың лайықты түрде түсініліп орындалуына байланысты. Адамның кемелденіп, рухани жоғары дәрежеге жетуі жүрек әлеміндегі ұлы да рухани тебіреніске, Раббани үрей мен қасиетті талпынысқа қарай іске асады.

Жүрек - тәннің және рухани жан дүниеміздің орталығы. Оның тәніміздің өмір сүруінде маңызды ролі бар. Расында адам денесіндегі миллиарттаған жасушаларға таза қанның жеткізілуі, ең ұзағы төрт секундтан көбірек тоқтайтын болса, ол жасушаның өмірі бітеді. Тән өмірі үшін осындай маңызға ие жүрек, сонымен қатар адамдағы сезімталдық құдірет пен қабілеттің негізін құрайтын рухани негіз. Мұнда жүрек әрі дене мүшелігі әрі рухани жағынан адам жаратылысының сұлтаны іспеттес болғаны сонша, ойлау орталығы болған мидың өзі содан туындаған сезімнің әсерімен пікір тудырады. Бұл - жүрек сезімталдық қабілетімен мидың өзін қамтып, барлық мүшелерден басым рол атқарады дегенді білдіреді. Сасқалақтаған (тебіреніске түскен) адамның дене-

сі дірілдеп, жүрегі дүрсіл қағады. Қандайда бір сыртқы әсерден болған мейірім, ашу, махаббат сияқты сезімдердің ойлауға, қалауға - қысқасы, әрбір әрекетке бағыт беруін, барлық адамдық іс-әрекеттерінен көруге болатын шындық.

Жүрек - рухани жағынан ақиқат пен Хақтың компасы. Бұл міндет оған Аллаһ Тағала тарапынан берілген. Алайда ол жаратылыс мақсатына керісінше бағытталып, осы табиғи бағытынан алыстаса, теріс жолдарға бейімделуден қаша алмайды. Мұндай жағдайда иесін екі дүниеде бақытты етудің орнына, қайғыға ұшыратады. Сондықтан оны табиғи мақсатына бағыттайтын әсерлерге бұрып, иләһи мақсатқа байланысты бейімділігін арттырып жетілдіру адам тәрбиесінде өте маңызды мәселе.

Аят кәримада Аллаһ Тағала жүректің дүниәуи ләззатқа алданып, иесінің мәңгілік әлемде құр алақан қалмауы үшін, құлдарына ескерту ретінде:

«Ей адамдар! Аллаһтың уәдесі әлбетте хақ. Дүние тіршілігі сендерді алдаушы болмасын! Айлакер шайтан Аллаһқа қарсы сендерді алдамасын!» (Фатыр сүресі 5-аят) делінген.

Хазіреті Мәуләнә (құддисә сирруһ) да адамның негізгі мақсатынан адаспауы үшін нәпсі құмарлықтарының тізгінделуі керектігін былай жеткізеді:

«Тәнді шектен тыс баптама! Өйткені, ол - соңында топыраққа берілетін бір құрбан. Сен негізінде көңілді өсір! Ұлылыққа барып, абыройға бөленетін - сол».

«Тәніңе майлы, балды нәрселерді аз бер. Өйткені, оны қажетінен тыс баптаған нәпсінің құмарлығына тап болып, ақырында қасіретке ұшырайды».

«Рухқа рухани азық бер. Кемел ой, нәзік түсінік және рухани азық берсең, баратын жеріне күш-қуатымен барады».

Лұқман Хаким де ұлын надандықтан ояту мақсатында былай насихат етеді:

«Балам! Дүние - түпсіз бір дария. Парасаттылыққа жетпеген ғалымдар және қаншама адамдар осында батып кетті. Сенің бұл

дариядағы жүзуші кемең Аллаһқа қанағатты жүрекпен иман ету болсын. Кеменің керек-жарағы тақуалық пен құлшылық болсын. Теңізде сапар шегетін бұл кеменің желкені тәуекел болсын. Осылай ғана құтылуың мүмкін» (Бәйхақи, Китабуз-Зүһд 73).

Материалдық жағынан тәннің, басқа жағынан руханияттың орталығы болған жүрек тән үшін қанша қажетті және маңызды болса, рухани өмір үшін де соншалықты мәнге ие. Алайда, адамды адам еткен түрі емес, рухани бітімі болғандықтан, жүректің рухани ролі мүшелік ролынан қай жағынан да болса жоғары. Осы рухани сипатымен және ондағы өте нәзік сыр мен хикметтің арқасында адамның «адамдық» қасиеті мен мәніне қауыштыратын бірден-бір фактор жүрек. Осы хикметке байланысты иман «тілмен айтудан» бұрын, «жүрекпен мақұлдаумен» жүзеге асады. Бұл жерде назар аударарлық жәйт ой және пікірмен қабылдауға қарағанда, жүрекпен «құптау» жеткілікті болып табылатыны.

Әлемнің негізі болған адам жаратылысында жақсылық пен жамандық, жоғары-төмен қабілет пен құмарлықтар бар болғаны сияқты, адамның негізі болып саналатын жүректе де осы қарама-қайшы қабілеттер мен құмарлықтар бірге болады. Ол періштелік әрекеттерге не болғаны сияқты шайтанның килігіп, араласуына да бейім келеді. Сондықтан, жүректі жақсылық пен жамандықтың, тақуалық пен күнәнің, яғни, періштелік және шайтани күштердің күрес орны деуге болады. Жүрек өмір бойы осы періштелік және шайтани көріністерге бейімдігімен толқып тұрады.

Періште мен шайтанның жүректе атқарар ісіне келер болсақ, періштелік бейім жүрекке иман, тамаша мінез, салих амал, жаратылғандарға мейірім, құлшылықты беріліп орындау сияқты рухани халдерді ұялатады. Ал, шайтани бейім болса, күпірлік, күмән, жаман мінез, әуестік, құмарлық және әуесқойлық сияқты жаман халдерді сіңіреді.

Шайтанды жүректен алыстату тек құлшылық пен Аллаһты зікір етудің арқасында ғана мүмкін болады. Жүрек Аллаһты

зікір етумен шаттық пен тыныштыққа бөленеді. Зікір арқылы шаттық пен тыныштық тапқан жүрек иманның тамыр жайып, орнығуымен болатын ең жоғарғы қанағаттың дәрежесіне көтеріледі. Сөйтіп сәті келгенде, жүрек жалюзи (күн перде) сияқты ашылып, иесіне көрінетін және көрінбейтін әлемнің сырларын көрсетеді. Әлем барлық сырларымен оқуға әзір кітапқа айналады.

Періштелік және шайтандық сипаттардың күрес орны болған жүрек осы күресте жеңген жақтың жағына шығатын, оның сипатын бойына жинайтын орнықсыз «ауыспалы» түрпатқа ие. Жүрек - адам қалауына мойынсұну тұрғысынан басқа мүшелерден өзгеше. Жүректің жақсылыққа да, жамандыққа да бейімделетін жаратылысы ішкі әсерлерге қарағанда, сыртқы әсерлердің күшімен іске асады. Яғни, сезімдер жүректің өз ішінде туындаған ойларға қарағанда, сыртқы себептермен көбірек жарыққа шығады. Жүрек бұл ерекшелігімен, бейне, ыдыстың түсімен көрінетін суға ұқсайды. Мұнда көңіл иесі таңдау қабілетін жүректегі жағымды бейімділік жағына қолданса, жаны жай табары сөзсіз.

Аят кәрималерде былай бұйырылады:

«Ей, иман етушілер! Аллаһтан қорқыңдар және турашылдармен бірге болыңдар» (Тәубе сүресі 119-аят)

«Ей, Расулым! Аяттарымыз жайында ілгерінді-кейінді сөйлескендерді көрсең, олар басқа сөзге көшкенге дейін олардан аулақ тұр. Егер шайтан саған ұмыттырса есіңе түскеннен кейін қайтып сол залымдар тобымен отырма!» (Әнғам сүресі 68-аят)

«...Аллаһтың аяттарының жоққа шығарылғанын немесе олардың келеке еткенін естіген кездеріңде, олар бұдан басқа бір сөзге ауысқанға дейін кәпірлермен бірге отырмаңдар! Әйтпегенде сендер де солар сияқты боласыңдар» (Ниса сүресі 140-аят)

Ерік пен қалау өзіне ықпал ететін жағымды немесе жағымсыз әсерлерді белгілеу мен таңдауда қолданылады. Мұндайда жүрек, әсерлерге қарай түрленуі арқылы баланың «желмен айналатын

гүл (батпырауық)» ойыншығына ұқсайды. «Жүрек» сөзінің сөздіктегі мәні «бір нәрсені керісінше көрсету, түр өзгерту» деген мағынада болуы, адамның ең маңызды мүшесі болған жүректегі осы қасиетті баяндайды.

Хадис шәрифте былай делінеді:

«Жүрек жазықта жел ұшырып жүрген құстың қауырсыны сияқты» (Ибн Мәжә, Мұқаддимә 10; Ахмед б. Ханбәл, Мүснәд IV, 408)

Саадат ғасырындағы мына бір оқиға жүректің «осы өзгергіш» қасиетін айқын бейнелейді:

Бір күні Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) Ханзалаға (радиаллаһу анһу) жолығып қалады. Хал-жағдайын сұрайды. Ханзала (радиаллаһу анһу) қатты үрейленіп:

«Ей, Сыддық! Ханзала мүнәфиқ болды» - дейді.

Хазіреті Әбу Бәкір:

«Субханаллаһ! Бұл не дегенің?» - деп сұрағанда, Ханзала (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Біз Хазіреті Пайғамбардың сұхбатында отырғанда, Ол бізге жәннат пен жәһәннәмды есімізге түсіріп, тіпті оларды көзбен көргендей күйге енетін едік. Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алдынан шығып, бала-шағамызбен, дүние тіршілігімізбен айналыса бастағанда, естігендеріміздің көбісін ұмытып қаламыз (оның сұхбатындағы халімізден айырылып қаламыз)» - деді.

Сонда Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу):

«Уаллаһи, осындай жағдайлар бізде де болады»-деді. Сосын екеуміз тура Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алдына барып, оған жағдайды түсіндірдік. Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Жаным құдіретті күштің қолындағы Аллаһпен ант етемін, менің қасымдағы халдеріңді үнемі сақтап, үнемі зікір етсеңдер ғой, төсекте де, жолда да періштелер сендерге қол беріп амандасар еді.» Үш рет қайталап:

«Ей, Ханзала! Кейде бұлай, кейде солай болады!» - деді (Мүслим, Тәубе 12). Яғни әрі ақыреттің ақиқаты мен сырына толы құлдықпен әрі өмір сүру үшін дүниемен айналысу қатар жүруі керек.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм), жүректегі «тәлуин», яғни бір жағдайдан екінші жағдайға өту құбылысын осылайша түсіндіреді. Тасаввуфтың ең басты мақсаттарының бірі - жүректегі осы **«тәлуин»** жағдайын сұхбат және зікірдің берекетімен шамасынша **«тәмкин»**, яғни, дұрыс жолда табанды болуға жеткізу. Яғни жүректі иләһи бағытқа бұрып, сол бағытқа орнықтыру. Сахабалардың арасында Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) осының ең тамаша үлгісі еді. Оның Миғраж оқиғасына ешқандай күмәнданбай Аллаһ Расулын (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қолдауын тек жүректің тәмкин халіне жеткен орнықтылығынан ғана деп түсінуге болады.

Сондай-ақ, мүшриктер дереу Миғраж оқиғасын жоққа шығаратын сөздер таратқан еді. Олардың мақсаты - мүминдердің жүрегіне күмән мен уәсуәсе тұқымын егіп, оларды иманнан бас тартқызу еді. Сол себепті, басқа көптеген сахабаларға барғаны сияқты Хазіреті Әбу Бәкірге де (радиаллаһу анһу) барып, оны келеке еткен қылықпен:

«Сенің адамың, естуімізше, аспанға шықтым депті. Енді осыған не дейсің?» - дейді.

Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) асқан сенімділікпен, мүшриктерге (бұрын-соңды естімеген, бақытсыздықтарын одан бетер арттырған) мына аңызға айналған сөздерін айтты:

«Ол не айтса да дұрыс! Өйткені, Ол ешқашан өтірік айтпайды! Мен оның әрбір айтқанына дереу сенемін!» (Ибн Хишам, әс-Сирәт II, 31).

Ширк (серік қосушы) өкілдері, күмән мен уәсуәсаларынан нәтиже шықпаған соң, өз-өздеріне лағынет айтып, тағы да құр алақан қайтты.

Періштелер тек жақсылыққа қабілетті болып жаратылған. Шайтандар болса тек жамандыққа, күнәға батыруға апаратын жаратылыстар. Ал, адамдар осы екеуінің ортасына қойылған. Сол себепті, адам өзін шектен шығушылықтан сақтап, не шайтани кейіпке түспегені, не періштелікке жетем деп қинамағаны жөн. Жаратылысына сай мөлшер мен өлшемді сақтауы керек.

Адам баласының ең маңызды міндеті және ең нақты кәсібі, шексіз болашақ - «өлімнен кейінгі өмірге» әзірленуі болу керек. Бұл тек жүректің мәнін түсініп, оны жамандықтардан қорғап, рухани бағытқа бұру арқылы болады. Өйткені, бұл дүниедегі тепе-теңдік пен тыныштық, ақыреттегі шаттық пен бақыттылық таза жүрекке ие болумен тікелей байланысты. Мұндай жүрек - «сәлим», яғни, жаратылысындағы таза әрі табиғи ерекшелігінен айырылмаған, дінінен айырылмаған жүрек деген сөз. Расул Әкрәмнің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүбәрәк сөзімен:

«Әрбір бала Ислам табиғатымен туады. Кейіннен ата-анасы оны (діндерге қарай) Христиан, Яһуди, немесе Мәжуси (отқа табынушы) етеді» (Мүслим, Қадер 22) деп айтылған бұл ақиқаттың көрсетіп тұрғаны сияқты, жүректің табиғи әрі таза болмысы сөзсіз «Ислам» бойынша белгілі болмақ. Бірақ, жүрек жағымсыз әсерлерге қашан душар бола қалса, сол кезден бастап-ақ таза табиғатын жоғалтып, бағытынан айырылуы мүмкін.

Рухани атмосфераның фәйзге толы ауасымен тынығып, рухани көрініске толған жүректе тамаша ахлақ, салих амал және рухани жол пайда болады. Құл осылайша ғана жаратылысындағы «ахсани-тақуим»[11] сырына қол жеткізеді. Оқиға мен жаратылысқа қарағанда парасаттылыққа ие болып, бұл аяттарда айтылған «жүрек көзінің»[12] алдындағы перделері ашылып, ғайб әлемін көретін халге келуі деген сөз. Шүбәсіз, бұл бастағы көздің аясынан тыс ақиқаттар үшін айтылады.

Жүрек көздері ашылуға қабілетті адамдар тәрбиеленіп, тура жолға түсуді жан-тәнімен қалап, Хақ жолында алға жылжу

[11] **Ахсани-Тақуим:** Ең тамаша түрде әрі бейнеде жаратылған адам.
[12] Хаж сүресі 46-аят.

үшін шынайы жігер жұмсайды. Бірақ, мұны шын көңілімен қаламайтындар, «яқин» мәртебесіне барудан бейхабар ғапылдар әнбия мен әулиенің насихаттарына құлақ аспайды. Қасарысып, тәкаппарланып, қараңғылық пен кесапат балшығында пасыққа айналады. Олар баратын жолын көрмейтін соқырға жаны ашығанымен, өздері тап болған рухани соқырлықтан тап болатын мәңгілік пәлекеттерінен бейхабар болады.

Адамдарға иләһи әмір мен тыйымдар жүктелген бұл сынақ әлемінде тек жағымды істерге ғана емес, жағымсыздыққа қарай да бейімделетіндей түрде іс-әрекеттеріне ерік пен қалау берілген. Ерік пен қалаудың қалай көрініс табатындығын белгілейтін күш көбінесе жүректегі жағымды, жағымсыз бағыттар.

Жүректің көптеген сыртқы әсерлер мен нәпсінің құмарлықтарынан әсер алып, кейбір кездерде жаратылыс мақсатынан алшақтап иесінің мәңгілік болашағына қауіп төндірерлік жағдайға алып келетіндігі де айқын ақиқат.

Нәпсінің қарамағындағы жүрек күпірлік, серік қосу, тәрбиесіздік, әуесқойлық құмарлықтар мен уәсуәсаларға толы болады. Мұндай жүректер пәк сезімдерден айырылып, жаратылыс мақсатына кереғар төменгі құмарлық сезімдерге тәбеті ашылған болып табылады. Сондай-ақ мұндайлар Құранның сөзімен айтқанда «Бәл һүм әдалл», яғни хайуаннан да төмен дәрежеге түсіп, дүние өмірін надандық тұманы ішінде өткізеді. Мұндай жүректер науқас, дәріге мұқтаж жағдайда деп есептеледі.

Іс-әрекеттеріміз жүрегіміздің бағытын құрайды. Жүрегіміздің құбылысына қарай іс-қимыл танытамыз.

2. ЖҮРЕКТІҢ ТҮРЛЕРІ

Жалпы жүйе бойынша жүректерді рухани жағдайларына қарай үш бөлімге бөлуге болады:

а. Жаратылыс мақсаты мен қасиетін сақтап қалған жүректер

ә. Мөр басылған және өлі жүректер.

б. Науқас әрі ғапыл жүректер.

а. Жаратылыс мақсаты мен қасиетін сақтаған жүректер

Бұлар - зікірдің арқасында надандықтан оянған зікіршіл жүректер. Нәпсіге руханилық басым болып, жүрек иман нұрына толған болады. Бұлар төмендегі аят кәримелердің шартын орындауға қол жеткізген адамдар:

«Ей, иман етушілер! Аллаһты өте көп зікір етіңдер!» (Ахзаб сүресі 41)

«Раббыңның есімін зікір ет! Барлық жан дүниеңмен соған бет бұр!» (Мүзәммил сүресі 8-аят)

«Сондай салих адамдар бар. Оларға Аллаһты зікір етуге, намазды лайықты түрде оқуға және зекет беруге саудагерлігі де, сауда-саттығы да бөгет емес. Олар жүректер мен көздер

қорқыныштан мың құбылатын бір күннен қорқады» (Нұр сүресі 37-аят).

Осы қасиеттегі жүрекке ие құлдарда Хақ Тағаланың жамалдық (көркемдік) сипаттарының көрінісі, жалалдық (айбындылық) сипаттарының көріністерінен басым болады. Және осындай жүрегі барлар - Аллаһ (жәллә жәләлуһү), Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) және Құран Кәрімнің ахлағын бойына сіңіріп, кемелденген адамдар. Аллаһ пен Расулына деген сүйіспеншілік, құлшыныс пен махаббаттың арқасында нәпсілік құмарлықтардан арылып, мәсиуәға көңіл бұрмайтын жүректер. Мұндай жүректер Құран Кәрімде «қалб-и сәлим (таза жүрек)», «қалб-и мүниб (шынайы жүрек)» және «қалб-и мұтмайн (қанағатты жүрек)» сипаттарымен мадақталады. Аллаһ Тағаланың алдында ұнамды болған жүректерді қысқаша былай түсіндіруге болады.

Қалб-и сәлим – нәпсінің құмарлықтарынан және олардың шабуылынан қорғана білген немесе арылған жүрек. Аллаһ Тағала құлдарына таза табиғатымен бірге сыйлаған және осылай сақтауын талап еткен жүрек. Бұл жүрек тазалығына тек тасаввуфтың жүрек пен нәпсіні тазарту деген тәсілдерімен жетуге болады. Құл осының арқасында күнәлардың жүгінен құтылып, пәк сезімдерге бөленеді. Міне, иләһи нұрға шомылған мұндай жүректе асыл әйнекке түскен жарықтың бір нүктеге жиналуымен от шығатыны сияқты руханияттың бірігуімен нәпсінің барлық құмарлықтары мен күнәларын өртеп, күл қылады. Бұл – қалб-и сәлимге жету. Аллаһ Тағаланың алдында абыройға бөленетін жүрек міне осындай жүрек.

Аят кәрмәде былай баяндалады:

«Ол күні мал да, бала да пайда бермейді. Бірақ, Аллаһқа қалб-и сәлиммен (таза жүрекпен) **келгендер басқа»** (Шұғара сүресі 88-89 аяттар).

Ақын Бағдаттық Рухи мұны былай жеткізеді:

Сенен ешкім алтын-күміс сұрайды деп ойлама, ей, саудагер.
Ештеме пайда бермейтін күнде қалб-и сәлим сұрайды.

Қалб-и мүниб – үнемі Хақ Тағалаға бет бұрған жүрек. Ол фәни байланыстардың тұтқынынан құтылып, сүйіспеншілік әрі шабытпен мәңгілік әлемнің ләззаттарын алады. Жүрек иләһи құдірет көріністерінің пәк тебіренісімен тербеледі. Аят кәримада былай баяндалады:

«Міне, сендерге уәде етілген жәннат! Ол Аллаһқа бет бұрып, әмірлеріне мойынсұнған, көрмесе де Рахманнан қорыққан және Аллаһқа бет бұрған жүрекпен келгендерге тән» (Қаф сүресі 32-33 аяттар).

Қалб-и мұтмайн болса, иман шаттығына бөленіп, жақсы ахлақтың кемелдігіне қарай бет алған жүрек. Орындаған құлшылығында еліктеушіліктен құтылып, шынайылыққа айналған, жүрек зікірмен нұрланып, руханият нәпсіге басым түскен, сөйтіп иман сезім орталығы болған жүрекке толық орныққан болады. Ақыры «Шынайы иман» және «ризашылық» халімен жүрек шабыт, тыныштық және қанағатқа қауышып, төмендегі аятта айтылған:

أَلَا بِذِكْرِ اللّٰهِ تَطْمَئِنُّ الْقُلُوبُ

«Жүректер тек Аллаһтың зікірімен қанағаттанады (тыныш-талады**)!»** (Рағд сүресі 28-аят) деген жағдай көрініс табады. Бұл аят-пен Аллаһтың зікірінен алыс қалған жүректер қанағатсыздық азабынан ешбір уақытта азаттыққа шыға алмайтындығы және шынайы шаттыққа қауыша алмайтындығы түсіндіріледі.

Сәлим, мүниб және мұтмайн сипатына ие жүректердің бел-гілері: көңілшек, жаратылысқа мейірімді, көзі мен көңілі жасқа толы, өз халіне риза болу, хақ пен жақсылыққа қызмет, жамандықтан қашу, насихат пен дұрыс жолға ұмтылу, иләһи сүйіспеншілікке ынтық болу.

Шынайы ниетпен «дұға және истиғфар» айтумен қатар, «адал тамақтануға» көңіл бөлу осы жүрек дәрежесінің қоры болып табылады. Бұл қорды сақтау тек салих амалдар жасаумен ғана мүмкін болады. Адам болғандықтан күнәлардан үнемі аулақ болу мүмкін емес. Күнәлар жүректің сезімталдығын (қасиетін)

азайтып, оны ақиқат алдында рухани соқыр әрі саңырау ететіндіктен, жүректің жағымды көріністерге ие болуы үшін шынайы истиғфар мен дұғаға жүгіну шарт. Осы хикметке байланысты тасаввуф жолындағы күнделікті зікір дәрістері истиғфармен басталады. Өйткені, Мәжәлләнің атақты қағидасында айтылғандай:

«Жамандықты жою, жақсылықты таратудан абзал». Яғни, жамандықтың жойылуы, жақсылықты таратудан да маңызды әрі алдымен орындалуы керек.

Адал тамақтануға келер болсақ, бұл турасында Аллаһ достары:

«Адал тамақтанғанның жүрегін Аллаһ нұрландырады да хикмет бұлағын жүрегінен тіліне ағызады» - деген.

Салих амал болса, жүректің жеткен дәрежесін сақтау және қолда ұстау кепілдемесі. Хақ Тағаладан келген арнайы iлтипаттар тек осындай жүрек иелеріне тән. Сонымен қатар бұлардан жоғары Аллаһтың нұрына бөленген тірі жүректер де бар, олар пайғамбарлардың және Аллаһ достарының жүректері. Олардың жүректері иләһи сүйіспеншілікке бөленіп, ерекше жанданғандықтан екі дүниеге де ілтипат етерліктей көзқараспен, тіпті көз қиығымен де қарамайды. Аллаһ Тағала пайғамбарларды және олардың мұрагерлері ретіндегі ғұламалар мен әулиелерді адамдардың жүрек көздерін жауып тұрған ғапылдық пердесін ашып, тамаша ахлақ және шынайы құлшылыққа ынталандырумен жүректерге нәр беріп, оларды Аллаһқа қауыштыратын, Аллаһты тануға шақырушы «жәннат» жаршысы еткен.

Жүрек тәрбиесінің нәтижесінде адамның көтерілуі талап етілген дәреже жүректің үнемі Аллаһпен бірге болу (ихсан) халіне жетуі және осылайша «тірі жүрек» сипатына ие болуы.

ә. Мөр басылған өлі жүректер

Бұл топқа жататын жүректер - зікір етуші тірі жүректерге қарама қарсы түрдегі иманға байланысты нәсіп есіктері жабылып, үстіне мөр басылған өлі жүректер. Мұндай жүректердің

жәһәннәм шұңқырының бір шұңқырындай болған қабірлерден айырмашылығы жоқ. Бұл жүректер - пайғамбар, әулие және салихтардың жүрегіне кереғар жүректер болып табылады. Нәпсі құмарлықтан басқа талабы жоқ осындай жүрекке ие болғандардың – дүниеде ішіп-жеуден, өткінші құмарлықтармен өмірін түгесілтуден басқа мақсаты жоқ. Өмірлік мақсаттары хайуандардан артық емес. Кейде олардан да төмен. Аллаһ Тағала аят кәримада былай баяндайды:

«Әлбетте Аллаһ, сеніп, салих амал еткендерді астынан өзендер аққан жәннаттарға кіргізеді. Кәпірлер болса дүниеден пайдаланады және хайуандар сияқты жейді. Олардың барар жері от» (Мұхаммед сүресі 12-аят)

Басқа бір аят кәримада былай делінеді:

«Ей, Расулым! Әлде олардың көбі ақиқатты естиді, немесе түсінеді деп ойлайсың ба? Олар тек қана хайуандар сияқты. Негізінде жағдайы одан да төмен дәрежеде» (Фұрқан сүресі 44-аят)

Барлық өмірлік істері нәпсінің жолына ғана тән мұндай адамдардың өмірі мәңгілік өкінішпен, қасіретпен өтеді. Ақыреттегі жағдайлары болса, айтып жеткізгісіз қорқыныштарға толы болып, мәңгілік жалғасады.

Мұндайлар адам жаратылысындағы және өмірдегі сырлардан, әлемдегі ғибратты өрнектерден бейхабар. Өздері азғындыққа тап болғанымен қоймай, қол астындағылардың да дұрыс жолдан шығуларына себепші болады.

Олар дүниеде Аллаһтың мүлкі мен нығметтерінің ішінде өмір сүрсе де, осы нығметтерді беруші – Жаратушы иесін жоққа шығарып, оның әмірі мен тыйымдарын аяқ асты ету арқылы нығметке қарсы көз жұмады. Хақ Тағала осындай адамдар хақында аят кәрималерде былай баяндайды:

«Адам өзін бір тамшы судан жаратқанымызды көрмей ме? Бір қарасаң Раббысына анық дұшпанға айналған» (Ясин сүресі 77-аят).

«Олар саңырау, сақау әрі соқыр. Сол себепті олар алған беттерінен қайтпайды» (Бақара сүресі 18-аят).

«Әлбетте, сен өлгендерге естірте алмайсың. Теріс бұрылып кетіп бара жатқан, шындыққа қарсы құлақтарына мөр басылған саңырауларға ол шақыруды естірте алмайсың!.. Сен ақиқатты көрмейтін соқырларды да түскен азғындығынан шығарып, тура жолға сала алмайсың! Сен тек қана аяттарымызға сеніп, мойынсұнғандарға ғана тыңдата аласың» (Нәміл сүресі 80-81 аяттар).

Бұндай адамдардың жүректері құлыптаулы әрі оған мөр басылғандығы осы аяттармен бекітілген.

Бұл ақиқат Құран Кәрімде одан ары:

خَتَمَ اللهُ عَلَى قُلُوبِهِمْ وَ عَلَى سَمْعِهِمْ وَ عَلَى أَبْصَارِهِمْ غِشَاوَةٌ
وَ لَهُمْ عَذَابٌ عَظِيمٌ

«Аллаһ олардың жүректері мен құлақтарына мөр басқан. Олардың көздеріне де перденің бір түрі ілінген. Және олар үшін үлкен азап бар» (Бақара сүресі 7-аят) - деп қатаң ескертілген.

Бұл жағдай барлық адамдарды қорқытатын, үрейлендіретін иләһи сыр мен хикмет. Әрбір адам бойында әрі «һәди», әрі «мұдилл» деген иләһи сипаттардан үлес болғандықтан, адам дүниеде жүргенде жүрегіне мөр басылып, һидаят жолдары толық түрде иләһи қалаумен жабылады деп ойламау керек. Өйткені, Хазіреті Пайғамбарды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өлтіру сияқты арам оймен жолға шыққан Хазіреті Омарға, Хазіреті Хамзаны шейіт еткен Уахшиге, тіпті сол мүбәрәк адамның денесін жарып, ашумен бауырын тістеген Әбу Суфиянның әйелі Хинддің өзіне бұл һидаят есігі жабылмаған.

Құран Кәрімде жүректеріне мөр басылған адамдар туралы айтқанымен, бұлардың дәл кім екендігін айту мүмкін емес. Өйткені, адамның соңы белгісіз. Перғауынның сиқыршылары сияқты адасушылықпен өмір сүріп, өмірінің соңында һидаятқа

жеткендер болғаны сияқты, Қарун және Бәлам бин Баура сияқты һидаят жолында өмір сүріп, ақырында дәптерін қасіретпен жапқандар да бар.

Бұл жерде көңіл бөлерлік жәйт Құран Кәрімдегі жүрегіне мөр басылғандар дегенде көбінесе **«зұлымдық»**, **«күпірлік»** және **«пасықтық»** сияқты қылмыстар істеушілердің кейбіреу-лері. Осы сипаттағы адамдарға байланысты Құран Кәрімнің жиырма алты жерінде «Аллаһ оларды һидаятқа бөлемейді» делінген. Бұл аяттардың он екісі залымдар, сегізі кәпірлер және алтауы пасықтар хақында түскен. Бірақ бұл күнәлардан бас тартып, шын көңілмен Аллаһқа бет бұрған құлдарға һидаят есігі ашық.

Һидаятқа жете алмаушылар - дүниеде жүріп жүректеріне мөр басылып, ең ауыр жазаға ұшыраған бақытсыздар. Һидаятқа жете алмаудың осы үш қылмыстан кейін баяндалуы соның себебі болуы мүмкін болса да, ақиқатын Аллаһқа тапсырудан басқа шара жоқ. Сондықтан біз осы үш түрлі күнәдан қорғануға көбірек мән беруіміз қажет деген қортынды шығаруымыз керек.

Екінші жағынан, көптеген хикметке байланысты тағдырдың неғайбыл болуы мен оны зерттеуге рұқсат берілмеуі себепті, бұл мәселені ары қарай тереңдетуден бас тартамыз.

Қандай хикметі де болса, біз мойындауға мәжбүр бір ақиқат бар. Ол -жүректері құлыптанып, мөр басылғандардың Хақ Тағалаға және жақсылыққа деген есіктері жабылып, шынайы адамгершіліктен және рухани өмірден байланысы үзілген адамдар екендігі. Олардың жүректеріндегі құлып пен мөрді ала алатын тек құдірет иесі, өздері ұмытқан ұлы Жаратушы. Біздерді, құлдарын осындай қателікке ұрынудан сақтандыру үшін Аллаһ Тағала:

«Аллаһты ұмытқан және сол себепті Аллаһ оларға өз нәпсілерін ұмыттырғандар сияқты болмаңдар! Олар жолдан шыққан адамдар» - (Хашр сүресі 19-аят) - деген. Аятта Аллаһты ұмытқан адамдар өздерін еске алатындай түсініктен мақрұм қалғандығы айтылады.

Ақиқатты көре алмайтын мұндай жүректер пайғамбарлар мен әулиелердің өздеріне ұсынған құтылу жолдары мен һидаят шырақтарын нәпсілік пен хайуани арман-қалауына, құмарлығына қайшы болғандықтан мойындамайды немесе немқұрайдылық танытып, бақытсыздыққа ұшырайды. Нәпсілерінің алдампаз ұсыныстарына сай өлімі мен ақыреті жоқ қияли әлем құрып, өз - өздерін алдап, сол жерді паналауға тырысады.

Жарқанаттардың табиғи түрде қараңғылықты ұнататыны сияқты бұлар да бойларындағы жасырын жамандықтардың шылауында қалып, өз азғындықтарын бақыт деп санау бетбақтығы ішінде арам тәнін арқалап күн кешеді. Олардың бұл жағдайлары ақын Мехмед Акифтің:

Осы бір гауһар иман, қандай ұлық, илайым!
Имансыз, кірлі жүрек кеудеге жүк!

-деген өлең жолдарын еске салады. Нәпсі мен имансыздықтың батпағына түскендер ақиқат әлемінде, өлім сәтінің қорқынышты зілзаласы мен ажал періштесінің отты дауысынан оянса да, ол оянудың олар үшін ешқандай пайдасы болмайды. Өйткені, адам баласының Аллаһқа деген құлшылық жауапкершілігі өлім періштесін көрген сәтке дейін. Ол сәттен соң түзу жолға түсу мүмкіншілігі қайта қолға түспейді. Дәл сол сәтте өкініш пен бетбұрыс бейне Перғауынның өлім сәтіндегі кеш қалған мойындаушылығы мен сәждеге жығылғаны сияқты пайдасыз. Енді ондайлардың орны тәндерді жұтқан сайын тәбеті артатын жәһәннәм алауының құшағы болады.

б. Науқас және ғапыл жүректер

Бұлар сау жүрек пен өлі жүректің ортасындағы бір дәрежеде болады. Мұндайлардың халі науқас адамдардың азапқа толы өміріне ұқсайды. Не бұл дүниелік өмірінде үйлесімділік, не ішкі дүниесінде тыныштық жоқ. Ішкі жан дүниесіндегі құбылмалылық сыртқы дүниесін, сыртқы дүниесіндегі күйзеліс те ішкі жан дүниесіне жағымсыз әсер етеді. Санасындағы

тұрақсыздық барлық іс-әрекеттеріне әсерін тигізеді. Шүбә мен сан құбылушылықтың толқынында малтыққан мұндай науқас және ғапыл жүректер надандық, құмарлық және ашкөздік себебімен қашан да болса, жаппай жамандыққа бату қаупі төніп тұрады. Сондықтан бұлар тез арада рухани ауруға шалдығатын жүректер.

Аят кәримада бұл адамдар хақында Аллаһ Тағала:

«Олардың жүректері науқас, Аллаһ та олардың ауруын арттырады. Айтқан өтіріктері үшін, оларға ауыр азап бар» (Бақара сүресі 10-аят) - деген.

Шүбә - бір ақиқатты ұстана алмай, нұрлы рухани өмірден құр қалу ауруы. Ол жүрекке рухани өлім азабын әкеледі. Жүректі қанағаттандырарлық имани табандылықтан мақрұм етеді. Оларды үнемі беймазалық кеселіне душар етеді.

Надандық - ақиқаттан құр алақан қалудың азабын да сезбейтіндей дәрежедегі соқырлық, бейшаралық, қараңғылық пен ауыртпалыққа толы хал. Бұл жағдай оларды тұтастай орап алып, тағдырларының соңы қасірет пен пәлекетке апаратын жолға жүргізеді.

Құмарлық пен ашкөздік - жүректің жұмсақтығынан айырылып, қатаюының кесірінен, тоймайтын қалаулардың үкімімен жүру ауруы.

Бұл сияқты түрлі астамшылықтар тек қана қанағатшылдардың қою көлеңкесі астындағы қабірстанның қара топырағында ғана дамылдайды. Тынышталады.

Әдепсіздік - жүректің рухани дерті. Уақытында емделсе, Аллаһтың қуатымен шипа табады.

Жүректің тағы бір қорқынышты ауруы - қаттылық. Ол пәк әрі нұрға толы шаттықты, адами сезімдердің және рухани көріністердің нәзік байланысын сезе алмаушылық болып табылады. Мұндай жүректер бас июді білмейді. Тура жолға шақыруды тыңдамайды. Қайғы-уайымды сезінбейді. Мейірім

мен сүйіспеншіліктің не екенін білмейді. Мұндай жүректерге қарағанда тас жұмсақ, әлдеқайда сүйкімді көрінеді. Аллаһ Тағала бұл ақиқатты Құран Кәрімде былай баяндайды:

«...Өкініштісі, осылардан кейін жүректерің тағы қатайды. Енді жүректерің тас сияқты, бәлкім, одан да қатты. Өйткені, кейбір тастардан бұлақ ағады. Кейбіреулері бар жарылып, су атқақтайды. Кейбір тастар бар Аллаһ қорқынышынан жоғарыдан төмен құлайды. Аллаһ істегендеріңнен бейхабар емес» (Бақара сүресі 74-аят).

Бұл аяттан түсінікті болғаны, жүректің қатты болуы Аллаһты еске алмау мен иләһи ақиқаттан ұзақ уақыт аулақ болудың кесірі екендігі. Екінші бір аятта Ұлы Раббымыз былай ескертеді:

«Аллаһты зікір етіп тұрып жүректері қатайғандарға қандай өкініш! Міне солар айқын адасушылық ішінде» (Зүмәр сүресі 22-аят)

Науқас әрі ғапыл жүрекпен жасалған амалдың Хақ алдында құны жоқ. Жүректер Хақ нұрымен нұрланбаса, қарайып сезімталдығын жоғалтады. Әлемдегі иләһи сырларды паш етіп тұрған мыңдаған нақыш-өрнектер мен жаратылыстағы иләһи құдіреттің белгілерін көре алмайтын болады. Аят кәримада Аллаһ Тағала:

«Ей, Хабибім! Саған қарсы шыққандар жер бетінде ешбір қыдырмай ма? Егер ғибрат назарымен қыдырған болса ойлана алатын саналары, еститін құлақтары болар еді. Шындығы көз соқыр болмайды, бірақ кеудедегі жүректер соқыр болады» - (Хаж сүресі 46-аят) деп, ғибратты назардың жүрекке жан беретін ескертуші дәрежесінде екендігін баяндайды. Жүрек нұрымен қарамайынша, көздің пайдасы жоқ. Өйткені, бұлыңғыр әйнектің арғы жағынан айқын көріністі тамашалау мүмкін емес.

Жүректің ескерілмеген кішкентай ауруларының өзі орны толмас қайғыларға, тіпті оның рухани өліміне себеп болуы мүмкін. Сондықтан жүректі иманның нағыз орталығы болуы себебімен асқан ұқыптылықпен иманға керағар нәрселерден

сақтап, Аллаһтың қалауына бағындыру аса зәрулік жағдай. Аллаһ Тағалаға лайықты түрде бағынған адамды Жаратушысынан басқа басқаратын ешқандай күш жоқ. Мына бір хадис жүректі сақтаудың қажеттігін қандай тамаша баяндайды:

أَلَا وَ إِنَّ فِي الْجَسَدِ مُضْغَةً إِذَا صَلَحَتْ صَلَحَ الْجَسَدُ كُلُّهُ

وَ إِذَا فَسَدَتْ فَسَدَ الْجَسَدُ كُلُّهُ أَلَا وَ هِيَ الْقَلْبُ

«Біліп алыңдар, адамда бір жапырақ ет бар, ол жақсы болса барлық дене жақсы болады, ол бұзылса барлық дене бұзылады. Ол - жүрек» (Бұхари, Иман 39).

Бұл дүние - Аллаһ Тағаланың сынақ алаңы. Үстінде әр түрлі сынақ желі соғып, адам жүрегін әр түрлі әсерге бөлеп, біресе ана жаққа, біресе мына жаққа ұшырады.

Дүние сынақ орны болғандықтан осының табиғи нәтижесі ретінде туындаған қарама-қарсы оқиғалардың бораны жүректі қураған жапырақтай ұшырмасы үшін оны жағымсыз әсерлерден қорғау қажет. Сол себепті жүректі Аллаһ Тағаланың жәрдемі мен көмегі жақтан соққан жанға жайлы самалға бұру керек. Бұл болса, тек Аллаһқа ғана жалбарынып, Оның әмірі мен тыйымдарына мойынсұну арқылы болатын жағдай.

❀❀❀

Жүрек тұнық су сияқты. Ол жаман істермен, күнәлармен лайланса одан ештеңе көрінбейтін болады. Демек, руханият інжу-маржандары мен ақиқат нұрларын көру үшін сол суды тұндыру қажет.

3. ЖҮРЕКТІҢ ТАЗАРУЫ

Сәлим, мүниб және мұтмайн сынды жүректердің қасиеттерін сақтап, науқас жүректерді емдеп, мәңгілік мақрұмдық мөрі басылған жүректердің кебінін кимес үшін орындалуы қажет ең басты шарттар мыналар:

а. Адал тамақ.

ә. Истиғфар және дұға.

б. Құран оқу және үкімдеріне мойынсұну.

в. Құлшылықты ынтамен орындау.

г. Түнді құлшылықпен өткізу.

ғ. Аллаһты зікір ету және өзін-өзі бақылау.

д. Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сүйіспеншілік және салауат айтуды жалғастыру.

ж. Өлімді ойлау.

з. Салих және турашылдармен бірге болу.

и. Тамаша ахлақ иесі болу.

Бұл шарттардың маңызына тоқталып, ынтамен орындалуы қажет болғанымен, алдымен бұлардың не екенін дұрыс түсініп, мәнін ұғыну керек.

а. Адал тамақ

«Ей бауырларым! Харам тамақ жесеңдер хикмет пен мағрифат хақында бір нәрсеге қол жеткіземіз деп ойламаңдар».

Ибраһим Десуки (құддисә сирруһ).

Құлшылықтар рухты қоректендіретін рухани азықпен қатар, тәннің материалдық азықтан алған күш-қуатымен орындалады. Адал тамақтан бойға руханият пен фәйз дарыса, харам тамақтан керісінше қаттылық, ауыртпашылық пен ғапылдық жұғады.

Адал тамақ пен салих амалдар арасында тығыз байланыс бар. Дұғаның қабыл болуы үшін де адал тамақтың мәнісі зор. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл жәйтті былай баяндайды:

«Ей, адамдар! Шүбәсіз Аллаһ барлық нәрседен пәк. Сол себепті адал және тазадан басқаны қабылдамайды. Аллаһ Тағала пайғамбарларға бұйырғандарын мүминдерге де бұйырған. (Бұл жайлы мына аятта былай баяндалады:)

«Ей, пайғамбарлар! Адал нәрселерден жеңдер. Салих амал істеңдер. Өйткені, мен сендердің істегендеріңді жақсы білемін» (Мүминун сүресі 51-аят).

«Ей иман етушілер! Сендерге берген рызықтардың адалдарын жеңдер» (Бақара сүресі 172-аят).

Осы аяттарды оқығаннан кейін Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ұзақ сапарға шыққандықтан шашы ұйпа-тұйпа, үсті шаң-тозаңға батқан, қолдарын көтеріп: «Уа, Раббым! Уа, Раббым!» - деп дұға еткен бір адам туралы айтады да:

«Бұл адамның ішкен-жегені харам, кигені харам, харамнен қоректенсе, дұғасы қалай қабыл болады?» (Мүслим, Зекет 65) дейді.

Көреген Хақ достары жүрек әлемінің ашылуы үшін мына екі мәселеге көңіл бөліп:

«Жегенде аузыңа кіргенге, сөйлегенде аузыңнан шыққанға абай бол!» - дейді.

Төмендегі хадисте бізге халал мен харам турасында қаншалықты абай болуымыз керектігін тамаша әрі қысқаша баяндайды.

Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) айтты:

«Шүбәсіз халал белгілі, харам да белгілі. Бірақ осы екеуінің арасында (халал-харамы белгісіз) кейбір күмәнді нәрселер бар, адамдардың көбі оларды білмейді. Шүбәлі нәрселерден қашқан адам діні мен намысын қорғаған болып саналады. Шүбәлі нәрселерден сақтанбаған адам болса, уақыт өте келе харамға батады. Бұл мәселе дәл отарын біреудің жеріне жақын жайып, малдары әлгі жерге түсіп кету қаупі бар шопан сияқты. Абай болыңдар! Әрбір патшаның кіруге тыйым салған жері бар. Аллаһтың тыйым салған жері – харам еткен нәрселері екендігін ұмытпағайсыңдар» (Бұхари, Иман 39).

Аллаһтың әміріне мойынсұнатын ризашылық халіндегі жүректер хикмет пен жақсылықтың және фәйздің арнасына айналады. Керісінше харамдардан, шүбәлі нәрселерден сақтанбаған жүрек пен тән бастан-аяқ жамандық пен әдепсіздіктің ұясына айналады. Міне осындай сақтық пен абайлылықтың мәні турасындағы мына мысалдар қандай ғибратты:

Әбу Бәкір Сыддықтың (радиаллаһу анһу) бір құлы бар еді. Бұл құл табысының бір бөлігін оған беріп, ол содан жейтін. Бір күні құл табысынан бір нәрсе алып келді. Әбу Бәкір де (радиаллаһу анһу) оны жей бастады.

Сонда құл:

«Не жеп жатқаныңды білемісің?» - деп сұрады.

Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу):

«Жоқ білмеймін. Қане айтшы не?» - деп түсіндіруін сұрады.

Құл:

«Бақсылықты білмесем де жәһилия кезінде бал ашып, біреуді алдап беріп едім. Бүгін сол адаммен кезіктім. Ол маған істеген ісім үшін осы сізге берген тамақты берді» - дегенде Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу), саусағын тамағына салып, қиналып жегенінің бәрін құсты (Бұхари, Мәнәқибул-Әнсар 26).

Екінші бір риуаят бойынша:

«Бір жапырақ нан үшін осыншама қиналғаныңыз не?» - деп сұрағанда Хазіреті Сыддық:

«Жаным шықса да, осы нанды шығарар едім», - деп жауап береді (Ахмед б. Абдұллаһ әт-Табери, әр-Риядун-Надра II, 140-141).

Қызыр (аләйһиссәләм) хақ досы **Абдулхалиқ Гуждеванимен** (құддисә сирруһ) кездескен кездегі араларындағы болған мына сөздердің де ғибраты өте мол. Қызыр (аләйһиссәләм) Гуждевани Хазіретінің тартқан тамағын жемей, дастарханнан шегініп кетеді. Абдулхалиқ Гуждевани (құддисә сирруһ) таңданып:

«Бұлар адал тамақтар, неге жемейсіз?» - дейді. Қызыр (аләйһиссәләм):

«Иә, адал тамақ. Бірақ, пісірген адам ашуланып, ғапыл күйінде пісірген».

Көріп отырғанымыздай, жеген тамақтың халал-харам болуын былай қойып, оның арғы жағында оны пісірушінің қандай көңіл күйімен пісіргендігі, ондағы іс-әрекет, қарым-қатынас және ғибадаттарының руханиятына қандай әсер ететіндігі байқалады. Бұл жағдай - тамаққа қаншалықты көңіл бөлу керектігін көрсетеді.

Салих адамдардың тамақ жайындағы осы көзқарастары мен сезімталдықтары оларды базардан алған азық-түлігін үйлеріне жауып апаратын қылған. Өйткені, алынған азықта «түскен көз» болмауы керек. Азықтағы күш-қуатта мұқтаж адамдардың тамсанысы, пақыр ғаріптердің аянышты көздерінің жағымсыз әсерлері қалмауы қажет.

Мүмин харам әрі күмәнді нәрселерден өте сақ болумен қатар, халал нығметті қолданғанның өзінде, дұрыс қолданып, ысырап-тан қашуы керек. Аят кәримада:

«Туыстарға, кедейлерге және жолаушыға да ақысын бер! Орынсыз шашпа! Өйткені, осылай шашқандар, шайтандардың достары. Шайтан болса, Раббысының нығметтеріне көз жұмушы», - (Исра сүресі 26-27 аяттар) делінген.

Мәснәуиде адал тамақтың тән мен рухқа тигізер әсерін Хазіреті Мәуләнә баламалы сөздерімен былай баяндайды:

«Кеше түнде аян бізге басқаша көрінді. Өйткені, асқазанға түскен бірнеше жапырақ күмәнді тамақ аянның жолын бөгеді.

Нәпсі қалаған күмәнді тамақ сені Хақ жолынан тыятын аяғыңа кірген тікен сияқты. Сондықтан жеген тамағына көңіл бөлмегендер жолдан шығады.

Әй, тән! Сенің ішінде сондай тамаша бір гүл бар. Оны қорғасаң айналаға таралған хош иістерден, шексіз парасаттылық пен мағрифат гүлстаны пайда болады».

Абдулқадир Гейлани де (құддисә сирруһ) тамақтың жүректі тазартудағы маңызына былай көңіл аударады:

«Қара, балам! Харам тамақ жүректі өлтіреді. Кейбір тамақ жүректі нұрландырады, кейбір тамақ оны қараңғылыққа көмеді. Және кейбір тамақ сені дүниеге тартады, кейбір тамақ ақыретке көңіл бұрдырады. Бір тамақ бар сені екі дүние со-пысы етеді, бір тамақ бар сені дүние мен ақыреттің Жарату-шысынан бет бұрғызады. Харам тамақ сені дүниеге тартып, күнәларды сүйкімді көрсетеді. Мүбах тамақ сені ақыретке тар-тып, құлшылықты сүйкімді көрсетеді. Халал тамақ жүректі Жаратушыға жақындатады. Тамақтың мәні мен әсері тек мағрифатұллаһпен білінеді. Аллаһты тану жаратылыстан емес, Жаратушыдан жүрекке беріледі. Мағрифатұллаһ кітап пен дәптерде емес жүректе болады. Аллаһты тану жүрекке жараты-лыс тарапынан емес, жаратушы тарапынан беріледі. Бұл иләһи тәухидті мойындап, иләһи үкімдермен амал еткеннен кейін жүзеге асады.

Ибраһим Дәсуки (құддисә сирруһ):

«Ей, бауырларым! Харам жесеңдер хикмет пен мағрифат жайында бір нәрселерге қол жеткіземіз деп ойламаңдар» - дейді.

Адал тамақ туралы Убейдұллаһ Ахрар (құддисә сирруһ) мен Сәйід Қасым Тәбризидің (құддисә сирруһ) арасында болған мына әңгіме өте көңіл аударарлық:

Ұбейдұллаһ Ахрар Хазірет:

«Бір күні Сәйід Қасым Хазірет маған:

- Әке, қазіргі заманда хикмет пен ақиқат неге көп көрінбейді, білесіз бе? Өйткені, бұл дәуірде ішкі тазалығы өте аз адамдар қалған. Кемелдік іштің тазалығында. Іш тазалығы болса адал тамақ жеумен болады. Бұл ғасырда адал тамақ өте аз. Іші тазарған адам жоқтың қасы... Мұндайларда иләһи сырлар қалай көрініс тапсын? - деді» - деген.

ә. Истиғфар және дұға

> **«Ей, Расулым! Айт: Сендердің дұға мен мінәжаттарың болмаса, Раббым сендерді не деп бағалайды?»** (Фұрқан сүресі 77-аят).

Пайғамбарлардан бастап барлық әулиелер, салихтар және тура жолдағылар молшылықта, таршылықта, қуанышта және қайғыда үнемі Аллаһ Тағалаға жалбарынып мінәжат еткен. Өйткені, Пайғамбарларда «зәллә»[15] болғандықтан дұға мен истиғфардан босатылған ешбір құл жоқ. Дұға мен истиғфар - шын мәнінде іштей өкініш пен жалбарынышты білдіретіндіктен Аллаһқа жетудің ең әсерлі жолы. Араб тілінде намаз атауы дұға мағынасындағы «салат» сөзімен айтылу хикметі оның ауқымы ең үлкен дұға және мінәжат мағынасында болуын білдіреді.

[15] **Зәллә:** Еріксіз түрде жасалған қателік.

Екінші жағынан, дұғаның басы истиғфар - Аллаһ Тағаладан кешірім сұрау. Бұл лайықты сипатта болса, яғни кешірілуі сұралған күнәні екінші рет жасамау турасында кесімді қарар және шын мәніндегі өкінішті қамтыса, жүректің сезімталдығын өлтіретін кір мен тотты жойып, оны ақиқат алдында бейне бір жарқыраған айнаға айналдырады. Жүрек осылайша ғана нұрлы көріністерге сай әрі қолайлы жағдайға келеді.

Күнә жасаудың салдарынан қарайған жүректің истиғфармен тазаратындығын білдіру турасындағы Аллаһ Расулының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мына бір хадисі жүректі тазарту жөнінен қандай мәнді де мағыналы:

«Құл бір қателік істеген кезде жүрегіне қара бір дақ қойылады. Егер ол күнәні қайталап істемей, истиғфар айтып тәубе етсе, жүрек жарқырап шығады. Олай етпей қайта қателік істеуді жалғастырса, қара дақтар көбейтіледі де, ақырында барлық жүректі қаптайды».

Міне Аллаһ Тағаланың:

كَلاَّ بَلْ رَانَ عَلَى قُلُوبِهِمْ مَا كَانُوا يَكْسِبُونَ

«Жоқ, негізі олар өздері істеген жамандықтары салдарынан жүректерін тот басқан» - (Мұтаффифин сүресі 14-аят) *деп баяндаған жағдайы осы»* (Тирмизи, Тәфсир 88)

Дүниені көңіл көзімен тамашалағанда көретініміз барлық жаратылыс иләһи нығметке шүкір етуден бұрын әлсіздіктерін мойындауға мұқтаж. Ерікке ие болғанымен, осы еркін қолдануда қайткенде де қателіктен аман бола алмайтын адам баласы үшін истиғфар Аллаһқа жақындау жолында басылатын алғашқы қадам.

Дұға иләһи мейірімділікті қамтитын қасиетімен адамның басына түсетін пәлекеттерден ұзақ бола білуіне себеп болатын үлкен әсерлі күш. Сондықтан жоғарыда айтқанымыздай, барлық тариқаттарда күнделікті рухани дәрісті истиғфармен бастайды.

Дұғаның мәніне байланысты аят кәримада былай баяндалады:

قُلْ مَا يَعْبَؤُا بِكُمْ رَبِّي لَوْلَا دُعَاؤُكُمْ

«(Ей, Расулым!) **Айт: Сендердің дұға мен мінәжаттарың болмаса, Раббым сендерді не деп бағалайды?»** (Фұрқан сүресі 77-аят)

«(Ей, Расулым!) **Құлдарым сенен мені сұрағанда оларға айт: Әлбетте мен оларға өте жақынмын. Маған дұға етсе, олардың дұғаларына жауап беремін, қабылдаймын. Олай болса, құлдарым да менің шақыруыма келіп, әмірлерімді орындап, маған сенсін. Осының арқасында мүмкін олар тура жолға түседі»** (Бақара сүресі 186-аят).

«Раббыларыңа жалбарынышпен және мінәжатпен жасырын дұға етіңдер. Өйткені, Ол шектен шығушыларды сүймейді» (Ағраф сүресі 55-аят).

Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу aлəйhи уә сәлләм) бір хадисінде былай баяндайды:

«Аллаһ алдында оған дұға етуден қымбат нәрсе жоқ. Дұға құлшылықтың негізі» (Тирмизи, Дағуат 9).

«Кімге дұға есіктері ашылса, оған рахмет есіктерінің ашылғаны» (Тирмизи, Дағуат 101).

«Қабылданатындығына сеніп, Аллаһ Тағалаға дұға етіңдер. Бірақ, Аллаһ Тағала ғапыл жүрекпен жасалған дұғаны қабылдамайтынын білгейсіңдер» (Тирмизи, Дағуат 65).

Хадис шәрифтің ескерткеніндей, ғапыл жүрекпен әрі немқұрайдылықпен жасалған дұғаны Аллаһ алдында қабыл болады деп ойлау, шайтанның алдауына еру ғана.

Имам Раббани (құддисә сирруһ):

«Екі қолдың бірігуімен жеңіске жететін бір соғыс бар. Біреуі шекарадағы әскер, екіншісі дұға әскері» - дейді.

Сондай-ақ сахабалар соғысқа шыққан кезде жеңіске жету үшін өз дұғаларына қосымша Суффа сахабаларынан да дұға етулерін сұрайтын.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Бір мүминнің екінші бір мүминге сырттай еткен дұғасынан тез қабылданатын ешқандай дұға жоқ» - (Тирмизи, Бирр 50) деп бұйырған.

Адамдар дұғасы қабыл болады-ау деп үміттенген кісілерден дұға етуін сұрайды. Алайда, дұғаның қабыл болуындағы негізгі себеп дұға етушінің Аллаһ алдында лайықты болуынан гөрі сұраудағы ықыласы мен шынайылығына байланысты. Бұл күнәһар біреудің де мүмин бауырына ықыласпен жасайтын шынайы дұғасы Аллаһ алдында дәреже жағынан одан неше есе жоғары басқа біреудің дұғасынан абзал болады деген сөз. Бұлай болмағанда күнәһардың кемшіліктерін айту - «ғайбат» деген үлкен күнәнің бірі болып саналмас еді. Осы жерде кім болса да, Аллаһ құлдарынан біреуінің көңілін аулап, оның шынайы дұғасын алудың қадірін білген жөн.

Сахабалар, Аллаһ Расулынан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сұрайды:

«Ең көп қабыл болатын дұға қайсы?»

Сонда ол былай деді:

«Түннің соңғы бөлігінде және әрбір парыз намаздың артынан жасалған дұға» (Тирмизи, Дағуат 78).

Дұғаның қабыл болуы үшін тек қана тілмен сұрау жеткіліксіз. Сөздің мағынасынан шыққан тілектен жүрек дірілдеп, дұға осы күнәнің кешірілуі үшін және оны екінші рет істемеу турасында кесімді қарар түріндегі шешіммен талап етілуі қажет.

Бір жағынан дұғаның Хақ Тағала алдында қабылдануын қамтамасыз етуде тура жол мен салих амалдың мәні зор. Бұл туралы аятта былай баяндалады:

«Оған (Ұлы Аллаһқа) **тап-таза сөздер** (шынайы дұға мен мінәжәттар) **көтеріледі. Мұны салих амалдар көтереді»** (Фатыр сүресі 10-аят).

Дұғаларды «хауф уә рәжә», яғни қорқыныш пен үміт арасында қажет. Дұға мен истиғфар жеке бас пен ұлттарды амандыққа жетелейді, болашақ қауіптерді жояды.

Жүрек науқастығынан құтылу және дұғаның қабыл болуы хақында Хазіреті Мәуләнә (құддисә сирруһ) былай дейді:

«Пұшаймандық отына толған көңілмен, жасты көзбен дұға және тәубе ет! Өйткені, гүл - күн шуақ пен сулы жерде ашылады!»

Алғашқы тәубе ету алғашқы пайғамбар Хазіреті Адамнан (аләйһиссәләм) басталған. Ол тәубесінде:

رَبَّنَا ظَلَمْنَا أَنْفُسَنَا وَ إِنْ لَمْ تَغْفِرْلَنَا وَ تَرْحَمْنَا
لَنَكُونَنَّ مِنَ الْخَاسِرِينَ

«Ей, Раббымыз! Біз өзімізге зұлымдық жасадық. Егер бізді кешіріп, бізді аямасаң, әрине зиянға ұшырағандардан боламыз» - (Ағраф сүресі 23-аят) деп жалбарынған. Бұл дұға өзінен кейін қияметке дейін келетін ұрпақтарына бір истиғфар үлгісі болып қалған.

Аллаһ Тағала жүректердің ғапылдықтан оянып, рухани аурулардан шипа табуы үшін құлдарын тәубеге шақырып, былай дейді:

«Ей, иман еткендер! Шынайы бір тәубемен Аллаһқа бет бұрыңдар! Осылай істесеңдер ғана, бәлкім, Раббыларың сендердің жамандықтарыңды кешірер!» (Тахрим сүресі 8-аят).

Аллаһқа бет бұрып, жүректің ұлық дәрежеге жетуінде - дұға мен истиғфардың мәні зор. Әр түрлі әсерлерден өзгеріп, әр сәт Хақтан тайып кету ықтималы бар жүректің һидаяттан айрылмауы үшін адамның дұға етуден басқа шарасы жоқ. Бұл турасында ұлы Раббымыз құлдарына былайша дұға етулерін үйретеді:

رَبَّنَا لَا تُزِغْ قُلُوبَنَا بَعْدَ إِذْ هَدَيْتَنَا وَ هَبْ لَنَا مِنْ لَدُنْكَ رَحْمَةً إِنَّكَ أَنْتَ الْوَهَّابُ

«Раббымыз! Бізді тура жолға салғаннан кейін жүрегімізді жамандыққа тайдырма және бізді рахымыңа бөле. Ең мейірімді Өзің ғанасың» (Әли Имран сүресі 8-аят).

Осы иләһи тәлімді өмірінде дәстүрге айналдырған әлемнің мақтанышы Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жиі-жиі:

يَا مُقَلِّبَ الْقُلُوبِ ثَبِّتْ قَلْبِي عَلَى دِينِكَ

«Ей, жүректерді мың құбылтқан Аллаһым! Жүрегімізді дініңе мығым ет!» (Тирмизи, Қадер 7) деп дұға ететін.

Дұға да жүректі тазартудың ең маңызды жолдарының бірі. Мына бір аят кәрима жүректің рухани кірлерден тазаруындағы дұғаның маңызына тамаша ишарат етеді:

«(Мүһәжир мен ансардан) **кейінгі келгендер Раббысына былай дұға етіп жалбарынады:**

Ей, Раббымыз! Бізді және бізден бұрын иман еткен бауырларымызды кеш! Иман етушілерге қарсы жүректерімізде ешқандай кек қалдырма! Ей, Раббымыз! Сен шексіз мейірім мен мархабат иесісің» (Хашр сүресі 15-аят).

Өйткені, алдымен мақсатқа жетуге кедергі болатын бөгеттерді асып, осылайша жүректі негізгі мақсатқа әзірлеу керек. Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жүректің кереңдігінен және ондағы жағымсыз ойлар мен сезімдерден арылу үшін Аллаһқа мінәжат етіп жалбарыну керектігін өз бойында былай көрсетеді:

«Аллаһым! Пайда бермейтін ілімнен, қорықпайтын жүректен, тоймайтын нәпсіден және қабылданбайтын дұғадан сақта деп саған сиынамын!» (Мүслим, Зікір 73)

«Аллаһым! Ақ киімді кірден тазартқаның сияқты, жүрегімді де күнәлардан тазартып пәк қыл!» (Бұхари, Дағуат 39)

Қалб-и сәлимге жету тек ұлы Раббымыздың көмегімен ғана іске аспақ. Сондай-ақ Раббысына таза жүрек ұсынуға қол жеткізген Хазіреті Ибраһим (аләйһиссәләм) жасырын нәрселер ашыққа шығатын махшар күні ұятқа қалмау үшін Раббысына былай мінәжат еткен:

«(Раббым) **Мал мен баланың пайдасы тимейтін, тек Аллаһқа қалб сәлиммен келгендердің ғана пайдасын көретін сол** (үрейлі) **тірілетін күнде мені ұятқа қалдырма!»** (Шұғара сүресі 87-88 аят)

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) да абыройлы атасы Ибраһим (аләйһиссәләм) сияқты Раббысына дәл солай жалбарынып мінәжат еткен:

«Аллаһым! Сенен шындықты айтатын тіл және таза жүрек (қалб сәлим) сұраймын» (Тирмизи, Дағуат 23).

Екіншіден, дұға еткенде ұстамды болып, сол дұғасын қайталау да аса маңызды. Ұстамды болу үшін дұғаны үш рет қайталау - пайғамбар әдісі. Дұға шынайы болған жағдайда ешқашан кейін қайтарылмайды. Бірақ, кейбір тілектер шынайы болғанымен, кейде «жазылған тағдырға (қадәр мұтлақ)» сай келмейді. Сол үшін дұға етуші жалықпай, дұғаны жалғастыруы керек. Өйткені, дүниеде қабыл болмаған дұғаның пайдасы ақыретте тиеді.

б. Құран Кәрімді оқу және үкімдеріне мойынсұну

Жүрегіміздің Құранның руханиятынан фәйз алып, хикмет пен сырға толуы оны оқыған кездегі жүрегіміздің дәрежесіне байланысты.

Аллаһ Тағаланың ең үлкен сыйының бірі – адамзатқа жіберген Құраны.

Рух пен тәннің шынайы бақыты мен шаттығына байланысты тамаша қағидалар Құран Кәрімнің фәйзге толы арнасынан табылады. Адамның амандығы мен бақыты осы ең тамаша үлгідегі қағидалардан алған үлесіне қарай іске аспақ. Құранның руханиятын паналамай, одан теріс айналып, тепе-теңдігінен айрылған адам адамдық қасиетінің обалына қалып, осы берілген нығметке көз жұмып, өзін құмарлық пен әуесқойлықтың толқынына батырады.

Құран – қайғылы рухтарға, шаршаған көңілдерге шипа мен жұбаныш сыйлайтын иләһи хикмет көзі және мүмин құлдың үрейлі әрі қашып құтылуға болмайтын өлімді өз Раббысына қауыштыратын теңдессіз дәнекер ретінде, той кеші деп бағалауын қамтамасыз ететін ерекше қағидалар ұсынатын иләһи сыйлық іспеттес.

Ұлы Раббымыз иләһи кәламын (сөзін) барлық адамзатқа былай танытады:

يَا أَيُّهَا النَّاسُ قَدْ جَاءَتْكُمْ مَوْعِظَةٌ مِنْ رَبِّكُمْ
وَ شِفَاءٌ لِمَا فِي الصُّدُورِ وَ هُدًى وَ رَحْمَةٌ لِلْمُؤْمِنِينَ

«Ей, адамдар! Сендерге Раббыларыңнан бір үгіт, көңілге шипа, мүминдерге һидаят және рахмет келді» (Юнус сүресі 57-аят).

Ал, Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) болса хадисінде:

«Әр ас берген адам асына адамдардың келуін қалайды және осыған қуанады. Құран болса, Аллаһтың асы. Одан қалыс қалмаңдар» (Дәрими, Фәзайлул-Құран 1) - дейді.

«Құран оқыңдар! Өйткені, Аллаһ ішінде Құран бар жүректі азаптамайды» (Дәрими, Фәзайлул-Құран 1).

«Құранның шынайы иелері – Аллаһ достары. Олар да Аллаһтың ерекше құлдары» (Хаким, Мүстәдрәк I, 743).[16]

Аллаһты зікір ету мен Құран оқудан мақрұм болған жүректер қатайып, кесапатқа айналады.

Сондай-ақ атақты сахаба Әбу Мұса әл-Әшғари өзін зиярат етуге келгендерге:

[16] Құран Кәрімді тек жаттап қана қоймай, сонымен қатар оның үкімдерін орындап, ахлағын бойына сіңірген Құран иелеріне Хақ Тағала көптеген сый берген. Тіпті кейбір хафиз (қари) мырзалардың Аллаһ Тағаланың ерекше бір сыйы ретінде өлгеннен кейін тәнінің шірімегендігі байқалған. Сондай-ақ Аллаһ досы Махмұд Сами Рамазанұлы (құддисә сирруһ) Аданада осындай бір хафиз өлгеннен отыз жылдан кейін, қабір үстінен жол салу зәрушілігімен қабірін ашқан кезде, ол кісінің денесінің әлі шірімегендігін, тіпті, кебінінің өзі бүп-бүтін екендігін өз көзімен көргенін айтқан.

«Үнемі Құран оқыңыз! Құранды ұзақ уақыт оқымай жүргендерден болмаңдар! Әйтпесе, сендерден бұрынғылардыкі сияқты сендердің жүректерің де қатаяды» - (Мүслим, Зекет 119) деп кеңес берген.

Құран Кәрімнің тіпті хайуанаттар мен періштелердің өзіне әсерін тигізетіндігін білдіретін мына бір оқиға өте ғибратты:

Үсәйд бин Худайр (радиаллаһу анһу) айтады:

Түнде Бақара сүресін оқып отырдым. Атым дәл қасымда байлаулы тұр еді. Бір кезде ат секіре бастады. Оқуды тоқтаттым, ат та тыныштадды. Қайта оқыдым, ат тағы да секірді. Тіпті ұлым Яхияны басып кете ме деп қорқып қолыма алдым:

Сол кезде аспанға қарасам шам сияқты бір нәрселер көрдім. Сосын олар аспанға көтеріліп көзден ғайып болды.

Таңертең болған істі Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) айтқанымда маған:

«Оқы! ей, Үсәйд, Оқы!»

«Ей, Үсәйд! Ол көргендеріңнің не екенін білесің бе?» - деп сұрады.

«Жоқ» - дедім.

Сонда Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Олар сенің оқыған Құраныңды тыңдауға келген періштелер еді. Егер сен оқи бергенде, таң атқанша сені тыңдайтын еді. Ол періштелер жасырына алмай, адамдар оларды көре алатын еді» - деді (Бұхари, Фәзайлул-Құран 15)

Құран адамзатқа түскен. Ол «түсінігі бар» адам үшін таусылмас тәфәккүр қазынасы. Құранның руханиятынан аулақ қалудың салдары нақты әрі мәңгілік қасірет. Құрандағы хикмет, ғибрат және сырлар дариясынан бейхабар қалғандарға Аллаһ Тағала былай бұйырады:

أَفَلَا يَتَدَبَّرُونَ الْقُرْآنَ أَمْ عَلَى قُلُوبٍ أَقْفَالُهَا

«Олар Құранды егжей-тегжейлі ойламай ма? Әлде олардың жүректерінде құлып бар ма?» (Мұхаммед сүресі 24-аят)

Құран Кәрім - Аллаһ Тағаланың есімдерінің біздің түсінігімізге сөз түрінде шағылысы.

Аллаһ Тағала бір аятта Құран Кәрімнің шексіз мағынасы мен көркін:

«Егер жер бетіндегі ағаштар қалам, теңіздер де жеті теңіз қосылып сия болса сонда да Аллаһтың сөздері жазумен бітпейді. Шүбәсіз Аллаһ үстем әрі хикмет иесі» (Лұқман сүресі 27-аят) - дейді.

Жүрегіміздің Құранның руханиятынан нәр алып хикмет пен сырларға толуы оны оқыған кездегі жүрегіміздің дәрежесіне байланысты. Сол себепті Құранның ақиқатына жету үшін жүректің дәрежесін көтеру қажет. Өйткені, һидаят шырағы болған Құран Кәрім өзіне жақындаған адамның жүрегіндегі ниеті мен жағдайына қарай әрі тура жолға әрі адасушылыққа апаратын мәнге ие.

Ұлы Раббымыз лайықты түрде оқылған Құран аяттарының мүминдердің көңіліне тигізетін әсері мен туғызатын рухани шабытын былай баяндайды:

«...Раббыларынан қорыққандардың осы кітаптың әсерінен төбе шаштары тік тұрады. Сөйтіп тәндері һәм көңілдері Аллаһтың зікіріне жылып, жұмсайды» (Зүмәр сүресі 23-аят).

«...Аллаһтың аяттары мүминдерге оқылған кезде, олардың иманын арттырып күшейтеді» (Әнфал сүресі 2-аят).

Құран Кәрімнен лайықты түрде пайда алудың бірінші шарты - оған құрметпен қарау. Өйткені, ол құрмет - Құранға көңіл бөлудің көрінісі.

Құран Кәрім қияметке дейін адамзаттың қажеттілігін қамтамасыз ете алатындай кәмілдікті, ақиқатты және терең сырларды қамтуымен де тамаша жол көрсетуші іспеттес. Аллаһ Тағала Құран Кәрімнің осы ерекше қасиетін былай баяндайды:

«Шүбәсіз, Құран - ең тура жолға салушы. Салих амал жасаған мүминдерге, олар үшін үлкен сый екендігін сүйіншілейді» (Исра сүресі 9-аят)

Құран Кәрім қияметке дейін жол сілтейтін иләһи кітап болғандықтан, оның қанатының астындағы әрбір мүмин өлімнің мәңгілік есігі ашылғанға дейін Құранның үкімдеріне және Құран ұсынған өмірге адал болуға мәжбүр. Осы дүниеде жүрек бақыты мен тыныштығы, ақыретте, Аллаһ Тағаланың ризашылығына жетіп, иләһи нығметке бөлену тек осылайша ғана іске асады.

Құраннан лайықты түрде үлес алу оны шынайы жүрекпен оқи білуге байланысты. Мына хадис осы жүрек халін тамаша баяндайды:

«Құран оқу үшін қандай дауыс және қирағат жақсы?» - деп сұрағанда, Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай дейді:

«Құран оқығанын естігенде, оның Аллаһтан қорққанын сезген адамындікі» (Дәрими, Фәзайлул-Құран 34).

Хазіреті Омарды (радиаллаһу анһу) үрейлендіріп, һидаятқа келуіне себеп болған қарындасы Фатиманың Құран Кәрімді беріліп оқыған үні еді.

Мына аят кәрималер Құран Кәрімді қалай оқу керектігі турасында бізге жол сілтейді:

«Расулым! Бұл Құран - аяттарын адамдар егжей-тегжейлі ойлансын, таза ақыл иелері ғибрат алсын деп саған түсірілген фәйз бұлағы, мүбәрәк бір кітап» (Сад сүресі 29-аят).

«Ей, Расулым! Құранды анық-анық (тәртилмен) **оқы»** (Мүзәммил сүресі 4-аят).

Бір жағынан Хазіреті Омардың (радиаллаһу анһу) Бақара сүресін он екі жылда оқып бітіргені, сондықтан шүкір құрбандығы ретінде түйе сойғандығы риуаят етіледі (Куртуби, әл-Жами I, 40).

Осылардың барлығы - Аллаһтың кітабын оқыған кезде тек оқып қана қоймай, оның ішкі сырынан үлес алу, үкімдеріне бас ию және ахлағын бойға сіңіру қажеттігін көрсетуі жағынан назар аударарлық жайттар.

Ислам тарихының саадат дәуірінен кейінгі ең жарқын шағын басынан кешірген Османлы мемлекетінінң Құран Кәрімге деген жоғары құрметінің берекетімен құрылып, алты ғасыға жуық билік жүргізгенін ұмытпаған жөн. Расында, сол мемлекеттің құрушысы сұлтан Осман Ғази Хазірет Шәйх Әдәбалидің үйінде қабырғада ілулі тұрған Құран Кәрімге құрметсіздік болар деп ойлап, аяғын көсілмей, ұйықтамай таң атырғаны кең тараған тарихи риуаят. Екінші жағынан оған дәретсіз қол тигізбеу тұрғысындағы діни ереже де оған деген құрметтің аса қажеттілігі мен маңызын көрсетеді.

Құран Кәрімді белден төмен ұстамаудың Ислами әдептегі мәнділігі де белгілі. Екінші жағынан Құран Кәрімді тек қана оқу емес, жазуына қараудың өзі, оған үйлесімдіктің пайда болуының себебі болғандықтан дұрыс, тіпті сауап болып саналады.

Сондықтан Құран Кәрімді құрметтеп, мүмкіндігінше жиі-жиі қолға алып, аздап болса да оқуды әдетке айналдыру керек. Сонымен бірге, Құран Кәрімнің алғашқы бұйрығының: **«Оқы»** (Алақ сүресі 1-аят) түрінде түсуінің хикметін де еш уақыт естен шығармаған дұрыс. Бұл оқу ісінің мәні мен маңыздылығы қирағатсыз оқылған намаздың дұрыс болмайтындығымен де белгілі.

Әмәуи халифасы Сүлеймен бин Абдулмәліктің халыққа алғаш арнаған сөзі мынау еді:

«Ей, Аллаһтың құлдары! Сендер Аллаһтың кітабын ұстанып, өздеріңе көсем деп қабыл алыңдар. Оның берген үкіміне разы болыңдар. Онымен амал қылыңдар. Өйткені, таң шапағы қараңғылықты қалай жойса, Құран да шайтанның құрған айласы мен тұзағын жояды» (Бәйхақи, Китабуз-Зүһд 61).

Осылардың барлығына назар аудара отырып, Құран Кәріммен үйлесімдікте болудың өмірімізде қаншалықты маңызды орын

алуы тиіс екендігін түсінуге болады. Иләһи Кәламның тұңғиық қуанышы мен шабытының көңілімізге толуын Раббымыздан сұрауымыз керек. Бұл жайлы Пайғамбарымыз (саллаллаһу aлəйһи уә сәлләм) былай дұға етуші еді:

«...Раббым! Құлдарыңның біреуіне үйреткен, кітабыңда түсірген немесе сырын жасырған әрбір тамаша есімдерінің құрметіне сенен сұрайтыным: Құранды көңілімнің көктемі, жүрегімнің нұры, қайғы-қасіретіміздің шарасы қылғайсың!» (Ахмед б. Ханбәл, Мүснәд I 391).

в. Құлшылықтарды ынтамен беріліп орындау

«Аллаһты көріп тұрғандай ғибадат қыл! Сен оны көре алмасаң да, Ол сені көріп тұр» (Бұхари, Иман 37).

Құлшылықтар - құлдың Раббысымен ежелде жасаған келісімінде тұрғандығын көрсететін адалдығының белгісі іспеттес. Құлшылық сәті – құлдық арнасында Аллаһ Тағалаға ең жақындау сәті. Сондықтан ол адамның дүние тіршілігіне байланысты барлық мәселелерден көңілін босатып, тек қана иесінің ризашылығы үшін нәрсе істеу ынтасымен өз рухын дем алдырып, күш жинайтын ерекше әлемі. Өйткені, намазда қолды құлаққа дейін көтеріп, айтқан тәкбірі барлық нәрсені артқа тастап, тура Аллаһқа бет бұруды білдіреді.

Құлшылық - адам баласын өлімнен кейінгі қайғы-уайымнан құтқаратын ең әсерлі шипа мен жұбаныштың көзі. Мәңгілік әлемге тек сол арқылы бір нәрселер жіберілетін рухани аят. Осы ерекшеліктерімен құлшылық - жүрек тепе-теңдігі мен екі дүние бақытын қамтамасыз ету жолында әсте немқұрайдылықпен қаралмайтын ерекше бір фәйз (рухани нәр) көзі.

Құлшылықтардың талап етілген нәтижеге жетуі үшін оларды хұшуғмен орындау шарт. Хұшуғ - жүрек тыныштығы мен шабы-

тына және сүйіспеншілік пен қорқыныш сезімдеріне бөлене отырып, иләһи құзырға тұру. Құзырында тұрған ұлы Сұлтанынан қорқып, өзгелермен болған байланысын үзіп, тек Иесімен болу және тек Оған ғана құлшылық ету үшін жаратылғандығы сезімінде болу деген сөз.

Құлшылықтардың ең айбындысы әрі ең ауқымдысы - намаз. Намаз Аллаһтың құлдарына деген ең үлкен сыйларының бірі. Хадис шәрифте былай баяндалады:

«Егер мумин кісі алдымен жақсылап дәрет алып, сосын тұрып бастан-аяқ жүрегімен және жүзімен, яғни, жан-тәнімен беріліп, ынтамен екі рәкәат намаз оқыса, оған жәннат уәжіп болады (яғни ол жәннатқа барады)» (Мүслим, Тахарат 17).

Адамға беретін рухани кемелдіктері тұрғысынан қарағанда шынайы намаздың орнын басатын басқа құлшылық жоқ. Мұндай намаз үшін Хақтан басқаның бәрін, тіпті, адамның өз нәпсісін де ұмытуы қажет.

Сүлеймен Дарани (қуддисә сирруһ):

«Не екі рәкәат намаз оқы немесе Фирдәус жәннатына кір десе, екі рәкәат намаз оқыр едім. Өйткені, Фирдәус жәннатына кіру нәпсіге ұнайтын қалау. Бірақ, екі рәкағат намаз оқысам, Раббыммен бірге боламын» - деген.

Намазға тұрған адам намаздан басқа ешбір нәрсемен айналыса алмайды. Намаз оны әр түрлі күнәлі ойлардан тыяды. Шынайы намазда жүректегі перде ашылып, ақиқат нұры шашылады. Хақ Тағаламен бірге айтып жеткізгісіз қауышу болады. Басқа құлшылықтарда мұндай емес. Мысалы ораза ұстаған адам базарда тұтынушы да, сатушы да бола алады. Қажылық жасаған да дәл осылай. Бірақ, намаз оқыған адам тұтынушы да бола алмайды, сатушы да. Ол тек намазын ғана оқиды. Яғни өзі де рухы да Аллаһтың құзырында болуға мәжбүр.

Дұп-дұрыс оқылған намаз мүминді фәйзге бөлеп, оның санасын ерекше оятып, нәпсі құмарлықтарының жетегіне түсуден құтқарып, үнемі иләһи құзырда және назарда екендігін түсінуге жетелейтін абзал құлшылық.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хадисінде:

«Аллаһты көріп тұрғандай құлшылық ет! Сен оны көре алмасаң да, Ол сені көріп тұр» (Бұхари, Иман 37).

«Намазда өлімді есіңе ал. Өйткені, адам өлімді есіне алып тұрып намаз оқыса, ол намаз кәміл әрі тамаша болады. Намазыңда соңғы намазын оқып тұрғанын ойлаған адамдай бол. Соңында кешірім сұрауды қажет ететін барлық нәрседен аулақ бол» (Дәйлеми, Мүснәд I, 431) - деген.

Аят кәримада лайықты оқылған намаз туралы:

«...Намазды дұп-дұрыс оқы! Расында, кәміл түрде оқылған намаз жамандықтардан және мүнкәрдан (дін мен ақылға қайшы нәрселерден) адамды тыяды» - (Анкәбут сүресі 45-аят) делінеді.

Намаздың жамандықтан сақтауы намаздағы көңіл-күйдің намаздан кейін де жалғасуына байланысты. Егер намаз оқыған адамда мұндай хал байқалмаса, ол шынайы түрде намаз оқушы емес.

Мына аятта сондай намаз оқушылар хақындағы айтылған иләһи ескерту олар үшін қаншалықты ауыр десеңізші:

«Намазға немқұрайды қарағандарға қандай өкініш! Олар барлық істерінде риякор және ең кішкене көмекке де бөгет болатындар» (Мағун сүресі 4-7 аят).

Олай болса, намаздың рүкундары мен шарттарын толық орындамай оқыған адам иләһи құзырда екендігінен бейхабар болып, есіл-дерті саудасында немесе басқа да дүниелік істерінде болса, оқыған намазы оған рухани нәр бермейді. Мұндай намаздар міндет ретінде өтелгендіктен тек борышты өтеуге ғана жарайды.

Аллаһ Тағала аятында намазды шынайы оқығандар жайлы былай баяндайды:

«Расында, намаздарын ынтамен беріліп оқыған мүминдер құтылды...» (Мүминун сүресі 1-2 аят).

Сахаба Абдұллаһ бин Шыххир (радиаллаһу анһу) Аллаһ Расулының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) намаздағы халін былай суреттейді:

«Расулұллаһты (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) намаз оқып тұрғанда көрдім. Жылағандықтан кеудесінен қайнаған қазанның дауысындай дауыс шығып тұрды» (Әбу Дәуіт, Салат 156-157; Ахмед бин. Ханбәл, Мүснәд IV, 25).

Хазіреті Әли (радиаллаһу анһу) намаз оқығанда жүзі солып, өз тәнімен бірге барлық нәрседен алыстайтын. Бір соғыста аяғына кірген оқты алдыру үшін намазға тұрып еді. Өйткені, осылай істегенде ғана оқты алғанын сезбейтінін білетін-ді. Алайда, осыншама дәрежеде дүниемен байланысын үзе отырып намаз оқу қанша құлға тән?

Намазды осы дәрежедегі кемелдікте оқи алмағандар үмітсіздікке салынып, оны тәркі етуден аулақ болғаны жөн. Өйткені, ең жоқ дегенде, борышты өтеуге жараған сондай намазын тастамаған адам бір күні болмаса, бір күні азды көпті де болса, әйтеуір кемелдікке жетеді.

Күн сайын белгілі уақыттарда оқылатын бес уақыт намаз адамның уақытын жоспарлап, оны жүйелі өмір сүруге үйретеді, жауапкершілік сезімін күшейтеді. Өмірінде үйлесімділік пен жүйелілік болмаған адамның ішкі дүниесінде тыныштық, тепе-теңдік және шаттық болады деп айту қиын. Сонымен бірге намаз - рухани жағынан иманның берік қорғанышы, тәфәккурде тереңдік, қорқынышта жұбаныш, қуаныштта ләззат сыйлайды. Намаз - руханиятты күшейтіп, жүрекке қуаныш әрі тазалық беретін, иләһи жақындықты арттыратын фәйз және берекетке толы құлшылық.

Өмір күресіне қажет болатын сабыр, ерік, нәпсілік құмарлықтарға қарсы тұру сияқты жағдайлардың көмегімен ахлақты кемелдендіретін тағы бір құлшылық - ол ораза.

Ораза - негізгі мақсаты жағынан үнемі құлшылық жауапкершілігімен нәпсіге қарсы күресу және нәпсіні бақылауына алып, әсерін азайту.

Сонымен қатар ораза адамды сабыр, табандылық, қанағат, ризашылық сияқты және қиыншылыққа шыдамдылық секілді ахлақи парасаттылыққа жеткізуімен қатар, ашығу арқылы нығметтің қадірін де түсіндіреді. Байға да кедейге де, тіпті, барлық адамдарға аштықты сездіріп, сол арқылы оларды өзара тең етеді. Сөйтіп дәулетті, қуатты адамдарға кедей, аш-жалаңаш адамдардың жағдайын түсіндіріп, көмек беру және мейірім сезімдерін оятады. Ақырында адамдардың өзара қажетті рахмет айту түсінігін күшейтеді.

Ораза адамдағы тақуалық сезімін жандандырып, жүректі тазарта түседі. Аят кәримада:

«Ей иман етушілер! Ораза сендерден бұрынғыларға парыз болғаны сияқты, сендерге де парыз болды. Бәлкім осының арқасында тақуалыққа жетерсіңдер» - (Бақара сүресі 183-аят) делінген.

Ерікті тәрбиелеу үшін оразадан басқа әсерлі тәсіл жоқ. Ерік – адамдардың табиғи және нәпсілік бейімділіктерінің шектен шығушылығы мен азғындығына қарсы тұра біліудің негізгі құбылыстарының бірі.

Хазіреті Мәуләнә (құддисә сирруһ) мәңгілік әлемнің нығметтеріне қол жеткізу үшін, осы дүниеде аз тамақтану керектігін былай баяндайды:

«Адамның негізгі қорегі - иләһи сүйіспеншілік пен хикмет. Сол себепті оған шектен тыс тән қорегін беру дұрыс емес».

«Адам негізгі рухани қорегін ұмытып, тән қорегінің қамын ойлағандықтан мазасыз. Өйткені, тоюды білмейді. Тойымсыздығынан өңі солып, аяқтары дірілдеп, жүрегі әрең соғуда. Алайда, жер бетінің азығы қайда, мәңгіліктің азығы қайда?!»

«Аллаһ шейіттер үшін **«Олар Раббылары жанында рыздықтандырылуда»**[17] **-** деп бұйырды. Ондай рухани азық үшін тән де, ауыз да қажетсіз».

[17] Әли Имран сүресі 169-аят.

Оразаның ақиқатына жетіп, руханиятынан нәр алу үшін оған нұқсан келтіруі ықтимал істерден аулақ болу керек. Хадисте былай баяндалады:

«Ораза тек қана ішіп-жеуден және басқадан тыйылу емес. Кәміл әрі сауапты ораза - пайдасыз сөз және істерден, жаман сөздерден тыйылу. Егер сені біреу балағаттап немесе саған қарсы надандық әрекет жасаса, оған «Шүбәсіз мен оразамын!» де» (Хаким, Мүстәдрәк I, 505).

Нәпсі құмарлығын тізгіндеп, ерікті тәрбиелейтін ораза құлшылығымен бірге, ауқатты адамдарды байлықтарының кесірінен туындауы ықтимал азғындықтардан тыйып, кедейлердің байларды көре алмаушылығы мен қызғаныштарының оянуына бөгет болатын, қоғамдық өмірді тепе-тең күйде сақтау үшін, адамдарды бір-біріне сүйіспеншілікпен байланыстыру үшін **«зекет»** парыз қылынған. Демек, Исламның қоғамдық жүйесінде кедей мен бай арасында сүйіспеншілікті орнатып, қызғаныш пен дұшпандықты жою ісінде **«зекет пен садақа»** құлшылығының мәні өте зор.

Бай адам мал-мүлкін қайдан тауып, қайда жұмсағандығынан, табысының адал, не харам екендігінен, зекет пен садақаны берген, бермегендігінен Аллаһ алдында ауыр есеп береді. Сол байлығының белгілі бір мөлшерін пақырларға бөліп беруге міндетті болып, мал-мүлік жағынан да үлкен сынақта болады. Бірақ, басқа да міндеттермен қатар бұл сынақтан да сүрінбей өткен жағдайда иләһи ризашылыққа және жәннат нығметтеріне қол жеткізеді.

Құран Кәрімде зекет құлшылығының 27 жерде діннің негізгі тірегі болған намазбен бірге айтылуы, оның өте маңыздылығын көрсетеді.

Зекет – мал-мүлік жағынан мүмкіндікке ие адамдардың мұқтаж адамдарға беруін Аллаһ бұйырған белгілі мөлшердегі борышы.

Құран Кәрімде:

«Сұраушының (мұқтаждығын білдіре алатын пақырдың) **және мақрұмның** (ұялғаннан жағдайын білдіре алмайтын кедейдің**) олардың байлығында белгілі бір хақы бар» -** (Зарият сүресі 19-аят) делінген.

Осы себепті зекет - нисап мөлшерінен артық малдың белгілі бір мөлшерін иләһи салыққа айналдырып, қалған бөлігін адал ету деген сөз. Осылайша зекет деп берілген мал-мүлік, жағдайларына қарай қоғамдағы мұқтаждарға таратылады. Мұнымен байдың дәулеті тазарады және қоғамдағы теңдік, әділдік, қоғамдық үйлесімділік орнайды. Бұл ақиқатты түсіну үшін:

«...Зекет бергендер тазарып, құтылды» - (Ағла сүресі 14-аят) деген аятқа қараса жеткілікті. Өйткені, зекеттің сөздіктегі түбірінің мәні «тәзкия», яғни «тазарту» мағынасында келуі де осыны айқын білдіріп тұр.

Зекет - Аллаһтың байға жүктеген борышы. Алайда осыған қосымша қайыр-садақаға шек қойылмаған және сол арқылы ауқатты адамдарды ынталандыру үшін бұлардың сауабы дәл оразадағыдай жасырылған. Аллаһ Тағала өткен үмбеттердің ішінде Мұхаммедтің үмметтерін өте ерекшелеп, бір күнәға бір жаза, бір жақсылыққа (салих амалдарына) он есе сауап берген. Осыған қосымша тағы жеті жүз есеге дейін, тіпті одан да артық сауап берілетін амалдар бар. Мұнда оразамен бірге садақаның да сауап мөлшері адамдарды ынталандыру үшін жасырын қалған. Аллаһ Тағала аят кәримада былай бұйырады:

«Ей, пайғамбар! Олардың мал-мүлкінен садақа ал. Сол арқылы оларды күнәлардан тазартып, дәрежелерін көтересің. Және оларға дұға ет! Өйткені, сенің дұғаң - олардың жүректері үшін тыныштық, шаттық көзі» (Тәубе сүресі103-аят)

Аят кәримада баяндалғанындай зекет пен садақаның әрі мал-мүлікті әрі жүректі тазартатын екі жағы бар екендігі белгілі.

Аллаһ Тағала аяттарында құлдарын былай қорқытады:

«...Алтын мен күмісті үйіп, оларды Аллаһ жолында жұмсамағандар бар ғой, міне соларға қинаушы азап тиесілі екендігін жеткіз!» (Тәубе сүресі 34-аят)

«Сол күні, жәһәннәм отында (сол жиналған алтын мен күмістер) **қыздырылып, олардың маңдайлары, жамбастары және арқалары күйдіріледі. Және оларға былай делінеді: «Міне мынау, нәпсілерің үшін жинаған байлықтарың. Енді жинаған нәрселеріңнің азабын тартыңдар!»** (Тәубе сүресі 35-аят)

Бұндай жағдайда мал-байлыққа деген сүйіспеншіліктің жүрекке ерекше орнығуының кесірінен байлықтан садақа беру қасиеті жоғалып, пақырдың ақысы желінген болады. Мұндай жағдайлардың қайғылы нәтиже тудыратындығы жоғарыдағы аятта ескертілген.

Тек қана екі нығмет «фитнә»(бүлік) деп аталған. Ол екеуі «бала» мен «байлық». Бала мен мал-мүлікке деген сүйіспеншіліктің жүректе ерекше орнығып, үкім жүргізу қаупі Аллаһ Тағала тарапынан:

«Негізі балаларың мен мал-мүліктерің сендер үшін бір фитнә (бүлік)» (Тәғабун сүресі 15-аят) түрінде баяндалады. Бұларды фитнә болудан сақтайтын амал шектен тыс сүйіспеншілікті тоқтатып, оларды жүрекке кіргізбеу. Зекет, қайыр-садақа сияқты иләһи әмірлерге лайықты түрде мойынсұну дүниелік сүйіспеншіліктің жүрекке орнығуына мүмкіндік бермей, оның «аманат» екендігін түсіну арқылы болады.

Бұл жайындағы иләһи ескертулерді жақсы ойланып, қосымша қайыр-садақалармен міндетіміз болған зекеттің мөлшерінен де артық қайыр жасауға тырысқан жөн.

Аллаһ Тағала аят кәримада:

وَ يَسْئَلُونَكَ مَاذَا يُنْفِقُونَ قُلِ الْعَفْوَ

«Және сенен жақсылық жолында не жұмсайтындықтарын сұрайды. «Қажетінен артығын» - де» (Бақара сүресі 219-аят) деп ескертеді.

Шүкір етуші әрі жомарт байлар мен сабырлы және намысқой кедейлер адамгершіліктің абыройы мен иләһи ризашылықта бір қатарда болады. Ал, тәкаппар, сараң байлар мен сабырсыз және соның салдарынан міндетсінген, жағдайын алға тартып Аллаһқа қарсы келген пақырлар Исламда қор көріліп да айыпталған.

Зекет - ауқатты, бай адамдардың іс-жүзіндегі шүкіршілік көрінісі. Ал, шүкіршіліктің нығметті арттыратындығы Аллаһтың уәдесі. Аллаһ Тағала былай дейді:

لَئِنْ شَكَرْتُمْ لأَ زِيدَنَّكُمْ

«Ант етеміз, егер шүкіршілік етсеңдер, сендерге деген нығметтерімізді арттырғанның үстіне арттырамыз» (Ибраһим сүресі 7-аят).

Сондай-ақ Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм), садақа бергенді жақсы көретін және құптайтын. Ол бір хадисінде:

«Ей, адам баласы! Инфәқ ет (садақа бер), саған (садақа) да инфәқ етеді...» - (Бұхари, Нәфәқат 1) деген.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жомарттықтың мұсылмандардың бойына сіңіп, олардың негізгі жаратылысынан болуын армандайтын. Оны былай тұжырымдаған еді:

«Екі адамға ғана құштарлықпен қарауға болады. Біріншісі, Аллаһ байлық беріп, оны хақ жолында жұмсауды нәсіп еткен адамы. Екіншісі, Аллаһ ілім беріп, сол іліммен өзі де амал етіп, басқаларға да үйреткен, яғни, білімімен садақа берген адам» (Бұхари, Ілім 15).

Қысқасы, адам жаратылысы жағынан дүниеге бейім. Дүние-мүлік нәпсіге жағымды көрінеді. Оған алданғандар тою дегенді білмейді. Мал-мүлік жиналған сайын адам тойымсызданып, ашкөздікке салынады. Көзін материалдық зат пен мал-мүлік құмарлығы басқан адамның сүйіспеншілік пен мейірім сезімі азаяды. Садақа беріп, байлығын Аллаһ жолында жұмсау оларға ауыр тиеді.

Оған нәпсісі:

«Одан да байы, болашақта одан да көп қайыр-садақа берерсің!» - деп алдамшы ұсыныстар жасайды. Мұндай адам тән рахатын тапқанымен, рухани науқас. Сондай-ақ:

«Ертең істеймін деушілер өкініште қалады!» - делінеді.

Міне, зекет - дүние-мүлікке тойымсыздықпен қарау сияқты жүрек науқасының дауасы.

Аллаһ Тағала бір аятта өлім сәтінде түсінен оянғандай, есін жинаған адамның мәңгілік өкінішпен былай дейтіндігін айтады:

رَبِّ لَوْلَا أَخَّرْتَنِي إِلى أَجَلٍ قَرِيبٍ فَأَصَّدَّقَ وَ أَكُنْ مِنَ الصَّالِحِينَ

«Раббым! Менің өлімімді біраз уақыт кешіктірсең, садақа беріп, салихтардан болсам!» (Мүнәфиқун сүресі 10-аят)

Зекет пен садақа бергенде әдепті болу аса маңызды. Әсіресе, беруші алушыға рахмет сезімінде болуы керек. Өйткені, алушы оны парыз болған борыштан құтқарып, сауапқа кенелтуде. Сонымен қатар берілген садақалар - берген адам үшін ауру және басқа жамандықтарға қарсы қорған. Садақа берген кезде оны мұқтаждарға нәзік көңілмен ұсынудың мәнін ұғындыру үшін аятта:

«Садақаларды Аллаһ алады!» - дейді (Тәубе сүресі 104-аят)

«Ей, иман еткендер! Аллаһқа және ақырет күніне сенбей тұрып, мал-мүлкін мақтан үшін берген адам сияқты міндетсіп және көңіл қалдырып, істеген қайырларыңды босқа жібермеңдер! (Садақаларыңды жоймаңдар!**)»** - (Бақара сүресі 264-аят) деп бұйырылады.

Барлық жаратылыс Аллаһтың кеңшілігінде өмір сүріп, рызық жеп жатыр. Аллаһ Тағала жер шарының үстіндегі әр уыс топырақты, үнемі өзгеріспен, сансыз жаратылысты асырайтындай азық қоймасы түрінде қолдануда. Барлық жаратылыстың ішінде ақыл және түсінікпен безендірілген бірден-бір жаратылыс болған адамдар осы ақиқатты көріп, Раббысының мүмин-кәпір,

күшті-әлсіз барлық жаратылысты тойдыруы арқылы, кімнің мүлкін кімнен алғандығын еш ойламай ма?

Аллаһ Тағала әлемді сүйіспеншілікпен жаратып, осы махаббаттың құрметіне оны көптеген сый-сияпатқа бөлеген. Өйткені, сүюдің табиғи нәтижесі - жанқиярлық. Сүйген адам сүйгеніне қатысты сүйіспеншілігін жанқиярлықпен жасауды міндет әрі ләззат деп санайды. Бұл бір ғашықтың өз ғашығы үшін жан қиюға дейін барғаны сияқты. Ғашық болған адам осы әрекеті арқылы жанқиярлық жасағандығын ойламайды да. Аллаһ үшін Оның мақлұқтарына жасалған қайыр сүюшінің сүйгеніне көрсеткен ең тамаша махаббатының көрінісі.

Ал енді мал-мүлікпен орындалатын құлшылықтар сияқты әрі малмен әрі тәнмен орындалатын «**қажылық**» құлшылығы да пайғамбарлардан басталған. Демек, қажылық тұңғыш пайғамбар Адамнан (аләйһиссәләм) бастап, ақырзаман пайғамбары Мұхаммедке (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дейін, ашық көңіл сазымен және әр түрлі естеліктерімен, иманды және көңілді кемелдендіретін әрі мақшардың үлгісін дүниеде де көрсететін:

«**مُوتُوا قَبْلَ أَنْ تَمُوتُوا**», яғни **«Өлмей тұрып, өліңдер!»** сырына жетуге себеп болатын қасиетті құлшылық.

Қажылық құлшылығының дүниелік және ақиреттік көптеген хикметтері бар. Шынайы қажылық - Аллаһтың шексіз рахметінің көріністері арқылы кешірім мен мағфиратқа ие болған мұсылмандарды терең иманға, сүйіспеншілікке және шабытқа бөлейтін, айбынды әрі мүбәрәк құлшылық.

Қажылық - мендік пен нәпсі киімін шешіп, рухтың тереңдігіне жетіп, нәпсінің дауылынан бойын ұзақ ұстау.

Қажылық - адам рухының үйлесімін, көңіл-күйін, негізгі қасиетін тапқан, жүректің рухани фәйз жаңбырымен тазарған, сөйтіп руханият көріністеріне толы құлшылық.

Мүминдердің құбыласы – Қағба. Аллаһ Тағаланың Құран Кәрімде:

«Сәжде ет, жақында!» - (Алақ сүресі 19-аят) деген бұйрығымен оқылуын әмір еткен намаз құлшылығының бағыты. Сонымен қатар барлық мұсылмандардың бірдей бет бұрған орны, яғни Ислам әлемінің күре тамыры. Иләһи назардың адам денесіндегі көрініс табатын орны - жүрек. Ал, әлемдегі орны - Қағба. Яғни, әлем үшін Қағба адам денесіндегі жүрек іспеттес. Сондықтан қажылық - Қағбаның маңызын, абыройын ұғына отырып, өте нәзік жүрекпен әрі байыптылықпен орындауды ерекше талап ететін құлшылық.

Қажылық жоспары жағынан адамды жүрек сезімталдығына бағыттайды. Өйткені, бұл нәзік ғибадат Аллаһтың мақлұқтарына зиян келтірмеу сияқты мейірім және сүйіспеншілік көріністеріне толы.

Қажылық – аппақ ихрамға оранып, періштелердің пәктігінен үлгі алуға бет бұру. Қажы ихрамда болған кезінде аң ауламайды, шөп жұлмайды. Тіпті әдейілеп бір қыл да жұла алмайды. Ол жерде **рәфәс жоқ, фисқ жоқ, жидал жоқ.**[18] Тек қана Жаратушы үшін жаратылғандарға мейірім, сүйіспеншілік пен ізет бар.

Өлім - барлық жан иелерінің ортақ тағдыр екендігі ұмытылмауы керек. Оның уақыты, минуты және демінің санына дейін белгіленіп, нақты бір үкімге байланған. Ажалды алдыға алу немесе кешіктіру адам шамасынан тыс екендігі айқын ақиқат және ажалдан қашқандар құтылыпты деген хабар да жоқ. Қажылыққа баруға мүмкіндігі барлар осыларды жақсылап ойлап, «қажылық» құлшылығын орындау турасында босаңдық және немқұрайдылықтан сақтанғаны жөн. Әйтпесе, Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) төмендегідей қатты ескертуіне тап болады:

«Бір адам жейтін, ішетін, көлік қаражатына ие болып, Бәйтұллаһқа бара алатын мүмкіндігі бола тұра қажылық жасамаса, оның енді Яһуди немесе Христиан болып өлуіне ешқандай бөгет жоқ!» (Тирмизи, Хаж 3)

[18] Бақара сүресі 197-аят. **Рәфәс:** Жыныстық қатынаста болу, ол тақырыпта сөздер айту, тіпті әр түрлі жаман сөздерді айту деген мағынаға келеді. **Фисқ:** Әртүрлі күнә істер. **Жидал:** Орынсыз талас-тартыс.

Бұл пайғамбар ескертуі қажылық жасаудың барлық шарттарына ие бола тұрып, бейқамдықтары себебімен осы ғибадатты орындамағандардың көп зиянға ұшырайтындығын және иләһи азапқа душар болатындығын ескерткені.

Мұсылмандардың мұндай күнәлардан арылтып, жүректерін тазартатын қажылық құлшылығына селқос қарауы - қандай үлкен зиян және қандай надандық десеңізші?!

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай бұйырады:

«Кімде-кім мына Қағбаға қажылық ниетімен келіп, күнә істер мен жыныстық қатынас жасамай қажылықты орындаса, анасынан туғандай күнәсіз тап-таза болып, үйіне қайтады» (Мүслим, Хаж 438)

г. Түнді құлшылықпен өткізу

Толтыр анау шараптан, тағы толтыр, тағы ұсын!
Тоқтасын түн, ей, досым, оны тоқтат, өтінем!
Ұйқымды да шынжырла, сәттер босқа өтпесін.
Түсінбейді түннің мәнін, түсінбейді ұйықтағандар.

Адамның өзінің ішкі жан-дүниесіне үңіліп, күндіздің материалдық әрі рухани ауыртпашылығын мойнынан тастауы түннің тыныштығына бөлену арқылы болады. Өйткені, күндіз түнге тиісті рух және тәннің тынығуын бере алмайды. Түннің қадірін білмейтіндердің күндіздің жақсылығын ойлауы мүмкін емес.

Түннің иләһи және рухани көріністеріне кіру үшін оны мақсатпен өткізу қажет.

Жүрек иелері үшін түннің тыныштығынан артық фәйзді уақыт жоқ. Түнді белгілі мөлшерде ояу өткізіп, оның фәйзі мен берекетін пайдалану қажет. Бұл турасында аятта былай баяндалады:

تَتَجَافَى جُنُوبُهُمْ عَنِ الْمَضَاجِعِ يَدْعُونَ رَبَّهُمْ خَوْفاً وَ طَمَعاً
وَ مِمَّا رَزَقْنَا هُمْ يُنْفِقُونَ

«Тақуалар түнде намаз оқып, истиғфар ету үшін жамбасын жылы төсектерінен тұрады. Раббысына, азабынан қорқып, мейірімін күтіп дұға етеді, мархаматын сұрап, жалбарынады. Өздеріне берілген рызықтарды қайыр жолында жұмсайды» (Сәжде сүресі 16-аят).

«Түннің бір бөлігінде Оған сәжде ет! Түннің ұзын бір бөлігінде оны тәсбих ет!» (Инсан сүресі 25-26 аяттар)

Аллаһ Тағаланың түнге берген маңызы мен ондағы жасырған сырлары сансыз көп. Бұл жайлы Раббымыздың: **«Түнмен және қараңғылық қаптаған барлық нәрсемен ант...»** (Иншиқақ сүресі 17-аят) **«Тыныштыққа қауышқан кездегі түнмен ант...»** (Духа сүресі 2-аят) және **«Қарая бастаған түнмен, ағара бастаған таңмен ант!»** (Тәкуир сүресі 17-18 аяттар) түріндегі ант етуінің сыры, санамыз бен көңіліміздің нәзік ақиқаттарды тамашалауы үшін ашылған иләһи бір терезе.

Кемелденген мүминдер үшін түн - қойнындағы тыныштық пен фәйз себепті ерекше нығмет. Осы нығметтің мәнін лайықты түрде түсінгендер әсіресе, түн ортасынан ауған соң барлық жаратылыс дем алып, әлемді тұңғиық тыныштық қаптаған мезетте дұға, ғибадат және мұңды мінәжатпен Раббыларына бет бұрудың ең берекетті кезін табады.

Хазіреті Мәуләнә түнде алған сүйіспеншілік пен ынтасын «Диуани-Кәбирінде» былайша жыр шумағына төккен:

Шәрбәтіңді құй сақи, толтыр кесені иләһи махаббатқа!
Мас адамға, нан жайлы айта көрме сен түкте
Кәусәр ұсын кесемен, суға қансын шөлдеген көңіл,
Дарияда жүзген жәндік, судан басқа не сұрайды.
Толтыр анау шараптан, тағы толтыр, тағы ұсын!
Тоқтасын түн, ей, досым, оны тоқтат, өтінем!
Ұйқымды да шынжырла, сәттер босқа өтпесін.
Түсінбейді түннің мәнін, түсінбейді ұйықтағандар!

Түнді және сәресі уақытын ояу өткізу тұрғысынан Аллаһ Тағала өзінен қорыққаны үшін иләһи нығметтерге ие болатындығын баяндап мадақтаған бақытты құлдары жайында былай дейді:

كَانُوا قَلِيلاً مِنَ الَّيْلِ مَا يَهْجَعُونَ وَ بِالْأَسْحَارِهِمْ يَسْتَغْفِرُونَ

«Ол тақуалар түнде өте аз ұйықтайды, таң сәріде де истиғфар ететін ед» (Зарият сүресі 17-18 аяттар).

«Ол Рахманның құлдары Раббыларының құзырында қиямға тұрып, сәжде етіп түнді құлшылықпен өткізеді» (Фұрқан сүресі 64-аят).

Тағы бір аятта Аллаһ Тағала былай бұйырады:

«Ей, Расулым, Аллаһ түнде намазға тұрған кезіңде сенің сәжде етушілер арасында жүргеніңді көреді» (Шұғара сүресі 218-219 аяттар).

Бұл аят хақында Қазы Бәйзауи былай дейді:

«Үмметі үшін бес уақыт намаз парыз болып, түнгі намаз сүннет болған соң, Пайғамбар (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) сахабалардың халін байқау үшін түнде үйінен сыртқа шығып сахабалардың үйлерін аралап байқағанда ол үйлердің Құран оқудан, зікір айтудан және тәсбих дауысынан араның ұясы сияқты ызыңдап жатқанын көреді».

Аллаһ Тағала таң сәріде айтылған зікірге, басқа уақыттағыдан артығырақ мән береді. Өйткені, таң сәріде зікір және ғибадатпен айналысу басқа кездердегіден қиын. Сондықтан таң сәрідегі құлшылық құлдың Раббысына деген шынайы сүйіспеншілігі мен тағзымының нышаны болып табылады. Көңілдегі ғашық-тықпен иләһи сүйіспеншіліктің қуаты қаншалықты болса, түнгі намаз бен тәсбихқа бейімділік те соншалықты көрініс табады. Осы жағынан түнгі намаз бен тәсбих Жармен табысып сұхбаттасу мәніне ие. Бәрі ұйықтап жатқанда ояу болу, ұлы жаратушының рахметіне бөленіп, мағфират, махаббат және мағрифат мәжілісіне кірген дара құлы болу деген сөз.

Егер мүмин түнді мақсатты қолданып, таң сәрідегі зікірдің руханиятынан нәр алса, түні күндізгіден де рухани жарық, әрі

қайырлы болады. Алайда, мақсатсыз және ұйқыға батып өткен түн тасқа, теңізге және шөлге жауған жаңбырдай пайдасыз әрі орны толмас кемшілік. Мұндай түннен кейінгі күндізі де рухани қараңғы.

Таң сәріде бастайтын тәухидтің руханияты күндеріміз бен көңілімізді қамтыса, соңғы деміміз, яғни дүниедегі барлық нәрсемен қоштасу болып саналатын өлім де тәухид сөзінің руханиятымен -иншаллаһ- шәби-арусқа[19] айналады.

Абдұллаһ бин Амр бин Ас (радиаллаһу анһу), Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай ескерту жасағанын айтады:

«Ей, Абдұллаһ! Пәленше адам сияқты болма! Өйткені ол, түнгі ғибадаттарын тастамаушы еді, енді тұрмайтын болды» (Бұхари, Тәһәжжуд 19; Мүслим, Сиям 185).

Әлемнің сұлтаны Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сахабаларына:

«Түнгі құлшылыққа мұқият болыңдар! Өйткені, ол сендерден бұрынғы салих адамдардың әдеті. Түнде құлшылыққа тұру шүбәсіз Аллаһқа жақындауға себеп. Бұл ғибадат күнәларды тыяды, қателіктерге кәффәрат болады және денедегі дертті жояды» (Тирмизи, Дағуат 101).

Барлық түнді ұйқымен өткізбей, арасында ұйқыны бөліп тұру, адамның денсаулығы үшін де пайдалы екендігі медицинада дәлелденген. Расында ұзақ ұйықтағандардың басы ауырады. Бұл ұйықтағанда дем алудың баяулауына байланысты мидың жеткілікті оттегін ала алмауының салдары. Ұйқысын бөлгендер осы әрекеттерімен дем алуды қалыпқа салғандықтан, аз ұйықта-са да төсектен сергек тұрады. Екінші жағынан қарттардың өлуі көбінесе таңға жақын болады. Сол себепті дәрігерлер «таңғы уақытты» «өлім сағаты» деп атайды. Мұның себебі, ұйқының ең терең сағатында жүрек жұмысының бәсеңдеуі. Бұл сағатта ұйқыдан оянғандар, сонымен қатар суық сумен дәрет алса, барлық дененің қызметін қалыпқа келтіреді.

[19] **Шәби-арус**: Аллаһқа қауышу түні.

Діннің әмірлері осы сияқты дүниелік пайдалар үшін емес Аллаһқа құлдықты орындау мақсатында берілсе де, олардың әрбірінде осындай дүниелік пайдалар да бар. Намаз, ораза т.б құлшылықтарда да осындай сансыз дүниелік хикметтер мен пайдалар бар. Бірақ, негізінде бұлар ол ғибадаттың мақсаты емес, тек қана қосымша әсер беруші пайдалары ғана.

ғ. Аллаһты зікір ету және Мұрақабә
(өзін бақылауға алып, ішкі әлеміне үңілу)

«Жүректер тек Аллаһты зікір етумен ғана қанағаттанады (шынайы тыныштыққа қауышады**)»** (Рағд сүресі 28-аят).

Адам сөзінің арапшадағы баламасы - «Инсан». Инсан сөзі шығу тегі жағынан бір көзқарас бойынша «нисяннан» алынған. «Нисян» - зікірдің (еске түсірудің) антонимі және ұмытуды білдіреді. Ол - адамның ең үлкен әлсіз жақтарының бірі. Бұл ақиқат халық арасында «Адам миы ұмытшақтықпен ауырады» деген сөзбен түсіндіріледі. Ұмытшақтықты азайтудың ең негізгі жолы зікір.

Адам жаратылыс мақсатына сай өмір сүруі үшін рухтардың Бәзм-и Әләсттегі[20] Раббысымен жасаған келісімді (әлмисақ) бұзбай жаратушысын ешқашан естен және көңілден шығармауы қажет. Міне осы себептен адамдағы табиғи «ұмытшақтықтан» туындаған зиянның орнын толтыру үшін «Аллаһ» және оған «құлдық» түсінігін естен шығырмай, үнемі жанды ұстау мақсатымен ең алдымен зікірге қажеттілік бар. Өйткені, әр қайталаған сайын, қайталанған нәрсенің санадағы орны күшейеді.

[20] **Бәзм-и Әләст** - рухтардың ежелгі жиналысы: рухтар әлемінде Аллаһ Тағаланың: **«Мен сендердің Раббыларың емеспін бе?»** - деген сұрағына барлық рухтардың: **«Иә, Сен біздің Раббымызсың!»** - деп жауап қайтарып, Аллаһ Тағаланың жаратушылығын мойындауы. Бұл қазаққа Әл-Мисақ атауымен мәлім. Қара: Ағраф сүресі 172-аят.

Аллаһ Тағала құлдың түріне емес, жүрегіне қарайды. Бұл жөнінен әр мүмин иләһи назар көрініс тапқан жүрегін надандықтан қорғап, зікірмен шұғылдануды міндет санауы керек.

Құлшылық міндеттері ішіндегі осы ерекше мәні себебімен зікір сөзі Құран Кәрімде екі жүз елуден астам жерде айтылған. Аллаһ Тағалаға шынайы мағынада құлшылық қылу, солайша мағрифатұллаһқа жету, зікірдің жүректегі дәрежесінің сезілу тереңдігіне қарай іске асады. Сол себепті «мағрифатұллаһ», яғни Рабтың ақиқатын жүрекпен түсіну, білімнің ең абзалы болып саналған. Өйткені, адамға ең керек білім осы.

Аллаһ Тағала құлдары зікірдің руханиятынан ғапыл қалмауы үшін бұл жайлы аяттардың бір бөлімінде былай ескертеді:

أَلَمْ يَأْنِ لِلَّذِينَ اٰمَنُوا أَنْ تَخْشَعَ قُلُوبُهُمْ لِذِكْرِ اللهِ
وَ مَا نَزَلَ مِنَ الْحَقِّ

«Иман еткендердің Аллаһты зікір етумен және Хақтан түскен Құран арқылы жүректері хұшуғмен (беріліп), **қорқатын уақыты әлі болған жоқ па?»** (Хадид сүресі 16-аят)

«Аллаһты зікір ету - әлбетте, ең үлкен ғибадат» (Анкәбут сүресі 45-аят).

«Сендер мені зікір етіңдер, мен де сендерді зікір етейін (еске алайын). **Маған шүкіршілік етіңдер, опасыздық жасамаңдар!»** (Бақара сүресі 152-аят)

Аллаһ Тағала Мұса мен Һарунды (аләйһимәссәләм) Перғауынды дінге шақыруға жібергенде де:

«Сен мен бауырың екеуің аяттарымды жеткізіңдер. Екеуің де мені еске алуда босаңдық жасамаңдар» (Таһа сүресі 42-аят) деп бұйырып, зікірден алыстамауын әмір еткен.

Аллаһты зікір ету әрине «Аллаһ» сөзін тек қана сөз ретінде қайталау емес, Оның сезімдердің орталығы болған жүректе орнығуы деген сөз.

Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай жеткізеді:

«Аллаһты зікір еткен адам мен зікір етпегеннің айырмашылығы, тірі мен өлінің айырмашылығындай» (Бұхари, Дағуат 66)

«Аллаһты сүюдің белгісі, Аллаһты зікір етуді ұнату» (Суюти, Жамиус-Сағир II, 52).

Сондай-ақ зікірден алыс адамдар Аллаһ сүйіспеншілігінен де алыс болғандықтан иләһи ескертуге душар болады. Аятта былай баяндалады:

«Аллаһты зікір ету турасында жүректері қатайғандарға қандай өкініш!» (Зүмәр сүресі 22-аят).

Бұл ескертуден аман қалу үшін үнемі зікір халінде болудың қажеттілігі Аллаһ Тағала тарапынан былайша баяндалған:

«Раббыңды өз ішіңде жүрегіңмен жалбарынып әрі қорқып, дауысыңды қатты шығармай, күндіз-түні зікір ет! Ғапылдардан болма!» (Ағраф сүресі 205-аят).

Тағы басқа аят кәрималерде зікірден алыстаудың қаупін білдіру мақсатында былай ескертеді:

«Кімде-кім Рахман болған Аллаһты зікір етуден ғапыл болса, қасынан айырылмайтын бір шайтан жібереміз.

Шүбәсіз бұл шайтандар оларды тура жолдан адастырса да, олар өздерін тура жолдамыз деп ойлайды.

Шайтанға дос болған адам соңында бізге, құзырымызға есеп беруге келгенде досына (шайтанға)**:**

«Әттең, сен екеуміздің арамыз шығыс пен батыстай ұзақ болғанда ғой! Шынында сен қандай жаман дос едің!» - дейді» (Зухруф сүресі 36-38 аяттар).

«Кімде-кім менің зікірімнен бас тартса, шүбәсіз, оның өмірі - ауыр тіршілік және біз оны қиямет күні соқыр етіп, хашр етеміз (жаратамыз). (Сол кезде) **ол:**

«Раббым мені не үшін соқыр түрде хашр еттің?» - дейді.

Аллаһ Тағала:

«Иә, солай еді. (Дүниеде) **саған аяттарымыз келіп, бірақ сен оны ұмытқан едің. Міне, бүгін сенде солай ұмытыласың» дейді»** (Таһа сүресі 124-126 аяттар).

Тамаша ахлақ пен жақсы қасиеттер тек Аллаһ Тағаладан қорқып, Оны сүйген және Оны көп зікір етуші жанға тән. Аллаһ Тағала былай білдіреді:

«Жеті қат көк, жер және солардағы барлық нәрсе Оны мадақтайды. Оны мадақтап тәсбих етпейтін ешбір нәрсе жоқ. Тек сендер олардың тәсбихын түсіне алмайсыңдар! Ол өте мейірімді, кешірімді» (Исра сүресі 44-аят).

❃❃❃

Әлемнің мақтанышы Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) зікір және зікір мәжілісінің қасиеті жайында бір хадисінде былай баяндаған:

«Аллаһ Тағала бұйырады:

Мен құлыммен Мен туралы ойына қарай қатынас жасаймын. Ол мені зікір еткен кезде мен онымен біргемін. Ол мені өз ішінде зікір етсе мен де оны зікір етемін. Ол мені бір топ ішінде зікір етсе, мен де оны ол топтан да қайырлы бір жамағат ішінде есіме аламын» (Бұхари, Тәухид 15).

Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сахабаларына:

«Амалдарыңның Аллаһ алдында ең тазасын, дәрежелеріңнің ең жоғарғысын, алтын-күміс садақа бергендеріңнен де қайырлысын, дұшпандарыңмен қарсыласып, басын алғандарыңнан және олардың да сендердің бастарыңды алғанынан да жақсысын айтайын ба?» - деп сұрайды:

Олар:

«Айт, ей, Аллаһтың Расулы!» - десті.

Сонда Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Аллаһты зікір ету» - деді (Тирмизи, Дағуат 6).

Аллаһты зікір ету жеке түрде жасалғаны сияқты топпен де жасалады. Сондай-ақ Мұауия (радиаллаһу анһу) мешітте айналып отырған бір топ жамағаттың қасына келіп:

«Бұл жерге не үшін жиналдыңдар?» - деп сұрайды.

«Аллаһты зікір ету үшін жиналдық» - деп жауап береді. Ол қайтадан:

«Аллаһ үшін шындарыңды айтыңдар. Сендер осында тек Аллаһты зікір ету үшін ғана отырдыңдар ма?» - деп сұрады.

«Иә, тек сол мақсатпен отырмыз» - десті. Сонда Муауия (радиаллаһу анһу) былай деді:

«Мен сендердің сөздеріңе сенбегенім үшін ант еткен жоқпын. Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мен сияқты жақын болып жүрсе де менен де аз хадис риуаят еткен ешкім жоқ. Бір күні Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дөңгеленіп отырған сахабалардың қасына келіп оларға:

«Мұнда не үшін отырдыңдар?» - деп сұрады.

«Бізге Исламды нәсіп етіп, бізді үлкен сыйға бөлегені үшін Аллаһты зікір ету және оған шүкіршілік ету үшін отырмыз» - деп жауап бердік. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Аллаһ үшін шындарыңды айтыңдар. Расында сендер бұл жерде тек қана Аллаһты зікір ету үшін отырсыңдар ма?» - деп сұрады.

«Иә, уаллаһи, тек осы мақсатпен отырдық,»-деді. Сонда Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Мен сендерге сенбегенім үшін ант етіп отырған жоқпын. Бірақ, маған Жәбірейл келіп, Аллаһ Тағаланың періштелерге сендерді мақтан тұтқанын хабар берді, сол үшін осылай дедім» - деп баяндады» (Мүслим, Зікір 40).

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жүрек тәрбиесі турасында сахабалардың қабілеттеріне қарай зікір етуді үйрететін. Үмму Ханимен болған мына әңгіме осыны тамаша көрсетеді:

Әбу Тәлібтің қызы Үмму Хани (радиаллаһу анһә) Аллаһ Расулына (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келіп:

«Уа, Расулаллаһ! Мен қартайдым. Әрі шамам азайды. Маған отырған орнымда істей алатын бір құлшылық үйретесіз бе?» - деп сұрайды.

Сонда Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Жүз рет «субханаллаһ», жүз рет «әлхамдулиллаһ» және жүз рет «Лә иләһә иллаллаһ» деп айт» - деді (Ибн Мәжә, Әдеп 56; Ахмед б. Ханбәл, Мүснәд VI, 344).

Зікірлердің ішінде әсіресе, тәухид сөзінің жамағат ортасында зікір етілуінің ерекше орны бар. Сондай-ақ сахаба Шәддәд бин Әус (радиаллаһу анһу) риуаят еткен мына бір хадис те осыны меңзейді:

Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қасында болған кезімізде бізге:

«Орталарыңда бөтен біреу бар ма?» - деп сұрады. Бұл жерде «бөтен» дегені кітап иелерін айтқаны еді.

Біз:

«Жоқ, уа Расулаллаһ!» дедік.

Сонда Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) есіктерді жапқызып, былай бұйырды:

«Қолдарыңды көтеріп «Лә иләһә иллаллаһ» деңдер!» - деді.

Шәддәд бин Әус (радиаллаһу анһу) бұл зікір мәжілісінің жалғасын былай түсіндіреді:

«Қолымызды бір сәт көтеріп, айтқанындай (Лә иләһә иллаллаһ) деп зікір еттік. Артынан Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қолдарын түсіріп, былайша дұға етті:

«Аллаһым саған шүкір! Раббым, мені «осы сөлеммен» жібердің. Оны айтып қажеттілігін орындауды маған бұйырдың. Осы үшін маған жәннатты уәде еттің. Сен уәдеңнен ешқашан қайтпайсың!»

Сосын Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сахабаларына былай деді:

«Сендерге сүйінші! Аллаһ Тағала сендерді кешірді» (Ахмед б. Ханбәл, Мүснәд IV, 124) .

Тағы бір хадисте былай баяндалады:

*«**«Лә иләһә иллаллаһ!»** - Аллаһ алдындағы орны мен құны өте үлкен бір сөз. Кімде-кім оны ықыласпен және шынайы түрде айтса, Аллаһ оны жәннатына кіргізеді. Кімде-кім оны сенбей тұрып, тек қана тілімен айтса, мал-жаны қорғалады, бірақ ертең Аллаһқа барғанда, Аллаһ оның есебін алады»* (Хейсеми, Мәжмуауз-Зәуәйд I, 26).

Әр сәт Аллаһты зікір етіп, өзін бақылауға алудың маңыздылығын білдіретін мына бір хадис назар аударарлық.

«Аллаһты ұмытып, пайдасыз сөйлеспеңдер. Өйткені, Аллаһты естен шығарып айтылған көп әңгімелер жүректі қатайтады. Аллаһтан ең алыс адам болса, жүрегі қатты адам» - (Тирмизи, Зуһд 62) делінген.

Бұл хадистен де байқағанымыздай, зікірұллаһ Аллаһ Расулының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзі тарапынан көптеген мысалдармен дәлелденіп, ұсынылған. Осыншама құнды құлшылықтың фәйзінен алыс қалу үлкен нұқсан, немесе, лайықты түрде орындалған жағдайда қол жеткізетін ақыреттік нығметтерге қарағанда жан түкшігетін мақрұмдық. Бұл дүние тіршілігінде Раббымызды қаншалықты көп әрі қаншалықты терең сезініп еске алсақ, ертең ақыретте иләһи қауышуға соншалықты анық қол жеткізетіндігіміз хақ. Сүюші сүйгенін сүйіспеншілігіне қарай мадақтау қажеттігін сезінеді. Екінші жағынан мадақ сүйілгенге деген сүйіспеншілікті арттырады. Иманның ләззатынан нәсіп алғандар осы бағытта өскен сайын Аллаһ Тағалаға деген ынтасына қарай зікірлері де артады. Нәпсінің құмарлығы мен рухани құмарлықтың арасында қанағаттандыру жағынан да үлкен айырмашылықтар бар. Ішіп-жеу сияқты нәпсінің тәбеті қанағаттанған сайын басылса, сөнсе, рухани тәбет арта түседі. Бұл шөлін басу үшін тұзды су ішкенге

ұқсайды. Су ішкен сайын, одан бетер шөлдетеді. Мұндай адамдар барлық жағдайда және мүмкіндігінше үнемі зікір етіп көктер мен жердің жаратылуындағы нәзік хикметке шомып:

«Уа, Раббым! Сен бұларды босқа және басы бос жаратқан жоқсың. Сені тәсбих етеміз (мадақтаймыз**). Бізді жәһәннәм азабынан сақта!»** - деп (Әли Имран сүресі 191-аят) тәфәккүр етіп жалбарынады.

Иман және қанағатпен өмір сүрудің, иләһи шаттыққа жетудің, сөйтіп кәміл бір иманмен Хаққа қауышудың жолы - үнемі зікір ету. Өйткені, адам қалай өмір сүрсе, солай өледі және өлген жағдайымен хашр етіледі (тірілтіледі). Хадисте де солай баяндалған:

«Адамдар қиямет күні өлгендегі жағдайында тіріледі» (Мүслим, Жәннат 83).

Ешбір нәрсе адамның сезіну және тәфәккүр қалауын әлемнің Хаким және Назым (реттеуші) болған, уәжібүл вүжуд (бар болмауы мүмкін емес) Аллаһ Тағаланың бар екендігін түсіну және оған сүйіспеншілік дәрежесіндей қанағаттандыра алмайды. Өйткені аятта баяндалғанындай:

أَلَابِذِكْرِ اللهِ تَطْمَئِنُّ الْقُلُوبُ

«Жүректер Аллаһты зікір етумен ғана шынайы тыныштыққа бөленеді» (Рағд сүресі 28-аят)

д. Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сүйіспеншілік және салауат-шәриф

«Шүбәсіз Аллаһ пен періштелер Пайғамбарға көп салауат айтады. Ей, мүминдер! Сендер де оған салауат айтып, толық мойынсұнушылықпен сәлем беріңдер» (Ахзаб сүресі 56-аят)

Жаратылыс кереметі болған әлемнің мақтанышы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Пайғамбарымызды адамзаттық сана мен қабілеті шеңберінде толық түсінуіміз мүмкін емес. Осы әлемге

тән ұғым мен білім Оны түсіну мен түсіндіруге жеткіліксіз. Бір кесеге бір мұхитты сыйғызу мүмкін еместігі сияқты Мұхаммеди Нұрды да лайықты түрде түсіну мүмкін емес.

Бұл ақиқат Құран Кәрімде былай баяндалады:

إِنَّ اللهَ وَ مَلاَئِكَتَهُ يُصَلُّونَ عَلَى النَّبِيِّ
يَا أَيُّهَا الَّذِينَ أَمَنُوا صَلُّوا عَلَيْهِ وَ سَلِّمُوا تَسْلِيماً

«Шүбәсіз, Аллаһ пен періштелері Пайғамбарға көп салауат айтады. Ей, мүминдер! Сендер де оған салауат айтып, толық мойынсұнушылықпен сәлем беріңдер» (Ахзаб сүресі 56-аят).

Аят кәримадағы иләһи пәрменнің шарты бойынша, әлемнің мақтанышы Пайғамбарға салауат айту басты міндетіміз. Бұл Аллаһ Тағаланың әмірі болып, барлық үмметтің Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көрсетуге тиісті құрметі мен әдептіліктерден болып табылады. Аллаһ Тағаланың сансыз періштелерімен бірге өзі «**салауат**» айтқан сол ұлық Пайғамбардың парасаты мен кемелдігіне жақындау - иманның қажеттілігі. Өйткені, Раббымыз аят кәримада былай бұйырады:

«Ей, Расулым, оларға айт: Егер Аллаһты сүйетіндіктерің шын болса, маған бағыныңдар, сонда Аллаһ та сендерді сүйіп, күнәларыңды мағфират етеді» (Әли Имран сүресі 31-аят).

Расында мүмин Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сүйіспеншілік мәселесінде жүрегінде Аллаһтың ұлылығы мен әдептілікті сезініп, рухын нәпсіге тән барлық көріністерден арылтқан кезде, Оның сүйіспеншілігінен және үлгілі тұлғасынан өнеге алу жолына түседі.

Оның мүбәрәк тұлғасынан нәсібін алып, Оның жолына өзін арнаған ер көңілді үмметтері Аллаһ Расулына (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) деген махаббаттың тамаша үлгілерін көрсеткен.

Сүйіспеншіліктің қайнар көзі – Аллаһ пен Расулын шексіз сүюге жеткендер қияметке дейін Мұхаммедтің үмметі және досы болып өмір сүреді, фәни өмірлерінен соң үнемі жақсылыққа

бөленіп және дұғалармен еске алынады. Осы халге жеткен көптеген Пайғамбар ғашықтарының арасынан мына екі мысалға назар аударайық:

Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дінді жаю және үйрету мақсатында маңайдағы тайпаларға мұғалім жіберетін еді. Бірақ кейбір жіберген мұғалімдерге қиянат жасалған болатын. Осындай жағдайдың бірі Рәжи оқиғасында болған.

Адал мен Қаре тайпалары Аллаһ Расулынан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Исламды үйрететін мұғалім сұрайды. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) он адамнан құралған өкіл жібереді. Бұлар Рәжи деген жерге барғанда кәпірлер оларды тұзаққа түсіріп, сегізін шейіт етеді де, екеуін тұтқынға алып, меккелік мүшриктерге табыс етеді.

Тұтқындалған сахабалар Зәйд пен Хұбәйб (радиаллаһу анһұмә) еді. Екеуі де залым мүшриктердің қолынан шейіт болады. Шейіт етпей тұрып Зәйдтен сұрайды:

«Өміріңді құтқару үшін, сенің орныңда Пайғамбарыңның болғанын қалар ма едің?»

Зәйд (радиаллаһу анһу) бұл сұрақты сұраған Әбу Суфиянға аяушылықпен қарап:

«Менің бала-шағамның ортасында болып, Пайғамбарымның осы жерде болғанын қалау былай тұрсын, Оның аяғына тікен кіргеніне де көңілім әсте разы болмайды» - деді.

Әбу Суфиян бұл сүйіспеншілікке не дерін білмей:

«Өте таңданарлық жәйт, мен дүниеде Мұхаммедті сахабаларының сүйгеніндей бір-бірін сүйетін екі адам көрген жоқпын» - деді.

Сосын Хұбәйбтің (радиаллаһу анһу) қасына келіп, оған дінінен бас тартса құтылатындығын айтты.

Хұбәйб (радиаллаһу анһу):

«Бүкіл дүниені де берсеңдер, дінімнен қайтпаймын!» - деді.

Зәйдтен (радиаллаһу анһу) сұрағанын одан да сұрап, дәл сондай жауап алды.

Хұбәйбтің шейіт етілмес бұрын бір ғана қалауы бар еді, ол:

«Хазіреті Пайғамбарға сүйіспеншілікпен сәлем жолдау!»

Бірақ кімнен жіберсін! Қасында ешбір мұсылман жоқ еді! Аянышты түрде аспанға қарап:

«Аллаһым! Бұл жерде Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сәлемімді жеткізетін ешкім жоқ. Оған сәлемімді сен жеткіз!» - деп, Жаратушы иесіне мінәжат қылды.

Сол кезде Мәдинада сахабаларымен бірге отырған Аллаһ Расулының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) «оған да сәлем» мағынасында:

«Уә алейһиссәләм» дегенін қасындағылар естиді. Сахабалар таңданып:

«Уа, Расулаллаһ! Кімнің сәлемін алдыңыз?» - деп сұрады:

«Бауырларың Хұбәйбтің сәлемін» - деді.

Ақыры кәпірлер екі сахабаны да қатты азаптап шейіт етті. Шейіт боларында Хұбәйбтің айтқан бір сөзі өте мағыналы еді: «Мұсылман болып өлген соң, қалай болса да еш қам жемеймін»[21]

Міне, сахабалардың имандылығы, сүйіспеншілігі және батылдығы! Мұндай азапты жағдай бізді қорқытқанмен, Аллаһ пен Расулұллаһ ғашықтары мұндай жағдайда ешқандай уайымға салынбаған еді. Олардың барлық мақсаты Аллаһ Расулының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көңілін таба білу еді. Сөйтіп олардың ықылас пен сүйіспеншілікке толы жіберген сәлемдері жеріне жетіп, һәм бұл сәлемдерін Аллаһ Тағала жеткізіп еді.

Сахабалардың Хазіреті Пайғамбарға деген ынтықтығы мен сүйіспеншілігін онан ары көрсететін мына мысал да біз үшін өте ғибратты:

---

[21] Бұхари, Мәғази 10; Уақиди, Мәғази, 280-281 б.

Абдұллаh бин Зәйд әл-Әнсари (радиаллаhу анhу) Расулұллаh-қа (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) келіп:

«Уа, Расулаллаh! Сен мен үшін нәпсімнен, малымнан, баламнан және әулетімнен де сүйіктісің. Егер сені келіп көру сияқты бір нығмет болмағанда өлуді қалайтын едім» - деп жылайды. Сонда ардақты Пайғамбарымыз (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм):

«Неге жылайсың» - деп сұрайды. Әнсари:

«Уа, Расулаллаh! Бір күні сіз де біз де өлетінімізді, сіздің пайғамбарлармен бірге жоғары мәртебеде болатыныңызды, біз болсақ жәннатқа кіргеннің өзінде төменгі дәрежелерде болатынымызды ойлап, сізді көре алмайтындығымнан қорқып жыладым» - деп жауап берді.

Мейірімділікке толы Пайғамбарымыз (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) ешқандай жауап берген жоқ. Осы кезде мына аят кәрима түсті:

«Кім Аллаhқа және Пайғамбарына мойынсұнса, олар Аллаh нығмет берген пайғамбарлар, турашылдар, шейіттер және салихтармен бірге болады. Олар қандай жақсы достар!» (Ниса сүресі 69-аят)

Абдұллаh бин Зәйд әл-Әнсари (радиаллаhу анhу) бақшада жұмыс істеп жүрген кезінде ұлы ентігe келіп, қайғыра Расулұллаhтың (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) қайтыс болғанын хабарлайды. Осы ауыр хабарға теңселген Әнсари былай дұға етті:

«Аллаhым! Көзімді ал, осыдан кейін тек сүйіктім Хазіреті Мұхаммедтен (саллаллаhу аләйhи уә сәлләм) басқа ешкімді көрмейін.»

Абдұллаh бин Зәйд әл-Әнсаридің дұғасы қабыл болып, сол жерде көзі көрмей қалды.[22]

Мінеки, ғашықтық пен сүйіспеншілік - екі жүректің арасындағы байланыс жемісі. Сүйгендер еш уақыт сүйіктісін көңілінен және аузынан тастамайды. Сүйіктілеріне малы мен жа-

[22] Құртуби, әл- Жамили-Ахкамил-Құран, V, 271.

нын аямай, жанқиярлықпен өмір сүріп өледі. Аят кәримада былай баяндалады:

«Намазды оқыңдар, зекетті беріңдер және пайғамбарға мойынсұныңдар, бәлкім осылайша иләһи мейірімділікке бөленерсіңдер» (Нұр сүресі 56-аят).

«Сүйген адам сүйіктісінің барлық нәрсесін сүйіп ұнатады.» Деген дәстүр бойынша тамаша үлгі болған Пайғамбарға жан-жақты мойынсұну шарт. Тіпті, осы бағыттағы сүйіспеншілік пен мойынсұнушылық Хақ Тағалаға деген сүйіспеншіліктің негізін құрайды.

Тәухид сөзінде «Лә иләһә иллаллаһ»-тан соң «Мұхаммәдүн Расулұллаһ» сөзі айтылады. Сондықтан әрбір тәухид сөзі және әрбір салауат - Хақ Тағалаға сүйіспеншілік пен жақындықтың қайнар көзі. Дүние мен ақыреттің бақытты өмірі және барлық рухани жеңістер оның сүйіспеншілігі арқасында іске асады. Әлем иләһи махаббаттың көрінісі. Сол көріністің негізгі себебін «Мұхаммеди нұр» құрайды және Аллаһ Тағалаға барудың жалғыз ғана жолы да соған деген сүйіспеншілік болып табылады.

Ғибадаттағы руханият, қарым-қатынастағы кішіпейілділік, ахлақтағы нәзіктік, көңілдегі пәктік, жүздегі сұлулық нұры, тілдегі түсініктілік, сезімдегі нәзіктік, назардағы көрегендік, қысқасы, барлық жақсылықтар соған деген махаббаттың жүрекке түскен сәулесі.

Хазіреті Мәуләнә мұны тамаша баяндайды:

«Кел, ей, көңіл! Нағыз мереке, Мұхаммедке қауышу. Өйткені, әлемнің жарығы сол мүбәрәк жаратылыстың сұлулығының нұрынан».

❀❀❀

Иләһи фәйз бен берекеттің жүректен орын алуы үшін, барлық кезде және барлық жерде, әсіресе таң сәріде Расулұллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) рабытамызды (байланысымызды) күшейтіп, Оның руханиятынан үлес ала білу үшін Салауат шәрифәнің мәні өте зор.

Аллаһ Расулының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ақиқатынан нәр алған хақ достары салауат айтып, осылайша Аллаһ Расулына (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жақындаудың қасиеттерін былай баяндаған:

1) Иләһи әмірге бағынумен Аллаһ Тағаланың және періштелердің салауатына қосылған болады.

Аят кәримада былай баяндалады:

«Шүбәсіз, Аллаһ және періштелері Пайғамбарға көп салауат айтады. Ей, мүминдер! Сендер де оған салауат айтып, толық мойынсұнып, сәлем беріңдер» (Ахзаб сүресі 56-аят).

Аллаһтың, періштелердің және қарапайым үмметтің салауаттарының арасында мағына жағынан айырмашылықтар бар екендігі хақ. «Аллаһтың салауаты» - пайғамбарын рахметіне бөлеп, оның мәртебесін көтеруі, «Періштелердің салауаты» - Хазіреті Пайғамбар үшін истиғфар және дұға жасауы. «Мүминдердің салауаты» болса - Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хақында дұға ету.

2) Күнәлардың кешірілуіне себеп.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деген:

«Кімде-кім маған бір рет салауат айтса, Аллаһ ол адамға он рет салауат айтады. Он қателігі кешіріліп, он дәреже көтеріледі» (Нәсай, Сәһу, 55).

3) Қияметте Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оның қасында болады.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деген:

«Қиямет күні адамдардың маған ең жақыны, маған ең көп салауат айтқандары» (Тирмизи, Үтір 21).

4) Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) салауат айтушыға жауап қайтарады.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай айтқан:

«Сәлем берген адамның сәлеміне жауап беруім үшін Аллаһ рухымды маған қайтарып береді» (Әбу Дәуіт, Мәнасиқ 96).

5) Әрбір салауат айтқанның есімі Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) білдіріледі.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай ескерткен:

«Жер бетінде Аллаһтың кезген періштелері бар. Олар үмметімнің сәлемін сол сәтте маған жеткізеді» (Нәсәй, Сәһу 46).

6) Салауат айтқан адам Аллаһ пен Расулының сүйіспеншілігін басқа махаббаттардан артық көргендіктен оның ахлағын бойына сіңіруде дәрежесі өседі, жаман ахлақтан құтылып, парасаттылыққа жетеді.

7) Пайғамбардың оған деген сүйіспеншілігі артқаны сияқты оның да Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) деген сүйіспеншілігі жалғасын тауып, еселеп өседі.

8) Аллаһ Тағаланың Расулұллаһ (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) арқылы бізге берген сыйы сансыз көп болғандықтан, салауат айтумен Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мойнымыздағы хақысын аз да болса, өтеген боламыз.

9) Бізге Аллаһ Тағаланың рахметінің түсуіне себеп болады.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай қуантады:

«Кімде-кім маған бір рет салауат айтса, осы себепті Аллаһ Тағала оған он есе мейірімділік етеді» (Мүслим, Салат 70).

10) Ұмытылған сөзді еске түсіруге себепші болады.

11) Дұғалардың қабыл болуына себепші болады:

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) намаздан соң Аллаһты мадақтамай, Пайғамбарға (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) салауат айтпай дұға еткен адамды көрді. Сосын:

«Бұл адам асығыстық жасады», - деді. Сосын ол адамды қасына шақырып былай деді:

«Біреулерің дұға еткен кездеріңде алдымен Аллаһ Тағаланы мадақтап, сосын маған салауат айтыңдар. Содан кейін қалауларың бойынша дұға етіңдер» (Тирмизи, Дағуат 64).

Тағы бір хадис шәрифте былай баяндалады:

«Дұға еткен адам Пайғамбарға салауат айтпайынша, дұғасы перделі болады (мақсатына жетпейді)» (Мүнзири, әт-Тәрғиб уәт-Тәрһиб III, 165).

12) Иләһи азапқа тап болудан қорғанады:

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай бұйырады:

«Қасында есімім айтылған кезде маған салауат айтпаған адамның мұрны жер сүрілсін» (Тирмизи, Дағуат 100).

13) Аллаһ Тағала Пайғамбарына салауат айтқан құлының істерінде оған жетеді (кепіл болады) және оның әрі дүние әрі ақырет қайғысын сейілтеді.

Сондай-ақ Ұбәй бин Қағб (радиаллаһу анһу) Хазіреті Пайғамбардан:

«Уа, Расулаллаһ! Мен саған көп салауат айтамын. Қанша айтқаным дұрыс екен?» - деп сұрадым.

«Қалағаныңша айт» - деді.

«Дұғаларымның төрттен бірін салауатқа арнасам бола ма?» деп сұрадым.

«Қалағаныңша арна. Бірақ, одан да көбірек айтсаң сен үшін қайырлы болмақ» - деді.

«Олай болса дұғамның жартысын салауатқа арнайын» - дедім.

«Қалауың білсін. Бірақ одан да көп істесең сен үшін қайырлы болмақ» - деді.

Мен тағы да:

«Олай болса, үштен екісі жеткілікті ме?» - деп сұрадым.

«Қалағаныңша. Бірақ көбейтсең сен үшін жақсы» - деді.

«Ал, дұғаға арнаған уақытымның бәрінде саған салауат айтсам қайтеді?» - дегенде:

«Онда Аллаһ барлық қиыншылықтарыңды жойып, күнәларыңды кешіреді» - деді (Тирмизи, Қиямет 23).

Салауат пен сәлем айту Хазіреті Пайғамбардың руханиятымен байланыс құруды және Оның нұрынан пайдалануды қамтамасыз етеді. Бұл салауаттардың сыйы құлдың Хазіреті Пайғамбарға деген сүйіспеншілігі мен ықыласына қарай болады.

Ей, Расул, ей, Нәби, шексіз салауат пен сәлем саған!

Дахиләк уа Расулаллаһ![23]

ж. Өлімді ойлау

Дүниеде өлімнен қашып құтылар ешқандай не уақытта мекенде жоқ. Әрі қабірден қайта оралуға да ешбір мүмкіндік жоқ. Тіпті қияметтің үрейінен бас сауғалайтын пана да жоқ.

Адам тіршілігінде өмір сүру қуанышы мен өлімнен қорқу сияқты екі қайшылықтың ішінде теңселеді. Үнемі өтіп жатқан өмір мен өлімнің шынайы мағыналарын түсінбей тұрып, жаратылыстың сыры мен хикметін және адам сынды күрделі жаратылыстың нағыз мәнін түсіну мүмкін емес.

Барлық тіршілік иесінің қалайда басына келетін өлім - түсінік иесі болған адамзаттың шешуге талпынған, бірақ шешілуі қиын тылсым.

Мүлік сүресінің 2 - аятында:

أَلَّذِي خَلَقَ الْمَوْتَ وَ الْحَيٰوةَ لِيَبْلُوَكُمْ أَيُّكُمْ أَحْسَنُ عَمَلاً

«Ол қайсыларыңның (ихсан сезімінде) **жақсы амал ететіндіктеріңді сынау үшін өлім мен өмірді жаратқан»** - делінген.

[23] **Дахиләк уа Расулаллаһ:** Уа Расулұллаһ! Сенің шапағатың мен мархабатыңа мұқтажбын!

Әнбия сүресінің 35 - аятында:

«Әр жан иесі өлімді татады. Біз сынақ ретінде сендерді жақсылықпен де, жамандықпен де сынаймыз. Сендер тек қана бізге қайтарыласыңдар» - деп бұйырылған.

Дүние – иләһи иман дәрісханасы. Өлім болса, мәжбүр көшу заңдылығы. Хазіреті Мәуләнә:

«Тірілу үшін өліңдер!» - дейді.

Жүректің тірілуі тек нәпсіден бас тарта білумен болады. Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Барлық ләззаттарды түп тамырымен жоятын өлімді көп еске алыңдар!» - (Тирмизи, Қиямет 26) деп бұйырады.

Өлімді ойлау - өлім келмей тұрып, өлімді еске алу деген сөз. Осылайша нәпсіқұмарлықтан арылып, ерікті түрде Раббының құзырына әзірлену. Бұл - иманға сүйенетін тәфәккүр мен түсінік.

Адамның бітіп бермейтін дүниәуи ынтасы, фәни үміт пен жұбаныштары қабірдің топырағына түскен қорқынышты жапырақ үйіндісі.

Қабірстандар фәни өмірін тамамдаған әке-шеше, бала-шаға, сүйікті туыс-туған, дос және жолдас мүрдесіне толы. Дүниеде адам пешенесіне жазылуына қарай сарайда немесе қамыс лашықта өмір сүрсе де барлық жолдар мен бұрылыстардың түйілісуге мәжбүр жері қабір. Одан қашып құтылатын уақыт та, мекен де жоқ.

Аят кәримада былай баяндалады:

«Айт, негізі қашқан өлімдерің сендерді қалай да ұстайды. Сосын көместі де, көрнеуді де Білетінге (Аллаһқа) **қайтарыласыңдар. Ол сендерге не істегендеріңді бір-бірлеп айтып береді»** (Жұма сүресі 8-аят).

Өлім тыныштығына оранған әрбір құлпытас өзіне тән тілімен сөйлеп тұрған насихатшы. Қабірстанның қала ішінде, жол жие-

гінде және мешіттің ауласында салынуы іс жүзінде өлімді ойлау, яғни өлімді ойлап, дүниені соған қарап реттеу үшін еді. Өлімнің қорқынышты ауырлығын сөздердің шектеулі мүмкіндіктерімен жеткізу мүмкін емес. Өлім алдында барлық күш-жігер шарасыз.

Дүние - алдамшы сағым, ақырет - өлімсіз өмір. Көбінесе адам өмірдің мыңдаған көріністерінің тұтқыны. Жалған әрі опасыз мына дүние бір алданыш орны.

Адам әрбір фәни жаратылыстың жастығы мен сергектігі болған уақыт диірменіне түсіп, үнемі үгітіліп жатқандығынан ғибрат алмай ма? Ақырет ақиқатынан бейхабар, өткінші өмір мен нәпсіқұмарлықты қоздыратын дүниелік қызықтарға, фәни ойыншықтарға алдану - ұлы әрі шексіз болашақ алдында қандай өкінішті алданушылық! Ғапыл өмір - балалық шақта ойын, жастық шақта құмарлық, орта жаста надандық, қартайғанда айырылып қалғандарына өкіну сияқты мыңдаған өкіністен тұрады.

Өлім – адамның жеке басының қияметі. Қияметімізден бұрын оянсақ, өкінішке тап болмаймыз. Өйткені, әрбір фәни тіршілік иесі қай жерде және қашан болмасын қалайда Әзірейілмен кездеседі. Өлімнен қашатын жер жоқ. Олай болса, адам баласы уақыт өткізбей **«Аллаһқа бет бұрыңдар»** (Зарият сүресі 50-аят) әміріне мойынсұ-нып, Аллаһтың рахымын бірден-бір пана деп қабылдауы керек.

Өлімнің айқын тәфәккүрі - өлгендердің көгерген ериндеріндегі үнсіздіктің сырында жасырылған.

Өлімнің күшті насихатына дүниеден келген жауаптар тек көз жастары мен құрғақ айқай ғана.

Адам бес күндік қонаққа келген осы дүниеде оған алданғаны қандай оғаш. Күн сайын жаназаларды көрсе де, өлімді өзінен алыс санайды. Өзін кез-келген сәтте айрылып қалуы ықтимал фәнилік (жалған) аманаттардың мәңгілік иесімін деп санайды. Алайда адам рухына тәнді киім сияқты кидіріп, есіктен дүниеге

кіргенден-ақ өлімге жол тартады. Адам сол жолдың әзірлік мекеніне кіргенін білмей, көбінесе ақиқаттан бейхабар өмір кешеді. Бір күні рух тәнін шешеді. Ақыреттің есігі болған қабірден бастап тағы да басқа бір ұлы сапарға аттандырылады.

Уақыт сызығынан үзілген әрбір сәт бізді ақиқат таңына жақындататындығы мына аятта тамаша баяндалады:

«Кімге қанша ұзын өмір берсек те біз оның жаратылысын (күш-қуатын алып) **керісінше етеміз. Бұл көріністі еш ойламай ма? Бұл ғибратты сапарды түсінбей ме?»** (Ясин сүресі 68-аят)

Аят кәрима адамға қандай тамаша насихат айтады. Дүниенің фәни сипаты - опасыздық. Бергенін дереу қайтарып алады. Бір күні көтереді, ертеңінде құдықтың түбіне түсіреді. Көлеңке сияқты. Оны ұстамақшы болсақ қашады. Сен қашсаң артыңнан қалмайды. Артына түскен нәрсеңе бүгін-ертең қол жеткізем деп жүргенде бір қарасаң өмір өтеді. Дүниеге көңіл бұрсақ ол мыстан кемпір бола қалады. Кейде адамды жерге жығады. Уәсуәсә (алдауы) мен ызыңы бітпейді. Іс-әрекеттері мен қылығы опасыз. Өзіне ергендерді лезде пида қылады.

Дүниеде өлімнен қашып құтылатын уақытта орын да жоқ әрі қабірден қайта оралуға да ешбір мүмкіндік жоқ. Тіпті қияметтің қорқынышынан панала йтын баспана да жоқ екенін ойлау керек.

Бір сахаба Расулұллаһтан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)

«Уа, Расулаллаһ, қандай мүмин ақылды?»-деп сұрады.

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Өлімді жиі еске алып, өлімнен кейінгіге жақсы әзірленген адам. Міне, нағыз ақылды адам сол...» (Ибн Мәжә, Зүһд, 31)

Тағы да Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деді:

«Өлімді және өлгеннен кейін тән мен сүйектердің шірігенін ойлаңдар. Ақырет өмірін қалайтын адам дүние тіршілігінің әшекейінен бас тартады» (Тирмизи, Қиямет 24)

Фудайл бин Ияз былай дейді:

«Адамға насихат ретінде өлім жеткілікті».

Сахабалардың біреуі қайтыс болған еді. Жолдастары оны мақтан етіп, көп ғибадат еткендігін айтты.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үнсіз оларды тыңдап тұрды. Олар сөздерін аяқтаған соң Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Айтқан адамдарың өлімді көп ойлаушы ма еді?» - деп сұрады.

Олар: «жоқ» - деді.

«Жарайды, нәпсінің бос құмарлығынан көбінесе бас тарта алушы ма еді?»

Сахабалар:

«Жоқ, уа, Расулаллаһ!» - деп жауап берді.

Сонда Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Жолдастарың айтқандарыңдай емес екен,» - деді (Хәйсами, Мәжмауз-Зәуәйд X, 308-9).

Абдұллаһ бин Омар (радиаллаһу анһу) былай баяндайды:

«Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мені ұстап тұрып:

«Дүниеде бейне ғаріп, тіпті, бір жолаушы сияқты бол! Өзіңді өлемін және қабірдемін деп ойла» - деді».

Табиғұнның ұлықтарынан Мүжәһид бин Жәбр (рахметұллаһи алейһи) былай дейді:

Абдұллаһ бин Омар (радиаллаһу анһу) маған осы хадисті риуаят еткен соң былай деп насихат айтты:

«Ей, Мүжәһид! Таңға жетсең нәпсіңе ақшам туралы айтпа! Ақшам болған соң нәпсіңе таң туралы айтпа! Аурудан бұрын ден-саулығыңды, өлмей тұрып өміріңді пайдалан! Өйткені, ей,

Аллаһтың құлы, сен ертең қандай халде боларыңды (өлі не, тірі болатыныңды) білмейсің!» (Тирмизи, Зүһд 25)

Әнес бин Мәлик (радиаллаһу анһу) айтады:

«Жер мына он насихатты адамға күн сайын айтады:

Ей, адам баласы!

1. Үстімде кезіп жүрсің, алайда маған қайтасың.
2. Үстімде әр түрлі күнә жасайсың, ішімде азап көресің.
3. Үстімде күліп көңіл көтересің, ішімде жылайсың.
4. Үстімде қуанасың, ішімде қайғырасың.
5. Үстімде дүние мүлік жинайсың, ішімде өкінесің.
6. Үстімде харам жейсің, ішімде сені құрттар жейді.
7. Үстімде менменсисің, ішімде қор боласың.
8. Үстімде қуаныштысың, ішімде қасірет шегесің.
9. Үстімде жарықта жүресің, ішімде қараңғыда қаласың.
10. Үстімде көппен бірге ішінде жүресің, ішіме жалғыз өзің ғана кіресің» (Ибн Хажер әл-Асқалани, Мүнәббиһат 37)

Ардақты Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сахабаларына, хикмет және парасат иесі Құс бин Сайдә туралы былай айтқан:

«Құс бин Сайдәнің Указ жәрмеңкесінде бір түйенің үстінде адамдарға былай дегенін естідім:

«Ей, адамдар! Келіңдер, тыңдаңдар, жақсылап түсініп ғибрат алыңдар. Тірі адам өледі, өлген де жоқ болады, болатын нәрсе болады. Жаңбыр жауады, шөп шығады, бала туады, әке-шешесінің орнын басады. Сосын бәрі жоқ болып кетеді. Оқиғалар бітпейді, бір-бірінің артынан келеді. Көкте хабар бар, жерде ғибратты нәрселер бар. Жер беті жайылған төсек, көк жүзі биік бір төбе, жұлдыздар жүреді, теңіздер тұрады. Келген кетеді, кеткен келмейді. Барған жерлері ұнаған соң келмей сол жерде қалып қоя ма, әлде жіберілмей ұйықтап қала ма…

Ей, Ияд тайпасы! Қане, әкелерің мен аталарың? Қане, тасты ойып, әшекейлі сарайлар мен үйлер жасаған Ад пен Самуд

қауымы? Қане, дүние байлығына тәкаппарланып қауымына «Мен сендердің ең үлкен Раббыларыңмын» - деген Перғауын мен Нәмруд?

Бұл жер оларды диірменіне салып күл қылды. Сүйектерінің өзі ыдырап, шіріп кетті. Үйлері де қирап жоқ болды. Орындарында қазір иттер жүр. Олар сияқты надандыққа түсуші болмаңдар. Олардың жолымен жүрмеңдер. Барлық нәрсе фәни, тек Аллаһ Тағала ғана бақи.

Өлім өзенінің кіретін жері көп, бірақ шығатын жері жоқ»[24]

Өмір сахнасының соңғы пердесі болған өлім, әркімге өз соңы туралы хабар беретін айна сияқты. Құл нәпсінің жетегінде дүниені мақсат етіп өмір сүрсе, қабір оған қараңғы бір дәліз сияқты көрінеді. Өлімді ойлаудың өзі оны ештеңемен салыстырылмайтындай ауыр қайғы болып қинайды.

Адам нәпсіқұмарлықтан құтылып, өлімді ойлаудың нәтижесінде рухында орын алған періштелік қасиеттерді арттырса, өлім қиял жетпес ұлы Раббқа қауышудың заңды шарты болып көрінеді. Осылайша көп адамдар қорқатын өлім ол үшін сүйіктіге қауышудың ынтық сәтіне айналады. Мұндай өлім - тасаввуф жолындағы ұлылардың бірі Мәуләнә Жәләладдин Румидің сөзімен айтқанда «Шәб-и-арус», яғни той кеші болады. Бұл - адамды қорқынышқа душар ететін өлімнің бет-бейнесін өзгертетін жол. Өлімнің бет-бейнесін өзгерту үшін нәпсіқұмарлықтан арылып, тәубе, зүһд, тәуекел, қанағат, зікір, Аллаһқа бет бұру, сабыр, нәпсіні бақылауға алу және ризашылық сияқты жүрек кемелдіктеріне жету шарт.

Жүректің тазаруында «өлімді ойлау» басқа ешбір нәрсеге салыстырғысыз маңызды әсері береді. Бұл жайында Рәби бин Хусайн былай дейді:

«Жүрегім өлімді ойлаудан алыстаса, бұзылып кете ме деп қорқамын. Егер өзімнен бұрынғыларға қайшы келмейтін болғанда, өлгенге дейін қабірстанда отырар едім» (Бәйхақи, Китабуз-Зүһд, 212 б)

[24] Бәйхақи, Китабуз-Зүһд II, 264; Ибни Кәсир, әл-Бидая II, 234- 241; Хәйсеми, Мәжмуауз-Зәуайд IX, 418.

Жүрек өлгенге дейін нәпсіқұмарлық пен руханияттың арасында құбылып тұрады. Өлім ақырет сапарының заңды басталуы. Осы сапарға шықпай тұрып, жүректі мағрифатұллаһ пен өлімге әзірлеу - өлімнің қайғы-уайымынан құтылып, жүрек саулығы мен тыныштығын қамтамасыз ету ешқашан назардан шығармайтын жайт. Осылайша «өлмей тұрып, өліңдер» сыры көрініс тауып, адам бейне нәпсінің үстемдігінің орнына, Аллаһқа деген сүйіспеншілік пен мойынсұнушылықты кәміл түрде іске асырады.

з. Салих (ізгі**) және Садықтармен (**турашыл**) бірге болу**

> **«Ей, иман етушілер! Аллаһтан қорқыңдар және турашылдармен бірге болыңдар!»** (Тәубе сүресі 119-аят**)**

Жүректі күнәлардан қорғап, үнемі жақсылыққа бейім болуы үшін төңірегіндегілерге рухани нәр беретін көкірек көзі ояу салих пен садықтарға (ізгі де турашыл) жақын болу шарт. Өйткені, әрбір мүшеде ерік болғанымен, жүректе ерік жоқ, Сөйтіп, жүрек айналасынан келген әсерлердің ықпалымен бағыт-бағдар өзгертіп тұрады.

Жүрек өзін қоршаған ортаның түр-түсіне және үйлесіміне оранады. Бірақ, бұл жағдай жүректе белгілі бір әсерлердің тамыр жайып орнығуындағы бастапқы хал. Кейіннен болған жағымды немесе жағымсыз әсерлер алдыңғыларға ұқсастығы немесе қарама-қарсылығы себепті жағымды да, жағымсыз да болуы мүмкін. Бірақ, жүрек бастабында жақсы әсерге бөленіп, белгілі бір икемге келмесе үлкен қауіпке тап болады. Өйткені сыртқы әсерлермен құбылып тұратын жүрек сүйіспеншілігіне қарай олардан әсер алады да, жиіркенішіне қарай оларды қабылдамай, қарсы тұрады. Міне осы себептен адамның рухани өрлеп, не төмендеуінде сүйіспеншілік пен жек көрушілікті орынды қолданудың мәні өте зор. Демек, сүйіспеншілік пен

дұшпандықты шын мәнінде дұрыс бағыттай білу адамды бақытты етеді. Керісінше сүйіспеншілікпен дұшпандықты дұрыс бағыттай алмаса адамды бақытсыз етеді.

Бұл ақиқатты назарға алсақ рухани өсу үшін Аллаһтың салих құлдарымен бірге болып, олардың үлгілерімен өмір сүрудің қажеттігі мен мәні айқын болады. Демек, мұнда да үлгі еткен адамға қаншалықты сүйіспеншілікпен қараса, соншалықты одан пайда алады. Әйтпегенде бұл рухани тереңдіктен мақрұм түрдегі бірге болудан азды-көпті болмаса, үлкен нәтиже шықпайды. Бұл турасында Бәязид-Бистамиден (қуддисә сирруһ) қалған мына бір қисса өте ғибратты:

Мүридтерінің (шәкірт) біреуі Бәязидке:

«Тақсыр, ішігіңізден бір қиқым берсеңіз, мен соны тәбәрік етіп басымда сақтасам!» - дейді.

Сонда Бәязид жауап ретінде:

«Ұлым, сен дұрыс жолда болмаған соң, Бәязидтің ішігі емес, терісін сойып ішіне кірсең де пайда бермейді!» - деген екен.

Бүкіл әлемде бірдей болу бейімділігі бар. Бұл барлық жаратылыстың негізі бір болғандығынан туындаған жәйт. Осы бірдей болу бейімділігі әрі физикалық әрі рухани халдерде болады. Мысалы, бөлменің бір бұрышында шишадан иіс май төгілсе, айналаға жайылған хош иіс бөлмедегі ауа молекулаларына тең болғанға дейін, ол иісті артығымен сіңірген молекулалардан басқа молекулаларға таралу процесі жүреді. Ыстық-суық сияқты барлық көріністерде де болатын бұл заңдылық - физика заңы. Бірақ, бұл заңның адам өмірінде көрініс табуы үшін ұқсастықты қамтамасыз ететін бір себепке (дәнекерге) қажеттілік бар. Ол қажеттілік - **сүйіспеншілік**.

Халық арасында осы мағынаны білдіретін «Жүректен жүрекке жол бар» деген сөз кең тараған.

Көбінесе күшті әрі қуатты тұлғалар әлсіздерге медет болып отырған. Негізінде адам бойындағы бейімділіктердің бірі - еліктеушілік сезімі. Бала бастапқыда барлық іс-әрекеттерін

осы сезім арқылы атқарады. Және, бұл сезім азды-көпті, өмір бойы жалғасады. Осы жағынан салих әрі турашыл адамдардың құлшылығындағы ынта, ахлағындағы жоғары дәреже, мейірім, мархабат, рухани нәзіктіктері мен тереңдіктері айналасындағылардың еліктеушілік сезімін оятады. Мәселен, бұрынғы өмірлерінде жәһилия адамдары болған сахабалардың ғаламның теңдессіз үлгілі тұлғасы Аллаһ Расулына (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) деген шексіз сезімдерімен мәртебелері көтерілген.

Біз күнделікті өмірден қандай да бір пәннің мұғалімі өзін оқушыларына сүйдіре білсе, ол сабаққа оқушылар ынталанып, оңай меңгеріп алатындығын білеміз. Өйткені сүйіспеншілік қиыншылықты жеңілдететін сиқырлы рол атқарады. Ұнатқан жұмыс қаншалықты ауыр болса да оңай атқарылса, ұнатпағаны соншалықты жеңіл болса да негізгісінен қаншама есе ауыр тиеді. Рухта сүйіспеншілік пайда болған соң жиырма рәкәаттық тарауих намазы жеңіл сезілсе, сүйіспеншіліксіз оқылған жағдайда төрт рәкәаттық таң намазының өзі соншалықты ауыр тиеді. Мұндай істердегі ауырлық пен оған себеп боп тұрған жалқаулық та ұнатпағандықтың нәтижесі. Міне, осы мысалдарды жақсылап ойлансақ, салих және садықтарға деген сүйіспеншілік сезіміне жету, руханият жолындағы қаншама тік асуларды жеңілдететін рухани сиқырлы әсерге ие екендігін көреміз.

Екіншіден, жүрек тыныштығын сақтау үшін ғапыл және пасықтармен бірге болудан қатты сақтану керек. Өйткені, сасыған жемтіктің үстінен өткен жел, олардың жаман иістерін айналаға таратып, дұрыс тыныстатпай адам рухын қысады.

Шәйх Ұбәйдұллаһ Ахрар (құддисә сирруһ) бұл жайында жолдастарына мынадай насихат айтады:

«Бөтен, немқұрайды адамдармен бірге болу жүрекке нұқсан келтіріп, рухқа мазасыздық берумен бірге көңілге қаяу түсіреді.

Мысалы Бәязид Бистами бір күні өз бойынан осындай мазасыздық сезінеді. Өзін бұл жағдайдан құтқара алмайды. Мәжілісінде отырғандардан:

«Қане қараңдаршы, ортамызда бөтен біреу бар ма?» - деді.

Қарап ешкімді таппады. Бірақ Биязид Бистами қайтадан:

«Қане жақсылап қараңдар. Таяқ тұрған жерді қараңдар» - деді. Қайта қарап бір ғапылдың таяғын тапты. Ол таяқты сыртқа шығарды. Бәязид Бистамидің көңілі орнына түсті.

Тағы бір күні Хаже (Қожа) Ұбәйдұллаһ Ахрар Хазіреті алдына келген бір жақынына:

«Сенен бөгде иіс шығып тұр» - деді. Одан әрі былай жалғастырды:

«Мүмкін сен, бөгде біреудің киімін киген шығарсың».

Әлгі адам таң қалып:

«Иә солай» - деп, киімін ауыстырып келді.

Жағымсыз жағдайлардағы бұл қасиет жағымды жағдайларда да болады. Мұның ең тамаша мысалы Юсуф (аләйһиссәләм) пен әкесі Яқұбтың (аләйһиссәләм) арасында болған. Хазіреті Яқұб ұлы Юсуфтың өзіне ұқсас ерекшеліктерін көрген соң басқа балаларына қарағанда оған көбірек көңіл бөледі. Осы сүйіспеншілік арқылы жақындағаны соншалық, кейін оған Мысырдан Юсуфтың жейдесін алып келе жатқанда Яқұб (аләйһиссәләм) Кән'ан өңірінде тұрып, жейденің иісін сезеді. Алайда одан басқа ешкім, тіпті жейдені алып келе жатқан ұлы Яхуданың өзі, ол иістің сырын сезбеген еді. Жейдені Хазіреті Яқұбтың жүзіне сүрткен кезде оның көзі ашылып кетеді. Бұл - заттың өзіне жұғатын руханиятпен байланыстың бір көрінісі.

Рухани хал жансыз заттың өзіне жұққанда, аса сезімтал адам жүрегін жағымсыз халден қаншалықты абайлықпен қорғау керектігі айқын.

Даналар бұл жайлы былай дейді:

«Адамдардың амал мен ахлағынан жансыз заттың өзі әсер алады. Сол себепті түрлі жамандықтар жасалған жерде орындалған ғибадат пен салих амалдар мен жақсылықтарға арна

болған жерде жасалған құлшылықтың арасында мәні жағынан айырмашылық өте көп. Міне сондықтан, Қағбада оқылған намаз басқа жерлерде оқылған намаздардан әлдеқанша мәнге ие».

Осы сияқты фәйзге толы мүбәрәк орындар және руханиятқа қарсы көңілге қаяу түсіретін орындар да бар. Мысалы машақатқа толы Тәбүк сапарынан қайтқанда сахабалар салқындап су алу үшін Хижр ойпатында Сәмуд қауымының тастан ойып жасаған үйлеріне кірген. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Бұл жерде Аллаһ Тағала Сәмуд қауымын қырғынға ұшыратты. Сол қаһардың әсері тимес үшін бұл жерден су алмаңдар» - деді.

Сахабалар:

«Уа, Расулаллаһ! Ыдысымызды суға толтырып қойдық әрі бұл судан қамыр илеп қойған едік»-дегенде, Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Суларды төгіп, қамырды түйелерге беріңдер!» - деп бұйырады (Бұхари, Әнбия 17).

Осы және осыған ұқсас оқиғалар рухани халдің жансыз жаратылыстарға да әсер ететіндігін көрсететін нақты мысал.

❁❁❁

Жүрек қасиеттерінің дамып, жетілуі үшін салих және турашыл адамдардың тамаша халдерінен рухани күш алуға тырысқан жөн. Мұндай жағымды әсердің ең жақсы түрі рухани сұхбаттарда болады. Сондай-ақ Лұқпанның (аләйһиссәләм) ұлына айтқан мына өсиеттері де осыған меңзейді:

«Балам! Ғалым адамдармен бірге бол және олардың сұхбатынан қалмауға тырыс! Өйткені, Аллаһ Тағала жаңбырмен топыраққа нәр бергені сияқты, хикмет нұрымен жүрекке нәр береді» (Ахмед б. Ханбәл, Китабуз-Зүһд, 551 хадис).

Сұхбаттың маңызын және мүминге беретін рухани дәрежесін мына бір хадисте тамаша баяндайды:

«Аллаһтың үйлерінің бірінде Аллаһтың кітабын оқып, өзара талқылау үшін жиналған жамағаттың үстіне сәкинет (иманның күшеюі) түседі, оларды рахмет торлап, періштелер қоршап алады. Аллаһ оларды өз қасындағыларға мақтайды» (Әбу Дәуіт, Үтір 14; Ибн-Мәжә, Мұқаддимә 17).

Әбу Идрис әл-Хавлани былай дейді:

Шамда, Умәйя мешітіне кірдім. Қарасам тісі жарқыраған, жылы жүзді бір жігіт отыр екен. Айналасына адамдар жиналып, бір нәрсе туралы әңгімелесіп жатыр. Келіспей қалғандар сол жігітке жүгініп, оның сөзін мақұл алып жатты. Ол жердегілерден оның Мұғаз бин Жәбәл (радиаллаһу анһу) екендігін білдім.

Ертеңінде мешітке ерте бардым. Ол менен де ерте келіп, намаз оқып жатты. Намазын бітіруін күттім. Сосын алдына барып сәлем беріп, былай дедім:

«Уаллаһи, мен сізді Аллаһ үшін жақсы көрем».

Мұғаз (радиаллаһу анһу) үш рет:

«Шын, Аллаһ үшін бе? - деді. Мен үшеуінде де:

«Иә, Аллаһ үшін» - дедім.

Сонда киімімнен ұстап, мені қасына тартып, былай деді:

«Саған сүйінші! Мен Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Раббысынан риуаят етіп, былай дегенін естідім:

«Менің ризашылығым үшін біреуді жақсы көріп, қатар отырған, бір-бірін зиярат етіп және өзін Менің ризашалығыма атаған адамдарға сүйіспеншілігім уәжіп болады» (Имам Мәлик, Муатта, Шаар, 5).

Аллаһ Тағала аят кәримада былай бұйырады:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا اتَّقُوا اللّٰهَ وَ كُونُوا مَعَ الصَّادِقِينَ

«Ей, иман етушілер! Аллаһтан қорқыңдар және турашылдармен бірге болыңдар!» (Тәубе сүресі 119-аят)

Халдің сіңісуі жоғарыда тоқталған сүйіспеншілік пен жақындыққа байланысты іске асады. Кәміл мұмин болу үшін игі

жақсылармен бірге болу, яғни оларды сүю және оларға жақын болуға тырысу қажет. Бұл рухани ізгілікке бейімдіктің күшейіп, ойдағыдай нәтижеге жету үшін шарт.

Расулұллаһта (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) ізгі жақсылармен бірге болудың мәнін мына мысалмен түсіндіреді:

«Жақсы дос пен жаман дос әтір тасушы мен көрік басушы сияқты. Әтір иесі саған жұпарынан сыйлайды. Не сен одан сатып аласың.

Ал, көрік басушыға келер болсақ, ол сенің киіміңді өртейді, немесе оның жағымсыз иісі саған сіңеді» (Бұхари, Бұюғ 38).

Бұл өмірде салихтармен бірге болу сондай маңызды болғаны сияқты, қабірде де олардың қабірімен көрші болудың маңызына байланысты Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай бұйырады:

«Өліктеріңді салих адамдардың арасына жерлеңдер» (Дәйләми, Мүснәд I, 102).

Қажеттіліктерге де салихтар арқылы жетудің мәнін мына бір хадис жақсы көрсетеді:

Ибнул Фирасидің айтуы бойынша, әкесі:

«Ей, Аллаһтың Расулы! Қажеттілігімді басқасынан сұрайын ба?» - деп сұрағанда, Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уәсәлләм):

«Жоқ, сұрама! Бірақ сұрауға мәжбүр болсаң, ең болмаса салихтардан сұра!» - деген (Әбу Дәуіт, Зекет 28; Нәсай, Зекет 84).

❀❀❀

Бәязид Бистамиге жүгінген бір дәруіш:

«Мені Аллаһқа жақындататын бір амал айт» - дегенде Бәязид (құддисә сирруһ) оған былай насихат айтады:

«Аллаһтың әулие құлдарын сүй! Сонда олар да сені сүйеді. Олардың көңілінен шығуға тырыс! Өйткені, Аллаһ Тағала ол адамдардың жүрегіне күн сайын 360 рет назар салады. Назар салған кезде сені де сол жерде көрсін!»

Міне осы себепті тасаввуфи тәрбиеде сәликтің (дәруіш) қарамағына кірген піріне және турашылдарға деген сүйіспеншілігін әрқашан жанды әрі сергек ұстау үшін «**Рабытаны**»[25] (байланыс) үнемі дәстүрге айналдырған.

Күнәға батқан адам осындай жүрек байланысының тамаша әсерімен, көптеген аса ауыр рухани кеселден құтылуы мүмкін екендігін ойлаған жөн. Құтылумен қатар жүрек байланысының берекеті арқылы жақсылық жолында көптеген рухани табыстарға жете алады.

Рабытаның арқасында сүйіспеншіліктің жүректе дабыл қағуымен сана сезімде рухани желі пайда болады. Осы желінің екі ұшындағы тұлғаларда «**ұқсастық**» бағытында рухани алмасу басталады. Осы алмасуда алушы мәртебесіндегі мүминдердің дәрежесі көтерілсе, беруші мәртебесіндегі салих және ізгі адамдар белгілі дәрежеде зиян көруі мүмкін. Рухани нәр беруші салихтардың алдына рухани кірлермен келгендерді тазартуы деген мағынаны білдіретін бұл жағдай, бейне лас киім жуғанға ұқсайды. Бірақ тазарту қабілетіне ие салих адамдар өздері тәрбиелеуге міндетті болған адамдардың кірлерін терең теңіз сияқты көңіл әлемінде ерітіп, жоқ қылады. Мұндай адамдар бір сөзбен айтқанда, қоғамда тазартушы техника сияқты рол атқарады. Бейне бір шіріп, иістеніп барып, тыңайтқышқа айналған кейбір тұқым, ұрықтарды түрлі-түсті гүлдерге, дәмді жеміске айналдыратын өсімдіктер сияқты. Бұларға қоса жол көрсету қабілетіне ие әрбір салих және ізгі адамдардың өмірінде азды-көпті ұзлет (оңаша қалу) кезеңі болады. Бұл, тек қана Раббыға жақындау ниетінен емес, сонымен қатар өмірдің жамандықтарынан да біраз уақыт аулақ болу қажеттігінен туындайды.

Жақындықтан күш алған сүйіспеншілік ақырында сүйген адам сүйіктісінің бір бөлшегіне айналатындай дәрежеге жетеді. Хазіреті Мәуләнә (құддисә сирруһ) тек ғашықтық нәтижесінде іске асатын бұл жағдайды былай түсіндіреді:

[25] Кең мағлұмат үшін қара: 291-301 б.

«Теңізге қауышқан өзеннің өзендік міндеті бітіп, қосылған теңізінің бір бөлігіне айналады. Жеген нанымыз бойымызға еріп, денеміздің бір бөлігіне сіңіп кетеді. Сүйген адам да сүйіспеншілігінің дәрежесіне қарай сүйіктісіне сіңіп, өз болмысынан кешеді».

Хазіреті Мәуләнә сөзін одан әрі жалғастырып, осы ұқсастық арқылы жеткен жанқиярлық дәрежесіндегі рухани халді былай баяндайды:

«Ғашықтық келіп қан сияқты тамырларыма, теріме толды. Мені менен алып, болмысымды сүйіктіммен толтырды. Бойымның барлық жағын досым баурап алды. Менің өзімнен қалғаны - тек есімім, қалғанының бәрі Ол...»

Тасаввуфта «**фәнәфиллаһ**» және «**бәқабилләһ**»[26] деп аталатын жағдай осы. Бірақ Аллаһ сүйіспеншілігі жолында осы дәрежеде алға басу үшін жүрек оған шыдайтындай қабілетке жетуі керек. Бұған адам сүйе білуге машықтанумен қол жеткізеді.

Жүректі ұлы да шын ғашықтыққа әзірлеу болып бағалангандықтан заңды мөлшерде адами ғашықтыққа да рұқсат етіледі, ол - «жалған ғашықтық» деп аталады. Мысалы, бір адамның үйішіне деген махаббаты сияқты. Бірақ ғашықтықтың мағынасы мен дәрежесін белгілеуде, тағы да Хазіреті Мәуләнәның мына сөздерінің ауқымында болу керек. Хазіреті Мәуләнә былай дейді:

«Ынсап қыл, ғашықтық жақсы нәрсе. Оған нұқсан келтіретін сенің жаман қасиетің. Сен құмарлықты ғашықтық деп атапсың. Ох! Құмарлық пен ғашықтықтың арасында қанша қашықтық бар екендігін біле алсаң ғой!»

«Иләһи ғашықтық пен ынтықтық мүминді сергек ұстайды. Дүниелік пен әуесқой ғашықтықтар адамды ақымақ әрі жынды

---

[26] Бұл терминдердің тасаввуф әдебиеттерінде әр түрлі танымдары жасалған. Бұлар төмендегідей:

Фәнәфиллаһ: Аллаһта фәни болу, барлық дүниеуи байланыстардан жүрекпен алшақтап, нәпсіқұмарлықтан арылу.

Бәқабиллаһ: нәпсіқұмарлықтан арылған құлдың Аллаһтың ахлағын бойына сіңіруі. Бұл хал - Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) және Құран Кәрімнің ахлақ және руханиятына оранумен іске асады.

қылады. Ғашықтық - су мен топырақтан жаратылған адамның жануы және талпынуы. Ол тамырда қанның айналуы, яғни өмірдің жалғасуы емес, қайта көңілдің ғашықтықпен өртенуі. Маңыздысы міне осы».

Адами ғашықтықтың шыңында сүйген адам махаббатының дәрежесіне қарай сүйіктісімен ұқсастыққа қол жеткізеді. Тасаввуфтағы мүридтің мүршидіне деген махаббаты осы дәрежеге жетсе, шәйхының бойында, бейне бір еріп кететін мәртебе (**«фәнә-фиш-шәйх»**) пайда болады.

Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) Расулұллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кездесіп, сұхбаттасқан сайын бөлек бір ынтықтық пен тебіреніске түсетін. Қасында тұрғанның өзінде Оған деген махаббаты мен іңкәрлігі басылудың орнына арта түсетін.

Сондай бір күні Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Әбу Бәкірдің мүлкінен пайдаланғанымдай ешкімнің мүлкінен пайдаланған емеспін» - деді.

Аллаһ Расулына деген сүйіспеншілігімен өз менінен айырылып, Расулұллаһтың болмысына сіңіп кеткен Хазіреті Әбу Бәкір пайғамбардың ерекше ілтипатына бөлене тұра, ілтипат өзгеге жасалады деген оймен өзін қатардағы бір адам ретінде сезінді. Сөйтіп рухының тереңдігінен айрылысудың отына ұқсас жалынды қасірет байқады. «Басқалар» қатарында саналудан қорқып:

«Уа, Расулаллаһ! Мен де, мүлкім де сенікі емес пе, уа, Расулұллаһ!» - деді (Ибн Мәжә, Мұқаддима 11).

Хазіреті Мәуләнәның тілімен:

«Сүйіспеншілікке жұмсамаған соң, сүйіктіге пида етілмеген соң, алтының, жаның, інжу-маржаның не пайдасы бар?!» деген мағынада айтылған ақиқат, бейне бір оның осы халін суреттегендей еді.

Тағы бір күні көңіл сұлтаны ардақты Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) аурып қалғанын естіген Хазіреті Әбу Бәкір қайғыдан өзі де төсек тартып жатып қалады.

Осы ұқсастық себебімен Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) да:

«Әбу Бәкір менен, мен де оданмын. Әбу Бәкір дүниеде және ақыретте бауырым» - (Дәйләми, Мүснәд I, 437) деп рухани әлемдегі бірлігін және халдің жүректен жүрекке ауысуын баяндаған.

Сол Хазіреті Әбу Бәкірдің осы халіне байланысты Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өлім төсегінде жатып:

«Барлық есіктерді жабыңдар. Тек, Әбу Бәкірдің есігі ашық қалсын» - (Бұхари, Асхабүн-Нәби, 3) деген ілтипатымен екі жүрек арасындағы ағымды тамаша баяндайды.

Шәйх Сағди Ширази да халдің жұғу мәселесін былай түсіндіреді:

«Асхабы кәһфтің иті ізгілермен бірге болғандықтан үлкен абыройға қол жеткізді. Аты Құран Кәрімде және тарихта қалды. Лут Пайғамбардың әйелі болса, пасықтармен бірге болғандығы үшін күпірлікке тап болды».

Надандармен бірге болудың жүрекке тигізер зиянын Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай баяндайды:

«Ақыр заманда үмметімнен кейбір адамдар дінді білетіндіктерін айтып, Құран оқып былай дейді:

«Біз басшыларға барып, олардың дүниелерінен несібемізді аламыз, оларды дінімізбен араластырмаймыз.» Расында, бұлай болмайды. Тікеннен тікен ғана алынатынындай, оларға жақын болғандар да олардың жағымсыз қылықтарын үйренеді» (Ибн Мәжә, Мұқаддима 23).

Салих және ізгі адамдармен жақын болудан туындаған хал ауысуды және осының нәтижесіндегі «ұқсауды» Шәйх Сағди «Гүлстан» деген кітабында мынандай мысалмен әңгімелейді:

Бір адам моншаға барады. Моншада бір досы оған жуыну үшін хош иісті балшық береді. Балшықтан жанға жағымды иіс таралады. Ол балшықтан сұрайды:

«О, Мүбәрәк! Сенің хош иісіңе мас болдым. Айтшы қане, сен мискпісің, анбармысың?» (Миск - Азияның биік тауларында өмір сүретін бұғының безінен жасалатын әтір. Анбар - балықтың қарнында болатын хош иісті зат)

Балшық оған былай деп жауап береді:

«Мен екеуі де емеспін. Өзіңіз білетін жәй ғана топырақпын. Бірақ, бір гүл көшетінің астында жатып, күн сайын гүлдеп тұрған шықпен сусындаймын. Менен тараған жанға жайлы бұл иіс сол гүлдердікі».

Міне осының меңзегеніндей шынайылық, кішіпейілділік және мойынсұнушылықпен көңілін Хақ досына бергендер солардың халдерінің өздерінде көрініс табуына себеп болады. Бейне бір аспандағы айдың өзіне тән жарығы болмағанымен, күнге қараған бетінің алған жарығын шағылыстыру арқылы күннің бір қасиетінен үлес алатыны сияқты, мұндай адамдар да адамзаттың зұлымдыққа толы қараңғы түнінде жарық, шырақ болады.

и. Көркем ахлақ иесі болу

> **«Қиямет күні, мүмин құлдың таразысында көркем ахлақтан ауыр нәрсе болмайды. Аллаһ Тағала жаман әрекет істеп, жаман сөздер айтқан адамнан жиіркенеді»** (Тирмизи, Бирр 62)

Аллаһ Тағала адамды нәзіктік, сыпайылық және жоғары қасиеттермен безендірген. Адамның мәні жан дүниесінде осы қасиеттерді жетілдіруімен артады. Адамның тек сырттай ғана емес, іштей де адам болуы тек, көркем мінездермен безеніп, жаман әдеттерді жоюы арқылы мүмкін болады.

Руханиятқа толған жүректер көркем ахлақ, салих амал және рухани халдердің көрінісіне бөленеді. Осылайша, құл ең көркем түрде жаратылған болуының қажеттігін орындайды.

Керісінше, жүрек руханиятқа толы болмай, нәпсіқұмарлық басым болса, күпірлік, серік қосу, жаман мінез, құмарлық және уәсуәсә (шайтанның азғыруы) сияқты жағымсыз көріністерге толы болады. Ақырында жүрек Раббысын ұмытып, жаратылыс мақсатына кереғар бағытқа бұрылып қарайды. Тіпті кейде басқа жаратылыстардан да төмен бір күйге түседі.

Әлемнің жаратушысы адамға, осындай төмен дәрежеге түспей, өзіне бет бұруын меңзеп, былай ескерту жасайды:

يَا أَيُّهَا الْإِنْسَانُ مَا غَرَّكَ بِرَبِّكَ الْكَرِيمِ الَّذِي خَلَقَكَ فَسَوَّيكَ
فَعَدَلَكَ فِي أَيِّ صُورَةٍ مَا شَاءَ رَكَّبَكَ

«Ей, адам! Сені жаратқан, саған осы сау мүшелерді берген, оларды тепе-теңдікте жасау арқылы саған осындай тәртіп және үйлесімділікті сыйлаған жомарт Раббыңа қарсы сені алдаған не?» (Инфитар сүресі 6-8 аяттар)

Раббымыз және Құран Кәрімде:

وَ اللهُ يَدْعُو إِلَى دَارِ السَّلَامِ

«Аллаһ құлдарын «Дарус-сәлемге» (Бақыттылық мекені болған жәннатқа) шақыруда» - (Юнус сүресі 25-аят) делінеді.

Алайда фәнилердің шақыруына да бару шарт. Кез келген адам кез келген жерге шақырылмайды. Оған лайық болу керек. Раббымыздың «Дарус-сәләмге» шақыруына болса, тек «қалби сәлиммен» ғана баруға болады.

Шынайы түрде адам болып өмір сүрудің бірден-бір шарты дін мен ахлақтың жоғары дәрежелеріне жетуінде. Адамзаттың кемелі және көркем ахлақтың ең жоғарғы шыңының үлгісі - Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм). Аллаһ Тағала ондағы осы сипатты қуаттау негізінде:

«Шүбәсіз, сен жоғары ахлақтысың» - (Қалам сүресі 41-аят) дейді.

Ардақты Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хадисінде былай деген:

«Мені Раббым тәрбиеледі, қандай керемет тәрбиеледі» (Суюти, Жамиус-Сағир, І, 12).

«Қиямет күні мумин құлдың таразысында көркем мінезден ауыр ештеңе болмайды. Аллаһ Тағала жаман іс істеп, жаман сөз сөйлеген адамды жек көреді» (Тирмизи, Бирр 62).

«Мен көркем мінезді кемелдендіру үшін жіберілдім» (Имам Мәлик, Муатта, Хуснул-Хулқ 8).

Тарихта өмірі толықтай, жан-жақты белгілі болған бірден-бір пайғамбар және бірден-бір тұлға - Хазіреті Мұхаммед Мұстафа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм). Оның барлық сөзі, іс-әрекеттері сол мезетте жазылып, тарихта айқын мысал болып қалған. Хазіреті Пайғамбардың «үсуә-и хасәнә», яғни, өнегелі тұлғалығы барлық адамзатқа үлгі боларлық. Аллаһ Тағала аятта мұны былай жеткізеді:

«Ант етеміз! Расулұллаһ - сендер үшін, Аллаһқа және ақырет күніне жетуге үміттенетіндер үшін және де Аллаһты көп зікір етушілер үшін тамаша үлгі» (Ахзаб сүресі 21-аят).

Ардақты Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) рухани өмірінен және көркем ахлағынан үлгі алу шарт. Бұл тек Оған деген сүйіспеншілік және Оның руханиятына бөлену дәрежесіне қарай іске асады. Сол рухани нәрленудің нәтижесінде муминде мейірім, мархабат, жомарттық, кешірімпаздық, өз мүмкіндігін діндес бауырымен бөлісу қасиеті қуанышты сезімге және ләззатқа айналады. Ардақты сахабалар, әулиелер, салихтар және ізгі адамдар - мұның тамаша үлгісі.

Бұл нәзік рухты пәк муминдер Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ақиқатына жету үшін Оның руханиятының айналасында бейне көбелекке айналып, Оның жолында жан беруді дүниенің ең үлкен нығметі деп бағалап, осылайша иләһи сыйға бөленген. Тарихта Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу

алəйһи уə сəлләм) өнегелі тұлғасынан нəр алған мүминдер иманға байланысты кемелдіктің шыңына жетіп, жаратылысындағы иләһи қасиеттерді кемелдендіріп, адамзатқа шырақ болған. Ауру жəне надан жүректердің ең мықты дауасы - Оған деген сүйіспеншілік.

Оның тамаша жаратылыс, ахлақ жəне іс-əрекеттерінің көркем мысалдарының кейбіреулері мыналар:

Аллаһ Расулының (саллаллаһу алəйһи уə сəлләм) мүбəрəк жүзі, ең тамаша əрі пəк жүз еді. Еврей ғалымы Абдұллаһ Сəлам һижрəтте Аллаһ Расулын (саллаллаһу алəйһи уə сəлләм) көрмекші болып сұрайды, мүбəрəк түрін көргенде:

«Мұндай жүзді адам өтірікші болмайды» - деп мұсылман болады (Ахмед б. Ханбəл, Мүснəд V, 451).

Өйткені оның көріктілігі, айбыны, нұрлылығы мен пəктігі соншалық, Аллаһтың пайғамбары болғандығы туралы, қосымша мұғжиза мен дəлелге қажеттілігі жоқ еді.

Аллаһ Расулының (саллаллаһу алəйһи уə сəлләм) бір нəрсені ұнатпағандығы дереу жүзінен байқалып, бір нəрсені ұнатса, ол да ризашылығынан сезілетін.

Оның нұры - алғашқы жаратылған нұр. Пəк болмысында сергектік, ар – намысты болу жəне мықты табандылық жиналған еді. Жамылғысына оранған бір жас қыздан да əдепті еді.

Оның жүрек сезімінің тереңдігін айтып жеткізу мүмкін емес.

Бос сөз сөйлемейтін. Əрбір сөзі хикмет пен насихатқа толы еді. Өсек-аяңнан аулақ еді. Əркімнің ақылы мен түсінігіне қарай сөйлейтін.

Кішіпейіл жəне қарапайым еді. Шектен шығып, қарқылдап күлмейтін. Жүзі жайдары, үнемі күлімсіреп жүретін.

Оны оқыс көріп қалған адам қорыққаннан дірілдейтін. Оған серік болып, сұхбаттасқан адам Оған жан-тəнімен ғашық болатын.

Ол дәрежелеріне қарай абзал адамдарға құрмет көрсететін. Туыс туғандарына да қайырымды болатын. Жанұясымен және сахабаларымен жақсы қатынасқанындай басқа адамдармен де жылы қатынасатын және:

«Сендердіңбарлықтарыңөздеріңүшінқалағандарыңдымүмин бауырың үшін де қаламасаңдар кәміл мүмин болмайсыңдар,»- (Бұхари, Иман 7; Мүслим, Иман 71-72) деп ескертетін.

Қызметкерлеріне жақсы қарайтын. Өзі не киіп, не жесе оларға да соны жегізіп, соны кидіретін. Жомарт, қолы ашық, мейірімді, қайырымды, қажет болғанда батыл, қажет болғанда жұмсақ еді.

Уәдесінде және сөзінде шыншыл еді. Көркем мінезі, ақыл және зеректік жағынан да барлық адамдардан жоғары әрі әртүрлі мақтау мен мадаққа лайық еді. Тамаша жүзді, жаратылысы кәміл, теңдесі жоқ мүбәрәк тұлға еді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әрқашан мұңды, үнемі ойланып-толғанып жүретін. Қажетсіз сөйлемейтін. Ұзақ уақыт тыныштық сақтайтын. Бір сөз айтса шала тастамай, оны тәмәмдайтын. Аз сөзбен көп мағынаны жеткізетін. Нық сөйлейтін. Қажетінен не аз, не көп сөйлемейтін. Жаратылысынан жұмсақ мінезді болса да өте айбынды еді.

Ашуланғанда орнынан тұрмайтын. Хаққа қарсы шықпаса, хақ аяққа тапталмаса ашуланбайтын. Ешкім байыбына бармайтын бір хақ аяққа таптылған кезде ашуланып, ақиқат орнын тапқанға дейін ашуы тарқамайтын. Тек ақиқат орнын тапқан соң ғана тынышталатын. Өзі үшін ешқашан ашуланбайтын. Өзін ақтамайтын, ешкіммен таласпайтын.

Ол ешкімнің үйіне рұқсатсыз кірмейтін. Үйде болған кезінде уақытын үшке бөлетін: бір бөлігін Аллаһқа ғибадатқа, екінші бөлігін жанұясына, үшінші бөлігін болса өзіне арнайтын. Өзіне бөлген уақытын зиялы, қарапайым барлық адамдарға арнап, ешкімді құр қалдырмайтын, алаламайтын. Бәрінің көңілін табатын.

Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әр іс-әрекеті Аллаһты зікір етумен басталатын.

Белгілі бір орында отыруды әдетке айналдырмау үшін мешітте әр түрлі жерге отыра кететін. Орынға, мекенге қасиетті деп қарауды және мешітте тәкаппарлық танытуды қаламайтын. Бір мәжіліске кірсе, қай жер бос болса, сол жерге отыратын. Басқалардың да солай істеуін қалайтын.

Біреу Одан қандай да бір қажеттілігі үшін бір нәрсе сұраса, ол маңызды болсын-болмасын оны орындамай тынбайтын. Қажеттілігін шешу мүмкін болмаған жағдайда, ең болмаса жақсы сөзбен алдындағы адамның көңілін табатын. Ол барлық адамның қайғысына ортақтасушы еді. Адамдар қандай дәрежеде болмасын, бай ма, кедей ме, ғалым ба, надан ба Оның алдында тепе-тең дәрежеде болатын. Барлық жиындары білім, ар-ұят, сабыр, тәуекел, сенімділік және аманат сияқты жақсы қасиеттерге толы болушы еді.

Кемшілігі мен айыбы үшін ешкімді кінәламайтын. Ескерту қажет болса, алдындағы адамның көңілін қалдырмайтындай етіп ыммен түсіндіретін.

«Мұсылман бауырыңның тап болған қайғысына қуанба! Аллаһ Тағала рахметімен оны сол пәлекеттен құтқарып, сені қайғымен сынайды» - (Тирмизи, Қиямет 54) деп ұқтыратын.

Ешкімнің көрінбейтін кемшілігімен айналыспайтыны сияқты, мұндай жағдайды іздестіруге де қатаң тиым салатын. Өйткені басқалар туралы жаман ой ойлауға иләһи бұйрықтармен тыйым салынған еді.

Сауапты нәрселерден басқа мәселелерде сөйлемейтін. Сұхбат мәжілісі сүйіспеншілікке толы өтетін. Ол сөйлегенде айналасындағылардың мейірімге бөленетіні соншалық, оны жан құлағымен тыңдайтын, Хазіреті Омардың (радиаллаһу анһу) сөзімен айтқанда, бастарына құс қонса, сағаттар бойы ұшпас еді. Одан сахабаларына дарыған әдептілік пен ұят соншалық, тіпті одан сұрақ сұраудың өзін өздеріне көбінесе батылдық санайтын еді. Олар «сахарадан бір бәдәуи келіп Хазіреті Пайғамбармен

сұхбаттасуға себеп болса, сөйтіп, Оның фәйз бен руханиятынан пайдалансақ» деп күтетін.

Әбу Һурайра (радиаллаһу анһу) Оның мархабаты мен мейірімінің тереңдігін былай жеткізеді:

«Біз бір соғыста кәпірлердің жойылуы үшін Аллаһ Расулының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қарғыс тілеуін сұрадық. Сонда ол:

«Мен лағынет айту үшін емес, әлемге рахмет ретінде жіберілдім» - деді» (Мүслим, Бирр 87).

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде сүйікті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) туралы:

وَ مَا أَرْسَلْنَاكَ إِلاَ رَحْمَةً لِلْعَالَمِينَ

«Сені әлемге тек рахмет шуағы ғана етіп жібердік» - (Әнбия сүресі 107-аят) деп бұйырған.

Хақ досы Ахмед әр-Рифай Хазірет рухани ұрпақтарына мына өсиетті айтқан:

«Ей, ізгілікке талаптанушылар! Барлық жан-тәніңді Хақ Тағаланың жолына жұмса. Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сүннетіне мойынсұн. Күндізің мен түніңді ынталы құлшылықпен және жақсы қарым-қатынаспен өткіз... Тек осылай істесең ғана білімді боласың... Әйтпесе, нәсіпсіз қаласың. Оның ізгілігін бойына дарыта алмаған, қателескен құл боласың».

Бұл қысқа тұжырыммен топшылау бізге Аллаһ Расулының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пәк жаратылысындағы қасиеттердің, Одан біздің ақылымызға тамған тамшы іспеттес нұр екенін білдіреді. Аллаһқа қауыша білудің сыры - Аллаһтың кітабына және Жаратылыс Нұрының тамаша сүннетіне, яғни көркем мінезі мен іс-әрекеттеріне шын жүрекпен жақындауда. Аллаһ Расулының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қасиеттерінен пайдаланудың негізгі көзі - Оған сүйіспеншілікпен, Оның дұшпандарына болса жиіркенішпен қарау.

Бұл әлем - ақыл иелері үшін иләһи көрініс, тәртіп және шын өнерді ғибратпен тамашалау. Ал, ақымақтар үшін жеу-ішу және құмарларын қандырудан тұрады.

4. ӘЛЕМГЕ ТАЗА ЖҮРЕКПЕН ҚАРАУ

Жүрек тазара-тазара адамдық және тасаввуфи жаттығуларға қоса Аллаһтың сыйымен, сәйрү сүлуктің соңында иесін сырттай адам болса да, іштей періштелік дәрежесіне жеткізеді. Бұл жағдайда олардың кейбіреулері ғарыштағы сансыз жұлдыздардың бірі сияқты ішкі әлеміндегі ізгілікті сыртқа жария қылмай, қарапайым тұйық өмір сүреді. Мұндайлар білінбейді.

Бұлардан басқа кейбіреулері өздеріне жүктелген қоғамдық міндеттер себебімен белгілі дәрежеде білінеді және өз дәуір-лерінен болашаққа қарай һидаят шырағы болып, адамдық өмірдегі қызметтерін жалғастыру үшін мәңгіліктің сырынан нәсібін алады. Олар оқиғалардың артындағы себептер тізбегінің ең соңғысын яғни, иләһи мақсатты аңғарған күйде ғұмыр кешеді. Сондықтан хикметті білудің шаттығы мен тыныштығына бөленіп өмір сүреді. Қауіп және үрейлену сияқты адамдық әлсіздіктен ада болады.

Олар үшін оғаш нәрсе жоқ. «Жаратушы үшін жаратылғандарға хош қара» дәстүрімен басталған рухани өсуде мұндай жандар хикметке сену арқылы әлемдегі күллі болмысты ғибрат ала отырып, сүйіспеншілікпен, таңданумен тамашалай бастайды.

Иләһи құдіреттің көріністері ретінде шыққан күнге, шашылған сәулелермен бейнелеген түрлі-түсті көріністерге таңдана қарайды. Олар жыланға да осы көзбен қарағандықтан басқалар сияқты қорқудың орнына жыланның терісіндегі бедерлерге, аяқтары жоқ болса да жылдамдығы мен тынымсыздығына тәнті болады.

Мұндай Хақ Тағала достары жаратылысқа сүйіпеншілік және хикмет көзімен қарағандықтан, жыртқыш хайуандардың шабуылынан да аман болады. Өйткені, сүйіспеншілік жаратылысқа бас идіру тұрғысынан қазіргі таңда табылған радиация сияқты әсер етеді.

Олар басқа адамдардай әлем таңғажайыптарын қарапайым көзбен көрмейді. Расында қарапайым адамдар жәй суретшінің табиғатқа еліктеп салған суретін үлкен мадақпен тамашалағанымен, әлемді және оның шын Суретшісін, Жаратушысын сондай мадақтай алмайды. Ондай сезімнен ада болады. Барлық ғажайыптарды қатардағы нәрселер сияқты ойлайды. Таза жүрекке ие Хақ Тағала достары болса, сызушының атағын қалдыру үшін сызған суреттеріне таңдану орнына, нағыз шебер Жаратушының өнері алдында оған таңдана, тебірене сезінетін жүрекпен өмір сүреді. Иләһи құдіреттің табиғатта бейнелеген шексіз әсемдігіндегі иләһи өнердің ләззатын татады. Топырақтан шыққан өсімдіктердің түрлі-түсті жапырақ және гүлдеріне, миуалы ағаштардың түс, иіс, дәм және пішіндері әртүрлі жемістеріне, бір-екі апта ғана өмір сүретін көбелектің қанатындағы тамаша бедерлерге, адамның жаратылысындағы ерекшеліктерге қарайды және көздің көруі, мидың түсінуі сияқты шексіз иләһи ғажайыптар мен солардың «хал тілі» деп аталатын сырлы баянына назар аударады. Құлақ түреді.

Мұндайларға әлем оқуға әзір бір кітап тәрізді. Бұлар тілдегі ілімнен асып, кеудедегі ілімге жеткендер. Мысалы бір кездері Селжук медресесінде өз-өзімен кітаптарға көмілген, мұғалім болып жүргенде көңілі сүйіспеншілікке толған Шәмс деген дәруіштің иршад (тура жол) назарынан от алып, ғашықтық отына жана бастаған Мәуләнә сияқты. Мәуләнә осылайша

ғашықтық әлемінде қайта туған соң, сырттай ілімге байланысты кітаптар назарынан шығып, енді әлемнің құпия сырлары мен нақыштарын оқи бастаған. Осыдан кейін ғана адам, әлем және Құрандағы сыр мен хикметтерді паш еткен «Мәснәуи» атты кітап жарық көрген.

Осы сияқты халге бөлене білу тек қана мүминнің жүрегіндегі ғашықтық арқылы қабілеті мен шамасын дамытуына қарай мүмкін болады.

Мұндай жүректер иләһи көрініске арна болу жағынан шыңға жетеді. Хазіреті Мәуләнә осыншалық таза жүректің бағасын:

«Қабә бүняд Халил Азерест
Діл, назаргаһ-ы Жәлили-Әкбарәст»

«Яғни, Қағба Азерұлы Халил Ибраһим тарапынан салынған. Көңіл болса, ұлы Аллаһтың назар салатын орны» - деп бағалаған.

Сопылардың әңгіме кітаптарында көңілді Қағбаға ұқсату көп орын алады. Бұл - әлемінің асылы болған адамның жүрегін әлемдегі Қағбаға ұқсату үшін еді. Расында екеуі де иләһи көрініс орны болу жағынан ұқсас. Иләһи көріністердің ортақтасатын жері. Бұл әңгімелерде кейде көңілді Қағбадан басымырақ көрсетуі, аздап ғашықтық шабыт және аздап көңілді осы халге жеткізудің маңызын түсіндіру әрі осы жолда қажыр жұмсауға тарту үшін болған жағдай.

Көңілі иләһи көрініс халіне жеткендер хақында Ибн Омардың (радиаллаһу анһу) Қағбаға арнап айтқан мына сөздері мәнді:

«Сен қандай ұлықсың, ей, Қағба! Сенің атағың қандай ұлық. Бірақ, шынайы мүминнің Аллаһ алдындағы абыройы сенен де үстем» (Тирмизи, Бирр 85).

Жүрек - иманның орны. Кәміл мүминнің жүрегінің Қағбадан абзал екендігі Ибн Омардың (радиаллаһу анһу) сөзінен де түсінікті болады.

Сондай-ақ Хазіреті Мәуләнә осы ақиқатты құптағандай, былай деген:

«Егер сенде көрегенділік бар болса, көңіл Қағбасын тауап ет! Топырақтан жасалған деп ойлаған Қағбаның негізгі мағынасы - көңіл».

«Аллаһ Тағала көрінетін, білінетін Қағбаны тауаф етуді, күнәлардан тазарған, арылған көңіл Қағбасына жетсін деп, саған парыз қылған».

«Сен мынаны жақсы біл, Аллаһтың көрініс орны болған көңілді қалдырсаң, ренжітсең, Қағбаға жаяу барсаң да, тапқан сауабың көңіл қалдырудың күнәсына тең келмейді».

Абдулқадир Гейлани (құддисә сирруһ) Хазіреті осы ұлылықтың шартын былай жеткізеді:

«Көңіл тек күнәлардан арылған мағрифатұллаһ талаптанушыларына ғана Қағба болады».

Бұл жайлы Исмайл Хаққы Бурсауи де былай дейді:

«Жүрекке кірген адам Қағбаға кірген адамнан жоғары. Сол себептен салих құлдарға және Аллаһ достарына: «Бізді де көңілдеріңізден шығармаңыздар.» дейді, осылайша фәйз сұрап, химмет (көмек) талап қылады»[27].

Имам Раббани (құддисә сирруһ) Хазіреті адамның «кішкене әлем» екендігін былай баяндайды:

«Адам - әлемнің кішірейтілген жиынтығы. Сол себепті әлемдегі барлық нәрсенің үлгісі адамда бар».

Бұл, жоғарыда бірнеше рет айтқанымыздай, адамның «жақсылық» пен «жамандық» сияқты екі жақтылығына ишарат. Діннің бұйрықтары және солармен қатар тасаввуфи тәрбиенің мақсаты - жамандыққа бейімдікті мүмкіндігінше жойып, адам бойында жақсылықтың басымдығын қамтамасыз ету. Сол үшін иләһи бұйрықтарға мойынсұнуда барлық мүшелерді қолдану керек. Алайда, бұл жөнінде жүрекпен байланысты амалдар мен жаттығулар барлық нәрседен де маңызды. Өйткені, сезімнің орталығы жүрек - ойлауға, ойлау болса - ерікке бағдар

[27] Химмет талап ету: мүршидтің көңілін алуды қалау.

береді. Бұл барлық ерікті әрекеттердің негізгі қозғаушысы жүрек деген сөз. Ол жерде сезімдер тамыр жаяды, орнығады. Жүрек ерік алдында ең тәуелсіз мүше. Оның иләһи әмірлер бойынша орнықтырылуы басқа мүшелерден маңызды, әрі қиын. Жоғарыда науқас жүректер үшін айтылған емдеу жолының қиындықтары бұл жәйтті дәлелдеу үшін жеткілікті. Бірақ, қол жеткізілген әрбір нәтиженің мәні оған жету үшін жұмсалған қиыншылықтарға қарай болғандықтан, жүректің бақылауға алынуының да Құдай алдындағы мәні өте зор. Бұған қол жеткізгендерге Аллаһ Тағаланың періштелік, тіпті, кейде одан да жоғары қасиеттер сыйлауы осы хикметке байланысты.

Жүрек және оның рухани жаратылысының атауы - көңіл. Адамның бақыт пен амандыққа қол жеткізуінде соншама маңызды болған жүректі, көңілді ренжіту барлық тасаввуфшылар көзқарасы бойынша үлкен қылмыс болып саналады. Сондықтан Хазіреті Мәуләнә көңіл қалдырғандарға былай ескертеді:

«Сенің бір сабан сияқты елемеген, қалдырған көңілің ғарыштан да жоғары. Күрсиден де, Ләухтан да, Қаламнан да маңызды! Қор болса да көңілді кемсітпе! Ол қор болса да ең жоғары мәртебеде. Қалған көңіл - Аллаһ назар салған көңіл. Оны аулап, көтерген жан қандай мүбәрәк. Қалған, екі жүз бөлікке бөлінген көңілді дұрыстау Аллаһ алдында көптеген жақсылықтардан да үстем. Үндеме! Бір басыңда екі жүз тіл болып, сонымен айтсаң да көңілді сонда да түсіндіре алмас».

Жүрек адам бойындағы сұлтандық орынға ие болғандықтан, иләһи көрініс арнасы ретінде таңдалған. Сондай-ақ, жоғарыда басқа себептермен тоқталғанымыз сияқты, иманның қабыл болуы үшін «жүрекпен мақұлдау» шарты қойылған. Аят кәримада уахиды қабылдайтын ой орталығы болған ми емес, сезім орталығы болған жүрек екендігі баяндалады. Аят кәримада былай делінген:

نَزَلَ بِهِ الرُّوحُ الْأَمِينُ عَلَى قَلْبِكَ لِتَكُونَ مِنَ الْمُنْذِرِينَ بِلِسَانٍ عَرَبِيٍّ مُبِينٍ

«(Ей, Расулым!), Ескертуші болсын деп Рухұл әмин (Жәбірейіл) оны (Құранды) анық Араб тілінде, Сенің «жүрегіңе» түсірді» (Шұғара сүресі 193-195 аяттар).

Жүрек тәрбиесіне қол жеткізу барлық басқа істердегідей, адамның жігеріне Аллаһтың көмегі, сыйы мен жәрдемі арқылы болады. Өйткені адамның қажыры мен салих амалдары рухани арнаны құрастырғанымен, иләһи сыйлар мен көмектерді тартатын ерекше дәнекер іспеттес. Сондықтан құл осы жолға түскен жағдайда Аллаһтың көмегі мен сыйынан үміт етуі керек. Сол иләһи көмектер аз не көпті қалайда оны бір мәртебеге жеткізетіндіктен қашанда болса табысқа жеткізері шындық. Сондықтан Аллаһ Тағаланың құлына сый мен көмек беру үшін құлынан күткен қажыр – қайраты өз мүмкіндігінше жарыққа шығуы қажет.

Бұрынғы адамдар: «**مَالَا يُدْرَكُ كُلُّهُ لَا يُتْرَكُ كُلُّهُ**», яғни, «бір нәрсеге толықтай қол жетпесе, қол жеткен бөлігінен бас тарту керек емес» дейтін. Жүрек тәрбиесінде де осылай ойлау керек әрі қолдан келгенін іске асыруда немқұрайды болмаған жөн. Тасаввуфта кең таралған «Әкетай, медет! Балақайым, қайрат!» деген сөз бар. Яғни, ұстазынан медет күткен адам қажырлы болуы керек. Сыйы мен көмегі шексіз Аллаһ Тағаланың жүрек тәрбиесі мәселесінде де құлынан күтетіні «нәпсісін таныған, Раббысын таниды» ақиқаты бойынша әлсіздігі мен «ештігін» түсініп, шынайылықпен, ықыласпен қажыр көрсетуі. Өйткені нәпсімен күресте қажыр құлдан, таупық (қол жеткізу) Аллаһтан. Әлбетте, Аллаһ Тағаланың құлын есепке тартып, одан сұрайтыны да оған берген иләһи сыйлар мен нығметтер бойынша болмақ. Сондықтан мұндағы негізгісі - құлдың қол жеткізген нығметтеріне қарай хаққа және жақсылыққа бет бұруы.

Уа, Раббым! Біздің көңіл айнамызға ақиқат жарығын беріп, екі дүниенің сырлары мен хикметтерін тамашалатып, көздеріміз бен көңілдерімізді ақыретте дидарыңды тамашалайтындай етіп нұрландыр!

Әмин!

Адамның кемелденуі жүрек өлшемі мен сезімталдығына бағынудың нәтижесінде, шала сипаттардан арылып, кәміл тұлғалыққа қол жеткізу арқылы болады.

Б. ТАСАВВУФИ ТӘРБИЕНІҢ НЕГІЗДЕРІ

Ұлы мұтасаввуф Абдулхалық Гуждевани (құддисә сирруһ) Хазірет белгілеген кейбір қағидалар бар. Әсіресе Нақши жолы ұстанатын сәйрү сүлук тәсілінде, яғни, шала сипаттардан құтылып, кәміл адам атағына жетуді мақсат еткен рухани тәрбиеде осы қағидаларды ұстану - ерекше маңызға ие. Бұлар төмендегідей:

1. Хуш дәр дем: Әрбір демді алып, шығарғанда рухани ояу болу.

2. Назар бәр қадам: Көздің аяқтың ұшына қарауы.

3. Сәфәр дер уатан: Әр адымда Хақ Тағалаға жүру.

4. Халуат дәр әнжумән: Халық ішінде де Халиқпен (Жаратушы) бірге болу.

5. Иад-кәрд: Жүректің көп зікір салатын халге келуі.

6. Баз-гәшт: Талап пен мақсат тек қана Аллаһтың ризашылығы үшін болуы.

7. Нигаһ-дашт: Шайтани және нәпсілік құмарлықтардан қорғану.

8. Иад-дашт: Өзін үнемі Аллаһ алдындамын деп білу.

9. Вуқуфи замани: Әр сәт өзін қадағалау және уақытты тиімді пайдалану.

10. Вуқуф-и адеди: Зікірдің санына абай болу және дұрыс ұстану.

11. Вуқуф-и қалби: Жүректің үнемі Аллаһ зікірімен айналысуы және зікір салғанда жүрекке бағытталу.

Осы бағалы қағидаларға қысқаша тоқталу пайдалы деп санаймыз.

1. Хуш дәр дем: Әрбір демді алып, шығарғанда рухани ояу болу.

Мәуләнә Садеддин Қашғари бұл қағиданы

«Бір демнен екінші демге өткенде де ешқашан ғапыл болмау және үнемі Аллаһты ойлау» түрінде танымдайды.

Әрбір демде ояу болу зікір етушінің зікір кезінде болсын басқа уақыттарда болсын Аллаһты естен шығармауы деген сөз. Ғапылдықтан аулақ болып дем алу жүрекке шаттық сыйлайды. Әрбір демді алған сайын жүректе Аллаһтың болуы Аллаһқа мойынсұну берекеті арқылы демді дұрыс пайдалануға байланысты. Бір адамның жүрегі Аллаһпен бірге болудың байыбына жеткен кезде осыған байланысты оның басқа ахуалында да түзелу байқалады.

2. Назар бәр қадам: Аяқтың ұшына қарап жүру деген сөз. Дәруіш көзінің және көзінің ықпалымен көңілінің айналаға көбірек назар салмауы үшін, жолда аяқтарының ұшына қарап жүруі керек. Өйткені қажеттілігінен артық дүниемен болған байланыс жүрек тыныштығын бұзып, Хақ Тағаламен араға перде болады.

Негізінде бұл қағида Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жүру әдісін қолдану. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм), жүрген кезде керек болмаса айналаға көп қарамай, көбінесе аяқтарының ұшына қарап, тік биіктен түсіп келе жатқандай, жылдам және айбынды жүретін. Яғни, бұл қағида Аллаһ Расулының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ахлақ өнегесінен алынған.

Расында көз қайда қараса, көңіл де соған ауады. Көздің бейне камера сияқты тартқан көріністері, көбінесе орынсыз назар аудартады. Бұл көріністер көңілдің түбінде орын алады. Сол себепті, көңілдің ауытқушылықтан және өкініштен аман болуы бір жағынан оған әсер еткен көріністердің қандай болуына байланысты.

Өйткені тәрбиеленушінің жүрегіне басқа нәрселер кірсе күмән басталады. Егер ғапылдармен араласса, олардың қатты жүректерінің қараңғылығы, жаман мінездері, қате пікірлері жүрегіне әсер етеді. Ол өте қауіпті.

Сол себепті, тәрбиеленушінің кішіпейіл адамға жарасатын әдеп және қағидамен, мүмкіндігінше аяғының ұшына қарап жүруі керек. Басқа кездерде де көзіне абай болуы қажет. Жүргенде аяқ ұшына қарауда - әдептілік, шегін білу, көзін харамнан қорғау және Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сүннетін ұстану бар.

3. Сәфәр дәр уатан: Бір кәміл мүршидке жету мақсатында шыққан сапары болғанымен, дәруіштің жаман ахлақтан және күнәлардың жамандығынан арылып, көркем мінез және пәк сезімдерге, яғни, негізгі болмысына жөнелуі дегенді білдіреді. Тәрбиеленуші еш уақытта өзінің рухани халін жеткілікті санамай, одан да тамаша халге жетуі керек. Немесе бір мәртебеден, одан да жоғары екінші бір мәртебеге жету ниетінде болғаны жөн.

Әбу Осман әл-Мағриби Хазірет былай деген:

«Тәрбиеленуші нәпсіқұмарлық тастап, Аллаһқа ғибадатқа және мойынсұнуға бет бұруы қажет. «Сәфәр дәр уатан» сөзінің мақсаты - бір елден екінші бір елге бару емес, адамның ішкі жандүниесінде Аллаһқа (жәллә жәләлуһу) қауышуы. Тәрбиеленуші кәміл мүршид (жол көрсетуші) тапқан кезде сырттай сапарды тастап, іштей сапарға бастайды».

Рухани тәрбиеде осы қағида арқылы тәрбиеленуші **«Мен Раббыма бара жатырмын»** (Саффат сүресі 99-аят) деген Ибраһим (аләйһиссәләм) сияқты әр қадамында Раббына бара жатқанын жете түсінеді.

4. Халуәт дәр әнжумән: Халық ішінде жүріп, Халиқпен (жаратушы) бірге болу түсінігін сақтай білу. Яғни, тәрбиеленуші (сәлик) сырттай адамдармен араласып жүрсе де және күнделікті істерімен айналысса да іштей Хақ Тағаламен бірге болу дәрежесіне жетуі керек. Осының арқасында айналасына сездірмей, Раббысымен бірге болуды жалғастырып, сонымен қатар адами өмірдің қажетін де атқарған болады. Сондай-ақ, «қол пайдада, көңіл Жарда» сөзі осы халді қысқа да нұсқа түрде түсіндіреді.

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде жүректің осы қабілетіне жеткен құлдарын былай суреттейді:

رِجَالٌ لَا تُلْهِيهِمْ تِجَارَةٌ وَ لَا بَيْعٌ عَنْ ذِكْرِ اللّٰهِ وَ إِقَامِ الصَّلٰوةِ

وَ إِيتَاءِ الزَّكٰوةِ يَخَافُونَ يَوْماً تَتَقَلَّبُ فِيهِ الْقُلُوبُ وَ الْأَبْصَارُ

«Олар - сауда-саттықтың өзі Аллаһты еске алудан, намаз оқудан және зекет беруден тыя алмаған адамдар. Олар, жүректер мен көздер алақ-жұлақ ететін күннен қорқады» (Нұр сүресі 37-аят).

Нақши тариқаты ұстанған негіздердің бірі сұхбат және адамдармен араласу. Осы арқылы жалғыз өзі тыныш жерде Құдайға құлшылық етіп жату емес, сырттай адамдар арасында болса да Хақ Тағаламен бірге болу халін ұстану лайықты деп қаралады.

5. Иад-кәрд: Жүректің зікір етуші халге келуі. Лә иләһә иллаллаһ зікірімен жүректегі пұтқа айналған барлық дүниеліктер мен кірлер шығарылғаннан кейін, негізгі мақсаттың тек қана Аллаһ екендігі жайлы пікір жүрекке орнығады.

Зікірдің пәк әсерінің жүректен барлық тәнге жайылуының нәтижесінде адамның санасында жатқан пәк сезімдері жанда-

нып, сезімге айналып, іс-әрекеттерге әсер ететіндей халге келеді. Өйткені, зікірі мен пікірі Аллаһ болған адамның мейірім, сабыр, жомарттық және кешірімділік сияқты иләһи ахлақтан құр алақан болуы мүмкін емес. Осылардың барлығы кәміл адам болудың заңды шарттары. Сол себепті, жүректің зікір арқылы дұрыс жолға түсуі - тасаввуфтың ең маңызды қағидасы.

6. Баз гәшт: Талабы мен мақсатының тек қана Аллаһ ризашылығы болуы. «Лә иләһә иллаллаһ» зікірінің нәтижесінде: إِلَهِي أَنْتَ مَقْصُودِي وَ رِضَاكَ مَطْلُوبِي яғни, **«Аллаһым, мақсатым - сенсің, та́лабым - тек сенің ́ризашылығың»** - деп зікірдің тереңдігіне сүңгу. Бұл «лә иләһә иллаллаһтың», яғни, нәфю исбаттың (жоққа шығарып алып, белгілеп бекіту) мағынасын қуаттап, тәухид сырының жүрекке шынайы түрде орнығуы үшін істеледі.

Осылайша Аллаһпен өзі арасында перде болған барлық талаптар мен мақсаттар жойылып, жүрек тыныш табады. Екінші жағынан зікір сияқты рухани жаттығулар арқылы жоғарғы дәрежелерден асып, кереметке жету сияқты көңілге келуі мүмкін болған уәсуәсәлар да толықтай басылып, негізгі мақсат - Аллаһтың ризашылығына қол жеткізу пікірі көңілге тағы бір рет сіңеді.

Осылайша жасалған зікірдің мағынасы санаға әбден орнығып, өмірде көрініс тапқан кезде фәни және жалған байланыстар күшін жойып, әр нәрседен иләһи көріністер көріне бастайды.

7. Нигаһ - дашт: Нәпсіден және шайтани ойлардан қорғану. Көзді жағымсыз нәрселерге қараудан, ақылды жаман ойға батудан қорғау және Аллаһтың көрініс орны болған жүректі үнемі бақылауға алып, басқа нәрселердің ол жерге кіруіне кедергі болу.

Тасавуфтың тағы бір мақсаты - жүректі жағымсыз ойлардан және арам пікірлерден қорғау. Жүректі бұлардан сақтау қиын іс. Бұған қол жеткізген адам тасаввуфтың жемісін көреді.

8. Иад-дашт: Құлдың үнемі Аллаһ Тағаланың рухани құзырында болғандығын есінде ұстауы және осы оймен әрекеттеріне абай болуы. Мұны «мұрақабә» деп те атайды.

Аят кәримада Аллаһ Тағала:

«Ант етеміз, адамды біз жараттық және нәпсінің оған сыбырлағанын да білеміз. Біз оған күре тамырынан да жақынбыз» - (Қаф сүресі 16-аят) деп ескертеді.

Сол себепті, ихсан сезімін, яғни, Аллаһ Тағаланың құлын әр уақытта көріп тұратындығын және әр халін біліп тұратындығын ешқашан естен шығармау қажет. Расында бұл сезім күнәларға қарсы берік сауыт сияқты. Өйткені, адам өзін иләһи құзырда санаса және жүрегі Аллаһпен бірге болса, онда қалай күнә істей алады?

9. Вуқуф-и замани: Әрбір өткізген сағатын «шаттық» немесе «ғапылдық» көзімен есепке алу және уақытын тиімді пайдалану. Сәлик (тәрбиеленуші) уақытының мәнін жақсы түсініп, қажетсіз нәрселерді тастап, уақытын ең маңызды нәрсеге арнауы керек. Уақытты қаншалықты тиімді пайдаланғандығы жөнінде нәпсісін жиі-жиі жауапқа тартуы қажет.

Басқаша айтқанда вуқуф-и замани - тәрбиеленушінің әр сәт өз халінен хабардар болуы және халі шүкіршілік пе, әлде кешірімді қажет ететін ақуалда ма, сонысын біліп жүруі. Шындығында тәрбиеленуші күні-түні істеген амалдарын бір-бірлеп есепке алып, салих амалдар істеуді нәсіп еткен Аллаһқа шүкіршілік етіп, одан да жоғарғыларға жетуге ынталануы, қателіктері үшін тәубе етіп, кешірім сұрап, өкінішпен Аллаһқа бет бұруы керек. Өмірінің аса бағалы әрбір сәтін әсіресе, Аллаһ Тағаланың ерекше берекет сыйлаған мезеттерін қолайлы мүмкіндік және ғанибет санап, барлық шамасымен, көкірек көзі ашық түрде соны түсініп, тиімді пайдалануы қажет.

Қысқасы әрбір сәті мен әрбір халінің есебін жасап, шаттықпен өткізген сәтіне және халіне шүкіршілік етіп, ғапылдықпен

өткізген уақыттары үшін тәубе етуі керек. Басқаша айтқанда қабз (рухани таршылық) жағдайында истиғфарды, баст (рухани кеңшілік) халінде шүкіршілікті жалғастыруы ләзім. Осылайша әр жағдайда ғапылдықтан сақтанған адам өткен өміріне орынсыз қам жеуінен және болашаққа деген уайымынан құтылып, әр сәтін тиімді пайдалануға көңіл бөледі. Тасаввуфтағы «Сопы уақыттың баласы болуы керек» қағидасы осыны баяндайды.

10. Вуқуф-и адеди: Зікірдің санын ұстану және осыған абай болу. Кәміл мүршидтер сәликтің жағдайына қарай белгілі мөлшерде зікір береді.[28] Өйткені зікірдің талап етілген нәтижеге қол жеткізуі үшін белгілі бір қайталау саны, былайша айтқанда, бір дозасы бар. Сол себепті, сәликтің зікір кезінде ойы шашырап, көңіліне күмән келмеуі үшін мүршидтің айтқан шарттары мен берген санын ұстануы керек. Өйткені, зікірде қаншалықты ең бастысы сапа болғанымен зікірдің саны, яғни, белгілі бір шегі және мөлшері болмаса, кейде сананың және жүректің мазасыздығы байқалуы мүмкін. Бұл барлық жайттардағыдай зікірде де шектен шығушылықтан және мөлшерсіздіктен туатын қателіктің нәтижесі. Сол себепті, зікірді әрі сапа әрі сан жағынан тамаша түрде орындауға тырысқан жөн. Өйткені зікірде ретті ұстану, жеке мағынада сан санау емес, санның шеңберінде «жүрек зікірін» тереңдету. Бұл зікірдің сапасына кедергі болмайтын, қайта оны қуаттандыратын шарт екендігі белгілі.

Сана әртүрлі ойларға толы және жүрек те әр түрлі уайымдармен мазасыз кезде жасалған зікірде санды ұстану көп жағдайда мүмкін болмайды. Сол себепті, ақылды шырмаудан сақтанып, зікір кезінде ойды зікірдің мағынасына жинақтаумен бірге, зікірдің санын да ұстану – бұл іске қаншалықты көңіл бөлгендіктің бір көрінісі.

11. Вуқуф-и Қалби: Жүректің үнемі иләһи зікірмен шұғылдануы. Бұл ихсан сезімінің үнемі есте ұсталуы деген сөз.

[28]. Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) адамдардың жағдайларын назарға алып, әр түрлі мөлшерде зікірге кеңес берген. Қара. 232 б.

Сәлик әр жағдайда жүрегін бақылап, оның қандай халде екендігін қарауы керек. Өйткені, зікірдегі негізгі мақсат - жүректің зікір етушіден хабардар болуы. Зікір - ауыздан жүрекке жетпейтін құрғақ сөздерді қайталау емес. Сол себепті, зікір кезінде мұрақабә халінде болуға барлық ойды зікір етілушіге жинақтауға керек. Пайғамбар ізбасарлары ойды жүрекке бағыттаудың зікір салғанда шарт екендігін айтады. Зікірдің шынайы мағынасын түсіне білу үшін барлық болмыстың, әсіресе жүректің Аллаһқа бағытталуы қажет.

Құран Кәрімде Аллаһ Тағала:

وَ اذْكُرِ اسْمَ رَبِّكَ وَ تَبَتَّلْ إِلَيْهِ تَبْتِيلاً

«Раббыңның есімін зікір ет және барлық болмысыңмен Оған бет бұр!» - (Мүзәммил сүресі 8-аят) деп бұйырады.

*Р*ухтарға тәртіп пен өмір сыйлайтындар,
олар нәпсісін тазартқан салихтар.

В. КӘМІЛ МҮРШИД ЖӘНЕ ИРШАД (тәрбие) ТӘСІЛДЕРІ

1. КӘМІЛ МҮРШИД

Руханият жолында ілгерілеген мүмин көптеген құбылыстарға жолыға бастайды. Өйткені адам жүрегі мұхит іспеттес. Бұл мұхиттың сулары кейде өте тыныш, кейде тым қорқынышты дәрежеде толқып дауылды жағдайда болады. Сол себепті, мұхиттан өтіп, аман-есен жағаға жету үшін кеменің мықтылығындай бесаспап капитанға қажеттілік туындайды. Егер капитан алай-дүлей дауылда кемесіне ие бола алмаса, оны мұхиттың тереңіне батырары сөзсіз. Жолды жаңа бастағандарда бұл көрініс байқалмайды. Бірақ, бұл мұхитта жүзген сайын Рахмани ма, әлде шайтани ма екендігі беймәлім құбылыстар, адамнан адамға өзгеретін рухани жәйттар, инқибаз, инбисат[29]т.б кейбір халдер көріне бастайды. Міне осыларды көрегенділікпен біліп, алдын алу үшін қабілетті де кәміл мүршидтің айқын да жарқын жол көрсетуіне қажеттілік пайда болады.

Әрбір мүмин осы мақсатқа жету үшін өзін тәртіптің сын тезіне салып, үмметке өнегелі өмірімен бірден-бір үлгі болған ұлы тұлға - Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ру-

[29] Инқибаз және Инбисат – сәликтегі қарама-қайшы екі хал. **Инқибаз** - қорқу және осыған ұқсас сезімдермен рухани тарылу; **инбисат** - үмітпен рухани кеңею.

хани өміріне ұқсауды да байыптылықпен, шама-шарқынша орындауға тырысуы қажет. Сондай-ақ Расулұллаһтың (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) Хақ Тағалаға мойынсұнуын, пәлекеттер мен қиыншылықтарға тап болғанда танытқан сабырлылық пен шүкіршілік халін, алдында нығметтер өзен сияқты аққан кездегі ұстамдылығы – истиғна (көңіл тоқтығы) қасиетін, кішіпейілділігі мен қарапайымдылығын мүмкіндігінше өміріне еңгізіп, қолдана білуі қажет. Сол себепті, жүректің дамуы жолындағы кедергілерден өту үшін пайғамбар мұрагері болған ғалымдар, көрегендер және кәміл мүршидтер нұсқаған бағытқа қарапайымдылықпен, әдептілікпен бет бұрып, кеңестерін шын жүрекпен іске асыруға талпынуы қажет. Өйткені, жарығын күннен алатын ай – күннің бар екендігінің бір дәлелі болса, Мұхаммед нұрымен нұрланған әулиелер де Хазіреті Пайғамбардың куәгерлері мен мирасшылары.

Тасаввуф – адамның жаратылысында әу бастан бар азды-көпті рухани қабілетті дамыту. Әрбір көңіл – қойнауында мұнайы бар жер сияқты. Бірақ, бұрғыланбағандықтан ол мұнайда ешқашан өздігінен сыртқа шыға алатын мүмкіндік болмайды. Аллаһ Тағаланың адамға беретін рухани қабілеті де міне сол, жер қойнауындағы мұнай сияқты. Бұл да ақыл сияқты әр адамда әр түрлі дәрежеде болады.

Осы қабілеттің дамуы үшін рухани бұрғылап, сол гауһарды жарыққа шығаратын адам – кәміл мүршид. Бірақ, сол мұнайдың сыртқа шығуы үшін бұрғының мұнай жатқан жерге дейін жетуі керек әрі бұрғы тасқа тиіп сынбау үшін мықты болуы қажет. Демек, шәкірттерін рухани қарамағына алып тәрбиелейтін мүршидтің мықты әрі қабілетті болуы аса маңызды. Мұның да белгілі кейбір шарттары бар. Темірді қызған кезде соқ дегендей, енді осы маңызды мәселеге аздап тоқталып өтейік. Нағыз кәміл мүршидті мынандай үш сипатынан тануға болады.

Бірінші сипат:

Ол Құран мен Сүннетті толық ұстанады. Кәміл мүршидтің өмірі мен атқарған істері - Құран Кәрім мен Сүннет ахлағының

өмірде көрініс табуынан тұрады. Кәміл мүршидтердің Кітап пен Сүннетті ұстануы кәдімгі омбы қарда жүріп келе жатқан адамның өзінің алдындағы адамның ізін дәл басып жүргені сияқты жоғары дәрежеде болады. Сондықтан кәміл мүршидтер – «пайғамбарлардың мирасшылары» деп аталады. Әрине, мұндай байланыстағы өмірде нәпсіқұмарлыққа орын қалмайды.

Екінші сипат:

Айтқан сөздерімен, халдерімен Аллаһты еске түсіреді. Аллаһтың әулие құлдары иләһи сипаттардың көрінісіне аса кәмілдікпен ие болып, көркемдік сипаттарын ахлаққа айналдырғандықтан, айналасындағылардың есіне үнемі Аллаһ-ты салып отырады. Сахабалар:

«Аллаһтың кәміл құлдары кімдер?» - деп сұрағанда, Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

أَلَّذِينَ إِذَا رُئُوا ذُكِرَ اللهُ عَزَّ وَ جَلَّ

«Аллаһтың әулие құлдары – жүздеріне қарағанда Аллаһты еске түсіретіндер» - деген (Хәйсәми, Мәжмауз-Зауайд X, 78; Ибн Мәжә, Зүһд 4).

Міне ки, Аллаһ досы деген кәміл мүршидтің бет-бейнесі де өзіне бір қараған адамының көңіліне шабыт беріп, оны рухани әлемге тартып, Аллаһты және ақыретті есіне салуы қажет. Өйткені олар Аллаһ және Расулының ахлағымен безенген.

Аллаһ Тағаланың ең танымал есімдерінің екеуі – «Рахман» және «Рахим» есімдері. Аллаһтың әулие құлдары да аса мейірімді болады. Аллаһ Тағала - «Сәттарүл-ұйуб», әулиелер де айыпты іздестірмей, керісінше, жасырады. Аллаһ Тағала - Кәрім, әулиелер де жомарт және жомарттық жасаудан ләззат алады. Аллаһ Тағала – Ғафур, әулиелер де қателіктер мен кемшіліктерді кешіреді. Аллаһ Тағала – Халим, Аллаһ достары да жұмсақ мінезді болады.

Кәміл мүршидтер – Аллаһтың достары. Сондықтан, олар көптеген қасиеттері жағынан басқа адамдардан өзгеше.

Олардың жүректері Аллаһқа жақын. Құлшылықтарында байсалдылық пен ынта басым күйде. Іс-әрекеттеріне ерекше көңіл бөледі. Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ізімен жүргендіктен, олардың дұғалары басқа адамдардың дұғаларынан тез қабыл болады. Бүкіл болмысы - зікір етіп, көкіректері тазарғандықтан, жүрген жерлерінде рахат сезім орнатады.

Шынайы мүмин пасықпен қатынасудың рухани ауыртпалығынан қиналады. Алайда, салих бір мүминмен бірге болу оның рухына шаттық сыйлайды. Бірақ, мүмин үшін әсіресе Аллаһ Расулымен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірге болу - қиял жетпес әсемдік. Пайғамбарлар сұлтанының рухани айбынына бөленудің биік абыройы мен мүминнің одан алатын рухани ләззатын тілмен айтып жеткізу мүмкін емес. Осылайша, кәміл мүршидтер Аллаһ Расулының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ізімен жүріп, Оның сүннетін толық орындағандықтан және пайғамбарлық ахлаққа олар ең көп жақындағандықтан, қайнар көзі Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) болған рухани айбындылық пен фәйзге ие болады. Электрге жабысқан адам қалай теңселсе, шынайы мүршид те адам рухын алдымен солай теңселтуі, сосын оған жан беріп, рухани көкжиекке жетелеуге тиіс.

Үшінші сипат:

Рухани тағайындалған болуы. Бір адамды мүршид етіп тағайындау үшін бір топтың жиналуы жеткіліксіз. Бұл міндет Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дейін ұласатын сахих бір сілсіләдағы (тізбектегі) иршадқа (тәрбиеге) құқылы болған кәміл бір мүршидтің құптап тағайындауымен ғана болады. Мұндай тағайындау болмаған жағдайда тізбек сол жерде үзіледі. Сондықтан кейбір кәміл мүршидтер лайықты біреуді таба алмаған кезде өздеріне ізбасар етіп, жолдарын жалғастыратын біреуді қалдыра алмайды. Кейде өз орнына біреуін ғана, кейде Халид-и Бағдади Хазіреті сияқты бір құпия

көрініспен көптеген мүршидті қалдырады. Мұның хикметі Аллаһ Тағалаға тән бір жәйт.

Қорыта айтқанда жүректің кемелденуі және рухани ақиқаттарды қабылдайтын шамаға жетуі кейбір тәжірибелер арқылы жүзеге асады. Бұл үшін рухани кемелдіктің жолдарын біліп, іске асыру қажет. Бұл жолдағы кедергілерден аман-сау өту үшін де Хақ достарының бағдары қажет. Әрбір сәлик рухани жетілу үшін өзіне жол сілтейтін мүршид іздеуі керек. Бірақ, тәрбие беретін мүршидтің бойында да кейбір сипаттардың болған-болмағандығын байқау керек.

❀❀❀

Бірнеше маңызды ескертулер:

Осы жерге дейінгі баяндалған ерекшеліктерімен кәміл мүршидтердің әрбірі Хақ Тағаланың жеке-дара досы әрі таңдаулы құлы ретінде алға шыққандықтан, әлбетте, оларға құрмет көрсетіп, алдында әдепті болып, олардан рухани нәр алу қажеттілігі бар. Бірақ, осы әдеп, құрмет және нәр алудың заңды шегін білмей, тым асыра сілтеп, шектен шығуға болмайды. Негізінде, барлық пайғамбарлар да, салих адамдар да ең әуелі Аллаһтың құлы болып табылады. Аллаһ Тағала оларға ілім, хикмет, мағрифат дариясынан нені нәсіп етсе, олар соған ғана қол жеткізген. Кейде көздері мен көңілдеріне екі дүниенің сырлары ашылса, ал кей кездері бір адым алдындағысын көрмеуі мүмкін. Бұл жайлы Шәйх *Сағди Гүлстан* кітабында былай деп әңгімелеген. Бір адам Хазіреті Яқубқа:

«Ей, жүрегі нұрлы, ақылды пайғамбар! Мысырдан келе жатқанда Юсуфтың көйлегінің иісін сездің де неліктен оны жанындағы құдыққа тасталғанда көрмедің?» - деп сұрады.

Яқуб (аләйһиссәләм) жауап ретінде былай деді:

«Біздің бұл мәселеде қолымыз жеткен иләһи нәсібіміз найзағайдың ұшқыны сияқты. Сол себепті, ақиқаттар кейде аян болса, кейде тұмшаланады».

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) да бір күні өзіне қойылған сұрақтардың жауабын білмей қалғанда, уахидың міндетті түрде келетіндігіне толық сеніп, сұраған адамына «иншаллаһ» деп айтпай:

«Ертең кел, жауабын берейін» - дейді.

Бірақ, келесі күні иләһи уахи келген жоқ әрі бұл жағдай он бес күнге дейін созылды. Сөйтіп, әлем оның құрметі үшін жаратылған жаратылыс Нұрының өзі әлсіз болып қалады. Ақырында иләһи пәрмен:

«Расулым! Аллаһ қаламайынша (иншаллаһ демей)**, ешбір нәрсені «Мұны ертең қалайда істеймін» - деме** (Кәһф сүресі 23-24 аяттар) ескертуімен уахи келе бастады.

Бұл өлшем Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) байланысты көрініс тапқандықтан, оның ауқымы барлық құлдарды қаншалықты қамтитындығын жақсы түсіну қажет. Бұл жөнінде, мәселен Аллаһтың сүйікті бір құлы дұға етсе, қалайда қабыл болады, немесе бір науқасқа оқыса, сөзсіз шипа табады деуге болмайды. Өйткені бұл мәселелер екі жақтың да ықылысымен қатар Аллаһ Тағаланың да мақсатына сай болу керек, сонда ғана нәтиже шығады. Сонымен қатар дұға мен мінәжаттардың баршасының дер кезінде осы дүниеде емес, кейін, яғни ақыретте де көрініс табуы мүмкін екендігін және бұлардың өзі Хақ Тағаланың қалауына байланысты мәселелер екендігін естен шығармаған жөн.

Тағы бір айта кетерлік маңызды жәйт пайғамбарлар да, әулиелер де әр түрлі ұстанымдарға ие болғандықтан, біреуінде жоғары болған сипат, екіншісінде дәл сол дәрежеде болмауы мүмкін. Сондықтан бәрінен бірдей ұстаным күту дұрыс емес. Құран Кәрімде де баяндалғандай, Мұсаға (аләйһиссәләм) ілім берілген, ол - Хазіреті Қызырда жоқ: Қызырға (аләйһиссәләм) да бір ілім берілген, ол - Хазіреті Мұсада жоқ. Дәл сол сияқты Хазіреті Гейлани Хазіреті Мәуләнә сияқты бола алмайтыны секілді, Хазіреті Мәуләнә да Хазіреті Гейлани бола алмайды. Өйткені екеуіне берілгендер мен олардан талап етілген қызметтер әр

қилы. Бірақ, әулиелердің барлығындағы негізгі мақсат - құлдық және мағрифат. Өйткені, Раббыға баратын жолдар жаратылған мақлұқаттың деміндей көп.

Тағы бір маңызды нәрсе пайғамбарлардан басқа ешбір құл иләһи кепілдік астында емес екендігі ақиқаты. Яғни, бір құл қандай шыңға шықса да аяғының тайып кету қаупі бар. Мәселен, бір кездері салих адам болған Бәлғәм бин Баура кейін нәпсісіне құл болып, мәңгілік өкінішке тап болған. Бұл оқиға Құран Кәрімде былай баяндалады:

«Оларға шайтан артына ерткен және өзіне берген аяттардан қашып, азғындаған адамның оқиғасын баян ет. Қаласақ оны аяттарымызбен үстем етер едік. Бірақ ол дүниеге бейімделіп, нәпсісіне ерді. Оның жағдайы үстіне барсаң да, еркін жіберсең де, тілін салақтатып арсаландаған иттің жағдайы сияқты» (Ағраф сүресі 175-176 аяттар).

Қасас сүресінде баяндалған Қарунның жағдайы да осындай. Ол да ерекше салих құл болғанымен, ғапылдығынан азғындыққа ұрынып, аянышты халге түсіп, Аллаһқа қарсы бас көтеріп, мәңгілік бақытын астаң-кестең еткен еді. Аллаһ Тағала оны сенім артып, арқа сүйер мақтанышы болған байлығымен қоса жер түбіне батырған. Сондықтан, қандай да рухани мәртебе, дәреже және ұлылық болса да әр сәт құлдың ішіндегі нәпсісі оған үнемі тұзақ құрады және мүмкіндік тапқан сәтте адамды қасіретке ұрындырады. Сол себепті, Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзі:

«Аллаһым! Рахымыңан үміт етемін. Қас қағым сәтке де болса мені нәпсімнің әуесімен бірге тастама! Әр халімді түзелт! Шүбәсіз Сенен басқа Тәңір жоқ...» - (Әбу Дәуіт, Әдеп 100-101) деп Хақ Тағалаға мінәжат ететін.

Хақ Тағала достары да үнемі осы хадистің нұсқауында өмір сүріп, еш уақыт «біздің парызымыз бітті елеулі болдық» дейтіндей күмәнға түспейді. Сондықтан, сәйру сүлуктері бітсе де осындай күмәнға берілгендер үнемі жолда қалған. Ал, «әлі

пісіп, жетілген жоқпын» деп, өзінің кемшіліктерін көре білгендер әлсіздікпен мінәжат ете отырып, құлшылықтарын үздіксіз жалғастырған. Тіпті, пайғамбарлардың ұлысы Хазіреті Мұхаммед Мұстафаның (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзі шексіз құлдық көріністеріне қарамастан түні бойы аяқтары ісігенше намаз оқыған, оның осы жағдайын сұраған Хазіреті Айшаға:

«Ей, Айша! Шүкір етуші бір құл болмайын ба?» - (Мүслим, Мүнәфиқун 79) деген.

Және сол Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пәк жұбайларының риуаяты бойынша:

«Раббыңды мадақтап, Оны пәкте. Одан кешірім тіле! Өйткені, Ол - тәубелерді көп қабыл алушы» - (Наср сүресі 3-аят) аяты түскенен кейін, бұрынғысынан да артық шүкіршілік етіп, мадақтаған.

Олай болса, Хақ Тағала жолында кім қандай дәрежеге жетсе де, еш уақыт құлдық жауапкершілігінен құтылмайды және амалдарында ешқандай да азаю және жеңілдік жасай алмайды. Яғни парыздар, уәжіптер, сүннеттер, харамдар, халалдар, мүбахтар, мүстахабтар және басқа да қағидалар мен міндеттер құлдық жолындағы әрбір адамның мойнына жүктелген және өлім уақытына дейін де ешкім бұл міндеттерінен босатылмайды. Сол үшін нағыз кәміл мүршидтер:

«Раббыңа мадақ айтып, зікір ет, сәжде етушілерден бол және өлгенше Раббыңа құлдық ет» - (Хижр сүресі 98-99 аяттар) деген иләһи әмірге мойынсұнып, бар өмірін Оған арнайды.

Мұндай рухани жол көрсетушілер халыққа жасаған қызметтері үшін олардан кішкентай да нәрсе сұрамайды. Тіпті, Раббысына құлдық еткені үшін сый да күтпейді. Өйткені сый күтіп, салих амал жасағандар істегендерінің қадірі мен дәрежесін жоғалтады. Осы орайда Хазіреті Әли мен Хазіреті Фатима өздері ораза бола тұра тамақтарын ауыз ашар уақытында есіктеріне келген пақырға, екінші күні бір жетімге, үшінші күні болса бір тұтқынға беріп, үш күн сумен ауыз ашқан еді. Сонымен қатар олардың айтқан рақметтеріне:

«Біз сендерден рақмет күтіп осылай істегеніміз жоқ. Жалғыз ғана ниет – мақсатымыз – Раббымыздың ризашылығы...» - деп жауап қайтарған.

Қысқасы, нағыз кәміл мүршидтер - үлгілі өмірлерімен пайғамбарлардың тәрбие мен тазарту міндетін жалғастырып жүрген рух әлемінің шыңы. Сонымен қатар бұл Хақ достары – Аллаһқа және оның ұлық сипаттарына қанығып, имандары ихсан дәрежесіне жеткен адамдар. Сондықтан оларға Хақ Тағаладан ләдүнни ілім, хикмет, мағрифат т.б. нығметтер сыйланған. Алайда, олардың ешқайсысы бір сахабаның дәрежесінде емес. Әрине, сахабалар да пайғамбарлардың мәртебесінде еместігі сияқты, басқа пайғамбарлар да Хазіреті Пайғамбардың дәрежесінде емес. Хазіреті Пайғамбарға келер болсақ, ол да Хақ Тағаланың тек қана құлы, Расулы.

Осы ақиқатқа байланысты адамдарға шектен тыс қадір-қасиет беруден сақтанып, барлығына да өз дәрежелері мен халдеріне қарай қатынас жасау керек. Яғни, Уәйсәл Қарани және Ислам құқығының негізін қалаған Имам Ағзам да еш уақытта сахаба дәрежесінде бола алмайды. Жете де алмайды. Кейде, базбір ғапылдардың ұстаз тұтқан адамдарын сахабадан, тіпті, Расулұллаһтан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жоғары ұстайтындай құрмет көрсетіп, оған байлануы - қателіктен де бетер бір азғындық. Бұл азғындық - Аллаһ Тағаланың бергеніне кереғар әрекет жасап, ақиқаттан алыстататын шектен шығушылық. Сол үшін Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осындай халге түсуден қорқып, ғапылдықпен әлпештеуге тыйым салып, мақталатын жайлар егер нәпсіқұмарлыққа себеп болса, мадақтаған адамды меңзеп:

«Оның бетіне топырақ шашыңдар!» - (Ахмед б. Ханбәл, Мүснәд VI, 5) деген.

Өйткені нәпсіні көтермелейтін ілтипаттар - жүректің рухани кеселіне жол ашады.

Жаратылыс әлемі махаббат пен рухани байланыстың арқасында ғана тіршілік ете алады. Өйткені рухани байланыс (рабыта) – жаратылыстың негізін құрайтын махаббаттың көрінісі. Ол махаббаттың сергектігі мен пәктігінің жалғасуы.

2. ИРШАД ТӘСІЛДЕРІ

а. Махаббат - Рабыта

Тасаввуфтың негізі мен мақсатына терең үңіліп қарасақ, оның сәйрү сүлуктегі (рухани тәрбие жолы) қозғаушы күші - махаббат, ал негізгі мақсатын - әдептілк екенін көреміз. Мұнда махаббат - дәнекер, ал әдептілік - оның нәтижесі. Осы екі ұғымның маңызы жайлы қалай айтсақ та аз болмақ.

Жаратылыстағылардың біріне махаббат артқан сайын, сол махаббаттан ол жаратылысқа қарай қандай да бір байланыс болады, яғни, жақындығы мен ұқсастығы бар барлық нәрселерге сол жақындықтың дәрежесіне қарай үлес бөлінеді.

Мәселен, мүршидін қатты сүйген мүрид (дәруіш) пірін есіне түсіретін адамдарға да сүйіспеншілік сезінеді. Мүршидінің бір жақынына жолықса, оны Қағбадан жаңа қайтқан қажыны көргендей ілтипатқа бөлейді. Мүршиді қолданған қандай да бір затқа ие болу оның рухын шексіз қуанышқа бөлейді. Бұл жәйт Хазірет Уәйсал Қаранидың Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тарапынан жіберілген шекпенге ие болғандағы қуанышына ұқсайды.

Сүйіспеншіліктің артуымен қатар сүйген затқа деген байланыс халі бара-бара ең күшті байланыстан, ең әлсізіне қарай бел-

гілі бір сатыға ие болады. Бұл жерде мынаны да айта кету керек. Махаббаттың ауқымын ортасында сүйілген жаратылыс болып, алыс-жақын барлық байланыстарды қамтитындай дәрежеде шеңбер сияқты шексіздікке дейін кеңейту - тасаввуфта «мұтлақ» (абсолютті) ғашықтық деп аталады.[30]

Бұл жәйт Юнустың:

«Жаратылғанға хош қара
Жаратушысы үшін»

деген жолдарында баяндалғаны сияқты сипаты, мәні және амалдары қандай да болса, Жаратушысының құрметіне барлық жаратылысты махаббат және мейірімділікпен құшақтай білу халі. Бұл - ғашықтықтың ең жоғарғы мәртебесі. Осы дәрежеге дейінгі барлық нүктедегі халді «мәжази (баламалы) ғашықтық» деп атайды.

Дәруіш мүршидіне сүйіспеншілікпен, махаббатпен байланған сәтте, осы «мәжази ғашықтық» басталады. Бұның мәжази (баламалы) ғашықтық болуының себебі жүрек Аллаһқа тән болғандықтан шынайы мағшуқ, яғни, ғашық болатыны Аллаһтан басқа ешкім де бола алмайды. Басқа сүйілгендер және оларда жолыққан халдер сарайға шығатын баспалдақ іспеттес. Бұлар - жүректің махаббатұллаһқа әзірленуі жөніндегі жаттығулар сияқты. Былайша айтқанда «Ләйләдан» «Мәуләға» (жаратушыға) жетуге тырысу. Осы жолдағы ең маңызды, нұрлы баспалдақ - ол бір кәміл мүршид тауып, оған үйреніп, махаббаттың рухани дәмін тату. Мұның ең пайдалы көрінісі рабыта болып табылады. Махаббаттың осындай қарапайым байланыстармен салыстырылмайтындай дәрежедегі шаттыққа жетуі нағыз «рабыта»-ның (байланыс) өзі.

Рабытаның сөздік мағынасы да – байланыс. Бұл тұрғыдан алып қарайтын болсақ, әлемде байланыспайтын жаратылыс жоқ. Барлық нәрсе бір-бірімен байланыста.

---

[30] Құран Кәрім мүминдердің Аллаһқа деген сүйіспеншілігі жоғары болу керектігін, وَالَّذِينَ آمَنُواْ أَشَدُّ حُبّاً لِّلّهِ **«Мүминдерде Аллаһқа деген сүйіспеншілік - барлық сүйіспеншіліктен де артық»** - (Бақара сүресі 165-аят) деген аятпен баяндайды. Бұл дәрежедегі сүйіспеншілік «иләһи ғашықтық» түрінде айтылады.

Басқаша айтқанда, рабыта жаратылыстың негізін құрайтын махаббаттың көрінісі. Махаббаттың пәк әрі жанды түрде жалғасуы деген сөз.

Рабытаның үш түрі бар:

1 - Табиғи рабыта:

Адамның жақындарына деген махаббаты. Бұл табиғи себептердің нәтижесі. Ананың баласына деген махаббаты сияқты.

2 - Қарапайым (төмен) рабыта:

Тыйым салынған шайтани әуестіктерге байлану. Құмар ойнаушы адамның жүрегінің үнемі құмарды ойлап, бала-шағасын да ұмытуы сияқты.

3 - Жоғары (ұлық) рабыта:

Қасиетті ұғымдарға ие жоғары сезімдермен адамды Аллаһқа апаратын дәнекерге байлану (рабыта). Жүрегі нұрланған және көрегендік мәртебесіне жеткен адамдардың руханиятынан пайдалану үшін іс-жүзінде немесе рухани түрде үнемі олармен бірге болу деген сөз.

Біз бұл жерде рабытаның жоғарыда айтқан үш түрінің соңғысын түсіндірмекпіз. Бұл, дәруіштің өз мүршидінен лайықты түрде пайдалануы үшін оған деген махаббатын үнемі жанды ұстау үшін атқаратын жаттығуларын білдіреді.

Тасаввуфи тәрбие тәсілдерінің бірі болған рабыта - әрбір тариқатта аты мен орындалу тәсілі азды-көпті өзгеше болғанымен, көбінесе мүрид көз алдында мүршидін елестетіп, оның халі мен қимылдарын есіне алып, ұлық сезімдерге бөленуі деген сөз. Мүршидке деген құрмет пен махаббаттың осылайша үнемі жанды болуы, мүридке рухани сергектік береді.

Адам - әсерленгіш жаратылыс. Кейбір аурулардағы сияқты адам баласының «халдерінде» де жұқпалылық қасиеті бар. Рухтар арасындағы рухани қарым-қатынас - жоққа шығаруға болмайтын өмір ақиқаттарының бірі. Әсіресе іскер және әсерлі тұлғалардың бойындағы күшті рухи халдер оның

жанындағыларға қабілеттеріне қарай азды-көпті жұғысады. Бұл жұққан «халдің» жағымды немесе жағымсыз болуына да байланысты емес. Қандай жағдайда да бұл іске асады. Ортада махаббат пен байланыс болса болғаны.

Мәселен шектен тыс мейірімді де қанағатты және жанқияр адамдардың халдері айналасындағы жамағатқа әсер етпей қоймайды. Махаббаттың бір көрінісі ретіндегі рабыта осы секілді ахлақи қасиеттерге байланысты рухи қатынастарды нығайтып, жеделдету және осыларды адамның бойына дарыту үшін жасалады. Сондықтан, кіршіксіз таза ақыл иесі болған әрбір мүмин тақуа, салих (салиқалы) адамдарға махаббатпен қарап, оларды өзіне жақын тұтып, осы тамаша халдің көрініс табуын ең жоғарғы дәрежеге жеткізуі керек.

Қандай хикметі барын қайдам, балшықтың таза әрі жақсы киімге шашырауынан мазасы қашатын ақыл, егер, уахи нұрымен нұрланбаса, күнәлармен қарайған жүректегі жаман қасиеттердің рухты жаулап алуынан аз да болса жиренбейді. Өйткені мұндай адам нәпсі мен шайтанның азғыруының рухани наркозына душар болғандықтан, бұл рухи ауыртпалықты сезбейді. Сол себепті, көңіл көзін ашып, мәңгілік пайда мен зиянды жақсылап есептеу қажет. Өйткені жағымды әсерлермен қатар, жағымсыз түрде де іске асатын «тұлғалық қасиеттердің жұғысуы» деп аталатын әсерлерді таңдауда да адамға ерік берілген. Бірақ, Аллаһ Тағала мұның қайсысы дұрыс екендігін Құран Кәрімде былай хабарлаған:

«Ей, иман етушілер! Аллаһтан қорқыңдар және турашылдармен бірге болыңдар!» (Тәубе сүресі 119-аят)

Мұқият зер салып қарасақ, Аллаһ Тағала осы аят кәримада құлдарына «турашыл болыңдар!» деген емес, тақуалықты сақтау үшін «турашылдармен бірге болыңда» деген. Өйткені, турашыл болу үшін алғашқы қадам - турашылдармен бірге болу. Яғни, оларға сүйіспеншілікпен жақын болу. Турашыл болу - осы жәйттің табиғи нәтижесі. Сондай-ақ, «жүзім – жүзімге қарай-қарай қараяды» деген сөз де осы ақиқатты баяндайды.

Салих және турашылдармен бірге болу нәпсіні тәрбиелеуде радиация сияқты өзі көрінбейтін, бірақ, нәтижесі нақты көрінетін себеп. Салих адамдардың арасында болу олардың хал-қарекеттерін көру және тіпті, олардың нұрлы жүздеріне қараудың өзі осыған жатады. Сондықтан, руханият ұлыларының қасында бола білу – үлкен нығмет. Өйткені хал жұғысады. Гүлзарда жүрген адамның үстіне гүл иісі қалайша сіңсе, салихтардың мәжілісі де рухтардағы рухани қарым-қатынастың базары іспеттес.

Хаже Ұбәйдұллаһ Ахрар Хазіреті былай дейді:

«Құран Кәрімнің:

«Ей, иман еткендер, Аллаһтан қорқыңдар және турашылдармен бірге болыңдар!» деген аятындағы **«бірге болыңдар!»** бұйрығы үнемі бірге болуды білдіреді. Яғни бірге болу айқын түрде айтылғандықтан әрі іс-жүзінде әрі үкім жүзінде екі жағы бар. Іс жүзіндегі бірге болу - турашылдардың мәжілісінде жүрекпен бірге болуды білдірсе, үкім жүзіндегі бірге болу – олар жоқ кезінде халдарын ойлауды білдіреді».

Сондықтан, қалай Хақ Тағала достарымен сырттай бірге болғанда әдеп пен жоғары сезімдерде болу қажет болса, сол халді олар жоқ кезде де жүректер бірге болғандай жалғастыру қажет. Өйткені әр уақыт Хақ Тағала достарымен іс-жүзінде бірге болу мүмкін болмайды. Мұндай жағдайда жүректің бірге болуын қамтамасыз ету үшін **рабытаға** қажеттілік бар.

Бірақ алдында айтқанымыздай тасаввуфи тәрбиеде бостан-босқа іс жүзінде бірге болу да дұрыс емес. Өйткені кейбіреулер кәміл мүршидтің тізесінің түбінде де отырса, ғапылдықтары себепті өнеге ала алмайды. Екінші жағынан алыс өлкелердегі қаншама мүридтер сонау шалғайдағы мүршидтеріне деген терең құрмет, ынтықтық, ғашықтық байланыстары арқылы ерекше нәсіпке, тамаша халдерге, аяндарға және рухани сезімдерге бөлене алады. Даналар айтқан: «Йемендегі – қасымда, қасымдағы – Йеменде» сөзі де негізінде осыны білдірсе керек. Сондықтан, ең маңызды нәрсе – қайда жүрсе де жүрекпен бірге болу сезімінен айырылмау керек.

Сонымен бірге, рухани қабілетті адамдардың айналасындағыларға өз халін бере білу қабілеті қаншалықты жоғары дәрежеде болса да, оның жалғыз өзі жеткілікті емес. Өйткені тасаввуфтағы халдің ауысуы – бейне бір ағыс болғаны сонша, ол ағыстың жылдамдығы мен әсерінен мүмкіндігінше тиімді пайдалана білу – кәміл мүршидтің қабілеті мен қатар мүридтің де қабілеті мен махаббатының дәрежесіне байланысты. Сондықтан әрбір мүрид тек мүрид болудың арқасында бірдей дәрежеге жетпейді. Айырмашылық мүридтер арасындағы қабілет пен жүрек сүйіспеншілігіндегі дәрежелердің өзгешелігінен туындайды. Мысалмен айтар болсақ, адамның су алу мақсатымен шелегін кішкене бір көлге немесе ұшы-қиырсыз мұхитқа батыруының арасында ешқандай айырмашылық жоқ. Екі жағдайда да шелектің сиымдылығына қарай су алады. Сол себептен, мүрид қабілетті болуға және сол қабілетін қолдануы қажет.

Бұл жайлы Юнус Әмрә Хазіреті тамаша айтқан:

Шүмектен кесеңді толтырмай қойып қойсаң,
Мың жыл сол жерде тұрса да өзі толмайды.

❀❀❀

Рабыта мен мұрақабәларда ұстанылатын екінші бір тәсіл - сілсілә-и шәрифә[31] оқу. Бұл, салих адамдарды еске алумен жауатын рахмет жаңбырынан және еске алынған олардың тамаша халдерінің көрінісінен үлес ала білу үшін істеледі. Сондай-ақ, бұл жайлы үлкен ғалым Суфян бин Ұйәйнә:

«Салихтар туралы айтылған мәжілістерге рахым жауады» - (Ажлуни, Кәшфул-Хафа II, 70) деген.

Негізінде Аллаһ достарының әңгімелерін қамтыған әр түрлі кітаптардың өзі оларға махаббатпен қараған адамдарда үнемі осындай аянды іске асыру үшін жазылған.

Міне, Рабытаның мақсаты – Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дейінгі Аллаһ достарының тізбегімен

[31] Силсилә-и шәрифа: Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дейін созылған мүршидтер тізбегінің аты.

көңілдерді нәрлеу. Олар бейне электр желісіне тізбектеле жабысып жарқыраған шырақтар сияқты. Олардың ең соңғысы да сол жарық ағымнан өз қабілетіне қарай нәсібін алады.

Мүршидке құзырында тұрғанда көрсетілген әдеп пен сүйіспеншілікті ол жоқ кезінде де көрсетіп, оның ахлағымен безенуге лайық дәрежеде рабытаның күшеюі **фәнә фиш-шәйх** (шәйхының жолында фәни болу) деп аталады.

Фәнә фиш-шәйх мәртебесінен де жоғары **фәнә фир-расул** мәртебесі бар. Сондай-ақ, Ислам аспанының жұлдыздары саналатын сахабалардың кейбіреуі Исламға кіргенге дейін өз жаратылысына қайшы өмір сүргені белгілі. Бірақ, һидаятқа қауышқаннан кейін Аллаһ Расулының (саллаллаһу aләйһи уә сәлләм) сезімдерінің оларға сіңуімен дүниенің ең абзал адамдарына айналды. Расулұллаһтан (саллаллаһу aләйһи уә сәлләм) тізбектеліп шығып, кәміл мүршидтердің көңіліне құйылған рухани фәйз дәруіштерге рабыта мен сұхбат арқылы жетеді. Осының арқасында Расулұллаһтың (саллаллаһу aләйһи уә сәлләм) өнегелі тұлғасы мүридтің бойында қабілетіне қарай көрініс табады.

Бұл мәртебедегілер өмірдің әрбір сәтінде Аллаһ Расулының (саллаллаһу aләйһи уә сәлләм) құзырында сияқты әрекет етіп, Оның ахлағымен бірігіп кетеді. Сондықтан Аллаһ Расулына (саллаллаһу алейһи уәсәләм) деген байланысты, яғни рабытаны күшейту үшін салауат айтып, сүннетіне мойынсұну арқылы көңілде мықты сүйіспеншілік пен бірлік сезімін орнату керек.

Фәнә фир-расул халі ең тамаша түрде Әбу Бәкір Сыддықта (радиаллаһу анһу) көрініс тапқан. Ондағы бұл халге Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу aләйһи уә сәлләм) өзі:

«Әбу Бәкір – менен, мен де – Әбу Бәкірденмін. Әбу Бәкір – дүниеде де, ақыретте де бауырым» - (Дәйләми, Мүснәд I, 437) деген.

Бұл хадис бір-біріне деген жүрек жақындығын тамаша баяндайды. Бұл рухани жақындықтан да жоғары дәреже - фәнә филлаһ мәртебесі.

Бұл Құран Кәрімдегі:

وَ هُوَ مَعَكُمْ أَيْنَ مَا كُنْتُمْ

«Қайда болсаңдар да, Ол сендермен бірге» (Хадид сүресі 4-аят).

«Біз адамға күре тамырынан да жақынбыз!» - (Қаф сүресі 16-аят) сынды аяттардың сырына лайықты түрде қол жеткізу. Демек, ол фәнә филлаһ мәртебесіне жету арқылы болады.

Өзін Аллаһ Тағала жолына арнаған кәміл мүршидтің жүрегі иләһи есімдердің көріністеріне ие болу арқылы нұрға бөленген. Сол себептен, мүршидтің жүрегі бейне сәулелерді бір нүктеге жинаған лупа іспетті сол иләһи көріністердің берекетімен барлық жамандықтарды өртеп күл қылады. Мүрид рабыта арқылы сол берекеттен пайдалануға тырысады. Жүректен нәпсінің менменшіл іспетті жаман сезімдері жойылып, оның орнына өнеге алған тұлғасының халдері орнығады. Жүректі мазалайтын барлық дүниелік істер мен оның қайғысы жүректен тысқары шығарылып, лайықты орнында ұсталады.

Мүрид пен мүршид арасындағы осы хал ауысуы мүридтің пірімен бірдей болуға бет алғаны.

Хадис шәрифте:

«Адам сүйгенімен бірге болады» - (Бұхари, Әдеп 96) делінген.

Сондай-ақ, бұл жайында Құран Кәрімде айтылған Кәһф иелері қиссасы[32] өте мәнді. Кәһф иелерінің иті Қытмир салиқалы, турашылдарды күзеткені үшін оған да турашылдық жұққан. Сөйтіп, ол да турашылдардың қатарында жәннатқа кіреді.[33] Қытмирдың өзі шынайылықпен тура жолдағы адамдарды күзеткені үшін осы дәрежеге жетіп жатса, шынайы мүминнің Аллаһ достары мен салихтарға сүйіспеншілікпен байлану арқылы қаншалықты жоғары дәрежеге жетері баршаға аян.

❀❀❀

[32] Кәһф сүресі 9-26 аяттар.
[33] Бұл жайында қара. И. Хаққы Бурсәуи, Рухул-Баян,V, 226.

Бұл жерде, тасаввуфта маңызды болып саналатын рабытаға байланысты тағы бір тақырыпқа тоқталуды жөн көрдік.

Өлім рабытасы (Өлімді ойлау**):**

Тасаввуфта өліммен байланыс құру «тәфәккүрі мәут» (өлімді ойлау) деп аталады. Өлімді ойлаудың адамның хал-қарекетінде үлкен әсері бар. Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай дейді:

أَكْثِرُوا ذِكْرَ هَاذِمِ اللَّذَّاتِ يَعْنِي الْمَوْتَ

«Барлық ләззаттарды түп-тамырымен жоятын өлімді көбірек еске алыңдар!» (Тирмизи, Зүһд 4)

Расында өлімді ойлау адамды мазасыздандыратын нәпсінің дүниеге деген сүйіспеншілігін азайтады. Өйткені дүниенің өткінші мал-мүлік, мәртебе, атақ және нәпсілік сұлулықтарын шектен тыс сүю және оларға көңілмен байлану - ғапылдық сияқты рухани аурудың басы. Жүрегімізді осындай байланыстардан қорғау үшін қабірді, болашақта басымыздан өтетін қабірдегі жағдайды ойлау бізді шынайы тәубе мен құлшылыққа ынталы болуға жетелеп, дүниелік ашкөздіктен, бос әуестіктерден қорғайды. Үнемі оқыған зікіріміз бен рабыталарымыз ақыреттегі бақытымызға дәнекер болады.

Исламның ұлы даналары ғапыл жүректерді оятып, өлген көңілдерді тірілту үшін бұл жайлы көптеген насихаттар айтып, халыққа ескерткен.

Сондай-ақ, Хазіреті Әли (радиаллаһу анһу) ұлы Хасанға (радиаллаһу анһу) былай өсиет еткен:

«Ей, балам! Шын жүректен өлімді ойла және өлімді ойлаумен жүрегіңді тәрбиеле. Ақырында барлық нәрсенің жоқ болатындығын ұмытпа, өзіңнің де жоқ болатындығыңды біл! Жүрегіңе дүниенің тигізер ықтимал қауіптерін ауық-ауық ескерт!»

Уақыт түзу сызық сияқты ағып өтпейтіндіктен, ауыр да қайғылы күндер жақсы күндер сияқты әркімнің жазмышында болуы мүмкін екендігінен бейхабар болмау керек.

Имам Ғаззали (рахимаһуллаһ) да былай насихат айтқан:

«Ей, балам! Қалағаныңша өмір сүр. Бір күні келеді өлесің! Қалағаныңды сүй. Бәрібір айрыласың! Қалағаныңды істе. Бір күн есебін бересің!

Ей, балам! Мақсатың - рухыңды кемелдендіруге, нәпсіңе ие болуға, тәніңді өлімге дайындауға әрекет жасауың керек. Өйткені соңғы аялдамаң қабір болады. Қабірдегілер «қашан келесің?» деп күтіп тұр. Ол жерге «азықсыз барам» деп ойлама!»

Омар бин Абдулазиздің соңғы хұтбасындағы насихаттарының бір бөлігі мынадай еді:

«Ей, Адамдар!

Қорқынышты ақырет – айбарлы. Жәләл (айбарлы) сырына ие болған пайғамбарлар мен ұлық періштелердің өзі сол жаза күнінің айбарынан қорқады. Құдайдың жәләл сипатының алдында кім шыдай алмақ?

Сонымен қатар Аллаһтың шексіз кең рахымы бар. Сондықтан үмітсіздікке салынбаңдар!

Және ертең махшарда амандықта болу, бүгін Аллаһтан қорқып, күпірліктен сақтанып, мәңгілікті фәниге айырбастамаған адам үшін екендігін жақсы білгейсің. Керісінше әрекет жасағандар алданады. Олар өмір байлығын лайықты емес істерге жұмсайды. Сөйтіп, соңында құр алақан қалады.

Бүгін, өткеннің орнына сендер келдіңдер. Әлбетте, сендердің де орындарыңды басқалар басады!

Келгендер кетіп жатқанын көріп тұрсыңдар. Кеткендер қайтып оралмайды. Бұл – еріксіз бағдар. Жаратылыстағы бұл ағыс Аллаһ Тағала жаққа қарай ағады.

Араларыңнан бөлініп, ақыретке кетушілерді күн сайын ақтық сапарға шығарып саласыңдар. Мәңгілік дем алатын орындарына апарып тастайсыңдар. Осылардан еш ғибрат алмайсыңдар ма? Оларды қара топырақтың астына төсексіз, жастықсыз, жалғыз, оңаша тастап кетесіңдер. Өлімнің ащы дәмін татқан сол фәнилердің халі қандай аянышты әрі ғибратты жағдай десеңіз ше!. Олар беймәлім бір тылсым әлемге кеткен. Сүйгендерінен айырылған. Бұл өткінші өмірдің ғапылдығынан оянып, ақиқатты көрген. Бірақ, бәрі де бітіп, болар іс болып, құс ұядан ұшып кеткен еді. Орнына әкелетін себептер қолдан шыққан. Қолдарында жақсы амалдарынан басқа ештеңе қалмаған. Сол жаза күні күнәлары көз алдында үлкейіп, қайғыға толы халімен өз соңын күтеді. Аянышты жағдайда басына келетін махшардың қорқынышынан үрейленеді».

Өлім басқа бір әлемде оянуға және ақиқатқа көз жеткізуге себеп болады. Алайда ол әлемдегі оянудың ешбір пайдасы болмағандықтан, өлмей тұрып, надандық пердесін жыртып, ояну қажет. Өлімді ойлау – мүридті ашкөздіктен, дүниеге бет бұрудан және нәпсінің әр түрлі әуестіктерінен қорғайтын құрал. Тасаввуфтың негізгі мақсаты нәпсіні жеңу болғандықтан, өлімді ойлау әрбір тариқатта осы мақсатта қолданылатын тәсілдің бірі болып табылады.

❀❀❀

ә. Сұхбат

> **Сұхбат және зікір мәжілістері – иләһи рахым мен шаттық жаңбыры себелеп жауатын дүниедегі жәннат бақшалары.**

Кәміл мүршидтердің дәруіштің рухы мен жүрегіне әсер ету мақсатында қолданатын ең маңызды құралдарының бірі – сөз. Яғни сұхбат. Нәпсісі мен жүрегін тазартқан адамдардың сөздерінде, бойындағы халдің сезімдері орын алады. Осы се-

зіммен және ықыласпен айтылған сөздер естіген адамның құлағынан жүрегіне жол тартып, жағымды әсер қалдырады.

Сұхбатты әсерлендіретін ең негізгі ықпал – **ықылас**. Толық ықылас иесі ретінде сөздерге жүктеген кейбір мағыналар мен сезімдерді естушіге жеткізуге тырысқан кәміл мүршидтердің бұл әрекеті Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сүннетіне мойынсұну болып табылады.

Сөздің әсерлі болуының екінші бір себебі – оның қысқа болуы. Сөзді қысқа да нұсқа қолдану тіл байлығына толық ие болу арқылы мақсатқа ең лайықты сөздерді таба білумен болады. Бұл құдіреттің шыңы – Құран Кәрім.

Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Меккеде болған кезінде атақты араб ақыны Имрул-Қайстың қызы тірі еді. Оған Зілзәлә сүресін оқыды. Шешендік, әдебилік пен қысқа сөйлеудің не екенін білетін бұл әйел, таңданып:

«Мұндай бір сөз адамзаттың сөзі болуы мүмкін емес. Ешбір адам бұндай дәрежеде сөз сөйлеуге шамасы келмейді. Жер бетінде мұндай сөз бола тұра, енді әкемнің өлеңінің Қағбада ілулі тұрғаны оғаш болады. Барып оны алып, мынаны сонда іліңдер!» - деген.

Сондықтан бұлар, хадис шәрифте:

إِنَّ مِنَ الْبَيَانِ سِحْراً

«Әлбетте кейбір сөздер сиқырдай әсерлі» - (Бұхари, Никах 47) делінген. Яғни, сөз жүректе сиқырлы әсерін қалдырады.

Бұл тұрғыдан сөзбен жол көрсетудің, яғни сұхбаттың маңызы өте үлкен. Әсіресе Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сұхбатындағы берекеттің не екендігін лайықты түрде түсіне білу үшін, сол сұхбаттар айтылған ғасырды адамзат тарихында «бақыт ғасыры (сағадат ғасыры)» деп атауының себебі мен хикметін ойлау жеткілікті болады. Аллаһ Расулының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) муәккәд сүннеті (Ол еш тастамаған әдеті) болған сұхбаттар барлық тариқаттарда дерлік, әсіресе, Нақшилікте, жүректен – жүрекке фәйз ақтару үшін ерекше маңызды саналады.

Сөздің жағымды не жағымсыз әсер ету құдіреті туралы Юнус Әмрәнің мына шумақтары өте тамаша:

Бір сөз бар, соғысты тоқтататын,
Бір сөз бар, басты кестіретін,
Бір сөз бар, улы тамақты
Бал мен майға айналдыратын.

Сахабалардың өткен өмірі жағынан тақыр жерге ұқсайтын көңіл дүниелері Аллаһ Расулының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сұхбат мәжілістеріндегі рухани ауаның рахымы мен берекет жаңбырына бөленді. Соның арқасында уақыт өте келе үсті топырақпен жабылған теңдесі жоқ парасаттылық пен мағына дәнектері өсіп шықты. Көкіректен көкірекке шағылысып, ұласқан махаббат пен руханият алмасуы арқылы дара тұлғалар шықты. Надандық дәуірінің мейірімсіз, арсыз, қыз балаларын тірідей топыраққа көметіндей жүрегі қатты, хақ пен құқықты білмейтін адамдары еріп жоқ болды. Сол бейнеде, бұл жолы көзі мен көңілі жасқа толы, кішіпейіл, нәзік, сыпайы, сезімтал адам болмысы пайда болды.

Бұл орайда «сахаба» мен «сұхбат» сөздерінің бір түбірден туындауы да назар аударарлық жәйт. Сахабалар Аллаһ Расулына (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) деген сүйіспеншілік, құрмет және әдеп сезімімен, рухани сұхбат пен тәрбиеде алға қойылған мақсатқа жетудің ең айқын және кәміл үлгісі болды. Сонымен қатар, Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сұхбатындағы тыныштық пен әдептілік халдерін осы дәрежеге жетулерінің бірден бір жолы ретінде түсініп:

«Бейне басымызға құс қонып қимылдасақ, құс ұшып кететіндей сақтықпен отыратынбыз»[34] деп Оның мәжілісінде қалай отыратындықтарын жеткізетін.

Ол адамдар Аллаһ Расулының (саллаллаһу алейһи уәсәләм) тұлғасын және жоғары ахлағын, барған жерлерінің барлығына жеткізді. Қияметке дейін ауыздан – ауызға аңыз болып жалғаса

[34] Әбу Дәуіт, Сүннет 23-24.

беретін теңдесіз парасаттылық үлгісін көрсетті. Олар жайлы аятта Ұлы Раббымыз былай дейді:

«Ислам дініне кіру турасында жол бастаған алғашқы мүһәжирлер мен ансарлар және оларға жақсылықта мойынсұнғандар бар ғой, міне Аллаһ соларға разы болған, олар да Аллаһқа разы болғандар. Аллаһ оларға ішінде мәңгі қалатын, астынан өзендер аққан жәннаттар әзірлеген. Міне бұл - үлкен жеңіс» (Тәубе сүресі 100-аят).

Ғибадат ықыласымен өткен барлық сұхбаттар - Аллаһ Расулының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сұхбаттарының бір көрінісі. Өйткені рухани нәр алудың қайнар көзі – Хазіреті Пайғамбар. Одан кейінгі әрбір рухани тебіреністерге толы сұхбаттар да сол ұлы тұлғадан тізбектеліп жеткен сәулелер іспеттес. Осыған орай, мұсылман кісі Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) нұрынан Аллаһ досы арқылы нәсібін алса, ол нұр пайғамбардың мәжілісінен болғандықтан, тура Хазіреті Пайғамбардан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алғандай болады. Бейне бір шаммен басқа шамдарды немесе шырақтарды жаққандай. Шырақтарды жағып, солар арқылы айналаға жарық берген алау - сол алау. Құл осы шырақтардың ең соңғысынан да жарық алса, сол сәуле алғашқы жарықпен жанғандықтан ол үнемі алғашқы шыққан көзін көрсетеді.

Сұхбат және зікір мәжілістері – иләһи рахым мен шаттық жаңбыры себелеп жауған дүниедегі жәннат бақшалары. Бұл жайлы хадис шәрифте былай баяндалады:

«Бір топ адам Аллаһты зікір ету үшін бір жерге жиналса, олардың айналасын періштелер қоршайды. Аллаһтың рахметі оларды нұрға бөлейді де оларға сәкинет (иманның күшеюі) түседі. Және Аллаһ Тағала оларды қасындағыларға мақтайды» (Мүслим, Зікір 39).

Турашылдар мен салихтардың мұндай мәжілістерін ғанибет санау керек. Өйткені бұл мәжілістер – иләһи сүйіспеншілікке толғандықтан сарқырама іспеттес көздер мен көңілдер жасырылған рухани жәннат.

Көңіл ерлері және салихтар мен арифтер (Аллаһты лайықты түрде білетіндер) жүректеріндегі сүйіспеншіліктерін, ғашықтық пен ынталарын өз сұхбат мәжілістеріне шағылыстырады. Сөйтіп жүректеріндегі сырлардың нұры жамағатта көрініс табады. Көрініс пен рухани нәрленудің нәтижесінде олардың қабілеттері мен шамаларына қарай көңілдері фәйз бен ақиқаттың нұрына толады. Бейне бір гүл, қалампыр және сирек бәйшешекпен безенген бақшадан ескен таңғы самалдың барған жерлері мен ондағы адамдарға көктемнің көңіл күйі мен жұпар иістерін жеткізгені сияқты.

Аллаһ Тағала аят кәримада былай бұйырады:

وَ ذَكِّرْ فَإِنَّ الذِّكْرَى تَنْفَعُ الْمُؤْمِنِينَ

«Сен оларды үгітте, өйткені үгіт мүминдерге пайдалы» (Зарият сүресі 55-аят).

Бұл аят кәримадағы иләһи бұйрықты ең кәміл түрде іске асырған Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Дін деген – насихат» - (Бұхари, Иман 42) деп жеткізеді.

Насихаттың екі түрлі мағынасы бар. Біреуі шынайылық, екіншісі жақсылыққа шақыру.

Абдұллаһ бин Рәуаха (радиаллаһу анһу) сахабалардың біреуіне жолыққан кезде:

«Кел, бауырым! Аллаһ үшін біраз отырып, Раббымызға иманымызды жаңартайық (оны зікір етейік)»-дейтін.

Мұның не екенін түсінбеген бір сахаба Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) барып жағдайды айтты. Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оған:

«Аллаһ Абдұллаһ бин Рәуахаға рахымын төксін. Ол періштелер мадақтаған зікір мәжілістерін өте жақсы көреді» - деп жауап берді.

[35] Ахмед б. Ханбәл, Мүснәд III, 265.

Сұхбаттың маңыздылығын мына бір хадис шәриф өте тамаша суреттейді:

Бір әйел Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келіп:

«Ей, Аллаһтың Расулы! Сенің сөздеріңнен тек қана ер адамдар пайдаланады. Бізге де бір күн бөлсеңіз, сол күні біз жиналып, Аллаһтың саған үйреткендерін бізге үйретсеңіз!» - дейді.

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Жарайды осындай күні осындай жерде жиналыңдар!» -деді.

Әйелдер жиналады. Пайғамбар да (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) барып, Аллаһтың өзіне үйреткендерін оларға үйретеді. (Бұхари, Ілім 36)

Осы сұхбаттардың берекетімен барлық үмбетке өнеге боларлық аналарға айналған әйел сахабалар Расулұллаһты (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сирек көретін және ұзақ уақыт көрмеген балаларына ескерту жасайтын. Сондай-ақ, Хұзайфа (радиаллаһу анһу) бірнеше күн Пайғамбарымызды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көрмегендігі үшін анасы оған ашуланған еді. Бұл жағдайды өзі былай түсіндіреді:

Анам менен:

«Пайғамбарымызды соңғы рет қашан көрдің?» - деп сұрады.

Мен:

«Біраз күннен бері оны көргем жоқ» - дедім.

Ол маған қатты ашуланып, ұрысты. Мен:

«Тоқта ашуланба! Қазір-ақ Расулұллаһтың (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) қасына барайын, онымен бірге ақшам намазын оқиын, сосын саған да, маған да кешірім сұрауын өтінейін» - дедім (Тирмизи, Мәнәқиб 30; Ахмед б. Ханбәл, Мүснәд V, 391-2)

Ұлылардың бірі Мұхаммед Зияуддин (құддисә сирруһ) Хазіреті ара-тұра кішкентай балаларын қасына жинап алып, олармен сұхбаттасатын. Сондай тағы бір сұхбаттан соң әйелі оған:

«Олар кішкентай балалар ғой, сұхбаттан не ұғар дейсің?» - деді. Сонда Хазірет:

«Олар да азды-көпті пайдаланады. Бірақ, менің негізгі мақсатым, олардың бір нәрсе түсінуі емес. Сұхбат мәжілісі Аллаһтың мейірімін тартады. Мен сол рахметтің жолындамын. Бұл балалар бір дәнекер...» - дейді.

Үлкен әулие Шах Нақшибәнд (құддисә сирруһ) былай дейді:

«Біздің тәрбие жолымыз сұхбатқа негізделген. Жақсылықтар – Аллаһ үшін салих адамдармен бірге болуда. Олармен сұхбаттасып отырып, шынайы иманға жете аламыз».

Ғалым Жағфар бин Сүлеймен (радиаллаһу анһу) да салих адамдармен бірге болудың арқасында қандай жетістікке жеткенін былай түсіндірген:

«Жүрегімде бір қаттылық сезінген кезімде дереу Мұхаммед бин Уасидің қасына барып, мәжілісіне қатысып, жүзіне қарайтын едім. Осылайша, жүрегімдегі қаттылық жоғалып, ішімде құлшылық ынтасы оянып, жалқаулықтан арылып, апта бойы осы шабытпен ғибадат ететін едім».

Омар бин Абдулазиз (радиаллаһу анһу):

«Мәдина фақиһы Ұбейдұллаһ бин Абдұллаһпен бір мәжілісте отыру, мен үшін барлық дүниеден де сүйкімді әрі қайырлы. Ондай адамдармен бірге болудан ақыл нұрланып, жүрекке шабыт құйылып, әдептілікке қол жеткізіледі» - дейтін.

Үлкен әулие Әбул Хасан Шазилидің (құддисә сирруһ) шәкірттерінің бірі сұхбаттарға баруды қойған еді. Бір күні Хазірет әлгі шәкіртіне жолығып, одан:

«Не үшін бізден бөлектеніп кеттің, сұхбаттарымызға қатыспай жүрсің ғой?» - деп сұрады.

Шәкірті:

«Осы кезге дейін сізден алғандарым мен үйренгендерім маған жетеді, енді сізге мұқтаждығым бітті» - деп жауап берді. Оның бұл жауабына ренжіген Шазили Хазірет оған былай ескертеді:

«Балам қара! Егер бір адамның әлде біреуден алған фәйзін жеткілікті деп санауы дұрыс болса, Хазіреті Әбу Бәкір Сыддықтың (радиаллаһу анһу) Хазіреті Пайғамбардан (саллаллаһу aлəйһи уә сәлләм) алған фәйізін жеткілікті деп санауы керек еді. Алайда ол, Аллаһ Расулы (саллаллаһу aлəйһи уә сәлләм) қайтыс болғанға дейін одан бөлінген емес...»

Әлбетте тек Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) ғана емес, барлық сахабалар да Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу aлəйһи уә сәлләм) сұхбатына ерекше ынтамен қатысып, фәйз алатын. Расулұллаһ (саллаллаһу aлəйһи уә сәлләм) та түрлі жолдармен сахабаларын осыған ынталандыратын. Өйткені оның ең маңызды тәрбие тәсілдерінің бірі сұхбат еді. Сұхбатта ізгіліктерге қол жеткізуге ынталы болу сияқты маңызды жағдайлармен бірге ескеретін бір нәрсе бар, ол – сұхбаттың уақыты мен орнына абай болу. Бұл турасында Абдұллаһ ибн Мәсуд (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Расулұллаһ (саллаллаһу aлəйһи уә сәлләм) бізді жалықтырмас үшін үгіттеуде ең қолайлы уақытты пайдаланатын» (Бұхари, Ілім 11).

Сахаба Әбу Уақыт әл-Ләйси (радиаллаһу анһу):

Бір күні мешітте бір топ адаммен бірге Пайғамбарымыздың (саллаллаһу aлəйһи уә сәлләм) қасында отыр едік. Сол кезде есіктен үш адам көрінді. Біреуі ішке кірмей кетті. Қалған екеуі ішке кіріп, Пайғамбарымыздың (саллаллаһу aлəйһи уә сәлләм) қасына дейін келді. Біреуі қатардағы бір бос орынға отыра кетті. Екіншісі, орын табылмағандықтан және ешкімді мазаламауды ұйғарып, қатардың артқы жағына отыра салды. Біраз уақыттан соң Пайғамбарымыз (саллаллаһу aлəйһи уә сәлләм) сұхбатының бір жерінде:

«Сендерге мына үш адамның жағдайын айтып берейін бе? Қатарға отырған біріншісі Аллаһ Тағаланы паналады. Аллаһ та оны қарамағына алды.

Екіншісіне келер болсақ, ол адам Аллаһтан ұялды, әдепті ұстанды. Аллаһ та ол құлынан ұялды. Оны азабынан қорғады.

Ішке кірмеген үшіншісі болса, ол бұл мәжілістен теріс айналды. Аллаһ та одан теріс айналды» (Бұхари, Ілім 8) - деді.

Бұл хадистегі хикметке зер салсақ, Ислам ұлыларының ілімнің шыңына шықса да, үнемі Аллаһ достарының сұхбат мәжілістерінде, көңілдерін жетілдіріп, ешқашан осындай мәжілістерге қатысудан бас тартпағанын көреміз. Сондай-ақ, үлкен мәзһәб имамдарының бірі Ахмед бин Ханбәл (радиаллаһу анһу) ауық-ауық үлкен әулие Бишри Хафидің (құддисә сирруһ) қасына барып, онымен сұхбаттасатын. Оған толық байланған еді.

Бір жолы шәкірттері:

«Ей, Имам! Сен Құран мен Сүннет ілімінде мүжтәһид ғалымсың. Соған қарамастан, сенің осындай жәй қарапайым адамның қасына барып-келуің саған жараса ма?» - деді.

Сонда Имам оларға:

«Иә, айтқан жайларыңды мен ол кісіден де жақсы білемін. Бірақ, ол Аллаһ Тағаланы менен де жақсы біледі, таниды» - деді.

б. Қызмет

Орынды қызмет – ықылас, сүйіспеншілік және кішіпейілділікке толы көңілмен жаратылғандарға қарау арқылы Аллаһтың ризашылығын іздеу. Қызмет иесі мина жасырылған алаңда жүргендей, аса сақтықпен, өз-ара қарым-қатынастарында нәзік болуға көңіл бөлуі керек. Өйткені оның алдындағылары – иләһи назар орны болған көңілдер.

Тасаввуфи тәрбиеде қызметтің мәні өте үлкен. Көңілге кішіпейілділік, қарапайымдылық және жаратылысқа мейірімділікпен қарау сезімін орнықтырудың ең әсерлі жолы қызметтен

басталады. Бұл тұрғыдан барлық кәміл мүршидтер дәруіштің тәрбиесінде қызметті маңызды бір дәнекер деп санаған.

Ислам ахлағының негізін іздестіріп көрсек, оны Раббыға деген сүйіспеншіліктен, Оған шынайы ықыласпен бет бұрудан және сол бет бұрудың негізгі белгісі болып саналатын қызметтен таба аламыз. Өйткені «қызмет еткен ілтипатқа бөленеді» деген дәстүр бойынша істелетін қызмет – адамзатты иләһи шыңға көтеретін дара да қасиетті баспалдақ.

Бұл сондай керемет баспалдақ болғаны сонша Аллаһтың ризалығына қауышқандар мен шексіз сыйға бөленгендердің барлығы – пайғамбарлар мен әулиелер осы баспалдақпен көтерілген. Яғни, олар өз өмірлерінде Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Бір қауымның бастығы, соларға қызметкер болған адам...» (Дәйлами, Мүснәд II. 324) - хадисінің жанды үлгілері бола білген.

Осы ақиқаттың аясында бұл мәселеге зер салар болсақ, құлдың рухани шыңға көтерілуінің бірден бір жолы және мәңгіліктің табысына қол жеткізуі шынайы көңілмен жасалған қызмет екендігі айқын көрінеді. Тіпті, иләһи ризашылыққа сай кішкене бір қызмет қаншама нәпіл ғибадаттардан артық болуы мүмкін.

Сондай-ақ, Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сахабалармен бірге шыққан бір сапарында өте ыстық болған бір күнде қолайлы бір жерде аялдайды. Сол күні сахабалардың кейбірі ораза, ал, кейбіреуінің аузы ашық еді. Ораза ұстағандар қатты шаршағандықтан ұйқыға кетеді. Аузы ашық сахабалар ораза ұстағандарға бола дәретке су тасиды және оларға көлеңкелейтін шатыр тігеді. Ауыз ашар уақытында Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Бүгін, ораза ұстамағандар көбірек сауап алды» - (Мүслим, Сиям 100-101) дейді.

Үмметіне мұндай көптеген қызмет шырағын ұсынған Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Құба мешіті

мен Нәбәуи мешіті салынар кезде сахабаларының «қойыңыз!» дегеніне қарамай, мүбәрәк арқасымен тас тасыған. Жаратылыс Нұрының осындай жоғары қарапайымдылығы мен қызмет рухы - барлық үммет үшін теңдессіз өнеге болмақ. Шынтуайттап келгенде Ол барлық өмірін қызметке арнап, Хақ Тағалаға, адамзатқа және барлық жаратылысқа қызмет етіп ғұмыр кешкен.

Сондықтан, ол мүбәрәк тұлғаны өзіне үлгі тұтқан бақытты жандардың өмірінде де қызмет ең айқын сипаттардың біріне айналған. Яғни, әрбір Хақ ғашығы мен Пайғамбарға мәжнүн (ынтық) көңіл – қызметкер. Қызметкерлер көктегі ай мен күнге ұқсап, айналасындағыларға жарық шашқан сайын өздері де жарқырай түседі. Не күздікі, не қыстыкі, ешқандай күңгірттік оларға кері әсерін тигізе алмайды Басқаша айтқанда, олар өмірлері бойы мыңдаған жәндікке, жануарларға, ағашқа, гүлге, өсімдікке, бұлбұлға қызмет етіп, ағып жатқан өзен сияқты, барар орны тек қана сүйіктісінің шексіздік және қауышу дариясы.

Осы ақиқатқа көзі жеткендер жандар халыққа патша болғанның өзінде өздерін үнемі қызметкер деп санаған. Ұлы Осман патшасы Явуз сұлтан Сәлім хан қасиетті өлкелер мен мекендер өз мемлекетінің қарамағына өткенде, имамдар жұма хұтбасында оны:

«Мекке мен Мәдинаның әкімі» деп атағанда көзі жасаураған халде қарсы болып:

«Керісінше, Мекке мен Мәдинаның қызметкерімін» деп түзетуі де жоғары деңгейдегі қызмет түсінігі мен құлдықтағы негізгі мақсатты түсінгендіктің айқын көрінісі еді.

Сондай-ақ, Ұбәйдұллаһ Ахрар (құддисә сирруһ) жеткен мәртебесін қызметтің мәртебесіне сілтеп, ол нығметті түсіну турасында былай дейді:

«Біз бұл жолдағы қашықтықты тек қана тасаввуф кітаптарын оқып емес, оқығандарымызды мүмкіндігінше орындап,

халыққа қызмет етумен жүріп өттік. Әр адамды әр жолмен апарады, бізді қызмет жолымен апарды».

Бұл тек қана білудің жеткілікті емес екендігін және білгенін қалайда қызметте қолдану керектігін білдіреді.

Сонымен қатар жасалған қызметтің Хақ Тағала алдында қабыл болуы оның кейбір қасиет - сипаттарға ие бола отырып орындалуына байланысты. Ондай болса, Аллаһ қабылдайтын орынды қызмет - ықылас, сүйіспеншілік және кішіпейілділікке толы көңілмен адамзатқа және мақлұқатқа бет бұру арқылы Аллаһтың ризашылығын іздеу болып табылады. Яғни, қызмет қандай да бір нәпсілік пайданы көздемей, шынайы түрде орындалуға тиіс және онымен ақырет жетістігін мақсат еткені жөн. Мұндай болған жағдайда хадисте айтылған «жарты құрманың» өзі мәңгілік жетістікке себеп болады.

Ұбәйдұллаһ Ахрар Хазіреті әңгімелейді:

«Бір күні базарға барған едім. Қасыма бір аш адам келіп:

«Қарным аш, мені Аллаһ ризалығы үшін тойдырасың ба!» - деді.

Дәл сол сәтте, ешқандай мүмкіндігім жоқ еді. Тек қана ескі сәлдем бар болатын. Бір асханаға барып, аспазға:

- Мына сәлдемді ал. Ескі. Бірақ, таза. Ыдыстарыңды сүртесің. Оның ақысына мына аш адамды тойдырсаң бола ма? - дедім.

Аспаз әлгі пақырға тамақ берді, сәлдемді де маған қайтарғысы келді. Қанша өтінсе де қабылдамадым. Өзім де аш болғаныммен, ол пақырды тойып жеп болғанша күттім».

Кейіннен Ұбәйдұллаһ Ахрар Хазіреті Аллаһ Тағаланың сыйымен үлкен байлыққа ие болғаны сонша, егістігінде мыңдаған жұмысшы істеді. Бірақ, бұл ұлы кісі байлығына қарамастан қызметтен қалмады. Бай болған кезіндегі халін өзі былай баяндайды:

«Самарқандтағы Мәуләнә Құтбұддин медресесіндегі төрт науқастың қызметін мойныма алған едім. Науқастығы

ауырлағандығы салдарынан төсектерін кірлететін. Мен оны қолыммен жуып, іш киімдерін кигізетінмін. Үнемі қызмет еткендігім үшін ауруы маған да жұқты, мен де төсек тартып, жатып қалдым. Бірақ, сөйтіп жүріп, шылапшынмен су әкеліп, науқастардың астын тазартуды, киімдерін жууды жалғастырдым».

❀❀❀

Мұндай ұлылардың өміріндегі Хақ жолындағы қайырымдылық пен қызметтеріне байланысты өнегелі іс-әрекеттері біз үшін қандай тамаша үлгі десеңізші?! Бір мұсылман қаншалықты бай болғанына қарамастан материалдық мүмкіндіктерінің ақы-сы мен өтеуін тек рухани ізденістерін арттырып, рухани өмірін жетілдіргендігіне қарай өтей алады.

Руханиятта дәрежесі өскен сайын, зүһд пен тақуалық шарттарын ұстанып, байлығына қарамай, шын мәнінде қарапайым бола білу арқылы Ұбәйдұллаһ Ахрар Хазіретінің мысалындағыдай кемелдікке жетеді.

Қызметте жетуі қиын мәртебелердің бірі - Хақ Тағала досы Маруф Кәрһи Хазіретінің мына бір қиссасында көрініс тапқан:

Қарт әрі жаны қиналған бір ауру Маруф Кәрһи Хазіреттің үйіне қонаққа келеді. Бишара адамның шашы түскен, реңі солған, жаны тәнін тікендей жаралаған. Маруф Кәрһи Хазірет төсек салып, науқастың дем алуына жағдай жасайды.

Науқас ауруының жанына батқаны сонша, ыңырсып жанын қоярға жер таппайды.

Ол таң атқанша өзі ұйықтамағанымен қоймай ыңырсып, үй ішіне ұйқы бермейді. Тіпті, барған сайын ақылынан адасып, қарсы шығып, мазалай бастайды. Ақыры оның бұл жағымсыз мазасыздығына шыдай алмаған үй иелері бір-бірлеп басқа жаққа қаша бастайды. Үйде науқас пен Маруф Кәрһиден басқа ешкім қалмайды.

Маруф Кәрһи түнімен ұйықтамай, ол науқастың қажетін өтеп, оған қызмет етемін деп, дамыл таппайды. Есесіне күндіз

ұйқысы келіп, еріксіз ұйқыға кетеді. Оның ұйықтағанын көрген ғапыл науқас өзіне мейірім мен сүйіспеншілік құшағын ашқан бұл салих адамға рақмет айтудың орнына қарсы шығып, өз-өзіне:

«Бұл не қылған дәруіш?! Онсыз да мұндайлардың сырттай атағы жетерлік. Шындығында жалғаншы. Барлық ісі бос. Бұлардың сырты таза болғанымен іші лас. Басқаларды тақуалыққа уағыздайды. Ал, өздері орындамайды. Сол сияқты мына адам да менің халімді ойламай, ұйықтап жатыр. Өз қарнын тойдырып ұйықтаған адам, таң атқанша көз ілмеген мен сияқты бишара науқастың халін қайдан білсін!» - дейді.

Маруф Кәрhи оның бұл уәжін естіп қояды. Сонда да сабыр етеді. Естімеген болады. Бірақ, сабыры біткен әйелі шыдай алмай Маруф Кәрhиге:

«Мына ақымақтың не айтқанын естідің ғой. Енді оны бұл үйде тұрғызба. Бізге бұдан артық жүк болып, саған ауыртпалық салуына рұқсат етпе. Айт, бұл жерден кетіп, басқа жақта өз басының қамын ойласын. Жақсылық қадір білетін адамға жасалады. Ұқпайтындарға жақсылық жасау - жамандық. Оларды одан бетер аздырады. Жаман адамның басының астына жастық қойылмайды. Мұндай залымдардың басы тас үстінде жатуы керек» - дейді.

Әйелінің бұл сөздерін үнсіз тыңдаған Маруф Кәрhи күлімсіреп:

«Ей, бәйбіше! Оның айтқан сөздеріне, сен неге ренжисің? Айқайласа маған айқайлады. Тәрбиесіздік жасаса, маған жасады. Оның ұнамсыз сөздері маған ұнайды. Оның үнемі жаны қиналғанын көріп тұрсың. Қарашы, байқұс бір сәт те болса, ұйықтай алмады! Сен нағыз мықтылық, нағыз мейірім мен сүйіспеншілік осындай адамдардың осындай ауыртпалықтарын көтере білу екенін білгейсің» - деді.

Бұл қиссаны баяндаған Шәйх Сағдидың өзі де мынадай насихат айтқан:

«Қызметтегі ұлылық - өзің күшті-қуатты әрі денсаулығың жақсы болған кезіңде шүкірлік ете отырып, әлсіздердің жүгін көтере білуің».

«Махаббатқа толы жүрек кешірімді болады. Егер сен тек бір сурет қана болсаң, өлгенде тәнің сияқты есімің де өледі. Ал, жомарт және қызмет жасағыш болсаң, өмірің тәнің өлгеннен кейін де жалғасады. Кәрһте көптеген кесене бар екенін білесің ғой. Бірақ, Маруф Кәрһидің кесенесінен танымал әрі зиярат-шысы ең көп кесене жоқ».

Әулиелер: «Тасаввуф – жар болу, жүк болу емес»-деп қандай тамаша айтқан, яғни, әркімнің жүгін көтере білу, ешкімге жүк болмау.

Демек, шын мәніндегі сүйіспеншілікпен, жанқиярлықпен жасалған қызмет қана үмбеттерге рахмет есіктерін аша алмақ. Қызметтің бағасы оны орындау үшін барған жанқиярлықтың үлкендігіне және ғибадаттың ынтамен жасалуына байланысты. Жоғары бағаға лайықты қызмет тек Аллаһтың ризашылығын ғана мақсат тұтып, қызметті пайдаланушыларды төмен санап, ренжітпейтін дәрежеде орындалуы қажет. Абдұллаһ бин Мұназилдің (құддисә сирруһ) айтқаны сияқты: «Қызметте әдепті болу – қызметтен де жоғары».

Осы ақиқатқа сүйене отырып Хазіреті Мәуләнә былай дейді:

«Аллаһтың сүйіспеншілігі үшін ат салыс. Аллаһ сүйіспеншілігі үшін қызмет ет. Халықтың қабылдап, қабылдамауында сенің не жұмысың бар? Бұл фәни дүние базарында сені мол табысқа жеткізетін бір тұтынушы ретінде Аллаһ жеткілікті емес пе? Аллаһтан аларыңның қасында адамдардың беретіні неге татымақ?! Олай болса, назарың мен көңіліңді адамдардан келетін рахметтерге емес, Аллаһтан келетін жетістіктерге бұр!»

Мінеки тасаввуф жолының көңілді жеткізетін жақсылығы мен ұлылығы осы. Осы орайда Әмір Күләл Хазірет шәкірті Баһауддин Нақшибәндқа (құддисә сирруһ) нәпсілік құмарлықтарын жою үшін айтқан мына өсиетіне назар салайықшы:

«Әлсіздерге қызмет ет. Көңілін табуға тырыс! Әлсіздерді, көңілі қалғандарды қорға! Оларға халықтан ешбір пайда түспейді. Соның өзінде олардың көбінің жүректері тыныштыққа толы. Кішіпейілділік пен бишара күйде қалып қояды. Осындай адамдарды іздеп тауып, оларға қызмет ет!»

Шах Нақшибәнд (құддисә сирруһ) тариқатты алғаш ұстанған жылдарында тәкаппарлық пен менмендіктің антонимі «еш болу-түкке тұрғысыз» екендігі сезіміне жету үшін ауру және ғаріп адамдарға, жаралы жануарларға қызмет еткен. Тіпті, адамдардың жүретін жолдарын тазалап, тұп-тура жеті жыл бойы теңдессіз қызмет еткен.

Ол өзі жайлы:

«Ұстазым бұйырған жолда ұзақ уақыт жұмыс істедім. Барлық қызметтерді атқардым. Мен жолдан өтіп бара жатқанымда Аллаһтың қандай да бір жаратылысы алдында тоқтап, алдымен оның өтіп кетуін күтетін халге келдім. Бұл халім жеті жыл жалғасты. Осы қызметімнің өтеуі ретінде олардың ыңырсыған аянышты дауыстар шығарып, Хақ Тағалаға жалбарынғандарын сезетін халге келдім».

Жоғарыда айтылған мысал Жаратушысы үшін жаратылғандарға, Жаратушының сүйіспеншілігімен қарап, құштарлықпен жасалған қызметтің айқын бір көрінісі.

Аллаһ Тағала, салих мүминдер хақындағы аятында:

«...Олар жақсылық жасауда бір-бірлерімен жарысады...» - (Әли Имран сүресі 114-аят) деген. Салих мүминдердің осы жақсылық жарысындағы ең тамаша қызмет жемісі – **уақыф** (қор) мекемелер». Уақыф адамдар – адамдардың ең жоғарғы сатысындағы пайғамбарлар, әулиелер және олардың тәрбиесінде кемелденген мүминдер. Олар – көңілдеріндегі иман тебіренісін төрткүл дүниеге жеткізген, тарихтың ең тамаша алтын беттерін толтырған жандар.

Әлбетте, қызмет әртүрлі. Аллаһ ризашылығы үшін жасалған еңбектің барлығы қызметке жатады. Ең маңыздысы -

материалдық болсын, рухани болсын әр мүминнің қабілеті мен шамасына қарай қызмет атқаруы. Өйткені Аллаһ Тағала әркімге қызмет ете білу қабілетін жазған. Оны жаратылысына қарай бір жұмысқа лайықты еткен және сол үшін рухани да материалдық та қажетті мүмкіндіктерді берген.

Өте ғибратты жәйт. «Уәда» қоштасу қажылығында шамамен жүз жиырма мың сахаба бар еді. Осылардан жүз мыңнан астам сахаба дүниенің түкпір түкпіріне тарап, өздерін иләһи ризашылық жолында қызметке арнаған және сол жерлерде қайтыс болған. Мәселен, Хазіреті Осман мен Аббастың (радиаллаһу анһу) ұлдарының кесенелері Самарқандта болса, тағы басқа көптеген сахабалардың қабірі Стамбулда. Мекке мен Мәдинада қалған сахабалардың көпшілігі орталықты қорғап, жергілікті қызметтерді атқарған.

Халид бин Зәйд Әбу Әйюб әл-Әнсари Хазіретінің сексеннен асқан жасында қарттығына қарамастан екі рет Стамбул қамалының алдына дейін келіп, сол жерде жан тапсыруы, адамдарды һидаятқа шақырып, оларды дүние мен ақырет бақытына қауыштырудағы әлемдік қызметтерінің бірі. Қызмет ынтасы мен ақыреттегі жағдайларын құтқарып қалу күресі оларды төрткүл дүниеге таратқан.

❁❁❁

Қызмет түсінігінің тамаша мысалдарының бірі - Уәһб бин Кәбшә (радиаллаһу анһу). Бұл мүбәрәк сахабаның кесенесі Қытайда.[36] Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оны Қытайға тәблиғ (дін тарату) қызметіне атаған. Алайда сол заманның жағдайында Қытай бір жылдық қашықтықта еді. Бұл сахаба сол жерге дейін барып, ұзақ уақыт тәблиғ жасаған соң көңіліндегі Расулұллаһқа деген сағынышын басу үшін Мәдинаға жолға шығады. Бір жылдық ауыр сапардан соң нұрлы Мәдинаға

[36] Қытайдың Гуаңжоу қаласында Сағд бин Әби Уаққастың (радиаллаһу анһу) орны делінген бір жер бар. Сахабалар мен әулиелердің барған өлкелерінің діни сезімдеріне сергек болуы және қорғалуында әсерлі болғаны айқын тарихи бір ақиқат. Сондай-ақ, Орта Азиядағы Самарқанд, Бұхара, Түркістан және Ташкент сияқты жерлерде де мұның мысалдары бар.

жетеді. Бірақ өкініштісі, Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қайтыс болып кеткен еді. Сөйтіп оны көре алмайды. Аллаһ Расулының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзіне бұйырған қызметінің қасиетін терең түсінген ол, қайтадан Қытайға қайтып, сол қызметте жүріп-ақ дүние салған.

Бұлар - тек қана имани құштарлықпен шыдауға болатын, абыройлы әрі жанқиярлықпен жасалған қызмет көріністері еді. Олардың қызметке сүйіспеншілігі мен құштарлығы - біз үшін мәңгілік құтылу жолына сәуле шашатын жарық жұлдыздар іспеттес.

Шүбәсіз сахабалар бұл мәртебеге Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ерекше тәрбиесінің арқасында және қызмет турасындағы мына тоғыз жәйтқа көңіл бөлу арқылы жеткен:

1. Аллаһқа қызмет - әмір мен тыйымдарын қуана орындау.

2. Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қызмет – Оны шын көңілмен сүйіп, Оның сүннетімен өмір сүру.

3. Ислам ұлыларына қызмет - сүйіспеншілік, шынайылық және сенімділік көрсету.

4. Әке-шешеге қызмет - қыңқ деместен ризашылықтарын алу.

5. Балаға қызмет - салиқалы мүмин болып өсуін қамтамасыз ету.

6. Туыс-туғанға қызмет - жиі хабарласып, оларға жақсылық жасау.

7. Мүминдерге қызмет - қайғысы мен қуанышын бөлісу.

8. Барлық адамдарға қызмет - қолымен, тілімен пайдалы бола білу.

9. Жаратылысқа қызмет - барлық жаратылысты мейірімділік қанатының астына алу.

Барлық осы қызметтерді орындау туралы Әли Рамитәни Хазіреттің мына сөздері өте ғибратты:

«Міндетсініп қызмет ететіндер көп. Қызметті ныгмет деп багалайтындар болса тым аз. Сіз қызмет ету мүмкіндігіне қол жеткізуді ныгмет санап, өзіңізді қызмет еткен адамыңызга қарыздар сезінсеңіз, барлыгы сізге риза болып, шагым айтушыңыз азаяды».

Парқына жетсек те, жетпесек те негізінде бәріміздің іздегеніміз - рухымыздың саулығы, яғни, тыныштық пен шаттыққа жетуі. Бұл болса, Хақ Тағалаға ғибадат құштарлығымен орындалған қызметтер арқылы қол жеткізілетін шексіз байлық. Сондықтан, қызмет ету рухы мен түсінігіне ие болған мүмин қандай жағдайда да қызмет ету мүмкіндігін таба біледі. Аллаһ ризашылығы үшін жанқиярлықтай қызмет атқаруында дүниелік пайданың соңына түскендердің көрсеткен жігері мен тойымсыздығынан да артық жігерлі болады.

Сүйіспеншілік сезімінен қуат алған қызмет ынтасы жүректе мықтап орнықса, онда ол құлды мәңгіліктің жолаушысы етеді. Жүрек залым Хажжаждың қаттылығынан шығып, Яссауи бабамыздың, Майы Қожаның, Асан Қайғының мейіріміне оранады. Осы рухпен ие болған ілім, өнер және ахлақта қанағаттанарлық мәңгілікке қауыштырады. Сол себептен шынайы әрі ынталы қызмет жүрек кемелдігінің белгісі. Мұндай жүректер - «иләһи назар орны».

Осылай бола тұра, өмірді жүрек қасиеттерінен алшақ түрде өткізу қандай үлкен қасірет десеңізші! Көңілін шынайы қызмет сүйіспеншілігіне толтырғандар қандай бақытты!

в. Тәуәжжүһ

Тәуәжжүһ – мүршидтің барлық рухани күшімен мүридтің жүрегіне назар салып, оған хал сіңіруі. Басқаша айтқанда кәміл мүршидтің жақсы халдерін мүридке ақтаруы. Сөйтіп, оның рухы мен жүрегін басқаруы. Мұның негізгі және қосымша көптеген жолдары бар.

Біз осы жолдардан «көз» (назар) және «өз» деп аталғандары туралы айтамыз.

Көз (назар):

Көз – көру құралы. Одан туындайтын әсерге де «көз» сөзі қолданылғанымен, негізінде бұл сөзбен «назар салуды», яғни «қарауды» білдіреді. Бірақ, халық арасында, «көз» сөзі көбінесе қараудан пайда болған әсер үшін қолданылады. Тіпті бұл әсердің жағымсыздығы айтылады. «Көз тиюі» дегенде бір адамның қарауы арқылы келтірілген материалдық немесе рухани зиян айтылады. Хадис шәрифтерде назардың бұл түріне былай ишарат жасалады:

«Көз тию - (назар) хақ» (Бұхари, Тыб 36).

«Назар - адамды мазарға, түйені қазанға салады (өлтіреді)» (Суюти, Жамиус-Сағир II, 60).

Бұл мағынадағы назардың әсері жөніндегі мағлұмат көп және тәжірибелер баршаға аян. Яғни, әркім біліп, қабылдайтын шындық. Бірақ, көзден шыққан әсер халықтың ойлағанындай тек зиянды емес, пайдалы түрде де көрініс табуы мүмкін. Оның себебі, қараған көзден алдындағы адамға немесе нәрсеге мәні толық беймәлім бір сәуленің шағылысуы. Әсер, осы сәуленің жағымды немесе жағымсыз сипатынан туындайды.

Қазіргі кезде сәуле жайлы физикалық мағлұматтар оның әсерін ғылыми шындық ретінде қабыл алуымызды қажет ететіндей дәрежеде дамыған.

Соңғы ғасырда ойлап табылған жаңалық «лазер» де сәуленің бір түрі. Онымен қалың темірдің өзі кесілетіні, операциялар жасалатыны барлық адам білетін шындық. Екінші жағынан сәуленің алдында кейбір заттардың, әсіресе, олардың түстерінің кері әсер ететіні баяғыдан-ақ мәлім.[37]

---

[37] Кейбір кітапханаларда оқитын стол үстіне жасыл жапқыш жабады. Бұл көздің шаршауының алдын алу үшін. Өйткені, адам көзі теңізге және көкжиекке қарағанда қалай дем алатын болса, сол сияқты жасылға қарағанда да жағдай солай. Жазда адамдардың көбінесе ақ киім киюі, ол түстің күн сәулесін кейін қайтаратынынан. Ал, қара түс болса керісінше сәулені көп сіміреді. Күңгірт түсті киімдер күн сәулесін кейін қайтармай өзіне сіңіреді. Сол себепті, адам денесін ыстық ұстайды. Дәрігерлер, аурухана ішінде үнемі тазалықтың символы болған ақ түсті киім кигенімен, операцияларда көк жасыл түсті киім киеді. Бұл жасыл түстің көзді шаршатпай, керісінше дем алдыру ерекшелігінен туындаған. Екінші жағынан қою сары және қою көк түстердің сәулені өзіне тарту, сіңіру қабілеті бар. Қараған көздің балаға зиянын тигізбеуі үшін, яғни, халықтың сөзімен «көз тимесін» деп алтын және көгілдір моншақ тағуы осы себептен болса керек.

Көзден шыққан сәуленің заттарда пайда болған әсері қараған үшін де қаралған үшін де үнемі бірдей дәрежеде бола бермейді. Расында, кейбір көздерден жағымды болсын, жағымсыз болсын шыққан сәулелер күштірек болғанымен, оның адамдарға әсері бірдей емес. Кейбіреулерінде әсерленуі күштірек, ал енді біреулерінде мейлінше аз. Халық көзінен күшті әрі жағымсыз сәуле шығатын адамдарды «сұқты» деп атайды. Мұндай адамдардың көзінен сақтануға тырысады.

Назар кейбір жануарларда да болады. Мәселен, оқ жыланның қарағаны соншалықты әсерлі болады. Оның қарасынан жүкті әйелдің баласының түсуіне және тіпті кейбір жәндіктердің өлуіне себеп болады.[38]

Халық ғылыми түрде болмаса да, сезіммен немесе дәстүр бойынша білетін «көз тиюдің - назардың» тасаввуфта, яғни, дәруіштің рухани тәрбиесінде үлкен ролы бар. Өйткені кәміл мүршидтер – нәпсіні тәрбиелеп, жүректі тазартудың нәтижесінде назарының әсері жоғары дәрежеге жеткен адамдар. Бұл ізгілік пен құдірет Хазіреті Пайғамбардан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мирас боп қалған.

Адамзаттың рухани топтарының ең бірінші қатарында тұратын пайғамбарлар тізбегінен кейін «сахабалар» орын алады. «Сұхбат» сөзімен бір түбірлес «сахаба» сөзі Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) фәйзді сұхбатына мұсылман күйінде қатысу абыройына ие болған адам дегенді білдіреді. Бірақ, олардағы атақ-абырой мен құрметтің себебі «пайғамбар сұхбатына қатысу берекетінен» болса, негізінде ұлы тұлға пайғамбарымыздың көз алдында болып, Оның назарының сәулесі оларға шағылысуы еді. Расында «сахаба болу» үшін әр түрлі өлшемдер айтылса да ең әйгілісі - бір адамның иман ете отырып Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көз алдында болуы, яғни, оған қараған және оның назарына түсуі.

Әулиеліктің ең жоғарғы мәртебесіндегі әулиенің өзі ең төменгі дәрежедегі сахабамен ешқашан теңесе алмайды. Өйткені, саха-

[38] Бұхари, Бәдиул-Халқ 14.

бада Пайғамбар назарынан туған және басқа жолмен қол жеткізу мүмкін емес үлкен айырмашылық бар. Хазіреті Пайғамбардан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кейін келген мұсылмандар бұл назарға ие болмағандықтан сахабалық мәртебесіне жете алмаған. Және Хазіреті Пайғамбарды көріп, сахабалық абыройына ие болғандарды көрген мүминдер «табиғин», оларды көргендер «тәбәут-табиғин» болу абыройына жеткен.

Сонымен қатар әулиелер Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) руханият жолындағы істерінің мирасшылары болғандықтан, олар бұл тұрғыда басқалармен салыстыруға келмейтіндей ізгілік пен құдіретке ие. Сол себептен кәміл мүршидтен лайықты түрде нәр алу үшін оның сүйгендерінің қатарында болу жеткіліксіз, сонымен қатар оның нұрлы назарына түсудің абыройы мен фәйзіне бөлену шарт.

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Мүминнің көрегендігінен сақтаныңдар! Өйткені ол Аллаһтың нұрымен қарайды» - (Тирмизи, Тәфсир 15) деп ескерте отырып, әрбір мүминнің көрегендігінің оның иманына қарай болғандығын меңзеген. Сондықтан кәміл мүминдер болып саналатын әулиелердің көрегендігі басқаларға қарағанда анағұрлым күштірек болады.

Хадис шәрифте айтылған «Сақтаныңдар!» ескертуі - «кәміл мүминдердің алдына жасырын есеппен және бұлыңғыр көңілмен бармаңдар! Өйткені, олар, ерекше көрегенділікпен сендердің жасыруға тырысқандарыңды да көреді» - деген сөз. Өйткені, назары осы күшке жеткендерге сырттай перделер ашылғандықтан, ақиқатты айқын түрде көреді. Сондықтан ғалымның алдында тілді, арифтың (Аллаһты шынайы танитын әулие) алдында көңілге сақ болу діни әдептіліктің шарты.

Мүршидтердің тәрбие тәсілі ретінде қолданатын ең маңызды құралдарының бірі көз (назар) болғандықтан, дәруіштер үшін мүршидтің назарына жете білу үлкен бақыт болып табылады.

Естелік

Имам Хатиб лицейінде оқитын кезім еді. Ахмеджан деген жақсы тақуа адаммен танысқан едім. Өзі пәкістандық еді. Сәми Хазіретіне қайран қалатын. Марқұм әкем Мұсаны да (құддисә сирруһ) қатты жақсы көріп, қасынан қалғысы келмейтін. Сондай-ақ, жиі-жиі Түркияға Сәми Хазіретін зиярат етуге келгенде, ауламыздағы мейманханада жататын.

Көңілі терең махаббатқа толы болғаны сонша, сұхбат өткізілмейтін күндерде де Сами Хазіретін көруге ынтығып, Хазіреті Пірдің үйінің айналасында жүретін. Бір жолы осы махаббаттың өзінде қалай пайда болғандығын былай жеткізді:

«Бір қажылық кезі еді. Рауза-и Мұтаххарада Суффа сахабалары деп аталатын орында отыр едім. Бір кезде өте нәзік, пәк жүзді және түріне қараса Аллаһты еске түсіретін бір үлкен адам, қасындағы нұрлы жамағатпен бірге алдымнан өтіп кетті. Тура тұсымнан өтіп бара жатып маған былай бір назар салды.

Міне сол періште көздердің назарымен бір сәтте басқа бір әлемге сүңгігендей болдым. Әпсәтте бәрі өзгеріп сала берді. Рухани ләззат алғандығым сонша есімнен танар болдым. Бір кезде сол теңдесі жоқ адамға ынтық болып, жартылай есімнен танғандай көңілім мас болды. Аздан соң есімді жинап, дереу сол адамды табуға бел будым, бірақ, оны Рауза-и Мұтаххараның қалың ығы-жығы адамдарының арасынан табу мүмкін болмады.

Қайтадан сол жермен қайтар деген оймен сол жерде күтіп отырдым. Шүкіршілік, үмітім босқа кеткен жоқ. Қуана-қуана артынан жүрдім. қасындағылар мені қайыршы деп ойласа керек, бірнеше адам қасыма жақындап садақа бермекші болды. Бірақ, алмай қойдым. Негізінде ауқатты да адам емес едім. Бірақ, сол салих адамның назарының берекетімен дүниелік барлық нәрсе көз алдымда құнын жойып, басқаша қанағат дариясына батқан едім. Ақыры бір үйге барып ішке кірді. Мен де арттарынан үйге кірмек болып едім, қасындағылар танымағандықтан кедергі болды. Бірақ, ол арифтердің сұлтаны Хазіреті Сами артына бұрылып мені де ішке қабылдады. Сол күні, сол үйде де ұлы адамның қаншама көріністеріне, назары мен тәуәжжүһіне бөлендім.

Әлхамдүлиллаһ, сол назар мен тәуәжжүһтерден өмірім өзгерді. Жақсара түсті. Енді басқаша, өте пәк және мәңгілік әлемнің адамына айналдым. Қазір жыл сайын аздаған ақша жинап, сонда барып, оның назары мен тәуәжжүһтерінен пайдалану – көңілімнің ең үлкен рухани табысы және бірден-бір жұбанышы.»

Өз:

Мүршидтің мүридтің рухы мен жүрегіне ықпал ету үшін қолданатын ең әсерлі де төте құралы «өз» деп аталады. Бұл, «құддисә сирруһ» деп еске алған әулиедегі «сырдың» қолданылуымен іске асады. Ол құралдың мәнін тек оны қолданатындар ғана біледі. Бұл тасаввуфтың хал бөліміне жатады. Қаль (сөз) бөлімінен болмағандықтан кітаптарда айтылмайды.

г. Дұға

Кәміл мүршидтің дәруішке бағыт беру барысында ұстанатын құралдарының тағы бірі – дұға. Бұл да Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сүннетіне мойынсұнудан туындаған жағдай.

Әркім білетін, Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) мұсылман болмай тұрып, қиялға келетін жамандықтардың ең қорқыныштысы Хазіреті Пайғамбарды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өлтіруге бел буады. Бірақ, Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) одан бұрын жасаған бір дұғасының берекетімен бұл қылмыстан бас тартып һидаятқа бөленеді. Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өмірінде осындай оқиғалар өте көп. Және де, Хазіреті Пайғамбардан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Тайф қоршауында мұсылмандарды көп шығынға ұшыратқан Сақиф тайпасына сахабалар қарғыс айтуын сұрағанда Рахмет Пайғамбары керісінше олардың һидаятқа келуі үшін дұға етіп, осы дұғаның берекетімен біраз уақыттан кейін әлгі тайпа мұсылман болып, Расулұллаһтың құзырына келгенін біз білеміз.[39]

[39] Ибн Хишам, әс-Сирә, IV, 103.

Шәйба деген бір сахаба мынадай оқиғаны баяндайды:

«Хунәйн күні Расулұллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірге соғысқа қатыстым. Бірақ, мұсылман болып, пайғамбарды мойындағаным үшін емес, тек, Хауазин тайпасының Құрайшқа қарсы әскер жинап, соғыс ашқанына шыдамай соғыстым. Соғыста Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Мен қара ала аттарды көріп тұрмын» - дедім.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Шәйбә! Мұсылмандарға көмекке келген бұл аттарды тек қана кәпірлер көреді,» - деді. Сосын қолымен арқамнан қағып:

«Уа, Раббым! Шәйбаға һидаят бер!» - деп дұға етті. Екінші және үшінші рет сол дұғаны қайталап арқамнан қақты. Үшінші рет қолын арқамнан алған кезде жер бетінде маған одан өткен сүйкімді ешкім жоқ болып көрінді» (Ибн Кәсир, әл-Бидая IV, 333).

Мәшһүр Әбу Һұрайраның анасы да алғашында иман етуі жөнінде ұлының әртүрлі ұсыныстарын қабылдамай, соңында Хазіреті Пайғамбардың дұғасының берекетімен һидаятқа келген еді.[40]

Дұғаның мұндай әсері Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мирасшыларында да жоғары дәрежеде. Бұл да берекетті құрал, яғни, жолға салу құралы.

Дұға қандай жағдайда да бір нәтижеге жеткізеді. Егер дұғадағы талап «жазмышқа» қайшы болып, сол себептен, нәтижесіз қалып жатса, онда оған тиісті иләһи сый ақыретте нәсіп болмақ. Бұл жайт хадисте де айтылған.[41]

Екінші жағынан дұғаның берекетке себеп болуы үшін қалайда мәртебесі жоғары әрі салих тұлғаның жасауы да шарт емес. Дұға шын жүрекпен әрі шынайы қалаумен жасалса болғаны. Бұл жағдайда мүмин бауыры үшін күнәһар бір мүминнің дұғасы да үлкен мәнге ие. Өйткені, Аллаһ Тағала құлы қаншалықты

[40] Мүслим, Фазайлус-Сахабе 158.
[41] Ахмед Ибн-Ханбәл, Мүснәд III, 18.

күнәһар да болса, одан бас тартқан емес. Егер олай болғанда, кемшілігі бар біреудің қателігін айту – «ғайбат» деп аталып, үлкен күнә болып саналмайтын еді.

Сондықтан, адам болғандықтан, күнәдан пәк емес адамдардың «менің дұғамнан не шығады!» - деп ойлап, Мұхаммед үмметіне және сүйген адамдарына дұға жасаудан бас тартуы дұрыс әрекет. Өте күнәһар құлдың басқа біреуге жасаған дұғасы да шынайы әрі өзіне сұрағандай жасалған болса, әлде қайда жылдам қабыл болуы мүмкін. Аллаһ Тағала қалаған құлының дұғасын қабыл алады.

Осы орайда дұғаның басқа да ерекшеліктерінен аздап айту пайдалы болмақ.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүминдердің қасында болсын, болмасын өз ара бір-біріне дұға қылуына үнемі кеңес беріп отырған. Ұмра үшін рұқсат сұраған Хазіреті Омарға (радиаллаһу анһу):

«Бізді де дұғаңда ұмытпа бауырым!» - (Тирмизи, Дағуат 109; Әбу Дәуіт, Үтір 23) деп одан дұға етуін сұраған.

Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) Пайғамбардың бейне бір ілтипатқа бөлегендей етіп қылған өтінішін естіген кезіндегі халін:

«Қуанғаным сонша, бейне дүние менікі болғандай сезіндім»- деген сөздерімен жеткізген.

Шүбәсіз Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Аллаһ алдында жаратылыстың ең абыройлысы. Соның өзінде Жаратылыс Нұры сахабаларынан дұға етуін сұраған. Бұл жәйт кәміл адамдардың мәртебе жағынан өздерінен төменгі дәрежедегілердің дұғаларынан пайдалана алатындығына ишарат.

Және де Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хазіреті Омарға (радиаллаһу анһу):

«Табиғұнның ең абзалы Уәйс атты адам. Ол Аллаһқа ант етсе, Аллаһ Тағала қалай да оның антын тура шығарады. Енді

сендерден кімде-кім онымен жолықса, ол сендер үшін мағфират (кешірім) тілесін» - деп ескерткен.[42] Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) кейіннен Уәйсәл Қарани Хазіретімен жолығып дұғасын сұраған.

Қорыта айтқанда, абзалдық пен тақуалық иесі – салих жандардан пәлекет пен қиыншылықтардың жойылуы және жақсылықтың болуы үшін дұға сұрау Аллаһ Расулының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үмметіне арнайы айтқан өсиеті.

❀❀❀

[42] Мүслим, Фәзайлус-Сахаба, 223-225.

Сен үнемі кешірімділік жолын ұстан, жақсылыққа дәріпте! (Ағраф сүресі 119-аят)

Г. ТАСАВВУФИ ТӘСІЛ

1. ҺИДАЯТ және РАХМЕТ ТӘСІЛІ

Тасаввуфта иршадтың мәнісін түсінгендей, тәсілінің маңыздылығын да жақсы түсінген кәміл-мүршидтер бұл мәселеде де пайғамбар ізімен жүріп, қаншама һидаяттарға себеп болған. Дәруіштердің рухани тәрбиеде өрлеуі үшін оларға мейірім, сүйіспеншілікпен қарауды өзіне қағида еткен. Осылайша пайдалы нәтижелерге қол жеткізіп отырған. Аллаһ достарының өмірі сол жәйтпен байланысты мыңдаған мысалға толы. Бұл жайлы ұлы мұтасаввуф Ибраһим Хаққы Ерзуруми Хазіретінің мына бір қиссасы өте ғибратты:

Рамазан айында уағыз-насихат айтуға Ерзурумның бір ауылына шақырылған Ибраһим Хаққы Хазіретін алып келу үшін жалдамалы мұсылман емес бір қызметші мен бір ат жіберіледі. Сөйтіп олар жолға шығады. Бірақ, ат біреу-ақ болғандықтан Хазіреті Ибраһим Хаққы Хазіреті Омардың (радиаллаһу анһу) Құдысқа барғанда құлы екеуі бір түйеге қалай кезектесе мінгендігі жайындағы жақсы тәсілін қолданды. Қызметші оған:

«Ауылдағылар бұл жағдайды естісе, маған ұрсады. Ақымды да бермей қояды!» - деп, қарсылық білдіргенімен Хазірет:

«Балам, соңғы демде халіміздің қандай болары белгісіз! Сен ауылдағылардың өзіңе ұрысатынын ойлап қорқып жатырсың. Ал мен болсам, Аллаһ алдында беретін үлкен есептен қорқып тұрмын!» - деп атқа кезектесе мінеміз деп шешті.

Аллаһтың хикметімен дәл ауылға кіретін кезде тура Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) мысалындағыдай, атқа міну кезегі қызметшіге келіп қалады. Ауылдағылардан қорыққан қызметші кезектен бас тартып, атқа Хазіреттің мінуін сұрап тұрып алса да, Ибраһим Хаққы Хазіреті:

«Кезек сенікі!» - деп аттың алдына түсіп алып ауылға кіріп келеді.

Халық бұл жағдайды көріп, дереу қызметшіні айнала қоршап:

«Ой, көргенсіз! Жап-жас бола тұра атқа мініп, мына ақсақалды қарт ұстазды жаяу жүргізгенін қарашы ә! Сенің сенімділігің осы ма еді?! Біз саған осылай деп пе едік ?!» - деп әртүрлі сөздер айтып, ұрса бастайды.

Сол кезде, Ибраһим Хаққы Хазірет мәселені түсіндіріп, ұрысқандарды жөнге шақырып тоқтатады. Сол сәтте ауылдастың біреуі мұсылман емес қызметшіге былай дейді:

«Ей, азамат! Осыншама парасаттылықты көріп, бастан кешірдің! Енді мұсылман болсаңшы!» - дейді.

Қызметші сәл уақыт үнсіздіктен кейін сол жердегілерге:

«Егер сендер діндеріңе шақырып тұрсаңдар, онда ешқашан кірмеймін! Бірақ, мына мүбәрәк адамның дініне шақырсаңдар, ол дінге баған жолда келе жатқанда-ақ иман еткенмін!» - дейді.

Көңілі тұңғиық Хақ Тағала досы тарапынан көрініс тапқан бұл мысал һидаят пен рахмет тәсілін айқын көрсетеді. Бұл – адамға, жадында оның негізіне (ішіне) қарай отырып әсер ету. Бір сөзбен айтқанда, жаратылғанға Жаратқанның көзімен қарай білу. Сол үшін ізгі көңілді пірлер адамзатқа Аллаһ Тағаланың жер бетіндегі «халифасы» болу абыройы берілгендігін және

оған аятта айтылғандай, Раббтың: **«Өз рухынан (**құдіретінен бір сыр**) үрлегендігін»**[42] түсінген жандар. Олар адам күнәлармен қаншалықты кірленсе де, құлдың негізіндегі кемелдікке қарап, одан теріс айналмайды. Адамнан оңайлықпен үміт үзе қоймайды. Сонымен бірге оның да үмітін жоғалтпауын қамтамасыз етеді. Бұл расында жоққа шығаруға болмайтын ақли және сезімдік себеп. Сондай-ақ, Аллаһ Тағала Құран Кәрімде бізге ең көп «Рахман және Рахим» есімдерін алға шығарып ұсынған. Тіпті, «мейірімі барлық жаратылысты қамтыған» деген мағынадағы «әр-Рахман» атты бір сүре түсіріп, оның алғашқы аятын «әр-Рахман» - деп бастаған. Бұл жөнінен адамға көңілдің осы терезесінен, яғни, һидаят пен рахмет тұрғысынан карауда иләһи ризашылыққа ең лайықты және нәтижесі жөнінен аса берекетті, адамда жасырын түрде орын алған пәк қасиеттерді жетілдіретін ерекшелік бар. Өйткені, бұл тәсіл ұстанушыны да, тәсіл өзіне қолданылғанды да, яғни, екі жақты да ерекше пәктік, кемелдік, сүйіспеншілік және Хақ Тағалаға бет бұру қасиеттеріне ие ететін сипатта. Бұл тәсіл Яссауиді – Яссауи, Юнусты – Юнус, Мәуләнәні – Мәуләнә еткен дәрмек және рухани өліп бара жатқан қаншама науқас рухтарға абыл хаят (тіршілік суы) іспеттес. Сол үшін тасаввуфты ұстағанда болсын, Ислами тәблиғда (уағыздау) болсын осы рахмет пен һидаят тәсілін қолдану әрқашан үлкен мәнге ие болған. Анатолияның әлеуметтік құрылымы монғол шапқыншылығымен шайқалып, астаң-кестеңі шыққан дәуірінде өмір сүрген Мәуләнә мен Юнус Әмрә Хазіреті сияқты ұлы мұтасаввуфтар бейне бейбітшілік, тыныштық пен шаттықтың көзі болып, қиналған адамдарға, қанаған жараларға, шаршаған көңілдерге шипа мен жұбаныш сыйлағаны – тарихи ақиқат. Олар қаншама ғапылдарды «құтқаруын күткен науқас» деп санап, қарым-қатынастарында «өштік пен жиіркеніштен» үнемі аулақ болған. Мұны Юнус қандай тамаша баяндайды:

Мен келгем жоқ дау үшін,
Менің ісім – сую шын.

[43] Хижр сүресі 29-аят.

Достың үйі бұл көңіл,
Көңіл аулауға келдім шын!

Бұл ұлы тұлғалар көңіл көтеруге келгендіктен, адамдарға үнемі көңіл терезесінен қарап, айналасына үнемі сүйіспеншілік пен мейірім шашып, қаншама адамдардың һидаятқа қауышуына дәнекер болған. Егер олар осы тамаша, парасатты әрекеттеріне қайшы істесе, онсызда қашықта тұрған мұндай адамдармен байланыс толықтай үзіліп, ақыры оларға Хақ пен ақиқатты уағыздау мүмкіндігін жояр еді. Бұл болса, иләһи мақсатқа қайшы болар еді. Өйткені, Аллаһ Тағала құлдарының ішіне түскен рухани саздауыт пен иірімдерден құтылғанын қалайды. Сол үшін тарих бойы мыңдаған пайғамбарларды жіберіп, оларға ең тамаша тәсілмен көңілді тазартуларын әмір еткен. Сондай-ақ дәл осы мақсатқа орай адамдарға иләһи сый іспетті – әулиелер де адамдардың рухани тәрбиесінде осы пайғамбар тәсілін қолданып жалғастырған.

Мейірім мен сүйіспеншіліктің бір ғана көзі – ұлы Раббымыз құлдарын Хақ дінге шақыруда ұстанылуы қажет әсерлі тәсілдерді былай баяндайды:

«(Ей, Расулым! Адамдарды) **Раббыңның жолына хикмет және жақсы үгітпен шақыр және** (қажет болса) **олармен ең жақсы тәсілмен күрес»** (Нахл сүресі 125-аят).

«Салих амалдар жасап, мен Аллаһқа мойынсұнушылардан-мын деп, адамдарды Аллаһқа шақырған адамнан жақсы сөзді кім болар! Жақсылық пен жамандық тең емес. Сен ең тамаша түрде жамандықтың алдын алуға тырыс. Сол кезде сенімен арасында дұшпандық болған адам бейне бір шын көңілдес және тату дос болғанын көресің» (Фұссиләт сүресі 33-34 аяттар).

Үгіттелген осы иләһи тәсілдің қолданылуы нәтижесінде тарихта қаншама тікен рухтар гүлге айналып, зындан сияқты көкіректер нұрға бөленген.

Осы ақиқаттан бастау алған Хазіреті Мәуләнә (құддисә сирруһ) сенімнен ада адам болсын, күнәһар адам болсын тура жолға бағыттаудың маңыздылығын айтады және сол жайында қажетті тәсілді былай ұсынады:

«Темір қап-қара, нұрсыз да болса, сүртіліп боялған кезде ондағы тот кетеді! Айна темірден жасалып боялса, беті жарқырап, тамаша түрге енеді. Одан бейнелер, суреттер көрінеді».

«Ай мен жұлдыздардың кезгенін көргің келсе, көңіл шаһарыңның суын лайлама! Өйткені, адамдар өзенінің суы сияқты. Су лайланса, онда ештеңе көре алмайсың!»

❁❁❁

Хазіреті Мәуләнәның айтқаны сияқты, адам рухы мөлдір су іспеттес. Бірақ, жаман істермен, күнәлармен лайланса, ештеңе көрінбей қалады. Ондай жағдайда руханият інжу-маржаны мен ақиқат нұрларын көру үшін ол суды тұндыру қажет болады. Сол себептен, тасаввуфтың мақсаты – менменшіл, нәпсіқұмар сезімдерді тәрбиелеп, жеке адамдарды және оның нәтижесінде қоғамды бейбітшілік пен тыныштыққа және шаттыққа қауыштыру. Өйткені, Аллаһ Тағала адамды нәзіктікпен, пәктікпен және жағымды сезімдермен безендірген. Адамның негізгі құны осы қасиеттерді жүрек әлеміне орнатып, жетілдіруіне қарай өседі. Руханиятқа толы жүректер көркем мінез, салих амал және рухани халдердің көрінісіне ие болады. Осылайша құл ең тамаша бейнеде, яғни, «ахсәни тақуим» кейпінде жаратылудың қажетін орындаған болып саналады.

Сол себептен күпірлік, серік қосу және күнә жасауда қаншалықты ілгері де кетсе, барлық адамдарды һидаятқа шақыру керек. Мұның пайғамбар дәуіріндегі сансыз мысалдарының бірі мынадай:

Аллаһ Расулы (саллаллаһу aләйһи уә сәлләм) немере ағасы Хамзаны шейіт етіп, өзін үлкен қайғыға батырған Вахшиді Исламға шақыру үшін бір сахабаны жібереді. Вахши болса, Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жауап ретінде:

«Ей, Мұхаммед! Сен, «Біреуді өлтірген немесе Аллаһқа серік қосқан, не болмаса зина жасаған біреуді қиямет күні екі есе азапқа тап болады және тозақта қор әрі бишара күйде

мәңгілік қалады» - (Фұрқан сүресі 68-69 аяттар) деп, Аллаһтың үкімін баяндаған соң, мені қалайша Исламға шақырасың? Мен сол жамандықтардың бәрін істедім. Мен үшін құтылу жолы қайда?» - деді.

Осыған орай Аллаһ Тағала:

قُلْ يَا عِبَادِيَ الَّذِينَ أَسْرَفُوا عَلَى أَنْفُسِهِمْ لاَ تَقْنَطُوا مِنْ رَحْمَةِ اللهِ إِنَّ اللهَ يَغْفِرُ الذُّنُوبَ جَمِيعاً إِنَّهُ هُوَ الْغَفُورُ الرَّحِيمُ

«Айт: Ей, нәпсілеріне зұлымдық жасауда шектен шыққан құлдарым! Аллаһтың рахметінен үміттеріңді үзбеңдер! Өйткені, Аллаһ барлық күнәларды кешіреді. Әрине Ол, өте кешірімді және өте мейірімді» (Зүмәр сүресі 53-аят) - деген аятын түсірді.

Ақыры Вахшидің көңілі, аяттағы сүйіншіден жәй тауып:

«Рахметің неткен үлкен, ей, Раббым!» - деп, насух (нағыз) тәубеге келіп жолдастарымен бірге мұсылман болды.

Ұхұд соғысында Хазіреті Хамзаны шейіт қылған Вахши - енді Хазіреті Вахши (радиаллаһу анһу) болды. Бұл һидаят пен мағрифаттың рухани ләззатымен, өзіне кешірім жасату үмітімен, Хазіреті Хамзаның құны ретінде, қандай да қиыншылықтардан тартынбай, пайғамбармын деп дау көтерген Мұсәйләмәтул Кәззабты өлтірді. Сөйтіп бір бүлікті жойды.

Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қасындағы сахабалар:

«Уа, Расулаллаһ! Бұл кешірім мен сүйіспеншілік тек қана Вахшиге тән бе, әлде барлық мұсылмандарға ма?»-деп сұрағанда Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)

«Барлық мұсылмандар үшін»[44] - деп жеткізді.

Насух (нағыз) тәубеге келген көңілдер осы риуаяттан көргеніміздей, шынайы әрі кәміл мағынадағы сүйіспеншілік пен махаббаттың ең әсерлі әуенін Хазіреті Пайғамбардан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) естіген. Сол сияқты, барлық адамзат әлемі

[44] Хейсәми, Мәжмәуз Зәуайд, X, 214-215.

жұбаныш, шипа және рахат беретін әуендерді Оның мүбәрәк аузынан естіген. Ұшы-қиырсыз кешірім мен жомарттық теңізін және оның үміт жағалауын «Жаратылыс нұрының» абыройынан көрген. Барлық күнәларға қарамастан **«Ей, менің құлдарым!»** - түріндегі мейірімді иләһи үндеуге де сол әлем мақтанышының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) құрметімен бөленген.

Бұл тұрғыдан ең біріншіде Аллаһтың рахметі мен сүйіспеншілігін ұсынып, жүрекке үміт ұялататын тәсілмен уағыздау қазіргі таңдағы жағымсыз материалистік әсерлермен батыстағыдай рухани күйзеліске ұшыраған қоғамымыз үшін өте маңызды. Адамдарды ақыл мен қисын күресіне итермелеу емес, сезіммен тарту шындыққа сай нәтижелі жол болмақ. Өйткені, адамдардың көбі ақылға қонымсыз түрде тығырыққа тіреліп қалуы әбден мүмкін. Сондықтан дағуатты «күреспен, тартыспен» мойындату көбінесе мүмкін болмайды. Өйткені, теріске сене отырып, тығырыққа тіреліп қалу ақылға сай дәлелдерді қабылдауға кедергі болады. Жүрекке ақиқаттың орнығуы үшін алдымен жылы қабақпен (кешіріммен) жақындап, іштегі пәк сезімдердің орнығуына көмектесу - көбірек әсерлі болатын тәсіл.

❀❀❀

Қателік жасаған, бас көтерген және күнәларға батқан адамды жоққа шығармай, кіналамай, айыптамай және діни бұйрықтарды орындауын талап етпей тұрып, оның көңілін табуға тырысу керек. Сол үшін онымен жақын болуға және оған айтқан сөздердің әсерлі болуын қамтамасыз ететін сүйіспеншілікті байланыс құру керек. Көзделген адамның жүрегі осылайша әзір күйге келген соң қателіктерін бірте бірте түзетуге болады. Сонымен қатар, материалдық және рухани сыйлықтар мен ілтипаттардың көзделген адамда ояндыратын рухи байланыстың берекелі жемісін көз алдында ұстау керек. Бұл турасында Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) күнәнің түтініне тұншыққан көңілдерге аспаннан терезе ашып, таза ауа беретін бір сыйлық ретінде айтқан:

«Шапағатым әсіресе үмметімнің үлкен күнә жасағандарына» - (Әбу Дәуіт, Сүннет 20) деген баянындағы мәнді түсіну керек.

Аллаһ Расулының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) күнәларға қарсы осы ұстанымы мен сөздерін Хазіреті Мәуләнә қандай жақсы жеткізеді:

«Дәрі - сауықтыру үшін науқас және жаралы адамды іздейді. Қайда дерт бар болса, дауа сонда барады. Қай жерде ой және шұңқыр жер болса, су солай ағады».

«Саған мейірімділік пен сүйіспеншілік суы керек болса, сен де солай істе!»

Бірақ дәрі мен емнің әсері болуы үшін алдымен жараның микробтардан арылуы керек. Бұл болса, науқас көңілдердің күнә микробынан тазаруы, яғни, тәубе суымен жуылуы деген сөз. Дәрі, яғни шапағат, содан кейін іске асады.

Тағы бір хадис шәрифте Пайғамбардың:

«Күнәларына өкінішпен тәубе еткен адам ешбір күнә істемегендей болады!» - (Ибн Мәжә, Зүһд 30) деген сөзі бір жағынан сүйінші, екінші жағынан осы сүйіншінің шартын білдіретін сүйіспеншіліктің көрінісі.

Осы өлшем шеңберінде һидаят пен рахмет тәсіліндегі ұлы да нәзік сезімге барлық пайғамбарлар бас игені сияқты, олардың ізін басқан әулиелер де оны байыптылықпен ұстанған. Осыған байланысты иманның алғашқы жемісі сүйіспеншілік болып танылған. Ал, құлдық қысқаша мынадай екі өлшем шеңберінде танымдалған:

«Тазим ли-әмриллаһ» яғни, Аллаһтың әмірлерін құрметпен орындау.

«Шәфқат ли-Халқиллаһ» яғни, Жаратушысы үшін жаратылғанға мейірім, сүйіспеншілік көрсету.

Аллаһ досы Фудайл бин Ыяздың халі осы қағидалармен өмір сүрген мүмин көңілге тамаша бір мысал:

Оның жылағанын көріп:

Біреу: «Неге жылайсың?» - дейді.

Ол:

«Маған зұлымдық жасаған бейшара мұсылманға қайғы-рып жылаймын! Барлық қайғым - оның қияметте бейшара күйге тап болатындығынан ғой» - дейді.

Бұндай кәміл адамдарды осыншалықты рахмет пен сүйіс-пеншілікке жеткізген жәйтті баяндау үшін Хазіреті Мәуләнә былай дейді:

«Рахмет теңізі тебіренсе, тас та абылхаят (өмір нәрін) суын ішеді. Жүз жылдық өлік қабірінен шығады, шайтан рух-ты қара жүздер хор қыздары қызғанатын сұлу періштеге ай-налады».

Ибраһим бин Әдһәм Хазіреті бір мас адамның лас иісті аузын жуады. Неге бұлай істегенін сұрағандарға:

«Егер ұлы Аллаһтың атын зікір ету үшін жаратылған тіл мен ауызды лас күйде қалдырсам, құрметсіздік болар еді» - дейді.

Әлгі адам есін жиған соң оған:

«Ауызыңды жуған - Хорасан зәһиді Ибраһим бин Әдһәм...»-дейді.

Бұл жағдайдан қатты ұялған мас адамның көңілі оянып:

«Олай болса, мен де тәубе еттім...» - дейді.

Бұл іске дәнекер болған Ибраһим бин Әдһәм Хазіретінің түсіне Хақ Тағала кіріп, былай дейді:

«Сен біз үшін оның аузын жудың! Біз де сен үшін оның жүрегін жудық!»

❁❁❁

Аллаһ Тағала Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) және Ол арқылы барлық үмбетке Құран Кәрімде былай бұйырады:

«Сен үнемі кешірімділік жолын ұстан, жақсылыққа дәріпте (Ағраф сүресі 199-аят).

Бұл әмірді орындау барысында еш шүбәсіз Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) біздер үшін ең тамаша әрі нағыз өнеге. Ол көрсеткен көркем мінез, сүйіспеншілік және кешірімділік көріністері бейне періштелердің өзін қызықтыратын теңдесі жоқ ұлылық. Мысалы, Меккенің жеңісі күні Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жаппай кешірім жариялайды. Жылдар бойы дұшпандық пен зұлымдықтан басқаны көрмеген Мекке халқы сол күні көрсетілген үлкен кешірім мерекесімен сөз жеткісіз сүйіспеншілік пен кешірімділіктің көріністеріне бөленді. Бірақ, Меккелік Фудале деген адам бұл жақсылыққа көлеңке түсіргісі келгендей, Хазіреті Пайғамбарды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өлтіру ниетімен қасына барады. Оның осы ниетін сезіп қойған Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сасқалақтамай, ашуланбай, керісінше мейірім мен рахмет қанатын ашып, Фудалеге жәй ғана:

«Сен Фудәләсің ба?» - деп сұрайды.

Фудалә:

«Ия!» - дейді.

Артынан әлемдердің Рахметі:

«Ей, Фудалә! Санаңда ойлаған нәрсеңнен тәубе мен истиғфар ет!» - деп мүбәрәк қолын Фудаләнің кеудесіне тигізеді.

Сол сәтте-ақ, санасындағы өлтіру ойынан қайтқан Фудаләнің жүрегі иман нұрына толып, Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзі үшін сол сәтте-ақ жаратылғандардың ең сүйкімдісіне айналады.[45]

Әрине бұл жағдай – **«Сені өлтіруге келгендер, сенде тірілсін!»** деп айтылған қанатты сөзде меңзелген кемелдіктің көрінісі болғаны сонша Ислам тарихы осындай көптеген теңдессіз мысалдарға толы. Сондай-ақ, Хазіреті Омардан бастап көптеген адамдар бұл тамаша тәсілдің құнды жемістері болған. Хазіреті Мәуләнә былай дейді:

[45] Ибн Хишам, Әс-Сирә IV, 46; Ибн Кәсир, әс-Сирә III, 583.

«Аллаһтың рахметінің кәмілдігі және Оның жомарттық дариясының толқуынан әрбір шөлейтке жаңбыр жауып, әрбір сусыз жер суға кенеледі!»

«Ей, һидаят жаршысы! Кем көздің дәрісі, жақсы көз екенін білгейсің! Жақсы көз және жақсы көзқарас кем көзді аяғының астында жаншып жоқ қылады. Жақсы көз бен таза назар Аллаһтың рахметінің өз қаһарынан кең, жоғары болғандығынан. Ол – Оның рахметінің көрінісі. Кем көз болса, қарғыстан, лағынеттен пайда болады. Демек, жақсы назар Хақ Тағаланың рахметінен болғандықтан кем көзден басым түседі. Бұл жағдай құдси хадисте айтылған: «Рахметім ашуымнан басым» (Бұхари, Тәухид 55) *сөзінің айқын көрінісі. Әрі Аллаһтың рахметі әр уақыт қаһарынан үстем екенін білгейсің. Сондықтан әрбір пайғамбар өзіне қарсы шыққан дұшпандарынан басым түскен».*

«Олай болса, пәлені жоюдың шарасы хақсыздық, зұлымдық жасау емес. Керісінше оның бірден бір шарасы кешірім мен жомарттық жолын ұстану». «Садақалар пәлекетті жояды»[45] *- деген пайғамбар ескертуі сені оятсын. Енді науқас пен пәлелерді емдеу тәсілін жақсы түсінгейсің!»*

«Бірақ, мынаны да ұмытпағайсың. Залымдарды кешіру, зұлымдыққа ұшыраушыларға зұлымдық жасау болып табылады. Ұрыларға, жаман адамдарға жан ашырлықпен қарау әлсіз адамдарға соққы болып, оларға қайырымылық көрсетпей, қатыгездік жасаған деген сөз!»

Бұл мәселедегі өлшемімізді жақсы белгілеуіміз керек. Өйткені, Аллаһ «Ғафурүр-Рахим», яғни өте кешірімді және мейірімді болғанымен, «Азизун Зүнтиқам», яғни зұлымдық пен хақсыздыққа ден қойған адамдардан және хаққа қол сұққандардан да өш алушы.

Сондықтан Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір хадис шәрифінде:

[46] Тирмизи, Зекет 28; Суюти, Жамиус-Сағир I, 108.

«Төбелесіп жатқан екі бауырларыңды көрген кезде залымға да, зұлымдыққа ұшыраганға да көмектесіңдер» - деп бұйырады. Сахабалар:

«Уа, Расулаллаһ! Зұлымдыққа ұшыраушыны түсіндік. Ал, залымға қалай жәрдем етеміз?!» - деп сұрайды:

«Оның зұлымдыгына кедергі болумен...» - (Бұхари, Икрах 7; Мүслим, Бирр 62) деп жауап береді.

Қорыта айтқанда, бүкіл дүние жүзі халықтарымен бірге біздің де халқымыз иман мен Ислам тұрғысынан қарағанда бейне жаралы құс сияқты. Абайлап әрі байыптылықпен олардың жарасын таңу керек. Сол үшін де оларға кешірілшілдік пен сүйіспеншілік арқылы жақындау шарт. Бұл да жоғарыда баяндалған тәсіл мен мағына шеңберінде ғана іске аспақ.

❀❀❀

Күнәһарға кешірімділікпен, кеңшілікпен қарауды күнәмен шатастырмау керек. Күнәға деген өштік сезіміне күнәһарды араластырмаған жөн. Осыны түсінген мүмин уағыздау мен жол көрсетудегі тәсіл ретінде «айыптауды өзіне, кешірімділік пен кеңшілікті басқаларға» бағыттауы қажет.

2. ЖҰМСАҚТЫҚ (ХИЛМ) пен МЕЙІРІМДІЛІК ТӘСІЛІ

Адамға тасаввуфи көзбен қарау оның күнәлармен кірленген жағдайынан гөрі оның асыл жаратылысына назар аударып, ілтипат көрсетуді қажет етеді. Тасаввуфи тәсілдің күнәға емес, күнәһарға жақсы көзбен қарап, оған мейірімділік құшақ ашуының хикметі де осы болса керек. Нағыз мұтасаввуф күнәһар адамды қанаты қайырылған құс іспетті мейірім мен сүйенішке мұқтаж жаратылыс деп бағалайды. Оның алай-дүлей рухын тыныштандырудың, оны қайтадан саулық пен тыныштыққа қауыштырудың уайымын шын жүрегімен сезінеді. Өйткені, Жаратушысының құрмет – беделі себебімен жаратылғандарға деген мейірім мен кешірімділік – мүминдерді кемелдік пен парасаттылыққа жеткізетін күшті құрал.

Деректерге қарағанда, сахаба Әбуд - Дәрда Хазіреті Шамда қазылық міндетін атқарып жүрген еді. Бір күні халықтың күнәһар бір адамды тілдегенін естіп, олардан:

«Сендер құдыққа түскен бір адамды көрсеңдер не істер едіңдер?» - деп сұрайды.

Олар:

«Жіп салып шығаруға тырысар едік» - дейді. Әбуд - Дәрда Хазірет:

«Олай болса, күнә құдығына түскен мына адамға неге жіп салып, оны құтқаруды ойламайсыңдар?» - деп сұрайды.

Олар таң қалып:

«Сен бұл күнәһарды дұшпан деп сезінбейсің бе?» - дейді.

Әбуд-Дәрда Хазірет:

«Мен оның өзі мен жаратылысына емес, күнәсына дұшпанмын» - деп жауап қайырады.

Бұл мысалда Әбуд-Дәрда Хазіреттің мүмин көңілдерге орнатқысы келген өте терең хикметтер бар. Бұл хикметтер - Аллаһ Тағаланың әмірі және ризашылығымен Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ұлылығынан үмбетке түскен пәк сәулелер. Бұлар Ислам тарихында үнемі кемелдік дәстүрі ретінде һидаят қуанышы мен нұрына дәнекер ретінде саналып, салих амал арнасында тамыр жайып, дәстүр халіне кешкен.

Бұл дәстүр – күнәһарды күнәсына тұншықтырмай, оны кешірімділік және сүйіспеншілік бағына енгізіп, тәубе дариясында тазартады. Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Әбу Жәһил сияқты ең азғындаған мүшрикке де осындай нәзіктікпен қарап, алдындағы адамның күнәларын қазбалап, жамандықтарымен айналыспай, тек қана имандылықтың бақыттылық дариясында тап-таза болуға шақырған. Сондайақ, Аллаһ Тағаланың иман және тәубеге жабысқан пендесінің алғашқы күнәларын өшіруі, ештеңе істемегендей қатынас жасауы, тіпті шынайылығына қарай, сол күнәларының барлығын сауап дәптеріне жазуы, бұл жайында бізге жол көрсететін үлкен бір хикмет шырағы. Аят кәримада баяндалады:

«Тек қана жасаған жамандықтарынан баз кешіп, иман етіп, салих амалдар істегендер бар ғой, міне Аллаһ олардың жамандықтарын жақсылыққа, күнәларын сауапқа айналдырады. Аллаһ өте кешірімді, терең мейірім иесі» (Фұрқан сүресі 70-аят).

Осы ұлы мейірімнен нәсіп ала алмағандар - әрі өздерінің әрі адамзаттың дұшпаны. Осыншалық сүйіспеншілік пен мейірімді

білмейтін надандар – мәңгілік нәсіптердің жолын бітейтін бейшаралар. Ал, сүйіспеншілік көзіне жеткен Яссауилер, Мәуләнәлар мен Юнустар сияқты Аллаһ достары болса, олар адамдардың да досы болып әркім тарапынан, тіпті қасқырымен, құсымен барлық әлемдегі жаратылыс тарапынан сүйілген нұр жүзді, күлімдеген жәннат бағының гүлдері. Олар тікеннің үстінде де тұрып әлемге сұлулық шашып, жаралы көңілдерді емдейді. Мінеки ең маңыздысы да осы – гүл табиғатты бола білу, яғни осы дүние бақшасында тікендерді көріп, олардан әсерленіп тікенге айналу емес, ортаға қыс сияқты ауыртпалықтар кірсе де, оларды көктем ауасымен құшақтап, бүкіл әлемге гүл бола білу. Бұл жайлы Хазіреті Мәуләнә қандай тамаша баяндайды.

«Ай түннен үрікпегені үшін, қараңғылықтан қашпағаны үшін нұрланды. Жарық шаша бастады. Гүл де хош иіске тікенмен жақсы тіл табысқандықтан қол жеткізді».

«Бұл ақиқатты гүлден де естіп көр. Қара ол не дейді: Тікенмен бірге болғаным үшін неге қайғырамын? Неге өзімді уайымға саламын? Мен күлуге, сол жаман мінезді тікенмен бірге болуға бел буғаным үшін қол жеткіздім. Соның арқасында әлемге сұлулық пен хош иістер шашу мүмкіндігіне ие болдым».

Әшрәфұлы Руми Хазірет осы халге жету үшін шарт болып табылатын дәстүрді мына шумағында былайша топшылайды:

Сол досы үшін уды,
Шекер сияқты жұту керек!

❀❀❀

Сахабалардың бірі жазалай-жазалай жалыққан бір маскүнем хақында лағынет айтады. Мұны естіген Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Оған лағынет айтпаңдар. Аллаһтың атымен ант ете отырып айтайын, бұл адам хақында бір нәрсе білсем, ол да, оның Аллаһ пен Расулын сүйетіндігі» (Бұхари, Хұдуд 5) - дейді.

Марқұм Рамазанұлы Махмуд Сами (құддисә сирруһ) Хазіретінің бір шәкірті қиыншылыққа тап болып, әлсіздікке

ұшырайды да мас күйінде пірдің үйіне келеді. Есікті ашқан адам: «Бұл не жағдай! Қандай есікке келгеніңді білемісің?» - деп айыптағанын естіген соң, діңкесі құрыған әлгі бейшара:

«Маған сүйіспеншілікпен құшақ ашатын басқа бір есік бар ма екен?!» - деп, шарасыздығын білдіреді.

Болған жәйтты іштен естіп отырған Сами Хазірет дереу есікке келіп, көңілі жараланған шәкіртіне «кір» деп, жан сарайына алады. Сөйтіп оның құлаған, күйзелген көңілін, мейірім және сүйіспеншілікпен қайта тірілтеді. Міне осы сияқты көңіл нәзіктігі дәстүрімен ақиқатқа қайтқан әлгі адам да барлық жағымсыз халінен арылып, уақыт өте келе салихтар қатарына қосылады.

Аллаһ достарында байқалған «Жаратушының көзімен мақлұқатқа қарай білу» қасиеті Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мына бір атақты хадисінде ерекше баяндалады:

«Жаным құдіретті қолында болған Аллаһтың атымен ант етемін. Бір-бірлеріңе мейірім етпейінше, жәннатқа кіре алмайсыңдар».

Сахабалар:

«Уа, Расулаллаһ! Бәріміз мейірімдіміз» - дегенде, Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Менің айтпақ болған мейірімділік сендер түсінгендей, тек қана бір-бірлеріңе деген сүйіспеншілік емес. Керісінше бүкіл жаратылысты қамтыған мейірімділік. (Әрине) барлық мақлұқты қамтыған мейірімділік!» - (Хаким, Мүстәдрәк IV, 185) деп бұйырады.

Адам негізгі мақсатынан қаншалықты алыс қалса да «адам» болу қасиетімен сол ұлы абыройға ие. Оның өз айналасындағы қасиеттерден бейхабар түрде күнәнің батпағына батуы бейне Қағбаның қабырғасындағы қара тастың орнынан жерге түсіп, лас кірдің ішінде қалғаны сияқты. Бұндай жағдайда немқұрайдылық танытып, шырылдамайтын ешқандай мүмин

ұжданы табылмайды. Мұндай жағдайда да мүминдер қара тасқа (хажәрүл-әсуәд) құрмет көрсетуден баз кешпейді. Оны дереу тозаң-топырағымен құшып-сүйіп, көз жасын төгіп, оны тазартып, бұрынғы қасиетті орнына қою үшін бір-бірімен жарысады. Оның жәннаттан шыққандығын және негізіндегі ұлық қасиетті ойлайды. Алайда адам да қара тас сияқты жәннаттан шыққан. Күнә жасағаны үшін қаншалықты төмен түссе де, оның негізіндегі қасиеті мәңгілік.

Екінші жағынан әділетті дәрігер алдындағы науқасқа «неге ауырдың» деп ашуланбайды. Ауру - адамның өз кемшіліктері себепті пайда болса да оны, науқастың іс-әрекеті немесе санасынан туындаған әлсіздіктің нәтижесі деп ойлап қарайды. Сөйтіп, науқасқа ауруына себеп болған жайттар үшін ашуланудың орнына, оның тартқан азабы мен қиналғанын көз алдында ұстап, уақыт өткізбей, сүйіспеншілікпен, мейірімділікпен емдеуге кіріседі. Өзін оны емдеуге міндетті санайды. Мінеки, мұтасаввуф та қоғам ішінде аурухана бөлмелерін аралаған дәрігердің сезімімен өмір сүреді. Оның іс әрекетін бағыттап отыратын бұл сезім – адасқандар үшін бейне бір жан құтқарушы дөңгелек іспеттес.

Осындай діни тұрғыда күнәһар болған адамға жан құтқарушы дөңгелек тастап, оны ішіне түскен күнә батпағынан құтқару – зор бақыт дәнекері.

Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хайбар жеңісі кезінде соғыс майданында Хазіреті Әлиге берген мына кеңесі өте маңызды:

«Ей, Әли! Бір адамның сен арқылы һидаятқа жетуі - сен үшін ең қымбат дүние ныгметі болып саналатын қызыл түйелерге ие болудан да артық» (Бұхари, Жиһад 143).

Бұл ақиқат бір аят кәримада былай баяндалады:

وَ مَنْ أَحْيَاهَا فَكَأَنَّمَا أَحْيَا النَّاسَ جَمِيعاً

«Кім оны - бір адамды тірілтсе (жүрегін оятса)**, барлық адамдарды тірілткендей болады»** (Майда сүресі 32-аят).

Бұл иман мәселесі. Шүбәсіз адами сана-сезімнің қателік жағынан ең ауыры - күпірлік. Одан құтылу мүмкіндігі көбінесе жұмсақ кейіп арқылы болғаны үшін Аллаһ Тағала Мұсаны (аләйһиссәләм) Перғауынға иманды айту үшін жіберген кезінде оған «қаули ләйиин» яғни жұмсақ сөзбен жеткізуін әмір етеді. Өйткені, һидаят жаршысының бұл жолдағы жетістігі - жоғарыда айтылғаны сияқты, табыстардың ең үлкеніне көпір болатын салих амал. Аллаһ Тағала Перғауынның күпірлігінің басымдығынан бейхабар емес еді. Сондықтан алдымыздағы адам күпірлікте Перғауынның дәрежесінде болса да, айтып - жеткізу тәсіліміз – қырып-жою, балағаттау сияқты дөрекілік емес, жылы сөз айтудың өзі иләһи тәлім бойынша болуы керек. Хазіреті Мәуләнә:

«Аллаһтың: «Ей, Мұса! Перғауынға қарсы жылы сөз айт, оған жұмсақ бол!» - деген сөзін жақсы түсін!»

«Өйткені, қайнаған майға су құйсаң, ошақты да бүлдіресің, қазанды да...»

Аллаһ Тағаланың Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бойындағы жұмсақтық туралы барлық үмбетке айтқан мына аяты осы ақиқатты баяндайды:

فَبِمَا رَحْمَةٍ مِنَ اللهِ لِنْتَ لَهُمْ وَ لَوْ كُنْتَ فَظًّا غَلِيظَ الْقَلْبِ
لَانْفَضُّوا مِنْ حَوْلِكَ فَاعْفُ عَنْهُمْ وَ اسْتَغْفِرْ لَهُمْ

«Ей, Расулым! Сол кезде Аллаһтан рахмет арқылы оларға жұмсақ қарадың! Егер сен оғаш әрі қатты жүректі болғанда, еш шүбә жоқ, айналаңнан тарап кетер еді. Олай болса, оларды кешір. Кешірілулері үшін дұға ет» (Әли Имран сүресі 159-аят).

Бұл тәсіл тек қана күнәһар мен кәпірлер үшін емес, бәлкім ең жоғары дәрежеде Исламды ұстанған адамдардың өзінде де адам болғаны үшін байқалатын кейбір әлсіздіктер мен кемшіліктерге қарсы да қажетті. Өйткені, кемшілікті түзетуге тырысқан кезде адамды төмендетіп, оны ренжітетіндей қатты әрі оғаш қылық көрсету, мақсатқа кереғар, бәлкім, кері нәтижелерге апарып со-

ғуы мүмкін. Өйткені, ондай жолмен жасалған ескертулерде адамдар кейде әке-шешелерінің алдында да шыдамсыздық танытуға мәжбүр болады. Оған қарағанда басқаларға шыдамдылық танытуы өте қиын. Мұндай жағдайларда айтылған шындықтар да көңілге түрпідей тиіп, пайдасы мен тартымдылығын жоғалтады. Бұл жайлы Хазіреті Мәуләнә:

«Бір оғаш қылығың үшін сені айыптаған кезде әкең де сенің көз алдыңда жабайы аң сияқты жыртқыш көрінеді» - дейді.

«Бұл жағдай, оның айыптауы мен жазалауынан туындаған қиналудың әсері. Яғни әкеңнің ескертуі сенің жақсылығың үшін болғанымен, айыптауы мен жазғыруы арқылы оның көңіліндегі мейірімділік пен аяушылық сезімі көрінбей қалып, әкеңді саған жануар сияқты көрсетеді».

Міне ки адамдағы бұл психологияны ұмытпай, қаншалықты күнәға батса да, оның құнды жаратылыс екендігін біле отырып әрекет ету керек. Сол үшін хадис шәрифте Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Адамға күнә ретінде мұсылман бауырын төмен санауы жеткілікті» - (Мүслим, Бирр 32) деп тұжырымдайды.

Бұл хадистің хикметін түсінген Бәзмиәлем Валидә Сұлтанның үй қызметшілерінің абыройы түспесін деп, олар сындырған заттардың құнын төлеу үшін, Шамда қор құруы біздерге терең көңіл көкжиегін көрсетеді.

Осы сана-сезімге жеткен мүминнің уағыздау мен жол көрсетудегі бірден бір тәсілі ретінде **«айыптауды өзіне, кешірімділікті басқаға»** бағыттауы керек. Өйткені, Аллаһ Тағала былай дейді:

«Бір-бірлеріңнің кемшіліктеріңді қарастырмаңдар. Біреу-біреуді еш кінәламасын (өсек айтпасын). **Қайсыларың өлген бауырының етін жеуден ләззат алады? Одан тітіркенесіңдер** (солай ма?)**»** (Хұжурат сүресі 12-аят).

Осы иләһи тәлімдер бағытымен өмір сүре білген тамаша үлгілі адамдар ешқашан дүниені ақыреттен бөлек бағаламайтын ахлақ пен парасаттылық қаһармандары болған. Осындай ру-

хани сұлтандардың ізін басып, тарихқа бағдар берген дүние сұлтандарының бірі Осман Ғазидің рухани қамқоршысы Шәйх Әдебали Хазіреті тарапынан оған және оның артынан келетін барлық мемлекет адамдарына, тіпті, отбасыдан бастап, ең төменгі сатыдан, ең жоғарғы сатыдағы басқарушыға арнап айтқан мына өсиеттері қандай терең мағыналы:

«Ей, балам! Жігітсің! Осыдан кейін ашу – бізде, кішіпейілділік (жуастық) – сенде. Ренжу – бізде, көңіл табу – сенде. Кінәлау – бізде, төзу – сенде. Әлсіздік, қателік – бізде, кешіріммен қарау – сенде. Келіспеушілік, талас, тартыс түсініспеушілік – бізде, әділдік – сенде. Жаман көз, шәйпау ауыз, хақсыз жорамал – бізде, кешіру – сенде».

«Ей, балам! Осыдан кейін бөлу – бізде, біріктіру – сенде. Жалқаулық – бізде, ескерту, ынталандыру, бағыт беру – сенде».

Бұл насихаттар – өзіне қарсы кемшілік жасаса да адамдарды Аллаһ үшін кешіре біліп, Аллаһтың құлдарына не болса да кешірімділік пен сүйіспеншілік қарай білу түріндегі көңіл байлығының және жоғары парасаттылықтың теңдессіз көрінісі.

Сондай-ақ, Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) жамағат арасындағы кінәлі адамды білсе де, оны ренжітпеу үшін нақты айтпай, кемшілікті бейне бір белгісіз, жалпылама халге әкеліп, сол кемшіліктен барлық жамағатты сақтандыратын. Кейде алдындағы адамдардың қателігін оларға лайық көрмегенін сездіру мақсатында:

«Сендерді солай көретін, маған не болған» - (Бұхари, Мәнақиб 25); (Мүслим, Салат 119) деп, өзін бейне қате көргендей ететін.

Міне бұл – қатесі бар адамды ұялтпау және оны төмендетпеу тәсілі болғаны сонша тасаввуфты дұрыс түсініп, ұстанып жүргендердің ортақ сипаты болып табылады. Өйткені, Аллаһ жолы көңілді жығу емес, көңілді көтеруден өтеді. Бұл жайлы Юнус Әмрә қандай тамаша айтқан:

Көңіл Құдайдың тағы,
Құдай көңілді бақты.
Кім көңілді құлатса,
Екі дүниенің бетбақы (бақытсызы)!

Кемшілігі үшін айыпталып, шеттетілген және қорланған көптеген адамдар тек қана осы тәсіл мен түсініктің берекетімен қайтадан рахмет ортасына кіре алады.

❁❁❁

Риуаят бойынша Жүнәйд Бағдади Хазіретінің бір шәкірті бар еді. Басқа шәкірттері бір күні оны өзіне жаман ат келтіретін жағдайда ұстайды. Одан қатты ұялған шәкірт ол жерден кетіп, қайтып медресеге келмейді. Арада біраз уақыт өткен соң жан дүниесі өртенген әлгі шәкірт сұхбаттас жолдастарымен көшеден өтіп бара жатқан Жүнәйд Бағдадидің көзіне түсе кетеді. Шәкірт ұстазын байқап, ұялғанынан сол жерден жылыстайды. Жағдайды сезген Жүнәйд (қуддисә сирруһ) қасындағы сұхбаттас жолдастарына бұрылып:

«Сендер бара беріңдер, менің ұямнан бір құсым қашып кетіпті!» - деп, шәкіртінің соңынан кетеді. Кейін бұрылып қараған шәкірт ұстазының өзінің артынан келе жатқанын көргенде тіпті сасқалақтап, адымын жиілетеді. Жүре-жүре бір тұйық көшеге кіреді. Ұялғанынан туындаған сасқалақпен байқаусызда басын дуалға соғады. Қарсы алдындағы ұстазын көргенде түрі өзгеріп, басын иіп төмен қарайды. Жүнәйд (қуддисә сирруһ):

«Балам! Қайда барасың, кімнен қашып барасың? Ұстаздың шәкіртіне деген көмегі мен жәрдемі негізінде осындай қиын күндерде және мүшкіл кездерде болады» - деп оны мейіріммен медресеге алып барады. Ұстазының аяғына жығылған шәкірт істегеніне өкініп, тәубе етеді.

Міне бұл жағдай - бір адам қанша кемшілік етсе де оны қумай, керісінше оған әкелік мейірімімен қарай білу – кемелдіктің рухани жол көрсетудегі берекелі нәтижелерінің бірі.

Екінші жағынан, қателік пен кемшіліктерді кешіре білудің арғы жағында жамандыққа жақсылықпен жауап бере білу, тіпті жамандығын көрген біреудің дұрыс жолға түсіп, һидаятқа бөленуі үшін дұға ете білу – кәміл мұсылманның ерекше сипаты болуы керек. Бұл сипатқа Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Тайфта өзіне тас атқандарға қарғыс тілемей, һидаятқа қауышулары үшін дұға етуі жеткілікті мысал. Діннің абыройын қорғау үшін Меккеде адамдардың қарғысқа ұшырап, иләһи қаһармен жойылуын емес, бәрінің һидаят шеңберіне кіруін қалауы түріндегі ұстанымы қаншама азғындаушылардың құтылуына себеп болған.

Хадис шәрифте былай делінеді:

«Сендер үшін жақсылық жасағандарға – жақсылық жасау, жамандық істегендерге қарсы – жамандық істеу жетістік емес. Нағыз жетістік – сендерге жамандық жасағандарға қарсы дәл солай жамандық қылмай, жақсылық жасай білу» (Тирмизи, Бирр 63).

Өйткені, жақсылық жасалған адам дұшпан болса – дос болады, алыста болса – жақындайды, жақында болса – сүйіспеншілігі артады. Қазіргі кезде дүниеде материализмнің аяусыз қармағына ілініп, үлкен руханият нәубетіне тап болған адамдардың рухани рахаттану үшін көбінесе мистикалық ойларға сұраныс жасауының хикметі де осы. Исламды түсіндіріп, уағыздаған кезде тасаввуфи тәсілдердің қолданылуы да осы жағымен тиімдірек. Қазіргі кезде батыста һидаятқа қауышқан зиялы қауымның көбі рухындағы бос орынды толтыру (қанағаттандыру) үшін Хазіреті Мәуләнә мен Ибн Араби сияқты ұлы мұтасаввуфтардың кітаптарына жүгінуде және де батыста өте көп сұраныста болған Ислами кітаптардың басында тасаввуфи кітаптар келеді. Сол себепті қазіргі кезде:

> *«Кел! Кел! Кім болсаң сол бол, және де кел!*
> *Кәпір, мәжуси немесе пұтқа табынушы болсаң да кел!*
> *Біздің мәжілісіміз (Ислам) үмітсіздік мәжілісі емес.*
> *Жүз рет тәубеңді бұзған да болсаң, және кел!»* - деген

Мәуләнәның барлық адамзатты қамтыған рухани тереңдігіне мұқтаждық өте көп.

Мәуләнә Хазіретінің бұл кешірімпаз шақыруындағы мақсаты адамды негізімен таныстырып, оны мейірім мен кешірімділіктің құнарлы топырағында қателіктерінен құтқарып, Исламға кіргізу. Әйтпесе, барлық адамды бұрынғы халін жалғастыру шартымен қабылдау емес. Мақсат – сол адамның жан-дүниесін түзету. Ұстаға бұзылған бұйым апарылады. Мәуләнәдай адамдардың көңіл сарайы бір жөндеу орталығына ұқсайды, ол жерде жасалатын жұмыс қателіктерді түзету болғандықтан, қатесі бар адамдарға үндеу жасалып, олардың шақырылуы табиғи жағдай.

❃❃❃

Әсіресе, діни өмірдің шектен тыс әлсіреген және діни шарттар бойынша адамдардың әжептәуір кемшіліктері болған кездерде адам баласына тассаввуфи қайырымдылық, мейірімділік және кешірімділікпен қарау керек. Өйткені, мұндай қимыл – күнә, фитнә, бұзақылық және мойынсұнбаушылық сияқты жаман істер жан-жақтан қоршаған осындай адамдардың түзеліп, жол табу ықтималдығын арттыратын ең берекетті іс.

Бірақ, күнәһарға қарсы кешірімділіктің жеке басқа тән жағдайларда болса жақсы екендігін айтқан жөн. Әйтпесе, құл ақысын таптайтындай қоғамға әсер етіп, қоғамның тыныштығы мен бақытына нұқсан келтіретін қателіктер мен зұлымдықтарға кешіріммен қарау және оларды ұнату дұрыс емес. Сонымен қатар дінді сырттай ұстанған адамдардың, күнәһарға ашу сезімімен қарауы да күмәнсіз қателік емес. Олар үшін күнәһардан аулақ болу - жүрегін оған жақындаудан туындайтын зияндардан қорғануы үшін шарт. Өйткені, надандықпен өмір сүрген адамдарға күнәлар жағымды музыка сияқты нәпсіге ұнамды көрінеді де бейне бір ауыртпалығы сезілместен жасалуы мүмкін болады. Сондықтан күнәһардың күнәсін жеңіл санау – иләһи өлшемдерге нұқсан келтіреді һәм жүректің сол күнәға араласуына себеп болатындықтан қоғамға қауіп төндіреді. Яғни, күнәһарға деген кешірімділікті күнәға аудармау керек. Күнәға

деген дұшпандықты да күнәһарға аудармаған дұрыс.

Қорыта айтқанда: *«Жеңілдетіңдер, қиындатпаңдар! Сүйіншілеңдер (қуантыңдар), қорқытпаңдар!»* - (Бұхари, Ілім 11) деген хадис дәстүріміз болмақ.

Әрине, діннің негізіне зиян келтірмеу және бағыттан алшақтамау шартымен істеу ләзім.

Уа, Раббым! Бізді көңілі иләһи хикметке толы, екі дүниенің сырларынан хабардар нағыз ғашықтардан еткейсің! Жүрегімізді Жаратушы үшін жаратылғандар алдында мейірімділік пен қайырымдылықтың көзі қылғайсың! Күнә мен кемшіліктерімізді сауапқа және жақсылықтарға айналдырғайсың!

Уа, Раббым! Бізді «Рахметім - азабымнан басым» сырының шеңберінде әрекет етіп, үнемі кешірімділікке толы жол ұстанған һидаят жаршысы болған салихтар қатарына қосқайсың!

Әмин!

ҮШІНШІ ТАРАУ

Мағрифатұллаһ
және
Иләһи Сыйлар

А. МАҒРИФАТҰЛЛАҺ

1. Аллаһтың ұлы заты
2. Иләһи сипаттар және олардың көріністері
3. Мағрифатұллаһ және оның арифтердегі көріністері

Ә. ИЛӘҺИ СЫЙЛАР

1. Ләдүнни ілім
2. Парасаттылық
3. Керемет (қолдану ерігі)
4. Садық (шынайы) түстер

«Нәпсісін танып, білген сөзсіз, Раббысын таниды»

Мағрифатұллаһ және Иләһи Сыйлар

Аллаһ Тағаланың айқын болғандығы соншалық, Ол айқындығының күштілігінен ғайып (көрінбейді).

А. МАҒРИФАТҰЛЛАҺ

1. АЛЛАҺТЫҢ ҰЛЫ ЗАТЫ

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Аллаһтың жаратқандарын тәфәккур етіңдер (ойланыңдар), затын ойламаңдар. Өйткені, сендер Оның қадірін (оған лайық түрде) әсте біле алмайсыңдар» - (Дәйләми, Мүснәд II, 56; Һәйсами, Мәжмәуз-Зәуайд I, 81) деген сөзі, Аллаһ Тағаланың заттық мәнін түсінудің мүмкін еместігін білдіреді.

Онсыз да адам түсінігін иман мен парасаттылыққа жеткізіп, һидаят нұрына бөлейтін Аллаһ хақындағы мағлұматтар да затының мәнісімен байланысты емес, сипаттарымен байланысты. Өйткені, Аллаһ Тағала уақыт пен мекеннен пәк. Адам түсінігі болса, уақыт және мекен түсінігімен шектелгендіктен, оның санасы тек материалдық әлемнен алған әсерлерімен ғана істейді. Бір нәрсені түсіну үшін ол нәрсенің көзге көрінетін әлемде бір ұқсасының және оның санасында әсері (белгісі), дерегі болуы керек. Аллаһ Тағала болса, жаратқандарына әсте ұқсамайды (мұхәләфәтүн лил хауадис). Бұл кейіннен пайда болған ешбір нәрсеге ұқсамауды, олардан қалайда өзгеше, жоғары әрі кәміл болуды білдіреді. Бұл қисынды ақиқат - әлемді басқарып тұрған

тәртіптің кәмілдігін түсінудің нәтижесі. Мұндай әлемді жарату құдіретіндегі алғашқы себепті, яғни Жаратушы Халиқ Тағаланы жаратқандарымен мүлдем салыстыруға болмайды. Ол – барлық жаратылғандардан жоғары дәрежедегі кемелдік, ұлылық пен құдірет иесі. Мұның бұлай болуы да ақылға сай және қисынды қажеттілік. Сондықтан теңі мен ұқсасы жоқ Аллаһтың заттық мәні хақында ойлау – адам үшін әсте мүмкін емес, Ол туралы ойлау дұрыс та емес.

Яғни Аллаһ Тағала жайында біздің білеріміз – сипаттары арқылы затының бар екендігін қабылдап түсіну ғана. Сол үшін Аллаһ Тағаланың Құран Кәрімде бізге өзі хақында ұсынған мысалы мен түсіндірмелері де осы мәнге байланысты. Аят кәримада былай делінеді:

«Аллаһ көктер мен жердің нұры. Оның нұры ішінде білте жанған бір қол шамына ұқсайды. Ол шырақ әйнектен жасалған бір шамның ішінде. Әйнек шам болса, бейне бір інжу сияқты жарқыраған жұлдыз. Ол шырақтың жанармайы не батыста немесе шығыста ұқсасы жоқ мүбәрәк (берекелі, бітпейтін**) бір зәйтүн ағашынан алынады. Және ол ағаштың майы сондай мөп-мөлдір және сондай жарқыраған, от тимесе де жарық шашарлықтай. Нұр үстіне нұр! Аллаһ қалағанын нұрына қауыштырады. Аллаһ адамдарға (**түсінсін деп осылай**) мысалдар береді. Ол барлық нәрсені білуші»** (Нұр сүресі 35-аят).

Мұқият зер салар болсақ, аят кәримадагі мысалмен адам түсінігі алдымен түсіне алатындай әсерлермен де араласады, сонан барып қиял мен түсініктен тыс ақиқатпен әлгі әсерлерден де ажыратылып, ең қысқа сөзбен «нұр үстіне нұр» деп аталады, яғни Оның нұры, мысалдан түсінілетіндей, шектелуі бірнеше түрлі нұр емес, біреуі ғана немесе бәрі де емес, шексіз түрде әрбір нұрдың үстінде шегі мен белгісі жоқ, шектелуі мен білінуі мүмкін емес бір нұр. Бірақ әркім хақ дәлелін көре алмайды, Хақтың аяттарын біле алмайды да Хақтың қалауын таба алмайды. Өйткені, көрініп тұрған нәрсені түсіну нұрға да, оны көретін көзге де байланысты. Өйткені, көзге көрінуге қолайлы әр нәрсе нұрдың берекетімен көзі бар барлық адамға аян бол-

са, соқырларға ешқашан көрінбейді. Олай болса, күллі болмыс пен ақиқатты көрсететін нұрдың болуы аса зәрулік жағдай болғандай, бұларды көретін рухтың болуы да, бұл ақиқатты көрудің бірден бір жолы болып табылады. Өйткені, тек көре алатын рух қана байыбына барып, түсіне алады.

Бір жағынан Аллаһ Тағаланың аят кәримада өзін «Нұрмен» сипаттауы және «Аллаһ көктер мен жердін нұры» деуі - барлық әлемді жаратқан, мына тұңғиық әлемді көрсеткен, жасырын да айқын шексіз ақиқаттарды білдірген, көздер мен көңілдерді шаттандырған бір ғана күш – құдірет иесінің өзі болғандығының айқын дәлелі. Өйткені, Аллаһ Тағаланың сол ұлық нұры болмағанда, ешбір нәрсе білінбейтін, табылмайтын, ешбір ақиқат сезілмейтін және ешбір қуаныш көңілге толмайтын еді.

Осы орайда жаратылыстың көрінуі мен аян болуының бірденбір себепшісі болған барлық нұрлар, сол ұлы нұрдың бір көрінісі ғана. Сондықтан көктердегі нұрлардың дәрежелерінің дүниеде де бір мысалы бар. Мысалға күннің сәулесі айға шағылысып, содан жер бетіндегі үйдің ішіне кіріп, қабырғадағы бір айнаға түссе, сосын одан екінші қабырғадағы бір айнаға шағылысса, сонан соң ол жерден су құйылған бір ыдысқа түссе, сосын одан үйдің төбесіне шағылысса, солардың ең күштісі, алғашқы қайнары болып күндегі, екіншісі болып айдағы, үшіншісі болып айнадағы, төртіншісі болып екінші айнадағы, бесіншісі болып судағы, алтыншысы болып төбедегі нұр болып табылады. Көктердегі басқа нұрлардың дәрежелері де дәл осы сияқты. Яғни алғашқы нұр екіншісінен әлде қайда қуаттырақ. Және осы нұрлардың барлығы арта отырып, күшейсе, ең үлкен және шексіз нұрда аяқталады. Бұл - Аллаһ Тағаланың нұры.

Барлық нәрсенің жарыққа шығып білінуі, тек көктер мен жердің нұрландырушысы – Аллаһ Тағаланың жарыққа шығарып, білдіруімен ғана болады. Өйткені, оның нұрынсыз жаратылыстың ортаға шығуы және көрінуі әсте мүмкін емес. Бірақ, күннің жарығында көктемнің көгіне қараған адам көзіне көрінген әр түрлі түстер алдында:

«Көктен басқа ештеңе көргем жоқ!» - деп көктем мен көкке көңіл аударып, нағыз оларды көруді қамтамасыз еткен сәуленің парқына жетпейді. Алайда, барлық көрген түстерін сәуленің арқасында көрген. Бұл жағдайда сәуле негізінде айқындықтың күштілігінен жасырын қалған.

Осы шындық бойынша мағрифат иелері былай дейді:

«Аллаһ Тағала негізінде ғайып (жасырын) емес. Бірақ, біздің адамдық қабілетіміз бен түсінігіміз шектеулі болғандықтан, Ол өзінің айқындығының күштілігінен ғайып».

Һүдаий Хазірет былай дейді:

Айқындығы көрінуге перде болған
Көзі бар адам нұрға дәлел сұрай ма?

Басқаша айтқанда, бір бөлмеде бес мың ваттық жарық жанса, адамның көзінің қабілеті осы жарықтан ештеңе көруге шамасы жетпейді. Олай болса, миллиондаған ваттық жарықтан да күшті жоғары нұрдың иесі – Хақ Тағала әлбетте адам түсінігі тұрғысынан ғайып болады. Осы ұғымды баяндау үшін Құран Кәрім мүминдер хақында:

«Олар ғайыпқа иман етеді (сенеді)**...»** - (Бақара сүресі 3-аят) деп бұйы-рады.

Бірақ парасаттылар үшін бұл нұрлы көрінісінің күштілігінен ең белгілі болған жаратылыстан айқын бір ғайып.

Мәселен, ауамен өмір сүреміз. Ол біздің барлық айналамызды қоршап тұрса да, оны біз көре алмаймыз. Тек оны дем алу арқылы сеземіз. Сол үшін оны көрмесек те, жоққа шығару былай тұрсын, оған өмірлік қажеттілікпен: «Ауа болмаса, өмір сүре алмаймыз!» - дейміз.

Судағы жәндіктер де біз сияқты. Олар дарияның ішінде жүзіп тұрса да, судың өзін білмейді. Алайда, су оларды қоршап тұр. Көздеріне көрінбейді.

Біз бір нәрсе алдымызда, оңымызда, солымызда немесе басқа жақтарда болса, оны түсіне аламыз. Бірақ сол нәрсе жан-

жағымызды тұтас қоршап алса, жақ-тұс деген ұғымның барлық шектеуінен арылып, оның барлығының көрінісі түсінігімізден тыс қалады. Сөйтіп жан-жақпен шектеулі көзімізден жасырын қалады. Бұлай болмағанда, мысалға ауа көзге көрінетін болғанда, өмір сүру мүмкін болмас еді. Өйткені, тұманды күнде басқа нәрселердің бәрі көрінбейтін халге келеді. Яғни, біздің жан-жағымызды қоршаған бір нәрсенің көрінуі басқаларының көрінбеуіне себеп болады. Сондықтан Аллаһ Тағала осы әлемде көзден жасырын қалған. Егер айқын болғанда, адамдар Оның дидарының көркемдігінен һәм өздерін жан-жағынан қоршағандықтан басқа ешбір нәрсені көре алмас еді. Әрине, ол кезде дүние өмірі деген нәрсе болмас та еді.

Сондықтан мүтәал, яғни қиял мен түсініктен тыс бір – Аллаһ Тағала әрі жасырын әрі ең айқын. Нақтырақ айтсақ зат ретінде – жасырын, көрініс ретінде – айқын.

Ол – айқын. Өйткені барлық жаратылыс Оның затының нұрынан пайда болады.

Ол – жасырын. Өйткені көз Оның нұрына қарауға күші жетпейді...

Ол – айқын. Өйткені Одан өзге барлық нәрсе тек қана Оның сипаттары арқылы көрініс табады.

Ол – жасырын. Өйткені Оның теңі мен теңдесі жоқ. Адамның білімі болмысты қайшылықтарымен салыстырып, танудан тұрады. Сондықтан, еш қарама қарсысы жоқ және мүлде өзгермейтін нәрсенің жасырын болуы да табиғи жағдай. Мұндай қасиеттегі бір жаратылысты түсінуге ешбір саналы мақлұқ жеткілікті дәрежедегі қабілетке ие емес. Сол себептен иман – Оның затының ақиқатын білу емес, бар екендігін қабылдау ғана. Өйткені, бар болып, болмауы басқа нәрсе, бар болған бір нәрсенің мәнісі хақындағы үкім басқа нәрсе.

Бұл тұрғыдан Аллаһ Тағала өз ұлы затының тек бар болып, болмауы мәселесін ғана аңғарсын деп, адамды ақыл нығметімен безендіргені сияқты, барлық әлемді ұлы сипаттарының көрі-

ністеріне толтырып, солар арқылы өнерден өнерпазды түсіну мүмкіндігін ұсынған. Төмендегі мысал осы ақиқатты қандай тамаша көрсетеді:

Ұлы әулиелерден Жүнәйд Бағдади Хазірет бір күні көп адамдардың асығыспен, қызығушылықпен бір жаққа қарай жүгіргенін көріп, олардан :

«Асығыс-үсігіс қайда бара жатырсыңдар?» - деп сұрайды .

Олар:

«Пәлен жерден бір ғалым келіпті! Аллаһ Тағаланың бар болуы мен бір болуын мыңдаған дәлелдермен түсіндіреді екен! Оның осы дәлелі мен түсініктерінен пайдалануға бара жатырмыз. Қаласаң сенде жүр!» - дейді .

Сонда Жүнәйд Хазірет күлімдеп, оларға:

«Көретін көз, еститін құлақ және сезетін жүрек үшін әлемде иләһи құдіреттің шексіз куәгерлері мен дәлелдері бар. Аллаһ Тағаланың өзі хақында қаншама куәгерлері бар. Ей, халайық! Соның өзінде әлі күмәні барлар бара берсін! Біздің көңілімізде күмәннің сынығы да жоқ» - депті. Қорыта айтқанда көретін көз үшін Аллаһ Тағала әлемнің асылы болған адамда, үнсіз Құран – әлемде және үнді әлем – Құранда сансыз иләһи сипаттарының көріністерін сыйлаған. Сонымен қатар осыларды адамзатқа айқын түрде көрсету үшін көмекші, жол көрсетуші етіп пайғамбарларды жіберген. Сөйтіп пайғамбарлар арқылы көрінетін және көрінбейтін әлемнің ақиқаттарын белгілі мөлшерде, дәл Құран Кәрімде байқалғандай, адамның түсінігіне сай етіп, «сөз» түрінде сыйлаған.

Сондықтан сөздердің шекті мүмкіндіктерімен Аллаһ хақында тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні ретінде былай дей аламыз:

Негізінде абсолютті жаратылыс (Аллаһ) ешқандай шектелмейді. Оның Өзін сипаттағанынан басқа ешбір сипатпен сипатталмайды. Тіпті, Оған біздің шектеулі түсінігімізбен «абсолютті» деуіміздің өзі шектеу. Бірақ, түсіндіру үшін осылай айту қажет. Әйтпесе, адамның ақылына не келсе де Аллаһ одан мүлдем басқа.

Барлық түсінік пен ұғымдардан пәк болған – «абсолютті барлықтың» өз сипаттарын жарыққа шығаруы затының қажеттілігінен. Дәл жарық шамның сәулесін шағылыстырғаны сияқты. Барлық жаратылыстар абсолют барлықтан шағылысқан, әлем – сол ақиқаттың бір көрінісі. «Көрінетін әлем» деп аталатын осы әлемдегі жаратылыстар салыстырмалы түрде бар, өз жаратылыстары жағынан негізінде ешбірі бар бола алмайды. Абсолют барлықтың сипаттарының, істерінің, үкімдерінің, құдіретінің, жаратушылығының көрінісі ретінде бар болып саналады. Аллаһтың ұлы заты барлық жаратылыстарда жаратушылығын, құдіретін, хикметін, қолданысын, билігін, сипаттарын көрсеткеніне қарамастан жаратылыс әлемі, еш уақытта Оның затының көрінісі емес. Яғни, жаратылыс әлемі Аллаһтың затының емес, сипаттарының көрінісі.

Сондықтан Жаратушының заты барлық нәрседен қасиетті әрі пәк. Күн болмаса, оның жарығы болмайды. Бірақ, күннің жарығы күннен бөлек жаратылыс болмағанымен күннің өзі емес. Барлық нәрсені тәңір деп біліп, тану – әлемдегі барлық жаратылыс дүниесін тәңір деп қабылдау болып табылатыны сонша, бұл – «Бірді» «әрбір» түрінде түсінетін матералистік көзқарасқа жол ашады. Платонның шығармасындағы пантеистік сенім міне осы қате көзқарастан қалыптасқандықтан қорқынышты әрі өте қате пікірден туындаған. Кейбіреулер Уахдәтүл Ужудты да осы сенім жүйесінің ішіне тартпақ болып, әрі сол жүйеде қабылдаса да, нағыз сопылар мұндай қате сенімді үнемі жоққа шығарып отырған. Өйткені, барлық нәрсені Тәңірдің бар болуымен бар болған деп санаумен қатар, Оның затын барлық нәрседен пәктеу – нағыз Уахдәтүл Ужуд[1] сенімі болып табылады. Яғни барлық

[1] Уахдәтүл Ужуд - Мухиддин Араби Хазірет тарапынан жүйелендірілген тасаввуфи бір түсінік. Бұл жайында «Уахдәти Шуһуд» деп аталатын екінші бір түсінік тағы бар, бұл да «Мүжәддиди Әлфи Сани» / «екінші мыңжылдықтың жаңартушысы» атағын алған Имам Раббани Хазіретіне тиесілі. Бұл екі көзқарас, негізінде бір нәрсені әр түрлі терезелерден түсіндіру болып табылады. Яғни екеуі де Аллаһ Тағаланың «Ужуд» (бар болу) сипатының мәнімен көрінетін әлемдегі ужуд - барлық арасындағы айырмашылықты, түсіну және түсіндіру болып табылады. Бір ғана айырмашылығы бар, ол, Уахдәтүл Ужуд - тәухидті сезу. Уахдәти Шухуд болса тәухидтің көріністерін тамашалау. Негізінде бұлар рухани бір хал болғандықтан, ақылмен салыстырмаған жөн.

әлем – Хақ Тағаланың сипаттары көрініс табатын арна, ал, әлем Оның заты емес. Өйткені, Жаратушы әсте жаратылғандардай көрініс таппайды. Мұндайға сену – барып тұрған күпірлік. Өйткені, Аллаһ Тағала – мухаләфәтүн лил хауадис. Яғни теңі, ұқсасы жоқ, жаратылғандардың ешбіріне ұқсамайды. Сондықтан Ол, адами (антропамерфтік) сипаттармен сипатталудан пәк. Осы ақиқаттан алыстап, еврейлердің Үзәйрді (аләйһиссәләм), христиандардың Исаны (аләйһиссәләм) Аллаһтың ұлы дейтіндей артық кеткені белгілі. Адам баласының өз қиялында жасап, сосын сене бастаған адасушылық көріністеріне иләһи жауап ретінде Аллаһ Тағала былай дейді:

«Олар (мүшриктер мен кәпірлер) **Аллаһты лайықты түрде танып білмеді. Қиямет күні барлық жер беті оның қол астында. Көктер оның құдіретті қолымен түріледі. Ол мүшриктердің серік қосқанынан ұлық әрі пәк»** (Зүмәр сүресі 67-аят).

Сондықтан Исламдағы сенім жүйесінің негізін құрайтын тәухид сөзі – шындығында «**лә иләһә**» сөзімен жүректегі барлық қате сенім мен тәңір түсініктерін жойып, орнына «**иллаллаһ**» сөзімен ең дұрыс, яғни Аллаһ Тағала қабылдаған ұлық бір тәңір түсінігі мен сенімін орнатқан. Сондай-ақ аятта былай баяндалады:

«Ол – Аллаһ, одан басқа тәңір жоқ. Ол – үнемі тірі және барлық нәрсе Өзі арқылы бар болған Қайюм. Ол қалғымайды да ұйықтамайды. Көктер мен жердегілердің барлығы Сонікі...» (Бақара сүресі 255-аят).

«Оған ұқсас ешбір нәрсе жоқ. Ол – естуші, көруші» (Шура сүресі 11-аят).

«(Ей, Расулым!) **Айт: Ол Аллаһ – біреу. Аллаһ – самад.** (Барлық нәрсе оған мұқтаж, ол ештеңеге мұқтаж емес). **Ол – туылмаған және тумаған. Оның ешбір теңдесі жоқ»** (Ықылас сүресі 1-4 аяттар).

Қысқасы, біздің Аллаһтың заты хақындағы түсінігіміз – тек өз әлемімізден алатын әсерлер мен хикметтер шеңберінде Оны біліп, мойынсұну. Яғни, құл мына фәни дүниеде және фәни шарттар ішінде қандай халге және қабілетке ие болса да Аллаһтың затын түсіну турасында әлсіз, әлсіз, әлсіз...

Құран Кәрімде баяндалғанындай: Мұса (аләйһиссәләм) Тур тауында Аллаһ Тағаламен сөйлескенде, өте үлкен рухани ләззат сезінді. Сонда иләһи көріністі татып есінен танды. Өзінің дүниеде ме, әлде ақыретте ме екендігін ұмытып, бейне бір уақыт пен мекеннің сыртына шыққандай болды. Күшті ғашықтықпен, ынтықтықпен естен тана отырып, Аллаһтың ұлы затын көруге көңілінде қатты бір қалау пайда болып, Аллаһ Тағаладан осыны сұрады. Аллаһ Тағала:

«Лән тәрани - Мені әсте көре алмайсың!» - деп оған тауға қарауын, егер оны орнында көре алса, Өзін де көре алатындығын айтты. Риуаятқа қарағанда сансыз перделердің арғы жағынан Аллаһ Тағаладан бір нұр көрінісі тауға түсті. Тау жарылып шашырап кетті. Бұл қорқыныштан Мұса (аләйһиссәләм) естен танды. Есін жинағанда, шектен шыққаны үшін Аллаһ Тағаланы мадақтап, истиғфар етті.[2]

Міне, Құранның бұл ақиқаты да адам баласының Аллаһтың ұлы затын түсінуде тым әлсіз екендігінің айқын дәлелі.

Сонымен қатар, хадис шәрифтерден аян болғанындай, мүминдер жәннатта Аллаһтың затын бұл дүниеде толған айды көргендеріндей тамашалайтын болады. Бұл ақиқат пен жоғарыда айтылған ақиқат арасында қайшылық жоқ. Өйт-кені, дүниедегі шарттар мен ақыреттегі шарттар бірдей емес. Яғни, мүминдерге жәннатта Аллаһтың затын тамашалауды мүмкін ететін ерекше қабілет беріледі. Сондай-ақ, Аллаһ Расулының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осы дүние шарттарында қалдырылмай, Жәбірейіл тарапынан кеудесінің жарылып, рухани операциядан өтуі, бір қарағанда жоғары міндеттерді көтере алатындай жаратылыс пен қабілетті оған беру үшін еді. Әйтпегенде Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) шыдамы қарапайым адамдық жаратылыспен, бұл міндеттерге, және Миғраж сияқты ұлық көрініске жетпес еді...

Қорыта айтқанда, **иманнан ихсан дәрежесіне** көтеріле білгендер – барлық осы иләһи сырлар жорығында ақиқат пен

[2]Ағраф сүресі 143-аят.

мағрифатқа қол жеткізе білген жандар. Мұндай құлдар әлемнің көзінің қарашығы және асылы болып табылады. Бұлар – нағыз кәміл адамдар. Үнемі әзәл әлемін, яғни Абсалют барлыққа қауышуды аңсап, іздейді. Осы шектеулі әлемге тап болу – олар үшін бейне бір жырақтық. Бірақ, олар – осы әлемде өз фәни болмыстарынан ажырап, Хақ Тағаланың бар болуы арқылы бар болғандықтарын біліп, еріктерін Хақ Тағаланың еркіне тәсілім еткен жандар.

Аллаһ Тағала бәрімізді ең дұрыс және нақты иманға жетуді нәсіп еткей. Иман бағымызды да өз ризашылығына сай салих амалдардың шоқтарымен әшекейлесін. Хабибіне көрші етіп, затының дидарын тамашалауды нәсіп етсін!

Әмин!

Хақтың нұрымен қараған адам зәрредән мәңгілікті көреді, бір тамшыдан барлық теңізді тамашалайды

(Хазіреті Мәуләнә)

2. ИЛӘҺИ СИПАТТАР және ОЛАРДЫҢ КӨРІНІСТЕРІ

Аллаһ Тағаланың заты – біреу-ақ, сипаттары болса, олар сансыз. Яғни, Оның сипаттары белгілі бір мөлшерде емес, шексіз. Толықтай өзі ғана біледі. Бұлардың бір бөлімі – тек қана пайғамбарларға, тағы бір бөлімі (тоқсан тоғыз есімі сияқты) қатардағы жай адамдарға білдірілген. Ғалымдар тоқсан тоғыз есімнен басқа көптеген иләһи сипаттарды біледі.

Білінген және білінбеген иләһи сипаттардың барлығы әлемнің бір ғана жаратушысының кемшілікті сипаттардан пәк, кәмілдік сипаттармен безенген бір мүтәал, яғни адамның түсінігі мен қиялы жете алмайтындай дәрежеде ұлы, пәк, кәміл екендігін білдіреді. Бұл тұрғыдан:

а. Зати (заттық)

ә. Сүбути, яғни ісімен тұрақты болып екі бөлімге реттелген иләһи сипаттардың қандайда бірінің кемшілігі болуы немесе бұларға лайық емес басқа бірінің қосылуы мүмкін емес.

Мәселен, Оның бар болуының кемелдігі – тірі, үнемі және абсалютті өмір иесі болуымен белгіленген. Оның хаят (тірі болу) сипаты антонимі өлім болған өмір емес, керісінше, тек Жаратушыға ғана тән ерекше тірі өмір. Бұл мәселе Құран Кәрімде былай сипатталады:

«Өлмейтін, мәңгі тірі Аллаһ...» (Фұрқан сүресі 58-аят)

Оның **ілімі** – ойлау мен пікірдің жемісі болудан пәк. Бұл әлемдегі ешбір ақыл мен ерік жете алмайтын дәрежеде нәзік әрі жүйелі тәртіп пен үйлесімділік – Аллаһ Тағаланың ілімінің қаншалықты шексіз екендігінің ең шынайы дәлелі. Бұл әлемде адам баласы тіпті, кішкене ғана табысқа бола ғасырлар бойы уақыт жұмсай отырып, қаншама ілім мен қағидалардың арқасында жаңалыққа әрең жетеді. Мысалы, қазіргі кезде кең таралған ұялы телефон байланысы адамның жаратылуынан қаншама милион жылдық уақыттан соң және қаншама тәжірибелер жинақталған соң іске асты. Басқа жетістіктер де осы сияқты. Алайда, бұл жетістіктер мен табыстар және әлі ашылмаған шексіз сырлар – Аллаһ Тағаланың әлем жүйесіне бір-ақ сәтте иләһи ілімімен орналастырған нәрселері.

Аллаһ Тағаланың ілімі мен жаратылғандардың ілімі арасындағы шексіз айырмашылық мына мысалда тамаша баяндалады.

Хазіреті Қызырдың (аләйһиссәләм) Мұсаға (аләйһиссәләм) ғажайып, тамаша және хикметі беймәлім оқиғалар көрсеткен саяхаты кезінде бір торғай келіп, мінген кемелерінің шетіне қонады. Сосын теңізден тұмсығымен су алады. Хазіреті Қызыр (аләйһиссәләм) бұл көріністі Мұсаға (аләйһиссәләм) көрсетіп:

«Аллаһтың ілімі қасында сенің, менің және барлық адамзат пен мақлұқаттың ілімі мына құстың тұмсығымен алған суындай ғана» (Бұхари, Тәфсир 18/4) - дейді.

Осы ақиқаттың шеңберінде Хазіреті Мәуләнә **ілім, сәмиғ** және **басир** сипаттарының адамдарға үйретілуіндегі хикметті былай жеткізеді:

«Аллаһ Тағала қорқып бұзақылық шығармасын және бұзақылыққа тырыспасын деп өзінің ғалым, яғни «барлық нәрсені ең жақсы білуші» екендігін жеткізді».

«Жаман және жағымсыз сөздерден аузын тыйсын деп өзінің сәмиғ - яғни «барлық нәрсені өте жақсы естуші» екендігін жеткізді».

«Жасырын жамандықтарға араласпасын деп өзінің басир, яғни «барлық нәрсені өте жақсы көруші» екендігін жеткізді».

Барлық сөздер Аллаһ Тағаланың кәлам (сөйлеуші) сипатының көрінісі. Сөйтіп Аллаһ Тағала кәлам сипатындағы шексіз құдіретін көрсетуде. Сонымен қатар, Өзінің ұлы есімдерін сансыз тілдермен зікір еттіруде. Ол біз жансыз деп санағандарымызбен қоса, әрбір мақлұққа өз **кәлам сипатынан** әрқайсына тән бір тіл берген. Аят кәримада былай делінеді:

«Жеті қат көк, жер және оның үстіндегі мен астындағы барлық нәрсе Оны мадақтайды. Оны мадақтап, ұлықтамайтын ешбір нәрсе жоқ. Бірақ, сендер олардың ұлықтауларын түсіне алмайсыңдар» (Исра сүресі 44-аят).

Бұл ұлықтаулары есімдер арқылы болғандықтан Аллаһ Тағаланы танудың адам үшін мүмкін болған бірден-бір құралы –Оның зейініміздегі иләһи сипаттарының көріністері.

Бұл сипатттар – мағыналары жағынан «сипат», сол сипат арқылы меңзелген Затты білдіргені үшін «есім» болып табылады. Яғни Аллаһ осы сипаттарға бөленгені соншалық, бұлар – Ол үшін есім дәрежесінде. Сондай-ақ адамдар арасында да жоғары дәрежедегі сипатымен танымал болғандар сол сипаттарымен аталады. Мысалы: Хазіреті Сыддық, Имам Ағзам т.б сияқты.

Сондықтан иләһи сипаттардың көріністерін **«әсма (** Аллаһтың есімдері**) көріністері»** деп те атайды. Осы тұрғыдан Аллаһ Тағаланың өзі өз сипаттарын:

وَ لِلّٰهِ الْأَسْمَاءُ الْحُسْنَى

«Ең тамаша есімдер - Аллаһтікі...» - (Ағраф сүресі 180-аят) деген аятымен, оларды есім ретінде баяндап, Өзін иләһи есімдері арқылы құлдарының түсінігіне ұсынған.

Өйткені, құл Аллаһпен байланысын осы есімдер арқылы құрады. Бұл шындық Аллаһтың есімдерінің оны пәк қылып, ұлықтаудың бірден бір құралы екендігін білдіреді. Сондықтан

құлдың жасаған жақсы немесе жаман әрекеттері Оның ұлы тәңірлігінің ақиқатына емес, есіміне бағытталған болады. Сөйтіп Оның тәңірлік ақиқаты үнемі пәк қалады. Яғни, Аллаһтың білетінін, көріп, еститінін біле тұра жамандық істеген адам бейне бір Аллаһты кемсіткендей болады, Алайда Ол әрқашан пәк.

Расында да адам, егер Аллаһ Тағаланың арнайы есімдері болмаса, оған қатысты байланысында қиналады. Өйткені, адам жаратылысты есім арқылы қабылдап, есіммен жеткізуге үйренген. Адам үшін есім – жаратылыстың санада белгіленуі. Сол үшін Аллаһ Тағала Адамды (аләйһиссәләм) жаратқан кезде оған барлық есімдерді үйретіп, Хазіреті Адамның періштелерден үстемдігін осымен білдірген. Өйткені, жаратылыстың атын білу бір жағынан оның заттық жағын тану болып табылады. Егер біздер Аллаһ Тағаланы оның ұлық есімдерімен білмесек, Ол жайында не біле алмақпыз?

Яғни, адам өз Раббысының ерекшеліктерін білдіретін есімдерге әрқашан да мұқтаж. Әрбір құл қандайда бір жағдайға тап болғанда, Раббысын өз халіне лайық бір есімімен шақырғысы келеді. Бұл есімдер болмағанда, Онымен болған байланысы өте нашар болып, бәлкім мүмкін де болмас еді. Бұл есімдер Аллаһтың алдында құлдың аз да болса, тілсіздігін жоятын сөздер, яғни адам рухының кедергілерін ашатын кілттер деп айтуға болады. Өйткені, Аллаһтың есімдерін тек зікір етудің өзі ғана иманға қуат беріп, иләһи шаттықты сездіреді. Оған деген ғашықтық пен сүйіспеншілікті арттырады. Дүниедегі және оның фәни ләззаты мен рахатынан баз кештіріп, мәңгілікке бағыттайды және Хақ Тағалаға қайту, қауышу сезіміне бөлейді. Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) түрлі жағдайларда оқуға кеңес берген дұға мен зікірлерінің Аллаһтың есімдеріне толы болуы да осы пайдаларды көрсетеді.

Өйткені, ауыр шарттар ішінде иләһи мейірімділікке мұқтаж болған бір мүмин Раббысынан жәрдем сұрағанда осы халін жеткізіп, қысқаша баяндайтын бір сөз іздеп, «Рахман және Рахим» есімдеріне жабысады. Күнәлардың ауыртпашылығының астын-

да қалғанда, көңілдің байланысының үзілгенін сезінген кезінде Хақ Тағалаға жақындайтын дәнекер іздеп, «Ғаффар және Саттар» есімдерін пана тұтады. Әлемде немесе өз рухында көрініс тапқан иләһи құдірет пен ұлылықты тамашалағанда, кітап жолдарында таба алмайтын сезімі мен мағрифатын тілге тиек ететін сөз іздейді де «Аллаһу әкбәр» деп толқыған рухы тыныштық табады. Қысқасы құл өзінің әр қилы жағдайына қарай Аллаһ Тағаланың түрлі сипаттары арқылы рухының жабық есіктерін ашады және қаншама сезінген қиыншылықтары мен мұқтаждықтарын қанағаттандырады.

Сондықтан болар, Аллаһ Тағала өзін ақиқатқа сай, бірақ, адамдар түсіне алатындай жағдайда танытқан. Яғни Оның өзін Алим, Хақим, Қадир, Ғафур т.б. сынды кейбір сипаттары арқылы танытуында және адамның да Оны осылайша тануында, негізінде, адамзатқа тән жеке себебі бар. Өйткені, адам осы сипаттардың бір бөлігін өте шектеулі де болса, өзінде көреді. Бұл да – адамзат түсінігінің һидаятқа қауышып, иман етуін қамтамасыз ететін иләһи сый.

Бір жағынан Аллаһтың сипаттары мен іс-әрекеттерінің көрінісі «адам түсінігіне бағытталған иләһи төмендеуді» білдіреді. Көрініс – көрініс тапқанды білдіреді. Бірақ, бұл білдіру – Оның затында болғаны сияқты емес, түсінігімізге сай түрде іске асады. Осы ақиқат туралы Хазіреті Мәуләнә былай дейді:

«Хақ Тағаланың нұрымен қараған адам зәррәда мәңгілік пен шексіздік күнін көреді, бір тамшыдан барлық теңізді тамашалайды».

Ибраһим Гүлшәни Хазірет де осы сырды түсініп, былай деп таңданады:

«Ей, жан, мына тамшылардың ішінде тұңғыйық түпсіз бір теңіз болғаның не? Мына зәррәлардың ішінде жарық күн болғаның не?»

Бұл сұрақтың жауабы Хазіреті Мәуләнәның мына сөздерінде қайтарылған:

«Хикметі туралы сұрақ қойылмайтын Хақтың ісін кім түсіне алады? Ол істің ақиқатына кім жете алады? Осы айтқан сөздерім – тек түсіндіру үшін ғана айтуға мәжбүр болған сөздерім».

«Негізінде дін мәселесі таң қалып, есі шығудан басқа ештеңе емес. Бірақ, бұл таңдану – ақыл толықтай жетпегендіктен ақиқат құбыласынан теріс айналу емес, керісінше досқа беріліп, ғашықтығына қарық болып қайран қалу».

Сірә ұйықтасақ, Оған ғашықтығымыздан есімізден танамыз, біз Онымен маспыз (ынтықпыз). Ояу болсақ, Ол жазған дастандағы қаншама сырларға тап боламыз».

«Егер жыласақ, Оның рызықтар мен берекетке толы бұлтымыз. Күлсек, Оның жарқыраған найзағайы боламыз».

«Ашуланып, айбарланып соғысқа кірсек, Оның қаһары мен айбынының көрінісі боламыз. Келісіп, кешірім сұрасақ, бұл да Оның сүйіспеншілігінің жарыққа шыққаны, көрінгені».

«Бұл күрделі әлемде біз кімбіз? Біз бір көлеңке жаратылыс, бір түкке тұрғысыз жанбыз. Ешбір әріппен бірлеспейтін, ешбір нүкте қойылмайтын әлиф сияқтымыз. Бізден шыққан әрбір әрекет, әрбір хал, оның есімдері мен иләһи сипаттарының көрінісі».

Хазіреті Мәуләнәны осындай таңданушылық дариясына қарық қылған себеп – Аллаһ Тағаланың сипаты мен есімдерінің өзіндегі және әлемдегі ақылды қайран қалдыратын дәрежедегі ұлық әрі шексіз көріністері еді. Бұл ақиқатты ұғыну, яғни, Аллаһтың есімдерінің көптігі Оның іс-әрекетінің көптігін түсінуді жеңілдетеді. Тәңірлігінің шексіз ауқымын білдіреді. Оны шектейтін, тар түсініктен азат етеді. Әсіресе Оның қарама-қайшы сипаттары тәңірлігін шектемек болған түсініктерге кедергі болады. Кейбіреуі оны тек қана Заһир (айқын) түрінде көргісі келеді. Бұл ақиқатында солай. Бірақ, Аллаһ – сонымен қатар Батын (жасырын).

Яғни Аллаһ Тағала – «Жәмиул-әздад» яғни, қарама-қайшы сипаттарды өз бойында жинақтаған.

Бұл ұлы құдірет жаратылыстардың бір-бірінен өзгеше болуына себеп болған. Сондықтан қадай да бір жағдай тек қайшы, қарсы жағдайлардың арқасында ғана адамның санасынан орын алуда. Тіпті, қайшылық қаншалықты кәміл (толық) болса, түсінік те соншалықты тұнық болады.

Екінші жағынан, біздің дүниеміздегі қайшылықтар бір жерде тұра алмай, бір-бірін жоюға және бірігуге бейім. Бұл - жаратылыс негізінің біреу болуынан туындаған жәйт әрі физикалық әлемде әрі метафизикалық ақиқаттар алаңында абсалютті түрде үкімі жүреді. Яғни «әдетұллаһтың» (Аллаһтың қойған заңы) шарты. Жарық қараңғылықты, ыстық суықты жоқ етіп, бірігуге бейім болғанындай, тәфәккүр мен сезімдердегі рухи қарымқатынастар да дәл осы иләһи заңның қажеттігінен. Бірақ, Аллаһтың өз затындағы қайшылықтары әлеміміздегі сияқты бір-бірін жою бағытында емес, бәрі бір арада болу ерекшелігі мен қасиетіне ие. Төтеп айтқанда Аллаһ Тағаланың өз затында ешбір сипатының қарама қарсысы жоқ. Яғни Ол – тірі. Бірақ, Оның тірілігі мақлұқ үшін тіріліктің қарсысы болып саналатын өлімнен пәк. Ол – Ілім иесі. Ал, мұның қарсылығы болып саналатын надандықтан азат. Қажеттілікті орындайды, мұқтаж болудан аулақ. Сол сияқты әрбір иләһи сипаты да осылар іспеттес.

Сондықтан, адамзаттың жаратылысы мен барлық білімі, қасиеті Аллаһ Тағаланың қарама қайшы сипаттарының өз алдындағы нақты ауқымы мен мәнін біле алатындай деңгейде болмағандықтан әрі біз тек осы көрген әлемімізден алған әсерлер арқылы ғана ойлау қабілетіне ие болғандығымыздан, бұл мәселені түсінуге және талқылауға шамамыз жетпейді. Мұны мынадай бір мысалмен түсіндіруге болады.

Бір электр желісінен қабылдаушының қабілетіне қарай тоңазытқышта суыту, пеште болса жылыту сияқты екі қайшы нәтижеге қол жеткіземіз. Бұл жағдай бір бөлмеде іске қосылатын болса, жылыту мен суыту құбылысы белгілі мөлшерде бірбірінің әсерін жойса да бұл жағдай, олардың негізі болған электр желісінде байқалмайды. Бұл бойынша Аллаһ Тағала барлық жаратылыстарды белгілі бір қабілеттермен жабдықтағандықтан,

олар да Аллаһтың ұлы да керемет есімдерінің көрінісіне осы шеңберде айна болады. Сөйтіп, қарама қарсылықтардың бір-бірлерімен күресі көптен азға қарай басымдылыққа ие болу арқылы мәңгіге жалғасып кетеді.

Демек, дүниеміздегі қарама қарсылықтар арасындағы күрес негізінде бір-бірін жоюға емес, басым түсу мақсатына бағытталған. Өйткені, әрбір қарама-қайшы құбылыс Аллаһтың бір немесе бірнеше есім – сипаттарына сүйеніп, олар да мәңгілік болғандықтан бұл қайшылық еш қашан жойылмайды.

Бұл шындықтың табиғи нәтижесі ретінде мүминдерде Аллаһтың «Һәди» (дұрыс жолға жетелеуші) деген иләһи сипаты басым түрде көрініс тапса, кәпірлерде «Мұдилл» (азғындыққа жетелеуші) деген сипаты көрініс табуда. Сондықтан дүниеміздегі иман мен күпірлік қайшылығы да қияметке дейін жалғаспақ. Бұлардың арасындағы күрестің «басым болу» сипатынан ауысып, бір-бірін толықтай жою түріне енуі әсте мүмкін емес. Өйткені, барлық иләһи есімдердің көрінісі үзіліссіз, мәңгі жалғасады.

Мұның екінші бір шындығы мынадай: кәпірлер қаншалықты күш пен құдіретке ие де болса, иманды жоя алмайды. Бұл шындық мүминдер туралы да осылай болмақ. Яғни олар да күпірлікті толықтай жоя алмайды. Адамзатқа тән – иман мен күпірлік қарама қарсылығындағы бұл өзгермес жағдай әлемдегі барлық қайшылықтар үшін де солай болады.

❀❀❀

Екінші жағынан, барлық иләһи есімдердің бірігіп, қосылуынан пайда болған бұл әлем мұндай көрініске арна болу жағынан жалғыз емес. Дәл сол секілді адамзат пен Құран да бұл шындықтың бір бірден арнасы болып табылады.

Әлем – иләһи есімдерге іс-жүзіндегі көрініс әлемін құраса, Құран – сол әлемнің барлық ақиқаттары «сөз» түрінде баяндалған бір шыншылдық дастаны. Адамзат болса, ол – осы жалпы құбылста дәлме дәл әлем іспетті барлық иләһи есімдердің көріністеріне арна болу қасиетімен әлемнің асылы, дәні, өзегі

іспеттес. Сол себептен оны «әлеми сағир» яғни, кіші әлем деп атаған.

Иләһи есімдердегі қарама қайшылықтардың олардың кәміл бір көрініс арнасы – адамзатта да болуы заңды құбылыс. Бұл бойынша, «һәди» иләһи сипаты басым болған бір мүминде қалайда «мұдилл» иләһи сипатынан да аздап бар болады. Мұндай адамның иманы –оның иманды болуына себеп болған сипаттың сол кісіде басым болуының нәтижесінде пайда болған. Ал, кәпірде болса, бұл жағдай тап керісінше іске асқан.

Сондықтан бұл құбылыстың табиғи нәтижесі ретінде әрбір мүминнің жаратылысында күпірлікке, ал әрбір кәпірде болса, имандылыққа азды-көпті қабілет бар. Сол себептен, мүминдердің «бейнәл-хауфи уәр-рәжә» яғни, қорқыныш пен үміт арасында болуы маңызды мәселе. Бұл бойынша мүминдер дұрыс жолдан әр сәт аяқтарының тайып кету қаупі мен ықтималдығын естен шығармауы керек.

Сонымен қатар ең бұзық кәпірдің де бір күні келіп «һәди» иләһи сипатының басым түрдегі көрінісіне арна болуы мүмкін екендігін естен шығармай, оны осы үміт пен ықтималдық аясында қарау керек.

Хадис шәрифте осы жәйтке назар аударып:

«Бір адам ұзақ уақыт жәннаттықтардың амалын істейді, сосын оны жәһәннәмдықтардың амалымен аяқтатады. Екінші бір адам ұзақ уақыт жәһәннамдықтардың амалын істейді, сосын оны жәннаттықтардың амалымен тамамдатады» (Мүслим, Қадәр 11) - дейді.

Міне сол үшін әрбір мүминнің көңілі, қорқыныш пен үміт арасында болып, Аллаһ Тағаланың:

«Саған өлім келгенге дейін Раббыңа ғибадат қыл!» (Хижр сүресі 99-аят) деген әміріндегі иләһи қағиданы өзіне дәстүр етуі керек.

Иман мен күпірлік тұрғысынан алып айтқанда тағдырдың белгісіздігі себебімен нақты сенімділік те, нақты уайым да күпірлік болып табылады. Өйткені, ақтық демде қандай күйде

болатындығын ешкім біле алмайды. Анығында пайғамбарлар мен олар ишарат еткен кейбір адамдардан (сүйіншіленген он сахаба сияқты) басқа ешкім үшін кепілдік пен сенімділік жоқ.

Жоғарыда баяндағанымыздай, Аллаһтың затындағы қарама қайшы сипаттар бір-бірімен тығыз байланыста және тыныштық халінде болса, Аллаһ Тағаланың бұл сипаттары сынақ дүниесі болып саналған осы дүниеде бір-бірінен басым түсуге бейім қасиетте көрініс тапқан. Яғни, кей замандары Оның «Һәди» есімінің көрінісімен һидаятқа қауышқандар басым болса, кей уақытта «Мұдилл» есімінің басымдығымен күпірліктегілердің басым болғаны сияқты. Тіпті, пайғамбарлардың шектен тыс қажыры болғанымен кәпірлер мен пасықтар барлық қоғамда көптеп орын алған. Сондай кәпірлер мен залымдар салтанат құрған дәуірлерде де мүминдер имандарын сақтап келген.

Ұхдуд иелері (Асхаб ұхдуд) отқа толы орларға тасталған кезде, алғашқы Христиандар арыстандардың тісімен жан тапсырған кезде, Хабиб Нәжжар залым бір қауым тарапынан таспен атылған кезде, Перғауынның сиқыршылары Мұсаға (аләйһиссәләм) иман еткені үшін қол-аяқтары кесіліп, құрма бұтақтарына ілінген кезде де имандары әлсіремей:

رَبَّنَا أَفْرِغْ عَلَيْنَا صَبْراً وَ تَوَفَّنَا مُسْلِمِينَ

«Уа, Раббым! Бізге сабыр жаудыр және жанымызды мұсылман күйінде ал!» - (Ағраф сүресі 126-аят) деп ақтық демдерінде иман күресін жасап, шейіт болып, Аллаһқа қауышқандықтары Құран Кәрімде белгілі.

Бұл ақиқаттардан бізге имани де тәрбиелік қорытынды шығып отыр. Бұл бойынша бір адам күпірлікте қанша шектен шықса да, оның Исламның қасиетті шақыруынан нәсіп алуына ешкім кедергі бола алмайды. Бұған қандай да бір хақы да жоқ. Өйткені ол сәті келіп, жаратылысындағы азды көпті дәрежедегі «Һәди» иләһи сипатының көрінісіне айна болып, тұлғасы өзгеруі мүмкін. Яғни, ең жауыз кәпір де һидаятқа қауышуы мүмкін. Бұл ақиқатты Аллаһ Тағала Перғауынды һидаятқа шақыру міндетін жүктеген кезде Хазіреті Мұса мен інісі Хазіреті Һарунға:

فَقُولَا لَهُ قَوْلاً لَيِّناً لَعَلَّهُ يَتَذَكَّرُ أَوْ يَخْشَى

«Оған жылы сөз айтыңдар. Бәлкім ол насихатты тыңдар немесе Аллаһтан қорқар» - (Таһа сүресі 44-аят) деген бұйрығымен жеткізген.

Әрине бұл аят кәрима бізге де Исламды уағыздау тұрғысында тамаша тәсіл ұсынады. Осы тәсілдің болса, екі негізі бар:

1. Ақиқатты адамдарға, олардың менмендігіне тимейтін жұмсақ бір мәнермен түсіндіру.

Сондай-ақ Перғауын Мұсаның (аләйһиссәләм) мұғжизалары алдында көп рет иманға бейімделгенімен, Хаман мен айналасындағылар оған бөгет болды. Өзі де тәкәппарлық пен менмендікке салынып иман етпеді. Алайда Қызыл теңізге тұншыққан сәтте шарасыз қалып, үмітсіздікпен Хақтың «Һәди» сипатын ұстанбақ болып:

«Расында Исрайл ұлдары сенген тәңірден басқа тәңір жоқтығына мен де сендім. Мен де мұсылмандарданмын» - (Юнус сүресі 90-аят) деді.

Бірақ, өмір бойы «Мұдилл» есімінің көрінісіне арна болған Перғауынның өлім алдындағы бұл иманы қабылданбады да сол қалпы мейірімсіз залым, кәпір болып ақыретке көшті.

Тағы бір аят кәримада:

«Расулым! Сен Раббыңның жолына хикметпен, тамаша үгітпен шақыр және олармен ең жағымды түрде күрес!» - (Нахл сүресі 125-аят) деп бұйырылып, осы тәсіл қуатталған.

2. Қандай жағдайда болғандығына қарамай, уағыз барлық адамдарды қамтиды. Мәселен, Перғауын иман етуге жақындамаған залым, бетпақ адам болып, тіпті Мұсаны (аләйһиссәләм) жою үшін мыңдаған сәбилерді қырған қылмыскердің өзі еді. Осылай бола тұра оған иләһи дін уағыздалды. Аят кәримада:

«Оған жұмсақ сөз айтыңдар. Бәлкім ол насихатты тыңдар немесе Аллаһтан қорқар» - (Таха сүресі 44-аят) делінді.

Бұл иләһи баян қандай жағдайда да болса, барлық адамдарға дін уағыздаудың мүмкін әрі керек екендігінің айқын дәлелі.

Сондықтан Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Әбу Жәһилге сан рет Исламды түсіндірген еді. Әбу Жәһил болса, Хазіреті Пайғамбарды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ұжданымен қабылдағанымен, нәпсіқұмарлығының басымдығы және тәкаппарлығы себебімен Оны мақұлдамаған. Алайда Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл өнегелі әрекеті Омар бин Хаттаб, Әбу Суфиян, Һинд және Вахши сияқты басында Ислам дұшпаны болған қаншама адамдардың һидаятқа қауышуына себеп болған.

Міне бұл көзқарас Ислами қызметтерде болсын, барлық адами қарым-қатынастарда болсын, іс жүзіндегі әрекеттер мен болуы ықтимал ахуалды да назарға алудан туындаған көркемдік, жұмсақтық және нәзіктікті іске асыру мүмкіндігін береді. Мінеки, мұтасаввуфтардың іс-әрекеттерінің кәміл болып, фәйзге толы болуындағы ең маңызды фактор олардың осы көзқараста болуы еді.

❀❀❀

Аллаһ Тағала өзінің заттық барлығының және біреу-ақ екендігінің жүрекпен мақұлданып, тілмен айтылуы арқылы құлдарының осы имандарынан туындаған табиғи және ұждани қажеттілік ретінде ғибадат етіп, өзін құрметтеулерін мақсат етіп, оны іске асыратын қабілетті де жаратылыстың ішінде тек адамзат пен жындарға ғана берген. Оларды сана-сезіммен, түсінікпен безендіргені үшін сол дәрежелеріне қарай жауапты қылған.

Жындар сан жағынан адамдардан көп болғандықтан Құран Кәрімдегі аяттарда адамзаттан бұрын айтылғанымен, абырой мен кемелдікке лайықты болу жағынан ең жоғарғы мәртебе - адамдарға тән. Сонымен қатар адамзат пен жындар жаратылыс мақсаты болған ғибадат пен құлдық міндеттерінде бірдей. Аллаһ Тағала бұл жағдайды Құран Кәрімде:

وَ مَا خَلَقْتُ الْجِنَّ وَ الْإِنْسَ إِلَّا لِيَعْبُدُونِ

«Мен жындарды және адамдарды тек қана маған құлшылық етсін деп жараттым» - (Зарият сүресі 56-аят) деген аятымен білдірген.

Рахметі азабынан басым, шексіз мейірімділік иесі – Аллаһ Тағала адамдар мен жындарға жүктеген «құлдық» міндетін орындау үшін оларға ақыл, түсінік, сана және ақ пен қараны ажырату құдіретін беріп қана қоймай, соларға қосымша иләһи жәрдем де көрсеткен. Әлем Аллаһ Тағаланың бар екендігін әрбір бөлшегімен растайтын дәлелдер жиынтығы болса, адамдар мен жындардың өз ақылдарымен сол дәлелдер арқылы Аллаһқа жетулеріндегі қиыншылықты жеңілдету үшін пайғамбарлар және кәміл мүршидтер тобымен оларға жәрдем жасаған. Расында, осы қосымша көмектен ешкім тыс қалмау үшін оны алғашқы адамнан бастатып, адамдардың атасы – Хазіреті Адамға пайғамбарлық тәжін кидірген. Бірақ, адамның жындардан үстемдігі себепті, барлық пайғамбарлар адамдардың арасынан шыққан және олардың кейбіреулері жындарға да жауапты етілген.

Пайғамбарлардың уағыздары жалпы ақиқаттар жағынан бір-бірлерімен бірдей болғанымен, қоғамдық үкімдер адамзат өмірінің жеткен жетістіктерімен қатар жүріп отырған. Сондай-ақ, бұл үкімдер ақырзаман Пайғамбарымен және оған жіберілген Құранмен кемелденіп аяқталған. Ол енді үкімі әсте жойылмай, баян мұғжизасы ретінде қияметке дейін жалғаспақ. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) адамдар мен жындар әлемінің екеуіне де міндетті болғандықтан Оның бір сипаты «расулүс-сақаләйн». Яғни сақаләйн, адамдар мен жындар әлемінің екеуін де қамтитын бір есім.

Иләһи есімдердің көрініс арнасы болып құралған әлем – иләһи құдіреттің көз тойғысыз жәрменкесі. Ғылым ілгерілеген сайын иләһи өнердің ғажайып туындылары мен көріністері тереңірек және ауқымды түрде түсініліп, Аллаһ Тағаланың құдіретін мойындау турасында барған сайын үлкенірек асулардан өтілуде. Қазіргі заманғы ғарышты игеру жұмыстарынан

генетика ғылымының жеткен жетістіктеріне дейін және компьютер ғажайыбына дейін барлық ғылыми жұмыстар осы пікірімізді қуаттай түспек. Сол себепті Құранда:

«Құлдарының ішінде тек ғалымдар ғана Аллаһтан (лайықты түрде**) қорқады» -** (Фатыр сүресі 28-аят) деп айтылған.

Өйткені ғылым әрбір жетістігімен адамның түсінігіне иләһи ұлылық пен құдіреттен жаңа бір тамшы, дәлел ұсынады. Әлем осы сипатымен адам түсінігінің жетістіктеріне бағытталған шексіз ақиқаттар жинағы. Бұл түрімен ол сөзге түспеген өлең және кең ауқымды бір кітап іспеттес. Иләһи әмірлерге мойынсұну арқылы ғылымның нәзік сырларына жеткен ғалым-данышпандар кітап жолдарына түскен ақиқаттардан асып, рухани көрегендікпен әлем кітабындағы хикметтер мен сырларды оқи бастайды.

Пән ғылымдары әлемдегі орныққан иләһи тәртіпті «табиғи заңдылықтар» деп атап, оны белгілі ережелер топтамасына отырғызады. Алайда, ілімнің нәзік сырларына жеткендер табиғат заңы деп аталған бұл ақиқаттарды аса тереңірек талқылап, аңғарады да әлемде үкім жүргізіп тұрған иләһи мақсатты меңгереді.

Кішкентай әлем деп аталған адам да әлем сияқты, адамззат санасына ұсынылған шексіз ақиқаттар жиынтығы болып табылады. Адамның «зүбде-и кайнат» яғни, әлемнің асылы – дәні делінуінің хикметі де осы. Қалайша, бір дәнде өз ұрпағының барлық ерекшеліктері сақталса, дәл сол сияқты адамға да әлем мен Құрандағы барлық сырлар мен ақиқаттар бір дән іспеттес орналастырылған.

Басқаша айтқанда, жаратылысы басқа жаратқандарының жаратылысына ұқсамайтын, затын түсіну мүмкін емес, тек құдіреті мен өнерін түсіну жолын ашық қалдырған Хақ Тағала адамды жер бетінің «Халифасы» етіп жаратқан. Оны жаратылыс атаулының ең абыройлысы, әлемнің асылы деп жаратқан. Өзінде жасырылған ақиқаттар жағынан адам – кішкентай бір әлем. Endеше ғылым да бұл жөнінен адамға алдымен өзін танытып, сосын жаратылыстың мақсатын білдіріп, сосын мағрифатұллаһқа есік ашуы керек.

Юнус Әмрә Хазірет ілімнің негізгі мақсатын былай баяндайды:

Ілім – ілімді білу.
Ілім – өзін білу.
Сен өзіңді білмесең,
Оның несі оқу!

Оқыдым, білдім деме.
Көп тағат қылдым деме.
Егер Хақты білмесең
Бұның бәрі бос сөз ғана.

Аллаһ Тағаланың адамға берген мұндай ерекше бағасы мен дәрежесі басқадан гөрі тасаввуфи ортаның терең көңілдерінен туындаған шығармаларында баяндалған. Бұл жәйлі 18-ғасыр ақындарының бірі Шәйх Галибтің осы тақырыптағы атақты өлеңі адамды лайықты бағасымен танымдаған шығармалардың ең алғашқыларынан. Ақын бір өлеңінде «адамға» былай дейді:

«Ей адам баласы! Біліп қой, махаббат сырларының қабы (көңіл) сенде, сенде... Жаратылыс тазалығы, жомарттық пен адамгершілік нұрларының қайнар көзі де сенде, сенде...»

«Сонымен қатар сенде қаншама жасырын халдер бар. Сондай-ақ мағрифат, өнер және ақиқат та сенде...»

«Былай, абайлап қарасаң көресің, бейне жер, көк, жәннат, жәһәннәм сенде. Тіпті ғарыш, күрсі (ғарыштың астындағы аспан қабаты) және періште де сенде...»

«Сол себепті, ей, адам, өз жаратылысыңа жақсы қара, сен әлемнің асылысың. Жаратылыстың көзінің қарашығы болған адамсың...»

Қысқасы адамзат – адами түсініктің тек себептен себепшіге, әсерден әсерлендірушіге, өнерден өнерпазға жету жолымен ғана түсінуге тырысқан Ұлы Раббысының айбынды ақиқаттарынан мына фәни дүниеге түскен көріністер нүктесі болып табылады. Осы құндылықтарымен адам – әр түрлі көріністегі бір әлем және жанды бір Құран болуға бірден-бір лайық тұлға.

Алайда, ғылыми зерттеулер әлемдегі тылсымдарды ашуда жеткен дәрежесі мен жетістіктеріне «адам» құпиясын ашуда әлі де жете қойған жоқ. Мұның себебі адамның «рух» пен «тәннен» тұруы әрі рух хақында адамдарға құдайдың хикметімен, аз ғана мағлұмат берілуі. Сол себептен ішкі жан дүниесі жағынан адам әлемнен де үлкен тылсымға ие. Оның тәні жайлы мағлұмат осыдан екі мың жыл бұрынғысына қарағанда өте үлкен өзгерістер мен жетістіктерге жеткенімен, рухына байланысты зерттеулер оған тең дәрежеде дами алмаған. Бұл мәселе:

«Сенен рух хақында сұрайды. (Сен) **айт: Рух – Раббымның әмірінен (бір негіз). Сендерге тек аз ғана мағлұмат берілген»** - (Исра сүресі 85-аят) деген мағынадағы Құрани ақиқаттың бір өлшемі ғана.

Әлемге келер болсақ, ол әдетұллаһ немесе сүннетұллаһ деп аталған өте күрделі, аса кемел заңдылықтармен өте үйлесімді, кәміл деңгейдегі жүйемен құралған. Сонымен қатар бұлар – Аллаһ Тағаланың шексіз ілімі мен құдіретін көрсететін физикалық немесе метафизикалық әлемдерге байланысты хикметті заңдылықтар болып табылады. Бұлардағы өзгермейтін, ортақ ерекшеліктер осы заңдарды орнатқанның – серігі жоқ, жалғыз, бір ғана тіршілік иесі (Аллаһ) екендігінің, бұл әлемнің бір ғана мықты шебердің қолынан шыққандығының бірден-бір дәлелі болып табылады. Ислам адамды тура Құранның аяттарын оқығандай, әлем кітабындағы осы көріністерді көруге шақырады. Өйткені Аллаһ Тағала өзін құлдарына жарат-қандарындағы хикмет, ғибрат және сырлар арқылы танытады. Бұл жәйлі аяттарда былай делінеді:

«Олар жер бетіне бір қарамай ма? Ол жерде әрбір тамаша жұптан қаншама өсімдіктер өсірдік» (Шұғара сүресі 7-аят).

«Аллаһтың рахметінің көріністеріне бір қара: жерді өлгеннен соң қалай тірілтеді?! Шүбәсіз ол өліктерді де қалайда тірілтеді. Ол - әр нәрсеге күші жетуші» (Рұм сүресі 50-аят).

«Ол бір-бірімен үйлесімді және тәртіпті жеті қабат көкті жаратты. Рахман болған Аллаһтың жаратуынан ешбір жүйесіздік көре алмайсың. Басыңды бұрып қара. Бір жүйесіздік көре аласың ба? Сосын қайта-қайта басыңды бұрып қара; көзің бір кемшілікті

табуға шамасы жетпей, шаршап қайта өзіңе оралады» (Мүлік ссүресі 3-4 аяттар).

«Адамдар түйенің қалай жаратылғандығына, аспанның қалай көтерілгендігіне, таулардың қалай тұрғызылғандығына, жер бетінің қалай жаратылғандығына бір қарамай ма?!» (Ғашия сүресі 17-20 аяттар).

«Үстеріндегі көкке қарамай ма, оны қалай тұрғызған және қалай көмкерген?! Онда ешбір жарық (сызат**) та жоқ»** (Қаф сүресі 6-аят).

Мына ұшы-қиырсыз әлемде ақылды таңдандыратын және ақыл жеткісіз бір жүйе мен үйлесімділік болғандығы айқын ақиқат. Осы тәртіп пен үйлесімділік өте кәміл, нәзік және жіңішке есептердің мәңгілік тепе-теңдігі ішінде еш жаңылмай әлем жаратылғаннан бері жалғасып келеді. Осы орайда айта кетер болсақ, егер жер шары 23,5 ос көлбеу болмаса, маусымдар пайда болмас еді. Бұл жағдайда жаз болатын жер үнемі жаз, қыс болатын жер үнемі қыс болар еді. Немесе күн мен жер шарының арасы біраз қашықтау болғанда, барлық жер мұзға айналар еді. Иә болмаса, қазіргіден азғана жақындау болса, барлық жер өртеніп, күйіп кетер еді. Осы және осыған ұқсас жағдайлар барлық аспан денелерінің тіршілік етуге қолайлы түрде жоспарланғанын айқын көрсетеді.

Қорыта айтқанда, көретін көз иләһи салтанат пен иләһи жүйе алдында бұл дүниенің әуеде жүзіп жүрген миллиардтаған, триллиондаған тозаңның біреуі ғана екендігін байқайды. Таулар да, ойпаттар да, мұхиттар да және адам да осы тозаңның ішінде. Міне осы әлсіздігімен адам баласы – тек құлшылығынан басқа ештеңе де емес!

Аллаһ Тағаланың шексіз дәрежеде күрделі де кәміл, үйлесімді әрі өте нәзік бір есеп жүйесімен өз абыройына лайық етіп жаратқан адам баласы жер мен көктегі құдіреті мен ұлылығын ілімдер дамыған сайын, тіпті жақсы түсінетін болады. Мәселен,

«Көкжиектерде болсын (сыртқы дүние), **өз нәпсілерінде болсын** (ішкі дүние) **аяттарымызды (құдірет белгілерімізді) жақында оларға көрсетеміз. Ақыры оның** (Құранның) **күмәнсіз**

хақ екендігі өздері үшін де айқын жарыққа шығады. Раббыңның барлық нәрсеге лайықты түрде куә болуы саған жетпей ме?» (Фүссиләт сүресі 53-аят)

Расында әлемді зерттеу дамыған сайын Құран Кәрімнің сырлары бұрынғыдан да ауқымдырақ түсінілуде. Өйткені, пән ғылымының әрбір жаңа табысы Құранды қуаттай түсуімен қатар, бұл табыстар кейде оның түсінілуі қиын аяттарының да мәнін ашады.

Сондай-ақ, адамның жаратылу сатысына ишарат еткен Құран аяттары алдында амбриология, анатомия, биология сынды ғылыми салалардың түсінігі бар (ынсапты) ғалымдары қайран қалып, ақиқатқа бас июге мәжбүр болған. Құран Кәрімде сәбидің ана құрсағындағы өсу жайы былай баяндалады:

«Ант етеміз! Біз адамды балшықтан (сүзілген) **бір негізден жараттық. Сосын оны қауіпсіз бір орында тамшы халіне әкелдік. Сосын тамшыны алақа (ұрықтанған жұмыртқа) қылдық. Артынан, алақаны бір жапырақ ет халіне әкелдік. Сол бір жапырақ етті сүйектерге** (склет) **айналдырдық. Сол сүйектерді етпен қаптадық. Сосын оны басқа бір жаратылыспен адам халіне әкелдік. Жасап, жаратушылардың ең шебері – Аллаһ өте ұлы»** (Мүминун сүресі 12-14 аяттар)[3]

[3]Құрандағы жаратылыс сатысына байланысты бұл аяттар, анатомия саласындағы зерттеулерімен атағы шыққан Проф. док. Маршал Жонсонды да таң қалдырған. Әсіресе «мұдғаның» (бір жапырақ ет) ерекшеліктеріне байланысты аятта айтылған мағлұматтар назарына айрықша түскен:

«Бір жапырақ ет (мұдға)». Тура тістердің тізілуіне қарай бейнеленген түрде. Тура шайналмаған бір еттің үстінде қалған тіс іздерінің суреті Бар болғаны бір сантиметр (тура бір шайнам).

Мұдғада адамның барлық қасиеттері бар. Бірақ кейбірі әрекетте, кейбірі әлі әрекетке келе қоймаған! Медицина бұл жағдайды түсіндіретін бір сөз таба алмаған. Мүшелер жұмыс істейді дейін десе, істемейтіндер бар; істемейді дейін десе, істейтіндер бар. Ал Құран, мұны **«белгілі белгісіз** (мүшелері толықтай емес жартылай қалыптасқан) **бір жапырақ ет»** - (Хаж сүресі 5-аят) деп сипаттап, мудғамен байланысты барлық мағлұматтарды қамтитын бір сөзбен бұл ақиқаттан қаншама ғасыр бұрын хабар берген.

Құран Кәрімді алдымен асығыс жоққа шығарып, кейіннен толықтай қабылдауға мәжбүр болған Проф. Маршал бұл ақиқаттардың алдында шарасыз былай деген:

«Иә, ілім иесіне жарық беретін бұл Құран Аллаһ тарапынан түсірілген. Уақыты келген сайын оның ақиқаттары осылай бір-бірден ашылып, жарыққа шығады». Аллаһ бұйырған: **«Құран білдірген сансыз ақиқаттардың, әрбір хабардың жарыққа шығатын уақыты бар. Жақында сізде ақиқатты білесіз»** (Анғам сүресі 67-аят) аяты көрініс табады» (Абдулмажид Зындани, Құрандағы ілімі мұғжизалар. 31-36 б).

Құран Кәрім астрономия, ботаника, биология, геология т.с.с. ғылымдарға ғана тән кітап емес, аз сөзбен көптеген мағынаны білдіретін (Жәуамиғул-кәлим)[4] сипатқа ие болғандықтан, ғы-лым мен техниканы түсіндіру міндетінен аулақ. Бірақ ғылым мен технология саласындағы әрбір табыс Құранның мағынасы айқын емес, ишарат жолымен баяндаған хикмет, ғибрат және ақиқаттарын қуаттап, иләһи хабарлардың күн өткен сайын ашыла түсуіне қызмет етуде. Бұл ақиқаттардың ең айқын және ауқымды түрде орын алған арнасы - әлем. Мұның себебі - адамда әлемнің асылы іспетті болып, жасырын түрде орын алған ақиқаттардың Құранда біразырақ ашықтау болғанымен, тағы да көптеген үкімдердің жабық қалғандығынан еді.

Құранның аз сөзбен көп мағыналарды білдіруі - шексіз ақиқаттарды қамтығандығынан. Өйткені, ғылыми зерттеулерде жарыққа шыққан ақиқаттар Құранда айқын және ауқымды түрде орын алғанда, одан екі қолайсыз жағдай туындайтын еді.

а) Адамдар өмір сүрген дәуірінің ғылыми даму дәрежесі жағынан бұларды қабылдауға қиналып, жоққа шығаратын еді. Сондықтан Аллаһ рахметі мен мейірімі арқылы бұл ақиқаттарды уақыт өте келе өмірдің өз қажеті бойынша біртіндеп түсінілетін етіп, құлдарына сыйлаған.

ә) Егер барлық ақиқаттар Құран Кәрімде айқын әрі жан-жақты түрде орын алғанда, оның ауқымы өте кеңейіп, жатталып, сақталуын былай қойғанда, бастан-аяқ оқып бітіру де мүмкін болмас еді. Өйткені, Аллаһ Тағала аяттарда:

«Ей, Расулым! Саған бұл кітапты барлық нәрсенің айқын баяны, бір һидаят, рахмет және мұсылмандар үшін сүйінші болсын деп аз-аздап түсірдік» (Нахл сүресі 89-аят).

«Жас және құрғақ не бар болса, барлығы айқын бір кітапта» - (Анғам сүресі 59-аят) деп бұйырып, Құран Кәрімде әлемдегі барлық ақиқаттарға негіз тұрғысынан ишарат еткендігі баяндалған.

«Олар Құран туралы нақтылап (зер салып) **ойланбай ма? Әлде жүректерінде құлып бар ма?»** - (Ниса сүресі 82-аят) деген аятымен де құлдарын Құранның шынайы тәфәккур аясына шақырған.

---

[4] Жәуамиғул-кәлим - аз сөзбен көп мағыналы сөз айту.

Құран Кәрім Құдайдың өз сөзімен айтсақ, ол – «фұрқан». Яғни, һидаят пен адасушылық, жақсылық пен жамандық, нұр мен қараңғылық арасындағы айырмашылықты айқындайтын және осылардың арасын айырып көрсететін мүбәрәк кітап. Өзіне жақындағандарға нәсібіне, ниетіне және қабілетіне қарай нәтиже бермек. Оған таза, бұзылмаған жүрекпен жақындаса, жаңа-жаңа дәлелдерді көрумен иманның артатындығы аят кәримада айтылған. Мәселен Құран Кәрімде:

«Нағыз мүминдер – Аллаһтың аты аталған кезде жүректері дірілдеп, өздеріне Аллаһтың аяттары оқылған кезде имандары артатын және тек қана Раббыларына сүйеніп, сенім артатын адамдар» (Әнфал сүресі 2-аят) - дейді.

Ал, Құран Кәрімге жағымсыз көзқараспен қарағандардың адасушылығы артады. Өйткені қандай да бір нәрсеге сүйіспеншілікпен қараса, ондағы барлық сұлулықтар одан да айқындала түсетініндей, керісінше, жақтырмай қарағанда, Құрандағы ешбір қасиет онда байқалмайды. Дәл Әбу Жәһилдің Исламға қарағаны сияқты. Мұндай адамдардың Құран Кәрімді оқыған сайын оның ұлылығына жете алмағандығынан шарасыздық тербелісімен күпірлік пен бұзақылық жолындағы сезімдері одан да бетер күшейеді. Яғни, сүймеген бір бәсекелес тарапынан жеңіліске ұшырағандардың қырсықтығы мен ашуға булығуына ұқсас ыза халінде болады. Нәтижесінде басына келетін жазасы артпақ. Бұл жайында аят кәримада былай баяндалады:

«Біз оның аяттары мүминдер үшін шипа және рахмет болатын, залымдардың қайғысын арттыратын бір Құран түсіріп жатырмыз» (Исра сүресі 82-аят).

«Айт: Ол (Құран) **– иман етушілер үшін һидаят және шипа. Иман етпегендерге келер болсақ, олардың құлақтарында** (ақиқатты естуге кедергі болатын) **саңыраулық бар және сол себепті** (Құран) **оларға жабық, түсініксіз келеді. Олар, өздеріне өте алыстан айтылған** (адамдар) **сияқты»** (Фұссиләт сүресі 44-аят).

Байқап отырғанымыздай, Құран – мойынсұнушы мүминдерге һидаят жетекшісі болса, ал, ақиқатқа қарсы келуші кәпірлерге

тек қана күпірлігі мен қайғысын арттырушы болатындығы жоғарыдағы иләһи баянмен белгілі болған.

Және де ондай адамдар хақында мына аят кәримада:

«(Ей, Хабибім! Саған қарсы шыққандар**) жер бетінде еш қыдырмай ме? (**Егер ғибратпен зер салып, қыдырғанда**) олардың түсіне алатын жүректері, еститін құлақтары болар еді! Бірақ шындығында, көз соқыр болмайды. Бірақ, кеудедегі жүректер соқыр болады»** (Хаж сүресі 46-аят) - делінген.

Жоғарыда баяндағанымыздай, әлем – иләһи сипаттардың көрініс жиынтығынан пайда болған жаратылыс жүйесі, Құран Кәрім болса – осы жаратылыс жүйесіндегі барлық жасырын-әшкере ақиқаттардың сөзге шағылысуы. Ал, адам болса, ол – бұл екеуінің де негізі, жиынтығы және бір сөзбен айтқанда бейне бір дәні. Сондықтан, онда барлық қарама-қайшы көріністердің азды-көпті үлесі бар.

❀❀❀

Әлемді және оның ішіндегілерді иләһи есім-сипаттарының бірігіп, қосылуымен жаратқан Аллаһ Тағала сол сипаттарының ең кәміл көрінісін тек адамзатқа ғана арнап, оған нәсіп еткен. Адамзаттын – «жаратылыстың абыройлысы» болуына ықпал болған себеп те осы. Сондықтан адам баласы өз қабілетіне қарай «қарама-қайшы сипаттармен» безенген. Мәселен, жылайды - күледі, сүйеді - жек көреді, т.б. Яғни, адамның бойында рахмет сипаты бар болғаны сияқты, қаһар, ашу және өкпелеу сипаттары да бар. Сол үшін, адамдардан сый да, жомарттық та, ашу да, өшігу де қатар байқалады әрі жұмсақтық пен қаттылық сезімдері үнемі келімді-кетімді халде үздіксіз ауысып отырады.

Қорыта айтқанда, адам Аллаһтың көптеген сипаттарынан өз нәсібін алған. Бірақ, бұл сипаттардың көрініс дәрежелері адамнан адамға қарай шексіз айырмашылықта болады. Ең кішкенесінен, ең үлкеніне қарай бұл көріністерден өз нәсібін алу адамдар арасында таптарды тудырады.

Мәселен, әрбір адамда Аллаһтың «**Рахман**» немесе «**Рахим**» сипаты белгілі бір дәрежеде қалайда көрініс табады. Бірақ, бұның

адамнан адамға үнемі өзгешеленіп, дәрежеленуі байқалады. Кейбіреудің «Рахман» және «Рахим» сипаты тек өзіне, ары кет-се жақын, отбасы мүшелеріне және дос-жарандарына ғана тән болса, кейбіреулердікі барлық адамзатты қамтиды. Тіпті, жануарларды да қамтиды. Мысалы, «Рахман» сипатының кәміл көрінісіне мына оқиғаларды мысал ретінде келтіре аламыз:

Бәязиди Бистами бір жерге саяхаты кезінде бір ағаштың астында тұрып тамақ жейді. Тамағын жеп ары қарай жол тартқан Бәязид біраз жол жүргеннен кейін қоржынының үстінен бір құмырсқаны көреді. Хазірет:

«Аллаһтың бұл мақлұғын Отанынан айырдым ғой» - деп кейін қайтып, құмырсқаны қайтадан сол ағаштың астына әкеп тастайды.

Мұндай мейірімділік үлгісінің тағы бірі:

Сәри Сақати (құддисә сирруһ) бір дәрісінде шәкірттеріне: *«Муминдердің қайғысына ортақтаспаған олардан емес»* - (Хаким, Мүстәдрәк, IV, 352; Хәйсами, Мәжмәуз-Зәуайд, I, 87) деген хадисті түсіндіріп жатқан кезде бір шәкірті сасқалақтап ішке жүгіріп кіріп:

«Ұстазым! Сіздің аймақ (аудан) өртеніп, күл болды. Тек сіздің үйіңіз ғана аман қалды» - дейді.

Сәри Сақати қуана «әлхамдүлиллаһ» - дейді.

Отыз жылдан соң бір досына:

«Мен сол кезде «әлхамдүлиллаһ» деп бір сәт те болса, өзімді ғана ойлап, пәлекетке ұшырағандардың қайғысынан алыс қалдым. Міне отыз жылдан бері сол халіме тәубе етемін» -дейді.

Сондықтан рахмет пен сүйіспеншілік бір одақ нүктесі ретінде кімнен және қай жерден басталса да, барлық жаратылысты қамту бағытында дамыса, иесін кәміл мүмин немесе басқаша айтқанда шынайы ғашық етеді. Ғашықтық бүршік атқан гүл сияқты белгілі сүйіспеншіліктерге бейімделу және тартылумен басталса да, Жаратушы үшін барлық жаратылысты ауқымына алуға бағыт алған сәтте нағыз «ғашық» бола бастайды.

«Иләһи ғашықтық» деп аталатын мейірімділік пен сүйіспеншілік байланысы шексіз көкжиекке қарай кеңеймейінше, ол мейірімділік пен сүйіспеншілік – ғашықтық болып саналмайды. Бәлкім мұның бастапқы түріне қарап айтылған «баламалы ғашықтық» (жалған ғашықтық) дәрежесінде қалып қалады.

Қарама-қарсы түрдегі иләһи есімдердің көріністерінен адам санындай көп, түрлі жаратылыстар (мінез құлық) пайда болған. Мәселен, әр түрлі бояулардың бір-біріне араласуынан пайда болған нәтиже, басымырақ болған түске бейімделгені сияқты, иләһи есімдердің көрініс қосындылары да басым көрініс қай сипатта болса, олар да соған жақындау келеді. Бұл мәселе, жаратылысқа сай жолды ұстап, дәрежесінің оңай өсуі үшін тариқаттардың әр түрлі болуын қажет еткені сияқты, әрбір мүридтің тәрбиесі үшін де ерекше бір тәрбие тәсілінің қажеттілігін көрсетеді.

Расында, жаратылыстың адам, хайуан, өсімдік және жансыз заттар болып әр түрлі топтарға бөлінгені сияқты негізгі және басым сипаттары жағынан мінез-құлықты да жалпылай реттеуге болады. Бірақ, бір топтағы екі жаратылыс ие болған қандай да бір сипаттың азы мен көбі арасындағы айырмашылық, екі бөлек топтағы айырмашылықтан да артық болуы мүмкін. Мәселен, ең төменгі дәрежедегі бір адамнан ең жоғарғы дәрежедегі бір адамға дейінгі айырмашылық пен саты, жануар мен адам арасындағы сатылардан да айқын. Осыншама айырмашылық тудырған фактор - бірігуге себеп болған көріністердегі үлкен айырмашылық. Ол жағымды сипаттарда болғаны сияқты, жағымсыз сипаттарда да байқалады. Зұлымдықтың немесе күпірліктің ең төменгі сатысындағылары мен ең жоғарғы дәрежедегілері арасында бас айналдыратын шыңыраудай сапалық айырмашылықтары бар.

Мәселен, «Мұдилл» сипаты басым болған ең төменгі сатыдағы бір кәпір өз өмірінің шеңбері ішінде әуестіктермен өмір сүреді. Мүминдердің иманы оны қызықтырмайды. Бірақ, Әбу Ләһәб және сол сияқтылардағыдай, күпірліктің дәрежесі артқан сайын, бұл жағдай оны Пайғамбар және салихтармен күресуге дейін апарады. Зұлымдық та осы сияқты. Азық ету мақсатында емес,

құмарлық үшін аң аулаған аңшының, уақыт өте келе жүректі қатайтатын зұлымдығы оны жабайылыққа дейін апарады. Тарихта Римнің залым патшаларының алғашқы христиандарды циркте арыстандарға талатып, қарқылдап тамашалауы - Құран Кәрімде айтылған:

بَلْ هُمْ أَضَلُّ

Яғни, **«Олар хайуандардан да төмен»** деген сатыға мысал болып келеді.

❀❀❀

Заттың табиғатында болсын, адамның жаратылысында болсын қосылып біріккен көріністер арасындағы шексіз өзгешеліктер – бұл әлемнің негізгі заңдылықтарының бірі – «өзгешелік» екендігі шындығын білдіреді. Бүкіл әлемде екі жаратылыстың өзін тең ұстауға тырысу – бос еңбек. Өйткені Аллаһтың шексіз есім-сипаттарының көрінісі салдарынан әлемде егіз нәрсе жоқ. Затымен, рухымен толықтай егіз адам болмағаны сияқты бұтақ, жеміс санынан егіз ағаш та жоқ.

Аллаһ адам мен әлемді осы негізгі көз қарас тұрғысынан түсіне білу, адамға өз жынысының қарама-қайшылықтарына шыдай білу, тіпті оларға мейірімділікпен, кешірімділікпен қарай білу кемелдігін береді. Мінеки, тасаввуф – бұл қасиеттен үлесі жоқ адамдар ашуланатын қылықтардың өзіне сүйіспеншілікпен, кешірімділікпен қарай білу кемелдігі деген сөз. Бұл болса, сыртқы көріністің ішкі хикметін білудің берген жетістігі.

Біздер осы парасаттылық пен кемелдіктің арқасында көптеген жақсы қасиеттерге ие боламыз. Әу баста күнәһарға ашуланудың орнына жаны ашып, кәпірге ақиқаттан, Аллаһты танудан мақрұм қалғандығын ойлап, жылы жүзбен және ол шындықты түсінер деген үмітпен қарауымызды қамтамасыз етеді. Дінді уағыздауда бізге күш, батылдық береді. Оларды тура соқырлар сияқты қауіптен сақтандырып, жол көрсетушіге мұқтаж адамдар ретінде қарауымызды қамтамасыз етеді.

Қанаты қайырылған бір құс көргенде, оған жаны ашырлық көрсеткендердің күнәһарға деген ашуларының қисынсыз екендігін түсінуімізге көмектеседі. Сүйіспеншілік пен мейірімділік сезімдеріміз асқақтап, туысқандық байланыстардан да асып, барлық адамзатқа деген жан ашырлық сезімге жетеміз. Мұндай адамдардан құралған қоғамда қылмыс пен ұрыс-керістердің орнын мейірімділікпен көмектесу басады. Сөйтіп, көбі өткен шақта қалған салих адамдардың саны көбейеді. Олардың Хазіреті Пайғамбарды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үлгі тұтып, ұстанған «мақтаулы ахлағы» мүмкіндігінше етек жаяды. Кемшілікті адамдарға қарсы барлық қарым-қатынастар мына бір айқын мысалдағыдай кемелдене түседі.

Тасаввуф тарихының атақты тұлғаларының бірі – Бәлх шәйх-тарынан Хатәм Әсамм (құддисә сирруһ) – Аллаһ пен Расулының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) рухани тәрбиесімен нәпсісі мен рухын тәрбиелеп, ахлағын жоғары дәрежеге жеткізе білген дара тұлға. Хазіреті Пірдің құлағы жақсы естігенімен, «Әсамм» яғни «саңырау» лақабымен танымал болуы ғибратты бір оқиғаға байланысты екен.

Бір күні оған шағым айту үшін қайғыға батқан бір әйел келеді. Тап сөзін бастағай жатқанда әйелден еріктен тыс, жағымсыз дауыс шығады. Әйел ұялғанынан жерге кіріп кете жаздайды. Хатәм Хазірет әйелдің ұялып, мүшкіл жағдайда қалмауы үшін ештеңе естімегендей болып, қолын құлағына тосып:

«Апай, құлағым жақсы естімейді, біраз қаттырақ айтыңыз шы! Естігем жоқ...» - дейді.

Осыдан соң әйел кемшілігінің байқалмағанын ойлап, тынышталады. Дауыстап, қайғысын қайтадан айта бастайды.

Риуаят бойынша сол оқиғадан кейін Хатәм Хазірет бұл тәсілін әйел естіп ренжімеуі үшін өлгенше, он бес жыл, барлық адамға саңырау адамдай қатынас жасаған екен. Сол себептен «**Хатәм Әсамм**» яғни «Саңырау Хатәм» деген лақаппен мәшһүр болған.

Мұндай жарқын сыпайылықты, ахлақи дәрежені тек қана кітаптан оқыған мағлұматтар арқылы өмірде қолдану әлбетте мүмкін емес. Хатәм Хазірет көрсеткен бұл сыпайылық пен парасаттылық оның Аллаһ Тағаланың **«Сәттарүл-үйуб»** яғни «айыпты жабушы» сипатынан алған үлгісін ахлаққа айналдыра білуіне байланыстырып түсіндіруге болады. Мұндай әрекеттер – әсіресе, тасаввуфта **«Аллаһтың ахлағын бойға дарыту»** деп аталады.

Сол себептен, нағыз Аллаһ достары Хақ Тағаланың ұлы сипаттарының көріністеріне оранып, өз еріктерін Оның еркіне тапсырады. Оның әрбір мақсат-мұратының орынды екендігін біліп, айналасындағыларды соған бағыттайды. Осы орайда мына бір хикметті мысалға қарайық:

Сүнбүл Синан Хазіреті бір күні мүридтерінен сұрайды:

«Балаларым! Мысалға айтар болсақ, егер Аллаһ Тағала бұл әлемнің басқаруын сендерге берсе не істер едіңдер?»

Әрбіреуі түрлі жауаптар айтады. Біреуі:

«Барлық кәпірлерді жояр едім!» - десе,

Біреуі:

«Барлық ішімдік ішетіндерді құртар едім!» - дейді.

Ал, енді біреуі:

«Ешбір шылым шегетін адам қалдырмаймын!»- сынды ұзақ та тиянақсыз жауаптар береді. Мүридтердің арасында отырған ғалым Мүслихиддин Мырза ешбір жауап қатпай, үндемеген қалпы отырған еді. Шәйх Хазірет бұл жолы оған бұрылып:

«Балам! Сіз не істер едіңіз?» - деп сұрайды.

Мұслихиддин Мырза әдепті түрде:

«Тақсыр! Басқа бір нәрсе ойлап айтайын десем, Аллаһ Тағаланың қалауы мен басқаруында нұқсандық бар дегендік болар еді. Тек қана барлық нәрсені сол қалпынша жалғастырар едім деп, жауап берер едім» - дейді.

Бұл жауапқа қанағаттанған Сүнбүл Синан Хазірет:

«Міне, енді мәселе мәркезін (шешімін,негізін) тапты» - дейді.

Сол күннен кейін Мұслихиддин Мырза, «Мәркез Мырза» аталып, ұстазы Сүнбүл Синан Хазіретінен соң рухани аманат соған беріледі.

Ибраһим Хаққы Әрзуруми Хазірет де тура осы жағдайды жинақтағандай, Хақ Тағалаға деген сенімін былай баяндайды:

Істерінің бәрі ұлық
Бір-біріне лайық.
Не істесе де орынды,
Мәуләм (жаратушы, қамқоршы), көрейік, не етер
Не етсе де, нақ етер!

Қорыта айтқанда, осындай тамаша әрі жоғары халдерге жету – ішкі жан дүниеде Аллаһ Тағаланың сипаттарының көрінісіне бөленудің арқасында ғана іске асады. Әйтпесе, үстінде жазылған жазу мен сызылған суреттен бейхабар қағаздан айырмашылығымыз болмас. Бұл жайлы Хазіреті Мәуләнә қандай жақсы айтқан:

«Қағазға қайғылы бір адамның суретін салсаң, сол сурет пен қағаз қайғыдан да, қуаныштан да бейхабар».

«Сурет сырттай қарағанда қайғылы, бірақ суреттің де, қағаздың да қайғыдан хабары жоқ.

Суретте күліп тұрған адамның да күліп тұрғанынан хабары жоқ».

Сондықтан адам болғандығымыз үшін қаншама иләһи сипаттың көріністеріне ие де болсақ, егер бұлардан бейхабар болсақ, сол жансыз қағаз бен сурет сияқтымыз. Сондықтан бізге сынақ үшін берілген барлық фәни, баламалы сипаттарымызды Аллаһ Тағаланың ұлы сипаттарының көрінісіндеерітіп, жоюуымыз керек. Оның ұлық затына тән барлық сипаттардың ауқымы айтып жеткізгісіз кеңдік пен шексіздікке ие екенін білуіміз қажет. Олардың бәрі де әзәли және мәңгілік. Бәрі Оған тән және шексіз ерекшеліктерге ие. Яғни, ешбір сипатының

шегі мен жағасы жоқ. Сондықтан Оның ілімі, сөзі, құдіреті, заты және барлық сипаттары осы мағынасымен әр түрлі салыстырмалардан және түсіндірмелерден тыс. Біздің дүниеміздің ерекшеліктері болса, шектеулі һәм фәни. Бір көлеңке ғана. Осы күйімен әлі өзін толық мағынада тани алмаған адам баласының әлбетте, Аллаһ Тағалаға тән, ерекше сипаттарды лайықты түрде тануы, түсінуі мүмкін емес. Аллаһ Тағаланың затының ақиқаты мен мәнін қалайша түсіне алмасақ, сипаттарының ақиқаты мен мәнін де кәміл түрде солай түсіне алмаймыз.

Міне осы ақиқатқа көз жеткізіп, өзіндегі көру, есту, түсіну, сөйлеу т.б барлық сипаттарды Аллаһ Тағаланың сипаттарының азғана көрінісі екендігін түсінгендер «ештік сезіміне» оранып, тек Аллаһтың мағрифат фәйзімен өмір сүріп, нағыз иманның терең ләззатымен фәниге (Аллаһтың нұрында өз болмысын жойып) айналып:

لَا مَوْجُودَ إِلَّا هُوَ

«Аллаһтан басқа барлық жоқ» - дейді.

Көңілдері мен саналары мағрифаттың шыңына жетіп:

«Уа, Раббым! Сен қалай болсаң – сондайсың» сынды түсінік хикметіне бөленеді.

Осылайша, олар әртүрлі күмән мен шүбәдән пәк, анық таза жүрекпен Раббыларына қауышады. Сөйтіп, әулиелердің дәптеріне жазылады.

Дәруіштің бірі Бәязид Бистамиден:

«Тақсыр, Аллаһтың ең үлкен есімдері қайсылары?» - деп сұрайды. Бәязид:

«Балам! Аллаһ Тағаланың қай есімі кіші еді?! Надан болма! Аллаһтың барлық есімдері үлкен. Сен Одан талабыңның қабыл етуін сұрасаң, жүрегіңді басқа нәрсенің орнығуынан қорғап қал! Оның есімдері надан жүректерде көрініс таппайды. Алайда, Оның нұрына бөленген жүрекке Аллаһ Тағала әр сәт қаншама есімдерімен назар салады!» - деп жауап береді.

Сондықтан Аллаһтың барлық есімдеріне көптеген аяттарда «ұлық» деген сипат беріледі.

«Раббыңның ұлы есімін тәсбих ет (ұлықта)!» - (Уақиға сүресі 96-аят) деп бұйырылады.

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) намаздың рукуғында: «Сүбханә раббийәл азим» (ұлылық иесі Раббымды барлық нұқсан сипаттардан пәктеп, ұлықтаймын), сәждеде де «Сүбханә раббийәл ағлә» (ұлылардың ұлысы Раббымды барлық нұқсан сипаттардан пәктеп, ұлықтаймын!) - деп, осы бұйрықты орындаған.

Аллаһым! Ең тамаша есімдеріңнің құрметіне, әсіресе, Өзіңе тән есіміңнің құрметіне біздерге мағрифатұллаһ пен махаббатұллаһ сырынан үлес нәсіп еткейсің!

Әмин!

Мағрифатұллаһқа жеткен кәміл адам Хақ Тағаланың сүйіспеншілігі мен махаббатының қарамағында болғандықтан, лупаның астындағы қағаздың жанғаны сияқты, оның нәпсіқұмарлықтары да жойылады.

3. МАҒРИФАТҰЛЛАҺ және ОНЫҢ АРИФТЕРДЕГІ КӨРІНІСТЕРІ

Мағрифатұллаһ – барлық әлемдегі сырлар мен хикметтерді қамтыған, шексіз әрі соңсыз иләһи ілім. Бұл ілімді нақты түрде танымдауға адам санасы жетпейді. Бірақ, әркім қабілеті, шамасы және талабына қарай осы ілімнен ләззаттанып, нәсіп алады. Сол себептен, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

لَا أُحْصِى ثَنَاءً عَلَيْكَ أَنْتَ كَمَا أَثْنَيْتَ عَلَى نَفْسِكَ

«(Аллаһым!) Сені лайықты түрде мадақтап, ұлықтауда өте әлсізбін! Сен Өзіңді қалай мадақтап, қалай ұлықтасаң солайсың!» - (Мүслим, Салат 222) деген.

Ұлы Аллаһтың:

«Мен бір жасырын қазына едім. Мағрифатыма (танылуыма) ынтық болдым және Мені тануы үшін мақлұқатты жараттым»[5] - деген хадис құдсидегі мағына мағрифатұллаһтың мәнін меңзейді.

Құран Кәрім мен Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хадистерінен кейін Рабтың мағрифатына жеткен

[5] Ажлуни, Кәшфул-Хафа, II, 132

(таныған) таңдаулы құлдарының іс-қимылдары мен сөздерінен жақсы ешбір іс пен сөз жоқ. Өйткені олардың қимылдары мен сөздері кәсіптік (үйрену нәтижесі) емес, Аллаһ тарапынан берілген (ләдунни) ілім болып табылады. Сол себептен, оларды – «пайғамбарлардың мирасшылары» деп атайды. Сол таңдаулы құлдардың қимылын көріп, сөздерін естігендердің көңілі фәйзге толады. Ынтасы артып, оларға сырлар ашыла бастайды. Шайтани уәсуәсәлар (азғырыуы) мен дүниеуи ашкөздіктен құтылады.

Бұл Хақ достарының бір бөлігі – Хазіреті Адам сипатында. Бір жартысы – Хазіреті Ибраһим сипатында. Тағы бір жартысы – Хазіреті Мұса сипатында. Тағы біразы – Хазіреті Иса сипатында. Ал, қалған тағы бір бөлігі – Мұхаммеди жаратылыста.

Мұхаммеди жаратылыстағылардың ерекше сипаттары: мағрифат, махаббат және тәухид иесі болуы. Бұл дара тұлғалардың ішінде тағы бір бөлік жандар болғаны сонша, олар барлық жақсы сипаттарға ие болғандықтан оларды түсіндіру мүмкін емес.

Аллаһ Тағала бұл сүйікті құлдарына, жағдайларына қарай түрлі сыйларға бөлеген. Мәселен, олардың кейбірін Шах Нақшибәнд сияқты руханиятта тым күшті етіп, ұстанымда және мағрифатұллаһта шексіз әрі теңдесіз көмек дариясы еткен. Кейбірін Мәжнүн сияқты ғашықтықтың шөлінде кездірген. Кейбірін тамашаның жазығында кездірген. Кейбірін иләһи ұлылықтың алдында меңіреу қылған. Тағы бір тобын Юнус Әмрә сияқты ғашықтық бұлбұлы еткен. Және біразын Қожа Ахмет Яссауи мен Хазіреті Мәуләнә сияқты тілінен хикметтер мен маржандар төккен рухани дария еткен.

Аллаһ Тағала осы әр түрлі сыйға бөлеген барлық әулиелерін достық аясында мағрифат ілімімен жабдықтап, оларды дара жол көрсетушілер ретінде барлық адамзатқа сыйлаған.

Мағрифатұллаһқа жеткен кәміл адам – Хақ Тағаланың махаббаты мен сүйіспеншілік көрінісінің қамқорлығында болғандықтан, лупаның астындағы қағаздың жанғаны сияқты оның нәпсіқұмарлықтары да жойылады. Сөйтіп, олар нұрлы

бір тартымдылық орталығына айналғандықтан, оларды басқа адамдар еріксіз сүйіп, құрметтейді. Соның өзінде олар фәни ілтипат пен байланыстардың қаупінен өздерін құтқарғандықтан, тәкаппарлық, мақтаншақтық және менмендік сияқты жағымсыз сипаттардың қармағына түспейді. Халықтың арасында Хақпен бірге өмір сүреді. «Тағзым ли әмрилләһ», яғни, Аллаһтың әмірлеріне құрметпен мойынсұнып, «Шәфқат ли халқиллаһ», яғни, Аллаһтың жаратқандарына мейірім, сүйіспеншілік сезімдерімен қарап, сол бойынша қатынас құрады. Бірақ, Аллаһқа махаббаты себебімен, дін мен ақиқатқа қайшы келетін залымдар мен опасыз адамдарға ешқашан сүйіспеншілік көрсетіп, жылы қарамайды. Тек қана сүйіспеншілік бойынша оларға жаны ашып, һидаятқа қауышылары үшін дұға етеді.

Мал-мүлік пен барлық дүниелік байлықтар оларға тек қайырға жұмсау үшін ғана қажет. Кәміл адам – өзін мағрифатұллаһқа және Аллаһқа қауышуға арнаған адам. Ол енді – бұл дүниенің уайым-қайғыларына мойымайтын, таңдаулы, қас құл.

❀❀❀

Мәуләнә (құддисә сирруһ) рухтардың, нәпсілердің және қабілеттердің әр адамда әр түрлі болатындығын, әркім өз көңіл терезесінен әлемдегі құдірет өрнек-нақыштарын әр түрлі тұрғыдан өзінше көретіндігін және көпшіліктің ішінде жүріп, Аллаһпен бірге болу жағдайын мына бір қисса арқылы өте сәтті баяндайды:

«Бір сопы көңілденіп тәфәккур ету үшін тамаша бір баққа барады. Бақтың түрлі-түсті әсемдігіне қайран қалып, көздерін жұмып іштей ойға батады.

Сол жердегі бір надан адам сопыны ұйықтап отыр деп ойлайды. Оның бұл күйіне таңданып, сопыға:

«Неге ұйықтап отырсың? Көзіңді ашып, жүзім шыбықтарын, бүршік жарған ағаштарды, көгерген жерлерді тамашала! Аллаһтың рахмет туындыларына назар сал!» - дейді.

Сопы оған:

«Ей, надан! Иләһи рахметтің ең үлкен туындысы көңіл екенін біл. Оның сыртындағылар осы ұлы туындының көлеңкесі іспеттес. Ағаштың арасынан бір арық ағады. Оның мөлдір суынан екі жағаның ағаштарының бейнесін көресің.

Судың ішіне шағылысып көрініп тұрғандар қиялдағы бау-бақшалар. Нағыз бау-бақша көңілде. Өйткені, көңіл – иләһи назар орны. Оның пәк әрі нәзік көлеңкесі су мен батпақтан тұратын дүние әлемінде.

Егер бұл әлемдегілер көңіл әлеміндегі сол қуаныштың көрінісі болмағанда, Аллаһ Тағала бұл қиял әлемін алданыш орны демес еді.

Әли Имран сүресінің 185-аятында:

«Бұл дүние өмірі – алданыштан басқа ештеңе емес» - делінеді.

Надандар мен дүниені жәннат санап, «Жәннат деген осы!»-деушілер – осындай арықтың көрінісіне алданған адамдар.

Нағыз бау-бақшалардан, яғни Аллаһтың әулие құлдарынан алыс қалғандар, сол қиялға көңіл бөліп, алданады.

Олар бір күні бұл надандық ұйқысынан оянады. Көздері ашылып, ақиқатты көреді. Бірақ, ақтық демде ол көріністің қандай пайдасы бар?

«Өлмей тұрып өлген, рухы сол бақшаның ақиқат иісін сезген адам нендей бақытты».

Расында бір адам дүниенің нәпсілік ләззаттарына мән бермей, олардан теріс айналса, Аллаһ (жәллә жәләлуһу) сол құлдың рухын таза, жүрегін нұрлы етеді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Ішіне нұр кірген жүрек ашылып, кеңейеді» - дегенде,

«Уа, Расулаллаһ, оның белгісі не?» - деп сұрайды, сонда ол:

«Фәни дүниеден алыстау, мәңгілік болған ақыретке көңіл бөліп, өлмей тұрып, өлімге әзірлену,» - (Табери, Тәфсир VIII, 37) деп жауап берген.

Сол абыройлы мағрифат жолының шынайы жолаушылары – әулиелердің, яғни, Хақ достарының көңілдері сәуірдің жаңбыр тамшыларынан ірі маржан жасаған, маржанның қабығы іспеттес. Олар өздеріне сүйіспеншілікпен қараған қаншама көңілдердің бәрін де Аллаһтың рұқсатымен маржан қабығы етуге ұмтылады. Бұл талаптанушылар осы қабықта сақталатын жаңбыр тамшысын түсіне білсе болғаны!

Мәснәуи кітабына жазылған түсініктемеде былай жазылған:

«Сөз иесі Аллаһ бұлттың құлағына бір сыр айтты. Оның көзінен су атқақтағандай жас ақты. Гүлдің құлағына бір сыр айтты да оны түр мен хош иістің салтанатымен безендірді. Тасқа бір сыр айтты да оны асыл тастардың ішінде ақық етті. Яғни, пәк сипатымен көрініс тауып, бұлттан су ағызды, гүлді безендірді, тастың құнын арттырды.

Сол сияқты адамға да бір сыр берді. Сол сырды сақтаған мағрифат иесінің дәрежесін мәңгілікке көтерді. Иләһи әлемнен аян алған Хақ достары тәннен құтылып, Хаққа жақындықтың сырын ұқты».

Шүбәсіз, бұл сырлар – әр түрлі көріністер арқылы мағрифатқа себеп болған махаббат сыры болғаны сонша барлық нәрсенің кемелдігі мен сұлулығы оның фәйзді бойында сақталған.

Биік дәрежедегі Аллаһ достарында махаббатұллаһтың көріністері күңгірттенеді. Оған деген махаббат – адамның фәни затты еріксіз түрде сүюі және махаббаттық байланыс құруына ұқсамайды. Ондай махаббат – өткінші, жалған, салыстырмалы. Нағыз махаббат – Раббыға ынтығу және Оның нұрында өз болмысынан кешу.

Осы заттық махаббаттың көріністеріне ие болған Хақ достары сый көрсе сүйсінетін, қаһарға ұшыраса бұл сүйіспеншілігі әлсірейтін адамдар емес. Мына бір салыстырмалы хикая нағыз махаббатқа тамаша бір мысал. Мәуләнә Жәми (құддисә сирруһ) былай дейді:

Піріміз Мәуләнә Садеддин Қашғаридің сұхбат алқасында бір жігіт бар еді. Бұл жас жігіттің риязат, халуәт (қылует) және

сүйіспеншілігі ілгері дәрежеде болатын. Ол да мен сияқты бір фәни сұлуға ынтық болатын. Сөйтіп ол көңіліне жинаған құндылықтарын бір сәтте-ақ сол жаққа аудара салады.

Ол алтыннан және әшекей бұйымнан сыйлық ретінде бір затты алып, сол сұлу өтетін жолға тастайды да, оны басқа біреу алып кетпеуі үшін бір шетке жасырынады. Ол сүйіктісі сол жерден өтіп, сол сыйлықты көріп, алсын деп ойлаған еді. Бірақ, кімнен және қалай келгенін білмейтін болады. Мен жағдайды ести сала оған:

«Қандай қызық нәрсе істеп жүрсің!? Қаншама қиыншылықпен тапқан нәрсеңді оның жолына тастайсың! Көріп, тауып алса да, кімнен екенін және не үшін екендігін білмейді. Одан да бір нәрсе істе, сенен екенін білетін болсын!» - дедім.

Ол көзінен жас ағып, құшақтап, былай деді:

«Сен не дейсің? Істеген ісімнің оғаштығын білмейді деп ойлай-мысың! Мұны істеген кезде ешқандай сый күтпеймін. Өйткені, сыйлығым үшін оның маған қарыздар болуын қаламаймын!»

Бұл жауапқа таң қалдым. Бір фәни бейнеге деген өткінші махаббатта осыншама нәзіктік, сыпайылық және қарапайымдылық көрініс тапса, «Махаббатұллаһқа» жеткендердің мағрифатұллаһтың қандай ұлы көріністеріне айна боларын кім біледі?

Жүректің осы сатыларын ашу үшін Мәуләнә Жалаладдин Руми Селжүк Медресесінде дүниелік ғылымдардың шыңына шығып, шәкірттерге ұстаз болған кезіндегі халін – «шикі едім» деп, мағрифатұллаһтың көріністеріне ие болып, әлем сырлары өзіне аян бола бастаған кезін – «пістім» деп, иләһи махаббатта арылған халін – «жандым» деп түсіндірген.

Мағрифатұллаһқа жету – тек Аллаһтың заты мен сипаттарына шынайы дәрежедегі иман және де иләһи көріністерді адам ақылына сыятын дәрежеде аңғару арқылы ғана мүмкін болады.

Аллаһым! Бізге өзің берген аманаттарыңның хақын лайықты түрде орындауды нәсіп еткейсің! Біздерді ақыретте шексіз рахметіңе бөлейтіндей дәрежеде салих амал иесі қыл! Жүрегімізді махаббатұллаһтың айбынды көріністеріне айна ет! Құлдарыңа деген сүйіспеншілігің мен мейірімділіктің көрінісі ретінде сыйлаған «жаратылғандардың ең абыройлысы» сырына жеткізіп, көңілімізді рахмет тамшысымен көгерте гөр!

Әмин!

❀❀❀

*И*ләһи сыйларға қол жеткізу жүректің икеміне байланысты.

Ә. ИЛӘҺИ СЫЙЛАР

Аллаһтан басқа барлық жаратылыс ұлы Раббымыздың «Ләтиф» сипатының көрінісімен, яғни оның сыйы болып жаратылған. Ешбір мақлұқ еңбек етіп, ақысын өтеп жаратылмаған. Жаратылғандардың өзгермелі және салыстырмалы жаратылысымен, олардың жаратылу хикметтеріне байланысты барлық сипаттары мен мүмкіндіктері – бәрі де иләһи сый.[6] Демек барлық жаратылыстың бар болуы Аллаһ Тағаланың сыйы, жомарттығы және жақсылығы арқасында болған.

Жаратылған барлық нәрсенің бар болуы және оларға берілген сипаттар негізінде «құдайдың берген сыйы» болғанымен, біз бұл атауды тасаввуф жолын ұстанғандардың жеткен дәрежелеріне қарай, Құдай Тағала тарапынан берілген жетістіктер үшін қолданамыз. Мұсылмандар арасындағы қабілеті барлары әлі ақыретке көшпей тұрып, бұл жолда ілгерілеген сайын ерекше сыйлар мен қасиеттерге бөлене бастайды. Құлдың осы қасиеттерге өз еркін (ирада жүзийе) қолдана отырып, жеткені байқалса да, Аллаһтың сыйы адамның кішкене ғана еркінен басым болғандықтан бұлардың барлығы тек «иләһи сый» деп қана қабылданған. Сондықтан «мәуһибә» (сый) сөзін осыған ғана ар-

[6] Құдайдың бергені.

нау әдетке айналған. Өйткені бұл мәселеде құлдың өтеуін төлеп, лайық болуы жағдайымен Аллаһтың құлын бұл қасиеттерге бөлеуі арасындағы үлкен айырмашылық себебімен құлдың өз күшімен бұл қасиеттерге ие болуы деген ұғымды жою алға шыққан. Бұл көзқарас – жоғары қасиеттерге жетелеген адами күш-жігер де, негізінде иләһи сый болғандықтан қателік болып саналмайды.

Тасаввуфи тәрбие арқылы рухани биік дәрежелерге жеткен кейбір қабілетті тұлғалар осы рухани сапарда көптеген кәмілдіктің көріністеріне қол жеткізеді. Тіпті, кейбір Хақ достарына хикметтер аян болып, көптеген сырлы түйіндер бір-бірлеп шешіле бастайды. Тылсымдар ашылып, жасырын нәрселерді ұғына бастайды. Таза жүректегі иләһи аяндар құлдың бетін Хақ пен ақиқаттың негізіне бұрады. Ләухи махфуздың болашаққа байланысты көптеген ақиқаттарының жүректе көрініс табуы салдарынан оларды шынайы түстерде тамашалайды. Құл барлық нәрседе иләһи мақсатты байқайтын көреген көз бен кемел ойға ие болады.

Шынайы ынта-жігерге қосымша тек иләһи сый мен жақсылықтың арқасында ғана қол жеткізілетін бұл халдердің басқа да көптеген көрініс түрлері бар. Бұл жетістіктер – жеке ілім ретінде «ләдүнният» деп аталады. Ләдүнни мағлұматтар адамның ақылы мен түсінігі жетпейтін мәнде болса да, бұдан Аллаһ Тағаланың сыйы мен жақсылығы арқасында нәсіп алғандар жеткен дәрежелеріне қарай ауқымды түсінік пен санаға ие болады. Енді осы ләдүнни ілімнің мәнін адам баласы түсіне алатындай, әрі дін рұқсат еткен мөлшерде түсіндіруге тырысайық.

Мен құлымды сүйсем, оның (бейне бір) сөйлейтін тілі, ойлайтын жүрегі, еститін құлағы, көретін көзі, ұстайтын қолы және жүретін аяғы боламын. Менен не сұраса, қалайда беремін. Мені паналаса, оны қорғаймын (Бұхари, Риқақ 38)

1. ЛӘДҮННИ ІЛІМ

Уәһби ілім деп аталатын бұл ілім тек Аллаһ Тағала тарапынан беріліп, толықтай Оның сыйы болып табылады.

Құран Кәрімде осы ілім хақында **«біздің жанымыздан, біздің тарапымыздан (берілетін) бір ілім»** мағынасындағы **مِنْ لَدُنَّا عِلْماً** сөзі қолданылған. **«Ләдүнни ілім»**[7] сөзі де осыдан шыққан.

Негізінде, Аллаһ Тағаланың Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) білдірген ақиқаттар үш топтан тұрады. Бұлардың бірінші тобындағы шындықтар тек пайғамбарлық қасиет арқылы аян болатындықтан бұлар – Аллаһ Тағала мен Оның ұлық Пайғамбарының арасындағы сыр болып қалған. Мұндай ақиқаттарды Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) ешбір сахабасына ашып айтпаған.

Аллаһ Тағала мен Расулының арасындағы мұндай паш етуіне рұқсат берілмеген, берілсе де, ешкім түсіне алмайтын ақиқаттардың баршылығы кейбір хадистердің мазмұнынан байқалады. Сондай-ақ, Расулұллаһ (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) бір хадисінде сахабаларына:

[7] Кәһф сүресі 65-аят.

«Егер менің білгенімді білсеңдер, аз күліп, көп жылар едіңдер» - (Бұхари, Кусуф 2; Мүслим, Салат 112) деген еді.

Екінші бір хадисінде:

«Менің Аллаһ Тағаламен кейбір (құпия) сәттерім болады. Оны үлкен бір періште, де қандай да бір пайғамбар да біле алмайды» - (Мүнәуи, Фәйзул-Қадир IV, 8) деп баяндаған.

Аллаһ Тағаланың Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) білдірген екінші топқа жататын ақиқаттарды болса, оларды тек ақылы мен рухи қасиеттері дамыған, «хауас» немесе «хауассүл хауас»[8] деп аталатын, лайықты да қабілетті адамдар ғана дұрыс түсіне алады. Бұл топтағы ақиқаттарды Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хазіреті Әбу Бәкір және Хазіреті Әли сияқты кейбір үлкен сахабаларға ғана ақтарғандығы тарихи шындық. Бұлардың жүректен жүрекке жетуі өзіндік дәстүр. Өйткені бұл ақиқаттар қағазға жазылса, оны лайықты еместер де білуі немесе қате түсініп қалуы себебімен, қателікке бой алдыру ықтималдығы бар. Сонымен қатар бұл мәселеде адамның жүрек қабілеті мен шамасына қарай жауапкершілігі болмақ. Құл өзінің кемелденуі үшін бұл қабілетін жетілдіруге мәжбүр.

Аллаһ Тағаланың Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) білдірген ақиқаттарының үшінші тобы шариғат ақиқаттарынан тұрады. Бұл топтағы мағлұматтар туралы барлық адамзат иман келтіріп, амал етуге жауапкершілігі бар. Сол себептен Аллаһ Тағала бұл үкімдерді ең төменгі дәрежедегі құлдарын назарға алып, олардың да шамасы жететіндей етіп бұйырған. Олар әр адамға қажет және жалпының жауапкершілігін міндет еткендіктен әлемге жария етілген.

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сахабаларына ауық-ауық қияметке дейін болатын оқиғалар жайында түсініктеме жасағанда сахабалардың көпшілігі бұларды нақты түсіне алмай, тіпті кейбіреулері оларды ұмытып кететін еді.[9]

---

[8] Хауас – Таңдаулы тақуа құлдар. Хауассүл Хауас – Ерекше таңдаулы құлдар.
[9]· Бұхари, Қадер 4.

Бірақ, Пайғамбарымыздың кейбір лайықты деген адамдардың өзіне түсінілуі өте қиын кейбір ақиқаттарды жеткізгендігі және бұлардың көбінің жүректен жүрекке өткендігі байқалады. Өйткені олар - жалпыға қажет емес және көп адамдардың ақылы мен түсінігі жетпейтін ақиқаттар. Мұндай мағлұматтардың қабілетті адамдар арасында жалғасуының, барлық адамдарға бағытталған түрде емес, көбінесе жүректен-жүрекке, яғни лайықты адамнан, екінші лайықты адамға жалғасу түрінде іске асқандығының тарихи дәстүрі бар.

Хазіреті Әбу Бәкір және Хазіреті Әлимен бірге Ибн Мәс'уд, Әбу Һұрайра, Мұаз бин Жәбәл және Харис бин Мәлік (радиаллаһу анһұм) сынды сахабалар осы арнайы ілімге тән кейбір сырларды білетін жандар еді.

❁❁❁

Аллаһ Тағала өзінен лайықты түрде именген, адами еркі мен қалауын иләһи ерікке тапсырып бере білген құлдарының жүректеріне көз көрмейтін, ақыл жете алмайтын көптеген сыйлар береді. Сондай-ақ, ұлы Раббымыз осындай тақуа құлдарына арнайы ілім және хикмет беретіндігін Құран Кәрімде былай жеткізеді:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ اٰمَنُوا إِنْ تَتَّقُوا اللّٰهَ يَجْعَلْ لَكُمْ فُرْقَاناً
وَ يُكَفِّرْ عَنْكُمْ سَيِّاٰتِكُمْ وَ يَغْفِرْ لَكُمْ وَ اللّٰهُ ذُوالْفَضْلِ الْعَظِيمِ

«Ей, иман етушілер! Егер Аллаһтан қорықсаңдар, Ол сендерге бір фұрқан (жақсы мен жаманды ажырататын бір ілім, парасат пен түсінік) **береді. Күнәларыңды жасырып, сендерді кешіреді. Өйткені, Аллаһ үлкен сый иесі»** (Әнфал сүресі 29-аят)

«Ей, иман етушілер! Аллаһтан қорқыңдар және Пайғамбарына сеніңдер. Сонда Ол рахметінен екі есе беріп, сендерге жарығымен жүретін бір нұр сыйлайды» (Хадид сүресі 28-аят).

Хадисте де:

«Үйренгендерімен амал еткенге Аллаһ Тағала білмейтіндерін үйретеді,» - (Әбу Нуайм, Хилиятул-Әулия X, 15) деп бұйырылады.

Мына бір құдси хадисте:

«Кімде-кім менің әулие құлыма дұшпандық жасаса, мен оған қарсы соғысамын. Құлым өзіне бұйырған парыздардан басқа ешқандай сүйкімді бір нәрсемен маған жақын бола алмайды. Құлым маған (парыздармен қатар істеген) нәпіл ғибадаттарымен де үнемі жақындай түседі. Ақыры мен де оны сүйемін. Мен құлымды сүйсем, (бейне) оның естір құлағы, көрер көзі, ұстайтын қолы және жүретін аяғы боламын. Менен не сұраса, қалайда беремін. Мені паналаса, оны қорғаймын» - деген (Бұхари, Риқақ 38).

Аңғарғанымдай парыздарды әдебі мен рукундарына (шарттарына) бағына отырып, ықыласпен орындағаннан соң, сүйіспеншілік ынта және ықыласпен шын көңілден жасалған нәпіл ғибадаттар Аллаһ Тағаланың осындай үлкен сый-сыяпаттарына себеп болады. Сол үшін нәпсінің жағымсыз әуестіктеріне қарсы тұрып, харам, тіпті күмәнді нәрселерден сақтанып, сүннетті өмірдің бағдары ету керек. Өйткені, бұл - адамның адами әлсіздіктері салдарынан жабылып қалған түсінігін шындыққа, ақиқатқа, хикметке ашатын Аллаһ Тағаланың үлкен бір сыйы. Адам әрбір іс-әрекеттерінде иләһи мақсатқа қарай қадам басады. Бағдарлы жоба мен жорамал айтады. Себептер мен сылтаулар, сырттай көріністер өз еркін Хақтың еркіне берген құлды алдай алмайды. Құл оқиғаның ішкі жағын білуге және көрегендікке қол жеткізеді.

Жүрекке келген аян арқылы бағдарлы дұрыс жорамалдау және пайымдаумен қатар, ойға келетін және санада пайда болатын жағымды әрі нәзік пікірлер бар. Бұлар сөзбен емес көбінесе ишарат және басқа белгілермен лайықты адамына жететін жүрек жағдайына байланысты нәзік мағыналар. Бұлар – «ләтифә» немесе осының көпше түрі «ләтайф» (жүрекке байланысты нәзік сезімдер) деп аталады. Бұл мағыналар – Хақ Тағаланың руханият жолындағы салих құлдарына берген ишараттары мен жол сілтеулері.

Сонымен қатар, Аллаһ Тағала салих құлдарына қиын жағдайларға тап болған сәтте ғайыптан келетін дауыспен де ескерту жасау арқылы жәрдем етуі мүмкін. Бұны иесі көрінбейтін, ғайыптан келген дауыс мағынасында «**һатиф**» деп атаған.[10] Бұл – дәруіштің жүрегінде пайда болған және оны Хаққа шақыратын дауыстар болып табылады.

Мына оқиға ғайыптан дауысталудың растығын көрсетеді:

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қайтыс болғаннан кейін Оны аруламақ болған сахабалар басқа өліктегідей Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) киімін шешіп арулаймыз ба, әлде киімінің сыртынан жуындырамыз ба деп екі ойлы болады. Сол келіспеушілікке байланысты Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) киімін шешпей, жуындыруды ғайыптан келген дауыс білдіреді.[11]

❀❀❀

Аллаһ Тағала пайғамбарлары арқылы адамдарға «кітапты», «хикметті» және басқа да білмейтіндерін үйреткен. Бұл тәлім кейде ашық түрде, кейде ләдүнни түрде, тура жүрекке келген аян түрінде де болған. Бірақ, бұл халдер жоғарыда айтқанымыздай, көбінесе адамның түсінуі қиын түрде көрініс тапқандықтан, адамдардың көбіне беймәлім қалдырылған. Дегенмен ләдүнни ілімнің хақ және ақиқат екендігі Құран және сүннетпен бекітілген.

Сондай-ақ, Құран Кәрімде[12] және Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) кейбір хадистерінде айтылған. Хазіреті Мұса (аләйһиссәләм) мен Қызырдың (аләйһиссәләм) арасында болған мына бір оқиға ләдүнни ілімнің мәнінен нақты дәлелдер көрсетеді:

Хазіреті Мұса мен оған сенгендердің ізіне түскен Перғауын әскерлері Исрайл ұлдарының көз алдында Қызыл теңізге батады.

---

[10] Сол себепті, қазіргі араб тілінде телефонды «һәтиф» дейді.
[11] Әбу Дәуіт, Жанайз 27-28; Ахмед б. Ханбәл VI, 267; Ибн Маже, Жанайз 10.
[12] Кәһф сүресі 60-82 аяттар

Бұл иләһи көмектен соң Хазіреті Мұса (аләйһиссәләм) қауымын жинады. Оларға өте айқын, әсерлі және жалынды уағыз айтты. Тіпті, тыңдағандардың жүрегі жұмсап, көздерінен жас ақты. Қауымы Хазіреті Мұсаның ілімі мен мағрифаттағы тереңдігіне қайран қалды. Ішінен біреуі, осы сұхбаттың фәйзінен толқып:

«Ей, Аллаһтың Пайғамбары, дүниеде сенен асқан ғалым бар ма?» - деп сұрады.

Хазіреті Мұса (аләйһиссәләм) жанына жаққан бұл сұраққа «Аллаһ біледі» - демей:

«Жоқ, мұндай адамды білмеймін» - деп жауап береді. Сөйтіп зәллә[13] істеді. Аллаһ Тағала бұл жауапты қош көрмей, сол сәтте Хазіреті Мұсаға уахи арқылы:

«Екі теңіздің қосылған жерінде бір құлым бар. Ол сенен де асқан ғалым. Оған арнайы бір ілім (ләдүнни) **бергенмін»** - деп білдірді.

Мұса (аләйһиссәләм) осы ілімді үйренгісі келіп:

«Сол екі теңіз қосылған жерге дейін тоқтап, дем алмай барамын, қажет болса жылдар бойы жүремін» - деді (Кәһф сүресі 60-аят).

Сосын інісінің ұлы Юша бин Нунмен жолға шықты. Сапар кезінде кейбір көріністерге тап болды. Ақыры іздеген адамды тапты. Құран Кәрімде бұл кездесу былай баяндалады:

«Сөйтіп бір құлымызды тапты, оған тарапымыздан бір рахмет беріп және оған тарапымыздан бір ілім (ләдүнни ілім) **үйреткен едік»**(Кәһф сүресі 65-аят).

Мұсаға (аләйһиссәләм) уахи арқылы ишарат жасалған бұл адам бір жартастың үстінде жасыл шекпенге оралған күйде еді. Хазіреті Мұса жақындап сәлем берді де:

«Мен Мұсамын» - деді.

---

[13] **Зәллә:** Пайғамбарларда өте сирек түрде байқалатын иләһи ризашылыққа сай келмейтін еріксіз сөз және іс-қимыл.

Қызыр[14] (аләйһиссәләм) да:

«Демек, Исрайл ұлдарының пайғамбары Мұса сенсің» - деді.

Мұса (аләйһиссәләм):

«Маған Аллаһ тарапынан, адамдардың ең ғалымы ретінде айтылған адам сенбісің?» - деп сұрады.

Қызыр (аләйһиссәләм) жауап ретінде:

«Ей, Мұса! Аллаһ саған бір ілім берген, ол менде жоқ. Маған бір ілім берген, ол сенде жоқ» - деді.

Мұса (аләйһиссәләм) Қызырға (аләйһиссәләм):

«Аллаһтың саған үйреткен рүшдіні (ақиқатқа жеткізетін ілім мен хикметті) **маған үйретуің үшін саған мойынсұнуға бола ма?»** - (Кәһф сүресі 66-аят) деді.

Мұса (аләйһиссәләм) Қызырдан (аләйһиссәләм) үйрену сұранысын осылай жеткізді. Оқып отырғанымыздай бұл ілімді үйрену үшін аятта айтылған сияқты «мойынсұну» қажет. Өйткені, бұл ілім жүректен жүрекке ауысады. Сол үшін де рухани-материалдық түрде бірге болу қажет.

Мұса (аләйһиссәләм) сырттай түсініксіз, өзіне ғажап болып көрінетін кейбір ақиқаттардың хикметін Қызырдан (аләйһиссәләм) үйренбек болды. Қызыр (аләйһиссәләм) болса Мұсаға (аләйһиссәләм):

«Негізі сен менімен бірге жүргенде сабыр сақтауға шамаң жетпес! Мәнін білмейтін бір нәрсеге қалай сабыр етерсің?» - (Кәһф сүресі 67-68 аяттар) деді.

Қызыр (аләйһиссәләм) бұл сөзімен Хазіреті Мұсаның психологиялық жағдайы хақында алғашқы ойын топшылап, оған

---

[14] **Қызыр** сөзі арабшада «жасыл» немесе «жасылмен (көк) байланысты» мағынаға келеді. Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай дейді:
«Қызырдың (аләйһиссәләм) «Қызыр» болып аталуының себебі мынадай: өзі сарғайған шөптің үстіне отырса, олар көгере бастайтын» (Бұхари, Әнбия 27; Тірмизи, Тәфсир 18; Дәйләми, Мүснәд I, 345). Табиғиннен Мұжәһид: «Қызыр намаз оқығанда айналасы көгере бастайтын дейді. Бұлардан түсінілгені - Қызыр аты оның негізгі аты емес, кейіннен қойылған.

осылайша өзін танытқан. Бұл жағдай соңында түсінікті болатын еді. Өйткені бұл ілім үлкен сабырлықты талап етеді. Мұса (аләйһиссәләм) болса, өте әрекетті өмірден келген еді. Бұл жерде Хазіреті Мұсаның алар сабағы – иләһи ақиқат ілімі алдындағы өз орнын және әлсіздігін білу еді.

Мұса (аләйһиссәләм) қоймай:

«Иншааллаһ мен сабырлық танытамын. Ешбір жағдайда саған қарсы келмеймін» - (Кәһф сүресі 69-аят) деді.

Қызыр (аләйһиссәләм):

«Егер маған бағынатын болсаң, мен саған бірдеме айтқанға дейін, ешбір мәселеде маған сұрақ сұрама!» - (Кәһф сүресі 70-аят) деді.

Осыдан кейін жағада бірге жүрді. Ақыры ағайынды екі жігіттің кемесіне мінді. Қызыр (аләйһиссәләм) өздерінен ақы да сұрамаған адамдардың кемесін тесе бастады. Мұса (аләйһиссәләм) шыдамсызданып:

«Кемедегі адамдарды суға батырасың ба? Кемені неге тестің? Бұл кеменің иелері онсыз да пақыр адамдар, осымен нан тауып жеп жүр. Бұл бейшаралардың кемесімен не жұмысын бар еді? Негізінде орынсыз іс істедің!» - деді.

Қызыр (аләйһиссәләм) әлгі ескертуін есіне салып:

«Мен саған, менімен бірге жүруге сабыр ете алмайсың деп едім ғой!» - деді.

Мұса (аләйһиссәләм):

«Ұмытқандығым үшін мені жауапқа тартпа. Осы істегенім үшін мені қинама» - деді.

Дәл осы мезетте бір торғай келіп кеменің шетіне қонды. Сосын теңізден тұмсығымен су алды. Қызыр (аләйһиссәләм) мұны Мұсаға (аләйһиссәләм) көрсетіп:

«Аллаһтың ілімінің қасында сенің, менің және басқа мақлұқтардың ілімі мына торғайдың тұмсығымен теңізден алған суындай-ақ» - деді.

Біраз уақыттан соң кемеден түсіп тағы жүрді. Ақыры бір ер балаға жолықты. Қызыр (аләйһиссәләм) ол баланы дереу өлтірді.

Мұса (аләйһиссәләм):

«Кінәсәз бір жанды, өш-қассыз өлтірдің ә! Нағыз жаман іс қылдың!» - деді.

Қызыр (аләйһиссәләм) алдыңғы ескертуін қайталап:

«Мен саған менімен бірге жүруге сабырың жетпейді деп айтпадым ба?» - деді.

Мұса (аләйһиссәләм) айтқан сөзінде тұра алмағанына қатты қысылып:

«Егер енді осыдан кейін бір нәрсе сұрасам менімен жолдас болма. Расында сен алға тартатын себептердің шегіне жеттің» - деді.

Тағы жүрді. Ақыры бір ауыл тұрғындарына барып олардан жейтін бір нәрсе сұрады. Бірақ, ауыл тұрғындары оларды қонақ етуден қашқанымен қоймай, олармен жаман қатынасты. Хазіреті Мұса мен Қызыр (аләйһиссәләм) сол жерде құлағалы тұрған бір дуалды көрді. Қызыр (аләйһиссәләм) кірпішпен ол дуалды қайта жинап тұрғызды. Сонда Мұса (аләйһиссәләм):

«Оларға келгенде бізге қарап күтіп алмаған, қарнымызды тойдыратын бір жапырақ нанды көп көрген мұндай адамдарға сен тегін жұмыс істеп жатырсың. Қаласаң бұл жұмысыңа ақы алуыңа болар еді» - деді. Қызыр (аләйһиссәләм):

«Енді сенімен ажырасатын уақытымыз келді. Енді саған, сен сабыр сақтай алмаған үш оқиғаның мәнін баяндап берейін:

Әлгі тескен кемем теңізде еңбек еткен пақыр адамдардың кемесі еді. Оны жарамсыз еткім келді. Өйткені олардың артында барлық бүтін кемелерді тартып алатын бір патша бар еді.

Ал, балаға келер болсақ, ол ертең қарақшы болатын еді. Оның әке-шешесі салиқалы адамдар еді. Сондықтан баланың олар-

ды азғындаумен, қанағатсыздыққа жетелеуінен және оларды азаптауынан құтқардым. Осылайша, Раббылары оның орнына оларға одан да таза әрі сүйіктісін берсін дедік.

Түзеткен дуалға келер болсақ, ауылдағы екі жетім баланікі еді. Астында оларға тиесілі қазына бар еді. Балалардың әкесі салих адам еді. Сол екі бала өсіп, уақыты келгенде Раббыларының рахымшылдығымен өз қазынасын шығарып алсын деп ойладым. Мен мұны да өзім біліп, істеген емеспін. Міне, сабыр ете алмаған оқиғалардың мәнісі осындай» - деді.[15]

Бұл қиссадағы хикметті, ғибратты және сырлы нүктелерге байланысты көптеген нәрселер айтылып, түсініктемелер жасалған. Сол тақырыптағы хикметке толы нүктелерден бірнешеуін баяндайық:

Ләдүнни ілім – оқиғаларға, сыртқы шарттар мен адамзатқа тән өлшеулермен меңгерілмейтіндіктен көп адамдар мәнін түсіне бермейтін беймәлім бір жүйенің шарттарымен қарай білу.

Мәселен, барлық ілімдерде «сұрақ» – үйренудің ең маңызды кілті болып табылады. Бұл ілімде болса, сұрақ сұрау, қарсы келу, тартысу және пікір таластыру деген нәрсе мүлдем жоқ. Керісінше үндемеу, сабыр сақтау және мойынсұну бар. Мәселенің соңына және нәтижесіне қарау керек. Бұл жайлы Әрзурумдық Ибраһим Хаққы Хазірет өте тамаша айтады:

Хақ шерді қайыр етер
Ойлама деп «ғайр етер» (қарамайды деп ойлама).
Ариф оны тамашалайды.
Мәулә (жаратқан) көрейік не етер?
Не етсе де нақ етер!

Деме, «Не үшін бұл былай?»
Орынды тұр ол солай.
Барып соңын тамашала,
Мәулә көрейік не етер?
Не етсе де нақ етер!

[15] Осы қиссалар баяндалған риуаяттар үшін қара. Бұхари, Тәфсир 18/4; Мүслим, Фәзайл 170.

Қиссада баяндалған кеме саяхатында ағайынды салих кемешілер Хазіреті Мұса мен Хазіреті Қызырдан (аләйһиссәләм) ақы алмаған еді. Солайша, Хақ достарына жасаған азғана бір жақсылықтың арқасында үлкен берекетке қол жеткізді. Сөйтіп, кемесі жөндеуге болатын кішкене бір зиян арқылы тонаудан аман қалды. Яғни, қайырға жұмсалған адал табыс босқа кеткен жоқ.

Және де кеменің ақаулы етіліп, тартып алынуына бөгет болуы –ишарат мағынада адамның өмір дариясында жүзген кемесі іспеттес нәпсісін кәміл сезінген жағдайда тәкаппарлық пен менмендік толқынында рухани апатқа ұшырайтындығы, сол себептен үнемі әлсіздігі мен кемшілігін мойындап, рухани апаттардан сақтануы керек екендігі түрінде де түсіндіріледі.

Қызырдың (аләйһиссәләм) бейкүнә бір баланы өлтіруінде де хикметтер бар.

Адам баласы жүрегіндегі бала-шаға, әке-шеше, туыс-туғанға сүйіспеншілігі сияқты адами, пәк сүйіспеншіліктерді лайықты ұстап, оны Аллаһтың сүйіспеншілігінен асырмауы қажет. Әйтпесе, бұлар адамды негізгі мақсатынан адастырып, оны жолдан шығарады.

Аллаһ Тағаланың ұлы есімдерінің біреуі – **«әр-Рақиб»**. Бұл – Аллаһ Тағаланың сүйген құлдарының жүрегіндегі Аллаһқа деген сүйіспеншілігінің үстіне басқа сүйіспеншіліктің көлеңкесінің түсуіне де разы болмауы деген сөз. Яғни, Аллаһқа деген сүйіспеншілік ортақтықты қабылдамайды.

Алайда, өз кезінде Яқұб (аләйһиссәләм) да, ұлы Юсуфтың маңдайындағы пайғамбарлық нұрын сезіп, оның жүрегінде ұлына деген үлкен сүйіспеншілік ағымы пайда болған еді. Яқұбтың (аләйһиссәләм) ұлына деген шектен тыс махаббаты мен мейірімі ғайратұллаһқа тиді. Сол себептен, Аллаһ Тағала оған бір пәлекет жіберуді мақсат етті. Нәтижесінде ұлы екеуінің арасына ұзақ уақыт бөліну жылдары кірді. Әкенің ұлына деген шектен тыс махаббаты ащы айырылысу әкелді.[16]

[16] Рухул-Баян, IV, том, 218 бет.

Кейбір үлкен ақиқаттар әлеуметік мұрагерлік жолымен халықтың ортақ қолданатын мүлкіне айналады және қоғамның ортақ мәдени құндылығында көрініс табады. Негізінде «пұтқа» айналдырылған сүйіспеншілікке байланысты бұл нүкте халық жырларында «көп сүйіспеншілік - тез жырақтық әкелер» түрінде көрініс тапқан.

Расында өте ғибратты да хикметті жәйт – Қызыр (алейһиссәләм) өлтірген баланың әке-шешесі де, әлбетте баласы туғанда қуанышқа бөленіп, өлген кезінде үлкен қайғыға батқан еді. Алайда, бала тірі болса өзімен қатар әке-шешесінің де дүниесі мен ақыретіне зиянын тигізер еді. Шешім әке-шешеге берілсе, өлуін ешқашан қаламайтын еді. Бірақ, шексіз мейірімді Аллаһ Тағала сол салих құлдарын, әке-шешенің баласына деген сүйіспеншілігінен де артық сүйгендіктен, әлгі баланың өлімін жазып, орнына ізгі ұрпақ беру арқылы негізінде оларға жақсылық жасады. Өлген бала күнәсіз түрде бұл дүниеден өткендіктен оның фәни дүниедегі өміріне бедел, әке-шешесімен бірге ақыретте мәңгілік бақытты болуы да қамтылған. Яғни, қаһар түрінде келген бір сый арқылы үлкен зиян кішісіне айырбасталды.

Демек, құлдардың оқиғаларға баға беруі иләһи хикметті білмегендіктен көбінесе қате болады.

Ұлы Раббымыз Құран Кәрімде былай баяндайды:

وَ عَسَى أَنْ تَكْرَهُوا شَيْئاً وَ هُوَ خَيْرٌ لَكُمْ وَ عَسَى أَنْ تُحِبُّوا شَيْئاً
وَ هُوَ شَرٌّ لَكُمْ وَ اللهُ يَعْلَمُ وَ أَنْتُمْ لاَ تَعْلَمُونَ

«...Сендерге ұнамсыз көрінген бір нәрсе көбінесе сендер үшін қайырлы болуы мүмкін. Және жақсы көрген нәрсеңіз де көбінесе сендер үшін жаманшылық болуы мүмкін. Аллаһ біледі, сендер білмейсіңдер» (Бақара сүресі 216-аят)

Бейкүнә бір адамды өлтіру, әрине үлкен бір қылмыс және шариғат бойынша өлтірген адамды да өлтіруді қажет етеді. Бірақ, жаңағы қиссадағы сияқты бір мысалдың, шариғат

үкімдері рұқсат етпейтін түрде және тек қана ләдүнни ілімге сүйеніп іске асуы, сырттай үкіммен міндетті болған Мұхаммед үмметі үшін мүмкін емес. Сол себепті, жүрек ілімін білетін ұлы адамдар да сыртқы себептер орындалмай үкім бермейді. Себептен бөлінбейді. Шариғат үкімдері барлық адам үшін әсте бас тартуға болмайтын міндетті шарттар болып табылады.

Мұса (аләйһиссәләм) бөлек шариғатқа ие пайғамбар және оны орындауға міндеттелген. Қызыр (аләйһиссәләм) болса, Аллаһ тарапынан білдірілген ілімнің шеңберінде әрекет етуде. Яғни, әрекеттерін өз қалауымен емес, Раббысының бұйрығымен жасауда. Мұсаның (аләйһиссәләм) Қызырға (аләйһиссәләм) қарсы келуі, Аллаһтың қойған шегін қорғау үшін. Бұл қиссаны Құран Кәрімде адамдарға жеткізген де ұлы Раббымыз. Демек, қиссадағы оқиғалар сырттай шариғат шарттарына қайшы болып көрінгенімен, ақиқатында бір-бірін толықтыратын өзгеше көріністер. Хазіреті Мұса (аләйһиссәләм) бұл көріністердің сырын түсінісімен қарсылықты қойды. Ол шариғаттың тән, ал, ақиқат болса рух іспеттес екендігін түсінді. Шариғат үкімдері барлық адамдарды қамтығандықтан, адамдардың көбісінің ішкі ақиқаттарды білмеуі себебімен олардың жауапкершіліктері де тек сыртқы себептерге байланысты.

Екінші жағынан, ауылдықтардың өздерін қуып шыққанына қарамастан, Қызырдың (аләйһиссәләм) олардан көрген осы жаман қылықтарға ренжіместен және ешбір материалдық пайда күтпей-ақ ауылда жығылғалы тұрған бір дуалды жөндеуі, негізінде жетімдерге қараудың қаншалықты маңызды бір міндет және жоғары парасаттылық екендігін көрсету үшін еді. Сонымен қатар, адал еңбектің де зая болмайтындығының белгісі. Расында салих құлдардың адал табыстары Аллаһ тарапынан қорғалады. Зая кетпейді.

Хазіреті Осман (радиаллаһу анһу) дуалдың астынан табылған бұл қазына хақында мынаны айтады:

«Қазына – алтыннан жасалып, үстіне ғибратты сөз жазылған бұйым еді. Онда мына жеті жол жазылған еді:

1. Өлімді біле тұра, күлген адамға таңданамын.

2. Дүниенің фәни екенін біле тұра, оған талаптанушыға таңданамын.

3. Барлық нәрсенің тағдырмен белгіленгенін біле тұра, қолдан шыққан нәрсеге қайғырған адамға таңданамын.

4. Есепке тартылатынын біле тұра, мал жинаған адамға таңданамын.

5. Жәһәннәм отын біле тұра, күнә істеген адамға таңым бар.

6. Аллаһты нақты білсе де, Одан басқаны мадақтаған адамға таңданамын.

7. Жәннатты нақты біле тұра, дүниеде рахаттан үміт еткен адамға және шайтанның дұшпан екенін біле тұра, оған бас иген адамға таңданамын» (Ибн Хажер әл-Асқалани, Мүнәббихат 29).

Және осы қиссада ишари мағынамен, Хазіреті Мұса мен Қызырдың (аләйһиссәләм) кездескені екі теңіздің қосылған жері дегені, сыртқы ілімде Хазіреті Мұсаның, ішкі ілімде Қызырдың (аләйһиссәләм) терең теңізге балануы еді.

Хазіреті Мұсаның ләдүнни ілімді үйрену мақсатымен Қызырға (аләйһиссәләм) бағыныштыболуы, тасаввуфтағы мүрид-мүршид байланысына ұқсастық тұрғысынан әжептәуір назар аударарлық жәйт. Бұл тұрғысынан әр адам ілімде Хазіреті Мұсадай (аләйһиссәләм) терең болса да, өзінде жоқ бір ілімді үйрену үшін кішіпейілділікпен, қарапайымдылықпен руханият сұлтаны Аллаһ достарының алдында тізе бүгіп, олардың жол көрсетуін сұрай білуі керек десек қателеспеспіз.

Сүйікті Пайғамбарымыздан:

«Уа, Расулаллаһ! Құран мен сүннетте шешімін таба алмаған бір мәселеге жолықсақ не істейік?» - деп сұрағанда Пайғамбар:

«Оны фәқихтерден, салихтардан сұраңдар және солардың кеңесіне ұсыныңдар. Ол турасында жеке көзқарастарыңмен амал етпеңдер» - (Һайсами, Мәжмауз-Зәуәйд I, 178) деп бұйырады.

Үлкен фиқһ ғалымы, мұжтәһид, Имам Шафиғй Хазірет көңіл әлемінің пірі болған Шәйбани Рай Хазіреттен рухани пайдала-

ну үшін оның алдында шәкірттік әдептілікпен тізе бүгіп, кейбір мәселелерді сұрайтын.

Шәкірттері:

«Ей, Имам! Сіз сияқты бір ғалым қайда, Шәйбани қайда? Осыншалық құрмет пен ілтипаттың хикметі не?» - деп сұрағанда, ұлы Имам:

«Балаларым! Бұл кісі біздің білмегендерімізді біледі!» - дейтін.

Ахмед бин Ханбәл және Яхия бин Майн да, кейбір мәселелерде Маруф Кәрһиге жүгініп, содан сұрайтын.

Руханият ұстаздарына сыртқы ілімдер үшін емес, жүрек ілімін үйренуге барады. Өйткені олар – Аллаһқа баратын жолдардың бағдаршысы. Сондай-ақ, қаншама үлкен тәфсир, хадис, фиқһ ғалымдары тасаввуфты ұстанып, білмеген сырлары хақында Хақ достарынан бағыт алып отырған. Мәселен, Ибни Абидин, Алуси және т.б сияқты...

Дүниенің ең үлкен фиқһ ғалымдарының бірі Имам Ағзам Әбу Ханифа Хазірет те, Жафар Садық Хазіретінің сұхбатынан нәр алып отырған.

Әбу Ханифа Хазіреттің руханият иелеріне үлкен құрметін көрсететін мына бір оқиға өте маңызды:

Деректер бойынша, бір күні Хақ досы Ибраһим бин Әдһәмнің жолы Имам Ағзам Хазіретіне тап келді. Әбу Ханифаның айналасындағы шәкірттер Ибраһим бин Әдһәмға менсінбеген, тосырқау көзбен қарады. Имам Ағзам мұны көріп Ибраһим бин Әдһәмға:

«Тақсыр, төрге шығыңыз, мәжілісімізді абыройға бөледіңіз!» - деп құрмет көрсетеді.

Ибраһим бин Әдһәм ұялған кейіппен сәлем беріп өтіп кетеді. Ибраһим бин Әдһәм кеткен соң, Имам Ағзамнан қасындағы шәкірттері:

«Бұл адам өзіне қошемет көрсетерліктей ұлықтық сипатқа қай жағынан лайық? Сіз сияқты бір адам оған қалайша құрметпен қарайды?» - деп сұрайды.

Сонда Имам Ағзам, асқан қарапайымдылықпен былай жауап берді:

«Ол – үнемі Аллаһпен бірге, біз болсақ, қил-ү қалмен (яғни ғылымда анау деді, мынау айтты) айналысамыз...»

❁❁❁

Екіншіден әр жағдайдағы сияқты ләдүнни ілімді үйренуде де Аллаһ тарапынан қойылған әдептілік шарттарын ұстану қажет. Бұл әдептіліктің ең маңыздыларының бірі – адамның әлсіздігі мен «ештік сезімі» арқасында түкке тұрғысыз екендігін түсініп, қарапайым болуы.

Сондай-ақ, «улүл-азм» пайғамбарлардан болып, «**Кәлимұллаһ**» атағына ие болған пайғамбар Мұса (аләйһиссәләм) «қауымыма көңіл бөлуім керек, маған Таурат жетеді, онсызда уахи алушымын. Аллаһ Тағаладан сұрасам, Ол маған бұл ілімді тікелей үйретуге күші жетеді...» демей, қарапайымдылық танытып, иләһи мақсатқа бағынған. Солайша, болашақ адамзатқа бұл жөнінде бір қағида және кәміл қимыл үлгісін ұсынған.

«Сол ғалымды табу үшін қажет болса, жылдар бойы жүруге бел будым» - деуі де осының айқын дәлелі. Хазіреті Мұсаның (аләйһиссәләм) Қызырдың алдында көрсеткен бұл қарапайымдылығы, ілім мен мағрифат үйренуші әркімге тамаша бір үлгі.

Аллаһ Тағала қаласа, Қызыр мен Мұсаны (аләйһиссәләм) дереу жолықтырар еді. Алайда, оларды ауыр бір сапар шегудің соңында жолықтыруды мақсат етті. Демек, бұл жолда ғашықтықпен, ынтықтықпен тәуекел етіп, бел буу және жігерлі болу мен «иләһи көмек» қажет. Сонымен бірге Хазіреті Мұса мен Қызырдың арасында болған жағдайлар ләдүнни ілімнің де себептер мен шарттарға сай бір ұстаздан үйренілуі қажет екендігін меңзейді. Яғни, бұл ілімге көбінесе себепсіз, бағдаршысыз

және мүршидсіз жету мүмкін емес. Бірақ, Уәйсәл Қарани Хазірет сияқты «Уәйси жаратылыста» болғандардың жөні басқа. Бұл жолда мақсатқа жету үшін үлкен табандылық пен жоғары дәрежедегі рухани көмекке қажеттілік бар.

Сонымен қатар Хазіреті Мұсаның Қызырдан ілім үйренгісі келуінен «Бір әулие ұлы бір пйғамбарға қалай сабақ бере алады?» деген сұрақ туындауы мүмкін.

Міне осы мәселеде мына жағдайға көңіл аудару керек. Хазіреті Мұсаның (аләйһиссәләм) Қызырдан (аләйһиссәләм) ілім үйренгісі келгені оның ешбір ілім мен мағрифаттан бейхабар, көрегенділік пен аяннан нәсіпсіз екенін білдірмейді. Бұл – қандай да бір тақырыпта өзінен күшті дәрежеде ілімі бар адамнан сол тақырыпты тереңдете үйрену деген сөз.

Мәселен, сәулетші Синанның сәулет өнеріндегі ілім шеберлігі мен қабілеті Сүлеймение мешітінің құрылысында жұмыс істеген барлық шеберлерден сөзсіз көп алда еді. Синанның сол мешіттегі мәрмәр шебері сияқты мәрмәрді өңдеу өнерін білмеуі ол үшін кемшілік емес. Өйткені, ол шеберлер де Синанның нұсқауына бағынатын.

Сондықтан, Қызырдың (аләйһиссәләм) Мұсаға (алейһиссәләм) белгілі бір уақыт ұстаз болуы себебімен, оны Мұсадан (аләйһиссәләм) үстем деуге болмайды. Негізінде бұл жерде үстемдік жарысы туралы айту да дұрыс емес. Өйткені Мұса (аләйһиссәләм) мен Қызырды (аләйһиссәләм) бір-біріне салыстыруға келмейтіндей, екеуі де – екі өзгеше мәртебеге ие тұлғалар. Бұл жердегі хикмет – иләһи ілім алдында пайғамбарлардан бастап, барлық мақлұқ атаулының әлсіз екендігінің күллі адамзатқа көрсетілуі еді.

Пайғамбарлар да – адам баласы. Бірақ, жай адамдар емес, иләһи уахиды қабылдаушы, таңдаулы адамдар. Аллаһ Тағаланың бұл дара құлдары күнә істемейді. Бірақ, олар да әлсіз адам болғандықтан сирек те болса «зәллә» деп аталатын қателік жасайды. Аллаһ Тағала осылайша олардың арқасында кейде үкім қою үшін, кейде адамзатқа үлгі болсын деп адамдықтың

әлсіздігін танытады да оларды көбінесе бізге беймәлім түрде тәрбиелейді. Бұл жерде де Мұса (aләйһиссәләм) иләһи ілімнің шексіздігінің алдында адамның ілімінің әлсіздігін түсініп, өздеріне білдірілмеген әлі қаншама ілім бар екендігін көреді. Сөйтіп, қияметке дейін келетін адамзат та оның қиссасынан көптеген ғибрат алады.

Пайғамбарлардың өзі пайғамбарлық сияқты үлкен құдірет пен дәрежеге ие болса да, өздеріне берілген ілімді ғана біліп, Хақ Тағаланың берген ілім мөлшерінде ғана ғайып сырларына көз жеткізген.

Ләдүнни ілім тікелей Аллаһ тарапынан берілгендіктен, олар да Аллаһ Тағаланың білдіргенін ғана біледі. Білдірмегенін білмейді. Сондай-ақ, Шәйх Сағдидің Гүлстанында жазылғаны сияқты бір адам Хазіреті Яқубтан:

«Ей, жүрегі нұрлы, ақылды пайғамбар! Юсуфтың көйлегінің иісін Мысырдан келе жатқанда сездің, ал, неге қасыңдағы құдықта жатқан кезде оны көрмедің?» - деп сұрайды.

Яқұб (aләйһиссәләм) жауап ретінде:

«Біздің бұл мәселеде қол жеткізген иләһи нәсіп – жарқылдаған найзағай іспеттес. Сол себептен, кейде иләһи мақсатқа байланысты ақиқаттар аян болады, кейде жабылып қалады!» - дейді.

Сондай-ақ, Мұса (aләйһиссәләм) Қызырдан (aләйһиссәләм) ілім сұраған кезде **«саған берілген ілім»** деп айтқан еді. Яғни, ілімді адамдарға емес, Хақ Тағалаға телу керек. Барлық ілімдердің бірден-бір көзі Аллаһ Тағала. Ол қалағанына қалағанынша ілім береді. Бір ілімді үйрену үшін кейбір сырттай себептерді дәнекер етеді. Кейбір ілімдерді құлының жүрегіне өзі береді.

Екінші жағынан бір құл ораза ұстап жүргенде жаңылып (ұмытып) бір нәрсе жесе, оразасы бұзылмайды. Дәл сол сияқты Хазіреті Мұсаның (aләйһиссәләм) Қызырға (aләйһиссәләм) берген сөзін ұмытып, оған қарсы келуі, бірге болуына кедергі болмаған еді. Бірақ, Хазіреті Мұса (aләйһиссәләм) бұл ілімнен алуы ықтимал болған нәсібі туралы мәжбүр болмаса да, ұялып:

«Егер осыдан кейін сенен бір нәрсе сұрасам, мені қасыңа ертпе» - (Кәһф сүресі 76-аят) деп, шарттасқаны үшін нәсібі шектелді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Аллаһ, Мұсаға рахмет етсін. Ол сабыр ете алғанда, Аллаһ Тағала олар арқылы бізге одан да көп «тамаша сырлы» оқиғаларды білдіретін еді» - (Мүслим, Фазайл 170; Бұхари, Тәфсир 18/2) деген.

Демек, бұл жолда сабыр және шыдамдылық сақтау шарт.

Мұтасаввуфтардың осы қиссаға байланысты берген бағасының біреуі мынадай:

Риуаят бойынша Хазіреті Мұсаға (аләйһиссәләм) осы саяхатта серік болған жігіт Мұсаның (аләйһиссәләм) қарындасының ұлы және өзіне иман етушілердің, яғни, сахабаларының алдыңғы қатардағыларының бірі Юша бин Нун еді. Бұл адам Мұса (аләйһиссәләм) өлгеннен кейін оның ізбасары болған.

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) да һижрет сапарында, ол жайлы хадисте айтылған *«үшіншісі Аллаһ» болған екеудің екіншісі»* - (Бұхари, Асхабун-Нәби, 2) делінген және үмметінің ең абзалы Хазіреті Әбу Бәкірді (радиаллаһу анһу) жолсерік ретінде таңдаған еді. Бұл мысалдар рухани жолдағы Аллаһ ризашылығы үшін болған шынайы достықтың маңызын көрсетеді.

Мыңдаған сырлар мен хикметтерге толы Мұсаның (алейһиссәләм) бұл қиссасының өзі бізге ләдүнни ілімнің мәні туралы тек бірнеше мысал ғана екенін көрсетеді.

❀❀❀

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір хадисінде былай деген:

«Мен расында сендердің көрмегендеріңді көрдім және естімегендеріңді естідім. Көк (бейне бір) шытырлағандай болды, шытырлау болса, оның хақы. (Өйткені) көкте Аллаһқа сәжде ету үшін (ол жерге) періште маңдайын қоймайтын төрт

елі жер жоқ. Аллаһқа ант етемін! Мен білетін шындықтарды сендер білсеңдер аз күліп, көп жылар едіңдер... (Үйлеріңнен) далаға шығып Аллаһқа дауыстап жалбарынатын едіңдер».

Хадисті риуаят еткен Әбу Зәрри Ғыфари (радиаллаһу анһу) осы сөздерді естігенде:

«Уаллаһи, мен бір кесілген ағаш болуды шынымен қаладым!» - деген (Ибн Мәже, Зүһд 19).

Ләдүнни ақиқаттар алдында кейбір сахабалар да, қайран қалу мен қорқыныш теңізіне тап болғандағы әлсіздік сезімдерін мына сөздермен жеткізген:

Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу):

«Құстар тұмсығымен шұқыған бір құрма болсамшы!» - деген.

Хазіреті Омар (радиалллаһу анһу):

«Әттең, бір шөп болсамшы! Әттең, ешбір нәрсе болмасамшы!» - деген.

Ал, мүминдердің анасы Хазіреті Айша (радиаллаһу анһә) болса:

«Әттең, мына ағаштағы бір жапырақ болсам-ау!» - деген.

Аллаһтың құдіреті мен ұлылығының алдында оларды бас игізген бұл жағдай, әлсіздік пен қорқыныш мәртебесі еді.

Сахаба Хариса бин Мәлік әл-Әнсари (радиаллаһу анһу) Аллаһ Расулының (саллаллаһу aләйһи уә сәлләм) сұхбатында шаттыққа толып, беріліп өмір сүретін. Пайғамбарымыз (саллаллаһу aләйһи уә сәлләм) таңертең одан:

«Ей, Хариса, таңды қалай атырдың?» - деп сұрағанда Хариса (радиаллаһу анһу):

«Нағыз мүмин күйінде!» - деп жауап береді. Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаһу aләйһи уә сәлләм):

«Ей, Хариса! Әрбір хал мен ақиқаттың дәлелі бар. Сенің иманыңның ақиқатының дәлелі не?» - дейді.

Хариса (радиаллаһу анһу):

«Уа, Расулаллаһ! Дүниеден бас тартқан соң, күндізім сусыз, түнім ұйқысыз өтетін болды. Раббымның ғарышын айқын көргендей болдым. Бір-бірін зиярат еткен жәннаттықтар мен бір-біріне дұшпан болған жәһәннәмдықтарды көріп тұрғандаймын»- дейді. Сонда Аллаһ Расулы (саллаллаһу aлəйһи уə сәлләм):

«Жарайды, ей, Хариса! Осы халіңді сақта! Сен жүрегіңді Аллаһ нұрландырған адамсың» - (Хәйсами, Мәжмәуз-Зәуайд, I, 57) деп бұйырады.

Және де Хариса (радиаллаһу анһу) хақында Расулұллаһ (саллаллаһу aлəйһи уə сәлләм):

«Кімде-кім Аллаһ жүрегін нұрландырған адамды көргісі келсе, Харисаға қарасын» - (Ибн Хажар, әл-Исаба, I, 289) деген.

Хазіреті Мәуләнә өлең шумақтарында бұл оқиғаны көңіл тілімен тәмсіл түрінде былайша баяндайды:

«Хариса (радиаллаһу анһу) Расулұллаһтан (саллаллаһу алейһи уәсәлләм):

«Көргендерімді айтайын ба?» - деп рұқсат сұрап, айта бастайды:

«Уа, Расулаллаһ! Адамдар ертең болады деп сенген махшар күнін бүгін ортаға салайын. Махшардың барлық сырларын ашыққа шығарайын. Әмір ет, бұл сырлардың пердесін жыртайын. Ішімдегі иләһи хикмет гауһары көктегі күн сияқты жарқырасын!»

«Уа, Расулаллаһ! Әмір ет, кім дүниенің кірі мен жамандығының ішінде саф алтын мен асыл тас сияқты қалуды білді, кім күпірліктің қызыл және қара түріне енді, айтайын».

«Пайғамбарлығыңның сөнбес жарығында екі жүзділіктің жеті шыңырауын баяндайын».

«Ақыретте қарақшылар киетін киімді халыққа көрсетейін. Сол жерде пайғамбарлар үшін соғылатын дауылпаздың дауысын естіртейін».

«Буырқанып тасып жатқан кәусар бұлағын көрсетейін, суы халықтың жүзіне себілсін, дауысы құлақтарына тисін!»

«Шөлдеген адамдардың сол бұлақтың айналасында жүгіргенін айқын көрсетейін. Олардың иықтары қақтығысып, айғайлағандары құлағыма жетіп тұр!»

«Жәннаттықтар қуанғаннан көз алдымда бір-бірлерімен құшақтасып қауышып жатыр».

«Жәһәннамдықтардың да ах-үһ дауыстарын шығарып, ыңыранып қайғырғаны құлағымды жаратындай!»

«Бұлар тереңнен айтқан кейбір ишараттар. Әлі де айтам, бірақ Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ұрса ма деп қорқам!»

Ол рухани мастықпен есі шығып осылай айтты. Шабыт қуатымен есінен айырылып, барлық сырды жарыққа шығаратын халге келген еді.

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оны бұл халден ояту үшін:

«Есіңді жи! Үндеме!»-деп, Хазіреті Харисаның жағасынан тартып былай деді:

«Есіңді жи! Тіліңнің тізгінін ұста, айтылмайтын сөздерді айтатын халге келдің. Рухыңның айнасы тән қабыңнан сыртқа секірді. Бірақ, қол жеткізген сырларды ашу, оларды сіңіре алмағандықтан екенін ұмытпа. Аллаһтың бір есімі – Саттар. Соны біліп, сол сипатқа бөленудің бақытын бос бір сіңіре алмаушылыққа құрбан қылма!»

Әлемнің әрбір зәррәсында иләһи бір тепе-теңдік болғаны сияқты, рухи әлемдегі көріністердің алдында да құл теңдік пен салқын қанды болуды сақтауға мәжбүр. Әрбір жағдайда үмметіне тамаша үлгі болған Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) руханияттың шыңында да болса, мөлшерден аспаған, бағыттан адаспаған.

Кейбір уақыттарда Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) рухани фәйзге толғаны соншалық, бұл халге ұзақ уақыт шыдай алмайтын. Әсіресе уахи келген кезде өте қиналып, моншақ-моншақ терлейтін. Фәйзге қарық болып, шегіне жеткен кезде:

«Ей, Айша! Руханият мені басып алды. Кел, біраз менімен сөйлес!»[17] -деп адами атмосфераға оралатын.

Керісінше дүние тіршілігі басым түскенде де:

«Ей, Біләл! Қане намазға шақыр, рахаттанайық!» - (Әбу Дәуіт, Әдеп 78) деп бұйырып, адамдық пен руханият ауасының арасындағы тепе-теңдікті сақтайтын.

Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ішкі дүниесінде соншалықты ұстамды әрекет еткен. Оған Аллаһ Тағала берген ақыл жетпес жоғары ақиқаттарды лайықты адамынан басқаға айтпаған. Бұл мәселенің маңыздылығына орай Хазіреті Әли (радиаллаһу анһу):

«Адамдар түсінетіндей түрде сөйлеңдер» - (Бұхари, Ілім 49) деп бұйырады. Бұл – өз ақылдарың жеткенінше емес, олардың ақылы жететіндей дәрежеде сөйлеңдер деген сөз.

Әбу Һұрайра (радиаллаһу анһу) бұл сырлы рухани ақиқаттарға байланысты, халық түсінбей қала ма деп қорқып, кейбір хадистерді риуаят етпегенін былай жеткізеді:

«Мен, Расулұллаһтан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) екі қап (ілім) үйрендім. Біреуін халыққа жайдым. Екіншісін болса жаймадым. Егер, оны жайсам, мына басым кесілетін еді» (Бұхари, Ілім 42)

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай деген:

«Хикметті лайықты емес біреуге берсеңдер, зұлымдық жасаған боласыңдар» (Дәрими, Мұқаддимә 34).

Бұл сөздің керісінше мағынасы мынадай:

«Хикмет пен сырларды лайықты адамдарынан жасырсаңдар зұлымдық жасаған боласыңдар».

[17] Мұнауи, Фәйзул-Қадир V, 228.

Аятта былай делінеді:

«Аллаһ хикметті қалағанына береді. Кімге хикмет берілсе, оған өте көп қайыр берілгені. Ақыл иелері ғана ойланып, ғибрат алады» (Бақара сүресі 269-аят)

❁❁❁

Байыпты тұлғалар бұл ілімнен өздеріне берілген нәсіпті ойы тар адамдарға айтпаған. Өйткені, ақыл түсіне алмайтын жасырын сырларды, лайықты еместерден жасыру керек. Сондайақ, Аллаһтың кейбір құлдарына беретініндей жеке сырларға ие болған Халлаж Мансур жүрегіндегі көріністерден азғана бір нәрсесін паш еткені үшін қаны төгіліп, өлімге кесілген.

Бірлік (уахдәт) дариясына сүңгіген Халлаж терең рухани мастыққа салынған кезде, өзіндегі көріністердің қатты толқынына шыдай алмай, «Әнәл Хақ» (Мен Хақпын) деп айқайлаған. Жасырын сырдың осылайша тілмен айтылуы оны өзге адамдардың ақыл таразысымен тартуына себеп болған. Бірақ, олардың ақылы бұл сырды тарта алмаған.

Халлаждың бұл халі көптеген әулиелерде байқалған. Бірақ, бұл – табу да, тану да емес. Бұл – тек өткінші бір хал ғана болып, фәнәфиллаһ мәртебесінде ұстамдылығын сақтай алмай, ақылға бағыныштылығын жоғалтып алған әулиелерде көрінеді. Ақыл сыртқы әлемнің өлшемі мен салыстыру қасиетінен айрылғанда иесіне шариғат бойынша жауапкершілік жүктелмейді. Өйткені, иләһи қағида бойынша, шариғатқа жауапты болудың алғашқы шарты – «ақылды болу». Ақылдың болса, мұндай сөздерде ешбір үлесі жоқ. Бұл халді ақылмен түсіну де мүмкін емес.

Мұндай жағдайлар жәзбәнің (рухани тартылыстың) басымдығынан болғандықтан, мұндайлар тасаввуфта – «мәжзуб»[18] деп

[18] **Мәжзуб:** Иләһи тартылыс алдында ақылы қатардан шығып, бірақ, жүрек әлемінде үнемі Аллаһ Тағаламен байланыста болған адам. Олар адамдық өмір үшін оғаштау бір халге тап болса да, жүрек түсінігі терең, көрегенділік жағынан көптеген қатардағы қарапайым адамдардан жоғары. Олардың түсінік, ерік және саналары шыдамнан тыс жоғары волтқа ұсталған сияқты. Заттық көріністер алдындағы әлсіздіктің адам өміріндегі бір мысалы осы адамдар.

аталады. Олардың сыртқы қағидаларға сыймайтын осы сияқты халдері өздерінше орынды көрінгенімен, мұнысын орынсыз әрекет деп бағалаған қарапайым адамдарды кінәлауға болмайды. Сондықтан Халлаж Мансурдың мысалымыздағы айтқан сөзі мен жазаға кесілуі хақында «Халлаждікі де орынды, оны өлтіргендердікі де орынды» деп қабылданған. Сол себептен, тасаввуфта «тәмкин – ұстамдылыққа» көбірек кеңес беріліп, тартылушы (мәжзуб) емес, тартушы болуға тырысу жөн деп саналады.

Риуаятқа қарағанда баскесер Әбул Харис үкімді орындау үшін Халлаждың алдында тұрып, қатты бір соққы береді. Тіпті Халлаждың мұрны мен беті быт-шыт болады. Сол сәтте Шибли де айналасындағыларға беймәлім әсермен ойбайлап, шапанын жыртып, есінен танып қалады.

Халлаждағы бұл көрініс ерекше бір хал. Бұл хал өтіп кеткен соң Хақ өзінше Хақ, заттар да өздігінше зат болып көрінеді. Шәйх Шибли былай дейді:

«Біз, Халлажбен бірдей дәрежеден өттік. Мені мәжнүн деді де, маған тиіскен жоқ, оны ақылды деп санап, өлтірді».

Шибли ары қарай және:

«Халлаж өлтірілген түнде қабірінің басына бардым. Таң атқанша намаз оқыдым, Таң атқан соң мінәжат еттім:

«Иләһи! Бұл сенің мүмин, ариф және Сені бір деп таныған бір құлың еді. Бұл құлыңа жіберген пәлекетіңнің хикметі не?»-дедім.

Сол сәтте мені ұйқы басты. Түс көрдім. Түсімде қияметтің болғанын көрдім. Сол жерде Хақ Тағаланың мына сөзін естідім:

«Сырымызды лайықсыздардың арасында жайғаны үшін, оның басына осы пәлекетті жібердік!»

Осы сөздерден түсінгеніміздей, Хақ нұрында фәни болып ақиқат сырына қол жеткізу қауіпті емес, қол жеткізген сыр итермелейтін рухани мастық халінде, оны лайықсыздарға паш

ету қауіпті. Осы шартқа бағынбаудан туындаған кейбір шабыты тасушылықты және жалпы тасаввуф ережесінен тыс қалыптағы мысалдарды кеңейтіп, нағыз тасаввуф пен Хақ достары хақында ілгерінді-кейінді сөйлеу – өте орынсыз. Аллаһтың сүйікті құлдары хақында жаман сөз айту және олардың қадірін түсінбеу – надандық пен көргенсіздіктен болады. Мүмин адамның оларды жоққа шығаруы әсте дұрыс емес.

Сондықтан, рухани жолда ең негізгі шарт – қасиетті қағидаларды берік ұстану, әрі мәңгілік сырларды да жоққа шығармау болып табылады. Сонымен қатар Аллаһ Тағала мен құл арасындағы жасырын сырлар туралы тіс жармау да қажет.

Бұлардың барлығы рухи мастық халдерде, ақылдан тыс іске асатын көріністер. Сондай-ақ, мұндай ерекше халдерді бастан кешіріп, қайтадан таза ақылға оралған кезде, мұндай тасушылықтың орнын тыныштық басады.

Кейбір Хақ достары да рухтарында басым болған ерекше көріністердің әсерінен әдеттен тыс кейбір әрекеттерге барған. Бірақ ақыл мен еріктен айырылған рухани мастық әлемінен шығып, оянған кезде алғашқы негізгі бағытын жалғастырған.

Бір жолы біреу Жүнәйдтен (құддисә сирруһ) былай сұрайды:

«Кейбір әулиелер шабыты келіп, масайрап, әдеттің сыртына шығады. Олардың бұл ісі хақында не айтасыз?»

Жүнәйд (құддисә сирруһ):

«Оларға араласпаңдар. Аллаһтан шаттық тауып рахатқа кенелсін. Олардың шариғаттың ашық түрде тыйым салғанынан басқа халдерін айыптамаңдар. Абайлаңдар. Бұл жол олардың ішін жағып, өртеп, өздері еңбек пен қайраттан шаршап, кейбір пәлекеттерге душар болған. Бұларды ішіндегі халдерден құтылу үшін істейді. Бұларда кінә жоқ».

Риуаят бойынша Халлаж Мансурдың өлуден бұрын жасаған мына дұғасы оның рухани дәрежесі мен ықыласын да көрсетеді:

«Аллаһым! Сенің құлдарың саған деген жақындықтары мен діндерін берік ұстанғаны үшін мені өлтіруге жиналды. Оларды кешір. Өйткені, Сен маған берген сырларды оларға да бергенде, мен туралы бұлай ойламайтын еді. Егер олардан жасырған нәрселерді менен де жасырсаң, мұндай нәрсе айтпас едім. Уа, Раббым оларды кеш! Өйткені, олар мені саған қауыштырады».

Халлаждың халін рухани әлемде тамашалағандардың риуаяты былай: Оны дарға асқан кезде Ібіліс қасына келіп:

«**«Әнә»**[19] деп сен де айттың, мен де айттым. Қалайша сол үшін саған рахмет, маған лағынет жауады?» - деп сұрайды.

Халлаж Ібіліске былай жауап береді:

«Сен «Әнә» деп өзіңді Адамнан жоғары санадың. Тәкаппарлығыңды көрсеттің. Мен болсам, «Әнәл-Хақ» дедім. Өзімді Хақтың нұрында жойдым. «Мендік» сезімін көрсететін тәкаппарлық – жәһәннәмның белгісі. «Мендікті» жою, яғни Хақ нұрында жоғалу – «ештіктің» белгісі. Сондықтан, маған рахмет, саған болса, лағынет пен қорлық жауды».

Ибраһим бин Фатиқ Халлажды зиярат ету үшін барғанда оған мынадай насихат айтқанын жеткізеді:

«Ей, ұлым! Кейбір адамдар мені кәпір дейді. Кейбіреулері мені әулие дейді. Кәпір дегендер әулие екенімді айтқандардан Аллаһ алдында және менің назарымда сүйкімдірек».

Мен:

«Не үшін бұлай дейсіз?» - дегенде, ол:

«Әулиелігіме сенгендер маған деген жағымды ойлары үшін, кәпір екенімді айтушылар болса, діндеріне байланғандығы себепті солай дейді. Дінін нағыз ұстанған адам тек жақсы ойлаған адамнан Аллаһ алдында әлде қайда сүйкімдірек» - дейді.

Халлаждағы көріністерден де өтіп кеткен Хазіреті Мәуләнә болса:

---

[19] Арабшада «мен» мағынасындағы есімдік.

«Егер Халлаж мені мен Раббым арасындағы көріністен хабардар болғанда, ол мені таспен атып өлтірер еді» - деген.

Осы және осыған ұқсас халдер Хақ нұрында фәни болудың сыртқа көрінген бейнелері болып табылады. Хазіреті Мәуләнә фенафиллаһты жыр шумақтарында мына тәмсілмен түсіндіреді:

«Соңы жоқ өмір өзенін көргенде, кеседегі суыңды, яғни мына фәни өміріңді, шексіздік өзеніне қос! Су ешқашан өзеннен қаша ма?»

«Кеседегі су өзен суына араласқан соң, ол жерде бұрынғы болмысынан құтылып, өзен суы болады».

«Осылайша, ол кеседегі судың сыртқы сипаты жоғалып, заты қалады. Осыдан соң ол азаймайды, кірленбейді де, иістенбейді».

Мәуләнә және сол сияқты рухани икемге келген жүрекке ие болғандардың әрбір сезімі мен пікірі иләһи хикметке бағытталғандығы үшін Аллаһ Тағала олардың көретін көзі, ұстайтын қолы болады.

Мәуләнәға ынтық бір ойшыл ондағы рухани халдерді түсінуде адамдардың көбі әлсіз екендігін білдіру үшін былай дейді:

«Біз Мәуләнә Жәләләддиннің ғашықтығының дауысын естідік. Ол сүңгіген шаттық теңізінің терең түбін көруге мүмкіндігіміз жоқ. Теңіздің ең түбінен көтеріліп, судың бетіне не шықса, соны ғана көреміз. Біз Хазіреті Мәуләнәның ғашықтығына емес, тек сөзбен айтылған айқайына ғана қол жеткіздік. Сақау тілімізбен түсіндіруге тырысқанымыздың бәрі осы. Шаттық теңізіне сол ғана сүңгіді. Бізге махаббатының толқынынан шыққан дауыс қалды. Өкінішті-ақ! Соны Мәуләнә деп білеміз»[20].

Ғашықтық, ынтықтық және есі кету (қарық болу, истиғрақ) халі – тек иесіне ғана мәлім болатын Раббани көрініс теңізі.

Және осы сыр ілімінен бір бөлігін ишаратты түрде де болса, кітап жолдарына жазған Мұхиддин ибн Арабиге әулиелер

[20] Нуреддин Топшы, Мәуләнә және Тасаввуф, 139 б.

үлкен мән беріп, сөздерінің астарындағы теңдессіз сырлардың ақиқаттарын тамашалап, оны «Шәйх Әкбәр» деп атаған. Ішкі дүниеден хабарсыз болғандар бұл нүктені түсінбегендіктен, оны кәпір деп айыптаған.

Егер сырды сақтайтын дос және сырлас табылмаса, үндемеген абзал. Өйткені, әркімнің ақылы жете алатындай сөз айту қажет. Әйтпесе, түсінбейтін адамға хикмет пен мағрифат туралы айту – ақиқатқа зұлымдық.

Сол себептен, Мұхиддин ибн Араби (құддисә сирруһ):

«Халімізді түсінбейтіндер, кітабымызды оқымасын» деген.

Хазіреті Мәуләнә да:

«Мен бұл сырларды жабық әрі қысқаша айттым. Өйткені, кеңірек баяндауға тырысқан адамның тілі, тыңдағанның түсінігі күйіп кетер еді» - дейді.

Тағы да Хазіреті Мәуләнә әр түрлі қабілеттегі адамдарға ұсынған Мәснәуиінде, таяз түсініктегілердің қате жолға түспеуі үшін, түсінуі қиын иләһи сырлар мен айқын ақиқаттарды қарапайым әрі суреттеу түрінде түсіндірген. Болмаса, ишарат-тармен жауып, тек қана лайықты адамдарға мәлімдеген.

Осылайша, жүрегі терең емес адамдардан Мәснәуидің мағынасындағы сырларды жасырған.

Мәуләнә (құддисә сирруһ) және де:

«Менің жыр шумақтарым – шумақ емес, руханият әлемі. Әзілім – әзіл емес әдептілік. Қиссаларым – қарапайым және қатардағы сөз емес, тәлім. Ол сырларды ашып, түсіндіру үшін айтылған» - дейді.

Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) куә болған бір оқиғасын былай баяндайды:

«Бір күні Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) құзырына бардым. Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу) екеуі Аллаһтың бірлігі хақында сұхбат етіп отыр еді. Қастарында от-

ырдым. Бейне бір арабша білмейтін адам сияқты айтқандарынан ештеңе түсінбедім. Әбу Бәкірден:

«Бұл қандай жағдай? Сіз Пайғамбар екеуіңіз үнемі осылай сұхбат етесіздер ме?» - деп сұрадым.

Хазіреті Әбу Бәкір (радиаллаһу анһу):

«Иә, кейде Расулұллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жеке қалғанда осылай сұхбаттасамыз»[21] - деді.

Хазіреті Омар сияқты зеректігі күмәнсіз адам, өз тілінде айтылған әңгімені түсінуге қиналса, қарапайым адамдардың қандай боларын осыдан-ақ түсінуге болады.

Мұндай сұхбаттарда айтылған ақиқаттардың жазылуы немесе сол қалпында халыққа ұсынылуы қауіпті саналғандықтан, бұларды жария етпеу дұрыс деп есептелген. Тек осылай істеумен ғана мұндай ақиқаттардың қарапайым адамдарға құпия, сыр болып қалып, тек лайық адамдарға жетуі қамтылған. Сондықтан, рухани кемелденген деп саналған адамдар хақында айтылғанда, «قَدَّسَ اللهُ سِرَّهُ» яғни, «Аллаһ Тағала, оның сырын (ішкі әлемін) әр түрлі рухани дақтардан арылтсын» деп айтылады.

❀❀❀

Мақсаты жағынан тасаввуф адамдардың жүрек әлемімен айналысқандықтан, әлемнің жаратылу себебі болған махаббатты қолдануы да, әрине зәрулік жағдай. Сондықтан ол – **«ғашықтық пен махаббат жолы»** деп сипатталады. Бірақ, ғашықтық – тасқын сияқты болғандықтан, еріктің күшін жоюы, тартылыс, махаббат және тебіреністің бақылаудан шығуы сияқты бір қолайсыз нәтижені де тудыруы мүмкін.

Сондай-ақ, Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мен Жафар Тайяр (радиаллаһу анһу) арасындағы терең махаббаттан бір мысал:

Жафар (радиаллаһу анһу) бір топ сахабалармен Хабаштан һижрәтінен қайтып Мәдинаға келді. Хазіреті Пайғамбардың

[21] Ахмед бин Абдуллаһ, әт-Табари, әр-Риязун-Надра, II, 52.

(саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хайбарда болғанын естіген соң, аялдап демалмастан, сағынышпен жолын жалғастырды. Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Жафарды (радиаллаһу анһу) көрген кезде қуанышқа бөленіп:

«Хайбардың жеңісіне қуансам ба, әлде Жағфардың келгеніне қуансам ба?» - (Ибн Хишам, әс-Сира IV, 3) деді.

Аллаһ елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) «қаза умрадан[22]» қайтқан жолында, шейіттердің мырзасы Хазіреті Хамзаның жетім қызы Фатиманы кімнің қарамағына беретіндігін жақындарымен ақылдасып, ақырында оны, Жафар Тайярға аманат еткен және Жафардың (радиаллаһу анһу) маңдайынан иіскеп оған:

«Жаратылыс пен ахлақ жөнінен маған қандай ұқсайсың» - (Бұхари, Мәғази 43) деп ілтипат еткен еді.

Жафар (радиаллаһу анһу) пайғамбардың бұл ілтипатынан тебіренгені соншалық қуанғанынан есі шықты. Бейкүнә бала сияқты ойнап, жынды көбелек сияқты өзінен-өзі айнала бастады. (Ахмед б. Ханбәл, Мүснәд I, 208)

Мінеки, адам баласы қол жеткізген осындай жоғары ілтипатқа есінен айырылып масайрағаны сияқты, иләһи көріністер мен сый-сияпатқа қол жеткізгенде де сыртқы дүниеден бөлініп, есінен айырылуы мүмкін. Бұл табиғи жәйт. Маңыздысы, сол тебіреніс селінде де адам болудың шарттарынан аспау. Тепе-теңдік пен бағытты сақтай білу.

Сондықтан бұл тепе-теңдікті сақтау үшін тасаввуфи жолдарда сыртқы ілімдер мен рухани өмірді бірлестірген адамның бағдарына қажеттілік туындайды.

Адамдарға дұрыс жолды көрсетуге міндеттелген адамдар сыртқы ілімдерде қажетті күш пен дәрежеге жетпеген жағдайда, ғашықтық пен махаббат жолындағы қауіп тіпті, үдей түседі.

[22] Қаза умра: Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Худайбия келіссөзін жүргізген жылы ниет етіп, бірақ орындай алмаған умрасын келесі жылы қаза етіп орындауы.

Мұны жою үшін «Нақшибәндия» сияқты кейбір тариқаттарда мүршидтер сыртқы ғылымдарды меңгерген шәйхтардан бола келіп, осылайша айтылған қауіптен өздерін сақтай білген.

Әулиелердің тәрбие тәсілдері әр-түрлі. Тасаввуфтың үлкен де атақты тариқаттарының бірі – Нақшилік дәруішті тартылыс (мәжзуб) халіне түсірмей тәрбиелейді. Хазіреті Абдулхалық Гуждевани:

«Егер, Халлаж біздің уақытымыз бен тәрбиемізде болғанда, оны мастыққа түсуден Аллаһтың қуатымен қорғайтын едік» - деген.

Кейбір тариқаттарда, кейбір уақыттарда тартылыс пен шабыттың артуы себебімен байқалатын тебіреністің тасуы – шариғаттың көзқарасы бойынша аяқтың сүрінуі. Бұлар негізінде орынды болып табылатын тебіреніс пен шабыттың шектен шыққан кезде тудыратын қаупін көрсетеді.

❁❁❁

Пайғамбарлардың ойларындағы ортақ сипаттарымен қатар, өздеріне тән жеке кейбір ерекшеліктері болатындығы белгілі. Әулиелер де бір-біріне салыстыра қарағанда дәл солай. Мәселен, олардың айбынды (жалали) немесе тартымды (жамали) жаратылыста болулары мүмкін. Бірақ, бұлардың бәрі де ішкі жан дүниелерінде Аллаһ Тағаланы қатардағы адамдардың танып, білгенінен өзгеше түрде танып, барлық фәниліктерден баз кешіп, Оған жақындауға тырысып бағады. Мына ұшы-қиырсыз мағрифатұллаһ мұхитында үнемі әлсіздігін мойындап, оны естерінен шығармайды. Сонымен қатар, бұлардың барлығы бірдей дәрежеде болмағаны сияқты, бірдей міндетке де жауапты емес. Кейбіреулері сәйрү сүлуктің (рухани тәрбие жолы) ақырында халыққа қайтады. Бұлар жол көрсетуге міндетті. Жоғарыда да айтқанымыздай, балаға сатырлатып сабақ беретін бір мұғалім сияқты білген ақиқаттарының көбін адами қатынастарында білмейтін адам сияқты кейіп танытады.

Бұлардан тыс қалған кейбіреулері жол көрсетуге міндетті болмағандықтан Аллаһтың ұлылығын тамашалау мәртебесінде

қалып, иләһи құдіреттің ағысы алдында сақау іспетті үнсіз күйде ғұмыр кешеді. Ал, адамдарды тәрбиелеуге міндетті болғандары бейне бір сарқырама сияқты тілдері мен көңілдерінен иләһи сырлар мен хикметтер аға бастйды.

Осы киелі жаратылыстағы тұлғалардың кейбіреулерінде бұл халдер үнемі бір қалыпты болмай ауысып тұра береді. Өмірлері түрлі сатыларда өтеді. Бұған Мұхаммед Париса Хазіретіндегі бір көріністі мысал ретінде келтіре аламыз:

Мұхаммед Париса Хазірет құптан намазынан кейін мешіттің ауласында аз уақыт аялдап, қысқа бір сұхбаттан соң үйіне кететін. Кейде онда бір хал көрініс тауып, таң намазының азанына дейін мешіттің ауласында қоқиып қатып қалғандай отыратын. Сөйтіп, тұңғиық бір тамаша күйге енетін. Таңғы азанмен бірге қайта мешітке кіретін.

Бұл әулиелердің өмірі мен сезімдері сияқты, өлімге деген көз қарастары да әр түрлі болған. Хазіреті Мәуләнә иләһи ғашықтықпен күйіп жанғандықтан, өлімді «қауышу» және «той кеші» түрінде түсінген; Хасан Басри (қуддисә сирруһ) болса, «Хашиетұллаһ» (Аллаһтан қорқу) көрінісінің басымдығынан, үнемі ақтық демде қандай халде болатындығын уайымдап күн кешкен.

Ләдүнни ілім хақында мына айтқандарымыз – бұл ілімнің алдымен пайғамбарлардағы және одан бір тамшы іспеттес нәсібі бар әулие құлдардағы әр түрлі көріністерінен тіліміздің келгенінше айтқан аз ғана бір сынығы сияқты. Бұл ілімнің нақты ақиқатын Аллаһ Тағала өзі ғана білетіндіктен, оның нақты мағынасын толықтай түсіну – түсінігімізге сыймайтын мәселе.

Парасаттылық – перделердің арғы жағындағыларды, яғни, ар жақтың сырларын көре білу. Өйткені, қабықтың ішін көре алғандар ғана маржанның парқына жетеді.

2. ПАРАСАТТЫЛЫҚ

Парасат – Аллаһ Тағаланың сүйген құлдарына берген нұры. Яғни, ақылдылық, жоғары дәрежедегі зеректік, сезімталдық, білу және түсіну сияқты халдердің рухани түсінік қабілеті түрінде жүректе көрінуі. Жүректе пайда болған шынайы сезімдер мен қол жеткізілген аянның арқасында, оқиғалардың астарын ойдан және жүректен өткендерді дұрыс жобалап, жори білу.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

اِتَّقُوا فِرَاسَةَ الْمُؤْمِنِ فَإِنَّهُ يَنْظُرُ بِنُورِ اللهِ

«Муминнің парасатынан сақтаныңдар. Өйткені, ол Аллаһтың нұрымен қарайды» - (Тирмизи, Тәфсир 15) деген. Әрине мұндай парасаттылыққа нәпсінің мендігінен құтылып, Аллаһтың нұрымен қарайтындар қол жеткізеді. Ислам тарихында бұл жағдайдың көптеген мысалдары бар:

Хазіреті Әнәс (радиаллаһу анһу) өзінің риуаяты бойынша, бір күні Хазіреті Османға (радиаллаһу анһу) бара жатқан жолында бір әйелді кездестіреді. Әйелдің сұлулығына көзі түседі. Сол ойымен Хазіреті Османның қасына барады. Оны көрген Хазіреті Осман (радиаллаһу анһу):

«Ей, Әнәс! Көздеріңдегі зинаның іздерімен осында кірдің ә» - дейді.

Бұл сөзге таң қалған Әнәс (радиаллаһу анһу):

«Аллаһтың Расулынан кейін де уахи келе ме?» - деп сұрағанда, Хазіреті Осман (радиаллаһу анһу):

«Жоқ, бұл бір көрегенділік пен дұрыс **парасат**[23]» - дейді.

Мәселен, Хазіреті Омардың (радиаллаһу анһу) көптеген мәселедегі пікірінің одан кейінгі уақытта түскен аяттарға сәйкес болғаны да белгілі.

Сондай-ақ, Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Сендерден бұрын өмір сүрген үмметтердің ішінде өздеріне аян берілген адамдар бар еді. Егер үмметімнің ішінде ондай біреу бар болса, шүбәсіз ол – Омар» - (Бұхари, Асхабун-Нәби 6) деген.

Әбу Аббас бин Мәһди былай дейді:

«Шөлде кетіп бара жатып, қасында су торсығы жоқ, жалаң бас, жалаң аяқ бір адамның алдымда кетіп бара жатқанын көрдім. Өзіме-өзім, бұл адам қалай намаз оқиды екен. Бәлкім ол дәрет алып, намаз оқымайтын шығар деп ойладым. Сөйткенімде ол адам маған бұрылып: **«Біліп қойыңыз, Аллаһ ішіңіздегілерді біледі. Сондықтан, Одан сақ болыңыз»** - (Бақара сүресі 235-аят) деген мағынадағы аятты айтты. Сол кезде есімнен танып, жерге құладым. Есімді жиған соң, әлгі адамға осындай көзбен қарағаным үшін Аллаһ Тағаладан кешірім тіледім де жолымды жалғастырдым. Жолда әлгі адамды тағы көрдім. Оны көрген кезде ішімде үрей пайда болды. Бір орында тұрып қалдым. Ол маған бұрылып: **«Ол – құлдарының тәубесін қабылдаушы, күнәларын кешіріп, не істегендерін біледі»** - (Шура сүресі 25-аят) деген мағынадағы аятты айтты да көзден ғайып болды. Қайтіп ол адамды көре алмадым.

Зүннун Мысри (құддисә сирруһ) былай дейді:

«Бір күні үстіне ескі, жамау киім киген бір жігітті көрдім. Нәпсім одан жиіркенгенімен, жүрегім оның әулиелігін сезіп

[23] Кушәйри, Рисала, 23.

тұрды. Нәпсім мен жүрегімнің арасында қалып, ойлана бастаған кезде ол жігіт, сырымды сезіп маған қарап:

«Ей, Зүннун! Маған, киімімнің ескілігін көру үшін қарама! Маржан қабықтың ішінде болады»-деді де, ғайып болып кетті.

Әулие Абдулхалық Гуждевани Хазіретінің сұхбатына алғаш рет келген, христиан екендігін жасырған бір жігіт:

««Мұминнің парасатынан қорқыңдар! Өйткені, Ол Аллаһтың нұрымен қарайды!» деген хадистің сыры не?» - деп сұрады.

Абдулхалық Гуждевани Хазіреті:

«Беліңдегі зүннарды (өрілген белбеу) шеш! (Христиандар тағатын күпірліктің белгісін шеш!) Мұсылман бол!» - деді.

Бұл айқын парасаттылықтан жігіт Хазіреті Пірдің алдында кәлимә шәһәдәт айтып, мұсылман болды.

Тағы да Жүнәйд Бағдади (құддисә сирруһ) мұсылман болып көрінген бір жігіттің негізінде еврей екендігін, жақын арада оның мұсылман болатындығын көрегендігімен байқаған еді.

Қорыта айтқанда парасаттылық – жүректегі иман мен тақуалық дәрежесіне қарай артып не кеміп отыратын иләһи сыйлық.

Истиқамет (шариғат бойынша дұрыс бағытта жүру) пен қажыр – көптеген кәшф пен кереметтен де абзал. Сонымен қатар, кәшф (ақылмен білінбейтінді көкей көзімен, жүрекпен сезу, аян) пен керемет діннің бұйрықтарын орындауды арттыруға жетелемесе, пәлекет пен бұзушылықтан басқа ештеңе емес екендігін білген жөн.

(Мәуләнә Халид Бағдади)

3. ТАСАРРУФ (басқару, қолдану) пен КЕРЕМЕТ

Абсолютті құдірет иесі Аллаһ Тағала бір нәрсені мақсат етсе, оған «күн» яғни «бол» дейді де ол іс дер кезінде бола қалады. Сонымен бірге Аллаһ Тағала иләһи мақсаты бойынша, кейбір оқиғалардың тізгінін кейбір құлдарына тапсырған. Шындығында ол істер Раббымыздың Жаратушы сипатымен сол іске араласпайынша, іске аспағанымен Аллаһ Тағала мұндай істерде құлдарын бір дәнекер ретінде қолданады. Мәселен төрт үлкен періште сияқты.

Мысалы, Жәбірейіл (аләйһиссәләм) уахиды пайғамбарларға жеткізуге; Микайл (аләйһиссәләм) табиғат құбылыстарын басқаруға; Әзрейіл (аләйһиссәләм) жан алуға; Исрафил (алейһиссәләм) болса, ол сур үрлеуге міндеттелген.

Әлбетте, Аллаһ Тағала бұл міндеттерді періштелері болмай-ақ атқара алады. Бірақ, Аллаһ Тағала өз еркімен оларға осындай бір міндет пен қабілет берген. Періштелердің күш-қуаты да негізінде Аллаһ Тағаланың қолында. Оларды сондай күшпен жабдықтаған – Аллаһ Тағала. Барлық мақлұқтардың күші мен қабілеті де дәл солай.

Аллаһ Тағала пайғамбарларына да кейбір басқару қабілетін берген. Бұлардың арасында Сүлейменнің (аләйһиссәләм) хай-

уанаттың тілін білуі, желге және жындарға үкім жүргізгені белгілі.

Пайғамбарлардың имамы – әлемдер мақтанышы Мұхаммед Мұстафаға да (саллаллаһу aләйһи уә сәлләм) көптеген ерекше қабілеттер мен басқару билігін берген. Оның үмметінің таңдаулыларынан кейбіреулері де осы сыйдан Аллаһ Тағаланың бергенінше үлес алған. Мәселен, Абдулқадир Гейлани, Ахмед әр-Рифай сияқты кейбір ұлы әулиелердің өмір сүрген кезінде болсын, өлгеннен кейін болсын кейбір басқаруларда (тасарруф) болғаны жиі айтылады.

Басқару – қандай да бір адамда оның жеке өз еркімен іске аспай, тура барлық жаратылыстағы сияқты, Аллаһ Тағаланың «Халиқ» сипатының көрінісімен сол іске араласуымен жүзеге аспақ. Яғни, тасарруфтың басқа қандай да бір жаратылыс пен болмыстан айырмашылығы жоқ. Айырмашылық – мұның ерекше болып, әрбір құлдың қолымен іске аспауында.

❁❁❁

Тасарруфтың бір түрі болып саналатын керемет – Аллаһ Тағаланың сыйы ретінде, кәміл иман, мағрифат және тақуалықтың нәтижесінде әулие құлдарда байқалатын және табиғат заңдарымен түсіндірілмейтін, метафизикалық таңғажайып оқиғалар. Бұл - кереметтің сыртқы көрінісін ғана құрайды. Әулиелердің назарындағы негізгі керемет болса, истиқамәт иесі болып, дұрыс бағытта өмір сүру болып табылады. Хақ достары қол жеткізген осы рухани билік, көзқарас, ойлау, тіпті, іс-қимыл тұрғысынан басқа адамдардан өзгеше болады.

Танымынан да түсінікті болғандай, әулиелерде байқалған кереметтер екі түрлі болады:

1. Рухани керемет: Ілім, ахлақ, ғибадат, мағрифат және тақуалықта үздіксіз өрлеп, биік рухани дәрежелерге жетіп, فَاسْتَقِمْ كَمَا أُمِرْتَ **«Бұйырылғаныңдай истиқамәт бойынша жүр!»**- (Һуд сүресі 112-аят) аятының мағынасынан нәсіп ала білу деген сөз. Яғни, истиқамәтте болу. Мәселен, истиқамәт иесі әулиенің ау-

зынан шыққан сөздер хикмет пен жөн сілтеу де болса, ол сөздер сондай бір мәнермен айтылғандықтан, ешбір адамның көңілі қалмайды. Тіпті, ол сөздер алдындағы адамның қателігін ескерту бабында да болса солай.

Бұларға ақылмен, тәфәккурмен қол жеткізу мүмкін емес. Аллаһ Тағала мұны тек қалаған құлына ғана сыйлайды.

2. Кәуни және сури (жаратылыспен байланысты) **керемет:** Бір сәтте көптеген жерлерде болып, айналада жоқ затты көз алдыға әкелу, жыртқыш жануарларды бағындыру т.б. материалдық дүниеде көрінген таңғажайыптар кереметтің бұл сатысына жатады.

Нағыз мұтасаввуф мұндай кереметтерге көңіл бөлмейді. Өйткені, мұндай кереметтерді көрсету – әулиеліктің шарты емес. Аллаһ Тағала мұндай қасиетті де өз қалауынша кейбір құлдарына береді. Бірақ, мұндай кереметті зәрушілік болмай, жарыққа шығарудың жақсы еместігі айтылады. Әулие де мүмкіндігінше мұндай бір кереметті көрсеткісі келмейді. Өйткені, халықтың қайран қалуы мен қошеметі артады да надан адамдар барлық нәрсені сол әулиеден күтетін болады.

Халықтың көпшілігі бұл екі кереметтің екіншісіне көбірек көңіл бөлсе, негізінде дұрысы алғашқысы. Өйткені, тасаввуфты ұстанушылар бір ауыздан «Ең үлкен керемет – истиқамәт (дұрыс бағыт)» дегенге келіскен. Дұрыс бағытта жүрмеген дәруіштің іс-әрекеті босқа кетеді.

Мәуләнә Халид Бағдади Хазіреті:

«Истиқамәт пен қажыр – көптеген кәшф пен кереметтен абзал. Сонымен қатар, кәшф пен керемет діннің әмірлеріне бойсұнуға жетелемесе, бәлекет пен бұзушылықтан басқа ешнәрсе емес» - дейді.

Кереметтің жоғары бір мақсаты бар. Ол – адамдарды бір сөзбен айтқанда, «таң қалдырудың әсерімен» дұрыс жолға салу. Алайда, дін жауапкершіліктен тұрады. Қияметке дейін де сол қалпында жалғасады. Таңғажайып нәрселер болса, олар дінге де-

ген жауапкершілікке зиян тигізеді. Сондықтан, аса мәжбүрлік болмайынша, пайғамбарлардың өзі мұғжиза көрсетуге әулиелер де керемет көрсетуге жүгінбеген.

Шынайы бір кереметтің жалпы мынадай нәтижелері болады:

1. Нәпсіні тыйып, әдепті етеді,

2. Жүректі жаман мінездер мен әуестіктерден тазартып, иләһи фәйзбен безендіреді.

3. Сырлар мен хикметтер жүрекке аян болады.

Екіншіден, кереметтердің көрініс табуындағы ең маңызды дәнекерлердің бірі – Аллаһ Тағаланың өз құлына жасырын сыр ретінде білдірген исми-ағзамы.

Ендеше, иләһи сыйлар тақырыбында маңызды орынға ие болған исми-ағзам тақырыбына да қысқаша тоқталайық.

Исми-ағзам – Өзі арқылы жасалған дұғаны қабыл болуға лайық ететін иләһи есімдердің бірі. Бірақ, мұның Аллаһ Тағаланың қайсы есімі екендігі жасырын болып, бұл туралы көптеген риуаяттар бар. Бұлардың арасындағы Хақ Тағаланың тек ұлық затына тән және Оның барлық есімдерінің қасиетін өзінде жинақтаған – «Аллаһ» есімінің – «исми-ағзам» екендігі туралы көзқарас басым-рақ.

Бұл тақырыптағы тұжырымдардың тағы бірі – Аллаһ Тағала адам баласына өз рухынан үрлеп, оған жан беріп, өз құдіретінен бір нәсіп сыйлағандықтан, иләһи есімдердің ең ауқымды көрінісін «адамда» жүзеге асырған. Кәміл адам – жаратылысында негізінен орын алған осы иләһи есімдерді жасырын күйінен іс жүзіне шығарып, Аллаһтың ахлағын бойына сіңіру бақытына жете білген адам. Сондықтан, құлда қайсы иләһи есімнің көрінісі басым болса, сол иләһи есім оның исми-ағзамы болғандығы айтылады. Яғни, сүйіспеншілік пен мейірімділік сезімдері дамыған бір құлда ұлы Раббымыздың «Рахман» және «Рахим» есімдерінің көрінісі басым. Сондықтан, ондай адам үшін ол есімдер исми-ағзам болып саналған. Бірақ, нағыз

батырлық – Аллаһ Тағаланың жақсы есімдерінің мәнін өмірде үнемі ұстанып, өз бойына сіңіре білу. Әйтпесе, көптеген адамдар исми-ағзамды кітаптан немесе жатқа оқи салып жүре береді. Олай болғанда тіл: «Уа, Рахман! Уа, Рахим!» дегенімен, жүрек мейірімнен ада болса, талаптың орындалуын күту бос нәрсе.

Бұл жайында Хазіреті Әли (радиаллаһу анһу) мен бір бәдәуидің арасында болған мына бір оқиға ғибратқа толы:

Бір күні пақыр бір бәдәуи Хазіреті Әлиден садақа сұрайды. Хазіреті Әли (радиаллаһу анһу) сол сәтте басқа мүмкіндігі болмағандықтан, жерден бір уыс құм алып, бірдеме оқып құмға үрлейді. Іле-шала мұны бәдәуидің қолына алтын түрінде құяды. Бәдәуи таң-тамаша болады. Мұның қалай болғандығын, уысындағы құмға не оқығанын өзіне айтып беруі үшін Хазіреті Әлиге жалынады. Хазіреті Әли (радиаллаһу анһу) болса, жай ғана «Фатиха сүресін» оқығанын айтады. Сонда қуанғанынан жерден бір уыс құм алған бәдәуи Фатиха сүресін оқып, құмға үрлейді. Бірақ, құм өзгермейді. Бәдәуи Хазіреті Әлиден мұның хикметін сұрайды. Хазіреті Әли мәселенің мәнін: «Бұл – жүректің айырмашылығы» - деп түсіндіреді.

Мәуләнә Хазіреті де Мәснәуи кітабында мынадай бір қиссаны баяндайды:

Бір күні Хазіреті Исаға (аләйһиссәләм) бір адам жолсерік болады. Бірге кетіп бара жатып бұл адам бір бұрыштан біраз сүйек көріп, Хазіреті Исаға:

«Өтінем, ей, Иса! Білген исми-ағзамыңды маған да үйретші, мына сүйектерді тірілтейін» - деп жалынады.

Сонда Хазіреті Иса былай жауап береді:

«Ол іс сенің қолыңнан келмейді. Исми-ағзамды оқып, өлікті тірілту үшін жаңбырдан да таза дем иесі, құлшылықта періштелерден де зерек бір адам болуы керек. Исми-ағзам пәк бір тіл және таза бір жүректі талап етеді. Яғни, нәпсісі харамға былғанбаған, періште сияқты күнә мен жамандықтан пәк болуы керек. Өйткені, қай адамның демі пәк болса, сол адамның дұғасы

қабыл болады. Хақ Тағала ол адамды қазыналарының аманатшысы етеді. Мәселен, сен Хазіреті Мұсаның таяғын қолыңда ұстай аласың деп ойлайық. Бірақ, Мұсадағы таяқты айдаһар ететін және оны басқаратын күш сенде бар ма? Одан тіпті, Мұсаның өзі таяғы айдаһар болған кезде қорқып, Аллаһ Тағала оған: **«Қорықпа, ей, Мұса!»** - (Нәмл сүресі 10-аят) деп бұйырған еді.

Міне сол сияқты, сенде Исаның демі болмай, исми-ағзамды құр оқып, жаттап алғаныңның саған қандай пайдасы бар дейсің!?» - деді.

Бірақ, сонда да әлгі надан:

«Ей, Иса! Бұл қабілет менде жоқ болса, онда сен мына сүйектерге оқышы!» - деді.

Иса (әләйһиссәләм) бұл ақымақтың сөздеріне қатты таңданып:

«Уа, Раббым! Бұл сырлардың қандай хикметі бар? Бұл ақымақтың осынша ма қайтпауы неден? Өзінің жүрегі өлген, сонда да басқаның тәнін тірілтпек ойы бар. Алайда, ол өзін тірілткені дұрыс еді. Өзін тірілту үшін дұға етудің орнына, басқаларды тірілтуге тырысады. Бұл не деген надандық?»-деді.

Міне шынайы Хақ достары – көңілдері осындай кемелдікке жеткен адамдар. Сондықтан, Аллаһтың әулие құлдарынан бір керемет көрінген кезде, олардың Аллаһтың сый-сыяпатына деген шүкіршілік сезімдері тіпті арта түседі. Олардың бұл халі жүргізген күрестерінде оларға күш береді. Нағыз әулиелер кереметтерімен ақыретті кепілдікке алғанын ешқашан ойламайды. Керісінше Аллаһтың алдындағы әлсіздік, кішіпейілдік және нәпсісін қор көру сезімдері артады. Тәкаппарлыққа, менмендікке және бұзықтыққа түсу қаупінен арылмағандықтан, үнемі қорқыныштa болады.

Сондай-ақ, Аллаһ (жәллә жәләлүһү) өзіне исми-ағзамын айтқан Бәлғам бин Баураның тап болған аянышты ақыры да өте ғибратты. Ол адам Исрайл ұлдарының ішінде ғалым, әулие болып танылған еді. Бірақ, кейіннен тәкаппарлық пен дүниеге

алданудың кесірінен жоғары халін жоғалтып, тіпті, имансыз болып өлді. Бұл оқиға Құран Кәрімде былай баяндалады:

«Оларға (еврейлерге) **өзіне аяттарымыздан берген, бірақ, олардан айырылып қалған, сол себепті, шайтанның соңынан еріп, ақырында азғындардың қатарына қосылған адамның хабарын айт. Қаласақ, әлбетте оны осы аяттардың арқасында көтерер едік. Бірақ, ол дүниеге қадалып, әуестігіне ерді. Оның жағдайы тура иттің жағдайына ұқсайды: үстіне барсаң да тілін салақтатып арсалақтайды. Тастап қойсаң да тілін салақтатып арсалақтайды. Міне аяттарымызды өтірікке шығарған қауымның жағдайы осындай. Қиссаны баянда, бәлкім ойланар»** (Ағраф сүресі 175-176 аяттар)

Керемет иесі бір әулиеге шектен тыс көрсетілген ілтипат – осы себептен аса қауіпті саналған. Хақ достарының керемет көрсетуден қашуының себептерінің бірі де – осы қауіп. Керемет ең соңғы мәртебе емес. Ол әулиенің рухани дәрежесін көрсетпейді. Сондықтан Хақ достары пайғамбарлардан басқа ешкім кепілдікте емес екендігін жақсы біледі. Кейбір адамдар бар – жәһәннәмға бір қарыс қалған кезде жәннатқа кіре салады. Кейбірі бар – жәннатқа бір қарыс қалғанда жәһәннәмға түсіп кетеді. Олай болса әрбір мүмин:

«...Өлім келгенге дейін Раббыңа құлдық ет!» - (Хижр сүресі 99-аят) деген аят кәримасын өмірінің дәстүрі етуі керек.

Кез-келген қай жағдайда болмасын керемет түрінде көрінген мұндай иләһи сыйлар іске асқанда ұстанатын бірден-бір қағидамыз – Құран мен сүннет болмақ. Сонымен қатар, кереметтің жоққа шығарылмайтындай хақ пен ақиқат болғандығы да айқын шындық.

Мәселен, кереметтің Құрандағы дәлелдерінен оқыңыз.

Сүлейменге (аләйһиссәләм) уәзірі Асаф Сәбә патшайымы Бәлқистың тағы хақында... **«Көзді ашып-жұмғанша оны саған әкелемін...»** - (Нәмл сүресі 40-аят) деген және соны орындаған.

Зәкәрия (аләйһиссәләм) ғибадатханадан шықпай, құлшылық жасаған Хазіреті Мәриямға қарауға міндетті еді. Бірақ,

ғибадатханаға кірген сайын Хазіреті Мәриямның алдынан әртүрлі ризықтарды көретін. Мұның хикметін білу үшін Хазіреті Мәриямға:

«Бұл ризықтар саған қайдан келеді?» - деп сұрағанда, Хазіреті Мәриям:

«Аллаһтың қасынан...» - (Әли Имран сүресі 37-аят) деп жауап береді. Тағы сол Әли Имран сүресінің 24-25 аяттарында Хазіреті Мәриямның тікелей Аллаһ тарапынан ризықтануына байланысты берілген хабарлар, кереметтің Құрандағы дәлелдері еді.

Сүннетте де көптеген дәлелдер бар. Мәселен,

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Үш адам бесікте жатқанда сөйлеген. Бұлар: Мәриям ұлы Иса, Жүрейждің баласы және тағы бір бала» - деп оларды түсіндірген.[24]

Басқа бір сахих хадисте сапарға шыққан үш адамның түнде паналаған үңгірінде қамалып қалғандығы баяндалады. Үңгірдің аузы құлаған таспен жабылып, жолаушылардың әрбіреуі Аллаһ ризашылығы үшін жасаған бір амалын себепші қылып дұға еткен, нәтижесінде иләһи сый мен көмек көрініс тауып, үңгірдің аузы ашылады.[25]

Риуаятқа қарағанда Омар (радиаллаһу анһу) мінберде халыққа хұтпа оқып тұрып, «Ей, Сария тауға, тауға!» деп дауыстайды. Хұтпадағы тақырыппен ешбір байланысы жоқ бұл сөзді айтқан кезде Сария Мәдинадан бір айлық қашықтықтағы жерде Аллаһ дұшпандарымен соғысып жатқан еді. Алайда Аллаһ (жәллә жәләлүһү) Омардың (радиаллаһу анһу) бұл айтқанын Сарияға естірткен еді (Ибн Хажәр, әл-Исаба II, 3).

Мұндай мысалдар сахабалар дәуірінде өте көп болған.

Екіншіден, мұндай кереметке керісінше, кейбір кәпір, пасық және әулие болмаса да, өзін әулие деп танытқан адамдардың

[24] Мүслим, Бирр 8.
[25] Бұхари, Әдеп 5; Әнбия 53; Зікір 100.

қолынан әулиелердің кереметтеріне ұқсас кейбір таңғажайып оқиғалар іске асуы мүмкін. Бұлардың айтқандарына сәйкес пайда болған таңғажайыптар **истидраж** деп аталған.

Мұндай халдер кейбір рухи жаттығулардың арқасында іске асады. Яғни, рухтағы кейбір қабілеттердің діннен тыс кейбір әсерлердің арқасында іске асыруы мүмкін. Мәселен, үнді пақырлары да көбінесе өзін тәрбиелеу жолымен рухи бір күшке жетеді. Кейде бұл сиқыр немесе «Хұддам»[26] деген жын арқылы іске асады. Мұндай таңғажайып нәрселерді кереметтен ажырата білу ілім арқылы болады. Бірақ, мұндай адамдардың өмірі тақуалық шарттарына сай келмейтінін білгеніміз жөн болар. Бұлар Расулұллаһтың сүннетін ұстануда кемшілігі бар адамдар. Ең бірінші назар аударатын мәселе де осы.

Сондай-ақ Жүнәйд Бағдади (құддисә сирруһ):

«Аспанда ұшқан бір адамды көрсеңдер, оның халі кітап пен сүннетке сәйкес келмесе, бұл – истидраж» - дейді.

Иләһи сыйға қол жеткізіп, өзінде қандай да бір таңғажайыптық көрінген адамның мұнысын көрсету үшін жасамайтыны белгілі. Өйткені, шынайы Хақ достары мақтаншақтықтан ада болғандықтан, мәжбүрлік жағдай болмайынша, сол қасиетін білдірмейді. Олар адамдарға үлгі боларлықтай, адамзатқа тән ахлақ кемелдіктерімен көрінеді. Тура Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үмметіне кәміл бір үлгі бола білу үшін жалпы адамдық сезімдер бойынша әрекет етіп, тек қажет жағдайда ғана Аллаһтың рұқсатымен, өте сирек түрде мұғжиза көрсеткені сияқты, Аллаһ достары да Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жолынан әсте де айырылмайды. Керемет пен истидраждың айырмашылығын түсіну үшін бұл мәселеге көңіл бөлудің өзі жеткілікті.

Перғауын да истидраж иесі еді. Төрт жүз жылдық өмірінде бір басының ауырғанын сезбеді. Тістері де маржандай бүтін еді. Ылдиға қарай түскенде атының алдыңғы аяқтары ұзаратын.

[26] Бір нәрселерді оқу арқылы жынды бағындыру және бір қызметші сияқты қолдануға болады. Мұндай жындар «Хұддам» деп аталады. Хұддам өзін бағындырған адамның барлық бұйрығын қабілеті жеткенінше орындайды.

Истидраж кәпір мен пасыққа тәкаппарлық пен менмендік береді. Сөйтіп оның ақырын одан да мүшкіл халге түсіреді. Мұса (аләйһиссәләм) қызыл теңізді таяғымен ұрып, Аллаһтың рұқсатымен екіге айырғанда, артынан қуған Перғауын әскерлеріне бұрылып:

«Қараңдар! Айбынымнан теңізде жол пайда болды» - деді. Алайда сол жолға кірген кезде, жол теңізге айналды. Перғауын әскерлерімен бірге жоқ болды.

Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хадисінде Дажжалдың (Тажал) көптеген истидраж көрсетіп, адамдарды алдауға тырысатындығы айтылған.

Сонымен бірге, истидраж иесінің айтқанына кереғар шығатын жағдайлар да болады. Мұны «иханә» (қор қылу) деп атайды. Мәселен, өзін Пайғамбармын деп жариялаған МүсәйләмәтүлКәззәб құдықтың суын көбейту үшін құдыққа түкіреді. Бірақ, құдықтың суы толығымен тартылып кетеді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пен сахабалар дәуірінде тасарруф пен керемет қалай көрінген болса, кейінгі кезеңдерде де көрінуі сондай мүмкін. Әулиелердің кейбір адамдарға бағдар беру үшін көрсеткен тасарруф пен кереметтері ізімен жүрген пайғамбарының берекетімен болады. Әрі сол пайғамбар мұғжизаларының бір жалғасы іспеттес болады.

Пайғамбар ғасырында болсын, кейінгі кезеңдерде болсын, жарыққа шыққан тасарруф пен кереметтердің көптеген һидаяттарға себеп болғаны тарихи шындық. Сондай-ақ, мұндай оқиғаларға куә болған көптеген адамдар «Әулиесі мұндай болған діннің пайғамбары не деген ғажап!?» - деп кереметтің негізгі көзін құптаған.

Тасарруф пен кереметке байланысты мысалдар:

Әлемнің жаратушысы мен патшасы болған Аллаһ Тағала Өзінің бар екендігін біліп, ғибадат етіп, мойынсұнуы және жер бетін реттеу үшін жаратылғандардың ең абыройлысы ретінде

адам баласын өзіне халифа етіп тағайындаған. Бұл ақиқат аят кәримада:

وَ إِذْ قَالَ رَبُّكَ لِلْمَلٰئِكَةِ إِنِّي جَاعِلٌ فِي الْأَرْضِ خَلِيفَةً

«Есіңе түсір, Раббың періштелерге: «Мен жер бетінде бір халифа жаратамын» - деп бұйырды» (Бақара сүресі 30-аят) сөзімен баяндалған.

Бұл жерде адамның «халифа» болуы мынадай мағыналарға келеді.

«Өз еркімнен, құдірет және сипатымнан оған кейбір қасиеттерді беремін. Ол Менің өкілім ретінде мақлұқтарыма байланысты кейбір басшылыққа ие болады. Менің атымнан үкімдерімді жаяды. Ол бұл тақырыпта негіз болмайды. Өз затымен, жеке атынан үкім жүргізбейді. Тек Менің көмекшім және өкілім болады. Еркімен менің қалауымды, менің әмірлерімді, менің заңдарымды орындауға міндетті болады. Сосын оның артынан ергендер оның ізін басып, сол міндетті орындайтын болады, **«Ол** (ұлы Аллаһ) **сендерді жер бетінде халифа етті»** (Әнғам сүресі 165-аят) сыры жарыққа шығады» (Елмалылы, Хақ Діні, I, 299-300).

Пайғамбарларда көрінген мұғжизалар болсын, Хақ достарында байқалған кереметтер болсын бәрі – адамның осы халифа болу сырының көріністері. Бұл көріністердің шексіз мысалдарынан бірнешеуі мынадай:

Мансур бин Абдұллаһ Әбу Абдұллаһ ибн Жәлланың халін былайша риуаят еткен:

Ибн-и Жәллә айтады:

«Мәдина Мүнәууәраға барған едім. Кедейшілік ішінде болдым. Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүбәрәк қабіріне бардым, Сәлем беріп:

«Ей, Аллаһтың Расулы! Пақырлық пен мұқтаждық ішіндемін! Саған қонақ болдым» - дедім.

Аздан соң мені ұйқы басты. Ұйқыда Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) маған ішіне ет т.б салынған тоқаш ұсынды.

Жартысын жеп, ояндым. Қарарсам, қалған жартысы қасымда тұр екен»[27].

Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қайтыс болғаннан соң болған басқа бір хикметті оқиғаны әл-Утби былай баяндайды:

«Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүбәрәк қабірінің қасында отыр едім. Сол кезде бір бәдәуи келіп:

«Ей, Аллаһтың Расулы, Сәлем! Мен Аллаһ Тағаланың: **«Егер олар, өздеріне зұлымдық жасаған кезде саған келіп, Аллаһтан кешірім тілесе және Пайғамбар да олар үшін кешірім тілегенде, Аллаһты өте кешірімді және есіркеуші көретін еді»** - (Ниса сүресі 64-аят) деп бұйырғанын естідім. Міне күнәларыма тәубе етіп, кешірім тілеп, мен үшін Раббыма шапағатта болуыңды сұрап саған келдім» - деді.

Сосын мағыналы бір өлең жолдарын оқып, сол жерден кетіп қалды. Сол сәтте мен ұйқыға кеттім. Түсімде Хазіреті Пайғамбарды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көрдім. Маған:

«Ей, Утби! Бәдәуиға барып, Аллаһтың оны кешіргендігін сүйіншіле!» - деді» (Ибн-Кәсир, Тәфсир I, 532).

❀❀❀

Чанаққала соғысында шайқас үдеген кезде мыңбасы Лүтфи Бек:

«Уа, Мұхаммед, медет! Кітабың қолдан кетіп барады!»[28] деп жалбарып, Хазіреті Пайғамбардан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) медет күткен еді. Аллаһ Расулынан ықыласпен, шынайылықпен талап етілген бұл жәрдемнің қалайша көрініс тапқанын төмендегі оқиға айқын көрсетеді:

1928 жыл... Чанаққала жеңісіне тура 13 жыл болған.

Ғалым, ариф және нәзік адам Аласониялық Жамал Өгүт Мырза қажылыққа барады. Мырза Мәдинада көптеген құрметті адам-

[27] Келебази, Таарруф, Ауд. С. Ұлыдағ, 214 б.
[28] Мехмед Ниязи, Чанаққала махшары, 352-355 б.

дармен танысуға мүмкіндік табады. Сол мүбәрәк адамдардың біреуі Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кесенешісі еді. Бұл Хақ досы, сонымен қатар шынайы Османлы досы екен. «Османлы» дейді де басқа ештеңе айтпайды. Жамал Өгүт мырза шыдай алмай сұрайды:

«Неге осыншама сүйесің?»

Нұрға айналған қария кесенеші іркілмей былай жауап береді:

«Османлыны Ислам атынан сүю үшін, бір естелігі ғана маған жеткілікті».

Мырза өтініп қоймаған соң, теңдессіз естелігін былай баяндайды:

«1915 жылғы қажылыққа, Үндістан ғалымдарынан бір адам келген еді. Ол адам – ішкі дүниесі бай бір Аллаһ досы еді. Қажылықтан кейін Расулұллаһты (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) зиярат ету үшін, Мәдинаға келген еді. Өте мұңды көрінді. Көзінің жасы тоқтамайтын бұл адам қайғысының себебін сұрағанымда, көз жасы одан да көбейіп, былай жауап берді:

«Осыншама жылдан кейін нәсіп болып, әлемдердің мырзасын зиярат етуге келдім. Бірақ, Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) орнында болмағанын көрдім. Әлде менің көзім соқыр болған ба? Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) барлығын неге сезіне алмаймын? Міне Мәдинаға келгелі бері осы ойлармен қайғырамын!»

Қарт кесенеші сол түні түсінде, Аллаһ Расулын (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көреді. Үндістандық ғалымның айтқандары есіне түседі. Аллаһ Расулы оны таңдандырмай былай дейді:

«Иә, ол дұрыс сезінген. Мен қазір Мәдинамда емеспін. Чанаққаладамын. Қиын жағдайдағы әскер ұрпақтарымды жалғыз қалдыруға көңілім риза болмады. Қазір соларға көмектесудемін» (18 март 2001 жексенбі саны. Заман газеті).

Сондай-ақ, ағылшын генералы Хамилтонның Чанаққаладағы жеңілісіне айтқан:

«Бізді түріктердің материалдық күші емес, рухани күші жеңді. Өйткені, олардың ататын зеңбірегі де қалмаған еді. Бірақ, біз аспаннан түскен күштерді көрдік» - деуі жоғарыдағы сөздердің куәсі сияқты.

Мұндай оқиғалар – Аллаһ Тағаланың пайғамбарларына қайтыс болғаннан соң берген тасарруфы. Олар қабірлерінде дүниелік сезімдерімізбен мәнін түсіне алмайтындай түрде тірі. Сондай-ақ, төмендегі хадис осыны айқын дәлелдейді:

Әус бин Әустен (радиаллаһу анһу) риуаят етілгені бойынша, Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Күндеріміздің ең абзалы жұма күні. Сондықтан, сол күні маған көбірек салауат айтыңдар. Өйткені, сендердің салауаттарың маған жетеді» - дегенде сахабалар:

«Уа, Расулаллаһ! Қайтыс болғаннан кейін және сенен ешқандай белгі қалмаған кезде салауаттарымыз саған қалай жетеді?» - деп сұрайды.

Сонда Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Аллаһ Тағала пайғамбарлардың тәнін шірітуді топыраққа харам етті» - дейді (Әбу Дәуіт, Салат 201; Қара. Нәсай, Жұма 5).

Бұл тірі болу жағдайы шейіттерде де көрініс табады. Сондай-ақ, аят кәримада Аллаһ Тағала:

«Аллаһ жолында өлтірілгендерді (шейіттерді) **өлді деп ойламаңдар. Керісінше олар – тірі. Олар Аллаһтың сыйынан өздеріне бергендерімен қуанышты жағдайда Раббыларының жанында ризыққа бөленуде»** (Әли Имран сүресі 169-аят).

Әрине пайғамбарлардағы тірілік, шейіттердегі тірі болумен салыстырғанда әлде қайда жоғарырақ.

❀❀❀

Пайғамбар мирасшысы – Хақ достарында тасарруф пен кереметтің көріністері қазірге дейін жалғасуда. Мұның да сансыз мысалдарынан бірнешеуі мынадай.

Ұбәйдұллаһ Ахрар Хазіреті Орта Азияда тұрып, сол сәтте Стамбулдың жеңісіне қатысқан. Мұны шөбересі Қожа Мұхаммед Қасым былай баяндайды:

«Ұбайдұллаһ Ахрар Хазіреті бейсенбі күні түстен кейін дереу атын әзірлеуді бұйырды. Атына мініп жылдам Самарқанттан шықты.

Мәуләнә Шәйх атымен танылған бір шәкірті оған біраз жерге дейін еріп барады. Ұбәйдұллаһ Ахрар Хазіретінің атының үстінде оңға-солға қисайып, одан кейін жоқ болып кеткенін хабарлайды. Біраз уақыттан соң Ұбәйдұллаһ Ахрар Хазіреті қайтып оралады. Шәкірттері шыдамсызданып, бұл кездейсоқ сапардың хикметін сұрағанда ол:

Түрік сұлтаны Мехмед Хан менен медет сұрады. Жәрдем тіледі. Мен соған жәрдем етуге бардым. Аллаһ Тағаланың құдіретімен жеңіске жеттік деді».

Қорасаннан келіп, Стамбулды зиярат еткен пір Ұбәйдұллаһ Ахрар Хазіретінің немересі Қожа Абдұлһәди былай дейді:

«Стамбулға барғанымда, Сұлтан II. Бәязид Атам Ұбәйдұллаһ Ахрардың түрі мен болмысын былай суреттеді:

«Әкем Фатих айтқан еді. Соғыстың ең қызған уақытында Раббыма жалбарынып, заманның рухани имамының көмекке келуін сұрадым... Осындай сипатта, бір ақ атқа мініп алдыма келді.

«Қорықпа, жеңіс сенікі!» - деді.

Әлгі пірге:

«Кәпірлердің әскері өте көп!» - дедім.

Ол да маған шапанын ашып:

«Ішіне қара!» - деді.

Таңданып шапанының жеңінің ішінен селдей аққан қалың әскерді көрдім.

«Бұл әскер саған көмекке келді» - деді.

Ары қарай жалғастырды:

«Енді мына төбенің үстінде үш рет дабыл қақ! Және барлық әскерге шабуыл бұйрығын бер!» - деді.

Мен де солай істедім. Пір де, әскерлермен шабуылға қатысты. Атаулы жеңіс болды»[29]

Қорыта айтқанда, Сұлтан Фатихтың жеңісі кезіне барлық әулиелердің руханиятынан, жәрдемінен пайдаланылғаны тарихи бір шындық.

Әсіресе, Ақшәмсәддин Хазіретінің рухани-материалдық жағынан көп көмегі тиген.

❀❀❀

Әзиз Махмұд Һудайи Хазіретінің «тасарруфына» байланысты болған бір оқиға мынадай.[30]

1975-жыл. Бесін намазына таяу бір уақытта Хазіреті Пірдің кесенесінің алдына нұр жүзді, бидай өңді және тығыршықтай бір жігіт келген еді. Сол сәтте кездейсоқ Әзиз Махмұд Һудайи мешітінің имамына жолығып:

«Тақсыр! Мен Әзиз Махмұд Һудайиді көруге келдім! Онымен қалай жолығуға болады? Қазір осында ма екен?» - деп сұрады.

Мұндай сұраққа таңырқаған Имам Мұхаррам:

«Ұлым! Иә, Әзиз Махмұд Һудайи осында!» - деді.

Хазіреті Пірдің сол жерде екендігін естіген жігіт, қуанып:

«Өтінемін мені сол кісіге жолықтырыңызшы!» - деді.

Бірақ, мұны түсіне алмаған Мұхаррам Мырза кесененің қасында тұрғандықтан қайтадан:

«Ұлым! Әзиз Махмұд Һудайи осында!» - деді.

---

[29] Мәуләнә Шәйх, Мәнақиб-и Хаже Ұбейдұллаһ Ахрар, 4б-5а; Межди Мехмед, Хадайқуш-Шақайқ, 272-273; Молла Жами, Нәфәхатул-Үнс, 764, 765 б.

[30] Бұл оқиғаны Имам Хатиб (лицей) жылдарында оқушылық дос болған, Әзиз Махмұд ·Һудайи мешітінің бір имамы Мұхаррам Қыр Мырзаның өз аузынан естідім.

Жігіт те, өтінішін қайталады:

«Олай болса, мені жолықтыр! Менің онымен жолығуым керек!» - деді.

Мұхаррам Мырза әлі де жігіттің халін түсінбегендіктен мәселені шешу үшін:

«Балам! Сен Әзиз Махмұд Һудайиді танисың ба?» - деп сұрады.

Жүзі сияқты жүрегі де таза жігіт сөздің былайша ұзағанына және алдындағы адамның өзін неге Махмұд Һудайимен жолықтырғысы келмегеніне таңданып:

«Мен Әзиз Махмұд Һудайиді жақсы танимын. Мені осында сол шақырды. Мен онымен кезігуге келіскен едім. Менің келетінімді біледі» - деді.

Осы кезде Мұхаррам Мырза мәселенің басқаша жағы мен сырлы бір нүктесі бар екендігін түсініп, таңдана сұрайды:

«Балам! Қалай келістіңдер?»

Жігіт түсіндіре бастады:

«Мырзам, мен 1974 жылы Кипр әрекетінде парашютпен секіретін жасақтан едім. Біздің әскерлер теңізден, Римдіктер Бешбармақ тауларынан қарама-қарсы күрес жүргізіп жатқан кезде парашютпен секірдік. Бірақ, жел қатты болғандықтан әр біреуіміз әр жаққа құладық. Мен дұшпанның майдан шебіне түстім. Орманды жерде екі жақтан атылған оқтың астында қалдым. Не істерімді білмей, қатты күйзелген кезде алдымнан ұзын бойлы, айбынды және нұр жүзді қарт бір ата шыға келді. Маған жылы, күлімсіреген жүзбен қарап:

«Ұлым! Бұл жер дұшпан шебі. Бұл жерде не істеп жүрсің? Неге жалғыз өзің бұл шепке кірдің?» - деді.

Мен:

«Ата! Мен келгем жоқ, жел осында түсірді» - дедім.

Нұр жүзді қарт, басын шайқады:

«Мен де соғысуға келген едім. Сендерден бұрын жіберілдім. Бұл жерлерді жақсы білемін. Қай жасақтансың? Кел, сені солардың қасына апарайын!» - деді.

Қорқынышты оқтың астында жолға шықтық. Әлгі мүбәрәк адам тыныш жолда жүріп келе жатқандай жайбарақат еді. Оның әрбір іс-әрекеті мені басқаша бір таңданысқа итермеледі. Менің есімім мен қай жерден болғаным секілді көптеген сұрақ сұрады. Мен де сұрақтарына жауап берген соң өзіне:

«Ата! Өзіңіз кімсіз?».

Ол:

«Ұлым! Мені Әзиз Махмұд Һудайи дейді» - деді.

Сосын:

«Ата! Сіз маған өте үлкен жақсылық жасадыңыз? Егер еліме аман-есен қайтсам, бір сенімділік борышы ретінде сізді зиярат етпекпін. Адресіңізді айтыңызшы?» - дедім.

Ол сұлу жүзді мүбәрәк адам, мекен жайын тек қана:

«Ұлым! Үскүдарға (Стамбулдың Азия жағалауы) келіп кімнен сұрасаң, саған мені көрсетеді!» - деді.

Сөйтіп жасаққа да жеткен едік. Қарыздар болып, сүйіспеншілікпен, құрметпен бұл тамаша адамның қолын сүйдім. Онымен қоштастым. Сосын командирімнің қасына бардым.

Мені кенеттен алдында көрген командирім, қатты таңданды. Менің дұшпанның от шеңберінен қалай құтылып, жасаққа жеткеніме таңырқап:

«Бұл жерге қалай жеттің?» - деді.

Мен де:

«Мені көрікті бір қарт ата алып келді» - дедім.

Соғыс біткеннен кейін еліме қайттым. Бірақ, Әзиз Махмұд Һудайидің маған жасаған жақсылығы есімнен шықпағандықтан

бір сенімділік борышы ретінде ақыры зиyаратына ниет етіп Үскүдарға келдім. Сұраған адамдар:

«Ол мүбәрәк бір адам» - деп осы жерді көрсетті:

Осы кезде сөзін тоқтатып, терең дем алған жігіт, Мұхаррам Мырзаға алдыңғы өтінішін қайталады:

«Тақсыр! Міне Әзиз Махмұд Һудайимен осылай таныстық. Енді көмек жасап, мені онымен жолықтырыңыз!» - деді.

Осылайша мәселені жан-жақты білген Мұхаррам Мырза осындай рухани көрініске куә болып қатты тебіренді. Жалынышты күймен көзінің ішіне қараған жігітке аз уақыт ештеңе айта алмады. Сосын өзін жинақтап, мұңды дауыспен бейне-бір тұтыққандай қысқаша:

«Балам! Әзиз Махмұд Һудайи тірі адам емес, Ол 1543-1628 жылдары арасында өмір сүрген Аллаһтың досы. Бәлкім сені осында Фатиха оқу үшін шақырған болар! Міне кесенесі!» - деп әрең айтты.

Бұл жауапты естіген адамгершілігі мол, әлгі иманды жігіт, естіген ақиқатынан қатты әсерленді. Өзін көру ниетімен әрі сағынышпен келген және өмірін құтқаруға себепші болған, үлкен әулиенің тек қана кесенесіне тап болған еді. Соғыс майданының сонау қорқынышты сәтінде басынан кешірген рухани тасарруфтың жаңа ғана парқына жетіп, күркірей айқайлады. Қолдарымен бетін жауып, ұзақ уақыт егіліп жылады:

Һудайи мешітінің имамы да оған қосылып жылады.

Хақ досы Рамазан ұлы Махмұд Сами Хазіретінің сұхбатынан естіген балалық жылдарына байланысты естелігі мынадай еді:

Өзінен екі жас кіші қарындасының екі аяғы мүгедек болыпты. Сол маңда, халық көмек үшін жүгінетін Капланжы Баба атында атақты бір Хақ досының кесенесі болыпты. Бір күні анасы, қарындасы үшеуі осы адамның кесенесін зиярат етуге барыпты. Сол түнді сол жерде өткізіпті. Түнде ұйықтап жатқанда кемтар қарындасының айғайынан ояныпты. Анасы қызынан не болғанын сұрапты. Ол үрейленіп:

«Кесенеден бір атаның шығып, аяқтарының үстіне отырып басқанын айтыпты. Осы оқиғаны баяндаған Сами Мырза қарындасының сол күннен бастап өмірінің соңына дейін аяғының бір рет те болса ауырмағандығын айтқан.

❁❁❁

Бұл айтылғандардың бәрі және осыған ұқсас оқиғалар - Аллаһ Тағаланың кейбір құлдарына берген тасарруф қабілетінің берекетімен болған иләһи сыйлар. Бірақ, бірден-бір істі атқарушы Аллаһ Тағала екендігін ұмытпаған жөн. Оның құлдарына көмегі, періштелер арқылы болсын, Аллаһтың әулие құлдары арқылы болсын қазірге дейін жалғасып келеді.

❁❁❁

Мүминнің (шынайы) түсі – пайғамбарлықтың қырық алты бөлігінен біреуі.

(Бұхари, Табир 26; Мүслим, Рүя 6)

4. ШЫНАЙЫ ТҮСТЕР

Иләһи сыйлардың енді біреуі – шынайы түстер. Бұл ғайып ақиқаттарды білу жолдарының бірі болып саналады. Ұйықтап жатқанда адамның материалдық әлеммен байланысы ең төменгі дәрежеге түседі. Сонда тәнге қамалып қалған рухани сезімдер күшейеді. Пәк көріністерді перделейтін нәпсіқұмарлықтың бұлты сейіліп, көп нәрсе айқын көрінетін болады. Осылайша, түсінде ғайып әлемін тамашалау, кейбір салих құлдарға нәсіп болады. Бұл көріністердің дұрыстығы кейін ояу кезінде байқалады.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Үмметке пайғамбарлық ерекшеліктерден тек қана мүбәшшират қалған» - деп айқындайды. Сахабалар:

«Мүбәшшират деген не, уа Расулаллаһ?» - деп сұрағанда:

«Шынайы түс» - деп жауап береді (Бұхари, Табир 5; Мүслим, Салат 207-208).

Мүбәшшират – ықыласты мүминдердің көңілдерінің түс көру кезінде иләһи сүйіншілер мен пікірлерге ашылуы. Және Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): **«Олар (**Аллаһ досы тақуа мүминдер) **үшін дүниеде де, ақыретте де сүйіншілер бар!»** - (Юнус сүресі 64-аят) аятындағы «дүниедегі сүйіншіні»:

«Мұсылман көрген немесе оган көрсетілген шынайы түсі» - (Тирмизи, Рұя 3) деп шешеді. Түс үш түрлі болады:

1. Шайтани түстер: Шайтанның адамды қорқытып, рухын қинап, оған уайым салу мақсатында көрсеткен түстері. Мәселен, биік бір жерден құлау немесе адамды әсерге қалдыратын алай-дүлей пәлекет көріністерін көру сияқты. Ондай түстердің негізі жоқ. Сондықтан ондай бұлыңғыр, есте қалмайтын түсініксіз түс көрген адам көргенін ешкімге айтпағаны жөн және шайтанның азғыруына қарсы Аллаһқа сыйынуы керек.

2. Сыртқы әсермен көрген түстер: Бұл – адамның халі мен қиялына байланысты түсінде көрінген көріністер. Мәселен, өте тұзды тамақ жеген адамның түсінде көп су ішуі немесе көп ойлаған бір нәрсесінің түсінде қайта қалпында көрінуі сияқты. Мұндай түстің де жоруы, мәні жоқ. Негізсіз түстер болып табылады.

3. Шынайы түстер: Бұлар – айқын есте қалатын түстер. Бұлар Аллаһ Тағала тарапынан сүйінші, ескерту бабыннан көрініс табады. Бұларды кейбір (міндетті) періштелер ләухи махфуздан біліп, Аллаһ Тағаланың рұқсаты және бұйрығымен адамның рухына салады.

Шынайы түстер – Ләухи махфуздан болашаққа түскен сәулелер. Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пайғамбарлығының бастапқы кезеңінде шынайы түстер алты айдай жалғасқан еді. Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Уақыт жақындаган сайын[31] *мүминнің түсі еш өтірік болмайды. (Көргеніндей іске асады.) Мүминнің (шынайы) түсі – пайгамбарлықтың қырық алты бөлігінің біреуі. Пайгамбарлыққа жататын ешбір нәрсе жалган болмайды»* - (Бұхари, Табир 26; Мүслим, Рұя 6) деген.[32]

[31] Хадисті түсіндірушілер, «уақыттың жақындауын», қияметтің жақындауы немесе таңның жақындауы (таң сәрі) түрінде түсіндірген.

[30] Шынайы түстің пайғамбарлықтың қырық алты бөлігінің бірі болуы былай түсіндіріледі: Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пайғамбарлығы 23 жыл жалғасқан. Пайғамбарлықтың алғашқы алты айы, шынайы түстер түрінде болғандықтан, бұл уақыт (алты ай) жиырма үш жылдың «қырық алтыдан біреуіне» сай келеді.

Шынайы түстер лайықты адамы тарапынан жоруын, яғни, шифрлердің ашылуын қажет етеді. Түс жору да Хақтың сыйы болып саналатын бір ілім. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) намаздардан кейін кейде сахабаларының көрген түстерін тыңдап, жоритын. Болашаққа байланысты түстен көрініс тапқан істерді түсіндіретін еді.

Түсті жору – кейбір қағидаларға сүйенетін ілім. Бұл ілімді білетіндерді – «мұаббир» (түс жорушы) деп атайды. Жалпы адамдардың пайдасы үшін түстің жоруына байланысты көптеген кітаптар жазылған. Бұлардың ішінде Ибн Сирин мен Мұхиддин Араби Хазіретінің түс жору кітаптарының даңқы шығып, көбінесе солардан бастау алып қазірге дейін әр түрлі кітаптар шыққан. Сонымен қатар, тек осындай кітаптардағы мәліметтерге сүйеніп түсті жору қауіпті. Өйткені, нағыз жорудың басым бөлігі «кәшф», яғни көрегендік болып табылады. Сондықтан түсті жорушының рухани күшке ие болуы шарт. Әйтпесе, қате жорудың қауіптеріне тап болады. Өйткені, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Түс алғашқы жорушының айтуы бойынша жарыққа шығады» - (Ибн Мәжә, Табир 7) деген. Демек, түсті лайықты емес адамдарға айтпау керек. Бұл ілімді білетіндер де, бұл жайлы «Алғашқы жору маңызды. Кейінгілердікі жарамсыз» - деген.

«Мизанун-Нуфус»[33] деген кітапта баяндалғанындай, түс жору ілімі «обьективті» және «субьективті» болып екіге бөлінеді. «Субьективтісін» қарапайым және барлық зиялы адамдар үйрене алады. Яғни, ауыздан есту арқылы немесе бұрын өткен лайықты адамдардың жасаған жоруларын әртүрлі кітаптардан жинақтау арқылы үйренуге болады. Соның нәтижесінде бір-біріне ұқсас түстерді тәжірибелерге сүйене отырып жоруға болады.

Түсте көрген әрбір жаратылыс сөздіктегі сөздер іспеттес. Яғни, ол бейне бір бөлек тіл сияқты. Сол тілде көрген жаратылысқа берілген мағына ұзақ бір байланысқа сүйенеді. Яғни, толықтай

[33] Баязид мешітінің дәріс берушісі Хафыз Хулусидің бұл кітапшасы, Х. 1305 жылы басылған.

негізсіз немесе себепсіз емес. Мәселен жылан – дұшпан. Бұл мағына Адамның (aлэйhиссәләм) қиссасына сүйенеді. Онда байқалған әрбір іс-әрекет дұшпанға тән қимыл түрінде жорылады. Бірақ, бір жылан түп-түзу немесе өлі сияқты қимылсыз көрінсе жол деп жорылады.

Екінші жағынан, түс жоруда көптеген себептер рол ойнайды. Күндер, маусымдар, түсті көрген түн т.б. Мәселен, қыста көрген түс ұзақ уақыттан соң шықса, таңға жақын көрген түс тез шығады. Бірақ, бұл жорулар әрбір түс көрушінің жаратылысы өзгеше болғандықтан көбінесе жеткіліксіз болады.

«Обьективті» болған жору ілімі болса, тек қана зиялы (ғұлама) адамдарға тән болып, солар арқылы болжауды қажет етеді. Өйткені, түстің шайтани немесе Рахмани екендігін ажырата білу – иләһи аянға ие болуға байланысты жағдай. Сонымен қатар, адамдардың жаратылысы да бір-бірінен өзгеше болғандықтан, бірдей түсті көрген екі адамның түстерінің жоруы бір-бірінен көп өзгеше болуы мүмкін. Бұл сырды түсіне білу рухани ізгілікті талап етеді.

Сондай-ақ, Ибн Сирин Хазіретке екі кісі келіп, түстерінде хұтба оқығандарын айтқанда мұны, олардың біреуінің қажылыққа баратындығын, екіншісінің өлімге кесілетін түрінде жориды. Расында біраз уақыттан соң сол екі адамның біреуі қажылыққа барады да, екіншісі болса өлім жазасына кесіледі.

Пайғамбар дәуірінде болған бір оқиға былай:

Бір әйел түсін жорыту үшін Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйhи уә сәлләм) келеді. Түсінде үйінің ортаңғы тіреуі сынып, алдына қарай құлағанын айтады. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйhи уә сәлләм) әйелден күйеуінің бар немесе жоқ екендігін, бар болса қайда екендігін сұрайды. Әйел күйеуінің сапарға кеткенін және де әлі қайтпағандығын айтады. Сонда Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйhи уә сәлләм) әйелге, күйеуінің аман-есен оралып, көзайым болатындығын сүйіншілейді. Біраз уақыттан соң түс жорылғаны сияқты шығады.

Хазіреті Әбу Бәкірдің (радиаллаһу анһу) халифалығы кезінде бір әйел тағы, күйеуі сапарда жүргенде сондай түс көріп, жо-

руын халифадан сұрайды. Хазіреті Сыддық (радиаллаһу анһу) тура Расулұллаһ (саллаллаһу aлəйһи уə сəлләм) сияқты алдымен əйелден күйеуіне байланысты мəліметтерді сұрап алып, сосын əйелге күйеуінің сапарда жүріп қайтыс болатындығын айтады.

Әйел сасқалақтап Әбу Бəкірге (радиаллаһу анһу):

«Дəл осындай түсті Расулұллаһ (саллаллаһу aлəйһи уə сəлләм) күйеуінің аман-есен оралатындығына жорыған еді» - дегенде, Хазіреті Сыддық:

«Дұрыс, Оған солай кəшф етілді. Ал, маған осылай аян болды» - дейді. Көп кешікпей оның жоруының дұрыс болғандығы білінеді.

Түс көру барысында мысал əлемінде ақыл мен пікірден тыс, қияли жəне белгісіз қаншама халдер көрінеді. Оларды дұрыс жору өте қиын. Тіпті, рухани қасиет болмаса мүмкін де емес.

Аллаһ Тағала Құран Кəрімде Юсуфқа (aлəйһиссəлəм) да осы ілімді бергендігін баяндайды.[34]

Сондай-ақ, Хазіреті Юсуф (aлəйһиссəлəм) зынданда жатқанда бір нан сатушы мен сарай сушысының түстерін тыңдаған еді. Нан сатушы, бір тегене нанды төбесіне көтеріп бара жатқанда аспаннан құстардың шабуылдап нанды жегенін айтады. Юсуф (aлəйһиссəлəм) мұны нан сатушының патша тарапынан өлімге кесілетіндігін жəне аспаннан құстар түсіп басын мұжитындығын, етін жейтіндігін айтып жорыған. Сушы түсінде бұрынғысы сияқты патшаға су тасығанын көргенін айтады. Юсуф (aлəйһиссəлəм) оған:

«Сен сол баяғыша патшаның көңілін тауып, суын тасисың»- деп жориды. Расында бұл болжамдар тура жорығандағыдай болады.

Жоғарыда айтқанымыздай, жору ілімінің басым бөлігі кəшфке сүйенеді. Сол үшін жорушының рухани деңгейі белгілі бір дəрежеде жоғары болуы керек. Сондай-ақ, Стамбулдағы

[34] Юсуф сүресі 6 жəне 111 аяттар.

Имам Хатиб мектебінде оқыған кезімізде бізге мұғалім болған Марқұм Жалаладдин Өктем мырза кезінде түс жоруда нағыз бір білгір ұстаз болыпты. Ол түс жорудың таза және рухани нұрға толы жүрекпен ғана жасалатындығын айтатын. Жорамалдың тура шығуын жорушының тақуалығына байланыстыратын.

Жалаладдин Өктем ұстазымыз (рахматуллаһи аләйһи) жас кезінде лицейлерде дін сабақтарын оқытып, жанды көңілмен тақуалықта өмір сүріпті. Сол жылдары түсті тура жорудан атағы шығыпты. Мұндай тура жорулардан көптеген мысалдарды түсіндіріп отырып:

«Бір күндері мендегі бұл перде жабылды. Өйткені, дін сабақтары алынып тасталды. Мені пәлсәпа ұстазы етіп тағайындады. Ақылдың жемісі болған пәлсәпалық көзқарастардың ішінде жүзе бастаған соң, көңіл бұлақтарым тартылды» - дейтін.

Шынайы түстерге байланысты өте мазмұнды мысалдардан екінші біреуі төмендегідей:

Мәшһүр Қасида Бүрдәні жазған Имам Бусири бір күні үйіне кетіп бара жатып нұр жүзді бір қартқа кез болады. Қарт адам одан:

«Ей, Бусири! Бүгін түнде түсіңде Расулұллаһты (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көрдің бе?» - деп сұрайды.

Имам Бусири:

«Жоқ, көрмедім» - деп жауап береді.

Қарт басқа ештеңе демей кетіп қалады. Бірақ, оның бұл сөзі Имамның көңіліндегі Хазіреті Пайғамбарға деген сүйіспеншілік пен махаббатын шабыттандырады.

Сол түні Имам түсінде Хазіреті Пайғамбарды көріп, оянған кезде ішінің қуаныш пен шаттыққа толғанын байқайды.

Сосын Пайғамбарымызды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мадақтаған және қаншама Пайғамбар ғашықтарын махаббат дариясына шомылдырған бір неше мақтау жырларын жазады.

Біраз уақыт өткен соң жарым денесінен жан кетіп, салданып қалады. Жүре алмайтын, тіпті әрекет ете алмайтындай салданып қаладыі. Сол кезде мәшһүр Қасида Бүрдәні жазып, сонымен Аллаһ Тағаладан шипа тілейді.

Қасиданы бітірген түні түсінде Хазіреті Пайғамбарды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тағы көріп, қасиданы оған оқып береді. Қасида толық оқылған соң Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүбәрәк қолымен Имам Бусиридің жансыз мүшелерін сипайды. Терең махаббаттың әсері болса керек, Имам Бусири оянған кезде ауруынан сауыққанын көріп Аллаһқа шүкіршілік етеді.

Сол күні таңертең бұрынғы денсаулығына қайта қауышып, қуанып, мешітке бара жатқанда, жолда Шәйх Әбур Рәжә Хазіретке кезігеді. Хазірет оған:

«Ей, Бусири! Пайғамбарды мадақтаған қасиданы оқып бересің бе?» - дейді.

Имам Бусири:

«Расулұллаһты (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мадақтаған қасидаларым өте көп. Қайсысын қалайсыз?» - деп сұрайды.

Шәйх Әбур Рәжә:

«Хазіреті Пайғамбардың алдында оқығаныңды айтам. Өйткені, Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл қадисаға өте риза болғанын көрдім» - дейді.

Бұл қасиданы әлі ешкімнің естімегендігін білетін Имам Бусири таңқалады.[35]

Ислам әлемінде көптеген мысалдары болған кәшф, парасат, аян және шынайы түстер арқылы ғайып әлеміндегі көптеген сырлардың ізгі адамдарға ашылғандығы байқалады. Алайда;

«...Көктерде және жерде Аллаһтан басқа ешкім ғайыпты білмейді...» - (Нәмл сүресі 65-аят) деген аят иләһи бір ақиқат. Олай болса, бұл жерде бір мәселені түсіндіре кеткен жөн.

[35] Илхан Армутчуоғлу, Қасиде-и Бүрдә Манзум Тержумесі, 7-10 б.

Бұл түсініктеме негізінде *«...құлымды сүйсем мен оның (бейне бір) еститін құлағы, көретін көзі, ұстайтын қолы және жүретін аяғы болам...»* - (Бұхари, Риқақ 38) деген құдси хадистің мағынасы бар. Кәшф пен аянның көзі Аллаһтың адамға үрлеген рухы. Сырттай, тәндегі бастың көзімен қараса да, сол көздегі «иләһи нұрдың» алдында ғайыптың перделері Аллаһтың қалауынша үкімсіз қалады. Бұл жайында ғайыптың көрсетушісі де Аллаһ. Әйтпесе, құлда ғажайыпты көретін, еститін және білетін ешбір күші жоқ. Құлдың білуі тек Аллаһ Тағаланың құлына білдіруінің арқасында ғана болады.

Аят кәримада Аллаһ Тағала:

«(Расулым!) **Бұлар – біздің саған уахи арқылы білдіріп жатқан ғайып хабарларымыз...»** - (Әли Имран сүресі 44-аят) деп бұйырып, кейбір ғайби ақиқаттарды білдіретіндігінен хабар береді.

Демек, ғайып нақты (абсолют) ғайып және салыстырмалы ғайып деп екі түрлі болады.

Аллаһтан басқа ешкім білмейтін ғайып, ол – нақты ғайып. Бір адамның нақты ғайыптан кей нәрсені білуі оның қабілетіне байланысты емес. Ол тек Аллаһтың білдіруімен ғана болады. Онда да Оның бергені шамасында. Ал, салыстырмалы ғайып болса, кейбіреулерге мәлім, кейбіреулерге жасырын болған жәйттар. Мәселен, адамның қалтасындағы ақшасын өзі ғана білетіні, басқалар білмейтіні сияқты. Кейбіреулер үшін ғайып болған нәрсе, екінші біреулер үшін ғайып болмауы мүмкін.

Бұл жерде Аллаһтың әулие құлдарына білдірген ғайыбы нақты ғайып болып есептеледі. Ол тек Аллаһтың білдіруімен іске асады. Әрі қаншалықты білдірсе, соншалықты мөлшерде ғана.

❁❁❁

Нағыз Хақ достары болжам мен жорамалдарында қаншалықты дұрыс та шықса, көрегендік пен парасат иесі екендігін айта алмайды. Жүзіне қараған кезде Аллаһ еске түсетін адамдар бар, тілінен хикмет пен мағрифат тамшылары таматын.

Бір сөзбен айтқанда сөйлемейді, сөйлетеді. Соған қарамастан Хақтың сыйы алдында бас иеді. Өйткені, адам – әлсіз жаратылыс. Сондықтан шектен шығып, менмендікке салынуы мүмкін. Алайда, адамның өзін жоғары санауы – ең үлкен пәлекет. Бұл жағдайда Аллаһ Тағала құлына ескерту үшін оған әлсіздікті таттыруы мүмкін.

Негізінде парасат, көрегендік және шынайы түстер – Аллаһтың салих құлдарына ақиқаттарды аян ету үшін берген сыйы.

❀❀❀

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

Кейбір тасаввуфи мәселелер

А. ТӘУӘССУЛ

Ә. ТӘБӘРІК

Б. ҚАБІРДІ ЗИЯРАТ ЕТУ



«Жүректер тек Аллаһты зікір етумен ғана қанағаттанады» **(Рағд сүресі 28-аят).**

КЕЙБІР ТАСАВВУФИ МӘСЕЛЕЛЕР

Ей, иман еткендер! Аллаһтан қорқыңдар және оған жақындау үшін уәсилә (себеп) іздеңдер!

(Мәйдә сүресі 35-аят)

А. ТӘУӘССҮЛ (ДӘНЕКЕР ТҰТУ)

Құлды жаратылысындағы негізгі мақсатқа жеткізетін әр түрлі жолдар мен дәнекерлер – уәсилә деп аталады. Аллаһқа жақындау үшін осы дәнекерлерге жүгінуді де – тәуәссул деп атайды. Бұл сөздің арнайы түрдегі мағынасы болса, дұғаның қабыл болуына себеп болуын үміт етіп, алдымен «Әсмай Хүснә» деп аталатын Аллаһтың көркем есімдерін, Құран Кәрімді, ізгі амалдарды, пайғамбарлар мен салих адамдарды дәнекер етіп, Аллаһтан бір нәрсе сұрау, қалаған нәрсеге қол жеткізу немесе қаламайтын нәрсесінің жоюлуы үшін Аллаһқа дұға етіп жалбарыну деген сөз.

Мәйдә сүресінің 35-аятында:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ أَمَنُوا اتَّقُوا اللهَ وَ ابْتَغُوا إِلَيْهِ الْوَسِيلَةَ

«Ей, иман еткендер! Аллаһтан қорқыңдар және Оған жақындау үшін уәсилә (дәнекер) **іздеңдер!»** - деп бұйырады.

Аят кәримада «уәсилә» сөзі нақты яғни, ешбір шектеусіз түрде айтылған. Сондықтан Аллаһқа жақындау үшін ізделетін дәнекер дегені – намаз, ораза, жиһад және осыған ұқсас салих амалдар. Кейбір тәпсіршілер осы айтылғандармен қатар, Ха-

зіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ахлағын бойға сіңіру мақсатымен кәміл мүршидтің тәрбиесіне кірудің өзі – «уәсилә» болғандығын айтқан.

Ғалымдар мен салихтардың құлды Раббысының жолына бұруы христиандықтағы сияқты рухбандық мағынадағы бір іс емес. Ол – аса жоғары мәнге ие тәрбие беру мен жол көрсету. Рухани жолаушыларға бағдар беру ғана. Алайда, Христиандықта рухбандық бар. Оларда рухбан (Христиан дін адамы, поп) Аллаһ пен құл арасындағы қажетті бір дәнекер. Ислам мұны қабылдамайды. Яғни, Аллаһ пен құлдың арасына үшінші бір адам кіре алмайды. Құл Раббысына жеке өзі және тікелей, қай уақытта болмасын бет бұрып, оған құлшылық ете алады.

Исламның және тасаввуфтың ұстаным осылай бола тұра, рухбандықтағы сияқты мүршидтердің руханият жолындағы мүрид пен Аллаһтың арасына кірді деп саналып, олардың жасаған қызметтеріне кейбір келіспеушіліктер айтылады. Негізінде рухбандық – адамның поп болмай Аллаһ Тағалаға құлшылық ете алмауы деген сөз. Бұл – негізі бұрмаланған христиан дінінде орын алған мәселе. Сондықтан ғалымдар мен шәйхтардың қызметтерін ешқашан рухбандықпен шатастыруға болмайды.

Бұл жайындағы келіспеушіліктер – тәуәссүлді тек сөздік мағынасы бойынша ғана ұғынудан туындаған орынсыз әрі жағымсыз түсініктер. Мұндай пікірдегілер тәуәссүлдің нағыз мәніне көңіл аудармайды. Ондай келіспеушіліктер көбіне-көп нағыз кәміл мүршидтердің халін түсінбейтін, тасаввуфи ортадан тыс адамдар арасынан шығады. Олай ойлауға кейде тасаввуфи әдістерді лайықты түрде бойына сіңіре алмаған кейбір ұстанушылардың жаңылыс әрекеттері де себеп болады. Сондықтан мұндай пікірлерді орынды деп санауға болмайды. Өйткені, белгілі бір мақсаттың жолындағы адамның әлсіздік, жетіспеушілік және кейде ниетіндегі жамандық себебімен негізгі мақсатты жоққа шығару қалай дұрыс емес болса, бұл мәселеде де адамдардың кемшіліктерін олардың мақсаттарының салдарынан деп көру дұрыс емес. Мұндай жеке кемшіліктерді олардың

ұстанбақшы болған жоғары құндылықтарын жабу – қисынсыз іс. Сондай-ақ, қазіргі кезде ешбір ақылы бар адам мұсылманның кемшілігі үшін Исламды кінәлай алмайды.

Жоғарыда баяндағанымыздай, шынайы мүршидтер негізінде ғалымдардың сырттай ілімдерде атқарған жол сілтеушілік міндетіне ұқсас міндетті руханият жолында атқарады. Бұл – құл мен Аллаһтың арасына кіру емес, адамдарды кәміл мүршидтердің тәжірибесі мен қабілеттеріне сүйене отырып, Аллаһ жолында дұрыс ескерту жасап, оларға жол көрсетіп қатерден сақтандыру және жолын амандықпен жүріп өтуін қамтамасыз ету болып табылады. Қалайша, бір сапарда көлігіміз мақсат емес, дәнекер болса, кәміл мүршид те – мүридке тәрбиесін тәлім етіп, оның жан дүниесін Аллаһ пен Расулының ахлағымен безендіретін мұғалім деген сөз. Тіпті, кейбір мүридтер нәсіптері мен қабілеттері бар болса жылдам көтеріліп, алғашында өзіне жол көрсетіп, көзін ашқан мүршидінен озып, оны артқа қалдыруы да мүмкін. Сырт көзбен жасалған салыстырма бойынша, Шәмси Тәбризи Хазіреті Мәуләнәнің пірі болғанымен, ол руханият саласында өз ұстазынан озып шыққанын бұған мысал келтіре аламыз.[1]

Яғни, кәміл мүршидтер – барлық мәні мен құрметі жоғары болғанымен, олар ешқашан мақсат емес, тек бір дәнекер үкімінде ғана.

Тәуәссүл – кәміл әрі тәжірибелі мүмин болып саналатын кәміл мүршидті бағдаршы етіп, Аллаһқа құлшылық барысында аяқтың тайып кетуі мүмкін болған жіңішке жолдардан аман-есен өту үшін олардың бағытын ұстанып, иршад пен фәйздерінен пайдалануға тырысу.

Тәуәссүлдің екінші бір мағынасы – құлдың өз тілегін Аллаһ Тағаланың сүйгендерінің құрмет-беделі арқасында Оған ұсынып, өз дұғасын қабыл болуға лайық ету ұмтылысы. Мұндай қимыл болса, ол – әсте Хақ Тағаланың салиқалы құлдарына тәңірлік қасиет таңу емес.

[1] Сондай-ақ, Хазіреті Мәуләнәның рухында жасырын тұрған рухани теңізді болжаған Шәмси Тәбризи, бейне мұнай теңізін алауландыратын бір шоқ іспетті еді. Оның міндеті мен жетістігі осы еді. Сондай-ақ, теңізге от қойған кезде, сондай үлкен рухани жарылысқа тап болып, өзі де сол от теңіздің ішінде қалды.

Имам Мәлік (рахматұллаһи алейһи):

«Тілек тілегенде Расулұллаһты (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дәнекер етіңдер!» - дейді.

Имам Жәзәри (құддисә сирруһ) де:

«Дұғаларыңның қабыл болуы үшін пайғамбарлар мен салих адамдарды дәнекер етіңдер!» - дейді.

Сахаба Осман бин Хунәйфтың (радиаллаһу анһу) риуаят еткен хадисі мынадай:

Бір соқыр адам Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келіп:

«Уа, Расулаллаһ! Аллаһқа жалбарыншы, көзімдегі ауруды жазсын Соқырлық маған ауыр тиіп тұр!» - деді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Қаласаң сабыр ет, бұл сен үшін тіпті қайырлы болмақ» - деді.

Соқыр адам:

«Уа, Расулаллаһ! Мені қолымнан жетектеп жүретін ешкімім жоқ. Бұл маған өте машақат болып тұр. Өтінем, көзімнің көруі үшін дұға етіңіз!» - деген соң, Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) былай деді:

«Бар, дәрет ал! Сосын екі рәкәат намаз оқы! Артынан:

«Аллаһым! Рахмет пайғамбары болған Мұхаммед пайғамбарыңмен (оның құрметіне) Сенен тілеп, саған бет бұрдым... Уа, Мұхаммед! Қажетімнің берілуі үшін сенімен Раббыма бет бұрдым! Аллаһым! Оны маған шапағатшы қылғайсың!» (Тирмизи, Дағуат 118; Ахмед бин Ханбәл, Мүснәд IV, 138) - деп дұға ет деді.

Хакимнің риуаятында, соқырдың дұғадан кейін көзі көретіндей халде тұрғандығы айтылады (Хақим, Мүстәдрәк I, 707-708).

Бір жағынан Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) да өз дұғаларында көбінесе:

بِحَقِّ نَبِيِّكَ وَ الْأَنْبِيَاءِ الَّذِينَ مِنْ قَبْلِي

«Пайгамбарыңның және менен бцрынгы пайгамбарлардың қцрметіне (тілегімді қабыл ал!)» сөзін айтатындығы риуаят етіледі (Хәйсәми, Мәжмәуз-Зәуайд IX, 257).

Тағы бір хадисінде Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) былай дейді:

«Адам (аләйһиссәләм) жәннаттан шыгуына себеп болган зәллә (қателік) істеген кезде, қателігін тцсініп:

«Уа, Раббым! Мцхаммедтің қцрметіне Сенен мені кешируіңді сцраймын» - деді. Аллаһ Тагала:

«Ей, Адам! Әлі жаратпасам[2] да Мцхаммедті сен қайдан білдің?» - деді.

Адам (аләйһиссәләм):

«Уа, Раббым! Сен мені жаратып, маган рухыңнан црлеген кезде басымды көтердім, гарыштың цстындарының цстінде «Лә иләһә иллаллаһ, Мцхаммадцр-Расулцллаһ» сөзінің жазылгандыгын көрдім. Менің білетінім – Сен өз есіміңе жаратқандарыңның ең сцйкімдісін гана тіркейтінің!» - деді.

Сонда Аллаһ Тагала:

«Дцрыс айтасың, ей, Адам! Расында ол менің жаратқандарымның ең сцйкімдісі. Оның қцрметі цшін маган дцга жаса. (Дцга еткен екенсің) Мен де сені кеширдім. Егер Мцхаммед болмаганда, сені жаратпас едім!» - деді» (Хаким, Мүстәдрәк II, 672).

---

[2] Әуел бастан өзі ғана бар болған Аллаһ Тағала адамдар мен жындардың түсінігі дәрежесінде танылуын мақсат еткендіктен өзінен басқа барлық нәрсені жаратады. Осы жаратуда ең алғаш «Мұхаммеди Нұр» жаратылған. Сол себепті Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): «Адам рух пен тәннің ортасында тұрғанда мен пайғамбар едім»- (Тирмизи, Мәнәқиб 1) деген. Бұл бойынша Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) негізі болған Мұхаммади Нұр ең алғашқы болса тәнге оранып жіберілуі де пайғамбарлық тізбегінің ең соңғысы. Жоғарыдағы сөзде Мұхаммеди Нұр емес, адам сипатымен жіберілген «Мұхаммедтің заты» мақсат етілген.

Екіншіден Ислами дәстүрде дұға мадақ, салауатпен басталып, тағы солармен аяқталады. Салауат – Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хақында Аллаһ Тағалаға дұға мен өтініш. Пайғамбарымыз үшін жасалған дұғаның (салауаттың) қабыл болатындығы туралы сенім мен түсінік бар. Дұғаларымыздың басы мен аяғын салауатпен безендіру де осы ақиқаттан туындайды. Сөйтіп, қабылдануға лайық екі дұғаның арасына өз дұғаларымызды қыстыру, олардың да қабыл болуын қамтамасыз ету үшін болмақ.

Сондай-ақ, Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) намаздан соң Аллаһты мадақтамай, оның пайғамбарына салауат айтпай дұға еткен адамды көріп:

«Бұл адам асығыстық жасады» - деді. Сосын сол адамды шақырып:

«(Сендерден) біреулер дұға еткен кезде, алдымен Аллаһ Тағаланы мадақтасын. Сосын Пайғамбарға салауат айтсын. Одан кейін қалаған дұғасын жасасын» (Тирмизи, Дағуат 64) - деді.

Құл дұға етер кезде пайғамбарлар мен олардың ізбасарлары –әулиелердің, салихтардың Хақ алдындағы жоғары мәртебелері мен абыройларының құрметіне өз тілегін айтып, Аллаһ Тағаланың сүйген құлдарын дәнекер етіп осы сезіммен жалбарынып, мінәжат етуі – иләһи мейірімі оятып, дұғаның қабыл болуындағы маңызды ықпалдардың бірі. Бірақ, дұға тек Аллаһ Тағалаға жасалады. Сондықтан, дұғада Аллаһтың сүйген құлдарын дәнекер еткен кезде олардан емес, тек қана Аллаһ Тағаладан сұралады. Дұғада Аллаһ Тағаланың сүйікті құлдарының есімін айту - тек Аллаһқа жасалған дұғаның қабыл болуына себеп болуы үшін ғана жүгінілетін бір тәсіл.

Сонымен қатар, абзал салих адамдарды дәнекер ету де, шындығында олардың салих амалдары мен жоғары қасиеттерін дәнекер ету деген сөз. Өйткені, олардың Хақ алдындағы жоғары мәртебесі мен құрметтері де осы салих амалдары себепті болып отыр.

Осы орайда Расулұллаһ (саллаллаһу aлəйһи уə сəлләм) та Аллаһтан жеңіс пен жәрдем сұрағанда мұхажирлердің пақырларын дәнекер етіп, мінәжат қылатын[3] да:

«Маған әлсіздерді шақырыңдар. Өйткені, сендерге тек әлсіздеріңнің дұғасы мен берекетінің арқасында ғана ризық беріліп, жәрдем етіледі» (Әбу Дәуіт, Жиһад 70; Ахмед б. Ханбәл, Мүснәд V, 198) - деп бұйыратын.

Өйткені, қоғамда атақ-мансабы мен абыройы жоқ, иығы түсіңкі, көңілі жабырқау, бірақ, қанағат пен тағдырға ризашылықта жан-дүниесі бай болған мұндай салих адамдардың тәуәссүлімен жасалған дұға қабылдануға лайықтырақ болары хақ.

Қайғылы әрі жабырқау жүректерді дәнекер етіп, Аллаһтың ризашылығына қауыша білу жөніндегі Мәлік бин Динардың төмендегі риуаяты аса мәнді:

Мұса (аләйһиссәләм) бір жолы мінәжатында Аллаһ Тағалаға:

«Уа, Раб! Сені қайдан іздейін!» - деді.

Аллаһ Тағала:

«Мені жабырқау көңілді адамдардың қасынан ізде» (Әбу Нұайм, Хилия II, 364) - деді.

Әнестің (радиаллаһу анһу) риуаяты бойынша Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) өзінің халифалық дәуірінде болған құрғақшылықта Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) немере ағасы Хазіреті Аббасты (радиаллаһу анһу) қасына ертіп, жаңбыр жауғызу үшін Аллаһ Тағалаға оны дәнекер етіп:

«Аллаһым! Пайғамбарымызды саған дәнекер еткен кезде, сен бізге жаңбыр беретінсің. (Енді) Пайғамбарымыздың немере ағасын саған дәнекер етеміз. (Соның құрметіне сұраймыз.) Бізге жаңбыр бер!» дейтін. Сонда жаңбыр жауып, халық суға қауышатын (Бұхари, Истисқа 3).

Тағы бір риуаятта Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу):

[3] Бұхари, Жиһад 76; Таберани, Мұжәмул-кәбир I, 292.

«Аллаһым бұлт та, су да сенің қолыңда. Бұлтты жіберіп, бізге жаңбыр жаудыр» - деп көзі жасқа толып, ұзақ жалынышпен дұға ететін. Сол дұғадан соң рахмет бұлты аспанды торлап, берекетке толы жаңбыр жауатын.

Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) осы иләһи сыйға:

«Ей, адамдар! Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бала әкесін сүйгеніндей, немере ағасы Аббасты сүйетін. Соған құрмет көрсететін. Оның антын өзінің анты санайтын. Ей, адамдар! Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) немере ағасы Аббасқа көрсеткен құрметіне сендер де бағыныңдар! Қандай да бір қиыншылыққа тап болғандарыңда, оны Аллаһқа (дұғаларыңда) дәнекер етіңдер!» - (Хаким, Мүстәдрәк III, 377) деген.

Ибн-и Абдил Бәррдің пікірінше мына бір риуаят бұл тақырыпты айқын да жарқын түсінуге көмектеседі:

Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) жаңбыр жаудыру үшін Аббасты қасына ертіп алып, намаз оқылатын жерге шығып:

«Аллаһым! Біз Пайғамбарымыздың немере ағасымен саған жақындап, оның шапағатшы болуын тілейміз. Пайғамбарың үшін оны қорға! Сондай-ақ сен әке-шешесінің жақсылығы мен ізгілігі үшін екі жетім баланы қорғаған едің.[4] Біз истиғфар етіп, шапағат тілеп саған келдік!» - дедік.

Сосын Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) адамдарға бұрылып:

«Раббыларыңнан мағфират (кешірім) **тілеңдер! Өйткені, ол өте кешірімді. Мағфират тілесеңдер, сендерге мол-мол жаңбыр жаудырады. Малдарыңды және ұлдарыңды көбейтеді. Сендерге бау-бақша сыйлайды. Сендер үшін өзендер ағызады!»** (Нух сүресі 10-12 аяттар) - деген аятты оқыды.

---

[4] Бұл сөзімен Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) Қызырдың (аләйһиссәләм) Хазіреті Мұсаға араласуы туралы баяндаған мына бір аятты меңзейді:
«Дуалға келер болсақ, ол қаладағы екі жетім баланыкі еді. Астында соларға тиесілі бір қазына бар еді. Әкелері де салих адам еді. Раббтың сол екі баланың кәмелетке толып қазыналарын алуын қалады. (Бұл**) Раббымның бір мейірімі еді. Мен мұны да өздігімнен істеген жоқпын. Міне сен сабыр ете алмаған нәрселердің мәні осы»** (Кәһф сүресі 82-аят) -деген еді.

Сосын Аббас (радиаллаһу анһу) тұрып дұға етті. Хазіреті Аббастың көздерінен жас бұлақтады. Соның арқасында Аллаһ жаңбыр жаудырғаннан кейін халық:

«Ей, Харамәйннің сушысы, сені құттықтаймыз!» - деп Аббасты қаумалай бастады (Ибн-и Абдил Бәрр, Истиаб II, 814-815).

Бұл оқиға сахабаның басқа бір сахабаны дәнекер еткенін көрсететін айқын бір дәлел. Бірақ, бұл жағдай кейбіреулердің пікірінше дәнекер ету салих адамның тірі кезінде ғана мүмкін екендігі, қайтыс болғаннан соң оларды дәнекер етуге болмайтындығы туралы сөз айтуларына себеп болған. Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дәнекерлігін тек қана тірі кезімен шектеу ақиқатқа қайшы пікір. Сондайақ, Хазіреті Омардың (радиаллаһу анһу): «Уа, Раббым! Біз саған пайғамбарымызды дәнекер етуші едік» - деген мінәжаты Расулұллаһтың (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) тірі кезін ғана емес, өлгеннен кейінгісін де қамтиды. Онсыз да Хазіреті Аббасты (радиаллаһу анһу) дәнекер етуі – оның басқа біреудің емес, Аллаһ Расулының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) немере ағасы болғандығынан еді. Яғни, ол Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жақыны болғандықтан, дәнекерліктің арғы жағында қайтыс та болса, Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзі тұр. Сол сияқты кейбір үлкен әулиелерді, олар өлгеннен кейін дәнекер еткені және Аллаһтың бұл сұраныстарын қабылдағаны өзгеше шындық.[5]

Мұның ең айқын мысалдарының бірі мынадай:

Ғалымдар және мұқтаж адамдар сәләф салихинның ұлы ғалымдарының бірі – Имам Ағзамның қабірін зиярат етіп, оны дәнекер тұтып, соның арқасында өз армандарына жететін. Үлкен имамдардың бірі – Имам Шафиғй Хазірет:

«Бір қажеттілігім болған кезде екі ракағат намаз оқып, Әбу Ханифаның мазарына барып, сол жерде Аллаһқа дұға етуші

[5] Бұл тақырып жайында кеңірек мәлімет үшін қара. Зәкәрия Гүлер, «Уәсилә уә Тәуәссүл Хадислерінің Кайнак Дегері», Ислам Араштырма Дергісі, II сан, 1, 83-132 бет.

едім. Соның берекетімен қажеттілігім дереу орындалатын» - дейтін.[6]

❁❁❁

Екіншіден салих-ізгі амалдар да қиыншылықтан құтылуға дәнекер болады. Хадисте Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өткен үмметтерден сапарға шыққан үш адамның халін былай баяндайды:

«Сапарда жаңбырға тап болған үш жолдас түнеу үшін бір үңгірге кіреді. Сол кезде таудан бір жартас құлап, үңгірдің аузын жауып қалады. Сонда олар:

«Салих-ізгі амалдарымызды айтып, дұға етуден басқа шарамыз жоқ. Бізді бұл жерден Аллаһтан басқа ештеңе құтқара алмайды» - дейді.

Олардың біреуі әке-шешесіне деген құрметін дәнекер етеді. Тас аздап орнынан қозғалғанымен, үңгірден шығатындай мүмкіндік болмайды. Екіншісі Аллаһтан қорқынышын, ұяты мен арын дәнекер етеді. Тас тағы да аздап ашылады. Бірақ, әлі шығатындай емес еді. Үшіншісі құл хақын толық ұстанатындығын дәнекер етіп Аллаһқа жалбарынады. Сол кезде тас үңгірдің аузынан құлап, сыртқа шығады»[7].

Дұғаның қабыл болуына себеп болатын тағы бір ықпал бар. Ол – Аллаһтың көркем есімдері. Тілектерді қабылдауы үшін иләһи есімдерді көп зікір ету арқылы да Аллаһ Тағалаға жалбарыну – кең таралған тәуәссүл жолы.

Аят кәримада:

«Ең тамаша есімдер Аллаһқа тән. Олай болса, сол есімдермен Оған дұға етіңдер!» - (Ағраф сүресі 180-аят) деп бұйырады.

Сондай-ақ, Хазіреті Айша (радиаллаһу анһә) анамыз Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Аллаһым! Мен сенің таза, пәк, мубәрәк және Саған ең сүйкімді есіміңмен (сол есіміңнің құрметіне) Сенен тілеймін. Сол есіммен

[6] Әл-Хайтами, әл-Хайратул-Нисан, 94 б.
[7] Бұхари, Әдеп 5. Әнбия 53; Зікір 100.

дұға жасалса, сен қабылдайсың, Сенен сұраса, бересің, Сенен мейірім тілесе, рахмет етесің және қиыншылықтан құтылу үшін сонымен Сенен жәрдем тілесе, шығатын жол және кеңшілік бересің» - деп дұға еткенін баяндайды.

Бұл хадис шәрифтің жалғасында Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хазіреті Айшаға (радиаллаһу анһә):

«Ей, Айша! Қайсы есімімен дұға жасалғанда, Аллаһ Тағаланың сол дұғаны қабылдайтындығын маған үйреткенін білемісің?» - деп сұрайды. Хазіреті Айша (радиаллаһу анһә):

«Әке-шешем саған құрбан болсын уа, Расулаллаһ! Оны маған үйретіңіз!»-дейді. Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Ол есім саған үйретілмеуі керек, ей, Айша!» - дейді. Сонда Хазіреті Айша анамыз ол жерден алыстап аз уақыт отырып, сосын қайтып келіп Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) басынан иіскеп:

«Уа, Расулаллаһ! Өтінем оны маған үйретіңіз» - дейді. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қайтадан:

«Оны саған үйретпеуім керек, ей Айша! Өйткені, сол есіммен дүниелік нәрсе сұрауың (еш) орынды болмас!» - дейді. Хазіреті Айша (радиаллаһу анһә) одан кейінгісін былай баяндайды:

Сосын мен де орнымнан тұрып, дәрет алдым да екі рәкағат намаз оқығаннан кейін Аллаһ Тағалаға:

«Уа, Раббым! Мен Сені «Аллаһ» деп шақырып, дұға етемін. «Әр-Рахман», «әл-Бәрр» және «әр-Рахим» деп шақырамын. Білетін және білмейтін барлық көркем есімдеріңмен Сені шақырамын. Мені кешіріп, маған мейірім етуің үшін саған дұға етемін!» -деп жалбарындым, дейді.

Сосын тағы Айша (радиаллаһу анһә) анамыз сөздерін ары қарай жалғап:

Мен осыларды айтқан кезде Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) күліп:

«Шүбәсіз Аллаһтың әлгі есімі сенің дұғада айтқан есімдердің ішінде!» (Ибн Мәжә, Дұға 9) - деді.

Әнәс бин Мәлік (радиаллаһу анһу) мынадай бір хадис шәрифті риуаят етеді:

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір адамның:

«Аллаһым! Мен «Мадақ саған ғана тән, Сенен басқа тәңір жоқ. Сен серігі жоқ жалғызсың. Сен мол нығмет берушісің (Мәннан). Көктер мен жерді жаратушысың (Бәди). Сен айбындысың және жомартсың!» деп Сенен сұраймын!» - деп дұға етіп жатқанын естіді. Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Уаллаһи, бұл адам Аллаһтың исми-ағзамымен сұрады. Ол есіммен Аллаһ Тағаладан тілесе, тілегін береді және онымен дұға етсе, қабыл болады» - (Ибн Мәжә, Дұға 9; Нәсай, Сәһу 58) деді.

Бұл және бұл сияқты хадис шәрифтерден түсінікті болғанындай, Аллаһтың көркем есімдерін дәнекер ету – Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сүннеті.

❁❁❁

Кейбір ғалымдар, көбінесе «тасаввуфи терминдер ретінде айтылған «тәуәссүл, истиане (медет тілеу), истиғаза (сиыну), истишфа (шапағат сұрау), тәуәжжуһ (назар салу), және тәбәррук (тәбәрік) сөздері арасында мағынасы жағынан айырмашылық жоқ дейді.[8]

Жәрдем сұрау мағынасындағы бұл сөздер – тасарруф (қолданым, басқару) қабілетіне ие Хақ достарының құзырында немесе олар жоқ кезде олардан медет тілеуді білдіреді. «Медет күту»– рухани жоғары дәрежеде болғандығына сенген салих адамдарынан өз мақсаттарына жету үшін дәнекер болуларын сұрау. Бұл болса, олардың дұғасы, назар салуы, жақын байланыстары арқылы іске аспақ.

Химмет (медет) сөзі көбінесе Аллаһтың әулие құлдарының көмегіне айтылады. Аллаһтың көмегі болса, «нұсрәт» және «тәуфиқ»(таупық) сияқты сөздермен айтылады.

[8] Субқи, Шифаус-Сәқам фи зиярати Хайрил-Әнәм, 133-134 б.

Негізінде, көмек беретін – бір ғана Аллаһ Тағала. Оған жасалған дұғаларда дәнекер қолдануды – бейне бір Аллаһтан басқадан жәрдем сұрау деп ойлау дұрыс емес. Өйткені, дәнекермен сұралған тек Аллаһ Тағаланың өзі.

Аят кәримада:

وَ مَا النَّصْرُ إِلَّا مِنْ عِنْدِ اللهِ

«...жәрдем (нұсрәт**), тек қана Аллаһтан...»** (Әнфал сүресі 10-аят).

«Аллаһ саған жәрдем етсе, сені ештеңе жеңе алмайды. Сені көмексіз қалдырса, одан кейін саған кім жәрдем етеді? Енді мүминдер тек Аллаһқа қана сеніп, соған сүйенсін» (Әли Имран сүресі 160-аят) -делінеді.

Абдұллаһ ибн Аббас (радиаллаһу анһу):

Бір күні Хазіреті Пайғамбармен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірге едім. Маған:

«Балам! Саған бірнеше сөз үйретейін. Аллаһқа (яғни Оның әмірі мен тыйымдарына) мұқият бол. Сонда Аллаһ та сені қолдап-қорғайды. Аллаһтың (ризашылығын) әр ісіңде алда ұста. Сонда Аллаһты алдыңнан табасың. Бір нәрсе сұрасаң, Аллаһтан сұра. Жәрдем тілесең, Аллаһтан тіле! Және барлық адамдар жиналып, саған пайдасын тигізуге тырысса, тек Аллаһтың сен үшін белгілеген пайдасына ғана қол жеткізетініңді біл. Және де егер, барлық адамдар саған зиянын тигізуге тырысса, тек Аллаһтың сенің хақында белгілеп қойған зиянын ғана тигізеді» (Тирмизи, Қиямет 59) - деді.

Бұл ақиқатты барлық мүмин осылай қабылдағаны сияқ-ты, намаздың әрбір рәкағатында оқылатын Фатиха сүресіндегі:

إِيَّاكَ نَعْبُدُ وَ إِيَّاكَ نَسْتَعِينُ

«(Раббымыз) **тек Саған ғана құлдық етіп, сенен ғана жәрдем сұраймыз» -** деген аят кәримасімен де осы ақиқатты тілімен айтып жария етеді.

Сондай-ақ, Бәдір соғысында дұшпанға қарсы жасалған иләһи көмек бойынша, Аллаһ Тағала аят кәримада Расулына (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Атқан кезде сен атқан жоқсың, Аллаһ атты...» - (Әнфал сүресі 17-аят) деп ескертеді. Яғни, жасалған әртүрлі рухани көмек пен жетістіктерде шынайы және нақты іс атқарушы – бір ғана Аллаһ Тағала.

Кейбір мүминдердің ешбір серік қосу немесе күпірлікті ойламай, Аллаһқа жақындау ниетімен жасаған шынайы дұғаларында салихтардың рухани жәрдемін күтуі – тәбәрік ретінде оларды еске алып, иләһи рахметке бөлену мақсатында жасалған ізгі іс болып табылады. Бұл – бейне бір рухани ауаға, фәйз бен берекетке жету үшін жасалады. Барлық нәрсе тек қана Аллаһтың қалауымен болады. Дәнекер етілген адам – нақты іс атқарушы емес, жәрдем етуші – тек қана Аллаһ Тағала.

Кейбіреулердің, салихтардың сыртынан немесе қабірлерінің басына барып: «Ей, пәленше! Маған шипа бер! Менің мына қажетімді орында!» - деген сияқты сөздермен тура солардан тілеуі өте қате әрі серік қосуға жол ашатын дұғалардың қатарына жатады. Шүбәсіз осындай дұғалар үшін кейбір жорамалдар да жасалса, өте нәзік күйдегі тәухид сенімінің негізіне зиян тигізетін мұндай надандық әрекеттерден қатты сақтанғаны жөн. Қиыншылықты жоюда, әлемді басқаруда Аллаһтан басқасының нақты басқарушылығының болатындығын меңзейтін мұндай сөздерді ешқашан қолданбаған жөн.[9]

---

[9] Мұндай сөздерді қолдануға болатындығын айтушылар, бұл сөздердің әдебиеттегі «ақылға жақындату» түрінен екендігін алға тартқан. Ақылға жақындату істің шын атқарушысы мен әсер етушісін емес, сол істің орны, уақыты, себебі сияқты байланысы бар нәрселерге сүйеу деген сөз. Әдебиеттегі бұл қағида бойынша, мәселен, «жер беті ауырлықтарын сыртқа шығарған кезде» - (Зилзал сүресі 2-аят) сынды аяттағы ауырлықты сыртқа шығарушы Аллаһ болса да, іс нақты атқарушысына (Аллаһқа) емес, істің орнына бағытталған. Бірақ Аллаһ мақсат етілген. Осылайша сопыларда да дұға етілген шынайы істі атқарушы емес екендігін, шындығында жәрдем етушінің Аллаһ екендігіне сенетіндіктерін және Содан сұрағандығын айтады. (Демек, олар да мұның айқын серік қосу екендігін қабылдайды) Бұл туралы Мұхаммед Әбу Зәһра былай дейді: «Қарапайым адамдар мен надан мұсылмандардың сөздері ең жақын болғанымен жорамалданады. Оларға Расулұллаһтың қабірін зиярат етуден тыю емес, жол көрсету дұрыс болады. Оларды күпірлік немесе серік қосуға балау емес, түсіндіріп үйреткен жөн болар. Шүбәсіз Аллаһ Тағала тәухидті қияметке дейін қорғайды. Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өмірінің соңында шайтанның бұл өлкеде өзіне құлдық етілуінен үмітін үзгендігін жеткізіп, мүминдерге сүйіншілеген. Олай болса, енді Ибн Тәймия тәухидтан күмәнданбауы (қорықпауы) керек. (Әбу Зәһра, Ибну Тәймия, 326 б).

Діни кітаптарда жиі қайталанатын «Уа, Расулаллаһ медет бер!» сөздері де Пайғамбардың ақиреттегі шапағатынан үміт етіп, жүгіну мағынасында. Кейбір адамдардың бұған да серік қосу деп қарауы орынсыз. Өйткені, әрбір мүмин, Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) шапағаты да тек Аллаһ Тағаланың қалауымен іске асатындығына онсыз да сенеді.

Аллаһ Расулының ғазиз естеліктеріне деген құрмет – Оған деген сүйіспеншіліктің, махаббат пен көңіл байланысының жемісі.

Ә. ТӘБӘРІК

Тәбәрік – негізінде берекет тілеу мағынасында болып, бір нәрсе арқылы берекет пен фәйзге қол жеткізуді білдіреді.

Тамақтың қалғанымен тәбәрік

Әулиелердің жеген тамақтарының қалғанын ішіп-жеу – рухқа үкім жүргізу үшін жүгінілген дәнекерлердің бірі. Кейбіреулердің ойлағанындай бұл да негізсіз, бидғат істер қатарына жатпайды. Өйткені, мұның Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өмірінде бірнеше рет қайталанғандығына байланысты хадистер мен сийәр кітаптарында түрлі мысалдар орын алған.

Әр түрлі кездер мен жерлерде және әсіресе, Тәбүк жорығында сахабалар Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тамағының қалғандарымен берекет тапқан.

Мәселен, Тәбүкте шөлге тап болғанда Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алғашында саусақтарынан аздап су ағызса, кейіннен бас бармағынан бұлақтай су ағызады. Онымен ыдыстарды суға толтырып, одан әскерлер тәбәрік ретінде ішеді және суға болған қажеттілік жойылады. Расулұллаһтың

(саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) саусақтарынан аққан су шүбәсіз зәмзәмнан да шипалы және абзал еді. Өйткені, ол су (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мырзамыздың нұрлы қолынан және тәнінен аққан еді.

Кейбір хадис шәрифтерде айтылғанындай, Расулұллаһ (саллаллаһу алейһи уәсәлләм) сүт ішкен кезде ыдыста қалған жұғынын сахабаларына ұсынатын. Сөйтіп, ішушіге фәйз беріліп һәм сүтте берекет пайда болып, ешқашан кемімейтін.

Сәһл бин Сағд (радиаллаһу анһу) былай риуаят етеді:

Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір сусын әкеледі. Одан аздап ішеді. Осы кезде оң жағында бір бала, сол жағында ұлық сахабалардың үлкендері отырады. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оң жағындағы балаға асқан нәзіктікпен, сыпайылықпен:

«Рұқсат етесің бе, бұл сусынды алдымен мына үлкендерге берейін?» - дейтін.

Сонда ақылды бала да әркімді таң қалдыратын және әлемге ғибрат болуға тұрарлық деңгеймен:

«Уа, Расулаллаһ! Сенен маған ұсынылған несібемді ешкімге бермеймін!» - дейтін. Сонда сүйікті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүбәрәк қолындағы сусынды әлгі балаға беретін (Бұхари, Әшрибә 19).

Әсма бинти Әбу Бәкір былай баяндайды:

Мен Абдұллаһ бин Зүбәйрға жүкті жүргенде Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қасына һижрәт еткен едім. Мәдинаға барып, Құбада тұрақтадым. Сол жерде Абдұллаһ дүниеге келді. Сосын Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бардым. Оны құшағына алып, бір құрма сұрадым. Құрманы біраз шайнағаннан кейін, жартысын Абдұллаһтың аузына салды. Абдұллаһтың асқазанына түскен алғашқы тамақ осы болды. Ол үшін Аллаһқа дұға етіп, берекет тіледі.[10]

[10] Бұхари, Ақиқа 1.

Әбу Әйюб әл-Әнсари Пайғамбарымызды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қонақ еткен кездерде тамақ пісіріп, пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жіберетін. Содан тамақтың қалғаны қайтып келетін, одан Әлемдердің мырзасының саусақтары тиген жерді сұрап, іздейтін (Мүслим, Әшрибә 170-171).

Хазіреті Жәбир (радиаллаһу анһу) де Хәндәк соғысының алдындағы үлкен орды қазған қиын кезді былай жеткізеді:

Біз ор қазып жатқанда өте қатты бір тасқа тап болдық. Оны Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) барып айттық. Содан Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзі орға түсті де, әлгі қатты тасты қолымен ұрған кезде, қатты тас құм сияқты ыдырады. Осы мұғжизауи көрініс болып жатқанда Аллаһ Расулының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) аштықтан ішіне тас байлаған болатын. Өйткені, ол жерде болған үш күнде бәріміз де нәр татпаған едік. Сонда:

«Уа, Расулаллаһ! Үйге баруға рұқсат беріңіз» - дедім. Рұқсат берді. Үйге барып әйеліме:

«Мен Расулұллаһтың халіне шыдай алмадым. Үйде жейтін ештеңе жоқ па?» - дедім. Жұбайым:

«Аздаған арпа мен бір лақ бар» - деді.

Мен лақты сойдым, жұбайым арпаны үгітіп нан пісірді. Етті қазанға салдық. Нан пысып, қазан қайнап жатқанда Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) барып:

«Аздаған тамағымыз бар. Бір-екі адам ертіп бізге келіңіз» - деп өтіндім.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уәсәләм):

«Қанша тамағыңыз бар?» - деп сұрады.

Барын айттым.

«Әрі көп, әрі жақсы болды! Жұбайыңа, біз барғанға дейін қазанды оттан түсірмеуін, нанды тандырдан шығармауын ескерт» - деді. Сахабаларына: «Тұрыңдар!» - деп бұйырды. Мүһәжирлер мен Әнсарлар бәрі істерін тоқтатты.

Сонда жұбайыма барып, тамақтың аздығы мен жетпейтіндігінен қорқып, сасқалақтап:

«Әне Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүһәжир, әнсар және басқаларды ертіп келе жатыр» - дедім.

Жұбайым:

«Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әзірлеген тамақтың мөлшерін сұрады ма?» - деді.

«Иә, сұрады» - дедім.

«Олай болса, уайымдама» - деді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келгендерге:

«Кіріңдер, сығылыспаңдар» - деді де нанды кесіп, үстіне еттен салып, сорпасымен қосып берді. Сөйтіп оған сахабалардың бәрі тойды. Тіпті, тамақтан аздап артып та қалды. Сосын Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Мынаны өзің же және көршілеріңе де бер. Өйткені, жан-жақты аштық жаулады» - деді» (Бұхари, Мәғази 29; Мүслим, Әшрибә 141)

Затпен Тәбәрік

Сүйетін адамын еске түсіретін бір заттың сүйген адамын есіне түсіріп, көңілін елжіретіп, байланысын күшейтетіні шындық. Бұл адамның жаратылысында бар қасиет. Бірақ, бұл сезім мен қимылда шектен шығу – пұтқа айналдырып, соған табынушылыққа дейін баратындығы тарихи бір шындық.[11]

[11] Сондай-ақ діндер тарихында «фетешизм» деп аталатын және ұлттың өлген қаһармандардан қалған затқа табыну немесе оларға тәңірлік қасиет тағу азғындығы, осы адами сезім мен қарекеттің табиғи шегінен шығуынан туындаған тарихи адасушылық. Өйткені, абстраксіз ұғымдарды түсіну өте қиын. Осы қиыншылығы үшін ең абстраксіз болып табылатын Жаратушыны кейбіреулер материалдық заттармен бейнелеп, қабылдауға тырысқан. Пұтқа табынушылық, осы адамдық әлсіздіктерден туған. Алайда абстраксіз ақиқаттардың бейнеленуінде де бір рухани көрініс бар. Таза ақыл иелері үшін орынды болып саналатын, өнерден-өнерпазға өту үшін абстраксіз ақиқаттардың физикалық заттардағы көріністерін, нақыштарын түсіну. Аллаһ та осылай білінеді, рух та... Басқа абстраксіз ұғымдар да дәл солай.

Екіншіден өте көп сүйген адамының оны еске түсіретін бір затын да сүйіспеншілікке жатқызу, адамдық және табиғи бір сезім. Ең маңыздысы – оны шектен шығармау. Расында абстраксіз ұғымдар бейнелі, деректі жаратылыстарда хал немесе жағдай ретінде көрініс табады.

Заттағы хал мен жағдайдың көрінісінің Құран Кәрімде баяндалған ең жанды мысалы мынадай:

Юсуфтың (аләйһиссәләм) көйлегін Яқубқа (аләйһиссәләм) апару үшін Мысырдан жолға шыққан кезде Кенан өлкесіндегі Яқуб (аләйһиссәләм) оның иісін сезіп, көйлекті соқыр көзіне сүрткен кезде көріп кеткен.[12]

Зат арқылы болған бұл ақиқат – кәміл мүршидтің дәруішті белгілі бір икемде ұстауы үшін қолданған құралдарыны бірі. Өйткені, бұл көріністерге бөлену байланысты күшейтеді. Сонымен қатар бұл – сыйлық берісу сүннетінің де бір белгісі.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Бәни Сайда аумағында сахабалармен бірге болған кезде Сәһл бин Сағдқа (радиаллаһу анһу):

«Ей, Сәһл, бізге су бересің бе?» - деді. Сосын ол бір тостаған су ұсынды. Сәһл осы тостағанды өмір бойы сақтаса керек. Әбу Хазм (радиаллаһу анһу) былай дейді:

«Сәһл сол тостағанды шығарып бізге көрсетті, біз де содан су іштік. Кейіннен Омар бин Абдулазиз Сәһлден сол мүбәрәк тостағанды өзіне сыйлауын өтінді. Ол да оған сыйлады» (Бұхари, Әшрибә 30).

❀❀❀

Сәһл бин Сағд (радиаллаһу анһу) былай баяндайды:

Бір әйел Пайғамбарымызға бір шекпен алып келді де,

«Уа, Расулаллаһ! Мұны сізге сыйлағым келеді» - деді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оның сыйлығын қабыл алып, киді.

---

[12] Юсуф сүресі 93-96 аяттар.

Бір сахаба:

«Уа, Расулаллаһ, бұл қандай жақсы киім маған сыйлаңызшы?» - деді.

Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) «жарайды» деп шекпенді соған берді. Хазіреті Пайғамбар сол жерден кеткен соң, сахабалар жаңағы адамды айыптап былай деді:

«Еш жақсы нәрсе істеген жоқсың. Аллаһ Расулы оны қажет болғаны үшін алған еді. Сен де сұрай қалдың. Білесің ғой, әлемге рахмет болған пайғамбардан бір нәрсе сұралса, оның ешқашан бас тартпайтынын».

Сонда әлгі адам:

«Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) кигені үшін оны тәбәрікке алғым келді. Бәлкім бұл менің кебінім болар деп үміттенем» - деді (Бұхари, Әдеп 39).

❁❁❁

Хазіреті Айша (радиаллаһу анһә) былай дейді:

«Меккеде Құрайштықтар үшін төсекке ұйықтаудан жақсы нәрсе жоқ еді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мәдинаға келіп, Әбу Әйюбтің үйіне түскен кезде, одан:

«Ей, Әбу Әйюб! Сенде төсек жоқ па?» - деп сұрады.

Әбу Әйюб (радиаллаһу анһу):

«Уаллаһи жоқ» - деді.

Әнсардан Сағд бин Зүрарә мұны естіген соң Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) саж (үндістанда өсетін қара ағаш) ағашынан жасалған, үсті кетен жіптен тоқылған, текеметпен қапталған бір төсек жіберді.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) үйіне көшкенге дейін сонда жатты. Үйінде де, тіпті, қайтыс болғанға дейін де сол төсекті қолданды.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қайтыс болған кезде осы төсек үстіне аруланып, кебінделіп, осы төсек үстінде жаназа намазы оқылды.

Одан кейін халық өлгендерін көтеру үшін оны бізден сұрап, сонымен тәбәрік ететін.

Хазіреті Әбу Бәкір мен Хазіреті Омардың жаназасын да сол төсектің үстінде шығарып, сонымен алып жүрген» (Бәләзури, Әнсабул-Ешраф I, 525).

❀❀❀

Осыған ұқсас тағы бір оқиға былай:

Сахабалардың ішінде ең көп хадис риуаят еткен Әбу Һурайра (радиаллаһу анһу) үнемі Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қасында болып, Оның әрбір іс-әрекетін қадағалайтын. Әбу Һурайра (радиаллаһу анһу) бір күні Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Уа, Расулаллаһ! Сізден көп хадис естимін. Бірақ, олардың көбін есімде сақтай алмаймын» - деп шағымданады.

Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Әбу Һурайраға:

«Жамылғыны жерге жай!» - дейді. Ол жаяды. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оған дұға етіп, мүбәрәк қолдарымен бір нәрсені уыстап жамылғының ішіне тастаған сияқты істейді. Сосын:

«*Жамылғыны жина*» - дейді.

Әбу Һурайра (радиаллаһу анһу) осы бұйрықты орындаған кезден бастап, Аллаһ Тағала оған сондай күшті бір есте сақтау қабілетін бергені соншалық, естіген нәрсесінің ешбірін ұмытпайтын болады (Тирмизи, Мәнақиб 46)

❀❀❀

Фирас деген бір сахаба бар еді. Ол да Пайғамбарымыздың бір затына ие болмақ болады. Бір күні Расулұллаһтың (саллаллаһу

аләйһи уә сәлләм) қасына келсе, алдындағы табақтан тамақ жеп отырғанын көреді. Сөйтеді де табақты өзіне сыйлауын өтінеді. Ешкімнің қалауын қайтармайтын Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) табақты оған сыйлайды.

Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) анда-санда Фирастың үйіне барып:

«Қане, әлгі табақты бір әкелші» - дейтін. Сөйтетін де, Хабибұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мүбәрәк қолы тиген табаққа зәмзәмнан құйып, қалағанынша ішіп, қалғанын бетіне, көзіне себетін (Ибн Хажәр, әл-Исабә, III, 202)

❁❁❁

Әбу Жұхайфа (радиаллаһу анһу):

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бесіннің ыстығында Батхаға (сай) шықты. Дәрет алды, бесін мен екінті намаздарын екі рәкағаттан оқыды. Алдында қысқа бір найза бар еді... Сол кезде қарасам, адамдар орындарынан тұрып, Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уәсәләм) мүбәрәк қолын ұстап, беттерін сипап жатыр екен. Мен де бір қолын ұстап, мүбәрәк қолын бетіме тигіздім. Бір байқағаным, мүбәрәк қолы қардан да суық, жұпардан да хош иісті екен, (Бұхари, Мәнәқиб 23) - деп еске алады.

❁❁❁

Әнәс бин Мәлік (радиаллаһу анһу) Пайғамбарымыздың қажылығын түсіндірген кезде сахабалардың Расулұллаһтың шаштарын тәбәрікке алу үшін қалай жарысқандарын былай баяндайды:

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) шайтанға тас атуды бітіргеннен кейін құрбанын шалып, шашын алдырды. Шаштараз оң жағындағы шашын кесті. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Әбу Талханы шақырып бұл шаштарды соған берді. Сосын шаштараз сол жақтағы шашын алды. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) «кес» деді. Ол да қиды. Оны да Әбу Талхаға беріп:

«Бұларды адамдарға бөліп бер» - деді (Мүслим, Хаж 326).

Әнәс (радиаллаһу анһу): Расулұллаһты (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көрдім. Шаштаразы оның шашын алып жатты. Сахабалар оны айналып жүрді. Бір тал шашының да жерге түспеуін, қалайда біреуінің қолына түсуін қадағалап жүрді, (Мүслим, Фазайл 75) - дейді.

Сондай-ақ, сахабалар Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) заттарын һәм мүбәрәк шаш-сақалының әр бір талын тәбәрік етіп алуға тырысатын. Соғыстарда да осы тәбәріктің шаттығымен соққы беретін. Мұның тамаша мысалдарының бірі – Халид бин Уәлид (радиаллаһу анһу) еді. Ол Хазіреті Пайғамбардың бірнеше тал шашын сәлдесінде сақтап жүретін. Риуаят бойынша, Халид (радиаллаһу анһу) Иермук соғысында сәлдесін жоғалтып алады. Әскерлеріне сәлдесін табуды бұйырады. Олар оны таба алмайды. Хазіреті Халид қайта қарауды бұйырады. Ақыры сәлдені табады. Қараса әжептәуір ескірген сәлде екен. Сахабалар соншама ескірген бір сәлде үшін Халидтің (радиаллаһу анһу) осыншама қажыр жұмсағанына таң қалады. Сонда Халид (радиаллаһу анһу):

«Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір жолы шашын қидырған еді. Сахабалар сол шаштарды талап кетті. Мен де Пайғамбарымыздың шашынан бірнеше тал алғам. Оны осы сәлденің арасына сақтағам. Ол мен үшін берекетті болғаны соншалық, барлық қатысқан соғыстарым жеңіспен аяқталды. Жеңістерімнің сыры – менің Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) деген сүйіспеншілігім еді» (Хәйсәми, Мәжмаұз-Зәуайд IX, 349) -деген.

❀❀❀

Сахабалардың көз алдында болған бұл оқиғалар – сезімдердің затқа да әсер ететіндігінің бір дәлелі. Бұл мәселедегі маңызды нәрсе – тисті болған шегінен шықпай, сол көріністен фәйз алатындай сергек көңілге ие бола білу.

Сахабаларды көрген салих мүминдер де (Аллаһ оларға разы болсын) тәбәрікке байланысты мұндай ұстанымды, өз

кезеңдерінде де жалғастырған. Имам Ахмед бин Ханбәл мен Имам Шафиғи Хазіретінің арасында болған мына оқиға осыған жақсы бір мысал.

Имам Шафидің шәкірті Раби бин Сүлеймен былай дейді:

Бір күні Имам Шафиғи: «Раби, мына хатты Ахмед бин Ханбәлға алып бар. Сосын жауабын алып кел» - деді.

Мен хатты алып Бағдатқа бардым. Таң намазында Ахмед бин Ханбәлға жолықтым. Онымен таң намазын оқыдым. Имам Ахмед бин Ханбәл михрабтан шыққан соң хатты оған ұсынып:

«Мынау, Мысырдан бауырың Имам Шафиғидің саған жіберген хаты» - дедім. Ол менен:

«Хатта не жазылған, білесің бе?» - деп сұрады. Мен:

«Жоқ» - деп жауап бердім. Сонда Ахмед бин Ханбәл хаттың бетіндегі мөрді ашып хатты оқи бастады. Бірден көздері жасаурады. Мен оған:

«Ей, Имам! Не болды! Хатта не жазыпты?» - деп сұрадым. Сонда ол маған:

«Имам Шафиғи түсінде Хазіреті Пайғамбарды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көріпті. Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) оған:

«Ахмед бин Ханбәлға бір хат жаз, менен сәлем айт. Әлбетте, ол үлкен бір фитнәға тап болады. Одан «Құран – мақлұқ (жаратылған)!» - деп айтуды талап етеді. Бұл талапқа бас июші болмасын! Аллаһ, оның атын қияметке дейін сақтап, көтереді» депті» - деді.

Мен:

«Ей, Имам! Бұл сен үшін үлкен бір сүйінші ғой» - дедім.

Сонда Имам Ахмед бин Ханбәл қуанғанынан үстіндегі көйлегін шешіп маған берді. Мен де хаттың жауабын алған соң Мысырға қайттым. Оның хатын Имам Шафиғиге табыс еттім. Сол кезде Имам Шафиғи маған:

«Оның саған сыйлаған көйлегін алып, сені ренжіткіміз келмейді. Бірақ, ең болмаса оны бір рет суға малып, сол суды бізге бер. Біз де солайша ол көйлектің берекетіне ортақтасайық» - деді.[13]

❁❁❁

Мешіттің мінберлерінде ұқыптылықпен сақталған Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сақал шәрифтері сол ғасырдан қазірге дейін жеткен фәйзге толы самал іспеттес үмметке рахмет бұлағы болуда. Аллаһ Расулына (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) деген сүйіспеншілік пен махаббат себебімен Оның азиз естеліктеріне көрсетілген құрмет те Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) деген көңіл байланысын күшейтуде. Сөйтіп қаншама Пайғамбар ғашық мүминдер осы азиз естеліктердің берекетінен пайдаланған.

Осман Империясының ешбір Ислам мемлекетіне нәсіп болмаған алты жүзден астам жылдық айбыны – әсілінде руханиятқа берген бағасынан туындаған. Осман Газидің мәшһүр риуаятқа қарағанда, қонақта болған үйіндегі жататын бөлменің қабырғасында Құран Кәрім кітабы болғаны үшін, таң атқанша көсіліп отыра алмағаны; Явуз Сұлтан Сәлім ханның Пайғамбарымыздың қасиетті аманаттарын үлкен тағзыммен Стамбулға әкеліп, қырық қари тағайындап, олардың басында ғасырлар бойы жалғасатын үзіліссіз Құран Кәрім оқытуы – Осман мемлекетінің аңызға айналған ұлылығының негізгі рухани әсер күші еді.

Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) шекпенінің және Топқапы сарайындағы қасиетті аманаттардың қазіргі таңда Стамбулда мүминдердің зияратына ашық болуы да – халқымыз бен Ислам әлемі үшін абырой әрі тәбәрік болса керек.

[13] Ибнул-Жәузи, Мәнәқибул-Имам Ахмед бин Ханбәл, 609-610 б.

Мен сендерге қабірді зиярат етуге тыйым салған едім. Енді зиярат ете беріңдер. Өйткені, қабірді зиярат ету – ақыретті естеріңе түсіреді.

(Тирмизи, Жәнәйз 60; Мүслим, Жәнәйз 106)

Қабірстандар – хикмет пен ғибрат дәрісханасы. Ал, қабірді зиярат ету – ең әсерлі өлімді ойлау тәрбиесі.

Б. ҚАБІРДІ ЗИЯРАТ ЕТУ

Адам өмір ағысында тіршілік кешу қуанышы мен өлімнен қорқу сияқты екі үлкен қайшылықтың арасында ауытқып тұрады. Үнемі жалғаса беретін өмір ағымы мен өлімнің шынайы мәнін түсінбей, адамның мәнін оның жаратылысындағы нақты сырларымен, хикметімен толық меңгере алмаймыз.

«Дүниеге келу мен дүниеден кету» сияқты екі үлкен тылсымның арасында қысылған адамзат түсінігі дүниені нақты құндылығымен (жалған екендігін) аңғарып, іс-әрекеттерін оған сай белгілемейінше, өткінші дүниенің алдамшы көлеңкелер әлемінен құтылып, ақиқаттар еліне қарай рухани сапарға шыға алмайды.

Мүмин үшін өлім – Аллаһтан келген бір қауышу сәлемі, қуаныштар, сұлулықтар, ілтипаттар ішінде бір жағдайдан, екінші бір жағдайға көшу. Ал, кәпірлер мен пасықтар үшін өлім – қорлық пен азап ішінде жан беру және жәһәннамның отынан бөлінген азап жалыны.

Адамзаттың ең үлкен жетістігі топырақтың астындағы тылсымды ашумен басталады. Пікірлер, ізденістер, зерттеулер, көңіл тереңдіктері және ішкі сезімдердің барлығы өлім ақиқатының айналасында одақтаспайынша, бұл «мазар» делінген сырлы өлкенің ақиқаты ашылмақ емес.

Расында адам үшін өмірде екі маңызды насихатшы бар. Бұлардың біреуі сөйлейді, екіншісі үндемейді. Сөйлейтін насихатшы – Құран Кәрім болса, үндемес насихатшы – өлім.

Осы ақиқатқа сүйене отырып, аталарымыз мазарстандарды қаланың ортасына салған. Себебі осы екі насихатшының бірі болған – өлімнен жеткілікті түрде ғибрат алу үшін еді. Сонымен қатар қысы-жазы жасыл қалпында тұратындығынан о дүниенің соңсыздығының рәмізі болсын деп қабірлерге отырғызу үшін ұзақ жасайтын шырша ағашын таңдаған.

Өлімнің белгілі бір тілі жоқ. Бірақ, ол терең үнсіздігінің ішіне ұлы мағыналарды жасырған. Мазарстандар фәни өмірін аяқтаған әке-шеше, бала-шаға, сүйікті, туыс-туған және достарға толы.

Аллаһтың бұйрықтарына сай өмір сүрген-сүрмегендігімізге байланысты түрленетін қабір әлемі хақында Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Қабір – не жәннат бақшаларынан бір бақша, немесе тозақ шұңқырларынан бір шұңқыр» - (Тирмизи, Қиямет 26) деген сөзін қолданып, өлім мен өмір арасындағы тығыз байланысты меңзеген.

Мазарстандар – хикмет пен ғибрат дәрісханасы. Қабірді зиярат ету болса, ол – ең әсерлі өлімді ойлау тәрбиесі.

Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзі, өзінен бұрынғы ақыретке көшкен сахабалардың қабірлерін опашылдық үлгісі ретінде зиярат етіп, оларға қайыр дұға ететін.

Сондай-ақ, Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Ұхұдтағы шейіттердің қабірлерін зиярат етіп:

«Сабыр еткен нәрселерің үшін сендерге сәлем! Сендер үшін ақырет жұрты қандай тамаша!» (Табери, Жамиул-Баян, XIII, 186; Ибн Кәсир, Тәфсир II, 529) - дейтін.

Ол және ауық-ауық Бақи мазарстанына барып, оларға сәлем беріп:

«Ей, Мүминдер өлкесінің тұрғындары! Сендерге сәлем. Біздер де иншааллаһ сендерге қауышамыз. Аллаһ Тағаладан біздер мен сіздер үшін саулық пен сәлемет тілеймін» (Мүслим, Жәнәйз 104) - дейтін.

Тіпті, бір күні түн ортасында Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хазіреті Айшаның бөлмесінде ұйықтап жатқанда оны Жәбірейл (аләйһиссәләм) оятып, әкелген әмірді жеткізді. Онда Аллаһ Тағала оның Бақи мазарстанына барып, өлгендерге дұға етуін бұйырған еді.

Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хазіреті Айшаны (радиаллаһу анһә) оятпауға тырысып, ақырындап орнынан тұрды. Оның бұлай істегеніне әлі ұйықтай қоймаған Айша анамыз таң қалды. Сосын Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) артынан Жәннатұл Бақи мазарстанына дейін еріп барды. Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) екі көзінен екі шүмек сияқты жас ағып, үмметі үшін дұға еткенін көргенде, істеген ісіне ұялды. Сол жерде азғана тұрып, Пайғамбардың тебіреністі халін тамашалады. Сосын жүгіріп үйге қайтты да көрпесін басына жауып ұйықтап жатқан сияқты болды. Оның соңынан дереу үйге қайтқан Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хазіреті Айшаның ентіккенін көргенде жағдайды сезіп, оған:

«Аллаһ пен Расулы саған хақсыздық жасайды деп қорықтың ба?» - (Мүслим, Жанайз 103) деп нәзік түрде айыптады. Сөйтіп, өзінің іс-қимылдарын Аллаһ Тағаланың бақылап тұрғандығын жеткізген еді.

Әлемдердің мақтанышы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өзі осылай жиі-жиі қабірді зиярат еткені сияқты, сахабалары мен үмметін де бұл турасында мына сөздермен ынталандырады:

«Мен сендерді қабірді зиярат етуден тыйған едім. Енді зия-

[14] Жәһилийе дәуірінде адамдар аталарының рухтарының қасиеттілігіне сеніп, сонымен мақтанатын және қабірлерін зиярат ететін. Пайғамбар осы теріс жәһилийе әдеттен әсер қалмасы үшін алғашқы кездері қабірді зиярат етуге тыйым салады. Бұл қауіп айыққаннан кейін, әсіресе өлімді ойлау мақсатында қабірді зиярат етуге рұқсат береді.

рат ете беріңдер. Өйткені, қабірді зиярат ету – ақыретті естеріңе түсіреді» (Тирмизи, Жәнәйз 60; Мүслим, Жәнәйз 106)[14]

Қабір зияраты – зиярат етуші үшін ғибратқа себеп болғаны сияқты, сол жердегі өліктер үшін де рахмет дәнекері. Өйткені, қабірдегі адам батпаққа түскен адам сияқты медет күтеді.

Ибн Аббас (радиаллаһу анһу) былай риуаят етеді:

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) екі қабірдің қасынан өтіп бара жатып, олар жайлы:

«Екеуі де азап көріп жатыр. Бірақ, үлкен бір күнәсі үшін емес. Біреуі сөз тасығаны үшін. Ал, екіншісі болса, дәрет сындырған кезде қажетті түрде қорғанбағандықтан азапталуда» - деді.

Сосын жас құрманың бұтағын сұрады. Оны екіге бөліп, қабірлердің басына отырғызды. Сосын сөзін жалғап:

«Бәлкім, құрағанға дейін олардың азабын жеңілдетер» (Мүслим, Тахарат 111) - деді.

Тәпсірші Құртуби бұл хадисті былай түсіндіреді:

«Құрағанға дейін» дегені – сол шыбықтардың құрағанға дейін тәсбих ететіндіктеріне ишарат. Сондай-ақ, ғалымдарымыз былай деген: Қабірлерге ағаш отырғызғанда және сол жерде Құран оқығанда сол жердегілерге пайдасы болады. Бір ағаш отырғызудың өзі өліктің азабын жеңілдетсе, бір мүминнің Құран оқығанынан кім біледі қаншалықты пайдаланарын!? Өлікке бағышталған нәрсенің сауабы оған барады» (Құртуби, Тәфсир X, 267).

Құран оқу арқылы жететін иләһи рахметтен өліктердің де пайдалануы үшін, әсіресе, Ясиннің оқылуы – әркім білетін және орындай алатын бір шара.

Сондай-ақ, хадис шәрифте былай делінеді:

«Ясин – Құранның жүрегі. Кімде-кім оны Аллаһтың ризашылығымен ақыретті талап етіп оқыса, қалайда күнәлары кешіріледі. Өліктеріңе де Ясин сүресін оқыңдар» (Ахмед бин Ханбәл, Мүснәд V, 26)

«Іштеріңнен біреу қайтыс болса, көп күттірмей қабірге апарыңдар. Жерлеген кезде біреу бас жағында Фатиха сүресін, аяқ жағында Бақара сүресінің соңғы жағын (Әмәнәррасулү) оқысын» (Таберани, әл-Муғжамул-Кәбир, XII, 340; Дәйләми, Мүснәд I, 284; Хәйсәми, Мәжмәуз-Зауайд III, 44).

Ала бин әл-Ләжләж сахаба болған әкесі Ләжләждың өлімінде өзіне:

«Мені қабірге қойған кезде:

بِسْمِ اللهِ وَ عَلَى سُنَّةِ رَسُولِ اللهِ (Бисмиллаһи уә алә сүннети Расулиллаһ)[15] - деңдер де, үстіме топырақ салыңдар. Бас жағымда Бақара сүресінің басы мен аяқ жағын оқыңдар. Шүбәсіз мен Абдұллаһ бин Омардың осылай істеуге жақсы қарағанына куә болған едім» (Бәйхақи, әс-Сүннәтул-Күбра IV, 56) - дегенін риуаят еткен.

Сахаба Амр бин Ас (радиаллаһу анһу) өлім сәтінде қасындағыларға:

«Мені қабіріме жерлеген кезде бір түйені сойып, етін бұза-тындай уақыт мазарымның басында күтіңдер. Өйткені, сендер онда бар кезде мен жаңа өміріме үйреніп алайын және Раббымның елшілеріне беретін жауабымды әзірлеп алайын» (Мүслим, Иман 192) - деген.

Бұл хадисті жеткізген Нәуәуи Имам Шафидің (рахмәтұллаһи аләйһи) мына сөздерін де жеткізген:

«Қабірдің басында Құраннан аят және сүрелерді оқу – мұстахаб, Құранның барлығын оқу (хатым ету) болса, ол – тіпті де жақсы» (Нәуәуи, Риязус-Салихин, 293).

Осы риуаяттардан түсінікті болғаны – қабірлерді зиярат ету, ол жердегілерге сәлем беріп, дұға ету және истиғфар ету, олардың атына қайыр істеп, Құран Кәрімнен оқу – өліктер үшін рахмет дәнекері. Құран Кәрімде Раббымыз бізден бұрын о дүниеге көшкен мүмин бауырларымыз үшін:

---

[15] Аллаһтың атымен және Расулұллаһтың сүннетімен (сені Хақ Тағалаға аманат етеміз).

«Ей, Раббымыз! Бізді және бізден бұрын өткен иманды бауырларымызды кешір?! Жүректерімізде иман етушілерге қарсы ешбір өштік қалдырма! Раббымыз! Шүбәсіз Сен өте мейірімді әрі кешірім иесісің» (Хашр сүресі 10-аят) - деп дұға етуімізді бұйырады.

Бірақ қабірді зиярат етуде ескерілетін тағы бір жәйт – ол кейбір қате рәсімдер мен бидғат болатын іс-әрекеттерден қашу.

Әһли сүннет ғалымдары мүминдердің қабірді зиярат етуде шектен шығушылықтан сақтануы үшін көп нәрсе айтқан және жазған да болса, бұл жайындағы қателіктердің қазірге дейін, өкінішке орай, лайықты түрде алды алынбаған.

Діни мәліметі таяз адамдардың санасын әжептәуір шатастыратын қабір зияраты мен соған байланысты іс-әрекеттерін шектен шығушылықтан сақтау өте қиын іс. Өйткені, адам баласының абстраксіз ақиқаттарды түсінудегі жеткіліксіздігінен кейбіреулер қабір зияратында серік қосушылыққа дейін барған. Қабірлердің басына шырақ жағу, ақтық байлау және тура сол қабірдегі адамнан медет тілеу сияқты. Бұл – тура христиандар-дың абстраксіз Аллаһ ұғымын түсінбеушіліктерінен, бейкүнә пайғамбар Хазіреті Исаға тәңірлік сипат телуі сияқты әлсіздіктің көрінісі. Екінші жағынан бұл шектен шығушылықтың басқа бір түрі болып, қабірді зиярат етуді – «серік қосу» болатындай етіп көрсететін көзқарастарда сол қателікті керісінше ортаға салуда.

Ислам әрбір мәселедегідей, қабірді зиярат ету турасында да орта жолды ұстану қағидасын негізге алады. Жоғарыда баяндалғаны сияқты Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мен сахабалардың қабір зияратына байланысты айтқан сөздері мен ұстанымдары бұл тұрғыда шектен шығушылыққа бармай, қалай істеу керектігін біздерге ашып көрсетіп тұр.

Ибн Аббас (радиаллаһу анһумә) былай дейді:

Сад бин Убаденің (радиаллаһу анһу) анасы қайтыс болған еді. Ол Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) келіп:

«Ей, Аллаһтың Расулы! Қасында болмаған кезімде анам қайтыс болды. Оның атынан садақа берсем, оған бір пайдасы тие ме?» - деп сұрайды.

Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Иә» - деді. Сад (радиаллаһу анһу):

«Ей, Аллаһтың Расулы! Сіз де куә болыңыз, жеміс бағымды анамның атынан садақаға бердім» - деді (Бұхари, Уәсая 15).

Һидаят шырығымыз – Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Адам өлген кезде барлық амалдары тоқтайды. Бірақ үш нәрсе бұған жатпайды. Олар – салих амалдар, өзгеге пайдасы тиген ілім және өзінің артынан дұға ететін қайырлы ұрпақ» - (Мүслим, Уасиет, 14) деген.

Бұл хадистер қайтыс болған мүминдердің көзінің тірісінде істеген және өлгеннен кейін де жалғасып жатқан жақсылықтарынан пайда көретіндігін, сонымен қатар тірі жүрген жақындары мен мүминдердің дұға мен садақаларынан пайда көретіндігін баяндайды. Және оларды осы жақсылықты істеуге шақырады.

Ақыретке көшкен мүминнің артынан сауабын оған бағыштау ниетімен көптеген жақсылық жасаған жөн. Жоғарыдағы хадис бойынша, қайтыс болған мүминнің жақсылығы жалғасқан сайын сауабы да жалғасады. Сөйтіп, амал дәптері жабылмайды. Қайтыс болған кезде жалғыз өзі қабір әлеміне кіріп, дүниемен қоштасқан мүмин үшін мирасшылары мен шынайы достарының борышы ретінде әр түрлі жақсылықтар жасауы, ең абзал амалдар қатарына жатады.

Әсіресе өлген адамның қарызын өтеу – Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) тарапынан өсиет етілген салих амал. Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бір жаназа намазы келген кезде, қарызының бар-жоғын сұрап, қарызы өтелгеннен кейін ғана барып, жаназа намазын оқитын. Бұл жағдай марқұмдарымыз туралы бізге қандай нәзік мейірімшілік тәрбиесі болмақ.

Бұл жайында Имам Мұхаммедтің зәрушілікке байланысты адамның ұстамаған және қаза етуге шамасы жетпеген оразасының орнына фидия берілуіне салыстырылып, оқылмаған

намаздардың да кешірілуі үмітімен «ысқат-салат» деп аталған бір пәтуәсі бар. Бұл бойынша, оқылмаған әрбір жолғы намаз үшін бір пақырдың бір күндік жейтін тамағын көтеру немесе осыған сай келетін белгілі бір ақшаның садақа берілуі керек. Бірақ, берілетін садақа, мөлшері жағынан ешқандай өзгеріске ұшырамай пақырдың қолына тиюуі керек. Имам Мұхаммед Хазіретінің осы пәтуасынан үш маңызды пайда көзделген:

а) Садақа беруге ынталандыру және садақа берген адамның сауапқа қол жеткізуі.

ә) Мұқтаждардың қуанып, өлген адам үшін дұға етуі.

б) Марқұм үшін Аллаһ Тағаланың кешірімі мен рахметінен үміт ету.

Марқұмның қайыры үшін жасалатын «ысқат»[16] ісі өкінішке орай, қазіргі кезде «дәуір»[17] жүргізу түрінде негізгі мақсатынан алшақтап, Исламның болмысына қайшы мәнге айналған.

«Дәуір» деп аталатын бұл қолданым – алдаудың бір түрі. Осындай қате қолданым арқылы кезінде орындалмаған ғибадатты шындығында жұмсалмаған садақа іспеттес бір шарамен оның орнын жабуға тырысады. Мәселен, қайтыс болған адамның, мойнында қалуы мүмкін намаз қарыздарынан[18]

---

[16] **Ысқат**: намаз, ораза, құрбан, нәзір, кәффарат сияқты ғибадат пен қарыздарды орындай алмастан қайтыс болған адамды осы қарыздардан құтқару үшін пақырларға ақшалай садақа беруді айтады. (Хайреттин Қараман, Әбәдият Иолжусун Ұғырларкен, 81-85 б).

[17] **Дәуір**: ақшалай өтемін берудің орнына белгілі бір мөлшерін бір шүберекке орап, пақырларға беру, сосын оны сыйлық ретінде қайтарып алу және қарызы біткенге дейін осылай жалғастыруды айтады. Мұндай жәйт Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм), табиун және тәбәи-табиун дәуірлерінде жоқ. Бірақ, ысқатқа һижри екінші ғасырдың соңында, дәуір түріндегі ысқатқа һижри бесінші ғасырда рұқсат берілген. Қазіргі кезде әдетке айналған және Исламның негізіне сүйенеді деп ойлайтын дәуір түсіру әдеті, садақада сараңдыққа және ғибадатта жалқаулыққа себеп болатын бір бидғат мәніне ие. Бұл мәселеде дәуір түсіру әдетінің тоқтатылуы және марқұмның атынан тура садақа берілгені, жақсылық жасалғаны, кемшіліктерінің кешірілуі үшін Аллаһ Тағалаға жалбарынылғаны жөн. Осылайша әрі сүннетке сәйкес әрекет жасалады, әрі жасалған ақшалай (малмен) ғибадаттар, қайырлар және садақалар нақты иелерін, яғни оған мұқтаж болған адамдарды тапқан болады. (Хайреттин Қараман, Әбәдият Иолжусуну Ұғырларкен, 81-85 б).

[18] Бұл намаз қарыздары деген: қайтыс болған адамның тірі кезінде оқи алмаған және ықылас-ынта сияқты ішкі шарттарын лайықты түрде ұстанбай оқыған намаздары мақсат етіледі. Әйтпесе осындай орнына келтіру жолына сеніп, босаңдық және жалқаулық себепті оқылмаған намаздар емес.

тазаруы мақсатында, ортаға белгілі бір мөлшерде ақша қойып, мұның да таза ниетпен пақырларға жеткізілуі керек болғанымен, өкінішке орай, көбінесе бірнеше адамның арасында قَبِلْتُ алдым, қабылдадым; وَهَبْتُ бердім» сөздерімен қолдан қолға ауыстырылып, сол арқылы берілген ақшаның мөлшерін көбейтпекші. Азғана ақшаны бірнеше адамға, ниеті әуел баста белгілі болған әрекетпен, алдымен беріп, сосын қайтарып алу, кейін басқа біреуге беріп қайтадан қайтарып алу және осылайша сол жердегілердің санындай бұл ақшаның көбейгендігіне және қайырдың артқандығына сену – мұны істеушілердің өздерін ғана алдай алатын жағымсыз бір бидғат. Әсіресе ауқатты адамдардың мұндай іске баруы және осыдан бір нәтиже күтуі – тіпті таңданарлық жәйт. Сонымен қатар бұл жағдай – қисыны жоқ әрі Құдай сақтасын, Аллаһты алдау сияқты іс. Сондай-ақ бос нәрсемен айналысудан басқа ештеңе емес.

Уа, Раббым! Ниеттерімізді өз ризашылығыңа сай қыл! Өзін суға батырғандай етіп, дүниеге берілгендердің ақырынан бізді сақта! Ей, мейірімділердің мейірімдісі болған Раббымыз! Өмірімізбен өлімімізді, салих құлдарыңа берген берекет, нығмет, пәк сұлулықтар және Саған қауышумен безендіріп, кәміл ет!

Уа, Раббым! Әлемді иләһи сүйіспеншілік көзілдірігімен тамашалауды, оған ақыл, сезім, ар-ұждан және иман тебіреністерімен қарауды, көзден аққан өкініш тамшылары мен кешірімділікке жетуді, жүзіміз жарық, ұжданымыз шаттыққа толы Сенің құзырыңа баруды барлығымызға нәсіп еткейсің!

Әмин!

БЕСІНШІ ТАРАУ

Хақ достарының насихаттары

Хош қара

Хақ достарының ескертулері мен насихаттары, Құран мағынасынан және Аллаһ Расулының сұхбаттарынан бір көрініс.

ХАҚ ДОСТАРЫНЫҢ НАСИХАТТАРЫ

Тасаввуф жолында сырты мен ішін кемелдендірген, рухани мәртебелерді асып, мінез-құлық пен іс-қимыл кемелдігіне жеткен Хақ достары – «пайғамбарлардың ізбасарлары» делінген абыройға қол жеткізген бақытты жандар. Олар пайғамбарымыздың иршады (жол көрсету) мен мінез-құлықтағы кемелдігінің барлық кезеңдерге таралған шыңдары іспеттес. Яғни, олар – Хазіреті Пайғамбар мен оның сахабаларын көру абыройына қол жеткізе алмағандар үшін іс жүзіндегі жанды бағдаршылар.

Хадис шәрифте былай делінеді:

«Іші мен сыртын кемелдендіріп, ілімі парасаттылыққа айналған ғалымдар – пайғамбарлардың ізбасарлары» (Әбу Дәуіт, Ілім 1).

Аллаһ Тағаланың Рахман және Рахим есімдерінің шарапатты көріністеріне бөленген мұндай ғалым, кәміл мүминдерде сүйіспеншілік пен мейірімділік олардың негізгі жаратылыстарына айналады. Және бұл салих мүминдер – «нәпсім, нәпсім» дейтін менмендіктен құтылып, «үмметім, үмметім» дейтін қамқорлыққа қол жеткізіп, тура жолды көрсетумен өмір сүретін жандар. Олардың өзгеге тәлім-тәрбие беретін бұл иршад өмірлері фәни дүниелерінен кейін де жалғасады. Олар

нәпсілерін тәрбиелеудің нәтижесінде рухтарын көпір етіп, иләһи қауышуға қол жеткізеді. Мүминдерді де осы жолдан өткізіп, Аллаһқа қауыштыруға апарады. Олар - рухани күйзелістен, Аллаһтың қаһарына ұшыраудан құтылуды күтіп тұрған топтардың мұғалімдері. Олар - Аллаһ пен оның құлдары алдында жамағатқа деген жауапкершілікті өз ұждандарында сезініп, соны арқалаған қаһармандар.

Хақ достарының ескертулері мен насихаттары - Аллаһ Расулының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сұхбаттарының бір көрінісі. Өйткені, рухани тәрбиенің орталығы сол. Рухи тебіреністерге толы ескертулер мен насихаттар – сол орталық арқылы жалғасып келе жатқан нұрлы сәулелер. Хақ достарының мұндай мәжілістерін ғанибет санау керек. Олар - Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жиырма үш жылдық пайғамбарлық өмірін сөз жүзінде, іс жүзінде және сезіммен үмметке жеткізген үлгілі тұлғалар.

Хақ досы жарықтың айналасындағы көбелек сияқты Жаратушының сүйіспеншілігімен еркінен айырылғаны соншалық – Жаратушы оның көретін көзі, еститін құлағы болады. Хақ Тағаланың сүйіспеншілігі мен махаббатының көрінісінің қол астында болғандықтан, лупаның астындағы қағаздың жанғаны сияқты олардағы нәпсіқұмарлық сезімдердің өмірі аяқталады. Олар осылайша, нұрлы тартылыстың орталығына айналғандықтан, басқа адамдар да ерікті-еріксіз оларды сүйіп, көңілдері оларға қарай тартады. Олардың ескертулері мен насихаттары рухтарына дауа мен шипа бұлағы болады.

Осы ұлы көкжиекке және рухани қасиетке жеткен Хақ достарының ескертулері, жол көрсетулері және насихаттары ілім-мен амал қылмайтын адамдардың насихаттарына қарағанда надан көңілдердің оянуында көбірек әсерге ие. Сондықтан да фәйзді насихаттарын табылмас нығмет санап, осы санамен олардың рухқа шаттық сыйлайтын сөздеріне шынайылықпен, сүйіспеншілікпен көңіл бөлген жөн. Ендеше, Хақ достарының мәңгілік бақыттылық жолына жарық шашқан тура жол шырақтары іспеттес насихаттарынан бірнешеуін мысалға келтірелік:

Хасан Басри (құддисә сирруһ) **(ө.642-728)**

Ей, Адам баласы! Шынайы мүмин – ихсан иесі де болса, қорқынышпен таңды атырады. Бұл оған жарасады да. Шын мүмин ақшамға сол қорқынышпен жетеді. Иә, ол әр сәт мына екі қорқыныштың ортасында болады.

1. Өткен күнәлары. Сол күнәлары себебімен, Аллаһ Тағаланың өзімен қалай қатынасатындығын білмейді.

2. Келешек өмірі. Өмірі қандай болады? Ақтық демін қалай тәсілім етеді? Ол бұл сұрақтардың жауабын үнемі ойлаумен болады.

Ей, адамдар! Осы ақиқатты түсініп, салих-ізгі амалдар істеңдер. Аллаһ пен Расулы істеген істеріңді көруде. Әйтеуір сендер, бір күні жасырынды да ашықты да білетін Аллаһқа қайтарыласыңдар. Міне сол күні істегендеріңді бір-бірлеп сендерге хабарлайды.

Сендер жүректеріңді асқан абайлықпен бақылап отырыңдар. Оны үнемі Аллаһты зікір етумен жаңартып отырыңдар. Өйткені, жүрек өте тез арада тат ұстайды. Нәпсілеріңді тізгіндеңдер. Өйткені, ол - өте азғын. Егер сендер нәпсілеріңнің жаман қалауларына бөгет болмасаңдар, ол бір күні сендерді қорқынышты шыңырауға құлатады.

Өздеріңнің айыптарың бола тұра, басқаларды айыптаудан баз кешпейінше, кәміл иман иесі болмайсыңдар. Олай болса, басқалардың айыптарына қараудан бұрын, алдымен өз айыптарыңа қараңдар. Оларды түзетіп барып, істі бастаңдар!

Ей, адамдар! Құран Кәрім – мүминдерге шипа, тақуаларға жол көрсетуші. Кім оны ұстанса, һидаятқа жетіп, дұрыс жолды табады. Ал, одан теріс айналған адам бақытсыз болып, пәлекетке ұшырайды.

Ей, Адам баласы! Жалғыз өзің өліп, жалғыз өзің тіріліп, жалғыз өзің есеп бересің!

Мәлік бин Динар (құддисә сирруһ) **(ө. 748)**

Мына екі нәрседен басқа дүниеде зейнет қалған жоқ:

1. Бауырлармен жолығып сұхбаттасу.

2. Тәһәжжұд намазына тұрып, сол фәйзге толы уақытта көңіл әбден тойғанша зікір етіп, Құранмен айналысу.

❀❀❀

Жафар Садық (құддисә сирруһ) **(ө.699-766)**

Салих амал істегенде оны кішірейтіп, жасырғаның жөн. Өйткені, оны кіші санасаң, ол сені мақтаншақтыққа жеткізбейді. Жасырсаң, кемшілігі толады. Яғни, абзалдығы артады. Оны істеуге асықсаң, сол салих амалға бір сәт бұрын қауышасың. Өйткені, нәпсі әлсіздікке салынып, оны кешіктіруі немесе сені одан баз кешіруі мүмкін.

Мүмин бауырыңа байланысты жағымсыз бір нәрсе естісең, қалайда оның бір себебінің болуын ойла. Таба алмасаң, бәлкім мен түсінбейтін бір үзірі бар деп ұғып, айыбын жасыр!

❀❀❀

Суфиан Сәури (құддисә сирруһ) **(ө.713-777)**

Ілім үйрену – Аллаһ Тағаланың бұйрықтарын тақуалықпен орындап, Одан қорқу үшін болу керек. Ілімнің абзал мәртебеде болуы пәк сезімдерді адамға сіңіргендігі үшін. Бұлай болмағанда, ол да басқа нәрселердің қатарында болар еді.

Хорасанға барып дін уағыздау сен үшін, тіпті, Меккеде тұрғын болудан да артық.

Ілім үшін алғашқы қажетті шарт – оны табу жолдарын іздестіру. Тауып, ілімді үйренген соң, онымен амал ету басталады... Сосын тыныштық пен ой салу (тәфәккүр)... Содан кейін әлемге ғибратты көзбен қарау...

❁❁❁

Жүнәйд Бағдади (құддисә сирруһ) **(ө. 909)**

Аллаһпен сұхбат – яғни, Онымен бірге болу – көркем әдептіліктің, Аллаһтан ұялу мен мұрақабә сезімінің жалғасумен болады.

Расулұллаһпен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сұхбат – Оның сүннеті мен жолын ұстанумен болады.

Әулиелермен сұхбат – оларға құрмет көрсетіп, қызмет етумен болады.

Отбасымен сұхбат – көркем ахлақпен болады.

Туыстармен сұхбат – үнемі жылы жүзді болу және оларды қуантумен болады.

Қарапайым адамдармен сұхбат – дұға және мейірімділікпен болады.

❁❁❁

Имам Ғаззали (құддисә сирруһ) **(ө. 1111)**

Ұлым! Мына үш құлшылықта қалайда жүрегіңді сергек ұста, ақылың мен жүрегің басқа жақта болмасын! Бұлар – Құран Кәрімді оқыған кезде, Раббыңды зікір еткен кезде және намаз оқыған кезде. Осы үш жағдайда ақыл мен көңіліңді басқа жаққа аударма. Аллаһтың құзырында болғаныңды ұмытпа! Жүзіңді құбылада, ақылың басқа нәрселердің соңында болса, бұл іс құлшылығыңның қасиетін азайтады. Жүзіңді Исламның

ғибадатханасы Қағбаға, жүрегіңді Ұлы Аллаһқа бұр! Сонымен қатар ариф болғың келсе, үндемегенің – пікір, қарағаның – ғибрат және тілегің – тақуалық болсын. Өйткені, бұл үш қасиет – арифтердің белгісі.

Ұлым! Құл ақысына өте мұқият бол! Бір тиын қарыз үшін, қабыл болған көптеген ғибадаттардың сауабы жойылады. Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қарызбен өлгендердің намазын оқымайтын. Мұндағы мақсаты, байдың мейірімін оятып алашағын кешірту үшін еді. Мүмин – босқа қарызға кірмейді. Бірақ, қажеттілік себебімен қарызданса және қайтару ниетімен алса, Аллаһ Тағала оған көмекші болмақ. Тіпті, қайтаруға тырысып жүріп, қайтара алмай өлсе, қияметте де Аллаһ жәрдем етеді.

Басқа түскен бәлекетке де шүкіршілік ету керек. Өйткені, күпірлік пен күнәлардан басқа бәлекеттердің ішінде сен білмейтін жақсылық бар! Аллаһ сенің жақсылығыңды, сенен де жақсы біледі. Жамандық деп ойлаған көп нәрселер – сен үшін жақсылық. Жақсылық деп ойлаған көп нәрселер – сен үшін жамандық. Сені сәлеметке жеткізетін ең қауіпсіз жол – иләһи тағдырға разы болып, әрбір халіңе шүкіршілік ете білуің.

Ұлым! Кімдермен бірге болғаныңа өте абай бол. Мынаны жақсы біліп ал, бір себет сау алма, ішіндегі бір шірік алманы дұрыстай алмайды. Бірақ, бір құмалақ – бір қарын майды шірітеді, Шіріген бір алма, барлығын да шірітеді. Сол үшін үнемі салихтармен бірге бол!

Жақсы дос жұпар сатушыға ұқсайды, не сатып аласың, не ол саған аздап жағады. Ең болмаса, қасында болған кезінде хош иіске бөленесің. Адам сүйгендерімен бірге болады. Дүниеде кімді сүйіп, кіммен бірге болсаң, қияметте де сонымен махшарда бірге боласың. Олай болса, ілімімен амал еткен ғалымдар мен салихтардың сұхбатынан қалма!

Ұлым! Өмірде барлық нәрсе Аллаһтың бұйрығымен (жазғанымен) болады. Аллаһ біреуді бай, біреуді кедей, біреуді сау, біреуді ауру, біреуді ғалым, біреуді надан қылған. Дүниенің

үйлесімі осылай қамтамасыз етіледі. Өзіңнен төмен адамдарды көрсең, мақтанып, оларды төмен санама! Сен олардың орнында, олар да сенің орныңда болуы мүмкін еді. Міне осыны ойлап, пақырлармен жолдас бол! Оларға үнемі кішіпейілділікпен қарауға тырыс! Адамдық және Исламдық абыройыңды сақта! Осылайша ғана бақытқа қол жеткізесің. Дүние мен ақыретте шаттықта болуды тілесең, ешкімді ренжітпе! Өзіңнен жас адамды көрсең, «Мұның күнәсі менікінен аз» өзіңнен үлкенді көрсең, «Мұның сауабы менікінен көп, білмейтін жақтарымнан менен де абзал» деген оймен қара оларға! Бір ғалым көрсең, «Мұның өзін құтқаратын ілімі бар», өзіңнен наданды көрсең, «Бұл білмейді, Аллаһ оны кешіреді» - деп ойла! Тіпті, бір кәпір көрсең, соңғы демі беймәлім болғандықтан, «Аллаһ Тағала бұған һидаят нәсіп етсе, барлық күнәлары кешіріліп тап-таза күйінде иләһи құзырға шығуы мүмкін. Менің ақтық демім не болар екен?» - деп ақырыңды ойла! Өзіңді қаншалықты танып, қаншалықты төмен санасаң, Аллаһ алдында соншалықты мәртебеге ие боласың.

Ұлым! Қолыңнан келгенінше, діндес бауырларыңның мұқтаждығына көмектес! Өйткені, Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Кім мумин бауырының бір қажетін өтесе, Аллаһ Тағала оның бір қажетін өтейді» (Бұхари, Мәзалим 3) - деген болса, екінші бір хадисте Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Кім бір мұсылманның айыбын жасырса, Аллаһ Тағала дүниеде және ақыретте оның айыбын жабады» (Мүслим, Бирр 72) - деген.

Ақылды адам өз нәпсісіне: «Менің капиталым өмірім ғана. Басқа ештеңем жоқ. Бұл капитал – құндылығы соншалық, бір рет берілген дем, екінші рет қолға түспейді. Дем – санаулы және азайып барады. Олай болса, әр демнің қадірін біл және бұл фәни өмірге ертең-ақ өлетіндей қара. Барлық мүшелеріңді харамнан қорғап, тақуалыққа жабыс» - деуі керек.

Аллаһым! Өмірімізді бақытпен аяқтат. Өзіңнің ризашылығына қауыштыр және көркем дидарыңды көруді нәсіп қыл! Түні

күнімізді саулықпен, тыныштықпен жалғастыр! Тақуалықты бізге азық ет! Тәуекел мен сенімімізді Өзіңе бұр! Бізді хақ жолыңда тұрақты қыл! Ғибадатқа лайық Сен ғанасың. Сен нұқсан сипаттардан пәксің! Саған лайықты түрде құлшылық ете алмағаным үшін залым болдым.

Хамд (Мадақ) – әлемдердің Раббы Аллаһ Тағалаға тән! Салауат – әлемнің мақтанышы Пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафаға лайық!

❀❀❀

Абдулқадир Гейлани (құддисә сирруһ) (ө.1077-1166)

Ей, ұлым! Саған тақуалық керек. Сол себепті, тақуалықтың шарттарын орындауға тырыс. Жүрегің бейне дұшпанға ұқсайтын жаман қылықтардан арылсын. Жақсылыққа бағыт алсын.

Ей, ұлым! Дүние-мүлік жинаған кезде, түнде отын терген, бірақ, қолына не түскенін білмеген адам сияқты болма. Қолына түскен дүниеліктің халал, не, харам, заңды, не, заңсыз екендігіне көңіл бөлгейсің. Барлық істеріңде тәухид пен тақуалықта бол.

Ей, ұлым! Құранмен амал ету сені Құранның мәртебесіне көтереді. Сол биікке отырғызады. Ал, Сүннетпен амал ету, сені Аллаһтың Расулына жақындатады. Сөйтіп Расулұллаһтың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) рухани жәрдемімен Аллаһ достарының жүректерінің маңынан бір сәтте айырылмайсың. Аллаһ достарының жүректерін нұрландыратын да сол.

Ей, ұлым! Харам нәрсені жеу жүректі өлтіреді. Халалды жеу болса, ол тірілтеді. Бір тамақ бар сені дүниемен, бір тамақ бар сені ақыретпен шұғылдандырады. Және бір тамақ бар, сені дүние мен ақыреттің Жаратушысына бұрады.

Ей, ұлым! Нәпсіңмен күресте саған көмектескендермен дос бол! Оның сұхбаттарына қатыс. Нәпсіңнің азғындауына

көмектескендермен жолдас болма! Алдымен өз нәпсіңе ие бол. Өз нәпсіңе пайдалы бол және өз нәпсіңді тура жолға сал. Сосын басқалардың нәпсісімен шұғылдан. Басқаға жарық беріп тұрып, өзі еріп кететін шам сияқты болма. Ей, Аллаһ жолында жақсы амалдар істемек болған адам, ықыласты бол! Әйтпесе, босқа шаршайсың.

Адамдарға жол көрсету сөзбен емес, шынайы көңілден шығатын сенім және ынтамен іске асады. Және осылардың барлығы халуәт (қылует), ғибадат, зікір, нәпсі тәрбиесі және өзін есепке тартумен жететін нәтижелер. Әйтпесе, еліктеушіліктен және сырттай көрсетушіліктен ары аспайтын, рухқа жетпеген кейбір іс-әрекеттермен қол жеткізетін нәтижелер емес. Сол себепті, Аллаһ жолындағы адамның тілі мен жүрегі, іші мен сырты, сөзі мен өзі, ісі бірдей болуып, бір нәрсені айтуы керек.

❀❀❀

Ахмед әр-Рифай (құддисә сирруһ) (ө.1118-1182)

Мырзалар! Әулиелерге жақын болуға тырысыңдар. Өйткені, Аллаһтың әулиесін сүйген адам - Аллаһты сүйген, оған дұшпандық жасаған адам – Аллаһқа дұшпандық жасаған болады.

Зікірді жалғастырыңдар. Өйткені, зікір – Аллаһқа қауышу үшін бір магнит, Аллаһқа жақындау үшін мықты бір жіп. Аллаһты үнемі зікір еткендер – Аллаһпен тату болып, Оған қауышқан жандар. Зікірдің жүректе орнығуы сұхбаттың берекетімен болады. Өйткені, адам досының жолымен жүреді.

Тәфәккүр (ойлау) – Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алғашқы амалы. Өйткені, барлық парыз құлшылықтардан бұрын Оның ғибадаты – Аллаһтың мақлұқтарын және Ол берген нығметтерді ойлаудан тұратын еді. Олай болса, сендер де тәфәккүрге жабысып, ғибрат алуға дәнекер етіңдер.

Абайлаңдар! Елек сияқты, ұнның ұсағын төгіп, қыпығын өздеріңе қалдырмаңдар. Аузыңыздан хикмет төгілген кезде жүректеріңде қулық және бұзақылық болып жүрмесін. Әйтпесе, **«Адамдарға жақсылықты бұйырып, өздеріңді ұмытып кетесіңдер ме?» -** (Бақара сүресі 44-аят) деген аят бойынша жазаға тар-тыласыңдар.

Жүректеріңді тазартыңдар, өйткені жүрек тазалығы сыртқы тазалықтан да маңызды. Аллаһ Тағаланың киімге емес, жүрекке қарайтыны белгілі. Шариғаттың шегінен шықпай, Аллаһтан басқаға ауытқып, басқаны іздемеңдер.

Мырзалар! Кішіпейілділікпен, байыптылықпен есік қаққан адамға есік ашылады. Ішке қабылданады. Ішке бас иіп кірген адам құрметпен күтіледі.

❀❀❀

Абдулхалық Гуждевани (құддисә сирруһ) **(ө. 1189)**

«Ей, ұлым! Саған мыналарды өсиет етемін. Қандай жағдай болмасын бәрінде ілім, әдеп және тақуалық жолында болғайсың! Өткендердің кітаптарын оқы және Әһли сүннет уәл жамағаттың жолымен жүр! Намаздарыңды, қалайда жамағатпен оқы! Жүрегіңде атаққа деген бейімділік бар болса, имам немесе азаншы болма! Атақтан шамаң келгенше аулақ бол! Атақта апат бар! Мәртебелерге де көз тікпе. Үнемі өзіңді төмен ұста! Шамаң жетпейтін нәрсеге кепіл болма! Халықтың саған қатысы жоқ ісіне араласпа! Пасық басшылармен бірге болма! Әр жағдайда тепе-теңдікті сақта! Мөлшерден тыс жақсы дауыс тыңдауға құштар болма. Ол рухты қарайтып, екі жүзділік тудырады. Осылай бола тұра тамаша дауысты жоққа шығарма. Онымен азан, Құран оқылып, рухқа шабыт сыйланады. Аз же. Аз сөйле. Аз ұйықта. Және ғапыл адамнан арыстаннан қашқандай қаш! Фитнә (бүліншілік) кездерде жалғыздықты таңда. Пайдасы үшін пәтуә беріп, дінін жеңіл санағандардан, менменшіл байлардан және надандардан аулақ бол! Адал азықтан же. Күмәнді істерден (халал

не харам екені белгісіз нәрселерден) сақтан және үйленетін кезде тақуалыққа көңіл бөл! Әйтпесе, дүниеге байланып, сол жолда дініңе нұқсандық келтіресің. Көп күлме. Әсіресе қарқылдап күлмеуге тырыс! Көп күлу – жүректі өлтіреді. Бірақ, жайдары жүзді болып, күлімсіреуді тастама. Барлық адамға мейірімділікпен қара, ешкімді қор санама! Өз сыртыңды шектен тыс әшекейлеме. Өйткені, сырттың әшекейі іштің бұзықтығынан туындайды. Таласпа. Ешкімнен ештеңе сұрама. Ондайдан аулақ бол. Қанағатқа бай бол. Арыңды сақта! Саған еңбегі сіңгендер мен сені тәрбиелегендерге опалы бол. Мал-жаныңмен оларға қызмет ет және олардың халін бойыңа дарыт! Оларды айыптаған ғапылдар екі дүниенің рахатына жете алмайды. Дүниеге және дүниеқор ғапылдарға көңіліңді бұрма! Көңілің қаяу, тәнің құлшылық етуге күшті, көзіңде жас, жүрегің жұмсақ болсын. Ісің ықыласты, дұғаң жалбарынышты, киімің қарапайым, жолдасың Хақ достары, байлығың сыртқы және ішкі дін ілімдері, үйің мешіт және жақындарың Аллаһ достары болсын!

❁❁❁

Фәридуддин Аттар (құддисә сирруһ) **(ө.1119-1220)**

Сені ренжіткендердің кешірімін қабыл ал. Халықты ренжіткенді Аллаһ сүймейді. Мұндай мінез діндар адамға жараспайды. Зұлымдықпен бір жүрекке жара салған адам, сол жараны өз денесіне салғанмен тең. Өз айыбын көргендердің рухында бір қуат пайда болады.

Ақымақтың белгілері мыналар:

Өз айыбын көрмей, басқаның айыбын іздеу.

Көңілінде сараңдық тұқымын шашса да жомарттық күту.

Ахлағымен халықты риза етпеген адамның Аллаһ алдында ешқандай құны жоқ.

Науқастардың көңілін сұра. Өйткені, бұл Пайғамбар сүннеті.

Қолыңнан келсе шөлдегенді суға қандыр. Мәжілістерде адамдарға қызмет ет. Жетімдердің хал-жағдайын сұрасаң, Аллаһ сені азиз етеді. Өйткені, жетімнің бір сәттік жылағаны, ғарышты күңірентуге жетеді. Жетімді жылатқан залым тозақ отына отын болады. Наукас жетімді қуантқан адам өзіне жұмақтың есігін ашады.

Аллаһ жолында не берсең, ол сенің өз малың. Қалғанының есебі бар.

❁❁❁

Мұхиддин Ибнул-Араби (құддисә сирруһ) **(ө.1165-1240)**

Жүрегіңді Аллаһтың зікіріне үйретсең, қалайда жүрегің зікір нұрымен нұрланады. Сол нұрмен жүрек көзің ашылады.

Аллаһтың құлдарына мейіріммен, сүйіспеншілікпен қара. Мейіріміңді барлық жандыларға молынан шаш. «Бұл шөп жансыз, пайдасы жоқ» - деме. Иә, олардың пайдасы және көптеген қайыры бар. Жаратылысқа араласпа және оған Жаратушының мейірімімен қара.

Сұрағанды бос қайтарма. Жақсы сөзбен болса да, оның көңілін аула. Жылы жүзбен қара. Жақында Аллаһқа баратыныңды ойла.

Дүние-мүлік үшін Аллаһтан басқасы сені құл етпесін. Өйткені, сен – тек қана сені құл ретінде қабылдайтын Аллаһтың құлысың.

Аллаһтың мүмин құлдарына сәлем беру, тамақ ұсыну, қызмет ету арқылы сүйіспеншілік танытуың керек. Мүминдердің барлығы бір ғана адам, бір ғана тән сияқты екенін жақсы білгейсің.

Өзіңді жамағатқа үйрет. Аллаһтан қорқып жылауға тырыс. Аллаһтың жібінен ұстан. Аллаһ сүйіп, разы болатын нәрселерге көңіл бөл.

Хазіреті Мәуләнә (құддисә сирруһ) **(ө.1207-1273)**

Аллаһ Тағала пайғамбарлар мен әулиелерді әлемге рахмет етіп дүниеге жіберген. Сол үшін халыққа жалықпастан насихат етеді. Бұл насихаттарға құлақ аспай, қабылдамағандар үшін «Уа, Раббым! Сен оларды ая, рахмет есігін оларға жаппа!» - деп жалбарынады.

Сен есіңді жинап, әулиелердің үгіттерін жан-жүрегіңмен тыңда! Сөйтіп қайғыдан, қорқыныштан құтылып, рухани рахатқа қауышып, қауіпсіздікке жет!

Мүмкіндіктен айырылмай, күмәнданбай, бұл фәни дүниенің алдамшылығынан құтылған, өзін толықтай Хақ Тағалаға тәсілім еткен кәміл адамдардың етегінен ұста. Сонда ғана ақырзаманның, мына бұзылған дүниенің азғындығынан құтыласың!

Әулиелердің сөздері нәрлі, тұнық, мөп-мөлдір бұлақ іспеттес. Мүмкіндік қолда тұрғанда одан қанып іш, сөйтіп көңіліңде рухани бәйшешектер, гүлдер ашылсын.

Мырзам, әдеп адамның тәніндегі рух сияқты екенін біл. Негізінде әдеп – Аллаһ достарының көзі мен көңілінің нұры. Егер шайтанның басын алғың келсе, көзіңді ашып қара, шайтанның бас кесері – әдеп.

Көзіңді ашып, бастан-аяқ Аллаһтың сөзі болған Құран Кәрімге қара! Құранның барлық аяттары әдепті үйретеді.

Сен барыңды, жоғыңды, малыңды, мүлкіңді беріп тұрып көңіл аула. Сөйтіп сол көңіл мазарда, қап-қараңғы түнде, саған жарық нұр берсін.

Хақ досы болған адаммен бір сәт бірге болу – бір өмірге бедел. Одан түскен бір қыл – құнды бір байлыққа бедел. Бірақ, Хақ достарына кереғар мінезді, қатты жүректі адамдармен бірге болу – сөйлесу былай тұрсын, оларды көрмеу және олардан аулақ болу дүниедегі байлыққа бедел.

Өз көңіліме айттым: «Алда болуға әуестенбе, сыпайылықтың дауасы бол. Ашытатын тікен болма. Ешкімнің саған жамандығы тимесің десең, жаман ауызды болма. Жамандықты үйретуші болма. Жамандықты ойлаушы болма. Әрқандай жағдайда салих амал істеуші бол.

❀❀❀

Ибраһим Дәсуки (қүддисә сирруһ) (ө. 1277)

Ұлым! Саған әулиелердің дұғасын алу керек. Тәбәрік ретінде олардың жәрдеміне қол жеткізуді қалағайсың.

Ей, Құран Кәрімді оқып, жаттаған адам! Оны жаттағаның үшін көп мақтанба. Өз халіңе қара. Оның шарты бойынша амал етіп жүрсің бе? Әлде амал етпей жүрсің бе?

Ей, Ұлым! Әдебиеттегі талас, нақыл, жылтыр сөз сияқты пайдасыз нәрселермен айналысуды қойып, тыныштал. Ықыласты таңда. Сол жолда салих амал істе және нәпсіңе бағынба.

Шариғат пен ақиқатты бойына жинаған адаммен бірге бол. Ол жолда саған ең көп көмегі тиетіндер, сондай кісілер екендігін ұмытпа.

Ұлым! Үнемі сүннетпен амал еткеніңді қалаймын. Бұл жолда қажет болған әдептілік негіздерін де сақтағайсың.

Батыл бол. Өз көлеңкесінен үркетін қорқақтардан болма. Қандайда бір қиыншылық, сонда ғана сені жерге жықпас.

Аллаһ сүйіспеншілігіне бөлен. Тіпті, онымен ғашықтық халде бол.

Балаларым! Біреуді ғайбаттағыларың келсе, әкелерің мен шешелеріңдіғайбаттаңдар.Өйткеніолар(одүниеде)сауаптарыңды бөліп алуға басқалардан әлдеқайда лайық.

Аллаһ Тағала бір күнде жетпіс екі рет құлдарының жүрегіне назар салады. Олай болса, жүректеріңді таза ұстаңдар. Тамаша әрі нұрлы етіңдер. Өйткені, ол жер Раббыңның назар салатын орны.

Ей, бауырым! Өзім бір нәрсе тындырдым деп ойлаушы болма. Ораза ұстасаң, оны саған Аллаһ ұстатқанын, намаз оқысаң, оны Аллаһ оқытқанын, бір іс істесең, оны Аллаһ істеткенін біл. Тақуалық дәрежесіне жетсең, сені жеткізген Аллаһ, рухани-материалдық бір нәрсеге ие болсаң, оны саған берген Аллаһ.

Ей, ұлым! Барлық адамдар мен жындардың құлшылығындай амалың да болса, «мен» деуден сақтан! Өйткені, Аллаһ «мен» деушілерді шарасыздыққа душар етеді. «Мен» десең, рухани-материалдық дәрежең төмендейді. Осыларды ұмытпа!

❁❁❁

Бахауддин Нақшибәнд (қуддисә сирруһ) (ө.1318-1389)

Біздің жолымыз – Аллаһ Тағала көрсеткен бостандық жолы. Өйткені, бұл жол – сүннетті ұстану жолы. Сахабалардың ізін басу. Сол себепті, жолымызда аз уақытта көп нәрсеге қол жеткізіледі.

Жолымыз – сұхбат және сүйіспеншілік жолы. Сахабалардың да жолының сұхбат болғаны сияқты... Жақсылық пен берекет – бірге болуда. Бірге болу да сұхбатпен іске асады. Жалғыз өмір сүруде (халуәт) - атақтың қаупі болуы мүмкін. Атақ болса, ол – рухани апат.

Біздің жолымыздағы адам мына үш нәрсеге абай болуы керек:

Біріншісі, Аллаһ Тағалаға әдепті болу. Яғни, жан тәнімен құлдық халінде болуы керек. Аллаһ Тағаланың барлық әмірлерін орындап, тыйғандарынан тыйылып, Аллаһ Тағаладан басқа барлық нәрсені көңілден шығарып, нығметтерді Аллаһ жолында қолдану керек.

Екіншісі, Расулұллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әдепті болу. Бұл да ғибадат, қарым-қатынас және барлық іс-әрекеттерде Оған сүйіспеншілікпен ұю.

Үшіншісі, саған жол көрсеткен Хақ достарына әдепті болу. Жейтін тамақ, ас немқұрайлықпен, ашумен және ынтасыз әзірленген болса, онда қайыр, берекет жоқ. Өйткені, оған нәпсі мен шайтан араласқан болып, оны жеген адамда фәйз бен шаттықты бұзатын кері нәтиже пайда болады. Надандыққа салынбай әзірленген және Аллаһ Тағаланы ойлай отырып, жеген адал және таза тамақтардан жақсылық пайда болады. Адамдардың ықыласты болып, салих амал жасауға мүмкіндік таба алмауының себебі тамақ ішіп-жегенде харамға, күмәнді нәрселерге және құл хақына абай болмағандығынан. Қандай жағдайда болмасын, әсіресе намазда шабыт пен тыныштықта болу, ынтамен көз жасын төгіп тұрып намаз оқу, адал тамақ жеу және тамақты Аллаһ Тағаланы еске ала отырып пысырып, Оның алдында тұрғандай сезініп жеумен байланысты. Тәні харам тамақпен қоректенген адам намаздан ләззат ала алмайды.

Аллаһ Расулының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм);

«Намаз – мұминнің миғражы» (Суюти, Шәрху ибн-Мәжә I, 313) деген сөзінде шынайы намаздың дәрежелеріне ишарат етеді. Намазда тұрған адамның алғашқы тәкбірді алған кезде, Аллаһ Тағаланың ұлылығын ойлап, шабытпен және ықыласпен тұруы керек. Бұл халін есінен айырылуға дейін жеткізуі керек. Бұл халдің шыңы Расулұллаһта (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көрініс тапқан.

«Лә иләһә иллаллаһ» сөзінің ақиқаты бойынша Аллаһ Тағаладан басқа ешбір нәрсені жүректе пұтқа айналдырмауы тиіс. Ислам дінінің бұйрықтарын орындап, тыйымдарынан аулақ болу, харамдарды, күмәнді нәрселерді, тіпті, артық мұбахтарды да тәркі етіп, рұқсаттардан аулақ болу, мұбахты қажетті мөлшерде қолдану – толығымен нұр мен зейнет болмақ. Сонымен қатар, әулиелік дәрежеге жеткізетін бір дәнекер. Осы амалдардың арқасында Аллаһтың досы болады. Бұлардан тыс қалғандардың барлығы, осыларға абай болмай, нәпсісінің қалауына бағынғандар болып табылады. Әйтпесе, Аллаһ Тағаланың фәйзі әр сәт, әркімге де келеді.

Мәуләнә Халид Бағдади (құддисә сирруһ) (ө. 1826)

Саған Аллаһқа мойынсұнуыңды және тақуалықта болуыңды, қайда болсаң да адамдарға ауыртпалық тигізбеуіңді, әсіресе, Харамәйнде тіпті де абай болуыңды ескертемін.

Сені ғайбат та етсе, сен ешкімді ғайбаттама. Ешкімнің дүние-мүлкінен бір нәрсе алма. Шариғат алуды халал қылғанын ал және оны жақсылыққа жұмса. Мүмин бауырыңның аш, пақыр екенін көре тұра, әуестігің үшін мал шашып рахаттанба. Ешқашан өтірік айтпа. Ешкімді қор тұтпа. Нәпсіңді әркімнен жоғары деп санама. Жүрекпен және тәнмен орындалатын ғибадаттарға барлық күш-жігеріңді сал. Сонымен бірге нәпсіңе «Ешқашан қабыл болатын бір жақсылық істемедім,» деген ойды қабылдат. Өйткені, ғибадаттардың рухы – ниет. Ниет болса, тек ықыласпен ғана мүмкін болады. Сенен де үлкендерге ықылас керек болса, саған қалайша керек болмасын? Аллаһ Тағаламен ант етемін! Анамнан туылғаннан бері Аллаһ алдында қабыл болуға лайық және ұнамды болып, есебі сұралмайтын бір ғана жақсылық жасағаныма сенбеймін.

Егер өз нәпсіңді барлық жақсылықтарда құрдымға кеткен деп санамасаң бұл – надандықтың ең шегі. Егер оны құрдымға кетті деп ойласаң, Аллаһтың рахметінен де үміт үзбе.

❀❀❀

Мұса Мырза (құддисә сирруһ) (ө.1918-1999)

Мүминнің көңіл әлемі мен кемелдігі іс-әрекеттерінде көрініс табады. Бұлардың ең бастыларының бірнешеуі мынадай:

Үнемі кішіпейіл болуы, уақыты мен демінің қадірін біліп, ысырапшылдық жасамауы, Аллаһтың құлдарын сүйіп, олармен таласпауы, алдындағы адаммен діни дәрежесіне қарай

қатынасуы, қателікті жасырушы болуы, харам мен халалға абай болуы және басқалар кішкентай санаған күнәларды үлкен көруі керек. Өйткені, күнәсін кішкентай деп санап мән бермеген адам, Құдай сақтасын, Аллаһ Тағаланы кішкене деп санағанмен бірдей.

Жаратушымыздың ризашылығы жолында таң сәрілерді намаз, зікір, дұғалармен безендірейік. Алдымен отбасы мүшелеріне және үйдегі үлкендерге қызмет етейік. Дүниеқорлармен бірге болуды азайтып, ізгі –салихтармен бірге болайық. Басқа туыстарымыз бен мұқтаждарға қызмет етіп, тілімізбен, ділімізбен болсын, материалдық жақтан болсын көмектесейік. Ең маңыздысы харам мен халалға көңіл бөлейік. Сонымен қатар құлшылығымызға нұқсандық келмесі үшін көшеде, адамдар арасында жүргенде абай болуымыз керек.

Барлық қателіктеріміз, қапыда қалып күнәға түсуіміз, рухани әурешілдігіміз зікірден ұзақ болған сәттерде болады. Зікірдің рухани халін сақтағандарда дүние уайымы, қайғысы, тіпті, қажеттен тыс дүние қуанышы да болмайды. Үнемі шабытта, жомарт және жаратылғандарға мейірімді болу, сол бостықтың орнын толтырады. Яғни, сүйіспеншілік, үнемі сүйіспеншілік... Аллаһ Тағала өзін сүйген құлды сүйіспеншіліктің дариясына шомылдырады. Ал, ол адам Аллаһ Тағаланың сүйдіргенінше, сүйілуге лайықты болғандарды сүйеді.

Адам баласы өзі мүшесі болған қоғамына, Аллаһ ризашылығы үшін тамаша қызмет етуді «маңызды міндетім» деп білуі керек. Сол қоғамның өміріне, тәртібіне, тыныштығына қызмет еткен адамның сол қоғамның ішінде өте бағалы орны бар деген сөз. Сонымен қатар оның сауабы мен сыйы да соншалықты үлкен болмақ.

Хадис шәрифте:

سَيِّدُ الْقَوْمِ خَادِمُهُمْ

«Бір қауымға қызмет еткен адам – (сауап пен сыйлыққа ие болу жағынан) сол қоғамның ең үлкені» - (Дәйләми, Мүснәд II, 324) делінеді.

Көптеген адамдар ғибадат пен тақуалыққа көп көңіл бөлгенімен, Аллаһ Тағаланың сипаты болған «сәттарул-ұйюб», яғни, айыптарды жасырып, кемшіліктерді кешіру қасиетіне немқұрайды қарайды. Сол себепті, тура қалағанындай дәрежеге көтеріле алмайды. Алайда кешірімді болу, айыпты жасыру, көркем мінездің ең маңыздыларының бірі. Аллаһ Тағала біздей құлдарының шексіз кемшіліктері мен қателіктерін жасырып, кешіргені сияқты, біз де кешірімді болуымыз керек. Өйткені, Аллаһ сүйіспеншілігіне ие болғандар, кешіруді біледі.

Нағыз мықтылық - осы алай-дүлей дүниеде және мыңдаған жұмыстар ішінде Хақ Тағаламен бірге бола білу. Бұл - сондай ұнамды жағдай, Аллаһ Тағаланың құлына бергені, яғни, сыйы. Міне осы өте үлкен міндетті түсіне алсақ, дүниенің өткінші ойыншықтарына алданудан да құтыламыз.

Аллаһ Тағаланың, құлына берген ең үлкен нығметтерінің біреуі - сол құлына әлсіздігін білдіруі.

Осы руханият жолында қол жеткізген бәлкім, ең үлкен нығметім, қателіктерімді көруім болды. Раббымның алдындағы шарасыздығымды түсіндім. Осылайша ешкімнің қатесін көруге, онымен айналысуға шамам болған жоқ. Аллаһқа осылардың барлығы үшін шүкіршілік етудемін.

❀❀❀

Уа, Раббымыз! Хақ достарының көңілдеріндегі махаббат отынан бізге де нәсіп еткейсің! Рухани медеттеріне бөленген Хақ достарының фәйзді ескерту, жол көрсету және насихаттары бойынша жүруді нәсіп еткейсің.

Әмин!

АЛТЫНШЫ ТАРАУ

Тасаввуфи қиссалар мен ғибраттар

Әдеп уа, һу!

Достықтың шыңына Жаратушы арқылы жеткен Хақ достары барлық адамзаттың мәңгілік досы болып қалады.

ТАСАВВУФИ ҚИССАЛАР мен ҒИБРАТТАР

Алдыңғы тарауларда да аздап тоқталғанымыздай, тасаввуф «қалдан» (сөз, нақыл) гөрі хал ілімі, яғни сөз емес ішкі жан дүниемен, іс-әрекеттің кемелдігіне байланысты ілім болғандықтан, әулиелердің көңіл дүниесінен өмірге шағылысқан фәйз бен сұлулықтарға толы. Әуелден бері «қисса», «әңгіме» сияқты атаулармен адамдарға жеткізілген бұл сұлулықтар иманды толықтыратын, ахлақты кемелдендіретін, иләһи сүйіспеншілік пен махаббат бұлағын ағызатын және мейірімділік, кешірімділік, кішіпейілділік сияқты пәк сезімдерге нәр беру тұрғысынан адамдарға бағыт беретін әсерлі бір ролге ие. Сондай-ақ, Құран Кәрімде де жиі кезігетін қиссаларда оқиғалардың нақты өмірден алынуы, содан кейін олардың көңілдегі әсерін ортаға салуы адамның кемелденуі жолындағы иләһи бір сарын екендігі байқалады.

Біз де осы иләһи сарынға сүйене отырып, алдыңғы тарауларда қисыны келгенде әр түрлі мысалдар келтіргеніміздей, осы тарауда да айтпақшы болған тақырыбымыз бен ақиқаттарға тағы бірнеше айқын мысал келтіру арқылы, тасаввуфи ақиқаттардың сөздегі емес, көңілдегі жағдайын көрсетуге тырыстық.

Сонымен қатар, осы қиссалар қамтыған мағыналарға байланысты қажетті жорамал, тәфсір және ескерту ретінде айтылатын

жәйттарды да қысқаша баяндауға тырыстық. Қорыта айтқанда, бұл тарауда оқырмандарымызға мұтасаввуфтардың дариядай ахлағы мен ізгілік дүниесінен бірнеше тамшы ұсыну.

НАҒЫЗ БІЛІМ

Сами мырза Хазіреті Дарул Фүнунның (Стамбул университеті) заң факултетін жаңа бітірген кезі еді. Оның тамаша халі мен пәк жүзін ұнатқан бір Хақ досы:

«Балам, бұл ілім де жақсы, бірақ, сен негізгі ілімді алуды ойла. Сені парасат мектебіне тіркейік. Сол жерде көңіл ілімдері мен ақырет сырларын үйрен. Ол мектепте қалай сабақ жүргізетінін, қалай тәрбиелейтінін білмеймін. Білетінім - ол білімнің алғашқы сабағы ренжітпеу. Соңғы сабағы ренжімеу» - деді.

ҚИССАДАН АЛАР ҮЛГІ:

Ренжітпеу оңайырақ. Бірақ, ренжімеу өз қолымызда емес. Өйткені, ол бір көңіл мәселесі. Демек, ренжімеу тек қана фәнилерден келген улы оқтар жүрекке қадалса да әсерсіз қалуы арқылы мүмкін болмақ. Бұл да нәпсі мен жүрек тазалығының кемелдік дәрежесіне байланысты. Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Тайфта тастың астында қалып қорланған кезде періштелер:

«Ей, Аллаһтың Расулы! Қаласаң мына екі тауды бір-біріне соғып, осы жердің залым халқын жойып жіберейік» - деген еді.

Бірақ, бұл әлемге рахмет шуағы ретінде жіберілген ұлық Пайғамбар періштелердің бұл ұсыныстарын қабылдамағанымен қоймай, мейірімге, сүйіспеншілікке толы мүбәрак жүзін Тайфқа бұрып, тұрғындарының һидаятқа жетуі үшін дұға етті.[1]

Пайғамбар ғашығы Халлаж Мансұр да тастың астында алынғанда:

[1] Бұхари, Бәдул-Халқ 7; Мүслим, Жиһад 111.

«Аллаһым! Бұлар білмейді, менен бұрын оларды кешір!»-деп дұға еткен еді.

Бұл – нағыз білімнің арқасында, яғни, рухани тәрбиенің нәтижесінде қол жеткізетін таза жүрекке тән хал.

Әбул Қасым әл-Хакимнен таза жүректің сипаттарын сұрағанда былай деген:

«Таза жүректің үш сипаты бар:

Бірінші, ренжітпейтін жүрек

Екінші, ренжімейтін жүрек.

Үшінші, жақсылықты Аллаһтың ризалығы үшін жасап, беделін күтпейтін жүрек.

Өйткені, мүмин кісі Аллаһ Тағаланың құзырына ешкімге зиян тигізбесе, тақуалықпен; жүрегін Раббысына бұрып, ешкімге ренжімесе, опамен; істеген салих амалдарына фәниді ортақтастырмаса ықыласпен шығады».

Бұл жайлы шайыр қандай жақсы айтады:

Ей, ғашық!
Жаһан тауында адам мен жынның мақсаты мынау;
Не, ешкім саған ренжімесін,
Не, сен ешкімге ренжіме!

РУХАНИ ТӘРБИЕДЕ ӘДІС

Шах Нақшибәнд Хазіреті тасаввуф арқылы жүректі тазартып, нәпсіні тыю жөнінде байқаған сырларын былай баяндаған:

«Біз мүридті қажетті түрде, яғни, оның халіне қарай тәрбиелейміз. Қажет кезінде жәзбә (тартылыс), қажет кезінде сүлук жолын таңдаймыз. Сұхбатымызға келген кейбіреулердің көңілдерінде махаббаттың дәні бар екендігін, кейбіреулерінде жоқ екендігін немесе нәпсілік байланыстар себепті сол дәннің шірігендігін білеміз. Біздің міндетіміз осы фәни байланыстар-

ды тазартып, көңілге махаббат дәнін егіп, егілгендерді ақиқат зәмзәмімен суарып, өсіріп, мағрифатұллаһ күнімен ықылас көшетіне айналдыру.

Зікір ұсынуға келер болсақ, ол - адамның қолына шақпақ тасты беру сияқты. Осыдан кейінгі нәтиже, яғни, шақпақ тасты жанып ғашықтық отын шығару, ол – мүридтің жұмысы».

СӨЗ ТҮЙІНІ:

Тән аурулары қандай әр түрлі болса, оларды емдеудің жолдары да бір-бірінен қандай өзгеше болса, рух пен көңіл аурулары да сондай әртүрлі, бір-бірінен өзгеше. Бұл тұрғысынан парасат пен көрегендікке ие болған Аллаһ достары рухани тәрбиеде алдындағы адамдардың жағдайына қарай ауруды айқындап, емдеу жолын таңдайды. Кейбіреуге Ибраһим бин Әдһәмда байқалғаны сияқты:

«Тәж бен тақты таста!» - деп кеңес берсе, кейбіреуге Фатих Сұлтан Мехмед Хандағы сияқты:

«Егер бұл міндетті тастасаң және сенен де лайықты біреу келмесе, обалына қаласың» деп ескертіп, жол көрсету мен назарларын дәруіштің көңіл дәрежелеріне қарай іске асырады.

Кейбірін сумен, кейбірін отпен сынайды. Сондықтан тәні ауырған адам қалайша шипа табуы үшін дәрігерге мойынсұнуы және берген дәрілерін қолдануы шарт болса, жүрек (рухани) ауруларында да жағдай солай. Тіпті, одан да нәзік. Өйткені, тәнді емдеудегі немқұрайдылық, тек осы дүниеге ғана тән зиянға ұшыратса, көңілеміндегі немқұрайдылық мәңгілік өмірді қасіретке айналдырады.

❀❀❀

ИБРАҺИМ БИН ӘДҺӘМ мен КИІК

Ибраһим бин Әдһәм алғашында Балхта салтанат пен атаққа салынған бір патша еді. Оны бұл құмарлығынан құтқарып,

ақыреттегі өмірінде де рахатқа кенелуі үшін, сол кездің ариф пен сопылары ауық-ауық оған ғибратты ескертулер жасап отырған еді.

Мәшһүр риуаят бойынша бір түні сарайының төбесінен ғажайып дауыстар естіп, ұйықтай алмаған ол:

«Онда не істеп жүрсің?» - дейді.

«Түйемізді жоғалттық, соны іздеп жүрміз!» - деген ыңғайсыз бір жауап берілді:

Ибраһим бин Әдһәм ашуланып:

«Үй төбесінен түйе іздеуге бола ма?» - дейді.

Бұл жолғы жауап өте мәнді және ғибратты болады:

«Ей, Ибраһим! Үйдің төбесінен түйе ізделмейтінін білесің, бірақ, мына өмір сүрген дүниелік думан мен салтанат арасынан мәңгілік бақыттылықтың ізделмейтіндігін неге ойламайсың?» - дейді.

Басқа ғибратты ескертулерге қарағанда бұл сөздер Ибраһим бин Әдһәмға әжептәуір әсер етеді. Бірақ, ол біраз уақыттан соң оны да ұмытқандықтан, жағдайында қандай да бір өзгешелік байқалмайды.

Осылайша күндер өтіп жатады. Бір күні Ибраһим бин Әдһәм нөкерлерімен бірге киік аулауға шығады. Бір кезде нөкерлерінен ажырап қалады. Сөйтіп, бар ынтасымен аң іздеп жүргенде, құлағына «оян» деген дауыс естіледі. Ол оған онша көңіл бөлмейді. Сол дауыс қайта қайталанады. Сосын тағы. Сосын жан-жағынан сондай дауыстарды ести бастайды:

Ол дауыстар «Өлім сені оятпас бұрын, сен өзің оян!» - деген дауыстар еді.

Ибраһим бин Әдһәм әрі таңданып, әрі қорқып кетеді. Сол кезде алдынан тамаша бір киік шығады. Сосын Ибраһим бин Әдһәм сол нәзік жануарды ауламақ болады. Алдындағы естіген сөздерді ұмытып қорамсақтан бір оқ алып, садағына салады. Нысынаға

алады. Енді ататын кезде, нәзік киік көзін Ибраһим бин Әдһәмға тігіп, тілге келеді де:

«Ей, Ибраһим! Рахман Аллаһ сені мені ауласын деп жаратты ма?» - дейді.

Ибраһим бин Әдһәмның өне бойы дірілдеп кетеді. Көздерін бұлт торлап, атынан секіріп түсіп, Хаққа сәжде етеді. Тәубеге келеді. Аллаһ Тағалаға жалбарынып:

«Ей, мейірімі мен жомарттығы шексіз Аллаһым! Менің халіме де назар сал! Қаншама уақыттан бері думандатып, өмірімді зая еттім. Ей, Аллаһым! Мейіріміңмен көңілімді жу. Жүрегімде Саған деген сүйіспеншіліктен басқа ештеңе қалдырма!» - дейді.

Сосын Ибраһим бин Әдһәм көзін басқаша бір әлемге ашып, иләһи атмосфераның тамашасына батқан еді. Сол тамаша тыныс ондағы сұлулық туралы бұрынғы басқаша түсініктерін толықтай өшірген еді. Осылайша күнде таңертең мақтанмен киетін сұлтан киімдері мен кеудесін керген Балх патшалығы көңілінде барлық атағы мен сұлулығы өз мәнін жойып, көзіне түкке тұрғысыз көріне бастайды.

Осы халмен көзі тәубенің жасына толы, жүрегі өкініш отына жанған Ибраһим бин Әдһәм сахараға қарай жолға шығады. Біраз жүрген соң бір малшыға жолығады. Қасына барып оған өз киімін шешіп беріп, оның шапанын алып үстіне киеді. Сол сәтте көңіліне бір рахаттық сезімі ұялайды. Қойшы бұл жағдайға таң қалып, ішінен: «Патшамыз ақылынан адасқан екен...» деп ойлайды. Алайда, Ибраһим бин Әдһәм ақылынан адаспаған еді. Керісінше, есін енді жиған еді. Ол, киік аулауға шыққанда, Аллаһ Тағала оны бір киік арқылы оятқан еді.

ҚИССАДАН ҮЛГІ:

Дүние мен ақыреттің бірін таңдауға келген кезде ақыретті таңдағандар мәңгіліктің сұлтаны болып, шексіз сыйлықтарға қол жеткізеді. Ал дүниені таңдағандар болса, бұл әлемде сырттай сұлтан болғанымен, шындығына келгенде мәңгілік әлемнің

қайыршылары болатыны еді. Міне осы сырды түсінген Ибраһим бин Әдһәм өзінің оң жолға келуін патшалықты тастау деп біліп, сол жанқиярлығы мен ерлігі арқылы мәңгіліктің сұлтаны болды. Оның алдынан шыққан киік, оған бір ескертуші еді. Сондай-ақ, бұл бір қарағанда оның көңіліндегі ықылас пен шынайылықтың берекеті де еді. Негізінде оның көңіл жағдайы иләһи атмосфераға қадам бастыратын себептердің алдынан шығуына және Хақ Тағаланың ұлы көріністеріне бөленуіне, патшалықты тәркі ету сияқты үлкен ерліктің оған жеңілдетілуіне әрі соңғы бір сәтте қаншама сыйға бөленуіне дәнекер болған. Бұл әсерді бір ақын былай тұжырымдайды:

Хақ көрініс тапқан кезде қолайлы етіп бар істі,
Себептерін жаратып, бөлер сыйға бір сәтте.

❁❁❁

ХАҚ ЖОЛЫНА ДАҚ ТҮСІРМЕУ

Бұл жол, яғни, тасаввуф жолы – Хақ нұры көрініс тапқан, жарқыраған бір көкжиек. Ешқашан өзіне дақ түсіруді қабылдамайды. Бұл жолдың негізі мен рухын көргендер одан ешқашан дінге кереғар хал таппайды.

Сондай-ақ Шах Нақшибәнд Хазіретінің рухани ықпалында қарапайым топтардан да, зиялы топтардан да шәкірттері бар еді. Хұсамәддин Хаже (Қожа) Юсуф сияқты Бұхараның алдыңғы қатардағы ғалымдары оның сұхбаттарына қатысуға жан салатын. Бірақ, кейбір ғалымдар мұны араларында талқылап, Бахаудин Нақшибәнд (құддисә сирруһ) хақында артық-кем сөйлей бастайды. Ақыры бір күні бұл қарсы топ Нақшибәнд Хазіретімен бір мәжілісте бетпе-бет жолығып, қарсылықтарын баяндайды. Бахаудин (құддисә сирруһ) оларға:

«Келіңдер, жолымызды сендерге түсіндірейік. Егер Құран мен сүннетке қайшы жері бар болса айтыңдар, одан баз кешейік» - дейді.

Хазіреті Пірдің айтқандарын естіп, бұл ұлық тасаввуф жолын жан-жақты сараптан өткізген ғұламалар, көздерімен көрген бұл ұлы ақиқаттың алдында қарсы болатын ештеңе таба алмайды. Сосын әдептілікпен: «Тақсыр, жолыңыз сыраты мүстақим екен. Бұдан кейін қарсылығымыз жоқ!» - дейді.

ҚИССАДАН АЛАР ҮЛГІ:

Бұл оқиғадан түсінетіміз – нағыз тасаввуф жолының Құран мен Сүннетті ұстануда өте байыпты, шынайы болғаны. Ұстанушыларына осы бағыт бойынша әрекет етуді меңзеген Шах Нақшибәндінің сыртқы ілімде ғұламалармен ұстаспай, керісінше «Егер Құран мен сүннетке қайшы жағы болса айтыңдар, одан бас тартайық»-деуі, бағыттың бұл жолдағы маңыздылығын білдіреді. Сондықтан бұл жолды ұстанушыларға қажеттісі – байыптылық танытып, бұл тап-таза жолға дақ түсірмеу. Ал, ғұламалар болса – шынайы салих ғалымдар. Егер олар «жаманшылық ғұламасы» деп аталатын жүректері мен ілімдері бұзылған, Хақ жолына қайшы әрекет ететін, ықылас пен тақуалықты көзге ілмейтін, Аллаһ достарының қасиеттерін жоққа шығаратын және Құранның сөзімен айтқанда, аз бір дүниелік үшін Аллаһтың аяттарын сататын надандар болған болса, олар мүлде басқаша шешім шығарған болар еді.

❀❀❀

КЕРЕМЕТ

Бір күні мүридтері Шах Нақшибәнд Хазіретінен керемет көрсетуін сұрайды. Хазірет:

«Біздің кереметіміз айқын. Қараңдаршы, мойнымызда осыншама күнә жүгі бола тұра тік тұрып, жер бетінде жүре аламыз. Осыдан да үлкен керемет бола ма екен?!» - дейді.

Сосын тасавуфта маңызды болған нәрсе керемет емес, истиқамәт екендігін тағы бір рет ескертіп былай деді:

«Бір адам бір бақшаға кірсе және сол жерде әрбір ағаштың жапырақтарына тіл бітіп:

«Ей, Аллаһтың әулиесі хош келдің!» - дегенін естісе, сырттай да іштей де бұл дауысқа ешқашан ілтипат етпеу керек! Керісінше құлшылықтағы қажыр-қайратын одан әрі арттыруы керек».

Сонда кейбір мүридтері:

«Тақсыр, қанша жасырсаңыз да сізден анда-санда керемет байқалады!» - дейді.

Сонда кішіпейілділіктің үлгісі болған ұлы адам:

«Ол көргендерің, мүридтерімнің кереметтері» - дейді.

Өйткені, ол өзінің ұлық халін соншалықты жасыратын. Тірі кезінде кереметтерін жазбақ болған мүриді Хұсамәддин Хаже Юсуфқа рұқсат етпеген еді.

❁❁❁

ДӘСТҮР (ҚАҒИДА):

Ислам ұлылары Хақ жолында өздеріне үнемі кереметті емес, истиқамәтті дәстүр етіп сондай жоғары мәртебелерге жеткен. Олар кереметтің арқасында ауада ұшқан құстан, суда жүзген балықтан артық мәнге ие бола алмайтындығын айтқан. Және де олар бірден-бір мағфираттың құс пен балықтың істегеніне еліктеу емес, Хақтың ризашылығын іздеп, жоғары бір құлдық сезімінде, истиқамәттен ажырамай өмір сүруде екендігін, әрбір жағдайды айтып, мұны халдерімен көрсетіп отырған.

❁❁❁

НАДАН ЖҮРЕКТЕРДІҢ ЫҚПАЛЫ

Һижри 1340 жылдың мүбәрәк бір күні Стамбул Аясофия мешітінде Құран Кәрім және мәуліт салтанаты бар еді. Мешітауласына дейін толы еді. Ғұлама да, шәкірт те жиналған. Сол кездің маңдай алды қарилары Құран Кәрім мен мәуліт оқи бастайды.

Бейлербейлік Әділ Бек деген руханият иесі және көреген бір адам күрсіге жақын бір жерде тыңдап отырады.

Аздан соң Әділ Бек рухани қысыла бастайды. Алайда, мұндай рухани атмосферада Құран мен мәуліт оқылып жатқан кезде көңілі қысылмауы керек еді. Әділ Бек таңданып айналасына қарайды. Қараса тура алдында жүрегі қара бір надан қарама-қарсы отырыпты. Осылайша сол қара, надан жүректен өзінің қысылғандығын түсінген Әділ Бек дереу орнын ауыстырады. Осылайша біраз рахаттанса да, әсерінен біраз уақытқа дейін арыла алмайды.[2]

ҚИССАДАН ҮЛГІ:

Салих адамдардан көңілге шабыт және рахаттық шағылысқаны сияқты, надан адамдардан мазасыздық және қаттылық шағылысады. Сондай-ақ, гүл бағында серуендеген жүректер мыңдаған хош иіске масаттанса, лас жерге тап болған рухтар да сасық иістерден тұншығады. Сол үшін де Аллаһ Тағала көңілдері бұзылған және айналасына үнемі жағымсыз әсер қалдыратын бұзақылар хақында:

«Аяттарымыз жайлы арлы берлі сөйлегендерді көрсең, олар басқа бір сөзге ауысқанға дейін олардан алыс тұр. Егер шайтан саған ұмыттырса, есіңе түскеннен кейін енді сол залымдармен (бірге) **отырма»** - (Әнғам сүресі 68-аят) деген.

Бұл иләһи әмірдегі сырды жүрегі сезімтал, нағыз құлдар тіпті жақсы түсінеді. Өйткені, жүректегі сезімталдық артқан сайын өлшем тереңдеп, көзқарастар перденің артындағы ақиқаттарды көре бастайды. Сезімдер әркім түсіне бермейтін нәрселерді сезеді. Осыған мысал ретінде Сейфи Бабаның мына бір халі өте ғибратты:

[2] Оқылған намаздың әсері жүректің жағдайына байланысты. Мағұн сүресінде Аллаһ Тағала: «Намазында немқұрайды болғандарға қандай өкініш? Істеген істерінде де риялық бар» - деп ескертеді. Демек, мешітте де ғапыл, яғни, рухани науқас адамдардың, тіпті, екі жүзділердің болуы табиғи нәрсе.

Сами Хазірет өте жақсы көретін Хақ достарының бірі Сейфи Баба көреген, руханиятты адам еді. Топқапыда тұратын. Бір күні Сами Хазіретке (құддисә сирруһ) зияратқа келеді. Бірақ, Хазіреттің үйіне кіре бере жығылып, есінен танады. Оны ішке кіргізіп, ұстаздың құзырына әкелетін адам сасқалақтап, үстіне су құйып, есін жидырған соң:

«Дереу дәрігер шақырайық!» - дейді. Сонда Сейфи Баба әлсіреп:

«Жоқ, ұлым! Дәрігер шақырма. Жағдайымның материалдық аурумен байланысы жоқ! Топқапыдан Еренкөйге келгенге дейін жолда кезіккен бұзықтар мен бұзық орындардағы ластық әсер етті және мына таза есіктен кіріп, іштегі руханиятқа жеткен кезде көңілім сол әсерге шыдай алмады. Осы жердегі рухани атмосфераның берекетімен және арифтердің сұлтаны Сами Хазіретінің көмегімен аздан соң жақсы боп қалармын» - дейді.

Қорыта айтқанда, надандардан шыққан жағымсыз әсерлер жүректі қандай қысса, салихтардан да жағымды және фәйзді әсерлер де көңілді сондай рахаттандырады. Сол себептен көңіл иелері таза, табиғи халдерін сақтап қалу үшін мүмкіндігінше надандардан аулақ, салихтарға жақын болуы керек. Осы орайда Хазіреті Дәуіт Аллаһ Тағалаға анда-санда былайша мінәжат ететін:

«Аллаһым менің надандардың мәжілісіне бағытталғанымды көрсең, сол жерге жеткізбей аяғымды сындыр. Олардың қасына бара алмайтын болайын. Осылай істесең мен үшін сый болар еді».

❀❀❀

ДОСТЫҢ ЕСІГІ

Әбу Сайд Нишабури Хазірет бір күні шәкірттеріне:

«Көліктеріңді әзірлеңдер, ауылға барамыз» - дейді.

Әзірленіп, Хазірет Пір бір топ шәкірттерін қасына ертіп жолға шығады. Нишабурда бір ауылға барғанда:

«Бұл ауыл қалай аталады?» - деп сұрайды. Жауап ретінде:

«Дәр-и дест, яғни, достың есігі» - дейді.

Сонда Әбу Сайд (құддисә сирруһ) ол жерге қонуды шешеді. Бір күн ерулеген соң кейбір шәкірттері:

«Тақсыр, ауылға баратын едік қой. Аттанбаймыз ба?» - деді.

Көңілі рухани сырға толы Әбу Сайд Хазірет оларға:

«Ғашықтың, дос есігіне жетуі үшін көп жол жүруі керек. Біз бұл жерге, яғни, «дос есігіне» жеткен екенбіз, енді қайда барамыз?» - дейді.

Сөйтіп ол жерде қырық күн тұрады. Көптеген рухани халдер болады. Ауыл тұрғындарынан көптеген адамдар Әбу Сайдтың (құддисә сирруһ) мүбәрәк әрі фәйзді сұхбатының себебімен тәубеге келіп, оның шынайы шәкірттері болады. Міне Хазіреті Пірдің «дос есігі» дегендегі негізгі мағына осы еді. Яғни, көңілдерді аулау. Өйткені, достың ризалық сарайының есігінің ашылуы, сол жерге тек көңіл аулап, апарумен ғана мүмкін болады.

ҚИССАДАН ҮЛГІ:

Бір көңілді аулап, дос есігін ашу көңілі отты, ғашық Хақ достарының ең үлкен ерекшелігі және өздерін ұлы қауышуға әзірлейтін салих амалдар тізбегінде бір махаббат дәстүрі болған. Осыдан барып, Шах Нақшибәнд Хазірет өзі жауапты болған жол көрсету міндетін сондай байыптылықпен және ерекше ынтамен орындайтын. Шәкірттерінің әрбір халіне көңіл бөлетін. Хазіреті Пір бір адамды зиярат етуге барғанда қал-жағдайын сұраған соң отбасы мүшелерін, туыс-туғандарын, ат-көлігін, тіпті, тауықтарына дейін сұрайтын. Солайша, ол адамның көңілін табуға тырысатын. Бір отырыста тамақ әзірленсе, әзірлегендерге сол тамақтан өзі ұсынатын.

МОЙЫНСҰНУ, ҚЫЗМЕТ, НАСИХАТ

Дәуіт Тайидің сұхбатына қатысушы ізгі бір адам Маруф Кәрһиге:

«Амалды тәрк етуші болма! Өйткені, амал сені Аллаһ Тағаланың ризашылығына жақындатады» - дейді.

Маруф:

«Амал дегенің не?» - деп сұрайды.

Ол:

«Қандай жағдайда да, Раббыңа мойынсұну. Мұсылмандарға қызмет және насихат» - деп жауап береді.

СӨЗ ТҮЙІНІ:

Хақ Тағалаға мойынсұнумен жасалған аз ғана ғибадат, мойынсұнбай жасалған таудай ғибадаттан әлдеқайда қайырлы. Өйткені, құлдық мойынсұнумен басталады. Сондай-ақ, шайтан ұлы құзырдан ғибадатының кемшілігінен емес, мойынсұнудағы кемшілігінен қуылған еді.

Қызмет болса, барлық пайғамбарлар мен әулиелер сынды дана тұлғалардың науқас кезінде де, тіпті, өлім төсегінде жатса да тайынбай істеген ерекше әрекеті. Бұл жағдай қызметті қалай ұстану қажеттігін білдіру туралы ариф адамдар үшін жеткілікті бір мысал. Қысқасы, қызмет – мейірімді және жомарт көңілдердің белгісі.

Кәміл мүмин – қызметкер және фәни болмысынан ажыраған халде өзін қызмет керуенінің ең соңында санайтын бір көңіл жомарты. Ол қайғылылар мен науқастардың қасында, қаралылардың жанында, үмітсіздердің басында, қасіретті және жалғыз қалғандардың достығында болуға тырысады.

Насихат етуге келер болсақ, бұл лайықты адамдарға тән мәселе. Өйткені, айтылған өсиет, қаншалықты өмірде жүзеге асырылуына қарай әсер етеді. Сол себепті, әркімнің насихат

айтуы дұрыс емес. Оған лайық адамдар, яғни, бұл жөнінде пайғамбар ұстанымы мен ахлағына бөленген адамдар ғана насихат айтуға лайық. Сонымен қатар осы қасиетке ие бола тұра, бұдан бас тартқанның жауапкершілігі мен есебі ауыр болмақ. Өйткені хадис шәрифте:

«Дін – насихат» (Бұхари, Иман 42) - делінген.

Сол үшін насихаттан қашу Аср сүресінде қасіретке себеп ретінде баяндалады. Әрине, насихатқа құлақ аспау да осы мағынаға кіреді. Яғни, ол да қасіреттің себебі.

Қысқасы, Хақ жолын ұстанушылар мойынсұну, қызмет және насихатты өздеріне баз кешілмес дәстүр етіп, сол мәңгілік бақыттылықтың құралы арқылы Хақ Тағаланың ризашылығын алуға қажыр танытуы керек.

❀❀❀

МАХЛҰҚТАРҒА (ЖАРАТЫЛЫСҚА) ҚЫЗМЕТ

Стамбулдың Ақсарай кентіндегі Уалида мешітін салғызған Пертеуниял Уалида сұлтан қайтыс болған соң, оны салих бір адам түсінде жоғары бір мәртебеде көріп, одан:

«Салдырған ғибадатханаң үшін Аллаһ Тағала сені осы мәртебеге көтерді ме?» - деп сұрайды.

Пәртәуниял Уалида Сұлтан:

«Жоқ» - дейді.

Сонда салих адам таң қалып:

«Олай болса, қайсы амалыңмен осы мәртебеге жеттің?» - деп сұрайды.

Уалида Сұлтан:

«Қатты жаңбыр жауып тұрған кез еді. Әйюб Сұлтан мешітін зиярат етуге бара жаттық. Жол шетіндегі іркілген судың ішінде бір қызыл шақа мысықтың марғауының тырманып жатқанын

көрдім. Арбаны тоқтатып, қасымдағы бажыға (әйелге)[3]

«Барып ана марғауды ал. Әйтпесе, бишара тұншығып қалады!» - дедім.

Әйел:

«Жоқ, Сұлтаным! Сенің де, менің де үстімізді кірлетеді», - деп әкелгісі келмеді.

Мен оны да ренжітпеу үшін өзім арбадан түсіп, тұнбадан әлгі күшікті құтқардым. Марғау дір-дір етіп тұрды. Жаным ашып, оны қойныма тығып, әбден жылыттым. Көп кешікпей ол жандана бастады.

Аллаһ Тағала бұл ұлық мәртебені, міне сол мысыққа жасаған азғана қызметім мен мейірімім үшін маған сыйлады».

ҚИССАДАН ҮЛГІ:

Адам рухының кемелдену ғарышына шығар жолы мейірімділік пен қызмет сатыларынан өтеді. Сондықтан, әрбір мұсылман қызмет пен мейірімділікті өзінің негізгі табиғатына айналдыруы тиіс. Бұл олардың ең ерекше сипаттары болуы керек.

❀❀❀

ХАҚ ДОСТАРЫНДАҒЫ СЫПАЙЫЛЫҚ

Мұса Мырза (қуддисә сирруһ) айтады:

«Бір қажылық маусымы еді. Құрметті ұстаз Сами Хазірет пен шәкірттері бәріміз Меккеде Бәйтұллаһқа жақын Түркістандық Абдұссаттар Мырзаның Жиад аумағындағы үйінде едік. Хазіреттің бөлмесі көше жақта, біздердің бөлмеміз ішке қараған жақта еді.

[3] Уалида сұлтанның қасында Судандық негр әйелдер жұмыс істейтін. Бұларды сарайда «бажы» деп атайтын. Судандықтар таза, арлы, ибалы болғандықтан Османдықтар сарайда қызметшілікке әсіресе соларды тартатын.

Бесін уақыты кезінде бөлмеміздің есігіне келіп:

«Сыртта біреу тамақ сұрап жүр-ау деймін!» - деді.

Мен беретін тамақты әзірлеп, есік алдына шыққанда ешкімді көрмедім. Күтпей кетіп қалған шығар деп ойлап, кейін қайттым. Сегіз-он минут өте бере, Хазірет қайта есіктен қарап:

«Әлгі пақыр қайта келді, ішке қарап тұр!» - деді.

Қайтадан тамақты алып, есік алдына шыққанымда, тілін салақтатып ішке қарап тұрған бір итті көрдім. Дереу тамақты сол қалпы алдына қойдым. Өте ашыққан болуы керек, бәрін жеп қойды».

ҚИССАДАН ҮЛГІ:

Міне ұлылардың кішіпейілділігі мен сыпайылығы осындай болады. Сами Хазірет итті өз атымен емес, адамдай көрген еді. Тіпті, көбінесе хайуандарды «махлұқ» деудің орнына, «Аллаһтың құлы» дейтін.

Өйткені, Жаратушы үшін жаратылғандарға көрсетілген көркем мінез, шындығында Жаратушыға көрсетілген, Оған шынайы көңілмен байлану, яғни, қалби сәлим деген сөз.

Қалби сәлимге ие болған адам достықтың бітпейтін көзіне жеткен адам деген сөз. Ол сөзсіз иләһи ләззат алған жағдайда болады. Өйткені, сәлим жүректер – Хақтың көрініс орындары. Ондай жүректер – жомарттық пен мейірімділіктің белгісі.

❁❁❁

ҚҰЗЫРДАҒЫ ЕРІК

Соңғы дәуір мұтасаввуфтарынан Шәйх Мұхаммед Нұрул Арабидің «адам еркін», яғни, шектеулі ерікті жоққа шығарғаны туралы сөз тарайды. Мұны естіген Сұлтан Абдұлхамит Хан Хазірет пірді құзыр сабағына шақырып, сол жерде одан бұл мәселені сұрауды бұйырады. Бұйрық орындалып, Шәйх Мұхаммед Нұрул

Араби құзыр сабағына шақырылады. Ол жерде одан мәселенің мән-жайы сұралады. Хазірет былай жауап береді:

«Әрине құлда шектеулі ерік бар. Жауапкершіліктің себебі де осы. Бірақ, әр кімде әр кез болмайды. Мәселен, мен де шектеулі ерікке иемін. Бірақ патшаның бұйрығымен келдім. Бұл жерден кетіп қалу менің қолымда емес. «Кел» десе келеміз, «кет» десе кетеміз. Демек, бұл жерде еркім, белгілі мөлшерде жоқ десе кетеміз. Демек, бұл жерде еркім, белгілі мөлшерде жоқ дегендей. Сол сияқты патшаның құзырында болғандықтан істейтін әрекеттерім де шектеулі. Кейбіреулер осы мысалдағыдай үнемі Раббысының құзырында болғандығын ойлап, өмір сүреді. Аллаһ әр жерде үнемі назарда ұстап, бақылап тұрса да көп адамдар өздерін тек намазда ғана Аллаһтың құзырындамын деп санайды. Алайда, белгілі бір рухани мәртебеге жеткендер әр сәт иләһи құзырда екендіктерін түсінеді. Мұндай адамда ерік бар ма, жоқ па өздерің айтыңдар» - дейді, бұл жауап патшаға ұнағандықтан, Шәйх Мұхаммед Нұрул Арабиге сый-сияпат көрсетіледі.

СӨЗ ТҮЙІНІ:

Құлдың еркі бар. Бұл ерік немесе күш оған Аллаһ Тағала тарапынан берілген. Аллаһ Тағаланың әрбір әрекетте еркі болуымен қатар, тек қана құлдың қайырлы ісіне разы болады. Шәкірт оқымаса ұстаз ештеңе істей алмайды. Және де дәрігердің міндеті ауруды сауықтыру болғанмен, ауру адам берілген дәріні ішпесе пайда болған жағымсыз салдарға аурудың өзі жауапты. Дәрігерді кінәлай алмайды.

Екінші, жағынан ерікті құзырындағы затқа тәсілім ету, одан да артығына ие болуға себеп болады. Яғни, құл ықылас шарттары ішінде өз қарауын Аллаһ Тағаланың шексіз назарына, қолдарын Оның шексіз құдірет қолына, тілін Оның шексіз кәләм сипатына, құлақтарын Оның шексіз естуіне тәсілім етсе, қарауы, сезуі және түсінуі ерекше артады. Яғни, бергендерінен ешқашан макрұм болмайды. Әрі әрбір тәсілім еткен (берген) нәрсесі, шексіз әлемнен оған қаншама мәңгілік несібелермен қайтады. Сол үшін үнемі Аллаһтың құзырында болғандығын

ойлап, ұлы ерікке тәсілім болған салих құлдар хақында Аллаһ Тағала құдси хадисте баламалы түрде:

«Олардың көрер көзі, естір құлағы, ұстар қолы боламын...» - (Бұхари, Риқақ 38) дейді.

❀❀❀

ӘДЕПТІЛІК

Дәуіт Тайи былай баяндаған:

«Жиырма жыл Әбу Ханифа Хазіретімен бірге болдым. Осы уақыт ішінде байқағаным, жалғыз кезінде де, қасында біреу отырғанда да жалаң бас отырғанын және дем алу үшін көсіліп отырғанын көрмедім.

Оған бір күні:

«Жалғыз отырғанда көсіліп отыруыңа қандай кедергі бар?» - дедім.

Ол маған:

«Аллаһ Тағала алдында әдепті болған абзал» - деді.

СӨЗ ТҮЙІНІ:

Сұлтанның немесе жоғары дәрежедегі бір адамның құзырында отырғанда сырттағыдай әрекет ете алмайсың және сол жер мен мәртебеге сай қимыл көрсетуге тырысасың. Яғни, біреудің алдында болу - мыңдаған әдепке орану деген сөз. Әулиелер әр сәт Аллаһтың құзырында екендіктерін ойлап, өмір сүргендіктен ешқашан әдептілікті тастамайды. Сол себепті, бұл әдеп - олардың бүкіл өмірін қамтыған. Өйткені, олар әр сәтте және әр жерде Жаратушының құзырында екендіктерін пердесіз көретін және дәлелсіз сезетін ариф жандар еді. Яғни, олар:

وَ هُوَ مَعَكُمْ أَيْنَ مَا كُنْتُمْ

«Қай жерде болсаңдар да, Ол (Аллаһ) **сендермен бірге» -** (Хадид сүресі 4-аят) деген аяттың сырын түсініп, әрбір сәттерін Аллаһпен бірге өткізеді.

Демек айтпағымыз, кейбіреулер өздерін тек намазда ғана Аллаһтың құзырындамын деп санайды. Ал, әулиелер болса, әр сәт солай сезінгендіктен, олардың намаздан тысқы халдері де, әдептері де тура намаздағыдай сақталады. Сондықтан Құранда мұндай адамдар жайлы:

أَلَّذِينَ هُمْ عَلَى صَلَاتِهِمْ دَائِمُونَ

«(Олар) **Намаздарын үнемі оқиды»** (Мәғариж сүресі 23-аят) - дейді Хақ Тағала. Бұл да намазды тастамаумен қатар, намаз сыртында да сол құзыр халін сақтағандықты білдіреді.

❀❀❀

ҚЫЗМЕТТЕГІ ӘДЕПТІЛІК

Әбу Абдұллаһ Руғанди былай дейді:

«Саған берілген қандай да бір қызметті төмен санаушы болма! Өйткені, қызметтің аты қызмет және саған маңызсыз көрінген бір қызмет әр түрлі себептерге байланысты Аллаһ алдында өте маңызды болуы мүмкін. Аллаһтың ризашылығының қандай қызметте екендігі біз үшін беймәлім! Сол үшін мұратыңа, яғни, Аллаһтың ризашылығына жеткенге дейін қызмет ет. Сол аралықта қол жеткізген жетістіктерің мен нығметтер тек қана шүкіршілігің мен қызметке ынтаңды арттырсын».

СӨЗ ТҮЙІНІ:

Маңыздысы қызметті жай ғана атқару емес. Сонымен қатар, оны ықыласпен және тамаша түрде орындай білу. Сондықтан, қызмет етуге ынталылардың мақсаты сырттай қызмет жасаған болу емес, Аллаһтың ризашылығына жететін іс-қимыл көрсету болуы керек. Әйтпесе, басқалардың, яғни, өзіне атақ-абырой

және пайда әкелетін адамдардың көзіне түсуді қамтамасыз ететін қызметтерді атқарып, бұдан басқа сансыз қызметтерге теріс айналу, мәңгіліктің құрдымға кеткені. Мұндайлар сырттай қарағанда біреулердің көзіне түсер бірақ, Аллаһ Тағаланың рахмет назарынан мақрұм қалып, Аллаһтың ашуына тап болар. Өйткені, қызметтегі маңызды нәрсе - осы дүниеде фәнилердің назарында көз тартар нәтижелерге қол жеткізу емес, адамды ақырет әлемінде руханият сұлтаны ететін амал мен қызмет көрсете білу болып табылады.

Сол себепті, дәруіш әр түрлі қызметті өзіне ғанибет санауы керек. Әркімнің атқаратын қызметінің ішінде жер мен көкке сыймайтын үлкен сауап пен иләһи сыйлар болуы мүмкін. Өйткені, Аллаһ Тағала біз сұраған дарияларды ықылас пен шынайылық сынағы үшін кейде бір тамшының ішіне жасырып, көңіліміздің неге бет алғанын өлшейді.

❀❀❀

АЛДЫМЕН ӘДЕП

Ибн Ата (құддисә сирруһ) былай дейді:

«Осы рухани жолда дәрежелерге жетушілер тек қана намаз, ораза сияқты парыз ғибадаттар арқылы жеткен жоқ. Керісінше, оларды кемшіліксіз және кіршіксіз түрде орындаумен қатар, ізгі амалдар мен іс-қимылдар жасау арқылы жеткен. Бұл жайлы Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Қиямет күні маған ең жақын болатындарың, мінез-құлық жағынан ең жақсыларың» - деген (Тирмизи, Бирр 71).

СӨЗ ТҮЙІНІ:

Ақын тілімен айтқанда былай:

Әдеп деген - бір тәж екен жаралған Хақ нұрынан.

Кисең оны сау қаларсың бар пәленің қырынан.

Тағы бір ариф ақын былай дейді:

Көңіл иесі арасында талап қылдым ізденіп,

Барлық өнер мақұл, бірақ, әдеп керек бізге нық.

Шынайы әдеп пен ахлақ қаһармандары - пайғамбарлар мен әулиелер. Солармен қатар, олардың ізін басушылар олардағыдай жоғары ахлаққа ие болуға тырысады. Ахлақтың негізі - діннің кемелдігінен өзгеше нәрсе емес. Ахлақ хайуандық қасиеттерден аулақ болып, адамдық қасиеттерге ие болу. Негізінде мұсылман болу да - Ислам ахлақына ие болу. Жоғары ізгіліктерді халі мен іс-әрекеттерінде көрсете білу.

Қысқасы, ақыл және хикмет көзімен қарағанда Құран Кәрімде ең үлкен әрі маңызды орын алған мәселенің ахлақ екендігін көреміз. Ондағы тарихи қиссалар да ахлақты, яғни, іс-қимылдың кәмілдігін уағыздау мақсатында айтылған.

Хазіреті Мәуләнә былай дейді:

«Жүрегім: «Иман деген не?» - деп ақылымнан сұрады. Ақылым жүрегімнің құлағына: «Иман – әдептен тұрады» - деп сыбырлады».

«Сол үшін әдепсіз адамдар тек өзіне ғана жамандық жасамайды. Ол бәлкім әдепсіздігі салдарынан бүкіл дүниені отқа орайды».

❀❀❀

БІР ХАҚ ДОСЫНЫҢ АХЛАҒЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Ахмед әр-Рифайи Хазірет көрген адамдарының барлығына сәлем беретін-ді. Ауылда немесе аймақта біреудің науқастанғанын естісе, дер кезінде оның көңілін сұрауға баратын және ол жолда кезіккен соқырлардың қолынан ұстап, баратын жеріне апарып тастайтын еді. Қарт адамға жолықса, қолындағы жүгін көтерісіп, қасындағы достарына Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Кім бір қартқа құрмет көрсетіп көмектессе, Аллаһ Тағала оған қартайған шағында құрмет көрсетіп, қызмет ететін біреуді жібереді» (Тирмизи, Бирр 75) - деген хадис шәрифімен насихат айтатын.

Қала сыртына жасаған сапардан қайтар жолда орманға кіріп, отын алып, есегіне артып, қалаға әкелетін. Сөйтіп сол отындары жесірлерге, бишараларға, пақыр мұқтаждарға тарататын еді.

Мәжнүн мен диуаналарға қызмет етіп, киімдерін тазалап, бірге отырып, олармен сұхбаттасып, тамақтарын әкеліп жегізетін. Сосын олардың дұғаларын сұрайтын еді. Мүридтеріне де:

«Мұндай әлсіздерге бару – мұстахаб емес, уәжіп!» - дейтін.

Бір күні ойнап жатқан балалардың қасынан өтеді. Бірнеше бала Ахмет әр-Рифайи Хазіретінің рухани айбынынан қорқып қаша жөнеледі. Хазіреті Пір дереу арттарынан жүгіріп, үлкен мейіріммен, сүйіспеншілікпен оларды бауырына басып көңілдерін аулап:

«Балаларым, мен де сендер сияқты әлсіз бір құлмын! Сендерді қорқытқан болсам кешіріңдер!» - деп олардан кешірім сұрады.

ҚОРТЫНДЫ:

Хақ Тағаланың ризашылығын алып, Оның сүіспеншілігіне бөлейтін мағрифатұллаһ жолы аппақ парақ тәрізді. Оған жазылған барлық жазулар да аппақ. Оларды Хақ Тағала ғана оқиды. Сондықтан, әулиелер өмір бойы сол ақ параққа қара дақ тамызбауға тырысып, құмырсқаны да ренжітуден қашады. Аллаһтың ризашылығына жету үшін ахлақ пен қызметтегі үнемі тап-таза болуға тырысып бағып, бұл халдерін Аллаһ Тағалаға ұсынады. Өйткені, бұл жайлы Аллаһ Тағала Құран Кәримде:

إِنَّ اللهَ يُحِبُّ التَّوَّابِينَ وَ يُحِبُّ الْمُتَطَهِّرِينَ

«Әлбетте Аллаһ тәубе еткендер мен таза болғандарды сүйеді» (Бақара сүресі 222-аят) - дейді.

ФӘНИЛЕР ЕМЕС, БАҚИ МӘҢГІ БОЛҒАН АЛЛАҺ БІЛСІН!

Ислам тарихының алғашқы кезендерінде Мәдинадағы кейбір пақырлардың есік алдарына беймәлім бір адам күнде таңертең бір қап азық қойып кететін. Бір күні пақырлар тұрып қараса, есік алдына азық қойылмапты. Себебін түсінбей тұрған сәтте мұңды бір салауат (қайтыс болған адамға айтылатын жаназа намазына шақыру дұғасы) дауысы естіледі. Сөйтсе Мәдинада Хазіреті Әлидің (радиаллаһу анһу) немересі Зейнел Абидин Хазірет қайтыс болған екен. Бұған барлық адам қайғырады.

Сөйтіп пайғамбар ұрпағына деген соңғы міндеттер байыптылықпен атқарыла бастайды. Марқұмның мәйітін жуатын кезде, бұл міндетті атқаратын адам марқұмның арқасынан көлкілдеген жараларды көріп таң қалады.Себебін түсіне алмайды. Жақындарынан сұраған кезде, оның бұл сырын білетін бір туысы:

«Зейнел Абидин Хазірет күнде таңертең азық қаптарын арқасына көтеріп, таң атпай ешкімге көрінбей, пақырлардың есік алдарына қойып кететін-ді. Сондықтан халық әлгі қаптарды кімнің қойғанын біле алмайтын. Арқасындағы жарақат сол қаптарды көтергеннен пайда болған жаралар» - дейді.

ҚИССАДАН ҮЛГІ:

Амалдарын тек Аллаһ Тағаланың ризашылығы үшін істейтін жандар істеген істерін ешкімге айтпай, тыйым салынған (харам) сыр сияқты халықтан жасыруға тырысады. Өйткені, Хаққа тән бола тұра, халыққа айтылған амалдарда Аллаһқа алып баратын ешқандай қасиет қалмайды. Өйткені, айтылып істелген еңбекті риялық пен тәкаппарлық сезімдері орап тұрады. Сондықтан, Хақ жолында жасалған әрбір салих амал - «Фәнилер емес, Бақи білсін!» деген оймен істелсе қабыл болады және мұндай істердің сый-сияпаты мен сауабын жазуға сия жетпейді.

Шынайылықпен, шын көңілмен қызмет етіп, Аллаһтың құлдарын қуанту жолында нәпсісін емес, Хақты разы еткен мұндай есімі белгісіз, нағыз қаһармандар қандай бақытты?!

ЕШКІМДІ ҚОР САНАМА!

Риуаят бойынша:

Бір күні Иса (аләйһиссәләм) Исрайл ұлдарынан салиқалы деп танылған бір адаммен қала сыртына шығады. Олардың арттарынан халық арасында пасықтығымен аты шыққан бір күнәһар адам мұңды халде ереді. Олар дем алу үшін аялдаған кезде, әлгі күнәһар құл шынайы өкінішпен Аллаһтан ұялған, көңілі мұңды халде олардан бөлек отырады да мейірімділердің мейірімдісі болған Хақ Тағаланың кешірімінен үміттеніп:

«Раббым! Мына ұлық пайғамбарыңның құрметіне мені кешіргейсің!» - деп, дұға етеді.

Әлгі салиқалы адам болса, оның бұл ахуалын сезеді де оны қорлап, қолдарын аспанға көтеріп:

«Аллаһым! Ертең қиямет күні мені мына адаммен бірге махшарда сұраққа тартпа!» - деп жалбарынады.

Сонда Аллаһ Тағала Исаға (аләйһиссәләм):

«Ей, Иса! Құлдарыма айт. Екеуінің де дұғасын қабылдадым. Басын иген күнәһар құлымды кешіп, жәннаттық қылдым. Халық салиқал деп білетін адамды болса, менің кешірген құлыммен бірге болғысы келмегені үшін жәннаттық қылмадым» - деп уахи етеді.

ҚИССАДАН ҮЛГІ:

Иләһи лағынет пен ашуға ұшырағандардан басқа, қандай себеппен де болса, Аллаһтың құлдарын қор көру - жүрек қылмысы. Бұл қылмысты жасаушылар - иләһи сүйіспеншіліктен аулақ, тасқа айналған нәсіпсіз жүректер. Негізінде бір адамның басқа біреуді менсінбей төмен санауы оны төмендету емес, өзін төмендетуі. Бұл жайлы Хазіреті Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

بِحَسْبِ امْرِيءٍ مِنَ الشَّرِّ أَنْ يَحْقِرَ أَخَاهُ الْمُسْلِمِ

«Адамның өз дін бауырын менсінбей қор көруі, оған күнә ретінде жеткілікті» (Мүслим, Бирр 32) - дейді.

Бұны шайыр былай тамаша жеткізген:

Харап болғандарға қор қарама зәһид,

Астында қазына толы хараптар бар!

❀❀❀

ЕШКІМДІ АЙЫПТАМА!

Хамдун Кассар (құддисә сирруһ):

Жығылып-сүрініп бара жатқан мас көрсең абай бол, оны кінәлаушы болма! Сен де сол пәлеге тап боп қалуың ықтимал!» - дейді.

СӨЗ ТҮЙІНІ:

Тасаввуфи түсінік бойынша, иршад, яғни дін уағыздап, адамдарды тәрбиелеу ісі тек сүйіспеншілік пен мейірімге толы әдіспен ғана орындалмақ. Бұл жолда айыптау, қорлау және алдындағы адамды ренжіту деген пиғыл мүлдем жоқ. Өйткені, Аллаһ Тағала құлының өз құдіретінен бір сыр екендігін баяндайды. Сол себепті, күнәһарға - балшыққа түскен гауһарды зая болудан құтқару ойымен қарау – негізгі міндет... Қор санау болса, зая болған гауһарды екінші рет жоғалту! Сондықтан Аллаһ Тағала құлдарының мұндай қателікке түспеуі үшін аят кәримада:

«Ей, мүминдер! Бір қауым екінші қауымды келеке етпесін. Бәлкім олар өздерінен де қайырлы болуы мүмкін! Кейбір әйелдер де (басқа) **әйелдерді** (келеке етпесін!). **Бәлкім** (олар да) **өздерінен қайырлы...»** - (Хұжурат сүрсеі 11-аят) шығар деп бұйырып, құлдарының күнәларын өлшем етуді өзіне тән етіп, адамдардың осы шеңбердің ішіне кіруіне тыйым салған.

Екінші жағынан басқаларды айыптап, қор санайтындардың сол қылмыс пен қателік шұңқырына түсетіндігі көп заманнан байқалған және бұл шындық:

«Күлме досыңа, келер басыңа!» - деген нақыл сөзге жинақталған.

❁❁❁

ЖЕТІМДІ ҚУАНТУ

Сәри Сақати былай баяндайды:

«Бір мейрам күні Маруфи Кәрһидің көшеде құрма дәнектерін жинап жатқанын көрдім. Бұл дәнектерді не істейтінін сұрадым. Ол:

«Мына жерде кішкене бір баланың жылап отырғанын көрдім. Қасына барып неге жылағанын сұрағанымда жетім екендігін, достарының киімі сияқты киімдері және олардың ойыншықтары сияқты ойыншықтарының жоқ екендігін айтты. Сол үшін мына құрма дәнектерін жинап жүрмін. Осыларды сатып, әлгі баланың қалаған киімі мен ойыншықтарын аламын...» - деп жауап берді.

Бұл сөздер менің жүрегімді де толқытып Хазіреті Пірден:

«Рұқсат етсеңіз, мен сол балаға қарайын, уайымдамаңыз!» - деп өтіндім. Сосын балаға қажетті нәрселерін алып бердім».

Сери Сақати істеген осы ізгі амалының берекетімен қол жеткізген халін:

«Көңілімде осы қызметтің берекетімен бір нұр пайда болғаны соншалықты, басқаша халге ие болып, қаншама рухани ләззат алдым...» - деп жеткізеді.

ҚИССАДАН ҮЛГІ:

Жетімді қуантып, оларға қамқор болу - дінде өте көп уағыздалатын, сыйы үлкен салих амал. Аллаһ Расулының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бұл жайындағы мына уәдесі – пайғамбарға ғашық көңілдерді масаттандыратындай мәнді:

«Өз жетіміне немесе басқаның жетіміне қамқор болған адаммен жәннатта мынадай қатарда боламыз».

Хадисті риуаят еткен Мәлік бин Әнәс Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу aләйһи уә сәлләм) істегені сияқты сұқ саусағы мен ортаңғы саусағын көрсетті (Мүслим, Зуһд 42).

Тағы бір хадисте:

«Бір адам тек Аллаһ ризашылығы үшін бір жетімнің басынан сипаса, қолы тиген шаштың саны бойынша сауап бар» (Ахмед б. Ханбәл, Мүснәд V, 250) - делінеді.

Хадис шәрифте айтылған жетімнің басын сипаудағы мақсат – оның рухани-материалдық әрбір мәселесіне жақыннан қарау, көмектесу.

ДОСТЫҚ

Сәһл бин Ибраһим былай дейді:

Ибраһим бин Әдһәм екеуміз дос едік. Бір жолы қатты науқастандым. Сонда Ибраһим бин Әдһәм қолында барын менің денсаулығым үшін жұмсады. Сосын тәуір бола бастадым. Бір кезде одан жегім келген бір тамақты сұрадым. Қолында ештеңе қалмағандықтан есегін сатып қалауымды орындапты. Сауыққан соң бір жерге бару үшін есек қажет болып:

«Ей, Ибраһим, есек қайда?» - деп сұрадым.

Ибраһим бин Әдһәм:

«Сатып жібердік» - деді.

Денсаулығым жаяу жүруге жарамағандықтан:

«Жарайды, бірақ, мен енді неге мінем?» - дедім.

Сонда арифтердің сұлтаны:

«Арқама мінесің бауырым!» - деп, мені үш күндік жерге арқалап барды.

ҚИССАДАН ҮЛГІ:

Ізет пен сыйға толы тамаша, жақсы күнде барлығы дос. Бірақ, нағыз достық қиын - қыстау күндері белгілі болады. Оның бағасы ештеңемен өлшенбейді. Осы тұрғыдан әулиеліктің сыры - қаншама жамандықтарға толы осы жалғанда Аллаһқа, Расулына және салих мүминдерге дос болып, олармен достықты жалғастыра білу.

Екінші жағынан әсіресе мұқтаж кезінде мүмин бауырларға жасаған достық пен жанқиярлық Аллаһ Тағаланың рахымына бөленуге себеп болады. Өйткені, Аллаһ Тағала құлдарына шексіз рахмет пен жақсылық иесі болып, Хазіреті Пайғамбарды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) да әлемге рахмет ретінде жіберген еді. Хадис шәрифте былай делінеді:

«Мейірімді, қайырымды адамға Рахман болған Аллаһ та қайырымдылық етеді» (Әбу Дәуіт, Әдеп 58).

❁❁❁

ДОСТЫҚТЫҢ МАҚСАТЫ

Абдұллаһ бин Мүбәрәк Хазірет жаман мінезді біреумен сапарда болады. Сапар бітіп бөлінер кезде Абдұллаһ бин Мүбәрәк мұңайып, жылады. Бұған таңданған достары:

«Неге жылайсың? Сені осынша қайғыртқан не нәрсе?» - деп сұрады.

Қадірі үлкен Хақ досы іш тартып, көзі жасқа толып:

«Сонша бірге жол жүргеніммен, бірге жүрген досымның жаман мінездерін түзете алмадым. Әлгі бишараның ахлағын жақсарта алмадым. Менің кемшілігім болып, оған пайдам тимеді ме? - деп ойлаймын. Егер ол менен туындаған қателік себебімен дұрыс жолға түспеген болса, ертеңгі халім не болар!» - деді де, өксігі тамағына тығылып, жылай берді.

ҚИССАДАН ҮЛГІ:

Достық үнемі рухани тұрғыдан пайдалы бір мақсатта болу керек. Бұл бойынша ізгі - салихтармен дос болып жақын жүру – олардан пайдалану үшін болмақ. Ал, салих емес, тіпті, кемшіліктері бар, рухани тұрғыдан әлсіз адамдармен достасып, жақын жүру – оларға пайдалы болу мақсатында болуы керек. Өйткені, рухани пайдадан алыс, тек қана надандықпен құрылған достық екі дүниеде де қайғыға ұшырататын зиян деген сөз. Және сол зиянның ең жеңілі:

«Асау аттың қасындағы - не мінезінен, не ішіп-жегенінен әсер алады!» қағидасы бойынша бір нәтижеге душар етеді.

Екінші жағынан кемшілігі мен нұқсандығы бар адамдарға бағыт берген кезде ұстанатын тәсіл – жағымсыз нәтиже болған жағдайда оларды ренжіту емес, менен кемшілік болды ма деп нәпсісін жауапқа тарту болуы керек. Өйткені, егер бізден туындаған қателіктер мен кемшіліктер себепті қасымыздағы адамды тура жолға тарта алмаған болсақ, мұның есебі мен обалы өте ауыр болады. Мақсат – перде болу емес, перденi ашып ақиқатты көрсете білу.

❁❁❁

ЖАН ТӘНІМЕН ТӘСІЛІМ БОЛУ (БАС ИЮ)

Риуаят бойынша, Аллаһ Тағала Мұсаны (аләйһиссәләм) Перғауынға жіберген кезде оған:

«Перғауынға бар. Өйткені, ол әбден азды...» (Таһа сүресі 74-аят) - деп бұйырды.

Мұса (аләйһиссәләм) отбасы мен малын сырттай тапсыратын ешкім таба алмағандықтан:

«Уа, Раббым! Үй-ішім мен малымды қайтемін?» - деді.

Сонда Аллаһ Тағала «қорғаушылардың ең жақсысы» екендігін ескертіп:

«Ей, Мұса! Мені тапқан соң тағы нені қалайсың? Сен менің әмірімді орындауға жүгір! Маған сеніп, мойынсұн! Қаласам, қасқырға қойыңды баққызып, періштелерімді отбасыңның қорғаушысы етемін.

Ей, Мұса! Неге бұлай ойладың? Анаң сені теңізге тастағанда сені кім құтқарды? Осыдан соң сені анаңа қайтадан кім қауыштырды? Сен біреуді қате өлтіргенде, Перғауын сені іздеп өлтірмекші болған еді, сол кезде сені кім сақтап қалды?»

Мұса (аләйһиссәләм) бұларды тыңдап, әрбір сұраққа:

«СЕН, СЕН, СЕН УА, РАББЫМ!» - деп тұрды.

ҚИССАДАН ҮЛГІ:

Әлбетте Мұса (аләйһиссәләм) барлық пайғамбарлар сияқты мойынсұнудың шыңында еді. Бірақ, пайғамбарлар адамдарға үлгі болғандықтан Аллаһ Тағала біз үшін маңызды болған кейбір мәселерді олар арқылы көрсетіп, мұндай жағдайларда қалай істеу керектігіне ишарат етіп, санамызға жол сілтейді. Сондай-ақ, бұл қиссада да айтылмақ болған нәрсе – барлық әлемдердің Раббысы Аллаһ Тағаланың әмірлері туралы ешқандай пенделік үзір - сылтаулардың қабылданбайтындығын білдіру еді. Өйткені, Оның әмірін орындауға бел буғандардың барлық қажеттілігіне көмектесуге, беруге және сақтауға бірден-бір күші жетуші – Оның өзі ғана. Егер құл ықыласпен, шынайылықпен Хақ Тағаланың ризашылығы жолында әмірлерін орындауға тырысса, Оның қандай жағдай болмасын өзіне жар мен жәрдемші екендігін көреді. Сондай-ақ, нағыз қорғаушы –Аллаһ Тағала Мұсаны (аләйһиссәләм) Перғауынның сарайында өсірген. Ибраһимді (аләйһиссәләм) Нәмруттың отының басында гүл бақшаға ораған. Кәһф иелері деп аталған салих жастарды үш жүз жылдан астам уақыт үңгірде ұйықтатып, залымдардың зұлымдығынан сақтаған және Мұхаммед Мұстафаны (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) да қаншама қауіптерден қорғаған еді. Әсіресе, Сәур үңгірінде оны дұшпандардың көзінен жасырған. Бұл жайлы бір ақын:

Ешкімнен медет тілемеймін, қорғаушым Құдай болсын,

Мен тәуекел етемін «Фаллаһу хайрун хафизан... - деп жырлаған.

Рахмети

❀❀❀

МҮминНІҢ ДҰҒАСЫН АЛУ

Маруф Кәрһи нәпіл ораза ұстаған еді. Екінті уақытына жақын базардан өтіп бара жатқанда бір сушының:

«Бұл судан ішкен адамға Аллаһ рахметі мен берекетін жаудырсын!» - деп, дұға еткенін естиді де соған ұйып, оразасын бұзады. Қасындағылар:

«Тақсыр, оразаңызды неге бұздыңыз?» - дегенде,

Маруф Хазіреті:

«Сушының дұғасындағы берекетке ие болғым келді» - дейді.

Қайтыс болғаннан соң оны түсінде көріп:

«Аллаһ саған қалай қарады?» - деп сұрайды.

Ол:

«Сушының ықыласты дұғасының берекетімен Раббым мені кешірді. Маған мейірімімен қарады» - деп жауап береді.

ҚИССАДАН ҮЛГІ:

Көңілі Аллаһпен бірге болған қаншама ғаріптер бар. Кейде олардың дұғасы нәпіл ғибадаттан да әсерлі болады. Бірақ, айта кеткен жөн. Одан да маңызды нәрсе үшін бұзылған нәпіл оразаны кейіннен қаза ету керек. Өйткені, ол – уәжіп. Бұл жерде айтылмақ болған нәрсе – қолдағы істі маңыздыға ауыстыру. Өйткені, кішкентай саналған нәрседе өте үлкен пайда болуы әбден мүмкін. Екінші жағынан, қираған кейбір жерде талай

қазыналар жасырынатыны сияқты, құлдардың арасында да сырттай қираған сияқты көрініп, іштей жарқырап тұратындары болады, олардан бейхабар болмаған дұрыс.

Рахмети деген ақын бұл жағдайды:

Әрбір түнді Қадір біл, әр көргеніңді Қызыр.

Қара, дидар саған қарайды, сегіз жәннаті әзір! - деп өте тамаша жеткізген.

Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Сендерге жәннаттықтарды айтайын ба? Олар – әлсіз болғандықтан һәм халық тарапынан әлсіз саналғандықтан ешкім мән бермеген, бірақ, «солай болады» деп ант етсе, қалауын Аллаһ іске асыратын адамдар.

Сендерге жәһәннәмдықтардың кім екенін айтайын ба? Олар – жүрегі қатты, икемсіз, сараң және менменсіп жүретін тәкаппар адамдар» (Бұхари, Әйман 9; Мүслим, Жәннат 47) - дейді.

❀❀❀

БІР МӘЖЗУБ (ДИУАНА) ЖӘНЕ КӨҢІЛ ДАУАСЫ

Бәязид Бистами Хазірет дәрі жасап жатқан бір дәрігерге жолығып:

«Ей, дәрігер! Сенде менің ауруыма дәрі бар ма?» - дейді.

Дәрігер одан:

«Қандай ауру?» - деп сұрайды.

Бәязид Хазірет:

«Күнә ауруы...» - деп жауап берді.

Дәрігер қолын екі жағына жайып:

«Күнә ауруының дәрісін білмеймін» - дейді.

Сол кезде қасында тұрған мәжзуб жігіт сөзге араласып:

«Ата, сенің ауруыңның дәрісін мен білемін» - дейді.

Бәязид Хазірет қуанып:

«Ей, жігітім айтшы қане!» - дейді.

Халық мәжзуб (диуана) санайтын, бірақ шындығында ариф болған жігіт күнәнің дәрісін былай айтып береді:

«Он дирһам тәубенің тамыры мен он дирһам истиғфар жапырағын ал! Бұларды жүрек келісіне сал! Тәухид келсабымен соқ! Ынсап елегінен өткіз! Көз жасымен иле! Ғашықтың отына пісір! Осылайша пайда болған дәріден күн сайын бес қасық іш. Науқасыңнан айығасың!»

Мұны естіген Бәязид Бистами, ішін тартып:

«Сен сияқты арифті диуана деп, өздерін ақылды санағандарға қандай обал!» - дейді.

ҚИССАДАН ҮЛГІ:

Бір құл үшін халықтың назарынан Хақтың назары жоғары болған кезде кемелділік пен парасаттылық (арифтік) жолы ашылады. Оның енді қарағаны, естігені және сезгені басқаша сырмен тереңдікті білдіреді. Мұндай құлдардың бірі – Уәйсал Қарани. Халық оны надандықпен диуана (мәжнүн) дейді. Бірақ, негізінде ол Аллаһ пен Пайғамбарының арнайы достығына ие болған еді.

Екінші жағынан бұл қисса **«Салихтармен бірге болыңдар!»**- (Тәубе сүресі 119-аят) деген иләһи әмірдегі берекетті көрсетеді. Ариф жігіттен байқалғаны сияқты, барлық салихтардан шыққан көңіл дәрілері қаншама рухани ауруларға дауа болып, жүректі сергек әрі таза түрде Хақ Тағалаға байлайды. Бұл жерде Бәязид Бистамидің тірі, пәк жүрекке ие бола тұра көңіл дәрісін сұрауы, өзіндегі қарапайымдылық пен кішіпейілділіктің көрінісі болумен қатар, сұхбаттасқан дәрігердің көңілін емдеу үшін еді.

ПЕРІШТЕДЕЙ ЖҮЗ (ЖАНАР) БАР

Марқұм Сами Хазірет, марқұм әкем Мұса Хазірет (құддисә сирруһ) және мен үшеуміз Бұрсадан Стамбулға қайтып келе жаттық. Яловада парохотқа міну үшін көлігімізбен кезекке тұрмақ болдық. Машиналарды реттеп, кезекке тұруға қарайтын қызметкер біздің машинамызға да орын көрсетіп тұрып, көзі артқы жақта отырған Сами Хазірет мен Мұса Хазіретке түсті. Таң қалып, іркіліп қалды. Сосын жақындап, машинаның терезесінен ішке жақсылап қарады. Сөйтті де күрсініп:

«Аллаһ, Аллаһ, қандай тамаша дүние! Періштедей жүз бар... Нәмрут сияқты жүз бар» - деді.

ҚОРТЫНДЫ:

Бұл оқиға Аллаһ досы болудың белгісі. Оның иләһи нұрының көңіл мен жүзді нұрландыруын көрсетеді. Қысқасы, әулиелер – өздеріне қараған кезде Аллаһты еске түсіретін дара бейнелер. Өйткені, әулие жолы – Аллаһ жолы. Олар ақиқат керуенінің ұлы басшысы Мұхаммед Мұстафаның (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) ахлағымен жүреді. Сондай-ақ, оның бір халі, әріпсіз және сөзсіз түрде тек қана жүзімен де Аллаһқа шақыруы еді. Тіпті, еврейлердің таңдаулы ғұламаларының бірі Абдұллаһ бин Сәләм оның нұрлы жүзін көргенде:

«Бұл жүз өтірікшінің жүзі емес!» - деп, тек соған қарап иман еткен (Тирмизи, Қиямет 42; Ахмед бин Ханбәл, Мүснәд V, 451).

Сондықтан әрбір құл, жүрген жерінде жағымды, жағымсыз түрде айналасына үнсіз түрде өз халдерімен бір нәрселерді айтады. Сөйтеді де мыңдаған әсер қалдырады. Олар одан біліп немесе білмей, есепсіз ықпалда қалады. Кім білсін қаншама танымайтын, не, таныса алмайтын адамдар оның жүріс - тұрысын, сөйлескенін, іс-қимылдарын, яғни, халін тамашалап, ұнатып, өз бойларына лайықтап үлгі алады.

Әлем – иләһи шаттықтың негізі екендігін білген жөн. Адам деп аталатын бұл тамаша тылсым иләһи шаттықтың тамаша

көрінісі. Иләһи шаттықтың ішіндегі салихтар мен кәмілдер – өлмейтін адамдар. Өйткені, олардың адамзатқа үлгі боларлық өмір сүруінің нәтижесінде рухани өмірі өлгеннен кейін де жалғаса береді.

❀❀❀

ЖАҚСЫЛЫҚТАҒЫ ЖҮРЕК ЖАҒДАЙЫ

Мұса Хазірет (құддисә сирруһ) былай дейді:

«Сами Хазіретпен сапарға шығып едік. Үргупте бір адам машинасын тоқтатып, одан темекіге ақша сұрады. Кейбір жолдастарының разы болмағанына қарамастан:

«Енді сұраған екен, беру керек!» - деп сұрағанын берді.

Бұған қуанған пақыр ниетін өзгертіп:

«Енді барып бұған нан алам» - деп қуанып кетті».

ҚИССАДАН ҮЛГІ:

Тек Аллаһ ризашылығы үшін жасалған істер алдыдағы адамның жүрегіне әсер етеді де, оның ахлағын жақсартады. Сол үшін істелетін жақсылықта алдыдағы адамның жүрек жағдайынан гөрі өз жүрек жағдайымыздың маңызды екендігін ұмытпаған жөн. Аллаһ Расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

(Бір кезде) бір адам:

«Мен қалайда бір садақа беремін» - деді.

Түнде үйінен садақасын алып шығып, оны білмей бір ұрының қолына ұстатты. Ертеңінде өлке тұрғындары:

«Қызық екен! Бүгін түнде ұрыға садақа беріліпті!» - деп өсектеп жатты.

Ол адам:

«Аллаһым! Саған шүкіршілік. Мен қалайда тағы бір садақа берем» - деді.

Әрі садақасын алып, үйінен шығып, бұл (жолы оны білместіктен) бір жезөкшенің қолына ұстатты. Ертеңінде халық:

«Бұл қалай? Бүгін түнде бір жезөкшеге садақа беріліпті!» - деп гуу етті.

Ол адам:

«Аллаһым! Бір жезөкшеге (болса да) садақа бергенім үшін саған шүкіршілік. Мен қалайда тағы бір садақа берем» - деді.

Сол түні, тағы садақасын алып, үйінен шықты да оны (бұл жолы білместіктен) бір байдың қолына берді. Ертеңінде халық:

«Бұл не! Бүгін түнде бір байға садақа беріліпті!» - деп таңданысып жатты.

Ол адам:

«Аллаһым! Ұрыға, жезөкшеге және байға садақа бергенім үшін саған шүкір» - деді.

Осы ықыласы үшін ол адамға түсінде:

«Ұрыға берген садақа, бәлкім, оны істеген ұрлығынан ұялтып, баз кештірер. Жезөкшенің бәлкім, намысын оятып, намысты әйел етер. Байды, бәлкім, бұдан ғибрат алдырып, Аллаһтың өзіне берген байлығынан пақырларға беретін етер»-делінді» (Бұхари, Зекет 14; Мүслим, Зекет 78).

Демек, садақа беруші Раббысына шүкіршілік халінде болуы әбден керек. Өйткені, садақаның әсері, берушінің ықыласына қарай көрініс табады.

❀❀❀

АРШЫ АҒЛАҒА ШЫҚҚАН САЛИХ АМАЛ

Дәуіт Тайи Хазіретінің қызметінде болған бір мүриді бір күні оған:

«Біраз ет пісірдім, келмейсіз бе?» - деді. Оған ұстазы үндемеген соң, етті оның алдына алып келді.

Бірақ, Дәуіт Тайи (құддисә сирруһ) мүриді тартқан етке қарап:

«Пәленше жетімдерден қандай хабар бар, балам?» - деп сұрады.

Мүрид жағдайларының онша еместігін меңзеп, күрсініп:

«Тақсыр, бұрынғыша!» - деді.

Сонда ұлық Хақ досы:

«Олай болса, мына етті соларға апар!» - деді.

Әзірлеген тамағын ұстазының жегенін қалаған шынайы мүрид:

«Тақсыр, сіз де көптен бері ет жеген жоқсыз!» - деп болмап еді.

Дәуіт Тайи Хазіреті қабылдамай:

«Балам! Бұл етті мен жесем сыртқа шығар. Бірақ, сол жетімдер жесе, Аршы ағлаға шығар!» - деді.

ҚИССАДАН ҮЛГІ:

Күннің жылытпауы қалай мүмкін болмаса, жоғары рухтар үшін де адамдарға жаны ашымау, қиыншылықтар мен ауыртпалықтар алдында бейғам қалу да солай мүмкін емес. Мейірім – бүкіл әлемге жайылған бір құндылық. Хақ достарының жүрегі – сүйіспеншіліктің бітіп таусылмас қазынасы. Олардың сенімдерінше нәпсіні өсіретін фәни қызығушылықтар мен байланыстарды бір шетке тастап, рухты өсіретін жақсы іс-әрекеттермен амалдарын мәңгілікке айналдыратындардың қол жеткізетін табысы әрі мәңгілік, әрі одан да жақсы. Адамның бұл дүниеде қол жеткізетін ең қымбат пайдалары да осындай салих амалдар ғана. Басқа табыстар болса, бірлеп-бірлеп қайтарылатын уақытша аманаттар. Хадис шәрифте былай делінеді:

Расулұллаһтың отбасы бір қой сояды. Садақаға таратып бергеннен соң, Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)

одан басқа не қалғанын сұрайды. Хазіреті Айша (радиаллаһу анһә):

«Тек қана бір жауырын қалды» - дейді.

Сонда Хазіреті Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Ей, Айша, бір жауырыннан басқасы біздікі болды десеңші!» - деді (Тирмизи, Қиямет 33).

❀❀❀

ҮНЕМІ ХАҚТЫ АЖЫРАТА БІЛУ

Абдұлқадир Гейлани Хазіреті басынан өткен бір жағдайды былай баяндайды:

«Бір күні көз алдыма бір нұр пайда болып, барлық көкжиекті тұтас қаптаған еді. Бұл не екен деп, қарап тұрғанымда нұрдан бір дауыс естідім:

«Ей, Абдұлқадир, мен сенің Раббыңмын. Бүгінге дейін жасаған салих амалдарыңнан сонша разы болдым. Бұдан кейін саған харамдарды халал еттім» - дейді.

Бірақ, бұл сөз бітер-бітпестен, бұл дауыстың шайтан лағынеттің дауысы екенін түсініп:

«Ей, малғұн кет, жоғал! Көрсеткен нұрың, мен үшін мәңгілік қараңғылықтан басқа ештеңе емес» - дейді.

Сонда шайтан:

«Раббыңның саған берген хикметімен тағы менен құтылдың! Алайда, мен жүздеген адамдарды жолдан тайдырған едім» - деп, алыстап кетеді.

Қолымды ұлы Жаратушыға жайып, мұның, Раббымның бергені екендігін түсініп, Аллаһ Тағалаға шүкіршілік еттім.

Бұл жағдайды естіген жамағаттағылардың біреуі:

«Ей, Абдұлқадир, оның шайтан екендігін қайдан білдің?» - деп сұрайды.

Абдұлқадир Гейлани (құддисə сирруһ):

«Саған, харамдарды халал еттім, ...дегенінен» - деп жауап береді.

ҚИССАДАН ҮЛГІ:

Əр уақытта, əр жерде Аллаһтың дінін лайлауға ат салысқандар болған. Бірақ, бұл істің шегіне жеткен кездерінде, əр мүмин үшін ажырата білу, яғни, хақ пен терісті, бұрыс пен дұрысты, жақсылық пен жамандықты, жағымды мен жағымсызды бірбірінен ажырата білу қажеттілігі одан да үлкен мəнге ие болады. Қазір, жоғарыдағы қиссаның басқа көріністері бас көтеріп жəне көптеген арам ниетті ғалымдар Исламның харамдарын халал, халалдарын харамға айналдыруға тырысып, қоғамға зиянын тигізбек ойда. Тіпті, тигізуде. Сондықтан, Абдұлқадир Гейлани Хазіретінің парасатты қимылы мен ажыратушылық сипаты барлығымыз үшін үлкен сабақ. Негізінде Гейлани Хазіретінің дəстүрі өте айқын. Аллаһ Тағала пайғамбарына бермеген рұқсатты, басқаларға ешқашан бермейді. Халал мен харамның, дұрыс пен бұрыстың, жақсы мен жаманның не екенін пайғамбарлар емес, шайтан мен оның адамдардың ішіндегі білімді саналған сарқыншықтары жақсы біле ме? Жоқ, ешқашан да... Аллаһ Тағаланың мұндай ғапылдарға айтқаны өте ауыр:

«(Ей, Расулым! Бұларға) **айт: Сендер, діндеріңді** (Аллаһ жіберген дінді) **Аллаһқа үйретпекпісіңдер ме?»** (Хұжурат сүресі 16-аят)

❀❀❀

МАҒАН КƏРІМ КЕРЕК

Бəязид Бистами былай дейді:

Бір күні Дижла өзенінен арғы жаққа өтпекші едім. Қасына барған кезде Дижланың екі жағасы, маған жол беру үшін бірікті. Дереу өзімді жинақтап Дижлаға:

«Ант етемін, мен бұған алданбаймын. Өйткені, қайықшылар бір адамды жарты ақшаға өткізеді. Бірақ сен, отыз жылдық амалымды сұрайсың? Олай болса, махшарға әзірлеген салих амалдарымды ешқашан бұл жерде жарты ақшаға беріп, зиян шеге алмаймын. Маған Кәрім керек, керемет емес!» - дейді.

ҮЛГІ:

Нәпсіге ұнамды бір іс ретіндегі керемет – шынайы Хақ достары үлкен байыптылықпен тоқталған мәселе. Өйткені, кереметті бір шетке қойып, бір сәттік қиыншылыққа төзудің құны – не уақытша шаршау, не болмаса бес-он тиын қаржы, немесе құлдардың көзінде беймәлім қалу. Ал, кереметке жүгінудің құны болса, кейде сол кезге дейін жасалған салих амалдардың барлығы болуы мүмкін. Бұл – адамды ұлы құзырға құр алақан апаратын көңілдің жығылуы. Сол үшін барлық арифтер Хақ Тағаланың мақсат еткенінен басқа, халықтың ризашылығы мен беделін алу болып табылатын кереметке ешқашан жанаспаған. Үнемі Кәрім (жомарт) болған Жаратушының ризашылын алуға тырысқан.

Бұл жайлы әулиелердің бірі Сәһл бин Абдұллаһ әт-Тұстәри қандай жақсы айтқан. Назар салыңызшы:

«Кереметтің ең үлкені – жаман мінезді жақсы мінезге айналдыру. Оған қоса кейбір кереметтер жылаған балаға айналсын деп, берілген ойыншық тәрізді. Мұны әулиелер емес, тек қана надандар қалайды. Олар осыған айналады. Басқаларды да айналдырады.

Сол үшін әрдайым ең маңызды мәселе Аллаһ Тағаланың:

«Әмір етілгендердей дұп-дұрыс жүр!» - (Һуд сүресі 112-аят) деген бұйрығын орындау.

❀❀❀

БАСТАҒЫЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Бір күні Әбу Ханифа Хазіреті балшықта жүрген бір балаға жолығады. Оған мейіріммен, мархабатпен күлімсіреп:

«Балам, байқа, жығылып қалма!» - дейді.

Бала зеректік пен көрегендік шашқан көзімен Имамға бұрылып, баладан күтпейтін мынадай ғибратты жауап қайтарады:

«Ей, Имам! Менің жығылғаным жай нәрсе. Жығылсам мен ғана зиян шегемін. Бірақ, негізінде сіз абай болыңыз. Өйткені, егер сіздің аяғыңыз тайса, сіздің артыңыздан жүргендердің бәрінің аяғы тайып жығылады. Олардың бәрін тұрғызу қиынға соғады» - дейді.

Баланың бұл сөзіне қайран қалған Имам жылап, шәкірттеріне:

«Егер, бір мәселеде сендерге қуатты бір дәлел жетсе, ол мәселеде маған мойынсұнбаңдар. Исламда кемелдіктің белгісі осы. Маған деген сүйіспеншіліктерің мен байланыстарың да осылайша белгілі болады» - дейді.

ҮЛГІ:

Хақ жолында алдыңғы сапта болу – әрі берекетті әрі жауапкершілігі мол іс. Өйткені, алдыңғы саптағылардың жақсылықтары айналасына әсер ететіні сияқты қателіктері мен жамандықтары да айналасы тарапынан дұрыс саналып, еліктеушілікпен тарап кетеді. Сол үшін Имам Ағзам сияқты дін ғұламалары берген пәтуаларында осы ерекшелікке көңіл бөлумен қатар, өмірлерін де сол тақуалық шарттарының ішінде өткізген. Мәселен, бір жолы киіміндегі дақты тазалап жатқанын көргендер:

«Ей, Имам! Берген пәтуаңыз бойынша мына дақ намазға бөгет болатын нәрсе емес. Неге, қиналып оны тазалап жатырсыз?»- дейді.

Хазіреті Имам болса:

«Ол – пәтуа, бұл – тақуа!» - дейді.

Міне, бұл – үлкен болсын, кіші болсын құл атаулыға керемет үлгі. Және Хақ Тағала алдындағы барлық жауапкершіліктерді мәңгілік әлемде бір қуанышқа айналдыратын игі дәстүр!

❀❀❀

АЛЛАҺТЫҢ ШАҚЫРУЫНА БАРУ

Хасан Басри (құддисә сирруһ):

«Қой адамдардан да сезімтал. Өйткені, ол шопан дауыстағанда басын жерден көтеріп, дауысқа көңіл бөледі. Бұл ақиқаттан ғибрат алмай, Аллаһтың шақыруынан қалыс қалған адамға не деу керек?!» - дейді.

СӨЗ ТҮЙІНІ:

Шақыру түрлі-түрлі болады. Бір адамға «кел» дейді. Енді шақырушы жек көретін біреу болса, онда жағдай басқаша. Досы болса тағы басқаша. Анасы болса тіптен бөлек. Сүйген біреуі болса, тіпті, басқаша болады... Олай болса, Аллаһтың шақыруына жауап беру – тым өзгеше бір көңіл шабытымен мойынсұну қуанышы халінде болуы тіптен керек. Әсіресе, күнде бес рет жер мен көкті толтырған حَيَّ عَلَى الصَّلاَةِ (Қане намазға!) шақыруына байланысты көңіліміздегі шабыт пен қуанышымыздың қалай болғандығын Хаққа мойынсұнушылық пен сүйіспеншілік таразысында үнемі тартып отыруымыз керек. Бұл жайлы Хазіреті Мәуләнә:

«Есіңді жый!.. Егер де Аллаһ Тағала сені қаласа, сол қалауға қарсы сен басыңды аяқ етіп жүгір!» - деп қандай ғажап жеткізген.

«Өйткені, Оның кел дегені адамды өсіреді. Рухани шабыт береді. Шексіз сыйлар береді. Мәңгілік төсеніш төсеп, ұлы дастархандар жаяды».

❁❁❁

АДАЛДЫҢ МАҢЫЗЫ

Әбу Аббас Нихауендиге саудамен айналысқан бай шәкірттерінің бірі келіп, зекетін кімге бергеннің лайық екендігін сұрайды. Әбу Аббас (құддисә сирруһ):

«Көңілің кімді қаласа, соған бер!» - дейді.

Жауабын алып кеткен шәкірт жол үстінде қайыр сұраған бір соқырды көреді. Көңілі соған жылиды да бір кесе алтынды оған ұсынады. Кесені қолымен сипалаған соқыр, қуанып кетіп қалады. Ертеңінде сол жерден өткен әлгі шәкірт бұдан бір күн бұрын зекет берілген соқырдың басқа бір соқырмен сөйлесіп тұрғанын көреді. Оның:

«Кеше маған бір мырза тура бір кесе алтын берді. Мен де шарапханаға барып, бір жақсы рахаттандым» - дегенін естиді.

Бұл жағдай шәкірттің жанын ауыртып, көңілін тарылтты. Тура Әбу Аббас Хазіретке барып, оқиғаны айта бергенде, Әбу Аббас оның сөйлеуіне мүмкіндік бермей, өзі сатқан малақайының ақшасын Аллаһ ризасы үшін жұмса деп қолына беріп, оған:

«Алдыңнан шыққан алғашқы адамға осы ақшаны бер! - деп ескертеді.

Шәкірт ештеңе айта алмай, берілген міндетті орындау үшін шығады. Ұстазының айтуы бойынша, алдынан кезіккен алғашқы адамға әлгі ақшаны береді. Бірақ, ішін қуырған таңданушылықпен ол адамның соңынан бақылай бастайды. Ол адам қаланың шеткі ауданының біріне барып, бір үйіндігі кіреді. Сосын киімінің астынан өлген бір кекілікті шығарып жерге қояды. Ол тура сол жерден кетер кезде шәкірт алдынан шығып одан:

«Ей, жігіт! Аллаһ үшін шындығыңды айтшы? Бұл не жағдай? Ана тастаған өлген кекілік не?» - деп сұрайды.

Әлгі адам өзіне ақшаны берген кісіні көргенде тұтығып:

«Жеті күннен бері, ештеңе тауып, бала-шағама бере алмадым. Әйелім екеуміз сабыр ете алдық. Бірақ, балаларым аштыққа шыдамады. Сөйтсе де тіленіп, адамдардан бір нәрсе сұрау, ешқашан қолымнан келмейтін іс еді. Мыңдаған қиыншылық ішінде тырбанып жүргенде, сен көрген, шіруге айналған өлі кекілікті таптым. Зәрушіліктен оны балаларыма жегізуге апармақ болдым. Ішімнен Аллаһқа: «Уа, Рабб, маған көмектес!» - деп жалбарынып жүргенде, сен келіп ақша бердің. Мен де Раббыма шүкіршілік етіп, әлгі жеуге келмейтін өлексені қоқсыққа тастадым. Енді базарға барып, берген ақшаңа жейтін бірдеңе алам» - дейді.

Бұл жағдайға таңданған шәкірт дереу Әбу Аббас Хазіреттің қасына келеді. Хазіреті Пір ол ештеңе айтпас бұрын:

«Балам! Демек, сен табысыңа күмәнді және харам нәрсенің араласып-араласпағанына көңіл бөлмегенсің. Сол себепті, көңіл бөлсең де зекетің шарапқа кетті. Өйткені, табылған табыс, қайдан және қалай табылса, солай кетеді. Сондай-ақ, сенің бір кесе алтыныңа, менің бір ғана ақшамның тең келуі салих адамның қолына тиуінің хикметі. Әрі оның маңдай термен табылғандығынан. Адалдығынан» - дейді.

ҚИССАДАН ҮЛГІ:

Барлық нәрсе ие болған жағымды немесе жағымсыз ерекшеліктеріне қарай құнға ие болады немесе жоғалады. Бұл шындық харам-халал мәселесінде тіпті айқын байқалады. Сол үшін бұрынғы адамдар мал-мүлік хақында:

«Хайдан келген Һуға барады!» - деген.

Бұл екі мағынаға келеді. Біріншісі «Хай (тірі)» болған Аллаһтан келген, «Һу» (ол) яғни, Аллаһқа барады деген сөз. Екіншісі болса, тегін табылған, күмән және харам араласқан табыстар сол тегінге кетеді деген мағынада. Қысқасы адал адалға

себеп болса, харам харамға себеп болады. Бұл ақиқатты түсіндіру үшін Әбу Бәкір Уәррақ Хазіреті бір сұхбатында:

«Таңертең тұрған кезде адамдарға қарап, кімнің халал, кімнің харам жегендігін білемін!» - дейтін.

Одан:

«Мұны қалай білесіз?» - деп сұрайды.

Ол:

«Кімде-кім таңертең тұрар-тұрмастан тілін бос сөз, ғайбат және жаман сөз айтуға қолданса, бұл жағдайдың жеген харам тамағынан туындағанын білемін. Кімде-кім таңертең тұрған кезде тілін Аллаһ Тағаланың зікірі, тәухид сөзі және истиғфармен шұғылдандырса, оның жеген азығы халал... Өйткені, халал да, харам да ие болған ерекшеліктеріне қарай адамдардың іс-әрекеттерінде көрінеді».

❁❁❁

ХАЛАЛ ТАБЫС

Әбу Ханифа Хазірет саудамен күн көретін әжептәуір ауқатты бір адам еді. Бірақ, іліммен айналысқандықтан сауда жұмыстарын көмекшісі арқылы жүргізетін, өзі де жасалған сауданың халалдық шеңберінде болған-болмағандығын бақылайтын. Ол туралық пен адалдық тұрғысында өте ұқыпты да қатал еді. Бір жолы ортағы Хафс бин Абдұррахманды мата сатуға жіберіп оған:

«Ей, Хафс! Тауарда мынадай кемшіліктер бар. Сол үшін мұны тұтынушыға осыншама арзанға сат!» - деген еді.

Хафс да тауарды Имамның белгілеген бағасына сатқанымен, ондағы кемшілікті тұтынушыға айтуды ұмытып кеткен еді. Жағдайды білген Әбу Ханифа Хазірет Хафс бин Абдұррахманға:

«Матаны алған адамды танисың ба?» - деп сұрайды.

Хафс тұтынушыны танымайтындығын айтты. Имам халал табысқа кір келе ме деп қауіптеніп, сатылған тауардан түскен табыстың барлығын садақа етіп таратады. Міне осындай, оның бұл тақуалығы рухани материалдық саудасында үлкен берекет әкелді.

ҮЛГІ:

Бір адамның пәк көңілді, ықыласты және тура жолда болғандығын түсіну үшін оның істеген ғибадаттарынан гөрі, сол ғибадаттарын қандай көңіл күйімен жасағандығына қарау керек. Яғни, әсіресе, іс-әрекеттерінің Ислам ахлағына сай, не, сай еместігіне, халал, не, халал еместігіне көңіл бөлу керек. Мәселен, Хазіреті Омар (радиаллаһу анһу) қасындағылардың бірі өзге біреуді мадақтағанда, мақтаған адамнан:

«Сен онымен бірге көрші, сапарлас немесе саудалас болдың ба?» деп үш нәрсені сұраған еді.

Алдындағы адам үшеуін де істемегендігін айтқанда ол:

«Олай болса, оны мақтама. Өйткені, сен оны лайықты түрде танымайсың!» - деді.

Сол үшін Суфиян Сәури (құддисә сирруһ):

«Адамның діндарлығы, нанының халалдығына қарай» - деген.

Бір күні оған:

«Тақсыр! Намазды бірінші сапта оқудың абзалдығын айтасыз ба?» - дегенде, оған:

«Бауырым! Сен наныңды қайдан табасың. Соған көңіл бөл! Табысың халал болғаннан соң, қай сапты қаласаң сол сапта тұрып намаз оқы. Ол жайында саған зорлық жоқ» - деп жауап берген.

Саудада табысты халалдан табуға көңіл бөліп, оған харам араластырмаудың маңыздылығы мен берекетін марқұм әкем Мұса Мырза (құддисә сирруһ) мына оқиғамен түсіндіретін:

«Мұсылман емес бір көршіміз бар еді. Кейіннен мұсылман болды. Бір күні одан һидаятқа келу себебін сұрағанымда, ол:

«Ажыбадемде егінші көршім Рәби Молланың саудадағы көркем мінезінің арқасында мұсылман бодым. Молла Рәби сүт сатып күн көретін адам еді. Бір күні кешкісін бізге келіп:

«Алыңыз, бұл сүт сіздікі!» - деді.

Таң қалып:

«Қалайша? Мен сізден сүт сұрағам жоқ қой!» - дедім.

Ол нәзік, сыпайы адам:

«Мен абайсызда сиырларымның біреуінің сіздің баққа кіріп жайылғанын көрдім. Сол үшін бұл сүт сіздікі. Сонымен бірге ол жануардың жаңарғанға дейінгі (жеген шөптерінің денесінен толықтай арылғанға дейінгі) сүттерін сізге алып келіп тұрам» - деді.

Мен:

«Сөз болып па? Жегені шөп емес пе? Халал еттім!» - десем де Молла Рәби:

«Жо-жоқ, олай болмайды! Оның сүті сіздің хақыңыз!» - деп жануардың арылу уақыты біткенге дейінгі сүтін бізге әкеліп тұрды.

Міне сол мүбәрәк адамның бұл ісі маған ерекше әсер етті. Нәтижесінде көзімдегі надандық пердесі ашылып, ішіме һидаят күні туды. Өз-өзіме:

«Мұндай жоғары ахлақты адамның діні, әлбетте ең ұлық дін. Мұндай сыпайы, адал, кәміл және пәк адамдарды тәрбиелеген діннің туралығынан күмәндануға болмас!» - деп шәһәдәт кәлимәсын (куәлік сөзін, иман) айтып мұсылман болдым».

Бұл хикметті қиссалар халал табыс пен харам мәселесі турасында қандай мұқият және абай болуымыз керектігін айқын түрде алдымызға қояды. Өйткені, халал табыс тақуалықтың негізгі шарттарына жатады. Осыған байланысты хадис шәрифте:

«Адал, дұрыс және сенімді саудагер пайғамбарлармен, шыншылдармен және шейіттермен бірге» - (Тирмизи, Бүю 4) делінген.

Өйткені, пайғамбарлар, турашылдар және шейіттермен бірге болу қасиеті мен абыройына ие болған нәзік көңілді саудагер айналасы үшін шаттық пен берекеттің көзі болса, өзі үшін де дүниелік пен ақыреттік бақытқа ие болады. Бірақ, дүниеқорлыққа жеңіліп қалғандар бұл әлемде дәурен сүріп жатқан сияқты көрінгенімен де, шексіз әлемнің мәңгілік бейшара пақыры болудан өздерін құтқара алмайды.

Расулұллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«Адам малды харамнан, не, халалдан тапқандығына көңіл бөлмейтін заман болады» (Бұхари, Бүюғ 7, 23) деген.

Қысқасы, хадис шәрифте ишарат етілген надандық көп көрініс тапқан және көңіл харамды тәрік етуге тырысқанымен, қазіргі кезде халал жолмен табысқа жету ең маңызды мәселе және ең үлкен ғибадат болып табылады.

Осы үлкен ғибадатты орындап, Аллаһтың әміріне мойынсұну мен ризашылық халіндегі жүректер тікендердің арасынан бөлініп түрлі-түсті шешек атқан гүлдер іспеттес қайыр мен фәйздің көзі болады. Керісінше, харам мен күмәнді нәрселерге батқан жүректер гүл емес тікендерге араласып мыңдаған жамандықтың қайнар көзі не тіпті бұзақылықтың ұясына айналады. Ондайдан Аллаһ сақтасын! Әмин!

Тасаввуф - өзгеше хал, дәмін татқан біледі!

ҚОРЫТЫНДЫ

Аллаһ Тағаланың Хазіреті Пайғамбарға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

«(Ей, Расулым!**) Оны** (Құранды) **Жәбірейіл инзар[4] етушілерден бол деп сенің жүрегіңе түсірген,» -** (Шұғара сүресі 193-195 аяттар) деп бұйыруында таусылмас хикметтер бар.

Сол хикметтердің негізі де, барлық маңызды мағлұматтардың, әсіресе, иләһи ілім мен парасаттылықтың тек көңіл арнасында ғана өсіп-өне алатындығы ақиқаты. Яғни, әрбір ілімдік ақиқат тек қана ғашықтық, шабыт пен фәйз арнасы халіндегі жүректер арқылы ішкі мағыналар мен сұлулықтарды паш етеді. Сондықтан тасаввуфтың:

«Негізі – ілім. Бірақ, бұл негіздің мақсаты – салих амал. Бұл да, қысқаша айтқанда Аллаһтың әмірлеріне тағзым ете отырып, орындау және барлық жаратылғандарға мейіріммен қарау сырында жасырылған. Әйтпесе, ілім – пайдасыз бос әурешілік»-деген мәндегі көзқарас осы ақиқатқа саяды.

---

[4] **Инзар:** Мәңгілік әлемдегі қайғылы нәтижелердің жамандығынан қорқытып, әмір мен тыйымдар жасау.

Яғни, барлық кітаптағы мағлұматтар шындығында бір дәнге ұқсайды. Дән топыраққа егілмей, тек қана, қамбада жылдар бойы тұрса, сол дән қалпы тұра беретіні сияқты, кітаптағы мағлұматтар да оқылмаса, сол кітапта немесе сөреде тұра бермек. Керісінше, топыраққа егілген дәндер болса, қасиеттеріне қарай өсіп-өнеді. Дәл сол сияқты көңіл топырағына егілген ілім дәнектері де жүректі руханият бақшасына айналдырып, ілім мен парасаттылықтың жемісі көрініс табатын орын халіне келтіреді.

Сол үшін де Құран Кәрім Расулұллаһтың (саллаллаһу aләйһи уә сәлләм) мүбәрәк жүрегіне түсіріліп, сахабалар тура жолды және мағлұматты кітаптан емес Жаратылыс Нұрының көңіл әлемінен оқыған. Осылайша олардың көздері мен көңілдері иләһи кәләмнің (сөз) жүректегі ұлы да, теңдессіз көріністерімен нұрланып, Исламның пәк әрі ішкі ақиқаттары, сыры, хикметтері барлық әдемілігімен рухтарға шағылысқан. Бір қарағанда сахабалар Аллаһ Расулының (саллаллаһу aләйһи уә сәлләм) жанды Құран түріндегі дара тұлғасы мен мінезіне қарап қайран қалып, иман етіп, оның айналасына жиналған. Міне тасаввуф та осы көріністен үлгі алып, Исламды руханият пен фәйз арнасында ұстануды қағида етіп, Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу aләйһи уә сәлләм) нұрлардың көзі болған көңілінен әулиелерде көрініс тапқан нұрлы жарықтарды ғасырлар мен ұрпақтарға жеткізуге ат салысқан.

Бұл тұрғыда діннің пәтуа жағы болса, ғимараттың негізгі тіреулері іспеттес, ал, тақуа жағы болса, сол тіреулердің айналасындағы толықтырушы бөлімдер арқылы көркемдік пен тартымдылықтың міндетін атқарушылары деген сөз. Бір жағынан осы екі ерекшелікті бірлестірген тасаввуф - бір жағынан жақсы амал мен ахлақ кемелдігіне қосымша адамды, өмірді және әлемді түсіндіріп, жауапкершіліктің кеңірек хикметпен баяндалып, орындалуын қамтамасыз етеді. Бұл жөнінен тасаввуф Аллаһ сүйіспеншілігі мен мағрифатұллаһ тақырыбында құлдарға көңілден миғражға қарай ашылған рухани терезе іспетті.

Тасаввуф – жоғарыда айтып өткеніміздей, Исламды ықылас, тақуалық, зүһд, ихсан, мұрақабә, шынайылық, мойынсұну және сүйіспеншілік қағидалары бойынша ұстана білу деген сөз. Оның ең маңызды мәселесі де осы ақиқаттарды түсіндіруден бастап, оларды өмірімізге мүмкіндік пен қабілетімізге қарай енгізе білу. Салих ғалымдар ең алдымен уағыз, насихат жасап, иләһи сұлулық пен мақтаулы ахлақты түсіндіргеннен соң:

«Айту оңай, тыңдау оңай; бірақ, шарты бойынша амал ету өте қиын!» - дейтін. Сондай-ақ, көңілдердің кемелдікке жетуі үшін ұсыныстар жасайтын.

Осы терезеден бір қарағанда жазу да, оқу да оңай. Бірақ, қажетті түрде ұстанып, сол жақсылықтарды өміріміздің қажеттілігіне айналдыру өте қиын. Яғни, «сабыр ет» деген қысқа ғана бір сөзді айтқан ауыз да, естіген құлақ та және жазу ретінде оқыған көз де шаршамайды. Бірақ, бұл сөздің сансыз дерт, қаншама ауыр азап, қиыншылық, мыңдаған пәлекеттер мен әр түрлі ауыртпалықтарға тап болған көңілдердегі көрінісі туралы айтылғанда адамдар көбінесе қиналып, сабырсыздық танытады. Сондықтан, барлық мәселе тасаввуфи мәліметтерді тек қана үйрену мен үйрету емес, оларды көңіліміздің өмірі мен бақыттылығының дауасына айналдыру.

Өйткені, Аллаһ Тағала Құран Кәрімде:

«Ол - Аллаһ өмір мен өлімді қайсыларың жақсы амалдарды жасайтындықтарыңды сынау үшін жаратқан» - (Мүлік сүресі 2-аят) деп бұйырып, құлдарын салих амал істеуге шақырады.

Байқап қарасақ аят кәримада «жақсы үйрену» немесе «жақсы үйрету», не болмаса «жақсы тыңдау» сияқты бір сөз айтылмайды. Керісінше, «жақсы құлшылық жасау (салих амал)» сынды шынайы ақиқат баяндалады.

Сол үшін тасаввуфтың негізгі мақсаты – парасаттылық зәмзәмі, тақуалық кәусары және ғашықтық пен сүйіспеншіліктің нәрі мен көңіл бәйшешегін ашып, надандық шөлі болып табылатын осы дүниедегі қайғыға ұшыратпай құлдарды Аллаһқа

қауыштыру. Бұл ақиқатты түсініп, бастан кешіргендер тасаввуфты түсініп, өмірінде қолданады. Тасаввуф даналардың айтқаны сияқты:

«Тасаввуф – өзгеше хал. Оның дәмін татқан біледі!»

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні ретінде, осы жерге дейін түсіндіргендерімізбен тасаввуф хақында айтпағымыз, Ол – Аллаһқа ең кәміл түрдегі құлдық. Әрі мәңгілік әлемге нақты әзірлік. Яғни, тасаввуф – құлдықты ең кәміл түрде ұстана білу. Өйткені, Аллаһ Тағала адамды өзіне құлдық етуі үшін жаратқан. Сондықтан да тасаввуф - құлдыққа кедергі болатын бөгеттерді жойып, құлдыққа ең күшті ықпал ететін мүмкіндіктерді қамтамасыз етуден басқа ештеңе емес.

Ол қаншама жараларды таңған кезде, қаншама құрғақ топырақтарды құнарлы гүл бақшасына айналдыруда және қаншама құлаған көңілдерді көрікті сарай қылуда.

Қысқасы, тасаввуф мына жырақ әлемнен шексіз қауышу әлеміне бара жатқанда құлдарды Хақ Тағала алдында **نِعْمَ الْعَبْدُ** **«қандай тамаша құл»** деген абырой мен ілтипатқа ие қылатын нұрлы жол.

Барлық мәселе – нәпсінің менмендік пен қасарысудан құтылып, Аллаһтың ұлылығының алдында еш нәрсе еместігін түсініп өмір сүре білу. Бұл сезім құлға әлсіздік пен тәуекелді үйрететін сондай пәк хал болғаны сонша, көңілді кемелдіктің шыңына көтереді. «Ештік» сарайында өмір сүрген көңілдер бұл сезім арқылы ешқашан құр алақан болып, ұятқа қалмайды. Керісінше, абырой мен кішіпейілдікке және қарапайымдылыққа оранғандығына қарай, Хақ алдында жоғары мәртебелерге ие болды. Бұл жайлы Шайыр қандай тамаша айтқан:

«Өсімдік – қарапайымдылық сырымен топыраққа тұқым түрінде түспейінше, фәйз бен молшылыққа және берекетке ие бола алмайды. Бірақ, қарапайым, яғни, өзін әлсіз санап топырақпен бірдей болғанды Рахманның рахметінің өзі өсіреді. Мыңдаған берекетке бөлейді...»

Уа, Раббым! Бізді де «қандай тамаша құлым» деп ілтипат көрсеткендеріңнен қылғайсың! Аллаһым! Құзырыңда ештеңе еместігін түсінудің арнасына кіріп, мендік сезімі мен қасарысудың құрғақшылығынан қорғауға тырысқан көңілдерімізді таусылмас рахметіңмен нәрлендіргейсің! Сөзімізді – өзімізге, өзімізді – сөзімізге сәйкес қылғайсың! Сенің шексіз кәләм сипатыңның көрінісі туралы әлсіздікпен баяндауға батылдық танытқан біздердің көңілімізде ақиқат бәйшешектерін өсіргейсің! Барлығымызды сүйгендеріңнен етіп, салихтар тобына қосып, солармен махшарда бірге қылғайсың! Хазіреті Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) нұрлы жолынан айырма! Оның ұлы шапағатына бөлеп, өзің разы болған хал мен ахлақты беріп, үнемі разы болған амалдарды істеуді нәсіп еткейсің! Барлық сезімдерімізді ризашылығыңа сай қыла көр! Өзің сүймеген хал мен іс-әрекеттерден аулақ қылғайсың! Ақтық демімізге дейін тура жолдан айырма! Мына болмашы кітабымызды – қайырға, һидаятқа, хикметке, ақиқат пен мағрифатұллаһқа дәнекер еткейсің!

Әмин!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Абдұррахман Гүзәл, Мұстафа Татчы
Юнус Әмрә, Анкара, 1991

Абдұлбақи Гөлпынарлы,
Мәснәуи уә Шерхи, I-VI, Стамбул, 1973-1974.

Абдұлқадир Гәйлани,
әл-Фәтхур-Раббани, Стамбул, 1987.

Абдұлкәрім әл-Жіли,
Інсан-ы Кәміл (ауд. Абдұлазиз Мәжди Толун, әзірлеген: Сәлжүк Ерайдын, Әкрәм Демирли, Абдуллаһ Қартал), Стамбул, 1998.

Абдұлмәжид Зындани,
Құранда Ілми Мұғжизалар (ауд. Расул Тосун), Стамбул, 1995.

Ажлуни, Исмайл бин Мұхаммед,
Кәшфүл-Хафа, I-II, Бейрут.

Адем Ергүл,
Қалби Хаят, Стамбул, 2000.

Ахмед бин Абдұллаһ бин Мұхаммед әт-Табери,
әр-Риядұн-Нахра, Бейрут, 1996.

Ахмед бин Ханбәл,
әл-Мүснәд, I-VI, Стамбул, 1992; Китабүз-Зүһд, Бейрут, 1986.

Ахмед Дәуітұлы,
Сахих Мүслим Тәрсүмә уә Шерхи, I-XII, Стамбул, 1979.

Ахмед әр-Рыфай,
Онларын Әлемі, Стамбул, 1996.

Ахмед Ташгетирен,
Алтын Өгүтлер, Стамбул, 1992.

Али бин Хүсәйн Уайзи Кәшифи,
Рашахат Айнүл Хаят, I-II, Тегеран, 1977.

Али Жан Татлы,
Зүһд Ачысындан Хадислерде Дүние, Стамбул, 1996.

Али Хикмет Берки,
Ачыкламалы Межелле: Межелле-и Ахкам-ы Адлие, Стамбул, 1982.

Али Өзек, Хайреттин Караман, Али Тұрғұт, Мұстафа Чағрыжы, И. Кафи Дөнмез, Садреддин Гүмүш,
Құран Кәрім уә Түркче Ачыкламалы меали, Сауди Арабия, 1992.

Белазұри,
Әнсабүл-Әшраф, Мысыр, 1959.

Бәйхаки, Әбу Бәкір Ахмед бин әл-Хүсәйн,
әс-Сүнәнүл Күбра, Дарүл фикр; Китабүз-Зүһдул-Кәбир, Бейрут, 1996.

Бәйзауи, Әбу Саид Насруддин Абдұллаһ бин Өмәр,
Әнуарүт-Тәнзил уә Әсрарүт-Тә-уил, I-IV, Бейрут.

Бұхари, Әбу Абдұллаһ Мұхаммед бин Исмайл,
әл-Жәмиүс-Сахих, I-VIII, Стамбул, 1992.

Дарими, Әбу Мұхаммед Абдұллаһ бин Абдиррахман,
Сүнәнүд-Дарими, I-II, Стамбул, 1992.

Дәйләми, Әбу Шұжағ Шируие бин Шәһридар,
әл-Фирдәус би-Мәсурил-Хитаб, Бейрут, 1986.

Әбу Дәуіт, Сүлейман бин Әшғас әс-Сижистани,
Сүнәнү Әби Дәуіт, I-V, Стамбул, 1992.

Әбу Насыр әс-Сәрраж әт-Туси,
әл-Лүма (ауд. Х. Кәміл Йылмаз), Стамбул, 1986.

Елмалылы, М. Хамди Языр,
Хақ дини Құран дили, I-X, Стамбул, 1971.

Әсад Сахиб,
Мәктубаты Мәуләнә Халид, (ауд. Дилауер Селуи, Кемал Йылдыз), Стамбул, 1983.

Әдһәм Жебежиоғлұ,
Тасаввуф Теримлери уә Дейімлери Сөзлүгү, Анкара, 1997.

Фәридұддин Аттар,
Тәзкирәтүл Әулие, Стамбул, 1985.

Фәрит Деуеллиоғлұ,
Османлыжа-Түрікше Ансиклопедик Лұғат, Анкара, 1997.

Ғазали, Әбу Хамид Мұхаммед бин Мұхаммед,
Ихияу Улумүддин, I-VI, Бейрут, 1990.

Хакім, Әбу Абдұллаһ Мұхаммед бин Абдиллаһ ән-Нәйсабури,
Мүстәдрәк аләс-Сахихайн, I-V, Бейрут, 1990.

Хасан Басри Чантай,
Құран Хакім уә Мәал-и Кәрім, I-III, Стамбул, 1996.

Хасан кәміл Йылмаз,
Анахатларыйла Тасаввуф уә Тариқатлар, Стамбул, 2000.

Хайрат Нешрият Илми Араштырма Мәркәзи мәал Һәйәті,
Құран Кәрім уә Мұхтасар мәалі, Стамбул, 2001.

Хайреттин Караман,
Ебедиет Юлжұсұну Ұгұрларкен, Анкара, 1999.

әл-Һәйсәми, Хафыз Нурәддин Али бин Әби Бәкір,
Мәжмаүз-Зәуайд уә Мәнбаүл-Фәуайд, I-X, Бейрут, 1988.

Ибн-и Атаұллаһ Іскендери,
әл-Хикемүл-Атаийе (ауд. Саффет Йәткин), Анкара, 1963.

Ибн-и Жәузи, Әбул Фереж Абдұррахман бин Али бин Мұхаммед,
Мәнақибүл-Имам Ахмед бин Ханбәл, Қайра, 1409.

Ибн-и Хажәр әл-Асқалани, Шиһабүддин Ахмед бин Али,
Һәдюс-Сари Мұқаддимәтү Фәтхил-Бәри Шерхи Сахихил-Бұхари, I-XXVII, **Дарул-Фикр; әл-Исабә фи Тәмйизис-Сахаба**, Мысыр, 1379; Мүнәббиһат, Стамбул, 1960.

Ибн-и Хыббан, Әбу Хатим әл-Бұсти,
әл-Ихсан би-тәртиби Сахихи Ибн-и Хыббан, I-X, Бейрут, 1987.

Ибн-и Хишам,
әс-Сирәтүн-Нәбәуийе, Бейрут, 1992.

Ибн-и Кәсир, Имамүддин Әбүл-Фида,
Тәфсирү Құранил-Азим, I-V, Бейрут, 1988; **әл-Бидайә уән-Нихайә**, I-XV, Қайра, 1993; **әс-Сирәтүн-Нәбәуийе**, I-IV, Қайра, 1964.

Ибн-и Мәжә, Әбу Абдұллаһ Мұхаммед бин Йәзид әл-Қазуини,
Сүнәну Ибн-и Мәжә, Стамбул, 1992.

Ибн-и Абдүлбәрр, Әбу Юсуф бин Абдұллаһ бин Мұхаммед,
әл-Истиаб фи Мағрифәтил-Асхаб, I-IV, Қайра.

Ибнүл Әсир,Мұхаммед бин Абдүлкәрім бин Абдүлуахид әш-Шайбани,
әл-Кәміл фит-Тарих, I-XIII, Бейрут, 1965.

Ибраһим Жанан,
Хадис Ансиклопедиси, XVIII, Стамбул.

Илхан Армутчыоғлұ,
Қасида-и Бүрдә Манзұм Тәржүмесі, Кония, 1983.

Имам Мәлік,
Муатта, I-II, Стамбул, 1992.

Исмайл Фәнни Ертұғрыл,
Вахдәт-и Вүжуд уә Ибн-и Араби, Стамбул, 1991.

Исмайл Хаққы Бурсәуи,
Рухул-баян, I-X, Стамбул, 1969; **Кәнзи Махфи**, Стамбул, 1727.

Қадір Мысыроғлұ,
Күллият, Себил Яйынеуи.

Кәлабази, Тәжүл-Ислам Әбу Бәкір Мұхаммед бин Исхақ Бұхари,
әт-Таарруф Ли-Мәзһәби Әһлит-Тасаввуф (ауд. Сүлеймен Ұлыдағ), Стамбул, 1992.

Құртуби, Әбу Абдиллаһ Мұхаммед бин Ахмед,
әл-Жәми Ли-Ахкамил-Құран, I-XX, Бейрут, 1985.

Құшәйри, Абдұлкәрім,
әр-Рисалөтүл-Құшәйрийе, Бейрут, 1990.

М. Азиз Лаххаби,
Ислам Шахсиетчилигі (ауд. И. Хаққы Ақын), Стамбул, 1972.

Махир Из,
Тасаввуф, Стамбул, 1969; Йылларын Изи, Стамбул, 1975.

Махмұд Сами Рамазаноғлұ,
Күллият, Ерқам Яйынлары.

Мақдиси, Иззүддин Абдұссәләм,
Сырларын Чөзүмү уә Хазинелерін Анахтарлары (ауд. Хайри Каплан), Стамбул, 2001.

Мәжди Мәхмәд,
Хадайқұш-Шақайқ, Стамбул, 1853.

Мәжмұұл-Хадис, Шам Мектебетүз-Заһирийе Күтүпханаси, нөм: 59.

Мехмед Доған,
Бүюк Түркие Сөзлүк, Стамбул, 1994.

Мехмед Ниязи,
Чанаккале Махшери, Стамбул, 1999.

Мәуләнә Шәйх,
Мәнакыб-ы Хаже Ұбәйдұллаһ-ы Ахрар, Байәзид Дәулет Күтүпханаси, Байәзид бөлмі, нөм: 3624.

Молла жәми,
Нәфәхатүл-Үнс (әзірлеген: Абдұлқадир Ақчичек), Стамбул, 1981.

Мұхаммед әл-Жәбири,
Араб-Ислам Күлтүрүнүн Ақыл Япысы, Стамбул, 1999.

Мұхаммед б. Абдұллаһ әл-Хани,
Адаб, Стамбул, 1995.

Мұхаммед Әбу Зәһра,
Ибнү Тәфмия Хаятүһү уә Асрүһү уә Фикрүһү, Бейрут.

Мұхаммед Әсғад Әрбіли,
Мектубат, (әзірлегендер: Х. Кәміл Йылмаз, Ирфан Гүндүз), Стамбул, 1983; Рисалә-и Әсғадийе, Дерсаадет, 1924.

Мұхаммед Есед,
Құран Месажы, I-III, 1999.

Мұхаммед Фуад Абдұлбақи,
әл-Мұғжәмүл-Муфәһрәс Ли-Әлфазил-Құранил-Кәрім, Кайр, 1988.

Мұхаммед Хамидұллаһ,
Ислам Мүессеселерине Гириш, Стамбул, 1981.

Мұхаммед Салих әз-Зәркан,
Фахруддин әр-Разы уә Арауһул-Кәләмийе уәл-Фәлсәфийе, Бейрут, 1963.

Мұстафа қара,
Метинлериле Гүнүмүз Тасаввуф Харекетлері, Стамбул, 2002.

Мүнәуи, Мұхаммед Абдұррауф,
Фәйзүл-Қадир Шәрхұл-Жәмиис-Сағир, I-VI, Бейрут, 1994.

Мүнзіри, Абдұлазим бин Абдұлқауи,
әт-Тәрғиб уәт-Тәрһиб, I-V, Қайра, 1934.

Мүслим, Әбул-Хүсәйн бин Хажжаж әл-Құшәйри,
әл-Жамиүс-Сахих, I-III, Стамбул, 1992.

Нәжип Фазыл Қысакүрек,
Уәлилер Ордұсұндан 333, Стамбул, 1976; Рашхат, Стамбул, 1995.

Нәсай, Әбу Абдиррахман Ахмед бин Шұғайып,
Сүнәнүн-Нәсай, I-VIII, Стамбул, 1992.

Нәуәуи, Әбу Зәкәрия Яхия бин шәрәф,
Риязүс-Салихин, Бейрут; Шәрху Сахихил-Мүслим, I-XVIII, Мысыр, 1998.

Нұреддин Топчұ,
Мәуләнә уә Тасаввуф, Стамбул, 1998.

Осман Нұри Топбаш,
Күллият, Еркам Яйынлары.

Өмер Рыза Доғрұл,
Исламиетин Гелиштирдиги Тасаввуф, Стамбул, 1948.

Рази, Фахрұддин Мұхаммед бин Өмәр,
Мәфәтихул-Ғайб (әт-Тәфсирүл-Кәбир), I-XXXII, Бейрут, 1990.

Рогер Гарауди,
Исламын уаад еттиклери (ауд. Незиһ Ұзел), Стамбул, 1983.

Рудани, Имам Мұхаммед бин Мұхаммед бин Сүлейман,
Жәмғұл-Фәуайд (ауд. Найм Ердоған), Стамбул, 1996.

Садық дана,
Күллият, Ерқам Яйынлары.

Селжүк Ерайдын,
Тасаввуф уә Тариқатлар, Стамбул, 1994.

Сәййид Шәриф Жүржани,
Кітабұт-Тағрифат, Бейрут, 1990.

Сұат Йылдырым,
Құранда Ұлуһийет, Стамбул, 1987.

Сүюти, Әбул-Фазл Жәләледдин Абдұррахман бин Әбу бәкір, **әл-Жәмиүс-Сағир**, Мысыр, 1306; **Шәрхұс-Сұдур би-Шәрхи Халил Мәута уәл-Құбур**, Стамбул, 1986; **Шәрхұ Ибн-и Мәжә**, Қарачи.

Сүбки, Тақийюддин Әбул Хасан Али,
Шифаұс-сәқам фи Зиярети Хайрил-Әнам, Мысыр, 1318.

Сүлеймен Атеш,
Ислам Тасаввуфы, Анкара, 1972.

Шефик Жан,
Мәснәуи Тәржүмәсі, I-VI, Стамбул, 1997.

Шәйх Әшрәф Али Танәуи,
Хадислерле Тасаввуф, С тамбул, 1995.

Шәйх Сағди Ширази,
Бостан, Стамбул, 1995.

Шихабүддин Ахмед бин Хажәр әл-Хәйтәми әл-Мекки, **Хайратұл-Хисан фи Мәнәқыбли-Имамил-Ағзам Әби Ханифәтин-Нұғман**, Бейрут, 1403/1983.

әт-Табәрани, әл-Хафыз Әбул-Қасым Сүлейман бин Ахмед, **әл-Мұғжәмүл-Кәбир**, I-XXV, 1983.

Табәри, Әбу Жағфәр Мұхаммед бин Жәрир,
Жәмиұл-Баян ан Тә'уили Айіл-Құран, Бейрут, 1995.

Тахирүл-Мәуләуи,
Шәрхи Мәснәуи, I-XIV, Стамбул, 1963-1973.

Тәханәуи, Мұхаммед Ағла бин Али,
Кәшшафұ Ыстылахатил-Фүнун, Бейрут, 1861.

Тирмизи, Әбу Иса, Мұхаммед бин Иса,
Сүнәнүт-Тирмизи, I-V, Стамбул, 1992.

Уақиди,
Мәғази, Мысыр, 1948.

Зәкәрия Гүлер,
Уәсиле уә Тәуәссүл Хадислеринин Кайнак Дегери, ИЛАМ Араштырма Дергиси, 1997.

МАЗМҰНЫ

БІРІНШІ ТАРАУ

ЕКІНШІ ТАРАУ

ҮШІНШІ ТАРАУ

ТӨРТІНШІ ТАРАУ

БЕСІНШІ ТАРАУ

АЛТЫНШЫ ТАРАУ

Иманнан Ихсанға
ТАСАВВУФ

Көркемдеуші: Жандар Рашитұлы

«Хикмет» баспа үйі ЖШС
Алматы қаласы, Мамыр-4, №167 үй

Байланыс телефондары: 255-63-57